Оны айтқанда толғанып,  
Иштегі дертті жоярсың...*

Музыканың әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі маңызы да осында. Музыка және оның кезкелген түрі оны жазған композиторлар не болмаса орындаушы әнші, күйшілер үшін емес, халыққа араланады, оны тұтынушы халық. Ал халық ол – әлеумет. Сондықтан кезкелген музыкалы шығарма әлеуметтік-тәлімдік мәнге ие.

Музыка – сөздегі әуез секілді табиғат туындысы. Сөздің басты титімі (элемент) дыбыс, ал әріптер оның мәнін білдіретін құрамды бөлігі. Ал музыканың басты титімі дыбыс, ал ноталар оның мәнін ашатын құрамды бөлігі. Әріптер мен ноталар жасанды, ал дыбыстар табиғат туындысы. Сөз бен әуен екеуін

тоғыстыратын да осы дыбыстар. Табиғаттың басқа туындылары сияқты музыка да адамның жандүниесіне әсер етеді. Айталық, орман, таулар, ондағы өсімдіктер, көбелектер, құстар т.б. табиғи жаратылысының көркемдігімен адамды таңдандырса, музыка мен сөз өнерінің туындысы поэзия қисыны, мағынасымен адамның сезім әлеміне қозғау салады.

Халқымызда бала дүниеге келген күннен бастап өмірінің әрбір маңызды кезеңін әнмен әрлеп, күймен көмкеріп, көңіл көтеру, болып жатқан оқиғаны ерекше мәнді ету әдетке айналған. Шілдехана, тұсау кесер, атқа мінгізу, сүндетке отырығызу, қыздардың құлағына алғашқы сырғасын тағу, болашақ қалыңдыққа құда түсіп сырға салу, келін түсіру, қыз айттыру, ұлыстың ұлы күні Наурыз, Ораза айт, Құрбан айт секілді мейрамдардың барлығы да музыкасыз болмаған. Бұл мерекелердегі музыканың әлеуметтік мәні халықтың көңілін көтеру, қуанышты думанға айналдыру, сонымен қатар балалармен жастарды тәрбиелеу, мысалы, әрбір әнмен әрленген жыр, терме сөзбен астарласып адамның есінде сақталуына септігін тигізеді. Жалаң сөзден гөрі әнміне қоса айтылған өлең сөз көңілге орнығып, көкейге қонымды келетінін халық жзақсы пайдаланған.

Музыка өнерінің адамның сезім әлеміне әсерін ежелгі дәуірде-ақ халық жақсы білген және оны тұрмыста пайдаланған. Музыканың алғашқы туындысы сөзді дыбыстаудағы әуезділік болса, оны бір сәт ұзағырақ уақыт аралығында дыбыстап соза түскенде әуен пайда болады. Сөзбен әуеннің осы түйіскен тұсын алдымен малды шақырғанда, мысалы, сиырды аухаулағанда, түйені көс-көстегенде, жалқыны құру-құрулағанда, қойды түшәйттеп не болмаса ешкіні шөрелеп шақырғанда пайдаланған. Ал табиғат қойнауында адасқан екі адам бірін-бірі шақырғанда айқайлап қатты дыбыстаған. Бұларды музыкалы дыбыстардың алғашқы элементтері деуге болады.

Музыкалы дыбыстардың әлеуметтік мәнін ашатын бесік жыры, санамақ, «Бас бармақ, балаң үйрек», «Бақа, бақа бақ, бақ» [3], секілді басқа да ойын өлеңдері дүние есігін ашқан жас баланы әлеуметтендірудің басты құралдарының бірі. Осы қысқа да, әуезді өлеңдерді айта отырып анасы баланы өзінің дене мүшелерімен таныстырса, тағы бір жақтан оның әуені құлағына дыбыстардың айтылуын, сөз құрамын есіту арқылы прайымдауға баулиды.

Балаларды алғаш жәндіктермен таныстырғанда айтылатын «Бақа, бақа бақ, бақ» өлеңінің әуені де созылыңқы, ұғынықты. Осы және басқа да балаларға арналған өлеңдерді ертеде ешкім әдейілеп жаттамаған, ол бала кезден есітіп, тыңдап өскендіктен өзінен-өзі құлаққа «сіңіп» қалатын. Бұның әлеуметтік мәні, алдымен бала ана тілінің дыбысталуымен және туған халық әуендерінің алғашқы әуезділігімен таныса бастайды. Осыдан барып баланың «жүрек түбінде» алдымен ата-анасы, әлгі әуендерді айтып отырған туысқандарына сүйіспеншілік пайда болады. Өсе келе бұл сәби кезінде естігендерінің үстіне ойын өлеңдерінің әуені мен сөздері қосылады.

Осындай ойын өлеңдері «Ақ терек, көк терек», «Ақ сандық, көк сандық» сияқты балалар сәл есейгенде, мысалы, 8-9 жастарға келгеннен бастап ойнағанда айтатын өлеңдер. Бұның негізгі әлеуметтік мәні, осы жастағы балалардың өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету. Сол арқылы өз құрбыларымен араласуға, оларды және өзін танып-білуіне мүкіндік туандататыны.

Тарихтан белгілі болғандай халқымыз ХХ ғ. бас кезіне дейін рулық, туысқандық, отбасылық қауымдастық түрінде өмір кешкен. Бұл ойындар сол кезде балалар арасында туысқандық байланысты нығайту, өзара қамқорлық, бір істі орындауда ұжымдасу, бірлесіп өзара көмектесу, тұтастыру секілді міндеттерді атқарған. Өйткені ойын кезінде балалар өлеңнің әуенін барлығы бірге үндесіп айтады, бірін-бірі қолынан ұстап келе жатқан қарсы жақтың өкіліне тосқаулды мықтап қоюға әрекеттенеді.

Әлгі ойын балалары есіп бойжеткен, бозбала жасына қадам басқанда бұл өлеңдер ғашықтық әндері, терме, толғаулар, жыр, дастан, қисалар мен домбра және қобыз күйлеріне ұласады.

Музыкалы дыбыстар адамның жандүниесіндегі құбылыстарды білдіруінің бір түрі деуге болады. Мысалы, ұзатылып бара жатқан қыз айтатын «Сыңсу» кеше ғана еркелеп, ата-анасының төрінде отырған қыздың жат жұртқа кетіп бара жатқандағы көңіліндегі мұңды білдіреді. Ол сөзбен қосылғанда ерекше мағыналы:

*Жат жұрттық болып кеткен соң,  
Кетер-ау бастан сәулетім.  
Дәуренім менің өткен соң,  
Естіле жүрер дейсіз бе,  
Не болып жүрген хабарым...*

Белгілі боғандай қазақтар ұрпақ тазалығы үшін қыздарын өздерімен қан араласы болмаған, туысқандық байланысы, сүйекшатысы жоқ жат елге ұзатқан. Ол кезде бір елден екіншісіне бару үшін айлап жол жүру керек еді. Ұзатылған қыз ұзақ жылдар елін, ағайын туысын бір көруге зар өмір кешкен. Олар сыңсу-да барған жеріндегі хал-жайының қалай боларын білмегені себепті мұңын шағады.

Қыз ұзату тойы, одан ары қарай «Жар-жар» оған қарсы айтылатын «Ау-жар» өлеңдерімен жалғасады. Онда ұзатылып бара жатқан қыздың мұңін сейілтп, тойды ойын-сауықпен көмкеру, халықтың көңілін көтеру көзделеді. Сол себепті «Жар-жар» мен «Ау-жар» қалжың аралас, қайым-айтыс сипатына ие. Бұл туралы «Жар-жардың тәрбиелік мәні – қалыңдықтың құдай жазған шын жұрты, ұзатылып барған жері екендігін санасына сіңіре беру» – делінген «Қазақтың тәлімдік ойлар анталогиясында» [4].

Ұзатылып бара жатқан қыз ол жерде ешкімді танымайды, тіпті өз жарын да әрең ғана біледі. Сондықтан әуезді де әуенді «Жар-жар» мен «Ау-жар» оның санасына «ол жақта да ата, енең, ағайын, туысын бар» дегенді орнықтырып (установка) қысқа уақыт аралығында әлеуметтенуіне басқаша айтқанда, оларды жатсынбай араласып кетуіне, туысқандық қарым қатынас орнатуына алғышарт болады. Немесе әлеуметтік ортаға бейімделуіне ыңғайланады.

Қыз ұзатып, келін түсіру тойын сәніне келтіретін тағы бір өлең, «Беташар» мұнда жас келінге тәлім боларлық көптеген ақыл-кеңестер айтылады:

*Айт келін-ау, айт келін,  
Аттың басын тарт келін...  
Қаптың аузы бос тұр деп,  
Құрт ұрлама келіншек,  
Өзің жатып байыңды,  
Тұр-тұрлама келіншек...*

Бөтен жұртқа жаңа келіп түскен жас келінге, оның бетін ашушы «бетінді келін ашқаным, жаңа жұртқа қосқаным...» – деп өзінің міндеті мен қоса келген жеріне таныстыра отырып келінге осы ортамен араласып, «сіңісіп» кетуі үшін осы сөздер айтылады. Келін түскенде айтатын бұл «Беташар» оның осы жерде өзін қалай ұстап, қалай жүріп-тұруына болатынын айтып түсіндіру десе де болады. Онда «жасы үлкенді силап жүр... күйеуің үйге келгенде қағып көрпе салып бер... бір тізерлеп жөн отыр... қатты-қатты сөйлем... қатты жүрме жүгіріп... тәжім етіп сәлем бер... сыртыңмен шық иіліп...» – деген секілді кейінгі бүкіл өмірінде ұстанарлық аса пайдалы кеңестер беріледі.

Егер «Сыңсудың» әуені сызылған, назға толы мұңмен астарласа, «Жар-жар» көңілді сергітетін, жалдамдата, үдере айтылатын тығыз ырғақты, қысқа-қысқа қайырымдарға құрылған. Келін түскенде айтылатын «Беташар» думанды тойды жалғастыратын, қысқа қайырымдар мен әуезді, сазды, речитатив (сөзді әндетіп айту) түріндегі әуенмен көмкерілген. Қисынды да ұйқасты сөзбен әуен қосылып, айтылған ақыл-кеңестердің есте сақталуына ықпал етеді.

Музыка өнері адамның жүрегін толғандыратын нәзік сезімдермен қоса жанын қинаған күйзелісті, ызаны, қайнаған кек пен ашынған ашуды бідіретін қуатқа ие. Музыка қоғамдағы теңсіздік пен күресте халықты біріктіретін ұлы күшке ие. Музыка өнерінің тарихында бұған дәлелдер жеткілікті, мысалы, атақты композитор Людвик Ван Бетховеннің «Эгмонт» увертюрасын алып қарасақ, отаршылдыққа төзбеген Нейдерланд халқының басқыншыларға қарсы көтерілісін және оның көсемі болған Эгмонт есімді халық қаһарманының қажырлы күресін симфониялық оркестрдің аспаптар үндестігімен жеткізе алған. Музыкада, бастырмалатып келе жатқан халық тобы, олардың дуыстарының гүлінің дыбысталуы, қарсы топпен қақтығыс нанымды етіп музыкалық аспаптар арқылы берілген. Музыка арқылы көтерілген халықтың басылуы, көсемінің жеңілісі және оның басын алу көрінісі де аса шеберлікпен көрсетілген.

Композитордың осындай төңкерісшіл рухты сипаттайтын шағырмаларының тағы бірі фортепьяноға арнап жазған «Аппосионато» сонатасы. Онда ауыртпашылыққа берілмейтін адамның қайсар мінезі мен мұқалмайтын жігері музыка дыбыстарымен нанымды да көркем, әрі мағыналы сипатталған. Оны тыңдағанда кезкелген музыкалық сауаты жоқ адам шығарманың мазмұнын ұғына алады. Шағырманың әлеуметтік мәні – бұнда жеке адамның басындағы драмасы берілген деуге де болады. Әйтседе ол көпке арналған. Композитордың шығармаларының барлығы да адамды әр қандай өмірлік келеңсіздіктермен тұрмыс тауқыметіне берлімей, оны жеңуге шақырады. Сол үшін бойындағы бар қуатын жұмсау керек екенін музыка арқылы сипаттайды.

Осындай әлеуметтік мәнге ие, халықтың тұрмысы мен көзқарасы, адамгершілік-құлықтық ұстанымдардың өмірдегі маңыздылығын көрсететін шығармалардың бірі Норвегия композиторы Э.Григтің «Пер Гюнт» музыкалы драмасы. Онда ауыл жігіті Пер Гюнт, басқа бір адамның қалыңдығына тиісіп қояды да өзі қашып кетеді. Оны заңға қайшы іске барды – деп айыптайды. Шетелдерде жүріп байлық иесі болған Пер, әдептілік пен адамгершіліктен әбден жұтаған тақаппар, өзімшіл тұлғаға айналады. Алайда оны ұзақ жылдар күткен, ол үшін жанын аямайтын Сольвейг те бар еді.

Композитор осы шығармасында Пердің бейнесі қатал, рақымсыз ал Сольвейг махаббатқа толы, Осенің трагедиясын музыкалы дыбыстардың үндестігін пайдалана отырып көрсеткен. Э.Григтің бұл шығармасы да кең таралып, халықтың көңілінен шыққан.

Бұларды айтып отырудағы себеп, кезкелген музыка халықтың құлағына шалынды дегенше ол белгілі бір дәрежеде әлеуметтік мәнге ие болады. Себебі, оның әуені адамның жүрегіне, жандүниесіне әсер етсе, мазмұны мен мәтіні ақылға ықпал етіп, ой салады.

Бірақ бұның мынадай әлеуметтік жағы бар – ол тыңдаушылардың не нәрсеге мән беруінде: әуенге ме, жоқ әлде мәтінге ме, әлде екеуіне де мән беріп отыр ма? Музыкны тү сезініп түсінуіне, және қандай музыкалы ортада өскені мен көмір кешуіне да байланысты.

Орындаушы не жас композитор әуенге жаңалық ендірігісі келсе оның музыкалы сүйемелдеуін түрлендіруіне болады, мысалы, Алла Пугачева орындап жүрген «Клоун туралы» әнді ол саханаға алып шыққанда жазған композитор танымай қалғанын айта келіп, оны жаңғыртқан композитор сүйемелдеуін ал орындаушы, дыбысталуын күшейткенін айтқан екен. Алайда оны алғаш жазған композитор әуеннің өзгермегінін атап өткен.

Қазіргі жеңіл музыка, бір сәттік, уақтылы көңіл көтеру десек те болады, өйткені көпшілігінің мәтіні адамды ойға жетелемейді, тек селкілдеп билеуді көздейді. Сол үшін уақты созуды көзеп бір сөзді көпрет қайталау тәсілі қолданылады. Мынадай бір мысал келтіруге болады: кейінгі кезде әннің соңғы сөздерін 17 рет, 25 ретке дейін қайталау сәнге айналған болатын (сынап жүріп әйтеуір ол азайды).

Осындай бір сәттерде билеп жүрген (би емес-ау, қол-аяғын ырғақпен сермеп жүрген) бір-аз жастарға осы қарбаласта мынадай сауалдар қойылды: «әннің сөзін білесіз бе?», «жоқ», екінші бірінен «бір сөзді көп рет қайталау жалықтырмай ма?», «жоқ, қайта билеп қаласың» – деген жауап алынған. Бұл сұрақ басқа да бір неше жастарға қойылған да алынған жауаптар шамалас болған. Жанталасып «билеп» жүрген 20 шақты жастарға қойылған «әннің сөзіне мән бересіз бе» деген сауалға бір неше жастардан алынған жауаптар мынадай болған: «жоқ» – 11, «кейде» – 4, «әрине» деген – 5. Алынған жауаптардың саны болса да жалпы бейнені көз алдыға келтіруге болады. Осының өзі қазіргі жастардың ән мен музыка өнеріне болған көзқарасының тек қана көңіл көтеру, сауық-сайран құралы ретінде қарайтындығын көрсетеді.

Аравин П.В. [5] күйші Оразалиев Сейтек туралы «Күйші өз шығармаларында халық өмірінің қайғы-қасіретін, мұң-мұқтажын күй арқылы жеткізе білді. Соның куәсі болып «Заман» күйі туды... «Жантаза», «Бұлбұл», «Айша» күйлері ... музыкалық драматургиясы жағынан кемеліне келген, пісіп жетілген шығармалары болды» – деген.

Құрманғазы Сағырбаев күйлерінің әлеуметтік-тәлімдік мәні-оның күрескерлігінде. Өйткені сол кездегі қазақ халқының жігерлі азаматтары патшалық саясаттың теріс әрекетіне бар мүмкіндігімен қарсы шықты. Оның күйлерінде, кезіндегі Бетховен жазған «Эгмонт увертюрасының» рухы, Шостоковичтың «7-(Ленинград)» симфониясының қуаты бар деуге болады.

Құрманғазы күйлерінің төңкерісшіл идеясы Исатай Таманұлының көтерілісімен сабақтас. Мұнда ол ұлғазаттық көтерілісті қолдай отырып, күйлерінде шынған, әділдікті аңсаған, еркіндіке ұмтылған халықтың әлеуметтік жарылысын сипаттаған. Олар күйшінің "Кішкентай", "Адай", «Кісен ашқан», «Қайран шешем». Бұл туындыларында қоғам мен адамның арақатынасындағы айрықша әлеуметтік-психологиялық қақтығыстар бейнеленеді.

Дәулеткерей күйлері «Қыз ақжелең» күйшінің таза сезімі мен эстетикалық санасынан туындап, қазақ қызының ілкімді жүрісі, сән-салтанаты, қимыл-қарекеті секілді жастық кезеңде болатын әлеуметтік ахуалынан хабар береді. Күйшінің өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер, оның халықтың тағдырына назар аударып, тіршілігіне араласқанын айтады. Осының өзі оның күйлеріне әлеуметтік сипат береді. Оның күйлерінің тәлімдік маңызын да осыдан көруге болады. Оның дарамалық шиеленске толы халықтың жағдайын да осы күйлері арқылы беріп отырған, мысалы, «Тартыс», «Шолтақ», «Топан», «Жігер» сияқты күйлері өзі куә болған өмірдің келеңсіздіктерін, сол кездегі кертартпа патша саясатының қазақ халқының өміріне алып келген келеңсіздіктерін суреттеген [6].

Дина Нұрпейісованың санасына айрықша із қалдырған оқиға халықтың 1916 жылғы көтерілісі болды. Әсерінен "Он алтыншы жыл" – туындысы жаралды. Жігерлеген сарбаздардың айқай ұраны, ат тұяғының дүбірі, жалпы күйдің болмысы сол кездегі халықтың ахуалынан, көпшіліктің көңіл күйі ирімдерінен хабар береді. Бұл толқудың басты себебі патша өкіметінің, ертеректегі қазақтан солдат алмау туралы келісімді бұзып, әскер жинауы болатын.

Өте көркем, сазды да саналы, сезімнің нәзік қылдарын шертетін Дина Нұрпейісованың тағы бір шығармасы «Бұлбұл» күйі. Дыбыс иірімдері, бұлбұлдың әуезді дауысын айнытпай келтіреді. Терең эстетикалық талғам мен ойлы дыбыстар жиынтығынан құралып адам сезімінің оймен тоғысқан тұсын сипаттайды. Әлеуметтік-тәлімдік мәні де осы эстетиканың көркемдік санатына ойысып барып әсершіл адамның көңіл күйі толқуларына алып келетінінде.

Бұл жерде біз халық композиторларының шығармаларын музыкатану тұрғысынан емес, әлеуметтік-

тәлімдік тұрғыдан сипаттап, оның жастар мен балаларды тәрбиелеудегі әлеуметтік-педагогикалық маңызына тоқталуды көздеген едік. Себебі, музыка өнерінің тәрбиедегі мүмкіндіктері, әсіресе әлеуметтік-педагогикалық қызметке тигізетін септігінің толық ескерілмей келе жатқаны. Сол себепті болса керек, қазіргі жастардың музыка өнеріне тым жеңіл, үстірт қарап, оны тек көңіл көтеру, өзара қарым-қатынас орнату үшін бір сәт билеп, мәмілеге кірудің құралы ретінде қабылдауы қынжылтады.

Ғұлама Абай Құнанбаевтың ән өнері, күйге байланысты айтқандарын ескеру, қазіргі заман, бүгінгі күн талабы. Халқымыздың күй және ән өнерінің әлеуметтік-тәлімдік мүмкіндігін толайымды пайдалана білсек, олар жас буындарға өмірден хабар беріп тұрмыс тәжірибелірін жинауға көмектесетін еді. Сонда бұрын қазақта бола бермейтін өзіне қол жұмсау секілді күрмеуге келмейтін қысқа ойлылықтан сақтануға септігін әбден тигізбек. Музыкаға қабілетті адам көкп нәрсеге қабілетті, өзін-өзі ұйымдастыруы жіті болатыны да ескерілмей келеді.

Дамыған елдерде, әсіресе осы күні білім саласынан әлемді аузына қаратып отырған Корея, Жапон, Сингапур секілді басқа да білім көрсеткіші жоғары елдерде мектептегі музыка пәніне ерекше мән берілетін көрінеді. Олар тіпті мектепке мұғалімдік жұмысқа кадрлар қабылдағанда музыкалық білімне назар аударатыны бар.

1. *Әбу Насыр әл-Фараби. Музыкалның трактаты. – Алматы, – 95 с.*
2. *Абдурахман Джамилі. вкн: әл-Фараби. Трактаты о музыка и и поэзии. – Алматы, 1993. – 452 с.*
3. *Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы.*
4. *Қазақтың тәлім-тәрбиелік ойлар антологиясы. – Алматы, 1994. – 394, 168 бб.*
5. *Қазақтың музыка мәдениеті. Құр.: П.В. Аравин, Б.Г. Ерзакович. – Алматы, 1957, – 89-98 б.*
6. *Жұбанов А. Күйші Дәулеткерей. Социалистік Қазақстан. 1949. - 4 декабрь - №236. – 2 б.*

## **МЕТОДЫ НАРОДНОЙ ПЕДАГОГИКИ КАК ВАЖНОЕ ЗВЕНО В СИСТЕМЕ ХОРЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА**

**Л.А. Николаева – к.п.н., ст. преп., КазГосЖенПУ**

### **Түйін**

Мақалада Қазақстанның хорография білімі жүйесінде халық педагогикасының әдістері маңызды бөлім ретінде қарастырылады. Қазіргі таңда Қазақстанның хорографиялық білім беру жүйесінде қазіргі оқыту әдістерінің жаңа түрлеріне ғана емес, ұлттық педагогтардың бай тәжірибесіне де көңіл бөлінуде. Ұлттық педагогтардың бай тәжірибесін тиімді пайдалану оқу үдерісін табысты етері сөзсіз. Жас хорографтардың осы жинақталған тәжірибені үнемі пайдалана бермейтіні рас.

Тірек сөздер: хорография, халық педагогикасы, хорографиялық білім, жоғары мектеп.

### **Summary**

The article describes the methods of national pedagogics as an important link in the system of Kazakhstan choreographic education. At the present stage of development of choreographic education in Kazakhstan much attention is paid not only to modern techniques of teaching, but also to the rich experience of national teachers. Their experience allows to make process of training of choreography successful. Their experience is not always used by young teachers-choreographers.

Keywords: choreography, national pedagogics, choreographic education, the highest school.

В статье рассматриваются методы народной педагогики как важное звено в системе хорографического образования Казахстана. На современном этапе развития хорографического образования в Казахстане большое внимание уделяется не только современным методикам преподавания, но и богатому накопленному опыту народных педагогов. Их опыт позволяет сделать процесс обучения хорографии наиболее полным и успешным. Молодые педагоги-хорографы не всегда используют накопленный опыт.

Ключевые слова: хорография, народная педагогика, хорографическое образование, высшее школа.

Совершенствование методов обучения хорографическому мастерству – актуальнейшая проблема в наше время. Современная балетная педагогика отличается поиском новых рациональных воспитательно-образовательной деятельности, создания условий для наиболее полного развития и самореализации педагога-хорографа.

В настоящее время, когда возрос интерес к изучению современных течений в хорографии, к постановочной деятельности, к стремлению молодых хорографов закрепить навыки балетных исследований в балетмейстерстве, необходимо, чтобы всё это росло и культивировалось не на пустом месте. Необходима фундаментализация процесса обучения хорографическому мастерству, совершенствование педагогического процесса подготовки будущих специалистов в ВУЗах искусств.

Сегодня много говорят и пишут о необходимости структурной перестройки системы профессиональ-



ного образования и обновления его содержания. Определённые нами инновационные педагогические технологии не являются единственными в системе обучения хореографии, а лишь могут быть учтены в едином педагогическом процессе. Но для того, чтобы балетная теория, методика и практика были осуществлены последовательно, сохраняя непрерывность движения всех компонентов, основным принципом должно быть осуществление непрерывности образования.

Высококвалифицированного педагога-хореографа формирует целый комплекс знаний, умений, навыков. Овладение этим комплексом имеет главной целью добиваться содержательности, выразительности, красоты процесса обучения хореографии, подчинения всей его технологии задаче раскрытия творческой личности. В Казахстане теоретические проблемы стоят не только перед профессиональным балетным театром, но и перед всей системой хореографического образования в целом.

В последнее время в системе хореографического образования Казахстана наметились очень позитивные изменения. Это связано прежде всего с активной пропагандой как танцевального искусства в целом, так и хорошей профориентационной работой по набору абитуриентов в ВУЗы культуры и искусства на отделения хореографии.

Однако после поступления в ВУЗ студенты, равно как и педагоги-хореографы, сталкиваются с рядом проблем при изучении хореографических дисциплин. В частности, не всегда контингент учащихся бывает однородным, как по способностям, так и по уровню образованности и культуры в целом. Зачастую студенты, приехавшие из глубинки, тяжело воспринимают особенности учебного процесса как сочетания лекционных (теоретических) занятий и практического изучения хореографии. Они не владеют лексикой и терминологией классического танца. Им тяжело освоить специфические методы и приёмы, выработанные балетной педагогикой на протяжении веков.

В этом смысле большим подспорьем может стать использование некоторых технологий, заимствованных из народной педагогики [1]. Использование методов народной педагогики также имеет немаловажное значение при обучении хореографии, и прежде всего потому, что «народность» заложена в самой основе педагогики. Вопрос в том, что понимать под «народностью»? И здесь нельзя не вспомнить о народных истоках процесса обучения, ведь в глубокой древности не существовало институтов педагогики.

В Казахстане не было школ по обучению танцам, как в Индии, Японии, Египте, Китае. Танцы передавались из поколения в поколение, каждый род имел своих мастеров, которые и были первыми педагогами-хореографами. Следовательно, народная педагогика как составная часть коллективного народного творчества, зародилась в глубокой древности. В созданных человеком, передаваемых из поколения в поколение своеобразных наизданиях нашло своё яркое отражение неоценимое богатство педагогической культуры народа [2].

Мы всё время повторяем: балет – искусство интернациональное. Поэтому труд педагога-хореографа изначально интернационален, ибо основан на общих для всех народов принципах педагогики. Творческое начало деятельности педагога в основе своей теснейшим образом связано с проблемами национального и интернационального. Развитие нашего общества убеждает, что в педагогических воззрениях казахского народа никогда не было национальной обособленности. В силу своего кочевого образа жизни они невольно перенимали некоторые методы, приёмы обучения и воспитания у других народов. Не случайно многие пословицы и поговорки у разных народов сходны по смыслу. В этом отношении приёмы народной педагогики воспринимаются нами как совокупное педагогическое знание и воспитательный опыт многих народностей. В казахском балете это ярко проявилось: казахи начали свой опыт изучения нового для них искусства не с внедрения собственных фольклорных образцов танцевального творчества, а с постановок классического балетного репертуара. На тот период времени это было правильно, ибо мировая сокровищница хореографического искусства вся основана опять-таки на общих методах и приёмах изучения движений рук, ног, корпуса (технический аспект), и общечеловеческих понятиях о добре и зле (нравственный аспект).

И главное, что почерпнули педагоги-хореографы из народной педагогики – это непрерывность процесса обучения и воспитания молодого поколения танцовщиков и балетмейстеров. Они прекрасно понимали, что воспитание – процесс длительный и многогранный. Ум не имеет цены, воспитание – предела. В этом народном высказывании – вся суть творческого подхода педагогов к процессу обучения.

Из народной педагогики также взят был на вооружение такой педагогический принцип как значение среды воспитания и природных задатков.

Ещё великий педагог К.Д. Ушинский большое значение придавал идее опоры на своеобразие народа, обусловленное историческим развитием, природными и географическими условиями. Эта идея была очень созвучна с идеей народности: «Есть только одна общая для всех прирождённая склонность, на

которую всегда может рассчитывать воспитание: это то, что мы называем народностью, воспитание, созданное самим народом и основанное на народных началах, имеет ту воспитательную силу, которой нет в самых лучших системах, основанных на абстрактных идеях или заимствованных у другого народа. Всякая живая историческая народность есть самое прекрасное на земле, и воспитанию остаётся только черпать из этого богатого и чистого источника» [3].

1. Беспалько В.П. «Слагаемые педагогической технологии». – М., 1993 г.
2. Баранов С. и др. «Педагогика». – М., 1999 г.
3. Захаров Р.В. «Искусство балетмейстера». – М., 1962 г.

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІН ОРЫНДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**К.Б. Смагова** – Тараз мемлекеттік педагогикалық институты

### **Резюме**

Психолого-педагогические особенности выполнения системы самостоятельных заданий студентов.

В статье рассмотрены психолого-педагогические особенности выполнения системы самостоятельных заданий студентов.

На сегодняшний день роль самостоятельных работ студентов в изучении психологических и педагогических дисциплин занимает значительное место в учебно-воспитательном процессе.

Разработанная система выполнения самостоятельной работы оказывает большое влияние развитию познавательного интереса к дисциплине и логическому мышлению студентов. Это способствует систематизации знаний студентов и эффективному использованию бюджета времени.

### **Summary**

Psikhologo-pedagogichesky features of performance of system independent task of students.

In article psikhologo-pedagogical features of performance of system independent a task of students are considered.

Today the role of independent works of students in studying of psychological and pedagogical disciplines takes an important place in teaching and educational process.

The developed system of performance of independent work has a great impact to development of informative interest to discipline and logical thinking of students. It promotes systematization of knowledge of students and effective use of the budget of time.

Қазіргі кезеңде қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық өзгерістер білім саласына да әсерін тигізуде. Заман талабына сай студенттің шығармашылық ойлауын қалыптастыру, студентті жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыту негізгі мәселе болып отыр. Білім беру саласында жастарға білім беру мен тәрбиелеуде негізгі буын болып саналатын жоғарғы мектепте оқыту мен тәрбиені жақсарту қажеттілігі туындады. Білім берудің басты мақсаты – білім, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар жылдам қарқындап өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Соңғы жылдары кредиттік оқытуда студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың кейбір мәселелерін көптеген ғалымдар өз зерттеу жұмыстарына арқау еткен. Мысалы, Б.З. Андасова жоғары оқу орнында кредиттік жүйе бойынша оқытуда экономика мамандығы студенттерінің өздік жұмысын ұйымдастыруға, Д.Н. Асанова кредиттік оқыту жағдайында студенттердің өзіндік жұмыстарын жетілдіруге, Б.С. Имандосова мен С.А. Нурпеисова студенттердің өзіндік жұмыстарын дамыту мен жаңа технологияларды қолдануға, Г.К. Орманова кредиттік оқыту жағдайында болашақ техника саласы мамандарының танымдық іс-әрекетін, ал Н.Ю. Кифик кредиттік оқытуда болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу құзыреттілігін қалыптастыруға өз зерттеулерін арнады.

Кредиттік оқыту жағдайында уақыт шығынын жоспарлау мәселесі ерекше мәнге ие болып отырғандықтан, оны маңызды талаптардың бірі ретінде қарастырамыз. Шығындар ішінде оқытушы үшін де, студент үшін де уақыт шығыны ерекше орын алады.

Студенттің оқып-үйренуде мейлінше мүмкін нәтижелер алуға деген ұмтылысы белгілі бір уақыт жұмсаумен байланысты болады, ал уақытты үнемдеу, өз кезегінде, оқыту нәтижесінің төмендеуіне әкеліп соғады. Алайда студент өзіндік жұмыстарды орындауға кіріспес бұрын, біз ұсынатын уақытты тиімді ұйымдастыру ережесін басты назарға алатын болса, оқып-үйренуде көптеген жетістіктерге қол жеткізеді. Енді сол ережелерге нақты тоқталып өтейік:

Өз мақсатыңызды дәл анықтаңыз. Өз мақсатын анық білмейтін кейбір студент уақыты мен ерік-жігерін кездейсоқ іске жұмсайды. Бастысы – негізгі бағытты анықтап, соған сәйкес жұмыс жасау.

Шешімді болуға үйреніңіз. Табыстың кілті 51% дұрыс қадам жасағанда болатындығы белгілі. Бір істі бастар алдында шешімнің және қабылданған шешімнің дұрыстығына көз жеткізіп, өзіндік таңдау жасау керек.

– «Жоқ» деп айтып үйреніңіз. Есіңізде болсын: тұлға «жоқ» деген сөзден басталады, оны ойланып және ашық айтып үйреніңіз.

– Ертерек бастаңыз. Жұмысыңызды әдеттегі уақыттан 10-15 минутқа ерте бастасаңыз, онда бұл күніңіз қуанышты, жемісті болады.

– Өз уақытыңызды құрметтеңіз. Ұйқыға кетер алдында күні бойы қандай оңды іс атқарғаныңызды талдаңыз. Уақытты тиімді пайдаланғаныңыз өзіңізді құрметтегеніңіз деген сөз.

Жоғары оқу орындарында өзіндік жұмыстар студенттердің оқу біліктерін қалыптастыруда маңызды орын алады. Күтілетін нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін сыртқы талаптардың жүйелі және кешенді түрде орындалуы біз ұсынып отырған үш педагогикалық шарттар арқылы жүзеге асады:

Педагогикалық басшылықты жүзеге асыру студенттердің өзіндік жұмыстарын анықтау және оның құрылымын, ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып жоспарлау, ұйымдастыру, өзіндік тапсырмалар жүйесін жасау, СӨЖ-ын бақылау, бағалау, жетілдіруді;

Студенттердің белсенділігін дамыту оқу материалын логикалық тұрғыдан түсіне алуды, жинақталған мәліметтерді талдай білуді, берілген тапсырманы өз бетінше орындай алуды және өзіндік жұмыстарға белсендіруде арнайы курс ұйымдастыруды;

Оқып-үйрену үдерісін жетілдіру студенттердің танымдық қызметін және кәсіби бағыттылықты қалыптастыруды, өзіндік жұмыстың тиімді (интерактивті, тест, ойын, креативтік, көрнекілік) әдіс-тәсілдерін меңгеру мен оны тәжірибеде қолдануды, уақыт шығынын дұрыс жоспарлауды қамтиды.

Жоғарыда келтірілген педагогикалық шарттардың реттілігін тұжырымдап, төмендегі – 8 кестедегідей көрсетуге болады.


Кесте 8 – Өзіндік жұмыстар арқылы студенттердің оқу біліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары

№	Педагогикалық шарттар	Мазмұны
1	Педагогикалық басшылықты жүзеге асыру	- студенттердің өзіндік жұмыстарын анықтау; - ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып жоспарлау; - ұйымдастыру, өзіндік тапсырмалар жүйесін жасау; - СӨЖ-ын бақылау, бағалау, жетілдіру
2	Студенттердің белсенділігін дамыту	- оқу материалын логикалық тұрғыдан түсіне алу; - жинақталған мәліметтерді талдай білу; - берілген тапсырманы өз бетінше орындай алу; - өзіндік жұмыстарға арнайы курс ұйымдастыру
3	Оқып-үйрену үдерісін жетілдіру	- танымдық қызметін және кәсіби бағыттылықты қалыптастыру; - өзіндік жұмыстың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеру мен оны тәжірибеде қолдану; - уақыт шығынын дұрыс жоспарлау

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, кредиттік жүйе бойынша оқытудың басымдылығы психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда да табысты іске асырылады, олай болса, психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып-үйренуде өзіндік тапсырмалар жүйесін орындауда СӨЖ ұйымдастыру технологиясын пайдалануды төмендегідей реттілікпен жүзеге асыруға болатындығы 2-суретте берілген.

Осы орайда психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарының мазмұнын құрастыруда дидактикалық үдерістің негізін құрайтын оқу ұстанымдарын (психологиялық-педагогикалық білім берудің интеллектуалдық, эмоционалдық және іс-әрекеттік компоненттерінің бірлігі; педагогикалық-психологиялық білім мазмұнының ғылымилығы мен ізгілігі; пәнаралық байланыстылығы; болжамдылығы; педагогикалық-психологиялық білім мазмұнының қоғам сұраныстарына сәйкестігі; тәжірибелілігі мен іс-әрекет арқылы жүзеге асырылуы) басшылыққа алуда, Ә.Ж. Алдамұратов, Ш.Қ. Құрманалина, М.Қ. Бапаева және т.б. еңбектеріне сүйендік.

Өмір талабына сәйкес жеделдеп даму үстіндегі ақпараттарды меңгерудегі түбегейлі өзгерістер кезеңінде психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру студенттерге өзін-өзі реттеуді және шапшаң шешім қабылдауға бейімделуді қалыптастыруға бағытталады.



Сурет 2 – Өзіндік тапсырмалар жүйесін орындауда СӨЖ ұйымдастыру технологиясы

Ұлттық білім беру моделін қалыптастыру тенденциясы мен Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін бүкіл әлемдік білім кеңістігіне кіріктірумен сипатталатын білім беру саласы «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында айтылған негізгі басымдықтардың бірі болып отыр. Олай болса, кредиттік оқыту технологиясы – қазіргі заман студенттерінің бойында терең де толыққанды кәсіби білімді және өздігінен жұмыс істеу біліктерін қалыптастырып, оны әрі қарай дамытуға жағдай жасайтын оқыту жүйесі.

1. Назарбаев Н. Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Білім, 1997.

2. Бапаева М.Қ. Жоғары мектепте психологиялық білім беру процесін жетілдіру. Оқу құралы. – Алматы, 2006.

3. Андасова Б. Кредиттік жүйе бойынша оқыту үрдісінде студенттің өздік жұмысын бақылау // Ізденіс. – 2006. - №2.

## ТҮР-ТҮС КОНЦЕПТИСІНІҢ ӘР ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ОРТАҚ ТҮСТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Б. Жүнісбекова – оқытушы, ҚазМемҚызПУ

### Резюме

В статье рассматриваются семантические значения цветов на казахском, русском, английском и китайском языках и их особенности и схожести в употреблении.

### Summary

This article deals with the peculiarities and similarities of semantic meanings of colors in Kazakh, Russian, English and Chinese languages.

Бүгінгі таңда лингвистика ғылымы әрбір ұлттың рухани ой-санасын, дүниетанымын, мәдениетін тіл арқылы зерттеуге бағыт алуда. Біздің мемлекетіміздің қазіргі даму кезеңінде барлық саладағы халықаралық байланыстардың нығаюы әр түрлі тіл және мәдениет өкілдерінің әлемді қабылдау, сезіну ерекшеліктерін тану және түсіну қажеттілігін сезінуде. Этностар арасындағы мәдени және психологиялық ерекшеліктерді зерттеудің бірден-бір жолы ол концептерді зерттеу. Әрбір ұлттың ұлттық дүниетанымын және мәдениеті мен әдет-ғұрпындағы ерекшеліктерін айқындайтын және менталитетін көрсететін мәнді концептердің бірі «түр-түстер» концептісі. Қазақ, қытай тілдеріндегі түр-түс концептісін ашатын ұлттық мәдени реңктегі сөздер мен сөз тіркестерін салыстыра-салғастыра зерттеу арқылы түр-түс концептісінің ұлттық-мәдени сипаты мен ерекшеліктерін және жалпы адамзатқа ортақ тұстарын айқындауға болады. Қазіргі уақытта тіл мен мәдениеттің арақатынасы мәселесі когнитивтік лингвистика ұстанымдары негізінде түсіндіріліп, жалпы лингвомәдениеттану теориясының дамуына үлес қосуда. Сонымен қатар, қазақ, ағылшын, қытай тілдерінде түр-түс концептісі арқылы берілетін ұлттық дүниетаным көрінісін тіл және мәдениет тұрғысынан жан-жақтылы зерттеу арқылы, түр-түс концептісінің әр халықтың ұлттық дүниетанымдағы ортақ тұстары мен ерекшеліктері айқындалады. Әрбір ұлттың түсінігінде түр-түстердің өзіндік ұғымы болады, кейде бір түс бояуының өзі жағымды да, жағымсыз да мағына беруі мүмкін. Кейбір түстердің психологиялық әсеріне тоқтала кетсек; ақ түс – жеңіл, таза, балғын, пәк, тыныштандырғыш; ал сары түс – жылы, ашық, көңілді, көк түс – ауыр, суық, тыныш, тығыз, қатаң; көгілдір түс – жеңіл, қоңыр салқын, балғын, тұнық; қызыл түс – белсенді, ыстық, ауыр, еліктіргіш деген қасиеттерге ие. Әр халықтың мемлекеттік рәміздері мен нышандары, символикасы, тарихы олардың ұлттық әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен дүниетанымына байланысты болады. Жалпы адамзат ерте дәуірден бастап түр-түстерге ерекше мән бере бастаған. Мысалы, ақ түс – жақсылық, сауығу, қара күштерді жеңу мағынасын берсе, қызыл түс – өмір, күш, қуат; ал қара түс – ауру, өлім, жеңіліс, құлдырау және жалпы жамандық мағынасын берген. Әрбір ұлт күнделікті тұрмыста қолданылатын заттарын түрлі-түсті өрнектермен зерлеп сәндеу арқылы жақсылық, құт-береке, денсаулық, молшылық, жолы болуын тілеген игі ниеттерін білдірген. Қытай халқы мен басқа елдердің мәдениеті мен дүниетанымында көптеген айырмашылықтармен қатар, ұқсастықтар да кездеседі. Қытай тіліндегі кейбір түстердің мағынасы қазақ және орыс тілдеріндегі мағынасына сәйкес келе бермейді. Мәселен, қытай халқының ойшылы Сюньцзының атақты нақыл сөзінде 青出于蓝而胜于蓝 qing chu yu lan er sheng yu lan екі түрлі түс қолданылған 青 qing және 蓝 lan. Көне қытай философиясының екінші томында бұл былайша аударылған: Бұл көк сыр (краска): индиго шөбінен алынған, индиго шөбімен салыстырғанда көк түс әлдеқайда қоюлау, қанық түс. Басқа сөздікте былай аударылған: Көк түс көгілдір түстен пайда болады, дегенмен оған қарағанда әлдеқайда қою, қанық, яғни, «ұстаздан шәкірт озар» деген мағынада. Екеуінде де 青 qing сөзінің мағынасы көк түс екендігін байқаймыз. Ал негізінде бұл түстің бірнеше түрлерін білдіреді: Үлкен қытайша-орысша сөздікте қою көгілдір, ашық көк, ашық жасыл, қара, күнгірт деген бірнеше мағынасы кездеседі. Сондықтан көптеген сөз тіркестерінде бұл түс әртүрлі аударылады: 青既非绿又非蓝 qing ji fei lu you fei lan мұндағы, «qing» көк түсі – не жасыл емес не көгілдір емес, 青红皂白 qing hong zao bai көк пен қызыл және қара мен ақ (бір-біріне қарама-қарсы), 不分青红皂白 bu fen qing hong zao bai «мұндағы түр-түстердің мағынасы жалпылай берілген, нақты айырмасын талқылап беру мүмкін емес», 青堂堂 qing tang tang «ашық жасыл», 青绿山水 qing lu shan shui «жап-жасыл табиғат көріністері». Басқа түстермен үйлескенде «青» qing сөзінің мағынасын түсіндіріп беру қиынға соғады. Мысалы: 他身材很高大, 青白脸色, 间时常夹些伤痕, – 部乱蓬蓬的花白胡子. Н.Т. Федоренко бұл сөйлемдегі 青白脸色 qing bai lian se және 花白胡子 hua bai hu zi сөз тіркесіндегі 青白 qing bai немесе 花白 hua

bai деп ақ түсті екі түрлі қолданған, бірде өңі солғын, беті бозарған десе, бірде сақалы ағарған немесе сақалының түсі ақшыл көк деп аударғандықтан, бұл түстің нақты қандай екенін түсіну үшін бір аз ойлануға тура келеді. Ал қазақ тілінде «бет-әлпеті боп-боз, өңі солғын» және «бурыл сақал» деп айтылады.

Әрбір халықтың бір түс мағынасы туралы түсінігі әрқилы болуы мүмкін. Қытай халқы үшін қызыл түс нұр, күш-қуат, өмір тынысы, сәттілік, қуаныштың және бақыттың символы. Сондықтан бұл түсті ерекше ұнатады. Кез-келген мереке кезінде қызыл фонарлар және қызыл қағазға жақсы тілектер жазып іледі. Балаларға міндетті түрде ақшаны қызыл конвертке салып сыйлайды. Тіпті қонақтарға қызыл түсті дастархан жаяды. Үйлену тойында қызыл түсті «喜» хі (қуаныш, бақыт) иероглифін жапсырады, қызыл түсті киім киеді. Сондықтан қытай ұлты үшін қызыл түс ерекше мәдени мәнге ие. Мысалы: 这位作家很红 zhe wei zuo jia hen hong «бұл атағы жер жарған жазушы» немесе 红运 hong yun «үлкен сәттілік» т.б. Ал ағылшын тілінде бұл мағынада жасыл түс қолданылады. Ағылшындықтар үшін қызыл түс керісінше қауіп-қатер немесе белгілі бір жағдайдың шектен шығу дәрежесін білдіреді. Осындай себептерге байланысты 红楼梦 Hong lou meng «Қызыл сарайдағы түс» классикалық романы «Тастағы жазулар» (石头记 Shi tou ji), ал романда мәтіндегі «көңілді қызыл аула» 怡红院 yi hong yuan «жасыл аула» деп аударылған. Қытай тіліндегі қызыл сөзі қазақ тілінде 红茶 hong cha «қара шәй», орыс тілінде «черный чай», 红糖 hong tang қызыл қант «сары қант», ал орыс тілінде «желтый сахар» деп әртүрлі аударылады.

Қытай ұлтының 红白喜事 hong bai xi shi «той мен өлім» деген сөз тіркесіндегі қызыл түс той, ал ақ түс өлім-жітім, қайғы-қасіретпен байланысты. Қытай халқы үйлену салтанаты кезінде қалыңдық қызыл көйлек кесе, күйеу жігіт қызыл галстук, қызыл белбеу тағады, ал еуропалықтар аппақ көйлек киеді. Ал қазақ тіліндегі «ақ дастархан» тіркесіндегі ақ сөзі ақ пейілді білдірсе, «аққа құдай жақ» деп, күнәсіздік пен адалдықты, тазалықты білдіреді. Қазақ халқы сұлулықты ақ, қара, қызыл түстерін қолдану арқылы сипаттайды, ал қытайлар қызыл түс арқылы жастық шақ пен сұлулықты бейнелейді. Мысалы: 红光满面 hong guang man mian «беті нарғтай қызыл, яғни денсаулығы мықты мағынасында», 红颜 hong yan «әдемі қыз», 红男绿女 hong nan lu nu «қызылды-жасылды киінген әдемі, жас қыз-жігіттер» немесе 红人 hong ren орыс тілінде «любимчик, фаворит», ал қазақ тілінде «ең сүйікті адам» мағынасында қолданылады.

Қытай тілінде заттың түсін сипаттауда 粉 fen «ұнтақ, ұн» сөзі ақ түс мағынасында қолданылады. Мысалы: 粉墙 fen qiang «ақ қабырға», 粉底 布鞋 fen di bu xie «табаны күлгін түсті шүберек аяқ киім», 粉笔 fen bi «бор, яғни ол ақ түсті», fen hong se қазақша «қызғылт түс», ал орысша «розовый». Ал «цянь» морфемасы қызыл түсті сыр бояуын дайындайтын «цянь цао» марена өсімдігінің атауымен байланысты. «Цянь jiang» орыс тілінде «мареновый» яғни, «қызыл түсті ерітінді» мағынасында қолданылады.

Батыс пен Шығыста бет-әлпетті сипаттайтын түстердің қолданылуында біршама айырмашылық бар. Еуропалықтар қара торы, күнге тотыққан бет терісін денсаулығы мықты, сұлу адамдарға тән деп санаса, ал қытай ұлты бет терісінің аппақ болғанын ұнатады да, сол үшін әдетте қолшатыр немесе үлкен қалпақпен күннен қорғануға әрекеттенеді. Еуропалықтар «демалыс кезінде күнге әбден тотығып, өңің жақсарып келіпті» деп мақтау сөз айтады, ал қытай ұлтына бұлай айтса, керісінше 黑得多了, 像个乡巴佬 hei de duo le, xiang ge xiang ba lao «ауылдық шаруалар сияқты қап-қара болып кетіпсің» деген мағынада қабылдап ренжиді. Қазақ халқында «қара жамылу» сөз тіркесіндегі қара түс өліммен байланысты. Батыс халқы үшін де қара түс ауыр тұрмыстың, қайғы-қасірет нышаны. Әйтсе де, бұл ұқсастықтан басқа, қазақ ұлтының дүниетанымында қара түстің «ұлы, қасиетті» деген жағымды мағынасы «қасиетті қара шаңырақ» тіркесінде кездеседі.

Қытай ұлты үшін сары түс байлық пен патшалық лауазымның, биліктің символы. Ертеде Қытай императорлары айдаһар бейнеленген сары түсті киім кигендіктен, бұл түсті «император түсі» деп те атайды. Сонымен қатар, «жер кіндігі немесе орталығы» деген мағынасы да бар. 黄金时代 huang jin shi dai «алтын ғасыр» немесе «гүлденген дәуір» деген тіркес қазақ-орыс тілдеріндегі мағынасына сәйкес келеді. Ағылшын халқында сары түс «сатқындық, тұрақсыздық, қызғаншақтық» мағынасында қолданылады. Ал қазақ тілінде жағымды мағынада «күн шуағы мен жылу, молшылықты» білдіреді. Жағымсыз мағынада «сары уайымды» білдіретіндіктен, ұзатылған қызға сары түсті көрпе-жастық немесе т.б. бұйымдарды сыйға бермейді. Орыс тілінде де осылай және «желтый дом» жындыхана, яғни ақыл-естің кемістігі мағынасында қолданылады. Тіпті ерлі-зайыптының бірінің опасыздығы немесе «көзіне шөп салу» мағынасында да қолданылады. Қазіргі қытай тілінде де 黄了 huang le «сарғайды» деп, яғни «сәтсіздікке ұшырады» деп жағымсыз мағынада қолданылады. Мысалы: 买卖黄了 mai mai huang le «Сауда-саттық келісімі ойдағыдай жүзеге аспады». 黄粱美梦 huang liang mei meng мысалында сары түс «сағым арман» немесе «орындалуы екіталай арман» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі қытай тілінде 黄色情的小说 huang

se qing de xiao shuo «сары роман», ал орыс тілінде «желтая пресса» яғни, «сары басылым» деген жағымсыз мағынасы да кездеседі. Қытай тіліндегі “黄” сары түс пен ағылшын тіліндегі «blue» көк түс бұл халықтардың ұлттық мәдениетінде ұқсас мәнге ие, яғни билік пен лауазымның символы.

Қазақ халқында жасыл түс жағымды түс, жастықтың белгісі, сонымен қатар, мұсылмандар да жасыл түсті ұнатады. Мұсылман мемлекеттерінің туы көбінесе жасыл түсті болады. Орыс халқында да жасыл түс күш-қуат, сергектік, үміт сияқты жағымды мағына береді. Ал қытайларда 脸都绿了 lian dou lu le «беті әрсіз, көріксіз» немесе 戴绿帽子 dai lu mao zi «жасыл телпек кию», «мүйіз тағу» сияқты жағымсыз мағына береді. Сондықтан Қытайда бұрын дүкен сөрелерінде жасыл телпек өте сирек кездесетін және болса да, көбінесе қытай ұлты сатып алып кимейтін. Ал 绿茶 lu cha қазақ тілінде «жасыл шәй» емес, «көк шәй» деп қолданылады. Қазақ тілінде «көкті жұлма, көктей соласың» деген тыйым бар, мұндағы көк сөзі «жасыл, балғын өсімдіктер» және «жастай, өрімдей жас» мағынасын береді. Яғни, ата-бабамыз жап-жасыл балғын шөптерді бостан-босқа жұлға тыйым салып, табиғатты аялауға көңіл бөлген. Жалпы, көк түс қазақ халқы үшін мәңгілік пен бейбітшілік символы.

Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының қолданылуы мен символдық мән-мағынасында көне түркі көшпенділерінің көк тәңіріне қатысты діни дүниетанымына тән ерекшеліктер көрініс береді. Сол сияқты шығыстың Конфузышылдық (тағылымшылдық) ағымы мен батыстың христиан діні дүниетанымында болсын, көк аспан – тәңір, құдай мекені, ал тәңір әділдік пен адалдықтың бейнесі ретінде көрініс табады. Әрбір ұлттың өзіне тән дүниетанымы, мәдениеті мен салт-дәстүрімен танысу, ұқсастығы мен айырмашылығын білу тек тілдік тұрғыдан ғана емес, мәдени қарым-қатынас жасауда өте маңызды болып табылады.

1. Щичко В.Ф. Теория и практика перевода. Китайский язык. – М., 2004.
2. Общие знания по культуре Китая. – Пекин, 2009 г.
3. Софронов М.В. Введение в китайский язык. – М., 1996.
4. Прядохин М.Г. Краткий словарь трудностей китайского языка. – М., 2000 г.
5. Қалибекұлы Т. Жалпыға арналған қытай тілі. - №2. III, 2011.

## ON DOMINANT FEATURES OF AMERICAN MENTALITY

**M.Ashirimbetova** – MA, senior lecturer, Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan

### Summary

The issue of communication and communicative behavior research gained importance with the rapid growth of international and intercultural relations throughout the world today. Consequently, differences in the colors of skin, shapes of eyes, variations of traditions and customs cause misunderstandings among representatives of different peoples. Because people are different they sometimes find it difficult to understand each other undergoing a communicative shock when interacting with representatives of another lingua-cultural community. And one of the reasons why modern social sciences are aimed at telling people about people is to facilitate and catalyze international and intercultural communication. The author of the article considers dominant features of American mentality.

**Keywords:** mentality, national character, communicative behavior, American, individualism, freedom.

Because people are different they sometimes find it difficult to understand each other undergoing a communicative shock when interacting with representatives of another lingua-cultural community. And one of the reasons why modern social sciences are aimed at telling people about people is to facilitate and catalyze international and intercultural communication. When considering language, culture and communication, it is important to understand that these three concepts are closely interrelated and consequently must not be investigated solitarily. The language – culture interaction is the main factor of human society development. Language is the mirror of culture reflecting the real world surrounding the human, their real life conditions. It also reflects social cognition mentality, national character, lifestyle, traditions, customs, moral value system and worldview of a nation. The language stores cultural values – in lexis, grammar, idioms, proverbs, folklore, and literature, written and oral speech. It is also the means for transferring this heritage from generation to generation [3]. In the first decade of the XXI century communication research gained popularity and there appeared a new trend in linguistics research. The approach that regarded language as a cultural code rather than a tool of communication was called anthropocentric. Language is viewed as a creation of another peculiar reality inhabited by a person. Modern science is characterized by integrative approach to the study of a certain subject connected to a human. Language is connected to psychology, culture, and activity of the latter. The communicative integrative approach allows disclosing of the most common aspects of subject research patterns.

Communicative, speech behavior is mostly dependent on mentality. Mentality here is used as a notion

synonymous to the one of national character. Mentality is a worldview of a certain ethnical group, the way they perceive the world, and their dominant values. Today different researchers variously describe national character. Gumilyov [1] presented an example of the difference in communicative characters apparent in the same situation:

*Imagine that a Russian, a German, a Georgian and a Tatar enter a tram ... all similarly dressed, having lunch in the same cafeteria holding the same newspaper in their armpits. Suppose, there appears a drunken and starts to misbehave towards a woman. How will our personages behave? A Georgian will grab the front of the drunk's shirt and will try to throw him into the street. A German will corrugate with disgust and will start calling the police. A Russian will pronounce several sacramental words, and a Tatar will try to escape from participation in the conflict.*

The issue of connection of language – culture has been discussed by several researchers. Ter-Minasova develops Von Humboldt's idea of the world picture as reflected in language (1985: 47) and proposes that the interrelation of human and the world is presented in the three following forms:

- the real picture of the world;
- conceptual picture of the world or world picture as reflected in the culture;
- world picture as reflected in language (2008).

The word reflects not the subject of reality, but the perception of it, imposed to the language speaker by the concept of the subject. The concept is constructed on the basis of several fundamental indicators. The concept thus is an abstraction. Our cognition is stipulated collectively (by the lifestyle, customs, traditions, etc. – by everything defined under culture in its broad ethnographic meaning) and individually (specific world perception, attributable to the peculiar individual). The language thus does not reflect the reality straightforward – but through a double zigzag: from the real world of cognition, and from cognition to the language. Thus, the metaphor with the mirror is not that exact – as the mirror can sometimes be a distorting one: distorted by the culture of the society. Thus, language, cognition and culture are interrelated so closely that they make up one unity composed of these particles and none of the three can function and exist alone. Altogether these correlate to the real world, withstand it, depend on it, reflect it and at the same time form its perception and relation to it.

One of reflections of culture is human communication. Based on this correlation Sternin coined the term communicative behavior. Sternin conducted a number of researches of different nations' communicative behaviors, developed terminology and theory of the research, and provided contrastive and comparative analysis of the communicative cultures and communicative behaviors.

#### *Features of American national character*

There is a number of various researches conducted investigating features of American national character. Most of the researchers, however, state that generalization is not very applicable to American population because of its diversity [2, 4, 6]. Although the researchers state that general traits are not ... there are some common features in their findings and in this paper I will try to draw on some of them.

*Individual freedom and self-reliance* – Americans' individualism roots in the fact that from the very beginning of the history of the United States the first settlers of the country escaped from the rigid control of their lives by kings, the church, and aristocracy – for freedom. As a result a state with a 'climate of freedom where the emphasis was on the individual' [4: 29] was established. Thus, following the example of their ancestors, Americans consider the word 'freedom' to be one of the most important words for the modern society today. Freedom in the context of making their own decisions, choosing the right way on their own, not depending on anyone else and anyone else's opinion.

*Individualism and independence* are other the basic American values – Americans believe that people have to be able to make their own decisions from the very young age. Spock in his *Baby and Child Care* [6] states:

*In the United States ...very few children are raised to believe that their destiny is to serve their family, their country, or God [as is the practice in some other countries]. Generally children [in the United States] are given the feeling that they can set their own aims and occupation in life, according to their inclinations. We are raising them to be rugged individuals...* [6: 7].

Also the author points out that an ideal person for Americans is an individualistic, self-reliant, independent person.

Americans believe that everybody has equal chances for *competition and success*. From the very beginning of the existence of the state individuals who came to this country believed that, not interfered by the government or the church, or the aristocrats, all of them had equal opportunity, equal chances to compete and win [4]. From the time when the first settlers came to the North American continent many people needed to leave their places and jobs to seek better life in a new place. The unknown place of their new residence was abundant of natural resources and virgin lands. This required hard labor for less money at the primary stage of the development of the



economy of the country. This is the reason why *hard work* is one of the national ethos of Americans [6]. Sternin points out that in order to find out something from their communicants Americans use the *tactics of indirect questioning* [9]. If a woman wants to find out which shampoo is her friend using she says “Your hair is so shiny” and the rest is left for the speaker – communicant – if she wants she will say “Oh, it is (the name of the shampoo)”. However, this trait according to the opinions of the respondents was not a dominant feature of American national character.

Americans regard a person as a center – separate entity – and this is the reason why the most important values of their national character are, competitiveness, freedom and success, while in Kazakh culture, for example, a human is regarded as a part of a society. Americans value individualism, while Kazakhs value concepts and notions like ағайындық, туыстық (lit. kinship). Kazakh culture refers to indirect / high context communication style. Kazakhs, homogeneous and collectivist understand almost automatically how to react and behave in certain social situations. For example, when one Kazakh comes to another to ask something, they do not pass to the request straight forward – first they need to find out how the other person’s life is going, of their household, livestock, etc. And only after both of them have shared all the last news of their lives, just before they are about to leave they ask for the thing they came for. Thus, a certain context has to be set in order to unfold interaction. American culture vice versa, move to the point straight away [4, 6]. One of the peculiar sides of Kazakh culture is how people conceive of and handle time: it is polychronic. People treat time as something always available and can do several things at the same time. If you ask a Kazakh to come to the party at 6 p.m. they come at 6.30 p.m. Or if a Kazakh says that they are coming ‘right now’ – ‘қазір келемін’ you should not expect them earlier than after 5-10 maybe even 30 minutes. This can be attributed to the fact that from the ancient times ancestors of Kazakhs lived in the steppes with very long distances to be crossed to reach one place from another. And this is why the time for Kazakhs is flexible. It is absolutely monochronic. Americans view time as something more rigid, they stick to schedules and tend not to be late. Americans living in Kazakhstan for a considerably short period of time are often surprised by the fact that Kazakhs is almost always late. Furthermore, American culture is direct / low context. Oppositely to Kazakhs, Americans are straightforward and want the aim of the conversation to be clear from the very beginning [4]. As the results show, the two cultures under investigation appear to be absolutely opposite. However, these share some traits, like positive look on life [1, 2, 4].

Despite that fact that globalization swipes away all the borders and most peoples risk losing their cultural peculiarities, Kazakhstan is managing to retain most of the characteristic values. Changes are inescapable, however, ours is a country that manages to combine the newest trends with the traditions of their ancestors. Despite the fact that some traditional traits are becoming excluded from the list of the national characteristics of modern Kazakhs, major dominant features as hospitality, respect for elders, value of genealogy remain unchanged [1]. At the same time, the impact of globalization is also reflected on the younger generation: today in the conversations between younger Kazakh people we can notice small talks and exchange of set phrases ( clichés) usually attributed to American communicative culture more often.

1. Akhmetzhanova Z. *Новыенаправлениясоциальнойлингвистики, [New trends in social linguistics], – Almaty, 2011.*
2. Sternin I., Stermina M. *Очерк американского коммуникативного поведения. [Essay on American communicative behavior], – Voronezh, 2001.*
3. Ter-Minasova S., *Войнаимирязыковикультур, [War and piece of languages and cultures], – M., 2008.*
4. Althen G., with Doran A.R. and Szmania S.J. *The American Ways, A Guide for Foreigners in the United States, Second edition, Intercultural Press, 2003.*
5. Comrie B. *The Languages of the Soviet Union, – Cambridge University Press, 1981.*
6. Datesman M., Crandall J., Kearny E. *American Ways. An Introduction to American Culture, 3<sup>rd</sup> edition, Pearson Education Inc., 2005.*
7. Von Humboldt V. *Языкифилософиякультуры, [Language and philosophy of culture], – M.: Progress, 1985.*
8. Wierbizka A. *Пониманиекультурчерезсредствоключевыхслов, [Understanding cultures through the key words], M., 2001.*
9. Sternin I. *Онациональномкоммуникативномсознании, [On national communicative cognition], Linguistic bulletin, 4<sup>th</sup> release, – pp. 87-94, 2003 Izhevsk. Retrieved from: <http://www.philology.ru/linguistics1/sternin-02.htm>*

## ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯҒА ДАЙЫНДАУДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Б.С. Жошыбекова – ҚазМемҚызПУ-нің 2 курс магистранты  
А.С. Сартаев – б.ғ.д., проф.

### Резюме

Новые технологий в образований. Развитие компьютерных технологий и их влияние на процесс обучения. Применение технических средств в учебном процессе сегодня является вполне закономерным явлением.

### Summary

New technologies in the education. The development of the computer technologies and the influence of it on the process of the education. In our days the usage of the technika devices in the educationa process is the quite natyral phenomenon.

Жастарға білім мен тәрбие беру – әлеуметтік, қоғамдық маңызы бар мәселе. Қазіргі заман талабына сай жаңашыл әдіс-тәсілдерді іздеумен технологияларды алмастыру арқылы оқушылардың білім, білік дағдыларын арттыру қолға алынуда [1].

Әр пәнді оқытуда жаңа әдіснамалық амалдар тауып, оны сабақта қолдана білу мұғалімнің шеберлігін арттырып, өзіндік ой-пікірін, шығармашылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Биология пәнінің басқа пәндерден айырмашылығы теориясы үнемі тәжірибемен ұштастырылып отыруды қажет етеді. Ал тәжірибе жүргізу оқушының танымдық қызығуын арттырудың басты жолы [2]. Бүгінде биология пәнін бағдарлы оқытуда дәріс сабақтарын, жобаны дамыту, ақпараттық және компьютерлік технологияларды және тағы басқа инновациялық әдістер, сондай-ақ лабораториялық-зерттеу практикумы, семинар, пікір-талас сабақтары, шығармашылық кештер, жарыстар өткізу ең негізгілері болып саналады. Сонымен қатар терминологиялық сөздіктерді құрастыру сияқты әдістерді қолдануға да болады. Сөздік сабақ кезінде де, үй жұмысы ретінде қолдануға ыңғайлы. Сөздікті әрқалай құрастыруға болады. Ол жұмыс дәптерімен бірге немесе бөлек болуы мүмкін. Сондай-ақ сөздікті алфавит бойынша құрастыруға болады. Биология пәнінің мұғалімі Р.В. Зеркованың ұсынған сызба нұсқасын пайдалануда тиімді.

### Кесте 1. Биология пәні мұғалімі Р.В. Зеркованың ұсынған сызба нұсқасы

Терминдер	Этимологиясы	Анықталуы	Тірек-сызба нұсқасы

Биологияда бағдарлы сабақ беру танымжорықсыз мүмкін емес. Ол оқушының нақты, негізгі білімді қалыптастыруына мүмкіндік береді. Танымжорықты мектеп ауласында, табиғатта, өндірістік орындарда мұражайда жүргізуге болады. Мұражайда сабақ өтер кезде тақырыпқа сай мәліметтерді алдын-ала жинақтап, оқушыларға үлестірме сұрақтар дайындап келу керек. Тапсырмаға 15-20 минут беріледі. Тапсырманы орындағаннан кейін мұғалім әр топтың жауабын тыңдайды. Әрі қарай әр топтан бір оқушы шығып өз тақырыптары бойынша дайындаған жұмыстарын қорғайды. Ал қалған оқушылар топ басшысын толықтырады немесе жалғастырады. Сосын үздік топ және топ басшылары анықталады. Үй тапсырмасы ретінде әр оқушы танымжорық туралы есеп даярлайды. Танымжорық мұғалімге оқыту процессінде әр түрлі заманауи педагогикалық технологияларды (ақпараттық, шығармашылық – зерттеу жұмыстарын және т.б.) ұйымдастыруға мүмкіндік береді [3].

Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда жоба қорғатудың мәні бар. Жобаның бірнеше түрі бар. Әр тоқсанның басында екі оқушыға сұрақ және әдебиеттер тізімі беріледі, оны міндетті түрде оқып шығулары керек. Сосын оқытушымен бірлесе отырып жоспар құрастырып, керекті мәліметтерді жинақтап дайындық жұмыстарын жүргізеді. Тоқсан соңында әр қайсысы қорғап, өздерін жақсы сезінуге мүмкіндік алады. Қорғау рейтинг бойынша бағаланады. Жылдық қорытындыда ең үздік баға иелері арасында байқау жарияланады. Байқау 6-балдық жүйе бойынша бағаланады. Бірінші баға-қорғалған жұмыстың мазмұнына, екінші баға-қорғау шеберлігіне қойылады. Төрешілер қойылған балдарды есептеп орындар тағайындайды.

Кейінгі кезде мұғалімдер жоба технологияларын кеңінен пайдалануда. Жоба барысында қатысушылар «Биология ғылымының адамзатқа және қоршаған ортаға тигізетін пайдасы», «Биология және мамандық әлемі», «Кім болсам екен», «Теория мен тәжірибе арасындағы байланыс» тағы басқа тақырыптарға зерттеу жүргізеді. Жұмысты жасау деңгейі 10-11 сыныпта күрделенеді. Соған байланысты қосымша тапсырмалар беріледі [3]. Нәтижесінде оқушылар ақпарат көздерін өз бетінше ізденіп, жаңа компьютерлік бағдарламалармен танысуға мүмкіндік береді. Бағдарлы оқытудың негізгі ерекшелігінің бірі – оқушылардың өзіндік жұмысқа бейімделуіне, танымдық белсенділігін дамытуға, қызығушылығын арттыруға, биология пәнін ғылым ретінде қабылдауына жол ашады. Қорыта айтқанда мектеп оқушыларына

стандартты білім деңгейін меңгертіп қана қоймай, өмір талаптарына сай ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру – әрбір пән мұғалімдерінің міндеті!

**Кесте 2. Биологияны бағдарлы оқытуда шығармашылық жұмыстардың жүйесі**

№	Жұмыс түрі	Сынып	Тақырып	Топпен	Жеке	Нәтиже
1	Шығармашылық жұмыс; түсіндірме сөздік; сызбалар; бюллетень №1 «Тірі табиғат»	XI	Тіршіліктің пайда болуы		+	Тақырып бойынша (жұмысты қорғау)
2	Шығармашылық жұмыс; Сергіту ойыны «Бәйге»; бюллетень №2 «Тіршілік қалай пайда болды?»	XI	Тіршіліктің пайда болуы	+	+	Сергіту ойыны
3	Шығармашылық жұмыс; буклет «Тақырып бойынша материал»	X	Клетка құрылысы		+	Үздік буклеттер бәйгесі; Қорытынды ғылыми-практикалық конференция (X-сынып)
4	Шығармашылық жұмыс;	X	Клетка құрылысы		+	Тақырып бойынша
5	Шығармашылық жұмыс; презентация «Клеткалардың бөліну әдістері» бюллетень №3 «Тіршілік жалғасы»	X	Клетка құрылысы	+	+	Тақырып бойынша
6	Реферат «Генетиканың даму тарихы»	X	Генетика негіздері	+		Тақырып бойынша (семинар)
7	Шығармашылық жұмыс; презентация; бюллетень №4 «Генетика-өзгергіштік және тұқымқуалаушылық туралы ғылым»;	X	Генетика негіздері		+	Тақырып бойынша
8	Реферат «Генетика-XXI ғасыр ғылымы»	X	Генетика негіздері	+		Тақырып бойынша
9	Жоба «Біз неге бір-бірімізге ұқсамаймыз»	XI	Өзгергіштік және тұқымқуалаушылық	+	+	Тақырып бойынша қорытындылау
10	Тарау бойынша қорытындылау	XI	Селекция негіздері		+	Тақырып бойынша
11	Зерттеу жұмысы; «Адам баласы селекция әдістерін ертеден пайдалана білді»	XI	Селекция негіздері	+		Тарауды қайталау (X-XI сынып); Қорытынды ғылыми-практикалық конференция (XI-сынып)
12	Шығармашылық жұмыс; «Эволюцияның дамуы»; бюллетень №6 «Эволюция ғылымын зерттеген ғалымдар»	XI			+	Тақырып бойынша
13	Реферат «Эволюция ғылымын зерттеген ғалымдар»	XI		+		Тарау бойынша қорытындылау (семинар)
14	Зерттеу жұмысы «Эволюция туралы көзқарастар»	XI		+		Тарау бойынша қорытындылау (жұмысты қорғау)
15	Жоба «Жолбарыс неге жолақты»	XI		+	+	Жобаны қорғау
16	Жобалар «Жердің өткен тарихы»	XI	Жерде тіршіліктің дамуы	+		Жобаны қорғау
17	Жоба «Нәсілдер»	XI	Антропогенез	+		Тарау бойынша қорытындылау
18	Шығармашылық жұмыс; «Экология негіздері»; бюллетень №7 «Біз және экология»	XI	Экология негіздері		+	Тарау бойынша
19	Жоба «Жер – біздің»	XI	Экология негіздері	+	+	Тақырыпты қайталау

	үйіміз»					
20	Зерттеу жұмысы «Биосфера»	XI	Биосфера	+	+	Тақырыпты қайталау
21	Шығармашылық жұмыс; презентация Бюллетень №8 «Биологиядағы ең қызықты сұрақтар»; буклет «Биология және мамандық»	XI			+	Тарауды қайталау (X-XI сынып);
22	Реферат «Биологияның негізгі теориялары мен заңдылықтары»	X-XI		+	+	Тарауды қайталау (X-XI сынып); Қорытынды ғылыми-практикалық конференция (XI-сынып)
23	Жоба «Биология мұражайына танымжорық»	X		+		Қорытынды ғылыми-практикалық конференция (X-сынып)
24	Жоба	X-XI		+	+	Тарауды қайталау (X-XI сынып); Қорытынды ғылыми-практикалық конференция (XI-сынып)
25	Биология кабинетінің жоба сайты «БИО+»	X-XI		+	+	Тарауды қайталау (X-XI сынып); Қорытынды ғылыми-практикалық конференция (XI-сынып)
26	Шығармашылық жұмыс «Биологияда емтиханнан қалай үздік нәтиже аламыз?»	XI			+	Тарауды қайталау (X-XI сынып); Қорытынды ғылыми-практикалық конференция (XI-сынып)
27	Жоба «Биология 100-балл»	XI		+	+	Тарауды қайталау (X-XI сынып); Қорытынды ғылыми-практикалық конференция (XI-сынып)

1. Сартаев А., Гильманов М., Жалпы биология, Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2006 [4].

2. Мишакова В.Н., Подшивалова Н.П., Подготовка старшеклассников к итоговой аттестации: современные технологии, формы и методы обучения Биология в школе 2010 - №9 [3].

3. Ақпанова Ж. Жаңа технология – Биология Биология және салауаттылық негізі, 2011 - №6 [1].

4. Сағатбекова С. XXI ғасырдағы – Биология Биология және салауаттылық негізі, 2012 - №5 [2].

## КИНОПЕРЕВОД НА СТЫКЕ АУДИОВИЗУАЛЬНОГО ИСКУССТВА И МУЛЬТИМЕДИИ

Д.М. Кабылбекова – Университет имени Сулеймана Демиреля, Алматы, Казахстан

### Түйін

Аудиовизуалды өнердің бір түрі болып табылатын кино өнерінде диалог бейнелеу, дыбыстық жанама ілеспелер және музыкамен өзара байланыста болады. Киноаударма мультимедиялық аударманың бір түрі ретінде өнер мен аударманың жаңа түрін қалыптастырды. Мақалада салыстырмалы түрде жалпы аударма теориясындағы негізгі өлшемдерді басшылыққа ала отырып, сапалы киноаударма үшін қажетті талаптар мен ұстанымдардың жіктелімі көрсетілген.

### Resume

Film is a type of audio-visual art, where the dialogue is connected with images, sound layer and music. Film translation as a type of multimodal translation has also gained a status of new arts and translation. This article made an attempt to classify feasible principles and requirements for a quality film translation based on thorough analysis of characteristics of film translation in comparison with general translation

### Введение

В эпоху глобализации, где уже довольно трудно очертить границы, киноискусство занимает значительную роль в современном обществе, как форма доминирующей культуры. Вырвавшись за пределы искусства, кино стало частью жизни человека, оказывая влияние на формирование его речи, жизнедеятельность и ценности.

Для того чтобы оценить качество зарубежных фильмов или просто получить удовольствие мы прибе-

гаем к их переведённым форматам. Без сомнений кино-перевод стал самым распространённым видом перевода в нынешнем обществе.

Относительно говоря, кино-перевод является менее изученной сферой перевода в Казахстане, хотя многие телеканалы транслируют зарубежные фильмы и телесериалы на казахском и русском языках. Однако, такая популярность не подразумевает, что кино-перевод имеет огромный успех и подробно изучен. Поэтому кино-перевод нуждается в более систематичном и всеобъемлющем исследовании.

Кино-перевод акцентирует элементы коммуникативного режима. В отличие от коммуникации через книги, телефон, радио или кинетическую речь, кино-коммуникация подразумевает, что оба канала воспринимаются одновременно; акустический канал через воздушное колебание, а визуальный канал через световые волны. В процессе кино-перевода оба канала должны быть взяты во внимание.

### **Характеристика киноперевода**

#### **2.1 Мультимедиа**

Кино-фильм является видом мультимедии путём наглядного и слухового режима. В общепринятом переводе, читатели видят текст глазами, но читают мысленно. Они получают послание только через визуальный канал. Зрители видят и слышат что делают актёры через визуальный и акустический каналы, тем самым целевой язык должен перенести исходные изображения плавно и естественно.

Кроме того, кинофильмы напрямую действуют на зрение публики, а не на слух. Как утверждает Мартин: «Изображение является главным элементом языка фильма». «Однако это нормально и неоспоримо, что высказывание в фильме формирует состоятельную часть реальности и играет фундаментальную роль в достижении реализма... На самом деле высказывание является компонентом визуальной картины, следовательно зависит от движения картин» (Martin, 1977). Мы видим, что перевод высказываний должен быть синхронизирован с местом действия в фильме, с личностью героев, их движением, жестами, мимикой, движением губ; так как изображения передают большую часть послания и играют наиболее важную роль.

#### **2.2 Разговорная речь и лёгкость восприятия**

Художественные фильмы скорее всего являются средством развлечения, чем высоким искусством. Фильм создаётся чтобы завоевать наибольшую публику. Хороший фильм должен быть компромиссом достойного внимания между кинорынком и искусством, не обижая публику и критиков.

Киноперевод тесно связан с разговорным языком, нежели с письменным. Так как кино является одним из средств развлечения, переводчик несёт ответственность за полную передачу всех элементов фильма. Зритель может быть экспертом исходной культуры или просто любителем; доктором или критиком. Целевая публика может иметь разную возрастную категорию, пол, социальный статус, уровень образования. Следовательно, все они имеют собственный вкус и взгляды. Чтобы угодить всем, переводчику приходится ссылаться на разговорную речь, так как диалог является главным компонентом сценария.

Помимо экстралингвистических элементов как мимика, жесты, поза; должны быть взяты во внимание паралингвистические элементы, такие как тон речевого сигнала, пауза, колебание.

#### **2.3 Скоротечность**

Иногда бывает трудно уловить кое-какие выражения в процессе просмотра фильма. Читатели художественной литературы имеют возможность перечитывать то, что неясно, тогда как зрители могут остаться в неведении, если они пропустят что-то важное в кадре. Кадры фильмов могут продолжаться всего несколько секунд и в большинстве случаев, зритель не может вернуться к просмотренному эпизоду, как это может сделать читатель. Скоротечность кадра требует от переводчика навыков донести в полной мере определенную информацию насколько позволяет продолжительность кадра. Более того, экран не позволяет дополнительных пояснений к возможным недопониманиям и культурным особенностям, как это дозволено литературному переводчику. Переводчик вынужден облегчить бремя аудитории, передавая исходное содержание невредимыми в целостности.

#### **2.4 Эффект обратной связи**

Помимо того что переводчик сталкивается с ограничениями во времени и пространстве, он не может избежать факта, что в большинстве случаев среди зрителей есть кто-то, кто понимает, что говорят на экране (Gottlieb, 19997). Перевод с субтитрами является нескрытым переводом, тем самым давая возможность открытому критицизму со стороны кого-либо, кто владеет исходным языком (Gottlieb, 1994). Зрительское восприятие фильма с субтитрами построено на взаимосвязи субтитров и картинок с диалогом, который играет центральную роль.

Усложнённая процедура

В сравнении с общепринятым переводом киноперевод имеет более сложную процедуру. Общеприня-

тый перевод следует следующей структуре:

Автор-оригинал-Переводчик-Переведённый текст-Реципиент

Автор и оригинал текста являются главным звеном в этой процедуре. Переводчик, как первый получатель оригинала, внимательно читает текст и доносит его получателям на целевом языке. Переведённый текст несомненно влияет на оценку и восприятие оригинального текста получателями. Автор, переводчик и получатели являются субъектами влияющими на весь процесс. И оригинальный, и переведённый текст являются инструментами их интеллектуальной и эмоциональной коммуникации.

Процедура киноперевода имеет усложнённую структуру: Дубляж

Автор-оригинал-Переводчик-Переведённый сценарий-Директор дубляжа (Актёры)-Дублированный сценарий-Реципиент

Перевод сценария должен быть проверен на совместимость и гармоничность с визуальным рядом. В дальнейшей стадии к процедуре присоединяются директор дубляжа и актёры. Директор дубляжа даёт указания актёрам для оптимально-правильного исполнения, как правило на этой стадии сценарий подвергается значительным изменениям. В конечном счёте новый звуковой ряд на целевом языке дублируется в фильм. Таким образом становится очевидно, что киноперевод имеет более сложное производство, которое состоит из многих компонентов и аспектов.

Маловероятность повторных переводов

Как известно, литературная классика является бесценным культурным достоянием любого народа. Читатели всех поколений и эпох имеют возможность наслаждаться произведениями классиков. Тем самым одно произведение может иметь два или более версий перевода. Однако фильм редко дублируется дважды. Киноперевод подобен «фаст-фуду», быстро поглощается и быстро забывается.

Классификация видов киноперевода

Дублирование и введение субтитров являются самыми распространёнными методами перевода в киноиндустрии. Выбор того или иного метода является условным и зависит от ряда факторов таких как традиции перевода данной страны, исторические обстоятельства, вкусы той или иной аудитории, также они зависят от взаимодействия двух культур (исходной и целевой).

### **3.1 Дублирование**

Дублирование – это метод, который существенно меняет исходный текст и тем самым делая его более понятным для зрителей путём «доместикации». Это метод, где иностранная речь адаптируется к жестам и мимике актёров в фильме с целью создания у аудитории чувство того, что актёры на самом деле говорят на языке зрителей. Дублированные фильмы чаще всего являются для зрителей абсолютно новыми произведениями, так как они перестают быть иностранными и становятся просто фильмами. При дублировании фильма особое внимание обращается на подбор актёров дубляжа, в частности учитывается оригинальный голос и тембр, темперамент и возрастную категорию персонажа.

Дублирование наиболее выделяется среди других видов перевода тем, что именно дублирование значительно влияет на структуру исходного фильма. Некоторые критики оспаривают аутентичность дублированных фильмов, так как оригинальное представление искажается путём изменения голоса.

### **3.2 Закадровый перевод**

Закадровый перевод – это вид перевода, где переведённая речь (закадровая речь) накладывается поверх оригинального звукового ряда. При этом зритель имеет возможность слышать оригинальную речь, тем самым воспринимая характер киногероев и звуковые эффекты такими, какими они были представлены режиссёром. Все закадровые переводы являются синхронными. Закадровые переводы используют телевизионные каналы для озвучивания фильмов, не выходящих в кинопрокат.

### **3.3 Введение субтитров**

Введение субтитров является замещением перевода исходного текста на целевой язык синхронизированными надписями, чаще всего внизу экрана. Этот метод перевода является методом, который в наименьшей степени изменяет оригинал текста и тем самым предоставляет зрителям возможность воспринять иностранную речь и ощутить всю её «иностранность». Введение субтитров один из самых дешёвых форм перевода в плане обеспечения постоянно растущих спросов на кинорынке; они более экономны и просты в производстве.

Введение субтитров приобретает большую популярность не только из-за финансовых соображений, но и потому, что сохранение аутентичности текста стало намного важнее. Для зрителей субтитры являются более аутентичной формой перевода, нежели дублирование. Так как оригинальная речь на протяжении всего фильма не даёт зрителям забыть о его аутентичности

В общей сложности нельзя сказать, что существует универсальный метод киноперевода. Как уже было отмечено ранее, эти методы зависят от множества факторов, таких как история, традиции перевода в

той или иной стране, финансовые средства, жанр фильма. Ещё одним фактором является взаимоотношения между исходной культурой и целевой культурой, так как это однозначно влияет на весь процесс перевода.

## Особые принципы киноперевода

### 4.1 Синхронизация

Кино является особым видом искусства, задачей переводчика является донесение художественных составляющих с языка оригинала до целевой аудитории. Некоторые эксперты называют киноперевод «синхронизацией фильма». Мы делаем особый акцент на его экстралингвистические и паралингвистические факторы в кино диалоге. Мы берём во внимание движение губ, время, паузы, жесты, выражения лица и даже порядок изображений с целью достижения синхронизации разговорного языка с визуализированной речью и переменной изображений на экране. Визуальное движение персонажа должно совпадать с его словесным выражением. На данном этапе особенно важны стратегии реконструкции и сокращения.

### 4.2 Разговорная речь и естественность

В фильмах в основном преобладает форма разговорного языка в виде монологов или диалогов. И конечно же встречаются элементы письменного языка таких как: завещания, контракты, объявления и т.д. Тем самым устный компонент является приоритетным. Высокая степень параллельности, свободное строение предложений, преобладание согласования и нехватка зависимости всё это является признаками неспланированного устного дискурса. Переведённая речь должна быть естественной на столько, насколько это возможно. Главный элемент успеха зарубежного фильма – это его естественное звучание на языке перевода, тем самым целевая аудитория может оценить фильм наравне с изначальной аудиторией фильма.

### 4.3 Чёткость (для целевой публики)

Переводчики должны уделять особое внимание языковым формам, которые целевая аудитория понимает и полностью принимает. Целью перевода не является вероятность понимания его среднестатистической аудиторией, а скорее маловероятность того, что перевод будет непонятен. Переведённая версия фильма должна представлять собой акустически последовательный и полный кинодискурс. Переведённые диалоги должны подходить для кино представления; и понятны для современной публики.

Так как целью статьи является классификация возможных принципов и особенностей кинопереводов, переводчики имеют возможность заимствовать различные стратегии перевода в соответствии с разными обстоятельствами.

### Заключение

Фильм, будучи особым видом аудиовизуального искусства СМИ, создаёт многоканальный и поликодовый вид коммуникации. В сравнении с общим переводом, киноперевод имеет свои своеобразные признаки. Точнее, признаками киноперевода являются: мультимедиа, разговорная речь и лёгкость восприятия, скоротечность, эффект обратной связи, усложнённая процедура и маловероятность повторного перевода.

В кинопереводе обладает три метода: дублирование, закадровый перевод и введение субтитров. Каждый из методов имеет свои преимущества и недостатки. Что касается дублирования, зрители слушают другую речевую систему, нежели оригинальный диалог. Закадровый перевод крайне плохо передаёт содержание фильма. В плане субтитров главными ограничениями являются пространство и время.

Помимо прочего статья предлагает возможные принципы и требования для качественного киноперевода: синхронизация, разговорная речь и естественность, чёткость.

Перспективу исследования составляет дальнейшее развитие теории киноперевода, включая как принципы, так и стратегии.

1. Basil, Hatim & Ian Mason. (1997). *The Translator as Communicator*. London: Routledge.
  2. Bell, A. (1984). *Language style as audience design*. *Language in Society* 13, 145-204.
  3. Catford, John C. (1965). *A linguistic theory of translation*. – London: Oxford University Press.
  4. Gottlieb, Henrik. (1994). *Subtitling: diagonal translation*. *Perspectives: Studies in Translatology* 2.1, 12-15.
  5. Gottlieb, Henrik. (1997). *You got the picture? On the polysemiotics of subtitling wordplay*. In Delabastita, Dirk (ed), *Traductio. Essays on punning and translation* (vol. 8). Namur: St. Jerome & Presses Universitaires de Namur, 106-124.
  6. Martin, M. (1977). *The Languages of Films*. Beijing: China Film Press.
- УДК. 378.016:811.111

## ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ САБАҚТАСТЫҒЫ

Р.К. Койлыбаева – Орталық Азия Университетінің II-курс магистранты, Алматы, Қазақстан

### Резюме

Ключевые слова: Язык, культура, лингвокультурология, концепт.

В статье рассматриваются взаимодействие языка и культуры. В задачи данной работы также входит реализация принципа соизучения языка и культуры, единственно возможного для обеспечения эффективной коммуникации. А также раскрывается и уточняется роль языка не просто как зеркала, отражающего реальность, но и как орудия, играющего активную роль в формировании личности и общества.

### Summary

The interaction of language and culture.

Key words: Language, culture, lingua-culture, concept.

In this article the interaction of language and culture is considered. The main task of this work also includes the realization of the principle of studying the language and culture, that is the unique for ensuring effective communication. And also the role of language revealed and specified not simply as the mirror reflecting reality, but also as the tool playing an active role in the formation of the personality and society.

Негізгі ұғымдар: Тіл, мәдениет, лингвомәдениеттану, концепт.

Қазіргі лингвистикада тілді мәдениетпен байланыстыра отырып зерттеу көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр.

«Тіл және мәдениет» мәселелерін зерттеу бір жағынан тілтану мәселелеріне, оның бір-бірімен байланысына қызығушылықтан туындаған ертеден келе жатқан дәстүр болса, ал екінші жағынан көптеген зерттеу жұмыстары болғанына қарамастан, әліде көптеген мәселелердің жалпы теориялық жағынан, қолданбалы тұрғысынан толық зерттелмегендігі болып табылады.

Ең алғаш тіл мен мәдениеттің байланысы ХХ ғасырдың басында Американдық лингвист Р.Ладонның сызбасында көрсетілген. Оның сызбасында қарым-қатынасқа түсуші екі адамның бірінің ойы екіншісіне қандай сатымен және қандай формамен берілуі керек екендігі бейнеленген [1, 36 б.].

Соңғы он жылдықта А.Дж. Тойнби, Т.Парсонс, К.Леви-Строс сияқты батыс мәдениеттанушыларының және Д.С. Лихачева, Л.Н. Гумилева сияқты орыс ғалымдарының еңбектерінде мәдениет ұғымына кең түсінік берілген.

Ю.С. Степанов мәдениет екі негізгі мағынадан тұрады деп жазған: 1) адамдардың өндірістік, әлеуметтік және рухани салалармен қатар, өмірдің барлық салаларынан жеткен жетістіктерінің жиынтығы; 2) мәдениеттілік сияқты, осы алған жетістіктерінің жоғары, тиісті және қазіргі заманға сай деңгейде болуы.

Тіл мәдениет арқылы көрінетін, мәдениеттің құрама бөлігінің бірі болып табылады, алайда тілдің де өзіндік жүйесі бар.

Енді *тіл* ұғымына анықтама берсек.

Н.Д. Артюнованың айтуынша, «Тіл-коммуникация мақсатына қолданылатын және адамнан әлем туралы көзқарасының және білімінің бүкіл жиынтығын білдіруге қабілетті, адам қоғамында стихиялы түрде пада болатын, дискретті дыбыс белгілерінің даму жүйесі» [2, 77 б.].

Э.Сепирдің ойынша, «тіл бізге танымал барлық қоғамда коммуникативті процесс болып табылады». Мәдениетті нақты бір қоғамның іс-әрекетінен және ойынан анықтауға болады. Ал тіл болса, сол қоғамның ойы болып табылады [2, 83 б.].

С.Г. Тер-Минасова келесідей анықтама береді: «Тіл-бұл нәсіл қалыптастыратын адамдар ағымы, яғни мәдениетті, салт-дәстүрді сақтау және жіберу арқылы нәсіл құрайтын күшті қоғамдық құрал [3, 15 б.].

В.А. Маслова ұсынған мәдениет ұғымын түрлі негіз тұрғысынан қарау жалпыланып және көптеген толықтырулар енгізілген [2, 13-15 б.].

1) *Әлеуметтік негіздің* мәні мәдениетті табиғаттан берілген, биологиялық және физиологиялық, бір тұлғамен шектеліп қалмайтын, қарым-қатынасқа түсуші адамдар тобымен қатысты деп қарастыруында. В.Освальттың анықтамасы бойынша: «Адамтану ғылымында (антропология) мәдениет-адамдар тобына лайықты жалпы жүріс-тұрыс үлгісі». Бұдан шығатын қорытынды, адамдар белгілі бір мәдениетпен туылмайды, ал керісінше әлеуметтік іс-әрекет тұрғысында, оны қарым-қатынас барысында иеленеді.

2) *Когнитивті негіз* – мәдениетті түсінуде мәдениетке білім және таным ретінде ерекше көңіл бөледі. Лингвистикалық антропологияда В.Гудинаф когнитивті негізді құрастырушы маңызды фигуралардың бірі болып табылады. Оның анықтамасы бойынша, «...қоғамдық мәдениетте әр адам өз ортасына сай әрекет етуді білуі тиісті...». Мәдениет оқығудың соңғы өнімінен тұруы қажет, яғни білім осы ұғымның жалпы мағынасы ретінде қаралуы керек. Мәдениет заттық феномен емес: ол заттардан, адамдардан, мінез-құлықтан немесе эмоциядан тұрмайды. Бұл дәлірек айтқанда осы заттардың ұйымдастырылуы сияқты. Мәдениет адамдардың ойлау қабілеттерін басқара алуына көмектесетін және оның қабылдау, талдау үлгісі болатын субстанциялар формасы.



3) *Диалогтық*, В.Библер, С.С. Аверинцев, Б.А. Успенскийдің айтуынша, бұл мәдениеттің «мәдени диалог» болуы және оның субъектілерінің қарым-қатынас формасы. Жеке халық және ұлт арқылы жасалатын, этникалық және ұлттық мәдениеттер ерекше көрсетіледі. Ұлттық мәдениеттердің өзі бірнеше қосалқы мәдениеттен тұрады. Бұл жеке әлеуметтік қауым және топ мәдениеті. Мысалы: жастар қосалқы мәдениеті, қылмыстық әлем қосалқы мәдениеті және т.б. Сонымен қатар әр түрлі ұлт өкілдерін біріктіретін, мысалы: христиандық мәдениет сияқты, таңбалы мәдениет те (метакультура) бар. Осы мәдениет түрлерінің барлығы бір-бірімен қарым-қатынасқа (диалог) түседі. Ұлттық мәдениет қаншалықты дамыған болса, соншалықты басқа мәдениеттермен байланыс орнату жиілейді.

4) *Ақпараттық*, Ю.М.Лотманның пікірінше, бұл негізде мәдениет ақпаратты құрастыру, сақтау, қолдану және алмасу жүйесі ретінде қарастырылады, бұл – мазмұны, мән-мағынасы адам арқылы берілетін, қоғам қолданып отырған, әлеуметтік ақпарат бейнеленген, белгілер жүйесі.

Олай болса, мәдениет – бұл белгілер жүйесі көмегімен қоғамда жинақталатын, әлеуметтік ақпарат және қоғамды ақпаратпен қамтамасыз ету үлгісі болып табылады.

5) *Рухани*, бұл негізді ұстанушылар мәдениетті қоғамның рухани өмірі ретінде анықтайды, яғни көптеген ойлардың ағыны және рухани шығармашылықтың басқа да өнімдері ретінде қарастырылады. Л.Кертманның ойынша, қоғамның рухани болмысының өзі *мәдениет* болып табылады.

6) *Шығармашылық*, мұнда мәдениет шығармашылықтың ерекше түрі ретінде танылып, адамдарға тән қажеттілікті қанағаттандыру әдісі ретінде ұғынылады. Бұл негіз Б.Малиновскийдің еңбегінен бастау алады және бұл көзқарасқа сүйене отырып, марксистік мәдениет теориясы жалғасын тапты. Э.Маркарян, Ю.А. Сорокин, Е.Ф. Тарасовтың пікірінше, мәдениет адам шығармашылығының әдісі.

7) *Нормативті*, В.Н. Сагатовскийдің ойынша, бұның негізінде мәдениет – адамдардың өмірін реттеп отыратын, өмір сүру бағдарламасы ретінде танылатын, әдеп және ережелер жиынтығы. Бұл тұжырымдаманы әрі қарай дамытуға Ю.М. Лотман және Б.А. Успенскийде өз үлестерін қосқан. Олардың түсінігінше, *мәдениет* – белгілі бір шектеу қою жүйелерін көрсететін, ұжымның тұқым қуалайтын жады.

8) *Типологиялық*, бұл негіз бойынша М.Мамардашвили және С.С. Аверинцев көп еңбек сіңірген. Басқа ұлт өкілдерімен кездесуде адамдар олардың мінез-құлқын өз мәдениеті тұрғысынан қарастырады. Мысалы: Еуропалықтардың жапондықтармен қарым-қатынасқа түсу кезіндегі, еуропалықтар өзінің жақын адамының қайтыс болғанын айтқан кезде, жапондықтардың жымыиып күлуі оларды таң қалдырады, себебі олар бұны жаны ашымаушылық, қатыгездік деп есептесе, ал ол жапондықтардың мәдениеті үшін қарсылас адамды өз қиындықтарымен мазаламау және сыпайылықтың нышаны болып табылады.

9) *Герменевтикалық*, бұл негіздің тұрғысында мәдениетке көптеген мәтіндердің бірі ретінде қарайды. Ю.М. Лотманның пікірінше, олар үшін мәдениет – мәтіндердің жиынтығы, дәлірек айтқанда, мәтіндер жиынтығын құрастырушы механизм. Мәтін мәдениеттің бастауы. Олар кең ауқымды ақпарат сиятын орын сияқты және жазушының өзіндік жеке ерекшелігінен туындайтын құнды шығарма ретінде қарастырылуы қажет. Осы негіздің жетіспеушілігі – ол мәтінді бірін-бір түсінбеушіліктің белгісі болып келеді.

10) *Сипаттамалық*, мұнда дәстүр, шығармашылық түрлері, құндылықтар, мақсат мұрат сияқты мәдениеттің көрінісін және жеке элементтерін тізіп көрсету. Бұл негіз бойынша мәдениет – адамдарды табиғаттан қорғау және адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын жақсарту сияқты негізгі екі мақсаты болатын, біздің өмірімізді біздің аң тәріздес ата-бабаларымыздың өмірінен аластатқан, институттардың жетістігінің жиынтығымен анықталады (З.Фрейд).

11) *Символикалық*, негіз мәдениетте символдарға ерекше көңіл аударуды басшылыққа алады. Ю.М. Лотман мәдениетті – «символикалық әлем» деп қарастырады. Оның кейбір элементтері ерекше этникалық мәнге ие бола отырып, халықтың символы бола алады. Мысалы: Орыстар үшін – щи, самовар, лапти, сарафан; Ағылшындар үшін – овсянка және қорғандардағы елестер туралы аңыздар; Ал қазақтар үшін – киіз үй, сәукеле, би, қазы-қарта және т.б. тән.

12) *Функционалдық*, бұл негіз бойынша мәдениетті қоғамда атқаратын: ақпараттық, бейімделушілік, коммуникативтік, реттеуші, нормативтік, бағалаушылық, интегративтік, әлеуметтік секілді функциялары арқылы сипаттайды. Бұл негіздің ұстанушылары: М.Маклюэн, К.Фьюре, Т.Г. Грушевицкая, А.С. Кармин болып табылады.

13) *Құндылықты*, бұл негіз бойынша мәдениет адам арқылы жасалатын заттық және рухани құндылықтардың жиынтығы болып сипатталады. М.Хайдеггер, М.Вебер, Г.Францев, Н.Чавчавадзенің көзқарастары бойынша, белгілі бір нысанның құндылығы болу үшін, адам ол нысандағы осындай қасиеттердің бар екеніне көз жеткізуі керек. Белгілі бір нысанның құндылығын көре алудың өзі адам ақылындағы құнды көріністер білімімен тікелей байланысты. Олардың көмегі арқылы шынайы өмірде кездесетін заттармен салыстыратын құнды үлгілер мен мақсат мұраттар қалыптасады.

14) *Семиотикалық*, негіз мәдениетті анықтауда ең біріншіден оның әлемді танытатын, сосын қарым-қатынас құралы ретінде қолданылатын белгілер жүйесі ретінде қызмет атқаратын, түсінігіне тоқталады. Мұндай түсінік К.Леви-Стросстың көзқарасымен сәйкес келеді, оның айтуы бойынша, барлық мәдениет әлемді категориялау мақсаты болып табылатын, когнитивті бейімділікті білдіруге септігін тигізетін белгілер жүйесі болып табылады.

Осылайша берілген 14 негіз, мәдениет ұғымына оның жан-жақты қырынан қарай отырып, толықтай анықтама беруге көмектеседі.

Тіл ауызша мәдениеттің бар болуына ықпалын тигізетін әдіс болып табылады, сондай-ақ мәдени-тарихи білім болып келеді, осыған қарамастан тіл және мәдениеттің аймақтары бір-бірімен өзара қиылысады.

Лингвомәдениеттану бағытының негізгі мақсаты – алдыңғы ұрпақтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани және материалдық мәдениетінің жетістіктері мен тәжірибелерін, ұлт өркениетіне қатысты ақиқат белгілерін таңбалайтын тұрақты тілдік бірліктерді зерттеу.

Тілді лингвомәдени бағытта қарастырудың кешенді сипаты мен ғылымиаралық сабақтастығын атап өткен жөн. Атап айтқанда, зерттеу барысында этнография, тарих, мәдениет, салт-дәстүр, өнер, космонавтика т.б. ғылымдарының деректері де тиімді пайдаланылады.

Осы саладағы жалпы тіл білімінің теориялық тұжырымдары мен қазақ тіл біліміндегі нақты деректер негізіндегі зерттеулердің нәтижелері лингвомәдениеттанудың маңызды да айқын тұжырымдары мен қағидаларын қалыптастырды. Нақты түрде айтсақ, лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан алғанда, тіл тек қарым-қатынас және танымдық қызмет атқаратын құрал ғана емес, сондай-ақ *ұғым-тіл-мәдениет* жиынтығынан құралатын, тұтас дүние жөніндегі мол мағлұмат беретін ұлттық мәдени код, қор, мәдени ақпарат көзі ретінде танылады. Себебі, адамға рухани, интеллектуалдық, әлеуметтік мүмкіндіктерден туындайтын аса мол алуан түрлі ақпарат тілдік арналар арқылы беріледі. Санадағы бұл ақпараттар *концепт* немесе *ұғым* арқылы түйінделеді. Осыған орай, *ұғым* белгілі бір объектінің ең мәнді белгілерін көрсететін сананың нәтижесі болса, *концепт* объектінің ең мәнді белгілерімен қатар, мәнді емес белгілерін де қамтитыны жоғарыда аталған зерттеулерде дәлелденген.

Сонымен, лингвомәдениеттанудың негізгі қағидасы «*тіл мен мәдениет*» сабақтастығымен сипатталатындықтан, тіл мен мәдениет екі түрлі семиотикалық жүйеде танылғанымен, бір-бірін толықтыратын, өзара тығыз байланысты тұтас жүйе. Бұл маңызды тұжырымды таратып айтар болсақ, қоғамдық фактордың мәдени тұғырға көтерілуіне оның қоғамда әлеуметтік мәнге ие болуының ықпалы зор. Ал, оның іске асуында тілдің коммуникативтік қызметі ерекше. Сол себепті де тек бір қоғамның өз ішінде ғана емес, мәдениетаралық, елтанымдық қатынаста да бір этностың мәдениеті екінші этносқа оның тілдік таңбалары арқылы баяндалады.

Демек, кез келген ұлттық тілдің сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың сан ғасырлық жүріп өткен тарихымен, күнделікті өмірде орныққан мәдениетімен, ой-танымымен тікелей байланысты. Сондықтан ұлттық тілді халықтың мәдениетімен біріктіре қарау мәселесі лингвомәдениеттану ғылымының тууына себепші болды. Бұл бағыттың іргетасын В. Фон Гумбольдт, Я.Гримм, Ф. де Соссюр, Р.Раск, Э.Сепир, Б.Уорф, А.Потебня, Г.Штейнталь еңбектері қалағаны байқалады. Әрі қарай жалғастырушы орыс ғалымдары В.А. Маслова, В.Н. Телия, Е.Верещагин, В.Костомаров, В.Воробьев, А.Арутюнова т.б. бұл бағытты жеке пән ретінде таныта бастады.

Солардың бірі В.Н. Телия лингвомәдениеттануды тіл арқылы танылатын этнос мәдениетінің диахрондық сипатына назар аударатын этнолингвистиканың «тілдің корреспонденциясы мен мәдениеттің өзара қатынасының синхронды түрін зерттейтін және сипаттайтын бір бөлшегі» [4, 217 б.] деп анықтайды.

Демек, мәдениет тілге қатыссыз болмайды. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мәні. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын тұтас бір дүние деуге болады. Олай болса, антропоэзеттік бағытқа сай тіл мен мәдениеттің байланысы, тілдің мәдениетті сақтау, сипаттау, жарыққа шығару қасиеттерін анықтайтын өзіндік зерттеу нысаны бар, зерттеу әдістері мен қағидалары бар арнайы ғылым саласы – лингвомәдениеттану саласы.

Тіл – халықтың барлық сөздерінің жиынтығы және өз ойын жеткізу үшін берік үйлесуі.

Тіл – индивидтер арасында қатынас құралы ретінде қызмет етуге жарамды белгілердің түрлі жүйесі.

Тіл – белгілі бір адамдар ұжымының мүшелерінің негізгі және аса маңызды қатынас құралы болып табылатын төл семиологиялық жүйелерінің бірі, ол үшін бұл жүйе сондай-ақ ойды дамыту мәдени-тарихи дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің құралы т.с.с.

Тіл – коммуникация мақсатында қызмет ететін және адамның әлем туралы білімімен түсінігінің бүкіл жиынтығын айтуына қабілетті дискретті (анық айтылатын) дыбыстық белгілерінің адамзат қоғамында

стихиялық туындаған және дамушы жүйесі.

Тіл – ойлау жұмысын объективтілейтін және қоғамда адамдардың қатынасының пікір алмасуының және өзара түсінісуінің құралы болып табылатын дыбыстық, сөздік және грамматикалық құралдардың тарихи қалыптасқан жүйесі.

Кез келген халықтың мәдениетінде тілдің мәні өте зор. «Мәдениеттануда» тілдің мәні көбіне төмендегі бағаларға саяды:

Мәдениеттің айнасы, онда адамның маңайындағы нақты әлем ғана емес, халықтың менталитеті, ұлттық мінезі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, моралі, нормалар мен құндылықтар жүйесі, әлем суреті көрінеді;

Мәдениеттің қамбасы, себебі белгілі халықтың жинақтаған барлық білімі, шеберлігі, материалдық және мәдени құндылықтары оның тілдік жүйесінде – фольклорінде, кітаптарында, ауызша және жазбаша сөздерінде сақталған;

Мәдениетті жеткізуші, себебі ол ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы беріледі. Балалар инкультурация үрдісінде ана тілін үйренумен қатар алдыңғы ұрпақтың жинақтаған тәжірибесін де меңгереді;

Ю.В. Рождественскийдің айтуы бойынша, мәдениет бұл ережелер мен шығармашылық оқиғаларды танып білу және оларды ұйымдастыру, сұрыптау, жүйелеу, сақтау арқылы қоғамды тұрақты өнімді өмірмен қамтамасыз ететін әрекет болып табылады [5, 173 б.].

Мәдениет антропологиясының объектісі ретінде мәдениетті осы ғылыми бағыттың өкілдері барынша терең зерттеді. Мәселен, когнитивтік антропологияны жақтаушылар үшін мәдениет білім жүйесі ретінде, яғни индивидтердің санасындағы әлдебір ойлау категориялары ретінде өмір сүреді. Мысалы, осы бағыттың аса танымал жақтаушыларының бірі В.Х. Гудинафт “Мәдениет – материалдық феномен емес, сол заттардан тұрмайды. Бұл адамдардың ойлауының формасы, қабылдауы мен түсінуінің, көз қарасы мен оны түсіндіруінің моделі” – деп есептейді. К.Гиртцтің көзқарасы керісінше, оның пайымдауынша, мәдениет адамның санасында бекіген білім емес, бақылаушы механизмдердің: «...жоспарлардың, амалдардың, ережелердің, нұсқаулардың» репертуары, солардың көмегімен адамның мінез-құлқын басқаруға болады. Сөз ниет пен үмітті жеткізетін символ ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар индивидке қоршаған әлемнің әлдебір құбылысы туралы түсінік беретін символдар мен мәндерді танудың ерекше дара үрдісі ретінде түсініледі. Алдын ала білу мен түсіну әрдайым маңызды роль атқаратын бұл үрдіс әрбір адамда мәндерді дамытуды бағыттайды. Осы үрдістің арқасында жасақталған мәндер одан кейін келетін тәжірибеге ықпал етеді, ол өз кезегінде ұғынықты мәннің жаңа интерпретациясына әсер жасайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: әр мәдениеттің өзіндік тілдік жүйесі бар, сөйлеушілер соның көмегімен бір-бірімен қатынасады. Мұнда тіл адам өмірінің түрлі салаларында – өндірістік, қоғамдық, рухани салаларындағы қызметінің нәтижелерінің жиынтығы ретінде анықталатын мәдениеттің құрамдас бөлігі деп пайымдауға болады. Алайда ойдың өмір сүру формасы ретінде, ең бастысы, қатынас құралы ретінде тіл мәдениетпен бір қатарда тұр. Тіл феноменін қарастыруға тікелей назар аударалық. Тіл көріністің осы ерекшеліктерін дамыту мен бекітуде үлкен роль атқарады: тіл арқылы қоршаған әлем бағаланып, түсіндіріледі. Ақиқаттың түрліше түсіндірілуі тілде көрініс тауып, тілдің көмегімен беріледі.

1. Маслова В.А. *Когнитивная лингвистика: Учебное пособие.* – Минск: Тетра Системс, 2004. – 35-47 с.

2. Маслова В.А. *Лингвокультурология* – М.: Изд. Центр «Академия», 2004. – 205 с.

3. Тер-Минасова С.Г. *Язык и межкультурная коммуникация*, 2008. – 624 с.

4. Телия В.Н. *Роль образных средств языка в культурно-национальной окраске миропонимания иностранных языков.* – М.: Знание, 1996. – С. 82-89.

5. Рождественский Ю.В. *Теория риторики. Издание 2-е, исправленное.* – М.: Добросвет, 1999. – 482 с.

## **ҚАЗАҚСТАН МЕН ГЕРМАНИЯНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

**Р.Ж. Базарбекова** – п.ғ.к., *Магистратура және PhD докторантура институтының психологиялық педагогикалық мамандықтар кафедрасы,*

**Б.А. Сабденова** – II курс магистранты

### Түйін

Мақалада Қазақстан мен Германияда педагогикалық мамандарды дайындау құрылымы, олардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтар қарастырылған.

Екі елдің педагогикалық ЖОО-ның оқу жоспарларын салыстыру арқылы олардың ерекшеліктері анықталған.

### Резюме

В статье рассматриваются особенности и сходство структуры подготовки педагогических кадров Казахстана и Германии.

Сравнительный анализ рабочего учебного плана педагогического ВУЗ-а двух стран дали нам выявить особенности подготовки педагогических кадров.

### Summary

Article is considered features and similarities of training teachers of Kazakhstan and Germany.

A comparative analysis of the working curriculum of normal University and the two countries have to identify features of teacher training.

Тілдің басқа қоғамдық құбылыстардан айырмасын көрсететін айырықша ерекшелігі мынада: тіл қоғамға қызмет еткенде, адамдардың қатынас құралы. Пікір алысу құралы, бірін-бірі түсіну құралы ретінде адамдардың ісі мен әрекетінің барлық саласында да, қоғамдық өмір мен күнделікті тұрмыста да бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін құрал ретінде қызмет етеді. Демек, тіл адамның ісі мен әрекетінің барлық саласын қамтиды, осыған орай оның қимыл өрісі өте кең және әр жақты болады. Тілдің бұл ерекшелігі оның ең басты қызметі – қатынас құралы болуынан келіп туады.

Қай елдің тілі болса да, дамудың белгілі сатысында басынан кешіретін әмбебап қағидалары болатыны белгілі. Солардың бірі – тіл мен өркениет арасындағы идентификация, яғни тілдің дамуы мен қоғам дамуының сәйкес келіп отыруы. Мәселен, ежелгі гректер күрделі сөздерді қолдануға үйір болған екен. Римдіктер, керісінше, бұл тұрғыда қатандық сақтаған. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: гректер өнермен айналысуға, римдіктер болса, практикалық қызметке үйірлік танытты. Екеуінің арасындағы айырма мынада – өнер күрделі сөздерді талап етеді, қарапайым өмірде қарапайым сөздер қолайлы [2, 41 б.].

Әрбір тілдің сөздік құрамының толығып кемелденуі бір ғана өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы болып қоймай, сонымен қатар өзінде жоқ сөзді өзге тілдерден де ауысып алу арқылы да өз тілін байытып, жетілдіріп отырады.

Халық қоғамдық үдеріс сатысының төменгі баспалдақтарының бірінде тұрса, оның тілінде жалпы және тектік ұғымдар аз, арнаулы атаулар көп болады. Эскимос тілінде батысқа қарай жүзіп бара жатқан моржды «аргуах», солтүстікке қарай жүзіп бара жатқан моржды «каврык», әр бағытқа жүзіп жүрген моржды «акылнограк», көректенуші моржды «әһык», ұйқыдағы моржды «кавалыграх» дейді екен. Егер де эскимостардың күнкөрісіне, тар кәсіптік қызметіне байланысты сөздеріне қарап отырсақ, өзге тілдердің ешқайсысында кездеспейтін «байлықты» көрер едік [2, 24 б.].

Х.Г. Гадамер: «Түйені бұл жануардың шөл даланың тұрғындарына қатысты алып айтқанда, екі жүз түрлі сөздермен атайтын Африка тілі бар. Аталған қатынастарда сақталатын сөздің басым мағынасына орай, түйе біздің алдымызға әрқашан басқа қырынан көрініп отырады», – дейді. Ал В. фон Гумбольд мұндай құбылыстарды былай түсіндіреді: «...сөз сезіммен қабылданатын нәрсенің баламасы (эквиваленті) емес, сөз жасаудың нақты мезетінде сөзтудырушы акт арқылы санада тұшынылғанның баламасы. Бір затты, құбылысты көп сөздермен айтудың басты қайнары дәл осында; осылай, пілді біресе екі рет су ішуші, біресе қостісті, енді бірде жалғызқолды деп, әр жағдайда бір ғана нәрсені айтатын санскритте, үш сөзбен үш түрлі ұғым беріледі». Осы жерде айта кететін бір жайт, белгілі зат, құбылыстың түрліше аталуы олардың бойындағы жеке қасиеттеріне, сол халықтың сана сезімі мен қабылдауына байланысты. Мәселен, жоғарыда келтірілген пілдің кейде «жалғызқолды» деп айтылуы оның тұмсығына (хобот) байланысты, себебі піл барлық әрекеттерін тұмсығы арқылы жасайтыны баршаға белгілі. Ал, орыс тіліндегі «хобот» сөзінің қазақ тіліне «пілдің тұмсығы» деп аударылуы қалай? Әлде, бұл сөзге қазақ тілінде балама бермей, сол қалпында қалдырған жөн бола ма (Ә.Ш.).

Ел мен елдің арасындағы ежелгі достық қарым-қатынастың болғандығы ана тіліміздің сөз байлығының құрамынан да айқын байқалады. Бір халық пен екінші халық ертеде тек мал-мүлік пен киім-кешек, ыдыс-аяқ сияқты жалаң заттарды ғана алмастырып қоймаған, соған қоса рухани байлық та бір-біріне

ауысып отырған. Әсіресе бір тілден екінші тілге көптеген сөздер кірген. Осыған байланысты тіліміздегі қыруар кірме сөздерді қоғам тарихымен, қазақ халқының басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, әр кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасағандығы мәлім. Ертеде тәжік, өзбек, татар халықтары арқылы VII-VIII ғасырларда монғол халқымен күшті байланыста болса, XII-XIII ғасырдан, яғни Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы (1731) кезеңінен бастап, күні бүгінге дейін орыс халқымен тікелей достық-ынтымақтастық қарым-қатынаста келеді. Осындай ұзақ ауыс-түйіс, мол байланыстан кейін қазақ тілінің сөздік құрамында қыруар кірме сөздер пайда болған.

Кірме сөздер (заимствование) деп әрбір тілдің өзіндік сөз тудыру тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған сөздерді айтамыз. Яғни сөздің белгілі дыбыстық түр-тұрпаты мен мағынасы екеуі де өзге тілге қатысты сөздер кірме сөз делінеді. Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі. Мәдениеті кенжелеп дамыған ұсақ халықтарды былай қойғанда, мәдениеті гүлденіп өскен ең озат деген халықтардың сөздік құрамы да таза төл сөздерден құралмайтындығы дәлелденген. Зерттеушілер ағылшын тілінің сөздік құрамының не бары 30% шамасында ғана өзінің төл сөздері, ал қалғаны өзге тілдерден ауысып келген дегенді айтады. Түркі тілдеріне де көп елдерден неше алуан сан-салалы сөздер ауысып келгендігі белгілі ғана болмаған, екі жақты болған. Ғ.Мұсабаевтың пікірінше, аң атаулары, әсіресе, құс атауларының көпшілігі иран тіліне түркі тілдерінен ауысқан. Кірме сөздер – тіл-тілдің лексикасын байытудың аса өнімді жолы; халықтар мен олардың тілдері қарым-қатынасының айқын көрінісі; мемлекет пен мемлекет, халық пен халық арасындағы экономикалық, саяси, мәдени байланыстардың нәтижесі. Осындай қарым-қатынастар арқылы бір тілден екінші тілге көптеген сөздер ауысады. Бір тілдің сөздері екінші не үшінші, төртінші бір тілге тікелей де, жанамалап, сатылап та, екінші бір аралық тіл арқылы да, сондай-ақ ауызша да, жазбаша да ауыса береді. Қазіргі дүние жүзінде кірме сөздері жоқ тіл жоқ десе де болады. Кірме сөздер байырғы бір тілдің дінде бұрын жоқ, бөтен тіл арқылы келген жаңа ұғым-атауды білдіру үшін қабылданады. Әдетте кірме сөздер дін қабылдаған тілдің фонетикалық заңдарына бағынып, грамматикалық нормаларына сәйкестеліп, сөз жасау формаларына икемделгіш келеді. Араб, парсы тектес ономастардың, әсіресе кісі аттарының, о баста белгілі бір мағынасы бар екені мәлім. Бірақ олар қабылданған тіл қазірде ондайлардың алғашқы семантикасын қарастырып жатпайды, біртұтас тіл ретінде, дайын қалпында қолданыла береді.

Н.Оңдасынов бойынша, парсы тектес сөздер мен элементтер арқылы қазақ тілінде көптеген жаңа сөз жасалған: абжылан, айлақор, жалақор т.б. Қазақ тілінде монғол тілдерінен де бірсыпыра сөз енсе керек. Ғ.Мұсабаевша, қазақ тіліне монғол тілінен сөз ауысу XI-XIV ғасырлардан басталса керек. Өйткені қазақ рулары ежелден монғол тайпаларымен қоян-қолтық аралас-құралас өмір кешкен, іргелес отырған. Соның салдарынан бірсыпыра монғол және қазақ сөзін салыстырып қарастырса, көптеген сөздің кейбір дыбыстық өзгешелігі болмаса, білдіретін мағыналары бірдей болып шығады: абдыра-әбдіре, алтин-алтын; және т.б.

Орыс тілі арқылы шетел тілдеріне көптеген сөз ауысты. Әдетте, кірме сөздердің көпшілігі, әрине интернационалдық лексика, бір тілден екінші тілге аударылмай қабылданды, ондайларды аударып та қажеті жоқ. Ф.Энгельстің айтуынша, жалпы жұртқа танылып қабылданған ғылыми техникалық терминдер аударуға көнбейді, аударуға көнер болса, шет тіл тектес сөздердің қажеті жоқ. Славян тілдеріне түркі сөздері венгер тілі арқылы да енген: земля, пальто, қазан (котел) т.б.

Кірме сөзбен байланысты бір құбылыс – калька. Калька – француз тілінің *calque* сөзінен шыққан термин. Қазақша дәл мағынасы – көшірме, еліктеу деген сөз. Калька дегеніміз – бөтен жұрт сөзінің моделін морфемалап аудару; басқа бір тілдің үлгісіне салынып жасалған сөздер мен тіркестер. Мәселен, орыс тіліндегі *влияние* – француз *in-fly-enko* сөзінің, *вольнодумец* – *lubre penseur* сөзінің, *насекомое* – латынның *insectum*, *небоскреб* – *sky-scraper* сөзінің калькасы.

Әдетте, калькаларды лексикалық (сөз жасаушы), семантикалық, фразеологиялық, синтаксистік деп төртке бөледі. Лексикалық калька тобына өз тілі сөзін шет тілі қалыбына (моделіне) салып құрастыру амалын айтады: *земледелие* (жер өңдеу) – латынның *agricultura* сөзінің, *местоимение* (есімдік) – *pronomen* сөзінің, *полусвет* – француздың *demimonde* сөзі моделі бойынша жасалған лексикалық калька.

Семантикалық калька бойынша, ана тілі сөзінің шет тілі сөзінің әсері арқылы жаңа, ауыспалы мағынаға ие болуы: орыстың *утонченный* – (талғағыш, нәзік, сәнді) сөзі француздың *gaftine* сөзі әсерімен *изысканный, изощренный* (таңдаулы, алғыр) мағыналарын үстемелеп алыпты.

Фразеологиялық калька дегеніміз – шет тілдік тұрақты тіркестерді бөлшектеп-бөлшектеп (әр компонентін жеке-жеке) сөзбе-сөз аудару: француз тілінің *frendre les mesures* тіркесі – орысшаға *принять меры* түрінде, немістің *in Janzen und Wollen* тіркесі – *целиком и полностью* болып калькаланған.



Синтаксистік калькаға шет тілі қалыбына салынып жасалынған синтаксистік конструкциялар жатқызылады. Мұндайлар жеке сөз тіркестері де, жеке сөйлемдер де, тіпті қысқа бір текст те болып кетуі мүмкін.

Кірме сөздер (заимствование) деп әрбір тілдің өзіндік сөз тудыру тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған сөздерді айтады (1.61). Яғни сөздің белгілі дыбыстық түр-түрпаты мен мағынасы екеуі де өзге тілге қатысты сөздер кірме сөз делінеді.

Ғ.Мұсабаевтың пікірінше, аң атаулары, әсіресе, құс атауларының көпшілігі иран тіліне түркі тілдерінен ауысқан. Сонымен қатар түркі тілдері араб-парсы халықтарына мынадай ұғымдағы сөздерді бергендігін айтады. Мысалы: ата, аталық, қонақ, олжа, өлік, қаз т.б. Орыс тілінің сөздік құрамындағы айран, алтын, атара, аул, урман, гулан, тютюн тәрізді сөздер ертеде түркі халықтарынан ауысқан. Н.К. Дмитриевтің пікірінше, түркі тілдерінің ықпалы славян тірдерінің тек лексикасына ғана әсер етіп қоймаған, славян фонетикасы, бір сөзбен айтқанда, жалпы тілдің бүкіл системасына күшті ықпал еткен. Орыс тілінің құрамындағы зерттеуге арналған еңбектердің бірі – «Орыс тіліндегі түркі сөздерінің сөздігі». Бұл сөздікте орыс тілінен енген екі мыңға жуық түркі сөздер қамтылған. Бұған қарағанда өзге тілдер түркі халықтарының тілдері де сол тілдерге кеш ықпал еткендігі байқалады. Алайда бір тілден екінші тілге сөз ауысқанда, сөздердің сан мөлшері әрдайым тең болады деген теріс ұғым тумауы тиіс.

1. Хасанов Б. *Языки народов Казахстана и их взаимодействие.* – Алма-Ата: Наука, 1976.

2. Гвоздев А.Н. *Очерки по стилистике русского языка.* – М.: Изд. Академии педагогических наук РСФСР, 1952.

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ШЕТЕЛ ТІЛІН ҮЙРЕНУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Ф.Оразақынқызы** – аға оқытушы, шығыс тілдері кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются теоретические основы обучения и проблемы изучения иностранного языка в ВУЗе.

### **Resume**

Theoretical basis of teaching and problems of learning foreign languages in high schools are considered in the given article.

Республикамыздағы саяси және экономикалық өркендеудің мәнділігі, нарықтық қатынастар жолы, ұлттық-мәдени тұрғыдан даму білім беру жүйесіне де ерекше талаптар жүктеуде. Егеменді еліміздің білім беру жүйесі әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар, оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұсынатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын маман етіп тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде.

Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбие мен оқыту үдерісі. Білім беру ісі шеберлікке, дағдыға баулудың өсіп, өрбіп, белгілі бір кәсіпке, мамандыққа үйретумен тиянақталады. Жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының сипатына қарай білім беру деңгейлері ажыратылатыны белгілі.

Қазіргі кезде шетелдік студенттердің өзге тілді үйренудегі пайда болатын мәселелер көптеген қабілеттерге байланысты. Психологиялық-педагогикалық зерттеу мәліметтеріне қарағанда педагогикалық қабілеттің бірнеше түрі кездеседі. Олар: дидактикалық, академиялық, перцептивті, сөйлеу (экспрессивті), ұйымдастырушылық, коммуникативті, конструктивті, қолданбалы қабілеттер. Шетел тілін үйренудегі мәселерімен кейбір психологтар айналысты.

Шетел тілді үйрену барысында студенттердің білімі мен іскерліктерін қалыптастыруда бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылады. Олар: гностикалық, практикалық (пән ерекшелігіне байланысты іскерліктер), зерттеушілік.

Студенттердің шетел тілін үйрену үшін төмендегідей негізгі құзыреттіліктерді игеруі тиіс: лингвистикалық; коммуникативтік; лингвоелтану; кәсіби-бейімді (кәсіби-педагогикалық мақсат аясында) т.б.

Қазіргі уақытта шет тілін үйрену барысында I курстан бастап даярлығын қамтамасыз ететін негізгі тақырыптар төмендегілер болып табылады: курстың сөздік тақырыптары (қазіргі қоғамдағы отбасы; қазіргі заманғы үй-тұрмыс; еліміздегі және шетелдердегі студенттердің оқуы мен өмірі; оқып-үйренетін тілдің елі мен Қазақстандағы интернационалдық және ұлттық мерекелер; адам өміріндегі табиғат, жыл мезгілдері, оқып-үйренетін ел және Қазақстанның ауа райы; қазіргі заманғы адамның киімдері, дүкендегі сатып алу, қазіргі заманғы мода); сөздік іс-әрекет түрлері бойынша жұмыс мазмұны мен қорытынды талпаптар (әңгімелесу, диалогтық сөйлесу, монологтық сөз (аудирование, оқу), жазу және жазбаша сөз), т.б.

Орта мектепте шетел тілін оқытудың мазмұны төмендегі элементтерден тұрады: тақырыптар (денсаулық, білім, жағрафия және қыдыру, жол жүру т.б.); тілдік материалдар (лексика, грамматика) т.б [1].

Жоғары оқу орындарындағы пән бағдарламаларының мазмұны мектеп қабырғасындағы оқытылатын шетел тілі пәнімен байланысын, сабақтастығын және мектеп қабырғасындағы тақырыптарға сәйкес оқу тақырыптарын (оқу материалдарын) бір пән толық қамти бермейтінін көруге болады.

Зерттеуде байқағанымыз, аз пайыз студенттер ғана шетел тілін оқытуға дайынмын деген ойын білдірді. Оның себептерін кейбіреулері оқыту әдіс-тәсілдерін білмейтінін жазса, кейбірі қытай тілінде еркін сөйлеудің толық мәнді игермеуін айтады, кейбіреулері оқу пәні бағдарламаларымен, оқулықтарымен жұмыс жасамағандығын мазмұндайды. Ал, шамамен 29% студент өзіне шетел тілін оқытатын оқытушылардың оқыту әдістемесіне қанағаттанарлық ойда еместігін білдірді.

Қытай тілін шетел тілі ретінде үйрену барысында білім беру – теориялық, практикалық және тәрбиелеушілік аспектісі бар екендігін көруге болады [2]. Дегенмен, зерттеуге сәйкес студенттердің барлық даярлық аспектілерін қарастыру мүмкін емес, сондықтан шартты түрде жұмыста студенттің академиялық, конструктивтік қабілетін түзейтін пәндер және аталмыш пәндерді оқыту әдістемесі бойынша даярлығын қалыптастырушылар қарастырылады. Бұл даярлық құраушылары болашақ мамандығының профессиограммасында міндетті көрініс табады. Сондықтанда, болашақ маманды даярлау оның профессиограммасы тұрғысынан зерттелуі тиіс. Профессиограмма маманның кәсіптік іс-әрекетіне сәйкес “модель” ретінде сипатталады.

Модель деп (латынның сөзінен аударғанда – өлшем, үлгі) зерттеуде қиындық тудыратын немесе мүлдем мүмкін емес құбылыстар (заттарды, үдерістерді, жағдайларды және т.б.) зерттеу үшін басқа ұқсас құбылыстарды (затты, үдерісті, жағдайды және т.б.) жасанды құрастыру түсіндіріледі. Модель (лат. *modulus* – үлгі, өлшем) нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдардың бірі (шартты бейне, схема т.б.) болып табылады. Бұлар негізінен нобайдың сандық сипатын анықтайды [3].


Ғылыми-педагогикалық және филологиялық зерттеулердің негізінде зерттеу жұмысымыздың ерекшелігіне сәйкес “Шетелдік студенттерді қытай тілін үйренудегі туғызатын мәселелер» деп, даярлықты мотивациялық, мазмұндық, процессуалдық құраушылардың ЖОО студенттерді қытай тіліне баулуда практикалық бағыттылықты жүзеге асыруды қамтамасыз етуге білімдері мен іскерліктерінің жиынтығын, оларды практикада қолдана білуімен анықталатын кәсіби мәнді тұлғалық қасиетінің қалыптасуын құрайтын күрделі біртұтас білім – деп білеміз.

Біздер, педагог және филолог-ғалымдардың еңбектеріне негіздей отырып, қытай тілін оқып жатқан студенттердің зерттеліп отырған сапасын қалыптастыруды жүзеге асыратын нобайын құрастырдық.

Нобайда қарастырған критерий қытай тілін таңдаған студенттердің мамандығына ұмтылысынан туындады. Критерий (грек сөзінен алғанда – пайымдау үшін құрал), белгі, сынның негізінде қандай-да бар нәрсені бағалау, анықтау немесе жіктеу жүргізу; баға өлшемі. Психологиялық, педагогикалық түсіндірме сөздікте критерий “...бағалауға, пікір айтуға не топтастыруға негіз болатын белгі; қайсібір құбылысты пайымдау, бағалау өлшемі. Педагогикада белгілі бір құбылыстардың критерийлерін талдап-белгілеу қиын, өйткені педагогика пәнінің өзі күрделі және көрістері сан алуан” – деп оның қиындық тудыратын жақтары айтылған.

Студенттерде қытай тілін шетел тілі ретінде оқытуда, сол пәнді үйренуде практикалық бағыттылықты жүзеге асыруға даярлығын қамтамасыз ету қажет. “Бағыттылық” ұғымы – деп, “қандай да бір мақсатқа бағытталған ойдың, қызығушылықтың топтастырылуын түсінеміз”.

### Шетелелдік студенттердің қытай тілін үйренудің болжамды нобайы





Шетелдік студенттерді қытай тіліне үйренуде практикалық бағыттылығы деп, қытай тілін оқытуда оқу материалдарын және оқу материалдарына сәйкес педагогикалық тапсырмаларды орындатудағы әдіс-тәсілдерді, құралдарды мұғалімнің дұрыс пайдалануын түсінеміз. Сондықтан да біздер зерттеп отырған даярлықты қамтамасыз етудің нобайын пайдаландық [4].

Қорыта келгенде, шетелелдік студенттерде қытай тілін шет тілі ретінде оқытуда, сол пәнді үйренуде практикалық бағыттылықты жүзеге асыруға даярлығын қамтамасыз етуде теориялық негіздерін ескеру қажет.

1. Олкинор Е. Психологический анализ трудностей в учебной деятельности школьников // Вопросы психологии, 1983 - №4.

2. Люй Шу-сян. Очерк грамматики китайского языка, тт. 1-2. – М., 1968.

3. Артемов В.А. Психология обучения иностранному языку – М.: Просвещение, 1969.

4. Парфенова Н.И. Формы повышения интереса к иностранному языку – Л., 2000.

## THE TECHNIQUES OF DEVELOPING SPEAKING SKILLS AND PROBLEMS CONNECTED WITH THEM

ZH.B. Zhauynshiyeva – Senior teacher,

A.T. Mirzahmetova – Senior teacher,

S.S. Sultanbekova – Senior teacher, KazNPU named Abay

### **Түйін**

Мақалада авторлар ағылшын тіліндегі ауызекі сөйлеу қабілетін жоғарғы деңгейде дамытудың кейбір мәселелерін қарастырады. Ауызекі сөйлеудің түрлеріне сипаттама бере отырып, оны оқыту кезеңіндегі туындайтын қиыншылықтарды талдап, тілді үйретудегі коммуникативтік қаблеттілікті дамытуда бірнеше тиімді тәсілдерді ұсынады.

### **Резюме**

В статье авторами рассматриваются некоторые проблемы развития английской устной речи на высшем уровне, дается характеристика речевой деятельности и их трудности в обучении на практике. А также рекомендуются виды деятельности для развития коммуникативных способностей.

“The success in realizing the strategy of modernization of the country depends mainly on knowledge” – said the President of the country N.A. Nazarbayev in his address to the People of Kazakhstan in January 30, 2010. in his address he stressed the point that “the quality of higher education must meet the highest international requirements to enter the list of the leading universities of the world” [1]. In this connection our task is in teaching students foreign language effectively we must use new innovational methods and techniques, paying greater attention to speaking skills.

Teaching and learning a foreign language like English mostly involves teaching and learning the major-language skills like speaking, writing, reading and listening. It is the opinion of linguists, however, that speech is the primary substance of all human languages. In other words, the spoken form of any human language is basic, while the written form is derived from the spoken. Students often think that the ability to speak a language is the product of language learning, but speaking is also a crucial part of the language learning process. People, who learn a foreign language, are aimed to communicate this language, to use it in practice. Those, who know language, are referred to as “speakers” of that language. To be the “speakers” of the language – that is the primarily interest of many if not most language learners. How can the learners be helped to learn to speak the target language? The main role should be given to classroom activities. Classroom activities that develop learners ability to express themselves through speech should be an important component of a language course. It is more difficult to design and maintain such activities for speaking in comparison with listening, reading and writing. We characterize such as “effective speaking activities” [2] that encourage the student participate actively in sharing and expressing thoughts and ideas, discussions and conversations, pair and group works. How to achieve this participation? First of all, give the learners the opportunities to speak a lot. It seems obvious in practice that most time is taken up with the teacher talk or pauses. Secondly, whenever speaking activity is used participation of students should be even. Classroom discussion should not be dominated by a minority of talkative participants. All should get a chance to speak and contributions to the discussion should be evenly distributed. It is quite obvious that there is no effective learning without learners' motivation. Thus, the teacher's concern is to keep learners' motivation in high level. When the learners are highly motivated they are eager to speak, because they are interested in topic and always have something new to say about it or because they want to contribute to achieving a task objective. In most cases it happens so that in one group we teach students of the same language level. This fact is also influential in developing speaking skills, because language the students use should be understandable for other members of the group. Learners express themselves in utterances that are relevant, easily comprehensible to each other, and of an acceptable level of language accuracy.

Thus, these are the main features of classroom speaking activities that might be successful if to keep to these recommendations.

Further teaching experience shows that the teacher comes across with the problems in getting the students to talk in the classroom. These problems may be of different character. On the one hand, the students can be influenced by their psychological features like inhibition, shyness, fear of criticism or passiveness. On the other hand, they can be influenced by their mother tongue in the case of lacking words or lack of ideas [3]7 Let us describe what do we mean by these. As it was mentioned above, unlike reading, listening and writing, speaking requires some degree of real-time exposure to an audience. So not all the learners are ready to speak a foreign language in the classroom: they inhibit about saying things in the target language, worried about making mistakes, they are afraid of being criticized by their peers, and simply, shy of the attention that their speech attracts. This usually happens with the students in the first and second years of study, during the period of adaptation to the new atmosphere, new people and new requirements or when they see that some of their peers outdo them.

The other situation, which is also very common in practice, is that some learners complaint that they have nothing to say about or they cannot think of anything to say. They have no motive to express themselves because of guilty feeling that they should be speaking. This situation can be resulted in the students low or uneven participation. When the students are working in groups only one participant can talk at a time if he or she is to be

heard and each member of the group have very little talking time or even remain passive during the discussion. This problem is compounded by the tendency of some learners to dominate, while others speak very little or not at all. Another problem is connected with the use of students' mother tongue. We cannot be sure that working in the group all the students would speak to each other in the target language. In classes where all or number of students share the same mother tongue, they may tend to use it because it is easier, because it feels unnatural to speak a foreign language and because they feel less “exposed” if they are speaking their mother tongue. So in this case we deal with the domination of students' mother tongue and it can be quite difficult to get some classes to keep to the target language.

Thus, we try to identify some of the problems the teachers may come across in developing speaking skills with speaking activities. What we need to do next is to suggest the ways to solve some of these problems.

We must clarify what language items to teach to develop speaking?

Language has traditionally been segmented into sounds, vocabulary and grammatical structures, but it may well be taught larger meaningful segments based on the whole “chunks” of discourse.[4] Logically, these chunks may be grouped round a common topic or situations. The topics and situations are integrated into some kind of communicative event. For example, the situation, where the students speak about their favorite type of music, actor or actress, discuss the film they watched may be integrated into the topic of “Man and Music” or similarly the topic of “Art” may be contextualized by sharing their impressions on visiting a museum and describing a piece of art of a famous artist. In some ways topics and situations are more difficult to teach than isolated items like words and structures, as they involve whole discourse with longer and more complicated language constructs. On the other hand, the learner is immediately engaging with language that expresses meanings in context and this is more interesting and clearly relevant for communication purposes.

New topics and situations need to be presented in much the same way as new language items or texts. Learners have to perceive and understand both the underlying theme and the language which is used to express it. The presentation of topics and situations may be approached from different directions. For example:


1. Take the topic or situation, do a task based on it, eliciting from the learners or teaching any necessary new language and then go on later to study a text. E.g. the topic is “Air Pollution” – encourage the students to speak about the ecological situation in their area, the reasons of which cause the problem and the possible ways of solving them, providing with the necessary vocabulary to help them to express their thoughts.

2. Teach the new language, and through it approach the topic/situation or an appropriate text. This can be done again through introducing new vocabulary items, structures or patterns, which might be met in the text or used in learners’ speech, practice their pronunciation and use.

3. Go straight to the text, using it both to teach new language and to explore the relevant topic or situation.

For more detailed approach for implementing these activities the following techniques can be suggested:

- write the name of the topic in the middle of the board and invite the class to brainstorm all the associated words they can think of, e.g. the topic is “Education” and the activity is mainly for revising words the class already knows, but new ones may be introduced. The focus is on the meaning of isolated items.



The brainstorm is used as a warm-up to the theme with a key concept in the center.

- Write the name of the topic in the middle of the board and ask the group what they know about it or what they would like to know.

- Describe a communicative situation and characters and invite the group to suggest orally what the characters will say or do. For example, the situation is: a young teacher came to the class for her first lesson. She kept silent, staring to the class. In some minutes the children began to cry and run over the classroom. What do you think the teacher must do and say to set a discipline and to start the lesson?

- Define briefly the opening event and characters in a communicative situation and ask the class to imagine what will happen next. (the previous situation) Do you think the class will obey her? Why/why not?

- Present a recorded dialogue and ask the class to tell you where they think it is taking place and who the characters are.

- Present a text and ask for an appropriate title or give the students to read some texts, discuss their content or main ideas and suggest the suitable titles.

- Express your own opinion about a topic, encourage students for discussion.

- Teach a selection of words and expressions, ask the class what they think the situation or topic is.

Thus, teaching speaking skills requires great effort from the teachers and learners side and based on different factors and activities which influence the successful language acquisition.

1. *Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева Народу Казахстана. Новое десятилетие.- Новый экономический подъем. – Новые возможности Казахстана. \ Kazakhstanskaya pravda. – 2010. 30 января.*

2. *Kenneth Chastain. The Development of Modern Language Skills: Theory to Practice. Rand McNally & Company. Chicago, 1971.*

3. *Penny Ur. A Course in Language Teaching. Practice and Theory. – Cambridge University Press, 2008.*

4. *Marry Finocchiaro, Michael Bonomo. The Foreign Language Learner: A guide for Teachers. – New York: Regents Publishing Company, INC., 1973.*

## ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**К.К. Досмуратова** – аға оқытушы, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты

### Резюме

В статье рассматриваются проблема формирование патриотических чувств у молодого поколения средствами национального воспитания.

### Summary

This article is considered the problem of forming th esthetic sense in the young generation with the help of the national education.

Патриотизм, Отан сүйгіштік, патриоттық тәрбие мәселесі – адамзат өркениетінің өн бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат, рухани асыл мұрат, азаматтық парыз, ар тазалығы калпында қарастырылып келген.

Қазақ халқы сан ғасырдан бергі даму тарихында өз ұрпағына патриоттық тәрбие беруде баға жетпес тәрбиелік мүмкіндігі зор рухани, мәдени мұраның мол тәжірибесін жинақтаған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін патриоттық тәрбие жөніндегі халықтық қағидалар, талаптар және әдіс-тәсілдер қолданылған.

Әйтеке би бабамыз былай деп ой қорытындылайды: «Ел жайы-ер азаматтың күндіз есінен, түнде түсінен шықпайтын киелі ұғым, Елді сақтар ерлер аман болғай... Үйінде атаңның намысын қорға, дүзде Отаныңның намысын қорға», «Ел ерікті жігітті сыйлайды», – деген.

Еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезімбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды...» – деген пікірін айтты.

Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер білім беру салалар Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының міндеттері «Қазақстандық патриотизмді, толеранттылық жоғары мәдениеттілікті, адам құқықтары бостандығын құрметтеуге тәрбиелеу қажеттілігі көрсетілген» [1-7]. Мұндай мазмұндағы мемлекеттік талап-міндетті бүгінде жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісінің жалпы ұлттық сипатқа ие болып отырғандығын көрсетеді. Ал мұндай күрделі тәрбие үрдісі әр отбасынан бастау алып, білім беру жүйелерін үздіксіз, кешенді жүргізуді талап етеді.

Демек, мемлекетіміздің білім беру жүйесінде патриоттық тәрбие беруді жан-жақты жетілдіру ұлттық идеяға, ұлттық құндылықтарға негізделі құрылып, ұлт мүддесін ұстай отырып дамытылуы тиіс. Яғни халықтық дәстүрге негізделген бабаларымыздың ерлік дәстүрлерін насихаттау, билер мен шешендердің өнегелі тәлім-тәрбиелерінен жан-жақты тәрбие жүйесін құру қажеттілігін қазақстандық білім саласының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Ғалым Ә.Тарақов: «Батырлар даналығын үйреніп, ұлы қасиеттерін ұғынып, асыл істерінен өнеге алып, қателіктерін ойға тоқып өскен әрбір ұлт өрені келешекке кемел көз тастайды, елдік дәстүр-салтты, ерлік даңқын қастерлеп, құрметтейді, Отанның патриоты, саналы күрескер азаматы болып тәрбиеленеді», – деп келтіреді [1-16]. Қазақстандық патриотизмді Отанын, жері мен суын шексіз сүю, халқының өнеге дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдің тарихын құрмет тұту, мүддесін көздеп бостандығы мен құқық қорғау, әр адамның күш-жігерін ел бірлігін нығайтуға, азаматтық татулықты баянды етуге және ұлтаралықты татулық тұрақтандыруға жұмсау – деп түсінеміз.

Мемлекеттік «Білім бағдарламасының «Тәрбие жүйесін жетілдіру» бөлімінде «Мақсаты – Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретінде сапа қасиетін қалыптастыру», – деп көрсетілген.

Патриотизм идеясы сонау Аристотель мен Платон, кейін педагогика тарихында Д.Локк шығармалары-

нан бастау алса, жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесі кеңес педагогтары Н.К. Крупская, А.В. Луначарский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский және т.б. еңбектерінде ғылыми тұрғыдан баяндалды.

Патриоттық, интернационалдық тәрбие беру мазмұны, оның әдістемесі мен құралдарын жетілдіруге арналған бірқатар ТМД /Н.И. Болдырев, А.В. Мудрик, Г.Н. Моносзон т.б./ және Қазақстан /С.Есімханов, А.Ахметов, Е.Жұматаева, Д.Құсайынов, Б.Момышұлы т.б./ ғалымдарының зерттеу еңбектері жарық көрді [2, 56].

Аталған авторлар еңбектерінің мазмұнына жасалған талдаулар нәтижесі зерттеулердің басым бөлігі мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру мәселесін түрлі бағыттарда қарастырып негіздеуді, мақсат еткен мәселемізге тұжырым жасауымызға жетеледі.

Сондай-ақ жүргізілген талдаулар барысы халықтық рухани мұралар негізінде мақсатты патриоттық тәрбие беріп, Отанға, туған жерге деген жоғары сезімдерді тұлға бойында қылыптастыруды қарастыру бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірі. Қазақстандық патриотизмді жүзеге асыруда қойылып отырған жаңа қоғамдық талаптар мен оны жасаудағы әдістеменің жоқтығы арасындағы қарама-қайшылықтар ұлттық рухани құндылықтарды атап айтқанда ұлттық музыкалық мұрамызды кеңінен пайдалануды қажет етеді.

Бастауыш сынып оқушыларында индивидтің қасиеті салаларын, қабілеттері мен ғылыми түсініктерін қалыптастыру, оқушыны әлеуметтендіріп, оның жеке бас тұлғасының барлық жақтарын, ең алдымен, патриоттық сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасында орта білімді дамыту тұжырымдамасында атап көрсетілген бастауыш мектептің басым міндеттерінің бірі, тәрбие процесін қазақстандық патриотизм, азаматтық интернационализм, гуманизм идеялары негізінде құруды қажет етеді.

Патриотизм, Отан сүйгіштік, патриоттық тәрбие мәселесі – адамзат өркениетінің өн бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат, рухани асыл мұрат, адамзаттық парыз, ар тазалығы қалпында қарастырылып келеді.

Қазақ халқы сан ғасырдан бері даму тарихында өз ұрпағына патриоттық тәрбие беруде баға жетпес тәрбиелік мүмкіндігі зор рухани, мәдени мұрасын мол тәжірибесін жинақтаған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін патриоттық тәрбие жөніндегі халықтық қағидалар, талаптар және әдіс тәсілдер қолданылған. Қазақ халқының патриоттық тәрбиесінің негізгі талаптары еліміздің тарихи дамуына әлеуметтік, экономикалық жағдайына, өмір салтына, түрлі тарихи оқиғаларға байланысты қалыптасқан. Мұны біз қазақ батырының бойындағы батырға тән қаһармандық қасиеттердің жиынтығынан, мейірімділік пен әділеттіліктен, яғни азаматқа тән адамгершілік қасиеттер, шешенге тән дуалы сөздік, данаға тән білгірлі, биге тән көсемдік, әулиеге тән көрегендіктен табамыз. Сөзіміз дәлелді болу үшін Қарасай, Райымбек, Есет батырлардың қаһармандығын, Қазыбек, Төле би, Әйтеке билердің дуалы сөзділігін айтуымызға болады.

Патриоттық тәрбиенің негізінің бірі – Ұлы Отан соғысының батырлары жөніндегі естеліктер мен әңгімелер, көркем әдеби шығармалар мен фильмдер кеңінен пайдаланылуы керек [2, 104].

Ел басшысы Н.Ә. Назарбаев: – «Біз Қазақстандық патриотизмді Отанын жері мен суын шексіз сүйу, халқының өнеге дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдің тарихын құрмет тұту, мүддесін көздеп, бостандығы мен құқын қорғау, әр адамның күш-жігерін ел бірлігін нығайтуға, азаматтық татулықты баянды етуге жіне ұлтаралық татулықты тұрақтандыруға жұмсау» – деген блатын.

Мемлекеттік «Білім» бағдарламасының «Тәрбие жүйесін жетілдіру» бөлімінде: «Мақсаты – Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпы адамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретінде сапа қасиетін қалыптастыру», – деп көрселген.

Батырлардың қаһармандық бейнесі арқылы оқушылар бойында патриоттық қасиеттерді қалыптастырудың маңызы зор. Батырлар бойындағы патриоттық қасиеттер туралы ойымызды жүйелей отырып, нақты түсінік беретін болсақ, «ерлік», «қаһармандық» – батырлар бойындағы қайталанбайтын, тек өзіне тән болып келетін қасиет. Ал «қасиет» сөзінің мәні: «Адамның өзіне тән (жақсы немесе жаман) белгісі. Жақсы қасиеттер (имандылық, парасаттылық т.б.) адамда тәрбие арқылы қалыптасады» – деген ұғымды білдіреді.

Патриотизм – еркіндікті, еріктілікті сақтаудың негізгі ғана емес, ол саяси, әлеуметтік-экономикалық дамудың да бастауы.

Сондықтан болар халқымыз бала тәрбиесінде ерлік, батырлық, елдік қасиеттерге баулуды бірінші орынға қойып, дәріптен отырған. «Ерлік – елдің қасиеті», «Жүректілік – жігіттің қасиеті», «Ел үшін аянба – ерлігіне сын, жұрт үшін аянба – жігіттігіне сын», «Отан отбасынан басталады», «Отан анан», «Мейірімділікті анадан үйрен, әдептілікті данадан үйрен» дей отырып Ананы құрметтеуге, сыйлауға шақырған. Сондықтанда патриоттық тәрбие отбасынан басталады.

Академик Шаухитдинов Еренғайып: – «Қазақстандық патриотизмді қазақ ұлтының мүддесімен байла-

ныстыра келіп, басқа ұлттар мүддесін жоққа шығармайтын туралы келелі пікір айтады. Ол азаматтардың құқықтық еркіндігі, басқа ұлттардың қазақ халқының дәстүрін сыйлауы, олардың қазақ мемлекетінің намысын қорғауы, қазақ елін жатсынбай, жүрегімен сүйе білуі, ұлттық тіл, дін, ділімізді сақтауға кедергі жасамай қолдау тауып жатса, міне, осыларды қазақстандық патриотизмнің белгілері деп санайды» – деді.

Патриотизм ұғымын талдай келе ол «патриотизм дегенде, әуел бастан-ақ туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеп, қастерлеген. Бұл патриоттық сезім ерте заманнан-ақ қалыптасқан. Мұның терең мағынасына ұлтжандылық жатады» деп көрсетеді.

Қазақ патриоттық – отансүйгіштік тәрбиесі – тереңнен тамыр тартқан, халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетану көзқарасының, ақыл-ойы мен салт-дәстүр мәдениетінің көрінісі. Осыларды бойға дарытпай тұрып келер ұрпақты патриоттық-отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырып, алтын бесік елін, кіндік кескен жерін қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш-жігері мен ақыл-қайратын жұмсап, отаншыл азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсіру мүмкін емес.

Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны – туған жер, табиғат, оның байлықтары, тілі, дәстүрі, тарихи ескерткіштері, туған өлкедегі тамаша киелі орындары. Олардың адам көкірегіне жылтылық жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы болады. Өсіп келе жатқан жас буындарды Отанымыздағы әлеуметтік-саяси құбылыстарға дұрыс көзқарас қалыптастыра білсек, жаңа мазмұнды сана-сезім, іс-әрекет аясында олардың жалпы патриоттық ой-пікіріне ықпал етеді.

Бастауыш мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің өткені мен дәл бүгінгі таңдағы жай-күйін зерттеу барысында оның әдісі, тәсілі мен формаларының сан алуан болғанына және оларды бүгінгі күн жағдайына бейімдеп қолданудың мүмкіндігі мол екеніне көзіміз жетті.

Біздің пайымдауымызша, патриотизмге тәрбиелеуде сүйенетін негізгі ұғымдар: «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» [3-12].

Еліміздің ертені, ұлтымыздың болашағы – жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа баулу – тәрбиенің ең басты міндеттерінің бірі. Аталған мақсаттағы күш-жігер бірінші кезекте бүлдіршіндердің санасына отаншылдық сезім қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Отан деген ұғым балаға жарық дүние есігін ашқан үйі, ата-анасы, ағайын-туыстары, құрбы-құрдастары, туған жері, кең-байтақ гүл жазира даласы, тау-тасы, өзен-көлі, сылдырап аққан мөлдір бұлағы бейнесінде қабылданып, ең қасиетті де құдіретті алтын бесігі ретінде танылуы керек. Азаматтық – Отанға, халыққа деген жоғары адамгершілік пайыз. Отаныңмен, халқыңмен мүдделес екеніне мақтаныш сезімің, достығың, жолдастығың, бірлігің, көкірегіңді кернеп тұрса – патриотсың. Патриотизм – еліңе іс-әрекетіңмен, бар болмысыңмен қызмет етуге дайындығың. Отан-Ана. оны қорғау үшін бүкіл патриот халықпен бірлесу, ынтымақтасу, достасу – отансүйгіштіктің көрінісі. Отан, ана, тіл, достық, ынтымақ сөздерінің өзара үндестігі – азаматтық парыз бен патриотизм сезімінің логикалық бірлігінің көрінісі.

Бастауыш сыныпта оқушыларға Отан, туған жер деген ұғымдар тарихи қалыптасқан әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени орта екенін түсіндірудің мәні зор. Ол халықтың тұрмысымен, еңбегімен, өнерімен, тілімен, ұлттық дәстүрімен байланысты екенін сәбилер білуі керек. Соларды таныту арқылы бала бойына қарапайым адамгершілік қағидаларын орнықтыру – тәрбиенің басты мақсаты.

Адам өзінің тұрмыстық іс-әрекетінде немесе күрделі жағдайда ерлік істерге баруы үшін алдымен рухани жағынан дайын болуы керек. Патриотизмге, отаншылдыққа тәрбиелеудің міндеттері төмендегідей негізгі мәселелерді көздейді: педагогикалық тәжірибедегі мүмкіндіктерді барынша толық қамтып, оқушылар тұлғасына ықпал етудің біртұтас жүйесін жасау; музыка сабағын немесе сыныптан тыс оқытуда және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруда тірек жасауға лайық сипатқа ие болу; бұл бағытта жас буынды патриотизмге тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесіне қатысты жаңа идеяларды үнемі айқындап, жұмыс процесінде қолдану т.б.

Оқушыларды Отан жайлы білім қорына байланысты танымдық әрекетін қалыптастыру негізінде атқарылады. Баланың сабаққа эмоциялық қарым-қатынасы, елде болып жатқан оқиғаларға, қоғамға пайдалы іс-әрекетке назар аударуы т.б. жағдайлар оқытушының жұмысында айқындалады.

Білім мазмұнын бағалау нәтижесінде балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты логикалық тапсырма беру, оның тәрбиелік маңыздылығын ескеру, сонымен бірге балалардың басқа мәселелерге қызығушылығына көңіл аудару маңызды.

Оқушыларды қоғамдық өмір құбылыстарымен таныстырудағы негізгі іс-әрекет түрлері сабақтар, экскурсиялар, серуендер, ойын сабақтары. Мұнда түсіндіру негізгі әдіс болса, көрсету құралы орнына мұғалімнің сөзі жүреді. Сабақтағы эмоциялық көңіл-күй, негізінен, оқытушының ойды дұрыс жеткізуі, қызықты айтуы нәтижесінде анықталады. Ол өзінің ішкі сезімін балаларға екпіннің, кідірістің, қимыл-



қозғалыстың көмегімен түсіндіруі керек. Жүргізілген сабақтың мазмұнын көрнекі құрал орнына алынған оқиғаға бағыныңқы болғаны жөн. Осы жағдайда ғана сабақтың жинақтылығы мен мақсаттылығы жетіліп, балаларға патриоттық тәрбие беру өзегі сақталады. Оқушылардың патриоттық сезімін дамытуды оқытушы іске асырады. Мұғалім оқушы бойына патриоттық сезімдерді, өз Отаны туралы түсініктерді қалыптастыруға баса назар аударғаны жөн. Бұл кезеңде бала өзі тұратын жерінің ауа-райын, қаласының аты-жөнін, оның көрікті жерлерін, тарихи орындарын біршама біледі.

Әдістемелік талаптарға сай ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстарда, туған жері туралы түсініктері бекіп, оған деген сүйіспеншілік сезімі артады. Оқушыларға атақты өнер иелері туралы, батырлар туып-өскен орта туралы мұғалім әңгімелегені дұрыс. Ол тұлғалардың өздері үшін ғана емес, елі үшін еңбек еткенін, яки қаһарманның туған жерінде бақытты болашақ орнату жолында құрбан болғаны айтылған соң: «Міне, балалар, осындай адамдарды Отанның адал ұлдары мен қыздары дейміз. Ал Отан дегеніміз не? Кім біледі?» – деген сұрақ қойылуы орынды.

Балалармен туған ел, Отан туралы сыныптан тыс өткізілетін тәрбие сағаттары мен тәрбиелік кештерді өткізуге немқұрайлы қарауға болмайды. «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл», «Туған жердің күні де, түні де ыстық» тәрізді мақал-мәтелдердің мағыналарын жете түсіндірген дұрыс. Әсерлілік үшін музыканың атқарар ролі ерекше, оны ретте пайдалану қажеті.

Патриотизмнің құрамдас бөлігі болып табылатын маңызды элементтердің бірі – рух немесе ұлттық патриотизм өз халқына деген сүйіспеншілік ретінде қарастырылуы тиіс. Патриотизм өзінің шыққан тегінің бірлігі мен ортақтылығы, туған жеріне, тіліне, өскен ортасын, мінез-құлқына, психологиялық және этнографиялық тән ерекше тарихи ұлттық дәстүрмен тығыз байланысты. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін ерекшеліктерді жақсы білу және оларды міндетті түрде бала санасына сіңіре білу қажет. Рухани тәрбие, моральдық ұстаным, Отанын, халқын, елін сыйлауға тәрбиелеу оқыту жүйесінің басты мақсаты болып келген.

Халқымыздың аса бай тарихы ерлік, азаматтық дәстүрлерді жалғастыруды керек етеді. Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ата-баба салты, сыйластық, жомарттық, азаматтық және батырлық қасиеттер бүгінгі жас ұрпаққа ауадай қажет. Отаншылдық, патриоттық, тәрбиенің көмескіленуінен жас жеткіншектердің арасында теріс әрекеттер кеңінен етек алуда.

Сол сияқты отансүйгіштікке тәрбиелейтін мақал-мәтелдердің алатын орны өз алдына бір төбе. Оның жас балалар үшін пайдасы мен атқаратын ролі зор. Мысалы, «Ит туған жеріне», «Өз елім өрен төсегім» т.б. мән-мағынасына зер салатын болсақ, ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін, жас ұрпақтың отансүйгіштік, патриоттық сезімін жетілдіру үшін қажетті қағидалар, бұлардың тәрбиелік мәнісін түсіндіре отырып, төменгі сынып оқушыларына кең пайдалануымыз керек.

Отаншылдық, ел-жұртын сүю, азаматтық борышын атқаруға арқау болатын халықтық рухани құндылықтың бірі – ар намыс. Бұл – борышты атқаруға итермелейтін әлеуметтік күш. Осы тұрғыдан алғанда арнамыс қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік-психологиялық ерекшелік болмысы және ол азаматтың елін, жерін сүюге отандық ойлау жүйесінің негізі болмақ. Сондықтан баланың жасынан арнамысын қалыптастыру үшін халықтық ертегілердегі ер-азамат бейнесін сомдап, үлгі етіп, мақтанышын, ерлігін мадақтап тәрбиелеудің маңызы зор. Қазақ халқының музыкалық өнері ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының айқын айғағы ретінде бүгінгі күні де халықтың жадында сақталып, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра болып жетіп отыр. Елін, жерін қорғаған батырлардың ерлігін күй үнімен жырға қосу арқылы халық жас ұрпақты ерлікке, мәрттілікке, ұлтжандылыққа үйретуге тырысқан.

Сыныптан тыс жұмыстарға мектеп оқушыларымен сабақтан тыс уақытта жүргізілетін, тәрбие және білім беру сипатында ұйымдастырылған, әрі мақсатты бағыты бар сабақтар жатады. Бұл жұмыстар патриоттық тәрбие берудің жалпы жүйесінің ажырамас бөлігін құрайды. Олар жан-жақты дамытуға бос уақытты ақылға қонымды ұйымдастыруға септігін тигізеді.

1. Қазақстан Республикасы «Тәлім – тәрбие тұжырымдамасы» – Алматы, 1993 ж.

2. Асанов Ж. Студенттердің этнопедагогикалық білімдері мен икемділіктері жүйесін қалыптастырудың дидактикалық негіздері. (Оқу әдістемелік құрал). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005 ж.

3. Сейдахметова Л. Патриотизм ұғымдарының маңызы. «Қазақстан мектебі», 2006 ж.

## **ЖАЛҒЫЗДЫҚ СЕЗІМІН БАСТАН КЕШІРУДЕГІ ТӘРБИЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ ГЕНДРЛІК АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ**

**Ж.Т. Джаксынқаева** – оқытушысы, магистр,  
Жалпы педагогика және психология кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

### Резюме

В статье рассматриваются гендерные отличия особенности воспитания чувствовать одиночество. Чувство одиночества это психологический феномен, который подразумевает в себе субъективные преимущество адекватности не чувствующие ответственности и принятие и согласие со стороны других людей.

### Summary

The lonely feelings are considered by the humans psychological and his coincident ability to other people. The contrasts of influence of solitude on human's life is seen in following. From one side it has destructive feature and from another side its an important moment in understanding and estimating of oneself. In the article content of education is not to feel the loneliness of the youth of today leaning upon the proceedings of the thinker.

Жалғыздық әрқашанда, адамдардың ойында трагедия ретінде қабылданады және олар жалғыздық шыңынан өзіндік «Мені» – мен қатынас жасай алмай, төмен түсуге тырысады.

Бірақ, жалғыздықтан қашу дегеніміздің өзі – өз-өзінен қашу деген сөз. Яғни, тек жалғыздық арқылы ғана адам өзінің жақындарына керек және қарым-қатынас пен көңіл аударуға тұрарлық субъект екендігін түсіне алады. Тек жалғыздық қақпасынан өту арқылы ғана, адам әлемді өзіне қызықтыра да, қарата да алатын тұлғаға айналады. Тек осылай ғана, әйел адам-әйел игілігіне, ер адам – еркек игілігіне ие бола алады. Яғни, жалғыздық дегеніміз – біздің өмірімізді қиып өтетін сызық болып табылады [1].

Оның айналасында балалық шақ, жастық шақ пен кәрілік шақ айналып жүреді. Негізінен, адам өмірі жалғыздықты шексіз түрде қирату мен оған терең бойлай ену болып табылады.

Жалғыздық дегеніміз – дүниеге көзқарастың өзгеруі. Оның аяусыз алақанында (әлемінде) әдеттегі тұрмыс қозғалыссыз қалады және өмірдің барлық жақсылығы көрінбей қалады. Жалғыздық – уақытты тоқтатады және әлемді маңызсыз етеді.

Жалғыздықтан қашу дегеніміздің өзі – жалғыздыққа қашу, топ арасындағы жалғыздық, жұмыстағы, сондай-ақ өз жанұяндағы жалғыздық. Жалғыздықтан қашу – бұл кәріліктің космостық жалғыздығына жақындау [2].

Бұндай жалғыздықтан қалай қашып құтылуға болады? Бұл сұраққа тек одан да терең «жалғыздықтың мағынасы неде?» деген сұрақтың туындауы арқылы ғана жауап беруге болады. Ал оның жауабы тек – жалғыздық философиясы ғана бола алады.

Жалғыздықтан басым түсу – әрқашанда адам алдында шексіз тереңдікті ашады. Жалғыздықта адам құдаймен немесе шайтанмен кездеседі, өз-өзін қайта таниды немесе төмен қарай құлайды.

Жауапсыз, бөлініссіз махаббат дегеніміздің өзі – өмірдегі ең қасіретті жалғыздық. Ғашықтыққа қарағанда, махаббат – әрқашанда абсолютті түрдегі жауапты күтеді. Сондықтан да, жауап болмаған жағдайда, адам, мүмкін өмірдегі ең қайғылы жалғыздықты сезінетін шығар. Қайғылы махаббат – бұл ең алдымен, жауапсыз махаббат. Немесе, нақтырақ айтар болсақ, жауапсыз махаббат дегеніміздің өзі – сол қайғылы махаббаттың шыңы болып табылады.

The author examines the issues of place and role of the Kazakh children's literature in the ethnic and cultural education process. The paper reflects the main aspects of ethno-cultural education. There are examples of using literature, promoting a fuller and deeper understanding of the "ethnic culture" term. The materials of the study are the works of Kazakh writers and poets. The author proposes a number of measures aimed at improving the quality of ethnic and cultural education.

В нашем понимании этнокультурное образование – это образование, направленное на сохранение этнокультурной идентичности, формирование поликультурной личности путем приобщения к родному языку и культуре с одновременным освоением ценностей казахстанского общества и мировой культуры. Этнокультурное образование является сложным педагогическим процессом.

Сейчас в Казахстане идет речь о создании национальной системы образования, сочетающей мировой уровень науки, техники и культуры с этнокультурным наследием. В основе этнокультурного образования лежит позитивное восприятие обучаемыми исторического прошлого своего и других народов, мирно и дружно проживающих на одной территории, осмысление собственных национальных корней, возрождение и развитие лучших народных традиций дружбы, гостеприимства, внимания и заботы в отношении ко всем людям. Этнокультурные воспитательные традиции любого народа представляют собой систему ценностей, традиций, отношений, которые являются составной частью казахстанской культуры. В связи с этим, главная задача этнокультурного образования – сплочение этнически разноаспектного в единое образовательно-воспитательное пространство, объединяемое общими ценностями высокой духовной национальной и мировой культуры, основанной на принципах гуманизма и дружбы народов. Содержательной направленностью образования в этих условиях является вхождение личности через национальную и этническую в мировую культуру. Осознание себя с дошкольного возраста в качестве объекта и субъекта культуры и истории обеспечит фундамент для развития опыта социокультурной толерантности.

Казахстан отличается не только огромными просторами, богатой историей и культурой, но также этническим и религиозным разнообразием своего населения. Представители более 150 национальностей и всех мировых конфессий составляют многонациональный казахстанский народ. Но многие дети не знают, не только своей культуры и традиций и языка, а также и представителей других народов Казахстана, их традиций.

Изучение культуры своего народа на начальном этапе становления личности – актуальная задача современного образования. Народная культура является хранилищем вековых традиций, опыта, самосознания нации, а также выражением философских, нравственных и эстетических взглядов и идеалов. Воздействие этнокультуры на формирование личности следует рассматривать в связи с ее многофункциональным назначением: утилитарным, праздничным, эстетическим. В народной педагогике воспитание ребенка рассматривается как передача ему духа народа. Ребенок, потерявший истоки этнической идентичности, точнее, не впитавший в себя дух своего этноса, теряет свою индивидуальность. Динамичность и последовательность осуществления демократических процессов в республике существенно изменили психологию отношения наших граждан к образованию. При этом демократические процессы сформировали понимание и необходимость возрождения своего родного языка и на его базе – воспитание и обучение детей. Стало сильнее проявляться стремление к образованию на основе



национально-этнических корней. Реальное обеспечение этой задачи осуществляется, прежде всего, через систему образования и через привлечение национально-культурных объединений, действующих в стране, к реализации государственной языковой политики, тем самым создаются все необходимые условия для обучения подрастающего поколения страны государственному, родному и иностранным языкам, что способствует формированию и развитию гармонично развивающейся личности.

Этнокультурное образование относится к числу междисциплинарных проблем и поэтому входит в сферу интересов различных отраслей гуманитарного знания - педагогики, психологии, философии, социологии, социально-культурной антропологии, этнологии и других гуманитарных дисциплин. Этнокультурные запросы и потребности в образовании – одна из наименее разработанных проблем, которая несет неодинаковую этническую нагрузку, значение и остроту проявления.

Этнокультурное образование определяется введением в образовательный процесс знаний родной народной культуры, социальных норм поведения, духовно-нравственных ценностей; знакомством с культурными достижениями других народов; использованием опыта народного воспитания с целью развития у детей интереса к народной культуре, воспитания дружеского отношения к людям разных национальностей. Национальные черты характера, на формирование которых нацелено воспитание детей любого этноса, диктуют свой особый стиль взаимоотношений между взрослыми и воспитанниками [1].

Казахский народ имеет богатое духовное наследие, уходящее корнями вглубь веков Казахстана – край орлиных крыльев, и действительно, он занимает территорию от седого Каспия до Алтайских гор, от Уральского хребта до высокогорного Алатау. Казахи – жители Великой степи – испокон веков имели и громадную единую территорию, и единый язык, и единую национальную культуру. На этой земле родился великий сын казахской степи, ученый-энциклопедист – Аристотель Востока Абу Насыр аль-Фараби. Богат казахский фольклор: в нем сконцентрированы все оттенки и нюансы народной педагогики и народной психологии кочевников. Нашествия арабов, монголов, джунгар, длившиеся почти десять веков, разрушили древнюю казахскую цивилизацию. Одна Отрарская трагедия, героическая борьба жителей этого центра цивилизации казахской степи напоминает о многом. Несмотря на варварское уничтожение, казахский народ сохранил самобытную культуру, язык, почти не подвергая его деформации. Удивительно и то, что изречения, философские толгау первого степного философа Асана Кайгы устно, слово в слово передавались из поколения в поколение на протяжении пяти веков. Это тоже свидетельствует об этнопсихологических особенностях народа [2].

В славной плеяде наших выдающихся земляков особое место принадлежит писателю-педагогу – Ибраю Алтынсарину, которого еще при жизни называли «казахским Ломоносовым». Слава о нем разносилась далеко по казахским степям. Ы.Алтынсарин, открывая русско-казахские школы, создавая казахский алфавит на русской графике, что служило основой вхождения в российское образовательное пространство XIX века, тем не менее, глубоко изучив характер, нравы, обычаи и традиции казахского народа, а также материально-бытовые условия и национальные особенности мышления, учитывал все эти данные в своей организаторской и учебно-воспитательной деятельности.

Народная память до сих пор хранит удивительные рассказы о школьном инспекторе Ибрае, жившем на правом берегу Тобола. Ибрай Алтынсарин был одним из родоначальников художественной казахской прозы. Его рассказы и сказки – первые произведения в казахской литературе, написанные в этом жанре. Он стремился дать казахским детям для чтения, в своем пересказе, образцы фольклора разных народов мира, но отбирал их согласно своим воспитательным целям. Создавая произведения, Ибрай заимствовал лишь сюжетные основы для них, но в то же время придавал им свою идейную направленность. Так, сказка «Золотой чуб» навеяна сюжетами русских народных сказок. А такие сказки, как «Счастливый человек», «Три вора», «Мудрый судья» схожи со сказками европейских и восточных народов. Кроме стихотворений. Ы.Алтынсарин писал рассказы, в которых также выражены демократические, гуманистические, просветительские идеи автора. В них в социальном аспекте рисуются картины быта и нравов казахской жизни в 60-70-х годах XIX века. В рассказах «Сын бая и сын бедняка», «Кипчак Сейткул», «Юрта и деревянный дом», «Невежество», «Вред лжи» и других ставятся важные проблемы общественной жизни: социальное неравенство, преимущество оседлого образа жизни, вред невежества, польза знаний и науки.

В рассказе «Сын бая и сын бедняка» повествуется о том, как два мальчика-ровесника, случайно оставшиеся на месте старого кочевья, разыскивали откочевавший аул. Рассказывая об их приключениях, Алтынсарин показывает характеры этих мальчиков, обусловленные их социальным положением, образом жизни, воспитанием, навыками и привычками. Асан, сын бая, узнав, что они заблудились, сразу же растерялся, его охватило отчаяние. Он беспомощен, у него нет самостоятельности, сообразительности,

находчивости.

Иное дело – сын бедняка Усен. Он сразу сообразил, как поступить в этом случае. Он принимается искать на старом месте вещи, которые могут пригодиться в пути, и находит старый нож, иголку со сломанным ушком, горсть конских волос. По следам определяет направление, куда откочевал аул. В пути Усен умело применяет все найденные вещи: из конских волос плетет силок и ловит утку, сделав из иглы крючок, мастерит удочку и ловит рыбу, камнем высекает огонь. Так природная смекалка, ум и находчивость Усена, жизненные навыки, полученные от отца-бедняка, дают детям возможность живыми и невредимыми вернуться в свой аул [3].

Казахстанский исследователь Кулбек говорит: детская литература – большая литература маленьких читателей. И он прав: все начинается с детства, в том числе страсть к чтению, стремление к знаниям и культуре. У казахов был богатейший фольклор, внушавший молодому поколению с самой колыбели представление о мире, об окружающей среде, воспитавший благородство, милосердие, любовь к красоте, к духовности, к родному краю. Однако и то верно, что до начала XX века не было такого понятия, как литература для детей. А уж если быть совсем точным, детская литература в Казахстане датируется 30-ми годами XX столетия, а пик ее развития приходится на 70-80-е годы прошлого века, когда образовались издательства «Балауса», «Рауан», «Жалын», журналы «Балдырган», «Улан» и десятка три даровитых казахских писателей стали специально писать для детей. И в этом ряду следует назвать признанных классиков детской литературы Утебая Турманжанова, Сапаргали Бегалина, Сейтжана Омарова, Калмакана Абдикадырова, Бердыбека Сокпакбаева, Музафара Алимбаева и их талантливых последователей А.Дуйсенбиева, Ж.Смакова, К.Баянбаева, Т.Дауренбекова, К.Мырза Али, Ж.Абдрашева, С.Калиева, М.Кабанбаева, М.Гумерова, С.Саргаскаева и других.

Вот, только несколько имен детских писателей Казахстана двадцатого века: Сейтжан Омаров, книги которого входили в международные сборники; Марат Кабанбаев, удостоенный премии Ганса Христиана Андерсена; Бердибек Сокпакбаев, Максим Зверев. В своих произведениях казахстанские детские писатели описывали быт и традиции казахского народа, учили на примере своих героев любить свою Родину, природу, почитать взрослых.

Произведения Максима Зверева, посвященные родной природе, по-прежнему живы, как будто созданы только вчера, писатель видит красоту своей Родины, описывает быт и традиции русских и казахских народов. За многолетнюю литературную деятельность писателя вышли в свет свыше 150 художественных книг общим тиражом в несколько миллионов экземпляров и вдвое больше научных работ. Образ каждой страны – это его земля и люди. Имя писателя известно не только читателям Казахстана и стран СНГ. Его произведения печатаются также во Франции, Англии, Испании, Польше, Германии, на Кубе и в других странах мира.

На стихи Бегалина создано около 50 песен («Пионерская песня», «Каракоз», «Весна», «Колыбельная», «Белый голубь», «Тоскую по тебе, любимая» и другие). Кроме художественных произведений, ему принадлежат книги: «Мысли о воспитании детей» (1972), «Народ – воспитатель» (1977), «Из дневника сердца» (1980), в которых рассмотрены проблемы нравственного и эстетического, этнокультурного воспитания подрастающего поколения. Стихи лиричны, напевны, сюжетны, отличаются неподдельным чувством искренности, из них около 200 положены на музыку и стали популярными песнями.

Особое место в казахской детской литературе принадлежит Доскею Алимбаеву, который перевел на казахский язык пословицы и поговорки 77-и народов мира, которые вошли в книгу «666 пословиц и поговорок» (1960). Алимбаевым подготовлены также сборники «Пословицы и поговорки разных народов», «Пословицы разных народов о труде» и монография «Образные слова – всеобщее сокровище» (1967). Писатель в своих произведениях рассматривает проблемы нравственного и эстетического, этнокультурного воспитания подрастающего поколения на примере устного народного творчества разных народов.

В своих произведениях казахстанский современный поэт Кадыр Мырзалиев связывает единой, нравственной задачей: воспитать в ребенке гармоничного человека, равно уважающего знание и труд, мудрого, душевно щедрого, умеющего любить и беречь родную землю, уважать людей разных национальностей и народов. Огромное место в его произведениях занимает отношения поэта и его героев к людям разных национальностей. Стихи в сборнике «Красная книга» – о неповторимости облика нашей многонациональной, многокультурной родины Казахстана, ее особенностей. Книгу детских стихов «Твой дом», вышедшую в издательстве «Детская литература» в Москве в 1976 году в переводе Владимира Коркина, отличает степной колорит. Неторопливо, по-народному образно ведет поэт рассказ о родном крае, о красоте природы, степных просторах.

Особое место в этнокультурном воспитании детей занимает поэзия М.Макаатаева, которая несет в себе огромный заряд истинного патриотизма, основными составляющими которого является любовь к своей многонациональной Родине, родной земле, любовь к своему народу и родному языку. В стихотворении «Отаным» – «Родина моя» поэт говорит о том, – Я всегда хвалю мою Отчизну – Казахстан, потому что на этой священной земле все народы (казахи, русские, узбеки) – это друзья-братья. Мудрость дружбы и родства была завещена казахам их великими предками. Написанное почти сорок лет назад стихотворение Макаатаева сегодня звучит очень современно, напоняясь к тому же смыслом возрождения патриотических чувств на новом витке исторического развития.

Сколько неизбывной любви к Родине звучит в поэзии Макаатаева, который восхищен судом ее существования!

*Мой дорогой,  
Родной мой Край, Светлый край!  
Какой же казах изыскал тебя?!  
Как сладостен край родной,  
Сладостный он такой!*

Поэт считал, что человек в долгу перед Отчизной и должен отдать свой огонь сердца. Макаатаев доказал эту мысль тем, что посвятил жар своей поэзии Родине, без которой себя не представлял. Макаатаев учит, как по настоящему надо любить Родину, начавшуюся для него с земли, на которой он родился. Карасаз – малая родина Макаатаева, золотая его колыбель. Она помогала ему в самые трудные минуты в жизни, ей он доверял свои секреты. В свою очередь он делил с ней – с землей, на которой родился, все ее радости и печали.

Родина для Макаатаева начинается не только с Карасаза, но и с любимого города – Алматы. Показывая удивительную красоту этого города, расположившегося в предгорьях Алатау.

Что такое Родина по Макаатаеву? Ответ можно найти во многих лирических произведениях поэта, но наиболее ярким с этой точки зрения примером можно считать стихотворение – «Моя Родина». Оно держится на интонации перечисления, являющегося результатом работы 51 номинативного слова, каждое из которых начинается с заглавной буквы. Они называют ключевые образы социально-природного устройства. Это и реалии природы: горы, острова, облака, птицы, все времена года, моря, озера, ночи и зимы и многое другое. Это и человечество как родственное единство, кладбища и аулы, поющие люди резвящиеся дети, юноши и девушки. Это смех, горе, грусть, счастье, тайны, время. Возникает смысловой пунктир, который в корреляции с названием стихотворения способствует возникновению многоликового и одновременно цельного образа казахской земли, Родины, где органически переплелись дух и культура казахского народа, его история и современность, его удивительная по красоте природа и музыкальные интонации. «В моих мыслях есть лишь одна мечта. Это быть полезным своему народу, нравиться ему. Только ему хочется рассказать всю правду. Народ мой, как мне донести до тебя голос свой?». Поэзия Макаатаева, рожденная в недрах национальной традиции и национального сознания, – единственное, что может дать поэт своему народу, и в этом он находит способ служения ему. Счастье Макаатаева заключается в том, чтобы жить в своем Отечестве и быть единым со своим народом. Нет счастья для него без родной земли и казахского народа. Но если же ему будет отказано в счастье, то пусть будет счастлив родной народ, живя на родной земле [4].

Нынешний этап развития независимого Казахстана требует, чтобы система образования как механизм удовлетворения потребности личности в этнической самоидентификации способствовала межнациональному согласию в полиэтническом обществе, а значит и его социальной устойчивости. Образование является одной из важнейших частей общенациональной системы культуры общества, оно выступает не просто средством получения знаний, но и фактором, изменяющим отношение человека к природной среде, его поведение в социуме.

1. Сарсенбекова Г.А. Национальное воспитание как ценность цивилизации: Дисс. ... к.филос.н. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2005. – 149 с.

2. Наурызбаев Ж.Ж. Этнокультурное образование. – Алматы: «Наука», 1994.

3. Сулейменов Б.С. Жизнь и деятельность Ибрая Алтынсарина /в кн. И.Алтынсарин. Собр.соч. в 3-х т. Т.1. – с. 7-49.

4. Антология педагогической мысли Казахстана / Сост.: К.Б. Жарикбаев, С.К. Калиев. – Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.

5. Жарикбаев К., Калиев С. Из истории казахской народной педагогики. – Алматы: «Китан», 1992.

6. Волков Г.Н. Этнопедагогизация целостного учебно-воспитательного процесса. – М.: Гос. НИИ семьи и воспитания, 2001. – 161 с.

7. Джангельдин Н. Природа национальной психологии. – Алма-Ата: «Казахстан», 1971.

8. Бергер Г. Труд, достойный восхищения. «Культура», 2012.

9. Панькин А.Б. Разработка концепции развития системы этнокультурного образования на примере Калмыкии // *Этнопедагогика в системе образования*. - №1. – с. 29-33.

10. Балтабаев М.Х. Выступление на открытии конференции // *Материалы международной конференции «Культура и образование»*. – Алматы, 2000.

## ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

**З.Өнербаева – доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ**

### Резюме

В статье описывается важность реализации гуманистической парадигмы образования каждым государством на планете для достойного ответа общим вызовам XXI века. Также рассмотрена необходимость четкого понимания всеми педагогами своей роли в осуществлении образовательной политики, в том числе в форме обеспечения соответствия обучающихся единой модели выпускника.

### Summary

The article describes the relevance of implementation humanist paradigm of education by each state on a planet for the worthy answer to the 21-st century all-calls. It also regards necessity of all teachers clear understanding their role in implementation of education policy, including in the form of maintenance of pupils conformity to unified graduate model.

Соңғы жиырма жылда әлеуметтік-экономикалық жағдай түбегейлі өзгерген, олай дейтініміз қоғам үшін білім беру жүйесін жаңа қоғамдық қажеттіліктерге сәйкестендіру маңызды мемлекеттік проблема әрі әлеуметтік басым мақсат болып отыр. Бүкіл әлем ұмтылып отырған орнықты даму жағдайына жетуде білім беру ең басты рөл атқарады. Жаңа гуманистік білім беру парадигмасы бүкіл қоғамның даму стратегиясына айналып келеді. Осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, бұл үрдіс өзін-өзі ғұмыр бойы дамыта, жетілдіре алатын, өздігінен білім алуға қабілетті адамға құндылық ретінде басымдық беру идеясы негізінде ақыл-ой әлеуетін күшейтуді талап етеді. Ол адамзаттың тұрақты дамуының жаңа моделінде қоғамдағы адам мен білім беру жүйелері сапасының және қоғамдық ақыл-ой сапасының оза даму заңы жетекші рөлге ие болды. Қоғамда осындай игі өзгерістерді жүзеге асыру үшін, ондағы адамдардың ойын, санасын өзгерту қажет. Білім беру реформаларына қатысты ең алдымен педагог қызметкерлер өздеріне мемлекет қойып отырған талаптардың жаңа заманның талабынан, қажеттіліктен туындағанын жете түсінуі қажет. Бұндай кәсіби талаптар бүгінде XXI ғасырдың адамзатқа салып отырған ортақ сынақтарымен тікелей байланысты. Қазіргі кезде әлемнің барлық елдерінде ұқсас проблемалар туындады.

Оларды елемей өмір сүру мүмкін емес, себебі мұндай сынақтардан өту нәтижесінде Жер бетінде адамдар тіршілігін сақтап қала ма, жоқ па деген ғаламдық мәселе шешімін табады. Ендігі жерде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігі осы сынақтардан өтуіне тәуелді болмақ.

К.К. Колин XXI ғасыр сынақтарын оңтайлы түрде былайша топтастырған. Олар: технологиялық, демографиялық, экологиялық, ақпараттық, динамикалық, адамгершілік, дүниетанымдық сынақтар. Олардың әрқайсысына түсіндіре тоқталатын болсақ;

– технологиялық сынақ өндірісті және адам тіршілік әрекетінің көптеген өзге салаларын түбегейлі жаңа технологиялық деңгейге көшіруді талап етеді;

– демографиялық сынақ ел ішінде адам ресурстарының таралуындағы демографиялық өзгерістерді лезде есепке алу қажеттілігін білдіреді;

– экологиялық сынақ жаһандық зілзаланы болдырмау үшін жедел іс-шараларды өткізу қажеттілігін талап етеді;

– ақпараттық сынақ ақпараттық қоғамға өту мен адамдарды жаңа ақпараттық ортаға бейімдеуді оңтайлы жүзеге асыруды білдіреді;

– динамикалық сынақ осы заманғы ғаламдық проблемалардың даму динамикасынан қоғамдық сананың қалып қалып отырғанын нұсқайды;

– адамгершілік сынағы қоғамның азғындауына, оның имандылығы мен адамгершілігінің азаюына төтеп беруді талап етеді;

– дүниетанымдық сынақ дүниетанымдық парадигманың ғылымдағы жетістіктер мен адамзат тіршілігінің жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларына сай өзгертуді білдіреді [1].

Демек, жаңа ғасырда қызмет ететін барлық мамандарға, бұл мамандарды нақты өмірге бейімдеп

дайындауға тиіс педагогтарға қойылатын талаптар осы сынақтармен анықталуы керек. ХХІ ғасыр салған сынақтар нұсқаған қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында білім беру жүйесінде әртүрлі проблемалар қойылып, зерттеле бастады. Осы бағытта жүргізілген зерттеулерге Қазақстан Республикасында 2001 жылдан бері 12 жылдық жалпы орта білім беру жүйесіне көшуге дайындық барысында өткізіліп жатқан зерттеулерді де жатқызуға болады. Ол Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасын (2004) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасын (2005ж) ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартын (Негізгі қағидаларды) (2006ж), “Білім туралы” жаңа Заңды (2007ж) өзге оқу-әдістемелік сипаттағы құжаттарды қарастыруға болады [2]. Жалпы білім беруді ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесіне, еліміз қосылған халықаралық келісімдерде көзделген ұсынымдарға сәйкес, орнықты даму мүддесін көздей отырып, жан-жақты талқылаудан өткен бұл құжаттар Қазақстанның жалпы орта білім беру жүйесіне 12 жылдық жағдайында дамыту мен жаңарту стратегиясын құрайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасының негізгі мақсаты – білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қоғамның талаптарына сәйкес білімді, кәсіби біліктілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеп, оларды бәсекеге қабілетті білім негіздерімен қаруландыру және қазіргі жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімін, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру [3].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2004 жылдың қазанында өткен ҚР білім беру және ғылым саласы қызметкерлерінің ІІІ құрылтайында атап көрсеткеніндей, Жапония, Оңтүстік Корея мен Финляндия сияқты дамыған елдердің озық тәжірибесі үздік білім беру жүйесі ең жақсы мен ең нашар оқушы арасындағы айырмашылықты барынша азайтатынымен сипатталатынын дәлелдеді [4]. Еуропаның бақуатты саналатын халқы немістер жүз адамның 99-ы жоғары орындағыштық мәдениетке, ал біреуі шығармашылық қабіеттерге ие болатын жағдайды тиімді деп санайды. Олардың ойынша, осы ара қатынас кез келген кәсіпорынның тұрақты қызмет етуін қамтамасыз етеді [5, 52 б.]. Олай болса, бүгінгі ХХІ ғасыр мектебі қоғамның мемлекет белгілеп отырған жоғары межесіне бірен-саран оқушыны емес, мүмкіндігінше барлық балаларды жеткізуге міндетті. Бұл үшін мақсатты анық білудің маңызды екендігі белгілі.

Осы ретте аталған, әмбебап іс-әрекет тәсілдерін игеруінен көруге болатын білім беру нәтижелері деп ресми түрде анықтама берілген құзіреттіліктер, басқа сөзбен айтқанда, қоғам мен мемлекеттің мектеп оқушысының бойында көргісі келетін, оның бүгінгі өмірде бақуатты өмір сүруіне мүмкіндік беретін қасиеттерді құрайтын мектеп түлегінің моделі мектеп педагогтары үшін сенімді бағыттаушы рөлін атқарады. Білім берудің өзге деңгейлеріндегі ұстаздар осындай бірінғай құзіреттіліктерді қалыптастыруға ұмтылуы керек, жаңа Қазақстан қоғамында бұл ұстаз қызметінің сапасын анықтайтын критерий болып отыр.

Ал, оқушыларда қалыптасуға тиіс құзіреттіліктерге педагогтардың өздері де ие болуы керек екені түсінікті. Нәтижеге бағдарланған білім беру жағдайындағы “білім нәтижелері” күтілетін нәтижелері ретінде қарастырылатын мақсаттар жүйесі екені белгілі. Бұл мақсаттар мемлекеттік деңгейдегі (базалық құзіреттіліктер), білім салалары деңгейіндегі (түйінді құзіреттіліктер), және пәндік деңгейдегі оқу жетістіктері (пәндік құзіреттіліктер). Осы жағдайда білім, білік және дағдыларды әр түрлі жағдайда кешенді қолданудың табыстылығы өлшенеді, әрбір күтілетін нәтижелер негізінде білімі алушылардың оқу жетістіктері бойынша бағаланады.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2004 жылғы ҚР білім беру және ғылым саласы қызметкерлерінің ІІІ құрылтайында: «Мұғалімдердің жаңа буыны білім деңгейі бойынша, бұрын есептеліп келгендей, бір мойынға емес, екі мойынға озық болуы тиіс – бұл заман талабы» – деп айтуы [4], сондай-ақ сол жылдағы және 2005 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында «Қазақстандағы мектеп уақыт өте келе үздік әлемдік стандарттар деңгейіне көтерілуге тиіс. Келешекте мұғалім мамандығы ең беделді әрі жоғары ақы төленетін мамандықтардың бірі болуы керек.» [6], «Біз мұғалім мамандығының беделі мен абыройын қайтаруға міндеттіміз» [7] – деген сөздері мұғалім мамандығының, маңыздылығы мен жауаптылығын, бүгінгі күні оның беделінің тиісті деңгейде еместігін айшықтай түседі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының алтыншы «Педагогикалық кадрлар» атты тармағында білім берудің жаңа үлгісін іске асыруда негізгі рөлді жаңа тұрпаттағы (формациядағы) педагогикалық кадрлар мен дамуы, мемлекет және қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтарының өсіп келе жатқан білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін кадрлық әлеуетті құру» деп белгіленген. Осы мақсатқа жету жолында бес міндеттердің үшеуі былайша тұжырымдалған:

- мұғалімнің әлеуметтік мәртебесін көтеруге, өздігінен үздіксіз жалпы және кәсіптік білім алуына

жағдай жасау;

- күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге кепілдік беретін қазіргі білім беру технологияларын меңгеруге жағдай жасауды қамтамасыз ету;

- докторантура, магистратура, бакалавриатта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, бейіндік мектепте ойдағыдай сабақ беру, жаңа жағдайларға, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін мамандардың сапалы жаңа буынын – жоғары білікті педагогтарды даярлау [3]. 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған ҚР «Білімі туралы» Заңына алғаш рет «Педагог қызметкерлердің мәртебесі» атты тарау енгізіліп, онда мемлекет педагогы қызметкерлердің қоғамдағы ерекше мәртебесін мойындайтыны әрі олардың өз кәсіби қызметін тиісінше жүзеге асыруы үшін жасайтын жағдайлары жөніндегі бірқатар қағидалар қарастырылған.

Келітірілген ресми мәліметтер мемлекеттің білім беру саласындағы саясаттың педагог мамандығындағы кадрларға мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетуге бағытталғанын, бұл ретте кең ауқымды жұмыстардың іске асырылып жатқанын аңғартады.

1. *Третьяков П.И. Оперативное управление качеством образования в школе. Теория и практика. Новые технологии. – 000 «Издательство скрипторий 2003», 2005. – 568 с.*

2. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің түсініктемесі // «Юрист» анықтамалық заңнамалық базасы, – Алматы, 2008.*

3. *Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. // “12 жылдық білім. 12-летнее образование” республикалық ғылыми әдістемелік және ақпараттық сараптамалық журналы, – Астана - №1, 2004. – 22-29 б.*

4. *Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на III съезде работников образования и науки РК “Обновленной стране – качественное образование” (г. Астана, 12 октября 2004 года // справочная правовая система «Юрист» – Алматы, 2008.*

5. *Коротаяева Е.В. Обучающие технологии в познавательной деятельности школьников. – М., Сентябрь. 2003. – 176 с.*

6. *Президенттің Қазақстан халқына жолдауы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» (Астана, 2004. 19 наурыз) // «Юрист» анықтамалық заңнамалық базасы. – Алматы. 2008.*

7. *Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» (Астана. 2005. 18 Ақпан) // «Юрист» анықтамалық заңнамалық базасы. – Алматы, 2008.*

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Ұ.М. Әбдіғапбарова – п.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласы

Қазіргі технологиялардың қарқынды дамуы мен жаһандану жағдайында мемлекетте «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасы мен *әлеуметтік-экономикалық жаңғырту* саясатын жүзеге асыру арқылы ізгі қоғамға қол жеткізу басты мәселе болып отыр. Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы басты бағыттардың бірі болып білім беру жүйесін реформалау, соның ішінде білім беру сапасын интеллектуалды-инновациялық тұрғыдан жаңғырту, рухани-адамгершілік тәрбие саласын жетілдіру табылады. Олай дейтініміз тұлғаның дамып жетілуінде тәрбие мен білімнің басты рөл атқаратындығы мәлім, бұл біріншіден. Екіншіден, интеллектуалды тұрғыдан дамыған қоғамға қол жеткізу адамдардың игілігінен, адами іс-әрекеттерінен, этномәдени әлеуметтенуінен, толыққанды дамуынан, бәсекегеқабілеттілігінен, олардың өркениеттік озық үлгілерді бойына сіңіруінен және өзіндік болмысын сақтап қалуынан талап етіледі.

Осы тұрғыдан Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев *әлеуметтік-экономикалық жаңғырту* саясатындағы он бағыттың бірі санатында «Қазақстандағы адам капиталының сапалы өсуіне» баса назар аударып, адам капиталын байытудағы басты құндылықтар қатарында *патриотизмді, мораль мен адамгершілік нормаларын, ұлтаралық ынтымақтастық пен толеранттылықты, физикалық және рухани дамуды, заңға бағынушылықты, ана тілін, көптілділікті* атап көрсетіп, осы құндылықтарды *барлық оқу орындарында балалар мен жастардың бойына сіңіру қажеттілігіне* аса мән берген болатын [1].

Айтылып өткен құндылықтардың *мәнділігі* адамның өзін, айналасын, ауылын, елін, отанын терең танып түсінгенде және оларға ізгі қарым-қатынастары мен риясыз сүйіспеншілігі қалыптасқанда, сондай-ақ тұлғалық жетілуі мен кәсіби даярлығы барысында *дамудың интеллектуалдық тұрғыдағы жоғары шыңына жеткенде* ғана арта түсетіндігі шындық. Ал интеллектуалдық әлеуеті жоғары дамыған тұлғаның еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жаңғырту саясатының жүзеге асуына саналы тұрғыда үлес қосуы әбден мүмкін.

Сол себепті оқу-тәрбие мекемелеріне балалар мен жастардың қоғамдағы, қоршаған ортадағы өзінің орны мен рөлін ұғынуына, өмірдің қарапайым ақиқатын түсінуіне, адами қарым-қатынасын жоғарылатуына, рухани тұрғыдан дамуына, *интеллектуалдық әлеуетін адамгершілік тұрғыдан жұмсауына*, рухани-тарихи мәдени мұралар мен халықтың салт-дәстүрін, әлем өркениетін жете бағалай білуіне септігін тигізетін *пәндерді* ендіру қажеттілігі артып келеді. Әсіресе бұл мәселенің өзектілігі өскелең ұрпаққа білім беру мен оларды тәрбиелеуге мамандарды кәсіптік тұрғыда даярлайтын жоғары оқу орындарында арта түседі.

Олай дейтініміз *әлеуметтік жаңғырту* қоғамды жаңа индустриялық-инновациялық экономика жағдайындағы өмірге дайындаудан, Қазақстанның үдемелі экономикалық дамуы мен қоғамдық игіліктермен кең көлемді қамтамасыздандыру арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті табудан да талап етіледі. Оған қол жеткізу елдің болашақ ойшылдары мен кәсіби мамандарының, отаншылдары мен жаңалық жаршыларының бүгінгі білім сапасынан, тұлғалық жоғары деңгейдегі адами жетілуінен талап етіледі. Өйткені *олардың бойында қаланған қазіргі сапалы білім мен адами қабілеттер – ертеңгі саналы іс, жоғары деңгейлі өндіріс, бәсекегеқабілетті мемлекет, жарқын келешек, өркениетті ел, игі қоғам.*

Осыған байланысты Абай атындағы Қазақтың ұлттық педагогикалық университетінде 2008 жылдан бастап «Әдеп негіздері», 2009 жылдан «Ұлттық тәрбие» курстары оқытылып келеді. «*Әдеп негіздері*» пәні арқылы болашақ мамандарға сөйлеу мәдениеті, мінез-құлық әдебі, қимыл-қозғалыс мәдениеті, адами қарым-қатынас мәдениеті салаларынан теориялық білімдер мен оларды практикада қолдану дағдылары меңгертіледі.

*Ұлттық тәрбие курсының* жаңалығы болып Қазақстандағы ұлттық тәрбие негіздерін бір пәнге шоғырландыру және сол негіздердегі педагогикалық бағыттар мен көзқарастарды, тәрбиелік мүмкіндіктерді білім алушылардың өркениеттік деңгейдегі мәдени-адами дамуы мен кемелденуіне бағдарлай отырып, олардың өз бітім-болмысын сақтап қалуына қол жеткізу табылады. Аталған курста «ұлттық идеология», «ұлттық сана», «ұлттық салт-дәстүр», «рухани-адамгершілік тәрбие», «азаматтық тәрбие», «интеллектуалды ұлт», «әлем өркениеті» құндылықтарының мәні ашылып, осы құндылықтар болашақ мамандарға жан-жақты игертіледі.

Осындай мақсатпен республикалық оқу-тәрбие мекемелерінде жүзеге асырылып жатқан «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім бағдарламасының да негізгі мазмұнын «адам», «табиғат», «өмір»,

«әлеумет», «қоғам» және т.б. басты құндылықтардың мән-маңызын терең ашып көрсететін білімдер құрайды.

Жоғарыда аталған «Әдеп негіздері», «Ұлттық тәрбие», «Өзін-өзі тану» пәндерінде берілетін жалпы-адамзаттық, ұлттық, әлемдік құндылықтарды меңгеру бір қарағанда жеңіл, жүзеге асыруға оңай болып көрінетін секілді. Шындығында бұл олай емес.

Осы құндылықтарды игеру, оларды тану мен үйрену талдау мен зерттеу процесінде болашақ маманның жеке мінез-құлқы, адамдармен қарым-қатынас іс-әрекеттері дамиды, сондай-ақ табиғатқа, отанға, қоғамға оң көзқарасы тереңдейді, әлемдік өркениетке қызығушылықтары артады. Олай дейтініміз адам «жеке тану» процесінде өзінің *адами қасиеттерін, мінез-құлқын, тән саулығын, жан саулығын, тұлғалық болмысын, азаматтық сапасын* айқындап анықтауына, білуіне мүмкіндіктер туады. Және оның қай тұстарын жетілдіру қажеттігіне аса мән береді. Адам өзін «адамдармен біргелікте», яғни адамдармен қарым-қатынаста тану барысында өз бойындағы *махаббат, туыстық, достық, татулық, серіктестік, жолдастық, қайырымдылық, ізеттілік, сыйластық, кәсіпкерлік* және т.б. құндылықтарын танып-зерттеуге және қалыптастыруға мүмкіндік алады. Адам өзін табиғат перзенті тұрғысынан тануда өз санасындағы *табиғат, өмір, қамқорлық, үндестік, үйлесімділік, туған жер, сүйіспеншілік* және т.б. құндылықтарының мәнін анықтай алады және осы саладан қол жеткізген білімдерін өмірде қолдануға ұмтылады. Адам өзін қоғамға қызмет ету тұрғысынан тану процесінде *тарих, ел, атажұрт, халық, тіл, салт-дәстүр, рухани-мәдени мұралар, өнер, отан, әлем, халықтар достығы, ұжым, тәжірибе, ұрпақ, әлеумет, кәсібилік, бәсекеге қабілеттілік, интеллектуалдық, инновациялық* және т.б. құндылықтарды өз бойында қалыптастыру мен оларды практикада қолдану қажеттілігін түсінеді және белсенді жасампаздық әрекеттерді жүзеге асыруға дағдыланады. Айтылып өткен құндылықтарды танып-білу, зерттеу, саналы ұғыну негізінде олардың білімі кеңейеді, ой-гүйсiгi, танымы артады, рухани-адамгершілік тәрбиесі дамиды. Адами қарым-қатынас мәдениетін, сөйлеу мәдениетін игеру арқылы мәдени интеллектісі артады. Осылардың барлығы болашақ маманның шығармашылық, танымдық, эмоционалдық тұрғыдағы интеллектуалдық әлеуетін дамытады.

Аталған пәндердің болашақ маманның тұлғалық сапасын жетілдірудегі, соның ішінде интеллектуалдық әлеуетін дамытудағы құндылығы болып олардың *жеке тұлға тұрғысынан, басқа адамдармен* өзара әрекеттестіктегі, *әлеуметтену* барысындағы, *қоғамға қызмет етудегі* қарым-қатынастары тұрғысынан *кіріктірілген құзыреттіліктерді* қамтуы табылады.

Осыған орай осы пәндердің әрбір сабағы жеке тұлғаның құндылық сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын компоненттерден (мазмұндық, эмоционалдық-еріктік, мінез-құлықтық) тұрады. Сол себепті де аталған пәндерді оқу-әдістемелік қамтамасыздандыруда тұлғаның рухани-адамгершілік және эмоционалдық, интеллектуалдық тұрғыдан дамуы, оның танымдық қызығушылықтары, адами қарым-қатынас жасау іскерліктері, өзінің ойы мен сезімдерін айқын, еркін және мәнерлі жеткізу мүмкіндіктері есепке алынады.

Курстарды оқыту барысында интербелсенді әдістер кеңінен қолданылады. Мәселен, болашақ мамандар өмір практикасынан алынатын адами мәнге, қоғамдық маңызға ие жағдаяттарды шешуде инновациялық шешімдерді іздестіру мен таңдауға дағдылануы барысында интеллектуалдық тұрғыдан дами түссе, қоғамға жат әрекеттерді сынау, өзінің және басқалардың мінез-құлқында сипат алған көріністерді бағалау, әлеуметтену арқылы адамгершілік сапалары артады.

Сондай-ақ, қазіргі таңда *мұғалімнің* беделін көтеру – кезек күттірмейтін мәселе болып отыр. Әрине, мұғалімнің тұлғасы, мұғалімнің іс-әрекеті бүгінгі күннің ғана проблемасы емес, бұл бұрыннан да ойшыл-ғалымдардың басты назарын аударған. Соңғы ғасырларда мұғалімнің тұлғасын сомдауда құнды ойлар мен еңбектер қалдырған К.Д. Ушинский, Н.К. Крупская, А.В. Луначарский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов және т.б. көрнекті педагог-ғалымдардың «нағыз мұғалім бірінші кезекте баланың тыныс тіршілігін сезінуі және сүйюі тиіс, білім мен тәрбиенің жүрекпен берілуі тиіс» деген қағидаларының күні бүгінге дейін құндылығы арта түспесе, жойылған жоқ. Ал бұл болса, қазіргі мұғалім тұлғасының қалыптасуында «Әдеп негіздері», «Ұлттық тәрбие», «Өзін-өзі тану» курстарының маңыздылығын дәлелдей түседі. Өйткені бұл пәндер болашақ мамандардың рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіре отырып, жас ұрпақты сүйіспеншілікпен тәрбиелеуге даярлықтарының жоғарылауына ықпал етеді.

Қорыта айтқанда «Әдеп негіздері», «Ұлттық тәрбие», «Өзін-өзі тану» курсы болашақ мамандарды өмірден өз орнын табуына бағыттай отырып, олардың кәсіби-тұлғалық жетілуін, интеллектуалдық дамуын қамтамасыздандырады, рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіреді және қоғамға қызмет ету дағдыларын дамытады. Олар жалпыадамзаттық, ұлттық, әлемдік құндылықтардың прогрессивтік түрле-



рін меңгеріп қана қоймай, осы құндылықтарды өскелең ұрпақтың бойына сіңіруге дағдыланады. Осындай адами құнды, қоғамдық маңызды құндылықтарды теориялық және практикалық тұрғыдан игерген мамандардың мемлекетте қолға алынған әлеуметтік-жаңғырту саясатын жүзеге асыруға өз үлестерін қоса алатындығы ақиқат.

1. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Халыққа Жолдауы "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты" / Егемен Қазақстан, 2012.*
2. *Назарбаев Н.А. «Интеллектуальная нация – 2020» национальный проект / Айқын, 2008.*

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Р.Б. Абдрахманова** – психол.ғ.к., доцент, Психологиялық-педагогика кафедрасы

**Қ.М. Мокешова** – психология мамандығы 2 курс магистранты,  
Абай атындағы магистратура және PhD докторантура институты

### **Түйін**

Рухани құндылықтар адамның өмірдегі өз орнын табуға, тұлғаның жетіле түсуін қамтамасыз етеді.

### **Резюме**

Духовные ценности помогают человеку найти свое место в жизни а также саморазвитию его личности.

### **Summary**

Spiritual values help a man to find the place in life and also саморазвитию of his personality.

Қазіргі күрделі әрі өзгермелі заманда құндылықтар жүйесінің алар орны ерекше. Құндылықтарға бейімделу адамзатқа тән қасиет. Болмыс құбылыстарының құндылықтарыңыз әлеуметтік жан иесі ретіндегі адамның іс-әрекетінің де, өмірінің де мәні болмайды.

Құндылықтар дегеніміз «ешқашан өзгермейтін» идеялар мен принциптер ме, әлде табиғат пен қоғамның объективтік құбылыстары ма? деп, зерттеу мәселемізге байланысты көптеген ғылыми-педагогикалық, психологиялық, философиялық әдебиеттерге талдау жасау барысында «құндылық», «адамгершілік құндылық», «жалпы адамзаттық құндылық», «кәсіби құндылық» ұғымдарына берілген әр түрлі анықтамалардың бар екендігіне көзіміз жетті. Олар алуан түрлі және тіпті бірін-бірі жоққа шығаратындары да бар. Әртүрлі авторлардың еңбектері біртұтас зерттеу мәселесін құрмайды. Бұл құндылық ұғымының әртүрлі мағына беруінен туындап отыр. Объектілерді немесе заттарды құндылықтар деп есептеу тағы бір мәселеге әкеліп тірейді:

Құндылық дегеніміз – субъект үшін ерекше мәні бар немесе оның қажеттіліктерін қанағаттандыратын нақты бір заттар ма, әлде құндылық деп ерекше бір абстрактілі мәнге ие заттар ма деген сауалға жауап іздеп көрелік.

Бұл мәселе негізінде шетелдік Р.Р. Нахокова, Уильям Томос, Флорман Занецкий және тағы басқа бір топ ғалымдар «индивид негізгі әлеуметтік құндылықтарды меңгереді және оларды өздерінің мінез-құлқында саналы түрде басшылыққа алады, яғни құндылықтарды бақылау қызметі индивидтің өзіне ауысады» деп тұжырымдама жасаған болатын [1].

Белгілі философ А.Г. Здравомыслов «барлық құндылық бағдардың жиынтығы өзіне тән жеке тұлғаның ой орталығының тұрақтылығы мен белгілі бір қабілет-қасиетімен қамтамасыз етіледі» – деп көрсетіледі.

Ал, кеңес психологы К.К. Платонов «жеке тұлғаның құндылық бағдары – жеке тұлғаның әлеуметтік тепе-теңдігінің мазмұны мен адам өмірінің эмоционалды дүниесімен байланысы» деп қарастырса [3], В.А. Малахов «адам белгілі объектіні құндылық деп есептегенде ол объектіге – субъектілік «дауыс» береді, яғни өзінің жеке басының пікірін, бағасын береді, олай істеуге сол адамның өзіндік құқығы бар» деп анықтама берген болатын.

Сондай-ақ Л.И. Иванько «құндылықтар, көбінесе адамның іс-әрекетінің бағыттылық жақтарына сәйкес келеді, ол нормалар сол іс-әрекеттердің жүзеге асуының амал-жолдарымен байланысты. Нормативті жүйе құндылық жүйеге қарағанда адамның іс-әрекетінен ерекше анықталады, өйткені біріншіден, адам ол нормалардың нақты бір жүйесі ішкі тұтастыққа негізделеді: адам өз істерінде оны тұтастай және толық бір мезгілде ұстанады» деген болатын [4].

Әрбір халық ұрпағын өзіне дейінгі қоғамда қолы жеткен жалпы адамзаттық ізгіліктерді жинақтап, пайдалана отырып, қоғамдық-тарихи тәжірибесін игертуді мақсат еткен. Әрбір қоғам өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Мәселен, Антика заманы мен

орта ғасырдағы өмір сүрген философ-ойшылдар құндылықтық сипаттамаларды, дәлірек айтқанда этикалық, эстетикалық, діни сипаттамаларды нақтылық, шынайы болмыс ұғымымен бірге қарастырды. Бұл – ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі ойшылдарды мазалап келген сұрақтардың бірі. Бір қарағанда бәрі түсінікті сияқты. Құндылық – бұл құнды нәрсе. Алайда, адам үшін не құнды және неге себепті құнды? Кейде біреу үшін құнды нәрсе өзгелер үшін құнсыз болатын кездері де кездеседі. Бірақ онымен ешкім де келіскісі келмейді және әрқайсысы өзі үшін құнды нәрсені нағыз құндылық деп есептейді [5].

Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі – жастардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты *қабілетті* ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Бүгінгі таңда психология, педагогика ғылымдарының өзекті мәселелерінің бірі – жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүние көзқарасы кең, рухани бай азамат дайындау.

Студенттер деп жоғары және кәсіби, арнайы оқу орындарында оқып жүрген ұл-қыздардың әлеуметтік қоғамдастығын айтамыз. Бұл әлеуметтік кәсіби категорияның тарих бетінде пайда болуы XI-XII ғасырларда алғашқы университеттердің ашылуымен байланысты. Студенттердің негізгі әрекеті – оқу, яғни мақсатты түрде жүйелі, тыңғылықты білім алуға, кәсіби еп-дағдыларды үйренуге ұмтылуы.

Студенттік шақты (негізінен 18-25 жас аралығы) адамның басқа жас кезеңдерінен бөліп алып, өзінше әлеуметтік-психологиялық қауымдастық ретінде терең әрі ауқымды зерттеген профессор Б.Г. Ананьев бастаған психологтар мектебі. Оларды зерттеу нәтижелері бұл шақта адам зиятының (интеллекті) ең күшті даму кезеңі болатындығын, оның аса күрделі әрі әр адамға тән ерекшелігі және өзгермелі келетіндігін көрсетеді. Мысалы, 18-20 жастағылардың көру, есту, қимыл-қозғалыс сезгіштіктері ең жоғары дәрежеде (оптимизм) болады. Көру кеңістігінің көлемі 20-29 жас аралығындағы өзінің максимумда (ең жоғары толысу) жетеді. Зейіннің көлемі, ауысуы (бұрылуы) талғағыштығы 18 жастан 33-ке дейін қарқынды өсіп-дамып, 34 жастан кейін олар төмендей бастайды. Ал зейіннің шоғырлануы мен тұрақтылығын болар-болмас ғана өзгереді екен.

Қысқа мерзімді сөздік жадының ең жоғары өрлеуі 18-30 жас аралығында деп келсек, өзара мерзімді сөздік жадыға ол 18-ден 35-ке дейінгі кезеңге сәйкес келеді. Ал, бейне жадысының адам жасының өзгеруіне тәуелді болымсыз болып келеді.

Логикалы ойлау қабілетінің ең күшті кезеңі 20 жаста байқалады. Содан кейін ол біртіндеп төмендей береді. Егер осы қабілет деңгейін 20 жаста 100 пайыз деп алсақ, ол 30 жаста 4 пайыз төмендейді, 40-та 13 пайыз, 50-де 20 пайыз, 60-та 25 пайыз, 70-ке келгенде 40 пайызға төмендейді екен.

Міне, жоғарыда айтылғандай адамның жас шақтарына байланысты психофизиологиялық функциялардың дамуы өте күрделі қарама-қайшылықта болады. Ол өзгерістер адамның еңбек әрекеті мен практикалық тәжірибесіне тәуелді бола келіп, онтигенетикалық даму заңдылықтарын бейнелейді.

Студенттердің негізгі сипаттарының бірі өз ырығымен тандап алған кәсібіне құштарлық, сол кәсіпке толық ие болам деп бар ой-санасын, әрекетін бағыттау және осы бағытындағы тұрақтылық қасиеті. Егер студент болашақ кәсібін дұрыс тандай алса, ұнатса, сүйсе оның оқуға деген ынта-ықыласы да құштарлығы да жоғары болады [5].

Болашақ қайраткерлер, кәсіп иесі – маман ретінде студент жастардың әлеуметтену процесі өте қарқынды өтеді.

Студенттердің дүниетанымына, ғылыми ілімнің негізіне, табиғат заңдылықтары дамуының жүйелік көзқарасын, өзінің сендіру мүмкіндігін құрайды және сендіру мүмкіндігін арттырады. Олар оқу үрдісінде студенттерді кәсіби біліктіліктері мен шығармашылықтарының дамуына, еркіндікке, тұрақтылыққа, мақсатқа ұмтылушылыққа, ыждаһаттылыққа, саналылыққа, істі аяғына дейін жеткізуге, шындыққа, өзіне деген сындық қатынасқа, іскерлік пен жауапкершілікке уағыздайды.

Студенттерден оқытушылардың міндеті интенсивтік құрылымын талап ете отырып, психикалық (сезіну, қабылдау, елестету, ойлау, сезім, еркін, сөйлеу) логикалық және бейнелі, көркем ойлау үрдісінің түрі, кез келген шығармашылық міндеттің шешімі, сезім мен ерікте мәдениеттіліктің пайда болуы. Білім беру – ұлттық және жалпы адамзаттың қазыналары, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау [5].

Қазақстан Республикасының Президенті Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық. Бұл құндылықтар, меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, барлық оқу орындарында да сіңірілуге тиіс [7].

Себебі рухани құндылықтар тұлғаның даму өзегі болып табылады. Сонымен қатар рухани құндылықтар адамның өмірдегі өз орнын табуға және рухани әлемнің дамуына есепші болатын тұлғаның жетіле

түсуін қамтамасыз ететін, дүниенің күрделі құрылымын түсіндіретін рухани даму өзектері, идеалдары, сонымен бірге адам мен әлеуметтік топтардың тәртібі мен іс-әрекеттерін қадағалау нормативті жүйе болып табылады.

Тұлғаның руханилыққа деген әлеуметтік-құндылықты көзқарасы білім беру процесінде оқыту мен тәрбиенің мазмұны, мұғалімдер мен оқушылардың өзара қатынас ерекшеліктері, сабақтан тыс тәрбиелік шаралар арқылы жүзеге асады. Рухани құндылықты бағдарлар оқушының дүниетанымы арқылы қалыптасады.

Біз тұлға бойында құндылықты бағдарлардың қалыптасу деңгейін А.Г. Харчев ұсынған деңгейлер негізінде анықталады:

Құндылықты бағдарлар – тұлғаның рухани келбетінің барлық жақтарын және оның тіршілік әрекетін қамтитын біртұтас жүйе ретінде қалыптасқан деңгей;

Құндылықты бағдарлар – өз бағыты бойынша тұлғаның сана өлшемдеріне сәйкес, бірақ адам тек өзі үшін ең маңызды деп тапқан рухани мақсат өлшемдерін ғана меңгерген деңгей;

Құндылықты бағдарлар – жүйесі жеткіліксіз меңгеріліп, адамның көптеген іс-әрекеті мақсатсыз істелетін деңгей;

Құндылықтар ес, ақыл арқылы сөз жүзінде ғана меңгерілген, бірақ практикалық әрекетте байқалмайтын деңгей;

Құндылық бағдарлардың тұрлаулы жүйесі жоқ, мінез-құлық негізінен бір сәтті импульстер және ниеттермен реттелетін деңгей [6].

Аталған деңгейлерге топтау үшін оқушының рухани тұлғасын төмендегідей көрсеткіштермен, өлшемдермен анықтауға болады:

танымдық өлшем – оқушылардың рухани құндылықтарды игеру деңгейі;

эмоциональды-құндылықты – оқушылардың құндылықты меңгерудегі мотивациясы, рухани құндылыққа қатынасы, дүниетанымдық көзқарастары, ұстанымдары қызығушылығы, пікірі, адамгершілігінің болуы;

тәлім-тәртіп-оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттегі белсенділік деңгейі: тәртібі, қарым-қатынасы, еңбек, оқу, сөйлеу мәдениеті, алған білімді практикада қолдану.

Отандық ізденушілердің бірі Б.Қ. Игенбаева рухани адамгершілік құндылықтарды білім мазмұнына енгізу тәсілдері жүзеге асырудың мынадай мүмкіндіктерін ұсынады:

1. Рухани-адамгершілік құндылықтарды кез-келген пәнді оқытудың мазмұнына енгізу;

2. Сыныптан тыс сабақтарды баланың адамдық асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыру;

3. Жеке пән ретінде жүргізілетін сабақтардың бағдарламасына енгізу [4].

Адамның қызығуы әртүрлі істерді өз дәрежесінде орындауға ұмтылудан туады. Ал, түрткі сол істерге итермелейтін күш. Сонымен, түрткі – адамның белгілі қажеттіліктерін қанағаттандырудағы іс-әрекетіне байланысты психологиялық көңіл-күйі. Қажеттілік адамның белсенді әрекетін тудыратын қозғаушы күш болса, білімге, оқуға итермелейтін итермелеу танымдық қызығушылығын қалыптастыруда түрткілердің маңызы зор.

Студенттердің оқуға деген негізгі екі түрлі мотивтері болады:

Табысқа жету;

Танымдық мотив

Танымдық мотив оқу-танымдық әрекеттің, яғни ойлау іс-әрекетінің негізін құрайды. Бұл іс-әрекет проблемалық ситуация кезінде пайда болады да студенттер мен оқытушылардың қарым-қатынасының дұрыс жағдайда өрбуіне өсіп, дамиды. Ал, табысқа жету мотивтері оқыту процесінде танымдық және кәсіби мотивтерге бағынышты болады.

Студенттердің даму ерекшеліктерін зерттемес бұрын адам, жеке тұлға ұғымдарын қарастырып, анықтама беріп өтсек.

А.Н. Леонтьевтің [4] пікірі бойынша «Жеке тұлғаның жетістіктері мен кемшіліктері, жақсы және әлсіз жақтарымен көрінетін тек өзіне ғана тән даралық белгілері оның өзгелермен қарым-қатынас жасауы, қайырымдылығы, мейірімділігі, тәкәппарлығы, жағымды және жағымсыз қасиеттерінің көрінуіне де байланысты. Олардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауы, өмірдің алуан түрлі ерекшеліктерін тануға, танымдық қасиеттерімен, рухани байлығын арттыра түседі» деп қарастырады.

Белгілі психолог Б.Г. Ананьев еңбектерінде «Адам – физиологиялық, психологиялық жағынан қалыптасып келе жатқан тіршілік иесі. Адам еңбек ету нәтижесінде жануарлар дүниесінен бөлініп шығып, бір-бірімен тілдің көмегімен қарым-қатынас жасайтын, дүниені танып білетін оны өзгертетін және еңбек

құралдарын жасайтын жағдайға біртіндеп ие болды. Оның өмірдегі көрінісі физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктеріне, даралық қасиеттеріне байланысты жеке адам немесе жеке тұлға екені көрінеді» – деп қарастырады [5].

Тұлғаның дамуы мен жан-жақты қалыптасу мәселесі, оның тарихы болашағы туралы көптеген ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

Жеке тұлға түсінігі – тек адамзатқа арналған. Жеке тұлға – жеке даралық, психикалық қасиеті және әлеуметтік қызметі бар нақты қоғамның мүшесі.

Мәселен, Т.Тәжібаев өз еңбегінде: «Жеке адам әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекетті жүзеге асырушы, нақты қоғамның мүшесі, өзін басқалардан ажырата білетін, өзінің кім екенін түсінетін есі кірген ересек кісі» – деп қарастырады [6].

XX ғасырдағы психолог ғалым А.Н. Леонтьев: «Менің өмірімде нені меңгере алдым, я болмаса соны ұғына алдым ба, жоқ па, егер ұғынсам, меңгерсем, қаншалықты, қандай дәрежеде ұғындым, оның мен үшін, менің жеке тұлғам үшін, маңыздылығы қандай...» – деп “мән” мен “маңыз” ұғымдарының мағынасын зерттеген [4].

Бұл арқылы біз, студенттерге берілген білім мен тәрбиенің қаншалықты меңгерілгендігін үнемі бақылап отыруымыз қажеттігіне мән берілуі тиіс деп ұғынамыз.

1. Нұрғалиева Г.Қ. *Тұлғаның құндылық бағдары жүйесінің педагогикалық-психологиялық негіздері. Докторлық диссертация Абай атындағы мемлекеттік университеті. 1993.*

2. Балажанова Ж. *Студенттердің білімге құндылық бағдарын қалыптастыру. // Білім берудегі менеджмент. 2010. - №4.*

3. Климов Е.А. *Пути в профессионализм (Психологический анализ): Учебное пособие. – М.: Московский психологосоциальный институт; Флинта, 2003. – 320 с.*

4. Леонтьев А.Н. *Деятельность. Сознание. Личность. -2-е изд. – М.: Политизд. 1977 – 304 б.*

5. Ананьев Б.Г. *Человек как предмет познания. – Л.: Изд. Лнее. Ун., 1968.*

6. Бөлеев Қ. *«Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау». – Алматы, 2004.*

7. *Қазақстан Республикасының Президенті Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жыл 27 қаңтар.*

## **ЖАПОНИЯДА ПЕДАГОГ-КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**С.Аманова – Педагогика және психология мамандығының 1-курс магистранты, ҚазМемҚызПУ**

### **Резюме**

В статье автор рассматривают основные факторы, определяющие эффективность развития системы общего среднего образования Японии. Растущий интерес к проблемам профессиональной подготовки учителя в Японии. Высшее образование в Японии. Современный статус учителя в японском обществе.

### **Summary**

In article the author consider the major factors defining efficiency of development of system of the general secondary education of Japan. Growing interest to problems of vocational training of the teacher in Japan. The higher education in Japan. The modern status of the teacher in Japanese society.

Жапонияда мұғалімдерді кәсіби даярлау мәселесіне деген ерекше қызығушылық байқалады. Аталған елде қалыптасқан педагогикалық білім беру жүйесі мен оның мазмұны біршама өзгерістерге ұшырады, оның сипаты мұғалімнің әлеуметтік жағдайына және іс-әрекеттің аталған саласында қажетті кәсіби және адамгершілік сапалардың мәніне тәуелді болады [1].

Жапонияда жоғары білім беру жүйесі өзінің даму кезеңдерінде бірқатар жетістіктерге жетті. Педагогикалық білім берудегі айқын және сапалық өзгерістер, интернационализация және демократияландыру, ғылыми зерттеулердегі жетістіктер, интеграциялық үдерістер, қоғамның ақпараттандырылуы, қоғамның демографиялық моделіндегі өзгерістер, халықтың жасына, әлеуметтік жағдайы мен жынысына тәуелсіз, үздіксіз білім алуға деген қажеттіліктің артуы сияқты факторларға байланысты болды.

Жапониядағы мұғалім құқығының сақталуына мемлекет кепілдік береді. Өзгермелі экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайлар мұғалімнің қоғамда алатын орны мен рөліне деген көзқарастарын да өзгертеді. Жапонияның мұғалімдер ассоциациясының бесінші кезектен тыс мәжілісінде жылдың тамыз айында «Педагогтар хартиясы» құрылды. Оның соңғы редакциясы 1995 жылы бекітілді. Жапония мұғалімдерінің аталған құжаты мұғалімнің құзырлылық мәселелерін, оның тәуелсіз білім беруге деген құқығын, авторлық әдістемелер мен тәсілдерді қолдану мәселесін қарастырады, аталған құжатты ересек адамдардың балалардың өзіндік өмір жолын тандаудағы құқықтарын құрметтеу қажеттілігіне ерекше

назар аударылады [2].

Білім беру саласындағы мамандарды даярлау үш деңгейді қамтиды: екі жылдық (маман); төрт жылдық (бакалавр); дипломнан кейінгі (доктор).

1991 жылдан бастап Жапонияда педагогика мен психологияның негіздерін, оқу пәндерінің әдістемесін, адамгершілік тәрбие курсы, элективті курстарды (педагогика тарихы, тәрбие философиясы, салыстырмалы және әлеуметтік педагогика, мектептану курсы және басқа таңдау пәндері) қамтитын педагогикалық білім берудің Жаңа стандарты жұмыс істейді. Аталған пәндерден басқа, педагогикалық практика және кәсіби бағдар беру жұмысы бар. Университеттер жанында тәжірибелік алаң ретінде балабақшалар мен мектептер қызмет етеді, онда оқыту мен тәрбиенің жаңа әдістемелері мен технологиялары тәжірибемен өткізіледі. Осындай мектептер практикант-студенттер және оқытушылар үшін педагогикалық шеберлік көрсету зертханалары ретінде қызмет етеді.

Мемлекеттік стандарт туралы жаңа ереже педагогикалық білім беруді дамытудың стратегиясын түбегейлі өзгертті. Аталған ережеде университеттердің іс-әрекетін реттейтін қатаң шектеулер алынып тасталды. Қазіргі кезде аталған елдің жоғары оқу орындарында оқу жоспарларын, бағдарламаларын, жалпы білім беретін және арнайы пәндер жиынтығының нұсқаларын құрастыруда зор мүмкіндіктер мен еркіндік берілген. Жапонияның жоғары оқу орындары ғылыми-зерттеу жұмысын белсендіруді ерекше назарға алады. Атап айтсақ, психологиялық-педагогикалық дайындықты күшейту, оның міндетті және элективті құрамдастарының үйлесімі, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау әдістері мен формаларының алуан түрлілігі, мұғалімдік кәсіпке ие болудың шарты ретіндегі жоғары білім алуға бағдарлану, педагог-кадрлардың ротациясы сияқты педагогикалық білім берудегі қалыптасқан үрдістер туралы айтуға болады [1].

Жапонияда мұғалімдерді даярлау жұмысы алты жыл жүргізіледі және оған ұқсайтын әлемде білім беру жүйесі болмайды. Жапонияда сэнсэй болу құқығына ие болу оңай емес. Мектепте жұмыс істеу үшін, мұғалімнің жоғары білімі болуы керек, сонымен бірге, ол бірнеше сатылардан тұратын күрделі емтихан сынағынан өтуі қажет. Осы сынақтардың барысында, ең алдымен, ізденушінің балалардың алдында білімнің алуан түрлі салаларында, атап айтсақ, музыка, бейнелеу өнері, спорттағы қабілеттері бекітіледі. Кәсіби білімдер, біліктер мен дағдылардан басқа, мұғалімнің таза адамгершілік, білімді бейнесі болуы керек, сонымен бірге, ол спорттық разрядқа ие болуы керек, қалам мен қылқаламды шебер меңгеруі, музыкалық аспаптарда ойнай білуі керек. Мұғалімнің рөлі оқытудың мазмұны мен әдістері мәселесін шешумен ғана анықталмайды, себебі жапон мектебі өзінің оқушыларына университетке оқуға түсу үшін қажетті білім деңгейіне кепілдік бермейді. Мұнда балалармен бірлесіп өмір сүру білігі, олардың өзара көмек көрсету қабілетін қалыптастыру, өзіндік талдау жасауға үйрету, сыныпта келісім мен үйлесімге қол жеткізу басты құндылық болып саналады.

Сабақтағы ынтымақтастық оқытудың жемісті және нәтижелі болуының шарты болып саналады. Сабақта күрделі тапсырмаларды шешуде, балалардың өздерінің жолдастарының нәтижелі жауаптарына ықпал ету тәжірибесі ерекше зейін аудартады. Бұлай ықпал ету балалардың эмоционалды қатынасында және қол шапалақтауында көрініс табады. Топтағы келісім мен үйлесімді мұғалім қамтамасыз етеді. Жапон педагогтарының мектепте тәрбие жұмысын жүргізуге даярлықтары жоғары деңгейде көрінеді [3].

Жапониядағы педагогикалық даярлық жүйесін зерттеген К.И. Салимованың пайымдауынша, педагогикалық факультетте оқыту барысында, сабақтан тыс іс-шараларды жүргізу әдістемесі мен адамгершілік тәрбиенің теориялық курсына мамандық бойынша негізгі пәндерге жұмсалатын уақыт бөлінеді [4].

Жапондық қоғамда мұғалімнің қазіргі заманғы беделі мен мәртебесі өте жоғары. Жапонияда мұғалім болу жеткілікті жоғары жалақысы бар мәртебелі қызметке ие болуды білдіреді. Мұғалімнің қызметке орналасу үшін, екі-үш күнге созылатын префектураның білім басқармасының деңгейінде өткізілетін қатан сайыстық іріктеуден (бұл жазбаша емтихандар, сұхбат және практикалық біліктерді тексеру) өту керек. Жапон мектебінде мұғалімдік қызметті ер адамдардың саны басым, әсіресе жоғары сынып мұғалімдерінің арасында ер адамдардың үлесі көп, алайда орта буындағы білім беру мекемелері педагогикадағы екі жыныс өкілдерін теңестіруге бірте-бірте жақындап келеді.

1. Есеева М.Т. Развитие системы общего среднего образования Японии // Дисс. канд.пед. наук. – Алматы, 2008 г.

2. Капранова В.А. Сравнительная педагогика // Школа и образование за рубежом: учеб.пособие, – Минск, 2004 – С. 172-174.

3. Школьное образование в Японии. Информационный отдел Посольства Японии (без года и места издания).

4. Павлова Т.Л. Современная японская школа: проблемы, поиски, реформы. [www.Japantoday.ru](http://www.Japantoday.ru).

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДА МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

**А.Ж. Анесова** – *С.Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университетінің докторанты, Павлодар қ.,*

**Г.Ж. Анесова** – *Қ.Бекхожин атындағы жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімі, Павлодар қ.,*

**М.К. Шаханова** – *Қ.Бекхожин атындағы жалпы орта білім беру мектебі, логопед, Павлодар қ.*

### Резюме

В данной статье авторы раскрывают актуальность применения модульной технологии и ее роль при подготовке будущих учителей в высших учебных заведениях. Также раскрывается понятия как «паритет» – принцип равенства и равноправия сторон. Описывается, что при проектировании модульной программы нужно опираться на следующие правила: модульное правило, структурное правило и т.д. Также говорится о том, если каждый будущий учитель освоит компьютер, интернет и новые технологии, то наше будущее поколение будет расти и процветать.

### Summary

The article deals with the topicality of the module technology application and its role in teacher training at universities. The notion of “parity” as a principle of equality and equal rights is revealed as well. It is described that in the process of module programme designing it is necessary to take the modular rule, the structural rule, etc. into account. The fact that if every future teacher masters the computer, the Internet and new technologies, our future generation will develop and prosper is also mentioned in the article.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 50 өркениетті елдердің қатарына қосылу керек деген ұстанымының жоғары оқу орнына да маңызды екеніне басымдық мән береміз. Болашақ мамандардың мемлекеттік стандарт ауқымында меңгерген ғылыми негіздегі біліктілігін өздігінен өркендете алуына ықпалдастық қуат беру болашақ мұғалімдер, оқытушы-профессорлардың атқарар басты міндеті демекпіз. Интерактивтік оқытудың шығу тегіне ой жүгіртсек, ол – 1954 жылы Б.Ф. Скиннердің бихевиористикалық психология негізінде құрған тік сызықты оқытудың программалық технологиясы. Елуінші жылдары Альфред Бинеден кейінгі компьютерлік жүйеге лайықты өзара әрекеттік технологияның алғашқы баспалдағын құрған Б.Ф. Скиннер бұл оқытуды «бас марапаттау – қайшы пікір – білім қорын бекіту» айдарымен келетін қағидаға сүйене отырып тәжірибеге енгізген [1]. Студентке программалық оқыту технологиясының алғы шарты білім мазмұнын ұсынады, студент өзінің когнитивті танымын іске қосады, өзінше оған жауап алып, өзінің интеллектуалды әлеуетінің құндылық дәрежесін шығарып отырады. Программалық оқыту жоғары оқу орындарында бүгінгі кредитті технологиядан силлабустық жүйені толықтай студенттің өздігінен және жеке қабілеттілігіне орай дәстүрдегі оқыту үрдісінде студенттердің оқу іс-әрекетінің басқаруы үйретушілік қызметке ие болады.

Сөйтіп, кешегі 50 жылдардағы қаланған программалық оқыту бүгінгі модернизация кеңістігінде үш түрлі бөліктің басын құрап, модульдік жіктемені түзеді:

1. Білім мазмұнын немесе ғылыми-біліми ақпарат мөлшерін логикаға сәйкес құрайды.
2. Ақпаратпен іс-әрекетке түсу мақсатында арнайы тапсырмалар ұсынылады.
3. Бақылау тапсырмалар әдістемелік нұсқаулықтарымен әзірленеді.

Аталған модульдік жіктеме тұтастанып, студенттің бір блоктан меңгеруіне тиісті және игерген ғылыми-біліми нұсқалы деңгейін өзіне-өзінің басқа көзбен қарау тұрғысында бағалануына мүмкіндік береді. Программалық оқытудың нәтижесінің өзі модель құруға ықтимал жасайды. Өкінішке орай, интерактивтік технология деген ұғымда оқытушы-профессорлық құрам өкілдерінің кейбіреуі мүлдем таныс емес деген ұстанымда. Жалпы білімдену технологиясы педагогикалық технологияның іс-әрекеттегі сынақтан өтіп, әбден шираған түрі. Скиннердің оқытудың тік сызықты программалық технологиясында білім мазмұны тұлғалық қабілетіне шақталып беруіне бағдарланады. Егер студент жауаптарын дұрыс беріп отырса, алға тігінен жылжи береді. Бүгінгі модернизация кеңістігінде ондай жылжымалы ілгерілеушілікті траекториялық қабылдау дегенге саяды. Скиннердің технологиясындағы оқыту моделі төмендегі қағидалардан тұрады [1]:

1. Білім мазмұнын кіші бөліктерге жіктелер беруі.
2. Жауаптың өзінше берілуіне қарай бағалау. Студент өзінің іс-әрекетінің қорытындысын шығарып отыруы.
3. Оқыту қарқынын жекелік қағидамен есептеу. Бәріне бірдей уақыт мөлшерін бермеу.

Оқытудың тік сызықты программалық технологиясы бүгінгі күннің қажеттілігінен туған интерактивтік технологиясына негіз бола алатынына көзіміз жеткендей. Осы ойымызды тұжырымдай келсек, білім

мазмұнын мемлекет стандарт шегінен кем алмай, оның ірі блоктарын кіші модульдерге жіктеп, бірақ олардан ірі модельдер шығатынын еске сақтауға студенттерді бағдарлап отырсақ, жаңа инновациялық технологияның нұсқасы ретінде интерактивтік шығатыны сөзсіз. Нәтижесінде, негізін салған ғалымдардың ілімін білмей, бүгінгі модернизация кеңістігіне лайықты білімдену технологиясын қолданамын деу көкейге сыйымсыз.

Скиннердің программалық технологиясының ішкі мазмұнын бүгінгі талапқа ыңғайлай алу әр оқытушының іскерлігіне байланысты.

Модульдік іс-әрекетті жобалаудың өзіне тән дидактикалық қағидалары мен өлшемдіктерін сәйкестендіре сұрыптауға бағдарлайды. Модульдік іс-әрекетті жобалаудың өзіне тән қағидалары бар:

1. Әрбір пәннің ғылыми ұғымына негіздеме жасау, базалық бірліктерді білім мазмұнын меңгеру барысында айқындау.

2. Білім мазмұнын логикалық ретпен жүйелі түрде құрастыру (оқулықтан басқа).

3. Білім мазмұнының тұтастығы мен тәжірибелік маңыздылығын қарастыру.

4. Оқу материалын көрнекті тұрғыда құру.

Қорыта айтқанда, модульдік бағдарлама модульдік оқытудан жоғары. Бұл модель модульдің ортасындағы іс-әрекет. Модульдік бағдарламаны жобалаудың тек өзіне тән қағидаларын ескерген жөн. Оған мыналар жатады: модульдік, құрылымдық, өзгертілімдік, іс-әрекеттік, паритетті, кері байланысты ішкі мүмкіндіктерімен, интеллектуалды әлеует қорымен жүзеге асырушылық.

Модульдік қағида – модульдік оқытудың мұрат-мүддесінен тууы және оның маңыздылығы, студенттердің болашақта меңгеретін мамандығына қатысты оқу ақпаратының ауқымын айқындайтын құралдардың негізі.

Құрылымдық қағида – оқыту мазмұнының модульдік жүйеге негізделуі, әрбір модульді айқындайтын дидактикалық мақсаттың құрылуы, оқытудың іс-әрекеті оның жетістігіне бағдарланып келуі. Модульдік бағдарламада кешенді дидактикалық мақсат ғылымаралық интеграциясының алғы шарты іспетті рөл атқарады. Әрбір мақсат (интегралды) нақтылы модульді қамтамасыз етеді. Жеке пәннің дидактикалық мақсатының дербестігі тек тоталитарлық жүйеге тән болып келеді. Білім саясатын қоғамның даму саясатынан бөліп алып қарауға болмайтыны белгілі.

Өзгертілімдік қағида – әлеуметтік-экономикалық кеңістікке, ғылыми-техникалық жағдайға қатысты өзгерістерге білім меңгеру, оқыту саясатын, парадигмасын өзгертіп отыру, модульдік технология сипатының іс-әрекетке ілесіп отыру шама-шарқының дамуы.

Өзгертілім оқыту үрдісінің технологиялық, мазмұндық, құрылымдық аспектілеріне ықпал етеді.

Модульдік оқытудың өзгертілім қағидасында оқытушы-профессорлардың болмысында дәстүрлі педагогикадан қалған әкімшіл-әміршіл басқарудан жұрнақ та қалмайды. Өзгертілім қағидасы модульдік оқыту бағдарламасын жүзеге асыру үрдісінде оқытушы-профессор және студент одағының қауымдық іс-әрекетінің сандық, сапалық көрсеткішін ілгерілетіп, құрылымын тәртіптеп, рет тәртібінің модульге блоктар арқылы жүйеленіп келуін қамтамасыз етеді. Мазмұнды өзгертілім оқыту мазмұнымен саралап, бағалау, бақылау іс-әрекетінің амалдарын көпнұсқалы (деңгейліктерге жіктеп) тұрғыда жүзеге асырады. Сөйтіп, үдірісті аспект студенттердің танымдық ойлау, парасаттау, бағамдау, тұжырымдау, түйіндеу сияқты нұсқалы қызметін жекеше дамытуға мүмкіндік жасайды.

Іс-әрекеттік қағида білім мазмұнын меңгеру сипатын тексеру, бағалау, түзету мақсатында жүргізілетін жұмысты қамтамасыз етуді іске асырады. Өнімді жетістікке жетуге қолайлы жағдай туғызады.

Паритетті қағида бұнда студент пен оқытушы-профессор субъектілі-субъекті қарым-қатынасында болып, «педагог – білім беруші», «студент – білім алушы», екі тұлғаның одақтық іс-әрекетінің «кенестік-үйлестірушілік» қызмет орнығып, білім мазмұныны мамандық жіктемесіне орай стандарт шегінде құзыреттілікке бағдарлай отырып, өздік жұмыстың басымдығында игеріледі.

«Паритет» – теңестік, тепе-теңдік деген ұғымды білдіреді. «Паритет» – принцип равенства и равноправия сторон [5].

Интеллектуалды әлеует қорын жүзеге асырудың қағидасы кері байланысты ұйымдастыру болып табылады. Оқу материалын классикалық тұрғыда іске асырудан ерекшелігі әрбір студенттің ішкі интеллектуалды әлеуетінің қарқынды даму шегін әр тұлғаның іштей бақылау, кері байланысты өзіне-өзі ұйымдастыра алу шеберлігін ширатылуына мүмкіндік жасайды. Кері байланысты жүзеге асыру қағидасы бақылау мен өзін-өзі бақылауды нақтылы бағдарламаның модульдік жіктемесінде меңгерілуіне жол ашады. Нәтижесінде ақпараттық-бақылаушы қызмет орнығып, студенттің жеке мүддесін іске асырудың үйлестірушілік қызметі дамытылады. Студенттің ата-ана үшін, біреу үшін оқымайтынына көзі жетіп, оның білімге ашқарақтылық, тойымсыздық қабілеті ұшталады. Мұның негізін қалаған данышпан –

шығыс елінде Әбу Насыр әл-Фараби, біздің кеңістікте оны дамытқан – П.А. Юцевичене (педагогикада). Жеке жұмысты жүзеге асыру қағидасы – модульдік бағдарлама құруда оқытудың құрылымдық модулін түзуге бірден-бір қозғаушы күш.

Іс-әрекеттік тұлғалы болмысты аталған технология қағидаларымен жүзеге асыруға мүмкіндік бар екені байқалды.

Әр ғалымның өзінше тұжырымы бар. Олай болса, модульдік іс-әрекет тұлғалы болмысты дамытудың қағидаларын. Р.С. Бекированың зерттелімінің алар орны ерекше [3]. Іс әрекеттік тұлғалық болмысты дамытудың қағидалары:

1. Оқытылымға қатысушының белсенділік іс-әрекетін дамыту қағидасы.
2. Жекеше оқыту қағидасы.
3. Жұптық жұмысты ұйымдастыру қағидасы.
4. Толғанысты, тексергіштік қағидасы.
5. Білім объектісін таңдау және оған жауаптылық қағидасы.

Қорыта келгенде, әр студенттің мамандыққа қатысты интеллектуалды әлеуетін өзіне-өзінің дамыту қағидалары жоғарыда аталып өтті. Стохастикалық парадигманың кеңестік дәуірде қолданымда болмауының басты себебі айқындалды. Тәжірибенің теориясыз қалыптасуының салдары оқытушы-профессорлардың іс-әрекетін тағылымсыз, парасатты іс-әрекетсіз қолданылуы екені ашылды. Нәтижесінде әр студенттің ішкі интеллектуалды әлеуеті оның мамандығына қарай ұдайы үзіліссіз дамытылуы кемсін қалып, керісінше, алгоритмдік және эмпирикалық парадигмалардың механистік қолданылуы басымдықта болып келгеніне дәлелді пайымдамалар жасалды.

Жоғарыдағыларды жинай отырып зердеден өткізсек, білімденудің инновациялық технологияларының мәселелерінен мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Білімденудің инновациялық технологиясының түрі болып есептелетін модульдік оқыту кез-келген кәсіби және мамандыққа мінездеме жасауға қозғаушы күш боларлық стандарты жүзеге асырады.

2. Модульдік оқыту теориясының барлық қағидаларының өзара сабақтастық заңдылығы (іс-әрекет белсенділігі, жекелеу, жұптық қарым-қатынас, толғаныс жасау, таңдауға құқылы және оған асқан жауаптылықпен қарау) іс-әрекеттің тұлғалық болмысын дидактикалық қағидалармен айқындалып отыруы көзделеді.

3. Модульдік оқытудың кіші жүйелері тұтастық қағида талабы тұрғысында тұлғалық іс-әрекет қағидасымен сабақтасып, оның макроүлгісін, моделін құрайды (мысалы: 1 оқулықтағы 10 ірі тараудың 10 модульге жіктеліп, 1 оқулықтың үлгісін құрауы).

4. Оқытудың тұлғалық-бағдарлық, үйлестірушілік үлгісі, моделі негізінде дидактикалық қағиданың негізінде саралау, даралау іс-әрекетінің модульдік оқыту үрдісін жүзеге асыруы қарастырылады.

Білімденудің инновациялық технологиясының модульдік бағдарламасы төмендегілерді анықтайды [4]:

1. Модуль және модульдік бағдарламалық оқытудың дидактикалық мақсаты жобаланады. Бүгінгі таңда Мемлекеттік оқу жоспарының мамандық игеруге тиісті стандарты аталған жобаның ең маңызды шарты болып есептеледі.

2. Студенттер үшін техникалық бағыттағы мамандықты меңгерудің фундаментальді даярлығы бірқатар күрделі қиындықтар туғызады: болашақ мамандығы туралы жеңіл-желпі хабар, мәлімет, ақпарат жоғының әртүрлі болып келуі, оның жүйесіздігі. Ғылыми аралық білімділік пен сабақтастықтың, байланыстың стандарт шегінде қарастырылмауы. Осының салдарынан ЖОО-нда алған фундаментальді білімін кәсіби-қолданбалы сыңайда қолдана алмауы.

3. Білімдену технологиясының біртүрі болып есептелетін Модульдік және Модельдеу технологияларының қолдану аясында жалпы стандарт шегіндегі сабақтың уақыты аудиториялық дәрістерден гөрі студенттердің танымдық-когнитивтік, гносеологиялық-аксеологиялық, праксеологиялық іс-әрекеттерін өздігінен жұмыс жүргізе алу мүмкіндігіне ыңғайлап ұйымдастырады.

4. Білімденудің инновациялық технологияларының бір түрі болып есептелетін Модульдік және модельдеу мемлекеттік стандарт талабын қатаң тұрғыда бұлжытпай орындауға әмір бермейді, керісінше, сол пәнді сан-салалы нұсқа түрінде таңдау іс-әрекеті арқылы білім мазмұнын тұрақты және түбегейлі меңгеруге мүмкіндіктер жасайды.

5. Модульдік және модельдеу технологиялары білімденудің инновациялық бағдарын іске асыру үрдісінде әрбір оқытушы-профессордың құзыретті маман болуын талап етеді. Сондықтан да бүгінгі таңда әртүрлі курстар отандық және шетелдік кеңістікте ұйымдастырылып, таңдауына қарай ОПК ол даярлықтан өтіп, сертификатын ұдайы жаңартып отыруына бағдар жасалады.

Білім мазмұнын сапалы да санатты меңгеру үшін білімдену технологиясын дидактикалық келесі мәселелерін шешуге бағдарлауға негіз боларлық озықтық түрлерін қолданған тиімді. Олардың түзілімі



төмендегідей:

1. Оқу үрдісін қарқындылықпен, ұтқырлықпен ұйымдастыру.
2. Студенттердің танымдық-когнитивтік-әрекетін саралау және даралау.
3. Әртүрлі ақпараттарды жүйелеп, ғылыми аралық табиғи байланысты зерделеу.
4. Бақылау нәтижелерін қорытудың ақиқатты, шынайы нысанын саралау.
5. Болашақ мамандардың кәсіптік-маңыздылық сапа көрсеткішін диагностикалау, қабілет, шығармашыл-креативтік бейімділігін бағалаудың көрсеткішін алдын-ала жобалау, түзету енгізуді күні бұрын зерделеу [2].

Оқыту технологиясының аталған жаңа мәселелері әр студенттің өзіне-өзінің көңілінің толмауы мен өзін-өзі жоққа шығаруымен тұйықталып, оның шешілуіне көптеген қарсы әрекеттердің кездесетіні байқалып жүр. Сөйтіп, әр студенттің интеллектуалдық-рухани құндылықтары кәсіби құзыреттілік төңірегінде болмай отыр.

Қорыта келгенде, бүгінгі оқыту кеңістігінде бұл тегеурінді мәселені компьютер мен жүйе ғана шешетіні белгілі. Егер компьютер жүйесін оқыту іс-әрекетінде жүзеге асырсақ, модульдік оқыту технологиясын программалық технологиямен кіріктіріп өткізуге мүмкіндік алар едік. Болашақ мұғалім жүйе мен компьютерді өте жақсы меңгерсе, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жуырда Халыққа жолдаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» талаптарын орындауға мүмкіндік туғызары сөзсіз.

1. Скиннер Б.Ф. *По ту сторону свободы и достоинства (Beyond Freedom and Dignity)*. – New York: Knopf, 1971.
2. Жұматаева Е. *Жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесі. Монография*. – Алматы: Ғылым, 2001. – 114 б.
3. Қалиев С. *Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы*. – Алматы: Рауан, 1998. – 126 б.
4. Елікбаев Н. *Ұлттық психология // Көмекші оқу құралы*. – Алматы: Қазақ университеті, 1992, – 96 б.
5. *Қазақша-орысша терминологиялық сөздік*. – Алматы: Рауан, 2000 ж.

## ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЕРІК САПАЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж.Т. Сейдуалиев – аға оқытушы,

Б.Б. Атабекова – педагогика психология магистрі, оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

### Резюме

В этой статье рассматриваются особенности волевых качеств у студентов.

### Summary

In this article are considered peculiarities of willing qualities of students.

Бүгінгі күн жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру мемлекеттің алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі. Еңбек өнімінің өсуі, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жақсарту, осылардың барлығы адамға қатысты мәселелерді ғылыми зерттеуді талап етеді. Өмір сүру барысында дамыған тұлғаның ерекшеліктері, меңгерген білімінің көлемі мен сипаты, қызығушылығы, ерік сапаларының ерекшеліктері, адамгершілік қасиеттері, осылардың барлығы адамның белгілі бір жағдайға еркін жауап қайтаруына, оның жағымсыз психикалық факторларға бейімделуіне белсенді және мақсатты түрде әсер етеді. Студент тұлғасының ерік процестерін теориялық және экспериментальді зерттеу студенттің оқуда, еңбекте, қоғамдық өмірде белсенділігін дамыту жолдарын ашуға мүмкіндік береді. Біздің қоғамның болашағы болашақ педагогтарды, психологтарды, өндіріс және ғылым басшыларын т.б. мамандарды тек қана сауаттылыққа ғана емес, сонымен қатар белсенділікке, алдына қойған міндеттерге қызығушылықпен қарауға тәрбиелеумен байланысты. Соның негізінде тұлғалық позициясы белсенді, өзінің күшіне сенімді, орындалатын іс әрекетке шығармашылықпен қарайтын тұлға қалыптасады. Әрине ерік процестері дұрыс қалыптаспаған студенттерде осындай сапалардың көрініс беруі қиындайды. Осыған байланысты студенттердің ерік процестерін қалыптастыру кешенді зерттеуді талап етеді.

К.Д. Ушинский студенттік кезеңнің адам үшін маңыздылығы мен жауапкершілігін көрсете келіп: «Біз адам өміріндегі 16 дан 22-23 жасқа дейінгі жасаралықты ең шешімді кезең деп есептейміз» деген. Сол себепті студенттік кезеңде субъект қасиеттерін меңгеру маңызды мәселе болып табылады.

Студенттер – бұл ерекше әлеуметтік категория, білімді және кәсіби біліктерді мақсатты түрде жүйелі меңгертін және оқу еңбегімен айналысатын алдыңғы қатарлы топ. Студенттер субъективтік қасиеттерімен ерекшеленеді. Әлеуметтік-психологиялық аспектіде студенттер өзге топтардан жоғары білімдік

деңгейімен, мәдениетті белсенді қолдануларымен, жетістікке жету және танымдық мотивацияларының жоғарылығымен ерекшеленеді.

Бүгінгі студент озық ақпараттық білгірлікті, қажетті іс-әрекеттік дағды-іскерлікті игеріп ғана қоймай, оларды танымдық әрекет нәтижесі ретінде дамытуы керек. Адамның сыртқы дүниесінің байлығы біріншіден, оның білімділігімен, дүниетанымымен, мұратымен, мақсатымен, өмірлік жоспарымен, қоғамдағы рухани өмірдің негізгі құндылықтарын орынды пайдалана білуімен байланысты. Адам өмірі үлкен мақсатқа бағытталған жағдайда ғана мазмұнды бола түседі. Осы мақсат адамды толыққанды, әдемі, үйлесімді етеді /1; 236-239/.

Ол біз адам бойынан жоғары бағалайтын шексіз энергияны, батылдықты, өз күшіне деген сенімділікті тудырады. Және осы мақсат адам өмірінен қаншалықты маңызды орын алса, ол соншалықты ерік сапаларын ынталандыра түседі.

Студенттердің жеткілікті, жақсы білім алуы көптеген факторларға байланысты. Оның ішінде маңызды орын алатындары: интеллект – ақыл-ой іс әрекетінің көрсеткіші ретінде, зейін – танымдық іс әрекеттің реттеуші қызметін атқарушы, эмоциялық-еріктік сфера – студенттердің іс әрекетін реттеуші ретінде қызмет атқарады.

Студент өз болашағын өзі жасаушы, өзінің алған білімін, ерік-жігері мен шығармашылық белсенділігін, эмоцияларын іс-әрекеттің белгілі бір түрін меңгеруге жұмылдырып, өмір ағысына икемделе білген, ертеңіне үмітпен, сеніммен қарайтын жеке тұлға. Өз бойындағы дарын мен қабілетті, мүмкіндік пен бейімділікті заман талабына сай қалыптастыру, оны дамыту, ұйымдастыру, өзін өмір бойы оқуға, ғылымға, еңбек етуге баулу, алған білімін үздіксіз жоғарлатып отыру студенттен жоғары деңгейлі ерік сапаларының болуын талап етеді /2; 56/.

Ерік – бұл сыртқы және ішкі қиындықтарды мақсатқабағытталған әрекеттер арқылы жоя білуде көрініс беретін адамның әрекеттерінің немесе іс әрекеттерінің саналы регуляциясы.

Тұлғаның ерік сапалары туралы жайлы теориялар бірнеше кезеңдерден тұрады. Ғалымдар Августин, И.Д. Скотт, А.Шопенгауер, Э.Гартман ерікті философиядағы идеалистік бағыт валлонтаризммен байланыстырса, Б.Спиноза, У.Джеймс ерікті таңдау мен түрткілер арасындағы қайшылықтар мәселесі ретінде қарастырды.

Ал Г.И. Челпанов, Ф.Лерш, В.Е. Франкл ерікті қиындықтар мен кедергілерді жеңу механизмі ретінде қарастырса, Л.С. Выготский ерікті таңдау еркіндігімен байланыстырады, осы көзқараста М.В. Аллахвердиев, П.В. Симонов болған. Ерікті мотивациялық тұрғыдан Э.Мейман, С.Л. Рубинштейн, К.М. Гурьевич, Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев, В.А. Иванников қарастырады. Сонымен қатар ерік мәселесі жайлы Қ.Жарықбаев, Ә.Алдамұратов, Сәбет Бап-Баба еңбектерінде жазылған ерік мәселесі жайлы көзқарастар, эксперименттер теория және практика үшін өте маңызды.

Ерік мәселесі, адам іс-әрекетінің ерікті және еріксіз реттелуі ұзақ уақыт бойы ғалымдарды ойландырып, әр түрлі пікірталастар тудыруда /5; 259/.

Ерік мәселесін зерттеу қиындығы ғылыми тұрғыдан және былайғы өмірде түрліше түсіндірілуде. Былайғы өмірде ерікті еркіндік ретінде, кейде адам тілегінің бір жағы ретінде, кейде мінез-құлық күшінің көрінуі ретінде қабылдаймыз. Осы көріністердің әр түрлілігіне байланысты, ғылыми тұрғыдан екі қарама-қарсы бағыт бар. Оның бірі сыртқы кедергілерге қарамастан, адамның әрекетін автоматтандырумен байланысты болса, екіншісі – детерминизммен адам әрекетінің сыртқы шарттылығымен байланысты.

Ерік адам психикасының маңызды компоненті болып табылады, ол тұлғаның мотивациялық сферасымен, танымдық және эмоциялық процестерімен үздіксіз байланысты. Еріктің ең басты қызметі – мотивацияны күшейту және соның негізінде әрекеттің саналы реттелуін дамыту.

Еріктік әрекеттер іс-әрекет мақсатын, оның маңызын саналы түсінумен, өз импульстерін басшылыққа бағындырумен, қоршаған орта шындығын өз ойына сәйкес өзгерте білумен байланысты. Еріктің негізгі сипаттарының бірі оның күші /3; 120-121/.

Ерік күші-еріктік актілердің барлық кезеңдерінде, әсіресе еріктік әрекеттердің көмегімен жойылған қиындық және одан алынған нәтижеден жақсы көрініс береді. Ерік күші арқылы жойылған кедергілер оның объективті көрсеткіші болып табылады. Еріктік әрекеттердің кезеңдері тұлғаның келесідей сапаларына тәуелді: мақсатқабағыттылық, инициативтілік, өзбеттілік, шыдамдылық және өзін ұстай білу.

Мақсатқа бағыттылық – адамның өз әрекеттерін қойылған мақсатқа бағындыра білуі. Мақсатқа бағыттылық өзге ерік сапаларының даму деңгейі мен мазмұнын анықтайтын тұлғаның маңызды мотивациялық-еріктік сапасы болып табылады. Мақсатқабағыттылық стратегиялық және оперативті болып бөлінеді. Стратегиялық мақсатқабағыттылық – тұлғаның барлық өмірлік іс-әрекеттерін белгілі бір принциптер немесе идеалдар арқылы басқара білуі. Оперативті мақсатқабағыттылық – жеке әрекеттер үшін тұлғаның

анық мақсат қоя білуі және оны орындау процесінде одан бас тартпауы.

Инициативтілік – өзіндік бастама бойынша әрекеттерді іске қоса отырып шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілеті.

Өзбеттілік – әр түрлі факторлардың ықпалына көнбеуден, өзге адамдардың кеңестері мен ұсыныстарын сыни бағалай білуден, өз көзқарастарының негізінде әрекет ете білуде көрініс береді. Өзбеттілігі жоғары адамдар өзгенің көмегінсіз мәселені көре біліп, соған байланысты өзінің алдына мақсат қояды /4; 142-145/.

Психология ғылымында ерік мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ерік адамның ішкі және сыртқы қайшылықтарды жеңуімен байланысты, оның өзінің мінез-құлықтары мен іс-әрекетін меңгере білу қабілеті. Ерік адам психикасының маңызды компоненттерінің бірі болып табылады және танымдық мотивтермен эмоциялық процестерімен тығыз байланысты. Адамның барлық әрекеттері екі категорияға бөлінеді: ерікті және еріксіз.

Еріксіз қозғалыстар мақсат қойылмайтын қозғалыстар.

Ерікті қозғалыстар – адамның саналы және мақсатқа бағытталған әрекеттері. Себебі олар адам ерігінен туындайды. Ерік мақсат таңдауда, шешім қабылдауда, әрекет етуде, қайшылықтарды жеңуде өте қажет. Қайшылықтарды жеңу ерік күшін талап етеді. Кез-келген ерікті әрекет нәтижесінде адам белгілі бір мақсатқа жетеді және екіншіден, адам өз әрекетін бағалайды.

Ерік студенттің ішкі және сыртқы қайшылықтарды жеңуімен байланысты, және өзінің мінез-құлықтары мен іс-әрекетін меңгере білу қабілетіне байланысты. Ерік процесі эмоциямен тығыз байланысты. Осы тығыз байланыс және оның студенттің іс-әрекет барысында өзінің психикалық күйлерін басқаруға тигізер әсері эмоциялық-ерік сфера ұғымында қарастырылады. Ерік эмоцияның іс-әрекетке тигізер негативті әсерін реттеуші және түзетуші құрал ретінде көрінеді. Эмоция ерік күшіне субъективті тон беріп, оның потенциалын жоғарлатуға қатысады. Яғни олар шынайы әрекетте бөлінбес процестер болып табылады. Ерік, Р.С. Немовтың берген анықтамасы бойынша, – адамның өзінің психикасы мен іс-әрекетін саналы түрде басқара білу қабілетінен көрінетін қасиет. Бұл қасиет тұлғаның мақсатқа жету жолында кездесетін қайшылықтармен күресуінен көрініс береді. Зерттеулердің көрсетуі бойынша, студенттердің белсенділіктері мен оқу үлгерімдері неғұрлым жоғары болса, ерік сапаларының жоғары деңгейде болуы соғұрлым ықтимал. Оқу үлгерімінің жоғары болуы сабақта, құрбы-құрдастарының арасында өздерін еркін сезінулеріне, алға қойған саналы мақсатқа жетуде шыдамдылық танытуға мүмкіндік береді. Олай болса, студенттердің эмоциялық-ерік сфераларының дамып, қалыптасуы ақыл-ой деңгейімен байланысты. «Ерік белсенділігі мен ерікті жаттықтыруды» ғалымдар сыртқы белсенділік деп атайды. Ерік компонентін, яғни «мақсатты ерікті» ақыл-ой іс-әрекетін басқаруға, өзін басқару процесін белсендіруге бағыттап отыру керек. Ерік сапаларымен қатар әрине эмоциялар мақсат қоюдан бастап, нәтижеге жетуге дейін адамның барлық іс-әрекет процесіне қатысады /6; 576/.

Адам дүниеге келгенде белгілі бір ерік сапаларымен дүниеге келмейді, ерік өмір сүру барысында қалыптасады. Ерік сапаларының дамуы сыртқы және ішкі қайшылықтармен күресумен байланысты. Күнделікті қайшылықтарды адам алдына өмірдің өзі қояды. Сыртқы қайшылықтарға жұмыс жағдайы, өзге адамдар тудырған қиындықтар жатса, ішкі қайшылықтарға жалқаулық, шаршау, тәжірибе мен білімнің кемшілігі жатады. Осы қиындықтарды жеңе отырып, біз ерік күштерін нығайтамыз.

Ерік сапасына сипаттама бере келе В.И. Симонов олардың ортақ қасиеттері: кеңдік, күш және тұрақтылық туралы айтады. Ерік сапасының кеңдігі мен тарлығы іс-әрекет саны арқылы өлшенеді. Ерік сапасының күші кедергілерді жеңудегі ерікті күштеу дәрежесімен анықталады. Ерік сапасының тұрақтылығының басты белгісі ретінде шыдамдылық саналады. Осы қасиеттердің ерекшеліктері әр адамда әр түрлі. Ерік сапасының көрінуі әр түрлі эмоционалдық реактивтілікке, жүйке жүйесінің типологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Студенттердің еріктері оның өмір сүру процесінде пайда болған қасиеттерінің белгілі бір жиынтығы, ол мінез-құлықтың саналы өзіндік реттелуінің жеткен деңгейін сипаттайды. Студенттердің ерік қасиеттеріне мақсатқабағыттылықты, инициативтілікті, шешімге келе білушілікті, төзімділікті, ұстамдылықты, батылдықты, өзін басқара білушілікті жатқызуға болады. Адамның еріксіздігі келесі ұғымдармен сипатталады: принципшілдіктің жоқ болуы, инициативаның жоқ болуы, ұстамсыздық, жалқаулық, қорқақтық, қырсықтық және т.б. Тұлға сыртқы ортамен өзара әрекеттесе отырып, көптеген психикалық қасиеттердің иегері болады. Ерік адам мінез-құлығының маңызды компоненті. Халық арасында еріксіз адамдарды мінезсіз адам деп атайды. Сондықтан да ерік сапаларын тәрбиелей отырып, біз адамның мінезін тәрбиелейміз. Тұлғаның бағыттылығы мен ерік сапалары белгілі бір іс-әрекетте қалыптасады (еңбек, оқу, спорт). Кез келген әрекет эмоциямен байланысты. Жоспарланған және қызығушылықпен орындалған іс-әрекет жемісті болады. Егер студент эмоцияларын саналы басқара білмесе,

онда әрекет аффективті сипатқа ие болады /7; 11-18/.

Студенттік өмір көбінесе стрестік ситуациялармен ерекшеленеді. Зерттеулердің көрсетуі бойынша, эмоциялық қолдау көрсету студент санасынан маңызды орын алады екен. Жасерекшелік және педагогикалық психологияда студенттердің эмоциялық-ерік сфералары аз зерттелген. Студенттердің эмоциялық-ерік сфераларын зерттеу олардың оқыту процесінен, әлеуметтік деңгейінен алатын қанағаттану деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді /8; 44-49/.

Студенттердің еріктері мен еріктік сапалары олардың іс-әрекеттерінен, әсіресе емтихан тапсыру, курстық, дипломдық жұмыстар жазу барысында кездесетін күрделі жағдайлардағы қиындықтарды жоюға тырысуларынан көрініс береді. Оқу еңбегінің немесе қоғамдық жұмыстардың қандай да бір жақтары оларды қызықтырмауы мүмкін. Лекция, семинар сабақтарында ырықты зейіннің алатын орны өте маңызды. Баяндама жасауға, жалпы өзіндік жұмысқа дайындалу толығымен жинақылық пен табандылықта талап етеді. Сондықтан да студенттердің еріктері мен еріктік сапалары олардың іс-әрекеттеріндегі қиындықтарды жоюдың, әсіресе бірінші курста еңбекке қабілеттіліктің және жоғары оқу үлгеріміне жетудің алғы шарты болып табылады /9; 289-304/.

Студенттердің еріктері мен еріктік сапаларында оның тұлғасының белсенділігі, өзін-өзі ұстай алу қабілеті және өзінің мінез-құлқын саналы басқара алу қабілеті көрініс береді. Сонымен қатар онда тәжірибесі, білімі, дағдылары мен индивидуалды ерекшеліктері көрініс береді. Еріктің пайда болуына ықпал ететін негізгі себептер тұлғалық және ситуациялық және т.б. мотивтер.

Барлық ерік сапалары бір-бірімен тығыз байланысты, заң бойынша бірін бірі толықтырып, күшейтіп отырады. Ерік сапаларының мықтылығы мен оның құндылықтары идеялық бағыттылыққа, олардың дүниетанымдарына және студенттер іс-әрекеттерінің мазмұнына тәуелді /9; 289-304/.

Студенттердің психикалық күйлері мен ерік сапаларын зерттеу мақсатында «Ситуациялық және тұлғалық мазасыздануды зерттеу әдістемесі», «САН» сұрақнамасы және «Тұлғаның ерік сапаларын зерттеу» әдістемесі қолданылды. Соңында алынған фактілер Стьюдент критерііне салынып, келесідей қорытындыға келдік.

Сонымен, эмоция және ерік сапаларын тәрбиелеу, сонымен қатар олардың ерекшеліктері әр курста әр түрлі бағытта жүреді. Егер эмоция және ерік сапаларын тәрбиелеу жағына келетін болсақ, 1-ші курс студенттерінде ол оқуда жетістіктерге жетумен байланысты, ал жоғарғы курстарда мамандығын меңгеру деңгейімен байланысты. Ерекшеліктеріне келсек, 1-ші курс студенттерінің эмоциялық-ерік сфералары жоғары курс студенттерінің эмоциялық-ерік сфераларына қарағанда әлдеқайда төмен. Оның себебі, 1-ші курс студенті көптеген қиындықтармен кездеседі, мектептік әдеттерді жоюға тырысады, жаңа білім, білік, дағдыларды меңгеруіне тура келеді. Ал бітіруші курс студенті барлық пәндер бойынша білімдерді меңгерген және өз бетінше еңбек етуге дайындалуда.

Біздің зерттеуіміздің көрсетуі бойынша, 1-ші, 2-ші курс студенттерінің көпшілігінде, әсіресе оқу үлгерімі жақсы студенттерде қатты шаршау кездескен. Сонымен қатар өздеріне деген сенімсіздік, мазасыздану да осы курс студенттерінде анағұрлым жиі кездеседі. Мазасызданудың жоғарлауын таңдаған мамандығы бойынша оқу орнына жаңа түскен студенттің әлі де болса бейімделе қоймауымен түсіндіруге болады. Екіншіден, информацияның жетіспеушілігінен студенттерде негативті эмоциялар, яғни күйзеліс пайда болады. Студенттер іс-әрекеттерінің маңызды ерекшеліктерінің бірі оның күрделі де мазмұнды информациялармен жұмыс жасауында. Мазмұны жағынан бұл информациялар әр түрлі, өзгермелі, жан-жақты болып келеді. Информацияның көлемі, оны өңдеуге қойылатын талаптар субъектінің, яғни студенттің психикалық мүмкіндіктеріне қайшы келеді. Осыған байланысты жоғарғы когнитивті қысым негативті фактор ретінде студентті жоғары күйзелуге, стресске әкеледі. Осыған сәйкес олардың ерік сапаларының деңгейі төмендейді. Мұндай жағдайдың алдын алу біріншіден, студенттің өзінің ақыл-ой деңгейіне, оның оқу үлгеріміне тәуелді болса, екіншіден жоғарғы оқу орнының қызметкерлері студенттерге оқу барысында кездесетін қиындықтармен алын ала хабардар етіп, жиындар өткізіп отырған жөн. Себебі, әлеуметтік-экономикалық дамуды жылдамдатуда болашақ мамандарды дайындайтын жоғарғы оқу орындарының жауапкершілігі артып отыр.

4-ші курстар 3-ші курс студенттерімен ұқсас келеді. Мазасыздану деңгейлері жоғары, өзбеттіліктері, жауапкершіліктері жоғары. Олар батылдықтарымен, тәуекелге келе білулерімен, белсенділіктерімен ерекшеленеді. Тәуелсіз, дербес пікірлері бар, студенттермен қарым-қатынастары жеңіл. Әлеуметтік ролдері жоғарылайды. Осылайша, 4-ші курс студенттерінің психикалық күйлер және ерік сапалар туралы ойлары 1-ші курстарға қарағанда анағұрлым қалыптасқан.

Соған қарамастан жоғары оқу орнында білім алу барысында студенттердің үлкен интеллектуалды қиындықтарды жеңе білу біліктіліктері мен өздерінің еңбекке қабілеттіліктерін жоғары қалыпты деңгейде

ұстай білу біліктіліктері сөзсіз қалыптасады.

Жоғарыдағыларды қорыта келгенде, студенттердің жеткілікті жоғары деңгейдегі еріктері мен еріктік сапалары-қоғамды құрушы тұлғаның еңбек және қоғамдық белсенділігі мен шығармашылық инициативасы үшін маңызды жағдай болып табылады.

1. Альманах психологических тестов. – М.: Изд. «КСП» 1995.
2. Глуханюк Н.С. Практикум по общей психологии. – М., 2005.
3. Психология / Под ред. Б.А. Сосновского. – М.: Юрайт, 2005.
4. Дьяченко М.И. Психология высшей школы. – М., 2004.
5. Материалы Междунар.научно-прак. конф. «Аманжоловские чтения – 2005». ч.3.
6. Общие основы психологии / Р.С. Немов, – М.: Владос, 1995.
7. Селиванов В.И. Воля и ее воспитание. – М., 1976.
8. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М., 2004.
9. Зимняя И.А. Педагогическая психология. Учебное пособие. – Ростов н/Д.: Феникс, 1997.

## ЭФФЕКТИВНОСТЬ МЕТОДИЧЕСКОЙ РАБОТЫ, В УСЛОВИЯХ ПОВЫШЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ

Г.В. Беседина – преподаватель, колледж КазНПУ им. Абая

### Түйін

Мақала авторы бүгінгі күннің актуалды мәселесін көтеріп отыр. Неге біздің студенттер тілде таза сөйлемейді? Қазіргі мектептерде оқуға және баланың сөйлеу мәнеріне тиісті мән берілмейтіндігі. Бұл мақалада осы сұраққа жауап беріледі.

### Summary

Be competent today – is relevant and necessary for each teacher.

The modern education poses new problems for teachers and how to handle them this article is about.

Some interesting profiles are offered by the author to determine the professional competence as well as to be prepared for constant changes and improving himself.

Быть компетентным означает способность (умение) мобилизовать в данной ситуации полученные знания и опыт. Исследователь Маркова считает, профессионально компетентным такой труд учителя, в котором на достаточно высоком уровне осуществляется педагогическая деятельность, педагогическое общение, реализуется личность.

Из всех компетенций, необходимых учителю в профессиональной деятельности, можно выделить семь наиболее значимых:

- Социально-психологическая компетенция, связанная с готовностью решать профессиональные задачи, в том числе и в режиме развития;
- Профессионально-коммуникативная компетенция, определяющая степень успешности педагогического общения и взаимодействия с субъектами образовательного процесса;
- Общепедагогическая профессиональная компетенция, включающая в себя психологическую и педагогическую готовность к развертыванию индивидуальной деятельности;
- Предметная компетенция в сферах предметной специальности: знания в области преподаваемого предмета, методики его преподавания;
- Управленческая компетенция, т.е. умения проводить педагогический анализ, ставить цели, планировать и организовывать деятельность;
- Рефлексивная компетенция, т.е. умение видеть процесс и результат собственной педагогической деятельности;
- Информационно-коммуникативная компетенция, связанная с умением работать в сфере новых технологий;
- Компетенция в сфере инновационной деятельности, характеризующая учителя как экспериментатора;
- Креативная компетенция, т.е. умения учителя выводить деятельность на творческий, исследовательский уровень.

Выделенным компетенциям деятельности будут соответствовать соответствующие компетентности педагога:

- компетентность в мотивации учебной деятельности ученика;
- компетентность в раскрытии личностного смысла конкретного учебного курса и учебного материала

конкретного урока;

- компетентность в целеполагании учебной деятельности;
- компетентность в вопросах понимания ученика, что необходимо для реализации индивидуального подхода в обучении;
- компетентность в предмете преподавания (предметная компетентность);
- компетентность в принятии решений, связанных с разрешением педагогических задач;
- компетентность в разработке программ деятельности и поведения;
- компетентность в организации учебной деятельности, которая, в свою очередь, предполагает:
- компетентность в организации условий деятельности, прежде всего информационных, адекватных поставленной учебной задаче;
- компетентность в достижении понимания учеником учебной задачи и способов ее решения (способов деятельности);
- компетентность в оценивании текущих и итоговых результатов деятельности.

4 Что должен уметь компетентный педагог? – Успешно решать свои жизненные проблемы, проявляя инициативу, самостоятельность и ответственность;

- ориентироваться на рынке труда и понимать, какие умения потребуются ученикам, чтобы найти себе работу в современных условиях и успешно продвигаться по лестнице профессионального успеха;
- видеть и понимать действительные жизненные интересы своих учеников;
- проявлять уважение к своим ученикам, к их суждениям и вопросам;
- чувствовать проблемность изучаемых ситуаций;
- связывать изучаемый материал с повседневной жизнью, с интересами учащихся;
- закреплять знания и умения в учебной и внеучебной практике;
- планировать учебное занятие с использованием всего многообразия форм и методов учебной работы, и, прежде всего всех видов самостоятельной работы, диалогических и проектно-исследовательских методов;
- ставить цели и оценивать степень их достижения совместно с учащимися;
- в совершенстве владеть методом «создания ситуации успеха»;
- привлекать прошлый опыт учащихся, создавая новый опыт без лишних временных затрат;
- оценивать достижения учащихся не только отметкой, но и содержательной характеристикой;
- оценивать не только предметные достижения, но и развитие личностных качеств;
- видеть пробелы не только в знаниях, но и в готовности жить в социуме.

Педагог должен понимать, что:

- нужно быть готовым к постоянным переменам;
- строить сегодняшнее и завтрашнее поведение на основе вчерашних знаний и вчерашнего опыта невозможно;
Мұндай жобалық сабақтарды бір күнде өткізе салу мүмкін емес. Дәстүрлі сабақтарға үйренген студенттер бір күнде жобалық сабаққа ауыса алмайды. Жобалық сабақтар дайындап өткізу үшін ең алдымен студенттерді төмендегі дағдыларға үйрету қажет:

- Топтарда жұппен жұмыс жасауға;
- Жұмыс кезінде бірін-бірі қолдап, көмектесуге;
- Басқалардың жетістіктерін бағалауға;
- Бір-бірімен тіл табысып жұмыс істеуге үйрету қажет.

Жобалық сабақтар – бірнеше сабақтарға созылатын ұзақ әрекет деп ойлауға болмайды. Сабақтардың ұзақтығы әр түрлі, ол қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Олардың кейбіреулері бірнеше айларға созылады, кейбіреулерін мақсатына қарай бір күнде ұйымдастыруға болады.

Жобалық сабақтарды өткізер алдында оқытушы ұсыныс жасайды, студенттердің инициативасын қолдайды, қажетті ақпарат көзін қайдан алуға болатыны жайлы кеңес береді, сабақтың құрылымын анықтауға көмектеседі. Оқытушы рөлі өзгереді. Яғни, бұрын барлық сұрақтарға жауап беруші басшы, үйретуші ретінде болса, ал жобалық сабақтар барысында керекті әдістерді, мақсатқа жетудің жолдарын көрсетуші кеңесші ретінде болады.

А.С. Комаров «оқыту кезінде бас, жүрек, қол» бірге жұмыс жасауы қажет деген. Осы жоба сабағында

ұлы педагогтың айтып кеткен қағидалары пайдаланылады. Яғни, студент алдында шешімді талап ететін мәселені басымен ойлап, жүрекпен түсініп, қолымен жүзеге асырады [32; 12] Нашар оқитын студенттер бір нәрсені дұрыс айтпай қалармын деген қорқыныштан арылып, сабаққа белсене қатыса алады. Студенттерге сабақтың кезеңдері – презентация кезінде өз еңбектерінің нәтижелі болуын қалайды. Қытай мақалында «мен естігенімді ұмытамын, мен көргенімді еске сақтаймын, мен қолмен істегенімді түсінем» – деп айтылғандай, студенттер өздері дайындаған, өздері жүргізген сабақтары, өздері тапқан мәліметтерді естеріне жақсы сақтайды.

Көптеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, жобалық сабақтарға төмендегідей сипаттамалар беруге болады:

1. Студенттер мен оқытушылардың бірігіп жұмыс жасауы;
2. Топпен жұмыс істеу (жұппен жұмыс істеу);
3. Студенттердің белсенділігі;
4. Басқа мекемелермен, ұйымдармен, мамандармен бірге жұмыс жасайды;
5. Сабақ үстінде де, сабақтан кейін де жұмыс жасала береді;
6. Студенттердің шешім қабылдауға құқығы бар;
7. Сабақ зерттеулерге, шығармашылықтарға бағытталған;
8. Білім алу студенттердің өз іс-әрекеттер арқылы жүзеге асады;
9. Өз қателерін өздері түзету арқылы үйренеді;
10. Сабақта теория мен практика ұштастырылады;
11. Жиналған материалдар сабақтың соңы қандай болатынын анықтайды;
12. Студенттер дербес, өз бетінше жұмыс жасайды;
13. Оқытушының рөлі тексерушіден кеңесшіге өзгереді;
14. Сабақтың соңы – презентациямен аяқталады, яғни ақырғы нәтижесін көрсетеді [33; 148].

Жобалық сабақты дайындар кезінде төмендегідей әдістерді пайдалануға болады:

- ✓ Сұрау жүргізу;
- ✓ Сұхбат алу;
- ✓ Кітапханалардан мәліметтер іздеу;
- ✓ Әр түрлі мекемелермен байланысу;
- ✓ Мәліметтерді интернеттен іздеу ;
- ✓ Эксперименттер жүргізу;
- ✓ Мамандармен әңгімелесу;
- ✓ Мәліметтер сұрастыру (салыстыру).

Студенттер тақырып бойынша табысты жұмыс жасауы үшін төмендегідей дағдыларға машықтану қажет: жоспарлау, пікірталас, тандау, пікірлесу, дәлелдеу, шешім қабылдау, бірлесіп істеу, зерттеу, іздестіру, ойлап шығару, безендіру, бақылау, қорытынды жасау, құжаттандыру.

Презентацияға материалдарды төмендегідей дайындауға болады: брошюралар дайындау, плакаттар дайындау, коллаждар желімдеу, кестелер, карталар, перфокарталар, эмблемалар, газет-журналдар, үндеулер шығару, викториналар, фото викториналар дайындау, көрмелер дайындау, мақала жазу, репортаж жасау, хат жазу, видеофильмдер түсіру, реферат жазу, баяндама жазу.

Заманауи білім беру орнын түбегейлі қайта құрудың орталық идеясы және соңғы жылдар білім беру саласындағы толып жатқан қайта құру бағдарламалары мен тұжырымдамалар білім берудегі дәстүрлі сәсілдерді қайта қарау болып табылады, студент тұлғасын, оның шығармашылық қабілетін дамытуды, өздігінен ойлай алуын және жеке жауапкершілік сезімін дайын білім, білік пен дағдыны меңгерту арқылы оқытуға бағдарлау. Бұл оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу қажеттігін талап етеді, оқыту мақсатының басымдықтарын ауыстыра алатын еді.

1. Шетел тілін үйренуде тұрақты қызығушылық тудыруды қалыптастыру мәселесі табысты шешіледі, егер оның негізіне шетел тіліндегі қарым-қатынас сұранысын қалыптастыру жатса, ол өз кезегінде, белгілі бір тілдік ортаның болуына байланысты. Алайда қатысымдық міндеттерді шешу үшін сабақты шартты сөйлеу немесе сөйлеу жаттығуларымен толтырып тастау жеткіліксіз. Ең маңыздысы сол студенттерге нақты өміршең мәселелерді шешу мүмкіндігі берген дұрыс, сонда ол ой туғызар еді, студенттер өз айтылысының мазмұнына мән беріп, ал тіл өзінің тура қызметі – осы ойды қалыптастыру қызметін атқарар еді.

2. Нақты мәдениаралық қатынас жағдайында оқылатын тілді пайдалануға арналған талаптарды жасау мәселесін шешуге, ойлау механизмдерін қалыптастыру мен дамытуға қабілетті инновациялық технологиялардың бірі – жобалау әдісі болып табылады, оның негізіне нәтижеге бағытталған оқу-танымдық

қызмет туралы идея салынған, оған қол жеткізу үшін студент қандай да бір өзі үшін маңызды практикалық және теоретикалық мәселені шешуі тиіс. Жобалау әдістемесінің мәселелік аспектісі студенттердің ойын шындайды, қоршаған әлемді шетел тілі арқылы таниды.

3. Жобалау әдісін дәрістік сабақ жүйесіне ықпалдастыру стандарт белгілеген оқу мазмұнына тимей, сабақ кестесіне еш өзгеріс енгізбестен бағдарламалық материалды аса терең зерттеуге мүмкіндік береді, өйткені жоба жұмысының мазмұны дайын мәтіндерді үйренуге емес, студенттерге түсінікті және нақты өмірден алынған өзекті мәселелерді талқылауға арналған. Сонымен қатар, оқу үдерісі зерттелетін пән логикасына емес, оқу әрекеті логикасына құрылған, ол оқу талаптарын нақты әлеммен қарым-қатынас талаптарына жақындатуға септігін тигізеді.

4. Студенттердің жас ерекшелігін зерттеу жобалау әдісі осы жастағылардың психологиялық-педагогикалық ерекшелігіне қатысты екенін көрсетті.

5. Жобалау жұмысын табысты ұйымдастыру осыған орай студенттердің көптеген дағдылар мен біліктерді меңгеру деңгейіне байланысты, пропедевтикалық кезенді жүргізу, онда студенттерді жобаны орындауға байланысты арнайы әзірленген тапсырмалар мен ескертпелермен, технологияларымен таныстырды; студенттерге жаңа технология ілімінің өзгешелігін сезінуге жағдай жасайды, оларға психологиялық қолайлылық туғызады.

1. Кунанбаева С.С. *Современное иноязычное образование: методология и теории*. – Алматы, 2005, – стр. 262.

2. Кунанбаева С.С., Нурғалиева Г.К., Абсеметова Ш.А., Танишгулова А.И. *Обучение английскому языку в процессе информатизации социально-гуманитарного цикла профессионального образования*. – Алматы, 1999, – стр. 262.

3. Халеева И.И. *Некоторые проблемы межкультурной коммуникации на основе коммуникативного подхода*. И.-1991, – стр. 28.

4. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. *«Методика обучения иностранному языку в средней школе»* – М.: Просвещение, 1991, – стр. 82.

5. Леонтьев А.А. *Язык, речь и речевая деятельность*. – М.: «Наука», 1974, – стр. 27.

6. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. *Теория обучения иностранным языкам лингводидактика и методика 2-ое издание*. – М., 2005, – стр. 156.

7. Гальскова Н.Д. *Межкультурное общение: проблема целей и содержания обучения иностранным языкам // Иностранные языки в школе 2004, - №1, – стр. 96.*

## **Аңыз Әңгімелердегі «Сөз» Концептісінің Лингвокогнитивті Сипаты**

**Н.У. Сайбекова** – аға оқытушы, Кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасы, Абай ат. ҚазҰПУ

### **Резюме**

В когнитивной лингвистике язык рассматривается в качестве интенсивно развивающегося когнитивного механизма. В настоящее время в науке лингвистики термин концепта рассматриваются в результате взаимного влияния лингвистики и философии. Термин концепт логично связано с термином "понятие". В данной статье рассматриваются особенности применения концепта «слово» в легендах и и его терминологические связи в казахском языкознании и анализируется выражение концепта «слово». Проводится обзор научных трудов, посвященных данному понятию.

### **Summary**

In cognitive linguistics the language is considered as intensive developed cognitive mechanism. At present time in the science of linguistics the term of concept is considered as a result of mutual relation of linguistics and philosophy. The term concept is logically connected with the term comprehension. In this article peculiarities of using the concept «word» in legends and its terminological connection in Kazakh linguistics are considered and the expression of the concept «word» is analyzed. The review of scientific works had been conducted, dedicated to given concept.

Концепт дегеніміз не? Концептінің лингвистикадағы мағынасы. «Сөз» концептісі және оның лингвокогнитивті сипаты. «Сөз» концептісінің аңыз әңгімелерде және түрлі жолдармен берілуі.

Кез-келген халықтың көне замандардан бері қалыптасқан өзіндік болмыс бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары – сол халықтың ғұмыр жолының айнасы. Өткен замандардан жеткен мұралары – бүгінгі ұрпақ үшін тек тарихтың қарапайым куәгері ғана емес, сонымен бірге қазіргі сан тарау мәдениетіміздің бой көтерген берік тұғыры да.

Тіл саласының бір саласы ретінде қарқынды дамып келе жатқан когнитивті лингвистикада тіл когнитивті механизм ретінде танылады. Когнитивті лингвистикада адамға тән когнитивті үрдістер мен құрылымдар айқындалады. Сондықтан да, оның зерттеу нысанына концептілер жатады. Әлемнің концептуалды бейнесінің негізгі элементі болып концепт есептеледі. Концептілер ұлттық танымның бір

көрінісі, сондықтан да лингвокогнитивтік модель болып саналады. Концепт қандай да бір ауқымды идеялардың сан алуан күрделі ұғым-түсініктерінің суретті сипаттамасы. Оның мазмұндық құрылымы тіл мен бейнелі ойлау заңдылықтарының сабақтастығынан туындайды.

Концепт терминінің теориялық негіздерін ғалымдар Д.С. Лихачев, Н.Д. Арутюнов, Е.С. Курбьяков, А.Н. Мороховский, Н.К. Репцев, В.В. Колесов, А.П. Бабушкин, В.А. Маслов, А.Л. Туревич, А.В. Вежицкая, Ю.А. Степанов т.б. ізденістерінде өзіндік қырларынан көрінген. Концепт адам санасындағы ұлттық бірліктерді, психикалық ресурстарды, адам білімі мен тәжірибесі арқылы жинақталған ақпараттық құрылымды, ментальдық лексиконның, концептуалдық жүйенің адамзат психикасында бейнеленген барлық әлем бейнесінің оперативті мазмұндық бірліктерін түсіндіреді.

Концепт ұғымы адамзат іс-әрекеті нәтижесінің мазмұны, тәжірибе мен білім мазмұнын бейнелейтін ұғымдар, әлемді тану процесі туралы танымдарға жауап береді. «Концепт» терминін алғаш рет діндар-философ Ансельм (1033-1109 жж.) қолданған. Концепт – латынша "conceptus" көптеген формалардың мазмұнын өзіне жинақтаушы және солардың бастауы дегенді білдіреді. Концепт терминінің мағына ауқымының кеңдігі соншалықты, зерттеуші тарапынан оған берілген анықтамалар әрқилы және сан алуан. Негізінен бәрінің ой-пікірлері концепт деген ұғымға саяды [1, 42].

Ал, «концепт» ұғымы дегеніміз – адам санасына тұрған орта, дін, мәдениет, жалпы айтқанда, дүниетаным негізінде белгілі-бір ұрпақтан өзгеріссіз беріліп отыратын құндылық [2, 31].

Н.Д. Арутюнова мәдени концептілер туралы былай дейді: «Каждое из этих слов обладает своими законами, сочетаемости, своим лексиконом, фразеологией, риторикой и шаблонами, своей областью референции, и поэтому, описывая и анализируя «язык» каждого культурного концепта, мы открываем доступ к соответствующему понятию».

В.В. Колесов концепт ұғымын қазіргі зерттеулерде кездесетін мәдени концепт ұғымымен байланыстыра келе былай деп жазады: «Концепт» сөздің мағыналық толығының негізгі нүктесі әрі дамудың ең соңғы шегі. Мәдени таңба ретіндегі сөз мағыналарының даму нәтижесіндегі алғашқы мағына – соңғы нүкте, яғни қазіргі мәдениеттегі қатары молайған ұғым концепт бола алады. Концептілер ұлттық дүниетаным, мәдениет негізінде қалыптаса отырып, ұлттың ұлт болып айқындалу белгісі ретінде де маңызды және олар тілде де көрініс тапқан, яғни белгілі-бір концепт төңірегінде тілдік белгілер оның мән-мағынасын ашуда бірден бір маңызды орын алады. Концептілерге талдау жасағанда, әр тілде мәдени-ерекше концептілер басым болады [3].

Белгілі зерттеуші ғалым Ш.Елемесова: "Концепт базалық когнитивтік маңыздылық ретінде мәнді пайдаланылатын сөздермен байланыстырушы концептуализация процесінің мазмұнды бірлігі ретінде шындықтың адам миында бейнеленуі" – деп атайды [4, 85].

Когнитивтік модель құрамындағы прототип пен бейнелі түсінік болады. Прототип – идеалданған эталонды үлгі, яғни типтік түсінік ретінде Когнитивтік модель (КМ) құрылымы:

КМ = ПРОТОТИП + БЕЙНЕЛІ ТҮСІНІК ↓ КОНЦЕПТ

Мәдени концептілердің беретін ұғымын, семантикалық қырларына талдау жасау арқылы жеке адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісін, өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктерін айқындауға болады.

Мәдени концептілер белгілі бір халықтың, ұлттық мәдениетін, салт дәстүрін, дүниетанымын түсінудің кілті. Олар халықтың өзіндік мәдениетін өз ішінен ұғынуға көмектеседі. Мәдени концептілерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттің даму қалпын, оның қазіргі өмірдегі жай күйін білеміз. «Мәдени концепт» ретінде танылатын тілдік бірліктің концепт құрудағы өзіндік лексиконы, синонимдік қатары, ассоциациялық байланысы бар және семантикалық өрісі кең атауларды білеміз. Солардың бірі ретінде «Сөз» ұғымын қарастыруға болады.

«Сөз» концептісі жайында ежелден келе жатқан, ата-бабаларымыздан осы күнге дейін жеткен сұлу да нақышты ойлар, мәтелдер, мақалдар, келешек ұрпаққа өнеге, ғибрат беретін ұлағатты ойлар жинақталған, нәрімен сусындата алатын ғалымдардың керемет тамаша нақыл ойлары берілген. Ал, І.Кенесбаевтың [5, 620-628] «Фразеологиялық сөздік» атты кітабында сөзге байланысты 115 түсіндірме берілген. Мысалы:

*Сөз аңғарды [аңдады, таныды]* Әңгіменің төркінін, ой-астарын пайымдай білді. Адамға кеңес не керек, Бұл сөзімді аңғарса, Біразырақ сөйледім, Тәңірім біраз берген соң (Д.Бабатайұлы).

*Сөз аңдыды [бақты, құды] ауыз бақты*

1. Бұл жердегі мағына: сөз қапысын жібермеді. Қали үндемей қалды. Бірақ жағалай отырған өңшең сөз баққан жел аяқтар емес пе!.. «Таудағы түлкіні табындағы тазы алды, – деген-ау, Мағаш баладан оңай сүрінді-ау!» деп қалжың етті (М.Әуезов).

2. Өсек-аяң, бәле іздеді. Өтірік жақын бола қап, Күлімсіреп сөз бақпақ (Шешендік сөздер). Бір бәлеге

жолығар, Орнын таппай сөз қуған (Майлықожа).

*Сөз атасы; аталы сөз.*

Ақылды, мәнді сөз, сөз асылы. Сөз атасы құлақ, жол атасы тұяқ (Мақал).

Аталы сөзге арсыз жауап қайтарады (Мақал).

*Сөз аша алмады*

Ойындағы сырын ешкімге жария ете алмады. Ем таба алмай, От жалындай Толды қайғы кеудеге. Сырласа алмай, Сөз аша алмай бендеге (Абай).

*Сөз аяғы құрдым* Сөзді тірелер жеріне жеткізбеді, түлкі бұлаңға салды деген мағынада. Екі Мүсіреп кезек-кезек киіп кетіп, сөз аяғын құрдымға апарып жоғалта бергенін көрдің бе!.. (Ғ.Мүсірепов).

*Сөз әлпеті [сиқы. сыңайы]* Ауыз ләмі, сөз ыңғайы. Мына жіберген кісінің сөз әлпеті жаман. Айтқаны рас болса, дүние бір шайқалар-ақ (Ауызекі тіл).

*Сөз байлады [пісті]* Уәде жасады, мәміле етті. Құдай жазса, сізден артық кімге береміз. Шыдай тұрыңыз, деп, омар келуге сөз байлады (С.Торайғыров). Орыс, қазақ жолдастармен сөйлесіп, сөз пісті (С.Сейфуллин).

*Сөзбен сыбады [соқты, іреді, сойып салды]*

Жер-жебіріне жетті, шымбайына батыра сөйледі. Горбатов сөзге шыққанда, Еркінді сөзбен сойып салар деп ойлаған еді бірқатар адамдар.

(Ғ.Мұстафин). Ерте тұрып дірдектеп мен жүргенде, қаныпезер бай ұрсады сөзбен сыбап (К.Әзірбаев).

*Сөзбен шалды*

Уәжбен тиісті, соқтықты. Айбас келіп, Қодарды сөзбен шалды, Қодар батыр шоқпарын жұлып алды («Қозы Көрпеш Баян сұлу).

«Ел аузынан» [6, 28] атты халықтың шешендік сөздері, ақындық толғамдары, аңыз әңгімелері берілген «Төле бидің төрелігі» атты аңыз әңгімеден үзінді:

Шу өзенінің Балқашқа жақын жайылымына бұдан көп жыл бұрын үйсін мен арғын тайпаларының белді бектері таласыпты. Екі жақтың да билері бас қосып, *кеңесіп, бәтуаласа алмай отырғанда*, топқа еріп келген он бес жасар Төле билік айтушылардың бірде-біріне көңілі толмай:

*Ақты ақ деп бағалар,*

*О, игі жақсы ағалар!*

*Өзегі талса ел біткен*

*Өзен бойын жағалар,*

деп, сөз бастай бергенінде: «Ата тұрып, ұл *сөйлегеннен* без, ана тұрып, қыз *сөйлегеннен* без» деуші еді. Мына бала кім өзі?» дейді төрдегі би. Төле қасқая қарап тұрып, былай депті:

*О, би аға, он үште отау иесі демес пе,*

*Кінәлімін бе келіп қалсам он беске?*

*Сөз сөйледім, бұйыра көрмеңіз айыпқа,*

*Ала көз болу ағайын адамға лайық па?*

Яғни, бұдан біз: *Сөз атасы; аталы сөз.* Ақылды, мәнді сөз, сөз асылы екендігін көреміз. «*Жақсылық етсең өзіңе*» [6, 314] атты аңыз әңгімеден үзінді:

Бір диуана ел ақтап, шаһардан-шаһар кезіп, ұзақты күн қоржын артқан қашырының үстінде жүреді. Айтар сөзі, берер батасы: «*Жақсылық етсең өзіңе, жамандық етсең өзіңе*» деген мақал болса керек.

Күндердің күнінде есік алдына шығып тұрған еріккен кербез әйел келе жатқан диуананы көріп: «О, сұм неме, міне саған жақсылық та, жамандық та. Ал да же, арам қат!» деп у қосып пісірген бір таба нанды ұстата салады. Нанды қоржынына салып алған диуана ел ақтап, жұрттың қол қайырын алып, жүре береді.

Диуана шаһардан шаһарға бет алады. Жапан далада шұбап келе жатқан керуенді көреді. Керуен соңында жаяулар да келеді. Керуен жақындай келе диуана қасына келіп тоқтайды.

- Е, диуана, жүрген жерің мейірімді, қайырымды болсын, – деп сәлем береді керуен басы.

- Жүрер жол, басар тауың жеңіл болсын, – деп диуана жауап қатады. Керуен соңында азып-тозған аталы-балалы екеу тұр екен.

- Ей, диуана, біздің күн қараң болды. Азық таусылды. Мына тағдырдың тәлкегіне ұшырап, қарақшыларға тоналған аталы-балалы екеуіне жүрек жалғар бірдеңе болса бер, – дейді керуен басы.

Қайырымды диуана қоржынынан бір таба нан алып екеуіне бөліп береді. Неше күн ашыққан олар нанды қомағайлана асай бастайды. Нанды жеп бола бере әуелі бала, одан соң әкесі құлайды. Сол құлағаннан *тіл бермейді*. Неше күн, неше түн жол азабын бірге көріп жалғасып келе жатқан ер азаматтардың өлгендеріне көздері жеткен керуеншілер диуананы бас салып тепкілей бастайды.

Диуананы *ауыз аштырмай* сабай береді. Бір мезет диуана *үн қатады*:

- Уа, қайырымды адамзат, жазықсыз мені таяқтадыңдар, ел берген қайыр-садақаны алып жүре бердім.



Кімнің не бергенін қайдан білейін. Бірақ мен осы таба нанды берген үйді білемін...

*Ар жағын айтқызбай керуеншілер бастырмалатып кетеді:*

- Жүр, баста бізді сол үйге.

Диуана керуеншілерді ертіп, шаһардағы нан берген әйелдікіне келеді. Жүгіріп далаға шыққан сылқым әйел өз күйеуі мен жалғыз баласын көріп, өз ісіне өзінің жаны күйзеледі. Әйелдің зұлымдықпен жазықсыз жанға жауыздық жасамақ болған әрекеті өз алдына келеді. Міне, «*Жақсылық етсең өзіңе, жамандық етсең өзіңе*» деген мақал осыдан қалған екен.

Бұдан біз «сөз» концептісі әр халықтың өзінің салт, дәстүрімен, тұрмысымен, тілімен, тарихымен, мәдениетімен байланысты екендігін, ол әр халықта әртүрлі түсініктермен берілетіндігін, ол жайында әрқилы пікірлер бар екендігін көруге болады. Қорытындылай келе, концепт терминіне байланысты мәселелерге соңғы жылдары көп көңіл бөлінуде және мәдениетпен, салт-дәстүрмен байланысты жалпы барлық дүниетанымға байланысты көптеген пікірлерді табуға болады.

1. *Жампейсова Ж.М. ҚР ҰҒА-ның хабаршысы, 2005. - №8. «Ақ» және «Қара» концептілерінің әлеуметтік мағыналары.*

2. *Ислам А. ҚР ҰҒА-ның хабаршысы. Тіл әдебиет сериясы. «Өмір» концептісінің тілдегі көрінісіне лингвомәдени сараптама, 2003. - №4.*

3. *Күшіпаева М.Т. Тары концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. 2003. Дис. жұмыс.*

4. *Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары. Канд.дис. -Алматы, 2003 - 128 б.*

5. *Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.*

6. *Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. Құрастырушылар: Б.Адамбаев, Т.Жарқымбекова. – Алматы: «Жазушы», 1989 ж.*

## **ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ФИЛОЛОГ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЛДІК МӘДЕНИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ІСКЕРЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

**С.А. Сатимбекова – Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің магистранты**

### **Резюме**

В статье рассматриваются чистота речи, высказывания, соответствие коммуникативного намерения нормам речевой этики, соблюдение правил построения. Студентам-филологам как будущим учителям необходимо владеть вышеназванными коммуникативными качествами. Причём не только владеть ими, но и постоянно совершенствоваться в них. Это значит, что студентам как будущим учителям, в первую очередь, адекватно воспринимать собственную языковую личность и работать над собственной коммуникативной культурой.

### **Summary**

The article deals with the purity of speech, expression, compliance norms communicative intentions speech ethics, compliance with the rules of construction. Philology students as future teachers need to possess the above mentioned communication skills. And continue developed it in them. This means that students as future teachers in the first place, to perceive their own linguistic language and work on their own communicative culture.

Жаһандандыру үрдісі елдер мен континенттердің, халықтар мен этникалық топтардың арасындағы мәдени, саяси және идеологиялық шекараларды біртіндеп жоюда. Араласу мен байланыстың қазіргі құралдары, интернет әлемді қамтып алғаны соншалық, елдердің халықтары мен мәдениеттері өзара араласуға мәжбүр.

Адамдар бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар басқа мәдениет өкілдерімен араласып, құраласады. Тілдегі, ұлттық тағамдағы, киім киюдегі, әдет-ғұрыптағы, атқарылған жұмысқа көзқарастағы айырмашылықтар бұл байланыстарды қиындатып, тіпті мүмкін еместей қылады. Бүгінгі өмір қайшылықтары әртүрлі халықтар мен мәдениеттердің араласуы мен өзара түсінісу проблемасын барынша ыждаһатпен қарауды талап етуде.

Осы орайда, білім беру мекемелеріндегі шет тілдерін үйрету мәселесі бүгінгі күннің басты міндеттеріне айналып отыр. Қазіргі таңда студенттердің іскерлік икемділігін, қарым-қатынаста тез әрі шапшаң тіл табысу қабілетін қалыптастыру үшін педагогикалық теория мен тәжірибеде ЖОО-да бағытталған диалогтық және пікірталастық әдістемелердің топтамасы қолданылып келеді. Бұндай әдістемелер студенттердің қарым-қатынас барысындағы икемділігін көрсете білуін және өз көзқарасын дәлелдеп сұрақтарды нақтылықпен жеткізе білу қабілеттерін қалыптастырады. Ал ЖОО студенті болашақ маман, сондықтан іскерлік икемділікті дамыту педагогикалық тәжірибе барысында да, өзара байланыс жүйесінде де теориялық оқытудың өзара байланысының мол болуы қажет.

Іскерлік қарым-қатынасты қалыптастыру мәселесіне талдау жасағанда кері қатынас барысында

рефлексивтік жағдай төмендеп және диагностика нақты болмай қалуы мүмкін, бірақ, бұл ескеріле бермейді. Сол себепті іскерлік қарым-қатынастың технологиясын толық шешу үшін іскерлік міндеттердің орындалу сатысы төмендегідей болуы қажет: қарым-қатынас жағдайына бейімделу, сырттағы адамдарды өзіне қарату, нысанның жан дүниесін жаулап алу, сөздік қарым-қатынасты іске асыру [1]. Іскерлік қарым-қатынас келесі бөліктерді қамтиды және педагогикалық үдеріске сәйкес бір қарқындылыққа ие болады:

- мерекелік шараға немесе сабақты дайындау үдерісі кезінде қарым-қатынасты қалыпқа келтіру;
- қарым-қатынастың үзбей ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;
- педагогикалық үдерісте қарым-қатынасты басқару.

Тілдік мәдени-қарым-қатынас іскерліктерінің туындау және мағлұматтарды жинақтау бөліктері мінездемелеу болып табылады. Тілдік мәдени қарым-қатынас іскерліктерін моделдеу өзара әрекеттестік жүйесін анықтаумен байланыстырылады. Осы педагогикалық өзара әрекеттестіктің тиімділігін арттыру мақсатында педагогикалық міндеттер іскерлік міндеттер ауысуын қамтамасыз етеді және олардың сәйкестігін айқындау маңызды рөл атқарады [2].

Студенттердің тілдік мәдени-қарым-қатынас іскерліктерін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жасауды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар мынадай:

- студенттердің тілдік мәдени-қарым-қатынас іскерліктерін қалыптастыруды жетілдіру барысында тиімді әдістерді жетілдіру;
- мамандық саласына бағытталған оқыту материалын сұраптап таңдау;
- студенттердің тілдік мәдени-қарым-қатынас іскерліктерін қалыптастыруға ықпал ететін техникалық және технологиялық құралдарды орынды пайдалану;
- мамандыққа бағдарланып, ақпараттық-іскерлік технологияларға негізделген таңдау курстарын өтуде бағдарламалар кешенін пайдалану.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерін саралай келіп, студенттердің оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің коммуникативтік қарым-қатынасын қалыптастырудың мынадай мүмкіндіктері анықталды:

- оқушының тілдік мәдени-қарым-қатынас іскерліктерін жүзеге асырушы жоғарғы сынып студенттері және мектеп және колледж оқытушыларының кәсіби педагогикалық іскерлік іс-әрекетін, біліктілігін көтеруге тәуелді екендігі;
- педагогикалық іскерлік оқытушы-студент-оқытушы жүйесінде дамытудың пәрменділігі;
- оқу-тәрбие үдерісінде тілдік мәдени-қарым-қатынас іскерліктерін арттыруға бағытталған іс-шаралардың кезең-кезеңімен ұйымдастырылуы.

- Іскерлік қарым-қатынас бұл әңгімелесушілердің арасында бір-бірімен ақпарат, тәжірибе алмасады, нақты мәселенің шешімін табу болады. Іскерлік қатынастың басқа қатынастан өзгешелігі – бұл процесте өздерінің шешімін табатын мақсат және нақты тапсырма қойылады. Қарапайым достық қатынастық көбінесе нақты тапсырмалар қойылмайды, арнайы мақсат жоқ және ол кез-келген уақытта тоқтатуға болады. Іскерлік қатынастың мақсаты қандайда бір мәселенің шешімін табу құралы болу керек. Іскерлік қатынастың өзгешелігі және телефон арқылы сөйлесу жатады. Ауызша қатынастың келесі түрлері көрсетіледі: әңгіме, дискусиялар, таластар. Ал жазбаша іскерлік қатынастың түрлеріне көбінесе іскерлік хат, өтініш, мірбаян, нездеме, түсініктеме, сенім хат, хаттама т.б. жатады.

- Сонымен қатар, іскерлік қарым-қатынас ауқымының кеңдігін субъектілердің өзара әрекеттесу барысындағы қарым-қатынас стилдерінен де көруге болады.

- Қарым-қатынас стилі дегеніміз – субъектілердің әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттеріндегі дербес – психологиялық ерекшеліктері болып табылады [3]. Жалпы психология және педагогикалық психология ғылымдарындағы зерттеу жұмыстарына сүйенетін болсақ, қарым-қатынастың төмендегі бірнеше стилдерін атап өтуге болады:

1. Үйлесімді қарым-қатынас стиль. Өзге адамдармен қатынас барысында өте сезімтал, басқаның жағдайын түсініп, оған ауыр сөздер айтудан өзін аулақ ұстауымен сипатталады.

2. Өте қатал немес авторитарлық стилі. Өзінің айтқанын ғана болдыруға тырысып, басқа адамдардың барлығын өз айтқанымен жүргізуді басты маңыздылық ретінде санайды.

3. Жұмсақ немесе сенімсіздеу қарым-қатынас стилі. Өзгелердің көңіл-күйіне көп қарауға, олардың көңілдерін қалдырмау үшін басқалардың айтқанымен жүруге де бейімділік танытуымен сипатталады.

4. Өзімшілдік стиль. Тек қана өз мүддесінің орындалуын құнттаумен өзгелердің пікірлерін жоққа шығаруға бейім. Мазмұны жағынан немқұрайдылық стиліне жақын.

5. Немқұрайдылық стилі. Қарым-қатынасқа қатысушылардың көңіл-күйі мүлде ескерілмейді. Өзгелерді көзге ілмей, басқаларды өзінен төмен санаумен сипатталады. Өзімшілдік стиліне өте жақын.

Іскерлік қарым-қатынастың құрылымдық моделіне қол жеткізу мақсатында тілді мазмұнды және

кедергісіз қолдану репрезентивтік жүйе деңгейіне байланысты. Яғни әңгімелесу мен іскерлік қатынастар вербалдық формада (ағылшын тілінен аударғанда – «verbal») – сөз, ауызша деген мағына береді) жүзеге асады. Бұл қарым-қатынасқа қатысушылардан тек сауаттылықты ғана емес, сонымен қатар тілдік қарым-қатынас этикасын сақтауды қажет етеді. Және де бірқатар сөз сапаларына да байланысты болады.

Оларға: сөз нақтылығы, сөз тазалығы, сөз жүйелілігі, сөз мәнерлілігі, сөз байлығы, сөз орындылығы жатады. Бұл сөз сапалары білім субъектілері арасындағы қарым-қатынастың тиімді болуында маңызды роль атқарады.

Яғни:

- сөз тазалығы – әдеби тілден тыс сөздердің қолданылмауы, соның ішінде диалектік, кәсіби, жаргон сөздер және т.б.;

- сөз нақтылығы – сөз мазмұны мен ақпарат мағынасының негізіне сәйкес келуі. Сөздің нақтылығы сөзді орынды, нақты, сөз мағынасына қарай, синоним, антоним, омоним сөздерді дұрыс қолдана алуға байланысты. Сөз нақтылығының маңызды шарты – лексикалық нормалардың сақталуында. Егер сөйлеуші қажетті ақпаратты субъектіге жеткізуде мағыналас сөздердің ішіндегі ең орындысын тандаған кезде ғана, сөз нақтылығы көрініс береді.

- сөз жүйелілігі – ойлау компоненттерінің бөліктері мен сөйлеу компоненттерінің мағынасының қатынасының көрінісі;

- сөз мәнерлілігі – тіл мәнерінің бар мүмкіндіктерін жүзеге асыру нәтижесінде көрініс беретін сапа. Ол барлық деңгейлердегі тіл бірліктерімен жасалына береді. Сонымен қатар, тілдің арнайы көркемдік қасиеттері болады (троптар, стилистикалық фигуралар), олар айтылған ойды, әсерлі, образды, эмоционалды етуге көмек береді;

- сөз байлығы – ақпаратты барынша әсерлі жеткізе алуға мүмкіндік беретін сөз бірліктерін еркін және кең қолдана алу;

- сөз орындылығы – тілдегі сөз бірліктерінің мақсатына, жағдайына, мағынасына сәйкес қолданылуы.

Аталмыш категориялар вербалды қарым-қатынас құралдары болып табылады. Вербалды қарым-қатынас тек адамға ғана тән және тілді меңгеру міндетті шарт болып табылады. Өзінің коммуникативтік мүмкіндіктеріне қарай ол вербалды емес қарым-қатынастың барша түрлері мен формаларынан бай, алайда оны толық алмастырмайды. Сонымен қатар вербалды қарым-қатынастың дамуы бастапқыда міндетті түрде коммуникацияның вербалды емес құралдарына келіп тіреледі.

Қарым-қатынас туралы айтылған ойларды қорытындылай келе, іскерлік қарым-қатынас – әрқайсысының адамгершілік нормалары және жалпыадамзаттық құндылықтармен қамтамасыз етілген жеке тұлғаның санасында көрінетін, күнделікті әлеуметтік объектілер қатынасында (адамдар, топтар т.б.), іс-әрекетінде жүзеге асатын жүйе деп айтуға болады.

Іскерлік қарым-қатынас процесі адам өмірінде болып жатқан түрлі ақпарат алмасулар, әлеуметтік, мәдени және рухани құндылықтармен алмасу, адам санасы мен мінез-құлқына өзара әсер ету, өзара әрекеттесу тәсілдері және т.б. маңызды қызметтерді атқарады.

1. *Хрестоматия по психологии: Учеб.пособ. для студ. пед. ин-тов / Составители Мироненко В.В.; Под ред. Петровского А.В. -2-е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1987 – 447 с.*

2. *Оботурова И.А. Психология общения. Методические рекомендации. 2-изд., переработанное и допол. – Сыктывкар, 1994 – 77 с.*

3. *Рыжов В.В. Взаимосвязь общения и свойств личности студентов в процессе профессионально-педагогической подготовки: авторф. дисс. ... канд. психол. н.: 19.00.01. – М., 1980 – С. 25.*

4. *Грецов А.Г. Тренинг общения для подростков. – СПб.: Питер, 2007.*

5. *Оспанбаева М.П. Мектепке психологиялық даярлық диагностикасының ғылыми негіздері: автореф. психол. г. канд ... – Алматы, 2002.*

6. *Красноперов Е.Ж. Технология личностно-ориентированного обучения ИЯ. // ИЯ в современном мире. – Алматы, 1999.*

7. *Михалкина И.В. Лингвометодические основы обучения иностранных граждан русскому языку как средству делового общения: автореф. дис. ... д-ра пед. наук / И.В. Михалкина. – М., 1998.*

8. *Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению, 2-е изд. – М.: Просвещение, 1991.*

9. *Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. Издательство: Академия, 2006.*

10. *Кунанбаева С.С. «Современное иноязычное образование: методология и теория». – А., 2004.*

## СОВРЕМЕННОГО СТУДЕНЧЕСТВА

**А.Ы. Сафарғалиева** – *КазНПУ им. К.И. Сатпаева, г. Алматы*

### Түйін

Мақалада жалпы және кәсіби мәдениеттің талаптары деңгейіне ие, зерттеу жұмыстарына дайын, өзінің кәсіби қызметінде маңызды болуға қабілетті жеке бедел мен статусы иеленетін осы заманғы студенттердің кәсіби жеке дамуының ерекшеліктері ашылған. Кәсіби біліктіліктің қалыптасуының педагогикалық шарттары анықталады, кәсіби дайындаудың ерекшеліктері айқындалады, педагогикалық процестің басты компоненттері зерттеледі.

### Summary

The peculiarities of professional and personal development of modern student body, having the required level of general and professional culture, reading for research work, capable in their professional activities, finding personal authority and status are described in this article. The pedagogical conditions of forming of the professional competence are determined, the characteristics of professional training are identified and the core components of the pedagogical process are investigated.

Экономическая и социокультурная ситуация в нашей стране и в мире определяет потребность в профессионально компетентных специалистах, обладающих требуемым уровнем общей и профессиональной культуры, готовых к исследовательской работе, способных самоактуализироваться в своей профессиональной деятельности, обретая личностный авторитет и статус. Современный ВУЗ – это сложная, преобразующаяся система, где воспитание и обучение выступают в качестве важнейших составляющих элементов образования. Практика доказала жизнеспособность тех воспитательных систем, в основе которых положены идеи гуманной творческой педагогики как современной идеологии воспитания. Под идеологией воспитания понимаются основные идеи, выражающие интересы молодежи как определенной социальной группы нашего общества.

Важным условием профессионально-личностного развития является организация образовательного процесса, для которой необходимо создать следующие педагогические условия: организационно-методическое обеспечение процесса обучения с целью овладения теоретическими знаниями; создание творческой образовательной среды на основе взаимодействия всех субъектов учебного процесса; активное вовлечение работодателей в учебный процесс, научно-исследовательскую, творческую работу ВУЗа; использование инновационных технологий.

За время обучения в вузе студенты имеют реальную возможность увеличить свой творческий потенциал за счет развития индивидуально-личностного и профессионального компонентов личности. В настоящее время разработано большое количество усовершенствованных и совершенно новых педагогических технологий, освоение которых обеспечит успех в решении педагогических задач в условиях технического ВУЗа – это технологии педагогического сотрудничества, развивающего обучения, формирования и поддержания психологической готовности обучающегося, технология обучения жизни и деятельности в условиях рыночной экономики, предметно-ориентированные технологии обучения, технология постановки цели, технология полного усвоения (по материалам М.В. Кларина), технология педагогического процесса по С.Д. Шевченко, технология концентрированного обучения, личностно-ориентированные технологии обучения, технология педагогических мастерских и др.

В культурно-образовательных условиях вуза профессионально-личностное развитие будущего специалиста осуществляется в процессе ее социализации и саморазвития, которые являются стержневыми компонентами педагогического процесса. Социализация приобщает будущего профессионала к социокультурным ценностям, создает практическую среду социальной адаптации – взаимодействия индивида и общества, в ходе которого требования социальной среды согласовываются с самооценкой, притязаниями и реальными возможностями и ожиданиями. Задачи социализации: философско-мировоззренческая подготовка молодежи, помощь ей в определении смысла жизни в условиях радикальных социально-экономических преобразований, формирование самосознания, ценностного отношения к собственной жизни, умения формулировать, проектировать и реализовывать карьерные личностные цели в связи с общественно значимыми ценностями; формирование положительного отношения к труду как высшей ценности жизни, воспитание уважения к законам, нормам коллективной жизни, развитие гражданской ответственности как важнейшей черты личности.

Успешность построения отношений в социуме задана результатом решения проблем саморазвития, самоидентификации, самореализации и самоактуализации каждой личности. Вот почему необходимо обладать большими регуляторными возможностями, уметь управлять собой, своим поведением, эмоциями, процессами мышления. Благодаря непрерывной активной работе самой личности над собственным

духовным ростом, саморазвитие обеспечивает возможность последовательного исполнения задач формирования творческой индивидуальности, одновременно осуществляется коллективное воспитание и стимулирование, самоуправление личности в дальнейшем ее развитии. Задачи саморазвития: приобщение будущего специалиста к системе культурных ценностей, отражающих богатство общечеловеческой и национальной культуры; привитие общечеловеческих норм гуманистической морали: доброты, взаимопонимания, гуманизма, милосердия, веры в созидательные возможности человека, культуры общения, культивирование интеллигенции как высшей меры воспитанности личности; развитие внутренней свободы, способности к объективной самооценке и саморегуляции поведения, чувства собственного достоинства, самоуважения; формирование и развитие потребности в здоровом образе жизни.

Анализ исследований данной темы [1; 2; 3] позволил определить следующие общекультурные и профессиональные компетенции, которые интегрируют в себе профессиональные, коммуникативные, личностные, мотивационно-ценностные свойства: осознание социальной значимости своей профессии, владение высокой степенью мотивации к осуществлению профессиональной деятельности; готовность к совместной работе в коллективе; способность к восприятию, анализу, синтезу и обобщению информации, постановке цели и выбору путей ее достижения; способность находить решения в нестандартных ситуациях, готовность нести ответственность; способность осуществлять анализ социальных проблем и процессов; стремление к самосовершенствованию, саморазвитию, повышению творческого мастерства; владение профессиональными навыками; владение новыми компьютерными технологиями; знание и применение основ законодательства и стандартов.

Важной составляющей профессионально-личностного развития, в связи с этим, служат конкретные мотивы и ценности. Задать мотивацию личности – означает усилить ее способность к проявлению жизненной активности. Необходимыми мотивами выступают: интерес к приобретаемой профессии, стремление добиться успеха в профессиональной деятельности; понимание значимости принимаемых профессиональных решений, совершаемых действий; побуждение активно участвовать в социально-экономической жизни и т.д.

В основе профессионально-личностного развития специалиста в культурно-образовательной среде ВУЗа лежат следующие подходы: системно-структурный подход, который означает знание и использование в системе, в тесной взаимосвязи структурных элементов воспитательного процесса; организационно-деятельностный подход, в основе которого лежит единство сознания и деятельности, и который предполагает такую организацию деятельности коллектива и личности, когда каждый студент проявляет активность, инициативу, творчество, стремится к самовыражению; отношенческий подход, заключающийся в формировании социально ценностных отношений воспитуемых к различным сторонам действительности: обществу, людям, труду, природе, искусству, науке и пр.; личностно-ориентированный подход, означающий признание человека высшей ценностью воспитания, активным субъектом воспитательного процесса, признание того, что каждая личность уникальна и поэтому главной задачей воспитательной работы является развитие личности, осуществление индивидуального подхода к ней; комплексный подход, подразумевающий объединение усилий всех воспитательных институтов для успешного решения целей и задач воспитания. В соответствии с этими подходами сам процесс воспитания становится целенаправленным, целостным, технологическим, индивидуально творческим, а комплексность обеспечивает его эффективность.

Чтобы быть конкурентоспособным на рынке труда современному выпускнику ВУЗа необходимо работать над собственными качествами, которые характеризуют отношение личности к предмету совместной деятельности и общения; необходимо новое знание, умение по-новому прилагать имеющиеся профессиональные умения и личностные качества, что требует творческой деятельности; необходим широкий кругозор в области страноведения, который позволяет выпускнику ВУЗа вести диалог на языке специалистов других стран, знакомиться с зарубежным опытом в профессиональной сфере и др. Интенсивное сосредоточение всех психических и физических возможностей на качественном решении поставленных задач в определенный промежуток времени включает в себя: совокупность профессиональных умений и навыков анализа информации; практические умения и навыки общения в социуме, навыки эффективного общения, сотрудничества, адаптации, социальная смелость; активное участие в семинарах, конференциях, других профессионально направленных мероприятиях; умение организовать свою работу. Средствами профессионально-личностного развития являются диалоги, дискуссии, имитационные упражнения, этюды, бенефисы, тренинговые коммуникативные упражнения, профессионально-педагогические ситуации, деловые игры. Особенности объединения данных средств в систему определяются важнейшими направлениями гуманитарного воспитания в ВУЗе:

- знакомство будущих специалистов с гуманитарными аспектами их труда, его влиянием на

общественные, значимые для других людей факторы, их благополучие, мораль и экологию; социальная защита и охрана жизни и здоровья молодых людей, их достоинства и прав человека и др;

- изучение гуманитарных аспектов деятельности трудового коллектива, взаимоотношения, норм поведения в нем, обязанности перед коллегами, способы сочетания личных и коллективных интересов, самоутверждения в коллективе; способность эффективно работать в команде, управлять коллективом сотрудников предприятия, уметь быть толерантным, что предполагает владение основами психологии и педагогики; инженер, как потенциальный руководитель трудового коллектива, призван выполнять среди прочих функций также воспитательную функцию;

- приобщение студентов к ценностям культуры; создание условий для развития молодого человека как субъекта культуры собственного жизнетворчества;

- оказание помощи студенту в развитии творческого потенциала, склонностей, способностей в жизненном самоопределении, самореализации в семье, университете, окружающей среде, будущей профессии.

Таким образом, при решении вопросов профессионально-личностного развития выдвигаются новые требования к учебному процессу: инновационный подход в деятельности преподавателей, который прослеживается в применении интерактивного обучения, современных информационных технологий; в способах проверки знаний студентов; в разработке электронных образовательных ресурсов; в применении мультимедийного сопровождения. Отличительная особенность профессионально-личностной деятельности заключается в развитии базовых ценностей, которые раскрываются через компетентность, высокую коммуникативную культуру, инициативность, наличие ценностных ориентиров в профессии; повышение качества жизни – четкость целей и ценностных ориентаций, рациональность принятия решения, способность к конструктивному сотрудничеству, постоянному профессиональному росту и самосовершенствованию.

Данная статья не исчерпывает всех аспектов рассматриваемой проблемы, для решения которой необходимо не только выявить особенности профессиональной подготовки, определить требования к организации образовательного процесса, но и разработать методику формирования профессиональных компетенций в современных условиях.

Кілтті сөздер: кәсіби-жеке даму, осы заманғы студенттер, педагогикалық шарттар, хабардарлықтар.

Key words: professional and personal development, modern student body, pedagogical conditions, competencies

1. Бикулов Р.А. Проблемы профессиональной социализации современного студенчества / Р.А. Бикулов. – М.: Academia, 2004. – 205 с.

2. Андреев В.И. Педагогика творческого саморазвития. – Казань, 1989.

3. Столяренко Л.Д. Психология и педагогика для технических вузов / Л.Д. Столяренко, В.Е. Столяренко. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2001.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

А.А. Таутенбаева – п.ғ.к., Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті

### Резюме

Использование богатого накопленного опыта народной культуры и народной педагогики в системе образования Казахстана имеет большое значение. В статье раскрываются пути использования национальных ценностей казахского и английского народов в учебно-воспитательном процессе высшего учебного заведения. Анализируются общие особенности национальных ценностей казахского и английского народов. Также изучается возможность их внедрения в педагогический процесс.

### Summary

Nowadays the using of rich experience of national culture and national pedagogics in the education system has great importance. The paper discusses the ways of using national Kazakh and English values in the educational-upbringing process of high school. The general and peculiarities of national Kazakh and English values are analyzed in the paper. Also introduction opportunities to whole pedagogical process are studied.

Отандық білім беру жүйесінде ұлттық мәдениет пен халық педагогикасының ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесін пайдалану аса маңызды. Мақалада қазақ және ағылшын халықтарының ұлттық құндылықтарын жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану жолдары қарастырылады. Оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын қазақ және ағылшын ұлттарының ортақ құндылықтары мен ерекшеліктері көрсетіледі. Тұтас педагогикалық жүйеде екі халықтың ұлттық құндылықтарын кіріктіре пайдалану мүмкіндіктері айтылады.

Тірек сөздер: қазақ халқы, ағылшын халқы, ұлттық, құндылық, жоғары оқу орны, оқу-тәрбие үдерісі.

Бүгінгі таңда еліміздің барлық жоғары оқу орындарында білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп жатыр. Мұндағы негізгі мақсат – жаһандану заманына сай сай ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру, бүкіл-әлемдік білім кеңістігіне ену [1]. Сол себептен де жас ұрпаққа сапалы біліммен қатар саналы тәрбие беру, жастар бойында рухани, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, адамгершілік қағидаларын бойына сіңірген, дербес ойлау қабілеті бар, парасатты, өз отанының шынайы патриот азаматтарын тәрбиелеу мәселесі ерекше мәнге ие болып отыр.

Бұл міндеттің нәтижелі жүзеге асуы үшін қазіргі таңда Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиенің мазмұнын жаңарту мәселесі алға қойылып, халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, жастардың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру көзделіп отыр. Келешек ұрпағымыздың бойында халқымыз ғасырлар бойы қастер тұтып келген ар-намыс, ождан, имандылық, инабаттылық, мейірімділік, кішіпейілділік, ата-мекеніне, еліне деген сүйіспеншілік сияқты асыл қасиеттерді тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Бүгінгі ХХІ ғ. ғылыми-техникалық дамудың нәтижесі еларалық этномәдениеттің бір-біріне жақындауын, сонымен бірге әр этностың өзіне тән озық мәдени үлгілерін сұрыптап талдап, тандап ала отырып, оны әлемдік өркениетке ендіруге арқау етуді қажет етіп отыр. ХХІ ғасырда этномәдениеттің озық үлгілерінің бір-бірімен жақындасып кірігуін заман талабы деуге болады. Әр ұлт жаһандасу кезінде өзінің этномәдениетінің озық идеялы үлгілерін бойына сіңіре отырып әлемдік өркениетке кірігудің оңтайлы механизмін табуы тиіс. Осы тұрғыда ағылшын және қазақ халықтарының ұлттық құндылықтарын жоғары оқу орындарында қолданудың үш түрлі қызметін көрсетуге болады:

- а) әлеуметтік жүйе адамдардың өзара әрекеттесуі;
- ә) жеке топтар мен тұлғалардың іс-әрекеттік қызметтері;
- б) басқару нысанындағы барлық элементтер: басқару пәні-субъектілердің өзара қарым-қатынасы.

Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын қазақ және ағылшындардың ортақ құндылықтары: тапқырлық, шешендік, еңбек сүйгіштік, өнер сүйгіштік, Отан сүйгіштік, бауырмалдық, интернационалдық. Дегенмен қазақ халқының да, ағылшындардың ұлттық құндылықтарының өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, қазақ халқының ұлттық өзіндік ерекшеліктері – сөзді мақамдап айтуында; ойды астарлап, жұмбақтай беруінде; бауырмалдық, балажандық, ақжарқындық, қонақжайлық қасиеттерінің басымдылығында. Ал, ағылшын халқына тән ұлттық ерекшеліктер – салқын қандылық, салмақтылық, тұйықтық, ұқыптылық, үнемшілдік.

Қазақ және ағылшын халықтарының ұлттық құндылықтарының қайнар көздері ауыз әдебиеті үлгілері, ұлттық салт-дәстүрлері, ұлттық қолөнері, музыкалық шығармалары, ойындары, киім үлгілері мен ұлттық тағамдары. Әр халықтық осындай қайнар көздерін оқып-үйренген азамат қоғам өзгешеліктеріне бейімделген, құзыретті, толерантты және бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуына толық мүмкіндік бар.

Жоғары оқу орындарында қазақ және ағылшын халықтарының ұлттық құндылықтарын:

- жүзеге асыратын орындар (білім беру ұйымдарының тұтас педагогикалық үдерісінде; бұқаралық ақпарат құралдары; қоғамдық, мәдени орындар);
- ұстанымдары (гуманистік, ғылыми жүйелілік, танымдық, тәлімдік, сабақтастық, мәдени және табиғи сәйкестілік);
- қызметтері (мақсаттық, мазмұндық, диагностикалық, жоба-жоспарлық, ұйымдастырушылық, бақылау, нәтиже);
- әдіс-тәсілдері (репродуктивті, продуктивті, ішінара ізденушілік, интерактивті);
- ұйымдастыру формалары (іс-шаралар: дәріс, диспут, конференция, істер, ойындар, ұжымдық-шығармашылдық істер, шағын топтық жұмыс, қосарланған жұмыстар).

Педагогикалық үдерісті тұтас педагогикалық үдеріс ретінде дұрыс түсінгенде ғана нәтиже табысты болады. Педагогика ғылымында тұтас педагогикалық үдерістің мәні туралы түсінік бірте-бірте жинақталып, қалыптасты. Тұтас педагогикалық үдерістегі оқыту мен тәрбиенің бірлігі туралы А.Ф. Каптеревтың еңбегінде сөз болған [2].

Ю.К. Бабанский тұтас педагогикалық үдерісте оқыту, дамыту және тәрбиелік қызметтерінің бірлігі қалай қамтамасыз етілетіндігі жайлы [3], ондағы оқушылардың өзара әрекеттесуі қалай анықталатыны С.Т. Шацкийдің [4], тұтас педагогикалық үдерістің ерекшеліктерін зерттеп білуі, оның дамуының өзекті мәселелерді шешуге көмектесетіндігі Б.Т. Лихачев, В.С. Ильин, И.П. Радченко, Н.Д. Хмель еңбектерінде негізделген. Аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, тұтас педагогикалық үдеріс теориясын педагогтар мен студенттердің оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің бірлігінде қарастыру қажет.

М.А. Даниловтың пікірінше: «Педагогикалық үдеріс көптеген үдерістердің іштей байланысты жиынтығы, оның мәні әлеуметтік тәжірибенің қалыптасушы адам сапасына айналуында болып табылады. Ал тұтас-тық дегеніміз ғалымның анықтамасына сүйенсек, педагогикалық үдерісті құрайтын үдерістерінің бәрінің бір мақсатқа бағынатындығын көрсететін басты сипаттамасы. Демек тұтас педагогикалық үдерісті құрайтын оқыту, тәрбие және дамыту үдерістерінің әр қайсысының өзіндік қызметімен қоса қосалқы қызметтерін де бір мезетте орындайды [5]. Мәселен, оқытудың басымдық танытатын қызметі білімдендіру болуымен қатар ол тәрбиелік және дамытушылық та қызметтер атқарады деген сөз. Демек педагог тұтас педагогикалық үдерістің ерекшеліктері мен негіздері туралы білімге ие болса, онда ол тұлға қалыптастырудың күрделі әдістерін меңгеруге жетік болады.

Жоғарыда айтылған теориялық білімдерге сүйене отырып, тұтас педагогикалық жүйеде қарастыру дегенді дидактикалық ішкі жүйеде (оқу үдерісі) және тәрбиелік ішкі жүйеде (тәрбие жұмыстарының жүйесінде) мүмкіндігінше ұштастыра кіріктіру деп түсінуге болады. Дидактикалық ішкі жүйе дегенде, жоғары мектептегі педагогика, этнопедагогика, этнопсихология, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі және ағылшын тілі курстары мен аудиториядан тыс тәрбие жұмыстарының мүмкіндіктерін кіріктіре пайдалану.

Ал тәрбиелік жүйеде, жоғары оқу орындарының тәрбие жұмыстарының үдерісінде, яғни, тәлімгерлердің тәрбие сағаттарының, студенттер клубының, студенттердің ғылыми мектебі мен кафедраның басшылығымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының, педагогикалық практика мүмкіндіктерін кіріктіріп пайдалану.

Сонымен қатар тәрбие мен оқытудың бірлігі, сабақтастық, жүйелілік, бірізділік, саналылық, жариялылық, өмірмен байланыстылық, мәдениетке сәйкестілік және табиғатқа сәйкестілік ұстанымдарын басты нысанда ұстау қажет.

Жалпы теориялық әдебиеттер бойынша тұлғаның тәрбиелік деңгейін өлшеуге арналған үш деңгейлік (жоғары, ортаңғы, төменгі деңгей) өлшем ұсынылады. Теориялық әдебиеттерге сүйенсек, дамудың жоғары деңгейі, осы барлық көрсеткіштерінің талаптарына сәйкес келуі тиіс. Ортаңғы деңгей осы өлшем көрсеткіштерінің жартысына немесе жартысынан көбірегіне сәйкес келеді. Төменгі деңгей өлшемнің жалпы санының жартысынан азымен немесе олардың мүлдем болмауымен ерекшеленеді. Ал белгілердің маңыздылық деңгейі әрбір өлшем көрсеткішінен тұрады. Көрсеткіштерді педагогикалық зерттеулерде үш компоненттерге: танымдық, мінез-құлықтық және мотивациялық деп бөлу қабылданған. Сол зерттеулерге сүйене отырып:

*Мотивациялық компонент* – қазақ және ағылшын халықтарының ұлттық құндылықтарын білуі және оны тереңдетуге дайындалуы, қазіргі заман талаптарын түсінуі, әлемдік өркениетке кіруге, бәсекеге қабілеттілікке, өз Отанын көркейтуге қызмет етуге ұмтылысы;

*Танымдық компонент* – қазақ және ағылшын халықтарының тарихын білу, этнос, этномәдениет, халықтық мәдениеттің негізгі құндылықтары ұғымдарының мәнін білуді;

*Мінез-құлықтық компонент* – қазақ және ағылшын халықтарының ұлттық құндылықтарының ерекшеліктерін ажырата білуі, оларды құрметтеу, ол туралы өз пікірін білдіре алуын және күнделікті өмірде қолдануға деген талпынысын анықтауды жатқызамыз.

Танымдық компонент жоғары оқу орны студенттерінің білім деңгейлері арқылы өлшенеді. Яғни, қазақ және ағылшын халықтарының тарихын, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары негізінде пайда болатын рухани-адамгершілік құндылықтарының мәнін жан-жақты терең түсіне білуі қажет. Осыған байланысты мінез-құлықтық компонент біліктер мен дағдылар арқылы өлшенеді. Оның көрсеткіштері – қазақ және ағылшын халықтарының ұлттық құндылықтарының ерекшеліктерін ажырата білуі, оларды құрметтеу, ол туралы өз пікірін білдіре алуын және күнделікті өмірде қолдануға деген талпынысын анықтау.

Барша халықтар туындыларын сыйлауға, бағалауға үйрену – бұл ұлттық және ұлтаралық ынтымақтас-тықтың белгісі ретінде қабылданған жалпы адамзаттық құндылықтарды сезіну мен қабылдау нышаны. Құндылық бағыттары қатарында ұлтжандылық, отаншылдық сезімді, ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, ұлттық мәдениетті құрметтеу т.б. қасиеттер бүгінгі қоғамда жоғары сапаға ие. Қоғамдағы азаматтық, гуманистік құндылықтардың бекуі, азаматтық ұстанымы бар ерікті тұлғаны қалыптастыру көбіне тәрбие және оқу жүйесіне байланысты. Заман ағымының ерекшелігін ескерумен түзілген құнды-лықты бағыттардың дамуынан жастар, келешек ұрпақ өздерін әлем азаматтары санатында сезінуге мүмкіндік алады.

Ключевые слова: казахский народ, английский народ, национальная ценность, высшее учебное заведение, учебно-воспитательный процесс.

Keywords: Kazakh and English nations, national value, high school, the educational-upbringing process.

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. // Қазақстан мекте-



бі. 2004. - №2. – Б. 8.

2. Каптерев П.Ф. *Избранные педагогические сочинения. Под ред. А.М. Арсеньева.* – М.: Педагогика, 1982. – 704 с.

3. Бабанский Ю.К. *Избранные педагогические труды. АПН СССР.* – М.: Педагогика, 1989. – 558 с.

4. Шацкий С.Т. *Избранные педагогические сочинения. / Под. ред. А.М. Арсеньева.* – М.: Педагогика, 1982. – 704 с.

5. Данилов М.А. *Процесс обучения в советской школе.* – М.: Учпедгиз, 1960. – 299 с.

## ОСОБЕННОСТИ СОПОСТАВЛЕНИЯ ВОИНСКИХ ЗВАНИЙ В ЯЗЫКОВЫХ КАРТИНАХ РК И США

Р.Х. Шакеева – к.п.н., доцент, магистрант 2 курса,

Д.Б. Шаяхметова – Университета иностранных языков и деловой карьеры

### Түйін

Әскери шен жүйесіне арналған аталған мақала әр елдің қарулы күштерінің басты құрама жүйесінің бірі болып табылып, сондай-ақ қазақстандық және америкалық армия әскери қызметкерлер әлемінің тілдік сипатын салыстыру. Мақалада қазақстандық және америкалық армия әскери шендерін салыстыру қарастырылады, бірақ оларды аударғанда толық лайықты шендермен және лауазымдар жоқ фактісін ескерген жөн.

### Summary

This article is devoted to the military ranks system that is one of the main components the Armed Forces of any country. It also reviews comparison of Kazakhstan and American military servicemen's *linguistic world-image*. The importance of the fact that in the process of translation it is necessary to take into account that there is a difference between military ranks due to the difference in structure and number of concepts that make up this frame in the minds of the military of the two countries.

Система воинских званий является одной из главных формирующих системы вооруженных сил любой страны. Именно на основе званий строится иерархическая структура и порядок субординации в любой воинской организации. Именно поэтому фрейм воинских званий имеет огромное значение в картине мира военнотружашего любого государства [4].

Во всех армиях мира звания в большинстве случаев соответствуют определенным должностям. Так, например, звание «полковник» соответствует должности начальника штаба или командира бригады в ВС РК, «капитан» – командира роты, «лейтенант» – командира взвода. В тоже время эти концепты отражаются в сознании военнотружаших различных государств по-разному так как они имеют разное содержание в языках, носителями которых являются военнотружашие [2]. Общим остается то, что независимо от того, о какой языковой картине идет речь, фрейм воинских званий состоит из нескольких слотов, а именно званий рядового состава, сержантского состава, в ВС РК состав солдат и матросов, состав сержантов, младшего и старшего офицерского состава, воинских званий высшего (генеральского) состава.

При сопоставлении воинских званий в нескольких картинах мира необходимо учитывать тот факт, что точного соответствия воинских званий нет, поскольку, например, категории прапорщиков (warrant officers) в Вооруженных Силах РК – 2, (хотя звание «прапорщик» уже не присваивается, но должности категорий «прапорщик» до настоящего времени сохранены), а в американской армии их насчитывается 5; в категории младших офицеров у нас значатся 3 звания, и у американцев – 3; сержантских званий в ВС РК – 5, а в вооруженных силах США – 6.

В вооруженных силах США существует дополнительная градация, именуемая Pay Grades, что можно перевести как «ранг оплаты» или «тарифный разряд». В данной системе все звания делятся на 24 группы, сведенные в три категории:

- O (O1-O10), к которой относятся офицеры и генералы (Company grade, Field grade and General officers);

- W (W1-W5), объединяющая все звания уорент-офицеров (Warrant officers);

- E (E1-E9), которая включает воинские звания рядового и сержантского состава (Enlisted and Noncommissioned officers).

Ни к одной из перечисленных категорий не относятся звания General of the Army (генерал армии), присваиваемое только в военное время, и Cadet (курсант), которое носят учащиеся из числа гражданской молодежи в единственном в стране офицерском училище сухопутных войск West Point (Вест Пойнт). Данная система градации облегчает деятельность таких тыловых служб, как финансовая, вещевая и продовольственная, а в Вооруженных силах РК к данным службам относится служба материально технического обеспечения.

Влияние системы Pay Grades сказывается на стилистических особенностях некоторых административных документов, приказов и инструкций, регламентирующих повседневную деятельность войск.

Система званий армии США имеет ряд особенностей. Прежде всего, это более обширная категория

званий сержантского и рядового состава. Сначала сравним воинские звания *рядового состава*. Основное различие заключается в том, что концепт «рядовой» (қатардағы жауынгер) в казахскоязычной картине мира содержит значение первичного звания для солдата или матроса, поступающего на военную службу. Тот же концепт в языковой картине американского военнослужащего включает в себя три звания – Private E1, Private E2 и Private First Class. Данный пример иллюстрирует случай таких отношений между концептами разных языковых картин, когда несколько значений концепта (в американской армии) одного языка сливаются в одном концепте другого (в казахстанской армии) языка. Интересно еще и то, что в армии США существует звание Specialist («специалист»), концепт которого занимает особое положение в подфрейме званий рядового и сержантского состава и является уникальным при сопоставлении с системой воинских званий в ВС РК.

Категория *званий сержантского состава* включает в себя 6 элементов. При этом Command Sergeant Major (главный командный сержант) и Sergeant Major of the Army (главный сержант армии) являются в большей степени должностями, чем званиями. Эти сержанты являются начальниками для всех сержантов и одновременно представляют их интересы в высшем руководстве вооруженных сил США. Звание «главный командный сержант» есть в каждом роде войск. Главный сержант сухопутных войск представляет весь сержантский состав этого вида войск при Комитете начальников штабов.

В ВС РК в структуру института сержантов (старшин) стали вноситься поэтапные изменения с 2001 года. В тот год были введены такие новые должности сержантского состава, как сержант взвода, роты, батальона, позднее появилось звено от сержанта бригады (базы, арсенала) до Главного сержанта Вооруженных Сил Республики Казахстан. С введением новых должностей состава сержантов (старшин) были введены дополнительные воинские звания, такие, как «сержант 3 класса», «сержант 2 класса», «сержант 1 класса», «штаб-сержант» и «мастер-сержант».

При рассмотрении отношений, в которые вступают концепты сержантских званий ВС США и ВС РК, можно сделать вывод, что основной тенденцией является отношения практически полного совпадения концептов и слияния нескольких концептов одного языка в одном концепте другого языка. Так, по уровню занимаемых должностей приблизительно одинаковыми можно считать звания «сержант» и «Sergeant», «штаб-сержант» и «Staff Sergeant».

При рассмотрении лингвистических особенностей званий рядового и сержантского состава стоит отметить широкое употребление аббревиатур для обозначений званий в письменной и устной речи. Отличие заключается в том, что использование сокращений в устной речи характерно исключительно для англоязычной картины мира. Что касается письменной речи, то для языковой картины мира американского военнослужащего характерно использование инициальных аббревиатур, для языковой картины русского языка слоговых аббревиатур, а в казахском же языке звания прописываются полностью (например: *PFC, SSG, SFC* в английском, *ряд., мл. с-т*, в русском языке, и *қатардағы жауынгер, аға сержанты* в казахском языке).

Необходимо также отметить, что при переводе воинских званий с казахского или русского языка на английский, наиболее лучшим способом является пословный перевод (например: *кіші сержант, младший сержант – Junior Sergeant; аға сержанты, старший сержант – Senior Sergeant*).

Следующая категория воинских званий – звания «прапорщика» и «уорент офицера». В казахстанской армии это звание присваивалось, а в американской присваивается военнослужащим, имеющим соответствующий уровень образования и занимающим должности выше сержантских, но ниже офицерских, как, например, начальник склада или иного тылового объекта. Примечательно то, что в отличие от ВС РК, где не присваивается, но до сих пор существуют всего два звания – «прапорщик» и «старший прапорщик», в структуре ВС США градация «уорент-офицеров» происходит по пяти категориям [1]. Важно отметить, что при переводе данных званий нельзя проводить параллель между наименованием «прапорщик» и «уорент-офицер» считая их полными эквивалентами. Несмотря на близость значения и в связи с различиями в обязанностях и порядке присвоения данных званий, наиболее продуктивным способом перевода является транскрибирование например, *praporshik* и *уорент офицер*.

При рассмотрении особенностей офицерских и генеральских званий в армиях США и Казахстана остановимся на некоторых деталях. Прежде всего, следует отметить, что для офицеров и генералов в армии США существует своеобразная система двойных званий. В некоторых случаях офицер имеет два звания – постоянное и временное. Постоянное звание – это звание, полученное офицером по выслуге лет, временное звание обязательно соответствует занимаемой должности. И в США, и в Казахстане, как уже отмечалось, звание капитан соответствует должности командира роты. При назначении в ВС РК на должность командира роты лейтенанта, он так и будет ходить в звании лейтенанта, пока по выслуге лет

ему не подойдет время получать звание старшего лейтенанта, затем и капитана. В США же при назначении второго лейтенанта на должность командира роты ему сразу же присваивается временное звание капитана, а его постоянное звание так и останется прежним – младший лейтенант. По выслуге лет он получит звание первого лейтенанта, а затем капитана, пока временное и постоянное звание не совпадут. Высшее постоянное звание в армии США – «Major General». Все остальные генеральские звания временные, т.е. действуют до тех пор, пока генерал занимает соответствующую должность. В казахстанской армии звание «генерал» постоянное и не зависит от смены должности. Также необходимо отметить, что для офицеров ВС РК, имеющих медицинскую или юридическую военно-учетные специальности, к воинским званиям добавляются слова «медицинской службы», «юстиции» соответственно. Для высшего офицерского состава авиации (летного, инженерного, имеющего инженерно-авиационную подготовку) к воинским званиям добавляется слово «авиации». К воинским званиям граждан, пребывающих в запасе, добавляются слова «запаса», а находящихся в отставке – «в отставке».

При анализе концептов, составляющих подфрейм «звания офицерского состава», хотелось бы обратить внимание на то, что их количество полностью совпадает в обеих рассматриваемых языковых картинах. Существуют некоторые различия в номинативной системе. Так, в казахском и в русском языках есть два лейтенантских звания, и они различаются за счет добавления атрибутивного элемента «аға», «старший» к главному слову «лейтенант». В английском же языке принято использование порядковых числительных First и Second для обозначения старшинства званий. Концепты других офицерских званий (капитан, майор, подполковник, полковник) совпадают практически полностью.

Серьезные различия наблюдаются в системе генеральских званий. Прежде всего необходимо отметить отсутствие такого концепта, как «бригадный генерал» (Brigadier General) в семантическом поле языковой картины мира казахстанского военнослужащего. Это звание отсутствует в системе званий ВС РК, но присутствует в системе вооруженных сил США и занимает положение между званием «полковника» и «генерал-майора». Другим обозначением этого звания является «одnozвездный генерал». В системе ВС РК одна звезда обозначает звание «генерал-майора». Звание же «генерал-майора» в системе вооруженных сил США соответствует казахстанскому «генерал-лейтенанту». Соответственно, казахстанскому званию «генерал-полковник» соответствует американский «лейтенант-генерал», а «генералу армии» – «генерал». Подобные несоответствия в соотношении концептов могут вызвать не только трудности при переводе, но и недопонимание во время совместных действий представителей вооруженных сил США и Казахстана.

Расхождения существуют и в употреблении званий в устной речи при общении военнослужащих. В Вооруженных Силах РК принята система обращения как к старшим, так и младшим по званию путем прибавления слова «господин». В США не принято, чтобы младшие обращались к старшим по званию. Ко всем старшим по званию военнослужащим мужского пола младшие обращаются одинаково – «Sir», а к женщинам – «Мam». Старшие к младшим обращаются или по имени, или по званию. Причем ко всем военнослужащим категории «солдаты» обращаются – «soldier», ко всем сержантам и уорент-офицерам – «sergeant», ко всем младшим офицерам – «lieutenant», ко всем старшим офицерам – «colonel», ко всем генералам – «general». Примерно также обращаются ко всем военнослужащим и гражданские лица, причем, если необходимо подчеркнуть уважительную интонацию, используется обращение «My general».

Интерес представляет невербальная репрезентация концептов (знаки различия), составляющих данный фрейм. Воинские звания в ВС РК обозначаются погонами и погончиками. Они подразделяются: по предназначению – для парадного, повседневного, полевого и рабочего обмундирования; по способу крепления – нашивные, вшивные, съемные. Также установлены погоны для Верховного Главнокомандующего ВС РК по должности, хотя в систему воинских званий она не входит. Состав солдат (матросов) и сержантов (старшин) на погонах имеет вшитые или металлические нашивки-угольники обращенные открытым концом к плечам. Рядовые и матросы угольников не имеют. Ефрейторы, младшие сержанты и сержанты носят соответственно один, два, три узких угольника; старшие сержанты носят один широкий угольник, у сержантов 3-го, 2-го и 1-го классов к широкому угольнику сверху добавляются соответственно один, два и три узких угольника. Штаб-сержант имеет два широких угольника, а у мастер-сержанта добавляется один узкий угольник. Для корабельных званий действует аналогичная система. Таким образом, в армиях обоих государств принято обозначение сержантских званий при помощи определенного набора шевронов, треугольной формы. Количество нашивок возрастает по мере увеличения звания, как в американской, так и в казахстанской армии. При этом в значительной степени отличается невербальное отображение офицерских и генеральских званий. Если в системе символов воинских званий ВС РК принято обозначение при помощи различного количества звезд на погонах, то в вооруженных силах США такой элемент как звезды используется только для обозначения генеральских званий. Для обозначения

ния офицерских званий используются особые знаки, не характерные для казахстанской армии (например: орел, прямоугольники, семиугольный лист). Примечательно также и то, что цвет – золотой или серебристый – также используется для различения воинских званий наряду с непосредственно графическими символами.

На основании выше указанного необходимо отметить, что, несмотря на кажущееся сходство в системах воинских званий вооруженных сил США и Республики Казахстан, между ними существует определенная разница, связанная с различной структурой и количеством концептов, составляющих данный фрейм в сознании военнослужащих двух стран. При этом остается неизменным то, что рассматриваемый фрейм воинских званий в обеих языковых картинах мира имеет строгую структуру, распределяющуюся по подфреймам «звания рядового и сержантского состава», «звания прапорщиков (юрент-офицеров)», «звания офицерского состава» и «звания генеральского состава». При этом все вышеперечисленные подфреймы имеют строгую иерархическую организацию, которая отражает отношения подчиненности субординации между военнослужащими с различными

1. Судзиловский Г.А., Полохин В.М., Шевчук В.Н. *Англо-русский военный словарь*. – М., 1987. – 688 с.
2. Гарбовский Н.К. *Сопоставительная стилистика профессиональной речи*. – М., 1988. – 82-84 с.
3. Нелюбин Л.Л., Дорми., Сахароонтов А.А., Васильченко А.А., *Учебник военного перевода: Английский язык. Общий курс. Под редакцией д-ра филологических наук проф. Л.Л. Нелюбина*. – М., 2004.
4. Миньяр-Белоручев Р.К. *Общая теория перевода и устный перевод*. – М., 1980. –199-200 с.

## **ТҮЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ**

**Г.Б. Кемалова** – магистр, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты

### **Резюме**

Закономерности развития жизни требуют постоянного обновления культуры. Основной идеей данной статьи является вхождение в ряды высокоразвитых стран, несмотря на социально-экономические трудности и разные исторические изменения, сохранение единства государства.

### **Resume**

Laws of life's development demand constant renewal of culture. The main idea of this article is incoming into sides of highly developed countries, in spite of social-economical difficulties and various historical changes, conservation of state's unity.

Рухани мәдениетіміздің зерттелу тарихын дәл мына уақыттан басталды деп басып айту қиын. Халықтық мәдениет қаншалықты көне болса, оның зерттелу тарихы да соншалықты тереңге таратады. Сол сияқты рухани мұрамыздың жиналу, саралану, насихатталуы да тереңге тамыр созады. Мәдениет – қоғамның өмір сүруінің қозғаушы күші.

Қазақстанның мемлекеттік басшысы Н.Ә. Назарбаев: «...бүгінгі таңда біздің төл мәдениетіміздің міндеттерін өзіміз айқындай алатын мүмкіндігіміз бар. Оны шешу мәдени санаткерлеріміздің еншісінде екенін атап көрсетті. Қазақ мәдениетінің үш мың жылдық тарихы ұрпақтарға жалғастық пен сабақтастық арқылы жетіп отыр. Мәдениеттің басты таратушылары болған көшпенді ата-бабаларымыз рухани қазынаны ең биік құндылыққа қоя алғандықтан және өздері сол рухани құндылықты бойына жинақтай да білді. Қазіргі бізге жеткен ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптардың қайсысын алып қарасақ та осыны аңғарамыз. Кешеге дейін өткеніміз бен бүгінгіміз жалғастырған нәзік жіп үзілмей, ұрпақ пен ұрпақты байланыстырып келеді. Сәби кезімізден анамыздың әлді мен әжеміздің ертегісін тындадық. Демек, ұрпақтар сабақтастығы үзілген жоқ. Мәдениетіміз тірі, оған серпін мен ырғық керек. Ғасырлар бойы екшеленген мұраларды бір сәт те естен шығармаған абзал» – деген [1, 2].

«Мәдениет» ұғымы бүгінде кең мағынада қолданылады. Бұл термин латын тілінен аударғанда «жерді өңдеу, күту, баптау» дегенді білдірсе, өз кезінде Рим философы Цицерон бұл терминді «жанды жетілдіру» мағынасында қолдана отырып, жан-жүйені өңдеу де жерді өңдеу сияқты таза, құнды өнім береді деген ой қалдырған. Уақыт өте келе Еуропалық тілдерде бұл ұғым білім беру, даму, қабілеттер, құрметтеу сияқты мағыналарға ие бола бастады. Мәдениеттанудың көрнекті өкілдерінің бірі – неміс философы И.Г. Гардер (1744-1803 жж.), өмірге келген адамда бастапқыда білім мен тәрбиеден алғандарының ешқайсысы болмайтындықтан мәдениетті – «адамның екінші рет өмірге келуі» деп қараған [2, 223].

Тәрбиенің мәдениеттілік астарлары туралы өз кезегінде А.Дистервег адамды тәрбиелеуде оның қайда туып, қай мәдениетке жатантындығын және қандай уақытта өмір сүретіндігін ескеру қажет екендігіне

көңіл бөлу дұрыс екендігіне тоқталып кеткен.

«Мәдениет» ұғымының астарларын терең аңғарсақ, жеке адамның ғана емес, тұтас адамзаттың прогрессивті рухани және материалдық құндылықтары дегенмен сарындас екенін аңғаруға болады. Ол жайлы философ Н.А. Бердяев мәдениет ата-бабадан қалған дәстүр, салтты білу, кез келген материалдық мәдениет те ең алдымен рух мәдениетінен бастау алады, оның рухани негізі бар екенін атап өтеді.

Ал қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке:

- мәдениет – белгілі бір халықтардың, жеке тұлғалардың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы;

- мәдениет – адам әрекетінің белгілі бір саласының жетілу деңгейі деген анықтамалар беріледі.

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол- өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс.

Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Мәдениет – әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Мәдениеттің тұрақты жағы – мәдени дәстүр, соның арқасында тарихтағы адамзаттық тәжірибесіне сүйеніп, оны кемелдендіреді, дамытады.

Адам мәдениетке оны жасаушы, тудырушы және оның негізгі нәтижесі ретінде қатысады. Ол қандай еңбекпен айналыспасын үнемі әрекеттің «сыртқы» нәтижелерімен қатар «ішкі» нәтижелері де, яғни адамның өзінің өзгеруі, оның қабілеттерінің, білік, дағдыларының дамуы орын алады. Зат, дүние-мүліктер әлемін жасау барысында адам өзінің ішкі мүмкіндіктерін жетілдіреді. Соның нәтижесінде оның жаңа қажеттіліктері оянып, оларды қанағаттандырудың жолдарын іздейді. Осылайша адамның мәдениеттілік деңгейі оның бүгінгі күні кім екендігімен емес ертең кім болуға ұмтылсымен анықталады [3, 303].

Мәдениет иесі деп танылатын тұлғаның өзегі оның руханилығы болып есептеледі. Рухани даму негізінде адамдарға қызмет ету, жақсылық жасау, өзін-өзі тұрақты жетілдіріп отыру арқылы объектіден субъектіге айналуға деген қажеттілік жатыр. Сондықтан жоғары мәдениетті студенттің ерекше сапасы – оның өзін-өзі дамытуға қабілеттілігінде жатыр.

Студенттің шығармашылық қабілетінің дамуы белгілі бір әлеуметтік ортада, соның әсері арқылы дамиды және сол ортада оның өзін қаншалықты ұйымдастыра алатындығына байланысты. Бұл – қазіргі уақытта философиялық-әдіснамалық синергетика амалының аясында қарастырылатын мәселе. Шығармашылық қабілеті жоғары адам қауымда (қоғамда) әлі шешімін таппаған мәселелердің жауабын іздейді. Бұл жолда ол қауымдық қарама-қайшылықтарға келуі мүмкін. Сөйтіп ол осы қарама-қайшылықтан өз жолын табады, өзінің даму үлгісін құрады. Бұдан адам шығармашылығының тетіктерін пәнаралық білімнің жаңа саласы синергетикадан іздеу қажеттігі туындайды.

Өмірдің заңына сәйкес мәдениет үнемі жаңғыруды қажет етіп отырды. Өзен өзінің мөлдірлігін суы ағып жатқан кезде сақтайды, тазалығымен адамды тәнті етеді, әлемділігімен табиғатты құлпыра түседі. Сол сияқты кез келген мәдениет жаңа толқынға, жаңа мағынаға ұмтылады, оған зәрулік танытады. Әрине, бұл дегеніміз ғасырлар сынағынан өткен дәстүрлі құндылықтарды түбегейлі жоққа шығару дегне сөз емес. Өйткені, тарихи сабақтастықтың логикасына сәйкес мәдениеттің ілгері үлгілері болады, онсыз ұлттық мәдениеттің қабырғасы сөгіледі, іргесі шайқалады. Міне, сондықтан жаңа үлгілерге жаппай бетбұрыс жасаудың өз қисыны, өз ырғағы, өзіндік келбеті бар. Сондықтан, өтпелі кезеңнің мәдени өзгерістерінен дәстүрлік пен жаңашылдықтың ерекше синтезін, симбиозын іздеуіміз қажет сияқты. Әрбір жаңа нәрсені ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып қабылдаған абзал. Мәдениеттің басқа салаларында жіктелген заттық және руханилық, объектілік және идеалдық, рационалдық және эмоционалдық... – осылардың бәрі өнерде жігі бұзылмай, бірлесе, біте қайнасып жатыр [4, 5-21].

Қорыта келе, адамдар арасында келісім, ауызбіршілік, бірлік болмайынша, тұрақты дамуды бағдар тұтқан қоғамды қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан еліміз үшін басымдық танытушы идеяға айналған мәселе әлеуметтік-экономикалық қиындықтардан, әр түрлі тарихи кедергілерден мемлекетіміздің тұтастығын сақтай отырып, өркениетті елдер қатарына қосылу болып табылады. Бұл жерде мәдениеттің гуманистік-адамгершілік принциптеріне сүйену, рухани бағдарды ұстануы терең мағынаға ие болды. Өйткені мәдениеттің құлдырауы адамның рухани дүниесін аздырады, оның шынайы даму жолынан ауытқуына әкеліп соқтырады. Бұл еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің түп негізіне әсер ететін құбылыс болып табылады.

2006 ж. – 2 б.

2. Яковлева Е.Л. Психология развития творческого потенциала личности. – М.: Изд. Флинта. 1997, – 223 с.

3. Пономарев Я.А. Психология творчества и педагогика. – М.: Педагогика. 1976. – 303 с.

4. Кориунов А.М. Отражение, познание, творчество. // Творчество и социальное познание. – М., 1972. – 5-21 с.

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Ұ.Қ. Тоққұлиева – аға оқытушы, ҚазМемҚызПУ

### Резюме

У творческого преподавателя соответственно должен быть творческий ученик. Одаренному ученику для полноценного развития требуется не менее одаренный учитель. Знания и опыт полученные молодым исследователем в процессе совместной творческой работы сыграют неоценимую роль в становлении творческой и одаренной личности.

### Summary

The creative teacher respectively must be creative learner. Gifted students for full development requires at least gifted teacher. The knowledge and experience of the young researcher in the process of joint creative work will play an invaluable role in the development of creative and talented individual.

Бейнелеу өнері арқылы студенттер сурет салуға, әсіресе көркем бейнелеу ісіне қабілеттілік көрсетеді. Әр қыз баланың бойында дүниені эстетикалық тұрғыдан игеру қажеттігін туғызады, қандай болсын әлеуметтік қажеттілік сияқты ол да өзін тәрбиелеп көтерген жағдайда ойдағыдай қалыптасады. Бейнелеу өнері студенттердің көптеген қабілеттерінің алғашқы белгілері: байқағыштық, көз алдында елестету, көргенін ұмытпау, қабылдау ерекшелігі ашылады. Сонымен қатар әр қыз баланың айрықша эстетикалық қабылдағышты өмір көркін түсініп, бағалау қабілеті қалыптасады. Ал мұның өзі әрқашанда құбылыстарды моральдық тұрғыдан бағалаумен байланысты. Бейнелеу өнерінің 1 курсынан бастап олар әдемі мен жақсының арасын әлі де айқын айырмайды, мұның бәрін ортақ «жақсы» деген бір ұғымға сыйғызады. Сұлулықты қабылдағыштық әр студент өз өмірін байытады, қоғамдық құбылыстардың кез-келген көрінісіне ықылас-ынтасын күшейтеді және де сұлу нәрсені бағалау мен қорғау қабілеті оның іс-қимылына бағыт береді. Бейнелеу өнерінің қызметі, сезімдерін өзгертіп, байыту арқылы студенттер мен жастардың рухани дүниесіне, адамгершілік санасына әсер етеді. Бұл әсер әр студент жастардың мінезінен көрінуі үшін жаңа сезімдер елес, қиял дүниесінен нақты өмір дүниесіне, студент күнделікті істері мен ойындары, қуаныштары мен реніштері практикасына ауысуы тиіс. Бұл тез жеткізетін төте жол емес. Қайсыбір тапсырма кезде студент мінезін бірден өзгертіп, оны құрбы-құрдастары мен басқа да өзіне жақын адамдарға ізгі ықыласты ете қалатыны сирек кездеседі. Адамның қарым-қатынастары мен табиғат әлемін эстетикалық тұрғыдан игеруді сурет салу жөніндегі тапсырмалардың адамгершілікке баулитын тақырыптармен алмастыру дамуды тездетпейді, қайта жадауландырып жібереді. Керісінше, студент дүниені танудың өзіне тән өзгеше көркемөнер құралдары арқылы әсер ету оның адамгершілік санасы мен сезімдерін байытады, оның дамуындағы ішкі өзгерісін реттейді. Бейнелеу өнері ол төменгі курстар үшін дайын суреттен гөрі сол суретті салу процесі маңыздырақ. Ол қандай сюжет таңдайды ненің суретін салу керектігі, бұл суретте қандай бояулардың әдемі және жарасымды болатыны жөнінде қызыға ойланады. Егер оқытушы студенттерге қызықты және маңызды тақырып ұсынса, онда суретті салу процесі үстінде әр студент өте бір жарқын эмоциялық әсерге бөленіп отырады. Мұндайда студент өте күшті сезімге бөленетіні соншалық, ол тіпті өз қиялында сол суретте бейнеленгендермен араласқандай халге түседі: ойланады, сезінеді, суреттегі ізгі батырдың, сұлу да қайырымды ханшайымның, ержүрек батырдың сөзін сөйлеп, ғажап істерін істейді. Оған суреттегі кейіпкерлердің бәріне жан біткендей болады және солардың бәрі оған осы студент өзі сияқты болып көрінеді. Ол осы оқиғаларға қатысушылардың бәрін ойлап тауып қана қоймай, сонымен қатар олардың қимыл-әрекеттеріне баға да береді, бұл арада өзінің жақсы мен жаман жөніндегі түсініктеріне сүйенеді, сонымен студент олардан өзіне тартымды нәрселерді: сымбатты, ізгі, әділетті, адал істерді... қабылдап, «меншіктеп» алады. Студент өздері бейнелеген оқиғаларды сезіне білетін қабілетке жету арқылы әр студент адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге белгілі мақсатпен ықпал етуіне мүмкіндік береді. Студентті тәрбиелеу үшін көркем бейнелеу өнері сабақтарының алуан түрлері қажет. Нақты заттардың суретін салу, көркемдеп безендіру жөніндегі тапсырмалар, суретшілердің туындылары туралы әңгімелер – осылардың бәрі де студенттердің ой ойлау қабілетін дамытады. Студент арнаулы тақырыптағы тапсырмалар арқылы байқағыштығына зерделілігіне, көз алдына елестете білу қабілетіне негізделеді. Оқытушы бұлар арқылы назарын адамдардың бір-біріне және табиғатқа деген

көзқарасына аударарды. Студент алғаш көргенде өзі байқамайтын нәрселерді – адамның іс-әрекетінің, ойларының, сезімдерінің және қарым-қатынасының адамшылық жақтарын көре білуге үйрету күрделі, бірақ маңызды міндет. Студент адамдар мен көшеде, үйде болып жатқан нәрселерге үңіліп, сурет сабақтарында бұрын көргендерін естеріне түсіріп, адамның сыртқы көріністері арқылы оның ішкі сарайын, көңіл-күйін түсіне білуді үйренеді. Қазіргі кездегі студент жастардың бұл қасиеттерін дамыту жолындағы алғашқы қадамдары. Балалар суреттерінің мазмұны – олардың байқағандары, алған әсерлері, ой-армандары мен талап-тілектері. Бала өзінің салған суретін де өзі көріп, қатысқанда да, орындағысы келетін, бірақ кішкентай болғандықтан қолынан келмейтін нәрселерін де бейнелей алады. Сабақ кезінде берілетін сурет салу жөніндегі тапсырмаларда осының бәрін ескерту қажет. Оқытушы әр тапсырмалары арқылы балаларды өздері жақсы білетін, бұдан бұрын ойластырған, өздерінің өмір тәжірибесіне, ұмтылыстары мен мұраттарына сай келетін нәрселерді бейнелеуді үйретеді. Тапсырмалардың мазмұны ел, қала, село, тіпті сабақ өткізіліп отырған аудитория өмірінің нақты бір жағдайын бейнелейтін болса, ол студентті соғұрлым қызықтыра түседі. Жастардың адамгершілік әлемі ол өздерінің айналасындағы араласып жүрген адамдармен және құрбы-құрдастармен қарым-қатынас үстінде қалыптасады, сондықтан студент жастардың өз өмірінен алынған тақырыптары мен сюжеттері тәрбие үшін ерекше маңызды.

Бейнелеу өнерінде әр студентке тапсырманың келесі бөліміне ауысардан бұрын оқытушы айтқан әңгіменің өзекті маңызына – міндетке назар аударайық. Бұл міндет әңгіменің тек аяғына ғана емес, қайта барлық бөліктеріне енгізілген. Ол студент назарын алғашқы адалдық туралы, одан соң әділеттік туралы, ақыр-соңында, сенім туралы мәселелерге бағыттайды. Оны шешу үшін әр студент өз тәжірибесін пайдалануы, өзін әңгімедегі құрбы-құрдастарын орнына қоюы, соның ойын ойлап, сол сияқты сезінуі тиіс. Көзге түсетін бір жайт сол: осы тапсырма бойынша сурет салғанда, қыздар көбіне қыздың суретін салады. Бұл кезде студенттер туған сезімдері күшейе, терендей түсіп, студенттің бейнелеу процесінде қолданылатын суреткерлік құралдары арқылы баянды етіледі. Бұл бейнелеу өнері келесі бөлімі әңгімелесу үстінде шешіледі.

Студенттер суреттері ең қарапайым әдіс құралдарын көрсететін себебі олардың көркем бейнелеуіндегі тәжірибесінің жеткіліксіздігінен ғана емес, сонымен қатар олардың әлде қайда күрделі және нәзік сезімдерді білдіретін сөз қорының шектеулігінен де. «Сурет кейіпкерінің» көңіл-күйінің сыртқы көріністерін студент өз сөзімен суреттеуі керек екенін едәуір жеңілдетеді. Бұл студент суретті салумен бірге әрқашанда суреттегі бейнелейтін оқиғаны әңгімелеп беріп отырады. Біреулері естіртіп дауыстап, әңгімелесе енді біреуі сыбырлап, ал үшінші біреулері іштей әңгімелейді. Сурет салынатын әр бір сабақ студенттермен әңгімелесуді де қамтуы тиіс.

Мұнда түсіндірілген сабақ адамгершілік тәрбие берудің аса маңызды міндетін – елгезектік қасиетін қалыптастыру міндетін шешудегі бастапқы кезең болып табылады. Адамдардың мінез-құлығындағы елгезектікті көрсететін нәрсе студент салған суреті емес, қайта студент сурет салу процесінде адамдармен бірге көңіл-күйге түсіп, сол адамдардың реніш-күйінішіне қосыла, мүсіркеу сезіміне үйренетін екенін ескерту қажет.

Елгезектікке тәрбиелеу барлық сабақтарда және әр түрлі құралдармен жүргізіледі. Бұл істе студент музыкалық шығармалардан алған әсері бойынша сурет салатын сабақтарда жәрдемін тигізеді. Музыка адамның қуанышы мен реніш-күйінішін сезімдерін неғұрлым анығырақ бейнелейді. Музыкада бейнеленген сезімдерді қабылдау қабілеті баланың адамдармен қарым-қатынасындағы елгезектігінен көрінеді. Суретшілердің картиналары туралы әңгімелесушілер арқылы студенттердің адамгершілік сезімдері байытылады. Студенттермен картиналар туралы әңгімелесу әрқашанда сурет салу жөніндегі практикалық тапсырмалармен байланыстырылады. Мәселен, оқу жылының аяғында оқытушылар студенттермен плэнерге шығып «Біздің қаладағы көктем күні» деген тақырыпта сурет салады. Тақырыпты талқылау кезінде студенттер мен И.И. Левитанның «Март» деген картинасы туралы әңгімелескен жөн. Оқытушы өзінің әңгімесін былайша құра алады «Қаланың шет жағы, үлкен ағаш үй тұр, табалдырық алдында шанаға жегілген ат көрінеді, бәрі де әдеттегідей-ақ, мұндайды бәріңде талай рет көрдіңдер. Ендеше картина біздерді несімен қызықтырады? Суретші көктемнің келгенін бейнелеген. Жерде әлі қар жатыр, ағаштар жапырақсыз, тек қана қарағайлар жасыл түстес, дегенмен бәрінен де көктем нышаны сезіледі, көктемнің алғашқы күн шуағы бәріне жан бітірмек. Суретші қыстың аяқталып қалғанын қалай көрсеткен?» Студенттер оқытушының бұл сұрағына жауап қайтарды. Олардың айтқандарына бағыт беріп тұрған жөн, қардың күн көзінде және көлеңкеде қандай түсте екеніне, ағаш үйдің түсіне, ағаштардың түріне назар аударылады. «Бұл картина көңілді ме, әлде көңілсіз бе және неліктен?» деп сұрауға болады.

Картина жөнінде әңгімелескеннен кейін қаладағы көктем белгілеріне байланысты сұрақтарға ауысуға болады. Бұл тұста үйлердің, бақтардың, аулалардың және басқалардың түр-түсі туралы ғана емес,

сонымен қатар адамдардың мінез-құлқының, іс-қимылдарының және көңіл-күйінің қалай өзгеретіні туралы да айту және сұрау қажет. Адамдардың өміріндегі, балалардың ойындарындағы өзгерістерге айрықша назар аударыңыздар. Бейнелеу өнері студенттерге негізінен сезімдер арқылы әсер етеді, ал сезімдер қолайсыз сыртқы жағдайлар тұсында оп-оңай құбылып, немесе жойылып кетеді. Сондықтан сурет салу сабақтары мұғалімнен шығармашылықпен айрықша шеберлікті және барлық студенттерге белгілі бір эмоциялық көңіл-күйін туғыза білуді, әр студенттің қуанышы мен реніштерін түсінуді талап етеді. Студент көркем өнер қызметі шығармашылық сипатта болса ғана тәрбиелік нәтиже береді. Шығармашылық қызмет үстінде әр студент өзіне белгісіз немесе бұрын өзі түсінбеген жана құбылыстарды, қарым-қатынастарды, қимыл-әрекет тәсілдерін, оған ынталандыру, сабақтар кезінде, шығармашылық ахуал туғызу қажет. Тапсырма, оның мазмұны мен құрылымы студенттердің шығармашылық белсенділікке ұмтылдыратын талпыныс пайда болады. Бұл шығармашылық ахуал туғызу маңызды, бірақ бірден-бір ғана шарты емес. Бұдан әрі педагог студенттерді көркем бейнелеу шығармашылығы процесінде басшылық етеді. Ол ескертпелер жасайды, қайсыбір нәрселерді студенттердің естеріне салады, көмектеседі, студенттердің істеріне, суреттеріне баға береді, сөйтіп студенттерге және оның жұмысына өзінің қатынасын білдіреді. Мұндайда тәрбиелеуді өз студенттерінің жақсы қасиеттері мен суреткерлік қабілеттеріне сенетін оқытушы ғана ойдағыдай жүргізеді. Бұған қоса, ондай оқытушы әр студенттің мүмкіндіктеріне олардың көзін жеткізе білуі және өзінің жақсы, ізгі әділетті болатындығына, әдемі және қызықты сурет сала алатындығына сенетіндей етіп көзін жеткізе білуі тиіс. Бұл үшін бір студенттермен суретті қалай таңдау керектігі туралы әңгімелесу қажет, ал үшіншілерінің алғашқы сызықтарынан суреттің қызықты мазмұнын байқап, оны қалай жүзеге асыру керектігі жөнінде кеңес беріп, қайсыбіреулеріне бұдан әрі не істеу қажеттігін айтып, кейбіреулерін көңілдендіріп қоюы керек. Сабақтың барысында сурет сызықтарының, бояудың композицияның әдемі бейнеленуі оларды әр студент өзінің қабілеті мен көңіліне сай бейнелей алуы үшін оқытушы студентке әлгілерді көркем бейнелеудің алғашқы тәсілдерін үйретеді. Оқытушы студент шығармашылығына белсене қатысады. Ол бір жағынан әр бір студенттің тапсырмада көрсетілген мақсатқа қарай жетектейді, сөйтіп, студенттер оқытушының ойына сай қимылдайды; екінші жағынан – студентке көмектесе отырып, оқытушы студенттің өмірдегі өзінің түсінігіне сай міндетті шешуге, өмірді түсінуге және оның қабілеті мен бейімін суреттей, барынша бейнелей алуына бағдарлайды. Мұндай жетекшілік болған жағдайда студенттер жұмысты өздерінше ойластырып, өздерінше істейтін және тындыратынына әрқашанда кәміл сенімді болады. Оқытушы студент үйде салған суреттерін көрсетуді ұсына алады. Олардың таңдаулыларын аудиторияда немесе көрмеге іліп қоюы керек. Студент суреттерін көргенде оқытушы сыпай сөздермен студенттің назарын өмірдің этикалық, адамгершілік және эстетикалық жақтарын бейнелейтін оқиғаларға аударады. Ол көрші үйдегі жолдастарының істері мен ойындары туралы, семьяның және жақын адамдардың өмірі, елдің, қаланың, көшенің, студент өзі тұратын үйдің өмірі мен байланымды оқиғалар туралы сурет салуға кеңес береді. Мұндайда әр студент жеке қабілеттерін, бейімділігін және ынта-тілегін ескерген жөн. Бұл жұмыс әр студентке бірыңғай дара жүргізіледі, шығармашылық сипатта болады. Оны сурет салу жөніндегі үй тапсырмасына айналдырып жібермеу керек. Қарым-қатынастар да, іс-қимылдар да, сөйлеген сөзінде де адал болушылық студенттерге адамгершілік тәрбие беру үшін де, олардың көркем шығармашылығы үшін де бірдей қажетті. Оқытушыға адамгершілік жағы жеткіліксіз көрінген суреттің мазмұнын тура және қатаң талқылау студенттерді тәрбиелеуге көмектеспейді. Педагог сонда да болса студент суреттерінің мазмұнына ықпал жасауға тиіс, оның үстіне балалардың салған суреттерін мұқият зерттеу адамгершілік тәрбие беруді табысты жүргізудің бір шарты болып табылады [6]. Студенттердің суреттері, бұған қоса олардың мінез-құлқы жөніндегі байқауларымыз студенттердің өздері мен құрдастары жөніндегі, басқа адамдар жөніндегі, еңбек адамдарының жасаған игіліктері және табиғат жөніндегі көзқарасы туралы білетіндерімізді едәуір толықтыруға көмектеседі. Бұл үшін оқытушы әрбір студенттің салған суреттерін үнемі тексеріп, оның сурет үшін қандай сюжетті таңдағанын, суреттеріне адамның қандай көңіл-күйін бейнелегенін, суретпен кескіндемеде қандай бейнелеу құралдарын пайдаланғанын көреді. Кейбір жоғарыда айтылған «Өз арманым» деген тақырып бойынша студент әр түрлі суреттер салады. Біреулері келешектегі арманы туралы қағаз бетіне түсірсе, енді біреуі үйде өзінің семья болғанын түсіндіріп өз ойларын жеткізе бейнелейді. Бұл суреттер студенттердің эмоциялық қуанышты көңіл-күйінің көрсеткіші. Олар студенттің келешекке, болашаққа сенетіні туралы, олардың әділдігі мен ізгілігіне деген қалтқысыз сенімі туралы баяндайды. Басқа студенттер суреттерін ең жаңбырлы бұлтты күні көшеде келе жатқан немесе қорқып өз пәтері есігінің алдында мұнайып тұрған адамдарды көруге болады. Мұндай студент ересек адамдармен қарым-қатынасында әлденендей бір кемістік бар, оған айрықша назар аудару керек. Кейбір студент тамаша көңілмен қызықты, ал кейбіреулері университетте үзіліс кезінде демалып жүрген студенттерді бейнелейтіні болады. Бұлар-



дың суретінің көркемдік ерекшелігі жоқ ешқандай бір анық шешімді бейнелемеген болып шығады. Ондай студент өзгелердің өздеріне сенетініне әлі де айқын емес, батылдығы жетпейді немесе өз пікірін білдіруден жүрексінеді. Оқытушы тапсырылған немесе әркімнің өз ойындағы тақырып бойынша аудиторияда салынған суреттерді ғана емес, сонымен қатар студенттердің үйде салынған суреттерін де міндетті түрде көріп шығады. Оның бұдан алған мәліметтері студенттердің ұғымдағы ерекшеліктерді немесе олардың адамгершілік жағынан дамуындағы кемшіліктерді анықтауына мүмкіндік береді, мұның өзі оқытушының тәрбие жұмысын әр студентпен дұрыс бағытта жүргізуіне мүмкіндік ашады.

Сол жаңа талаптарға сай білім алу үшін, кезінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы ашқан Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университетінде жастарға жақсы білім алуға жасалған жағдайлар еліме жеріме, ұлтыма деген мақтанш сезімді айқын оятты. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының 26 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университетіне келіп жастарға арнап оқыған лекциясында айтқандай «кез келген адам, кез келген маман иесі тіпті еден жуушы болсын өз ісінің нағыз шебері, маманы болуларың тиіс және әркім қолынан келген істі жақсы атқаратын болсаңдар алдағы мақсаттарыңа жетесіңдер» [1] деген. Президентіміз Қазақстанның болашағы жастардың қолында екендігін айта келіп, сенімін білдірген болатын. Елбасымыз тағы бір сөзінде «қандай жақсы оқытушы болмасын, егер оқушы, студент өзі талпынбаса одан түк те шықпайды» [1] деген еді. Осындай бізге үміт артып отырған Елбасымыз бен еліміздің үмітін ақтау біздің міндетіміз. Өнерлі де өнегелі ұстаздардан үлгі алып, соны жалғастыру, одан әрі дамыту, биік рухты болып, ел мен жерді, тәуелсіздікті қадірлей білу, әркім қолынан келгенше үлесін қосатын болса дамыған елу елдің қатарына енеріміз қақ!

Қорыта келгенде, ұлы педагог Я.А. Коменский «Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі» деп ұстаздың еңбегіне ерекше баға беріп, үнемі ізденісте, шығармашылық әрекетте болатын, жалындап жүретін тұлға екенін айтқан. Ал, шығармашыл мұғалімнің шәкірті де шығармашыл болуы керек. Дарынды балаға дарынды ұстаз қажет. Олай болса, оған білімнің нұрын құйып, шығармашылық ынтымақтастықта әрекет етсе, шығармашыл дарынды тұлға шығары сөзсіз.

1. Назарбаев Н. *Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына.*
2. Каменева Е. «Кемпір қосақтың түсі қандай» – Алматы: «Өнер» 1981 ж. /3.144/,/3,144/.
3. Кузин В.С. «Основы обучения ИЗО искусству в школе» – М., 1997 г.
4. Штикалова Т.Я. «Народное искусство на уроках рисования». – М., 1979 г.
5. Волков Н. «Цвет и живопись» – М., 1984 г.
6. Кастеев А. «Альбом» (сост. Т.Барманкулова) – Алматы, 1976 ж.
7. Мұхтарұлы С. «Шокан художник» – Алматы: «Өнер», 1986 ж.
8. Марғұлан Ә. «Қазақтың сәндік қолданбалы өнері». – Алматы: Өнер, 1986 ж.
9. Ералин Қ. *Қазақтың бейнелеу өнері арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру.* – Алматы: «Мектеп», 1988 ж.
10. *Изобразительное искусства Казахской ССР* – М.: Аврора, 1972 г.

УДК 37.013  
Ж 88

## ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ – СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ӨРКЕНИЕТІНІҢ БАСТАУЫ

А.К. Тоғайбаева – Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты

### Резюме

В статье рассматриваются понятие правовой культуры как способа улучшения политической и правовой ответственности народа и граждан; является педагогическим условием для выработки правовой ответственности студента и ответственного выполнения ими прав и обязанностей, указанных в законе. Целью статьи является исследование процесса формирования правовой культуры студентов в ВУЗе и его научно-методическое обеспечение. Задачами статьи является характеристика понятия правовой культуры и методов, способов его формирования. В рамках статьи использован комплекс педагогических методов.

### Summary

Legal culture develops nations and individuals political and legal responsibility, it is educational condition which influences on execution of rights and liabilities by nation and faithful performance of State laws and liabilities by Government. The intent of the article is research of process of developing legal culture among the students of higher institutions and its scientific methodical provisions. The objects of the article are characteristics of legal culture definitions, its

methods and ways of development. Within the frames of the article, complex of pedagogical methods are applied.

Еліміздің төл Ата Заңында Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет деп жарияланғандығы баршаға белгілі. Құқықтық мемлекет құру үшін қоғамның құқықтық мәдениеті болуы керек. Құқықтық мемлекет құру жас жеткіншектерден басталады. Өйткені болашақ қоғам солардың қолында. «Жана ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болуы керек. Әрбір адамның өзі үшін жауапкершілігі жаратушының алдындағы жауапкершілікпен бірдей екені сөзсіз. Білімді адам санатына қосылу үшін қазіргі жасөспірімдерге негізгі пәндерді игеру және талдау қабілетінің сауаттылығы аздық етеді. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет» деп жазды С.Назарбаева «Өмір әдебі» кітабында.

Мәдениет ұғымын адамдар қауымы жасаған. Сондықтан оны дамудың белгілі бір деңгейін анықтап, сипаттайтын материалдық және рухани құндылық деп түсінеміз. Ал құқықтық мәдениет дегеніміз – өзінің құрамы, ерекшелігі бар қоғамдық мәдениеттің бір бөлігі.

Студенттер құқықтық мәдениетін қалыптастыруда құқықтық мәдениет ұғымы тар және кең мағынада есепке алынып отыруы керек. Тар мағынасы: заңдылықтың, құқық шығармашылық және құқық қолдану органдарының жалпы жағдайын, құқықтық даму деңгейін бейнелейтін жеке азаматтармен барлық халықтардың құқықтық санасы. Кең мағынасы: құқықтық мәдениет заң мамандарын даярлау және құқықтық мәртебелік, заң қызметінің мемлекеттік жүйедегі ролі, құқық мәселелері бойынша ғылыми басқармалардың дамуы, адвокатура жағдайы.

Құқықтық мәдениеттің басты элементтері құқықтық сауаттылық пен азаматтардың заңды сыйлап, оны орындауы болып табылады.

Құқықтық мәдениет іргетасы:

- Құқықтық білімнің сапасы мен оны қолдана алуы;
- Заңға қатыстылық сипаты;
- Құқықтық нормасын орындауға дайын тұрушылық, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда белсенділік көрсету.

Мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Қоғамның мәдениеті бірнеше түрге бөлінеді: саяси, экономикалық, әлеуметтік, парасаттылық, инабаттылық, экологиялық, құқықтық тағы басқа мәдениеттің жүйе салалары. Олар бір-бірімен тығыз байланыста қоғамның экономикалық саяси, әлеуметтік дамуына сәйкес дамиды. Сонымен қатар олар қоғамның әр саласындағы қарым-қатынастарды реттеп, басқарып отырады. Мәдениет салаларының ара қатынастары бірлестікте және дербестікте дамып, қоғамның экономикасын, әлеуметтік жағдайын жақсартып, нығайтып отырады. Жақсы дамыған экономика мәдениеттің жан-жақты нығаюына мүмкіншілік жасайды. Мәдениеттің жақсы дамуына мемлекетпен бірге бірлестіктер, одақтар, ұжымдар зор үлес қосады. Жоғары деңгейлі мәдениетке құқықтық мемлекет жол ашады.

Сонымен, қоғамның парасаттылық, инабаттылық тәрбиелік тағы да басқа деңгейі мәдениеттің деңгейімен айқындалады. Ал мәдениеттің деңгейі қоғамның экономикасының, саяси-әлеуметтік деңгейіне байланысты.

Қоғамда бұл екі жақты байланыс бір елдің, бір мемлекеттің деңгейінде ғана болады. Мәдениеттің дамуына сыртқы қолайлы жағдайлар зор әсер етеді. Мысалы, дамыған елдердің мәдениеті артта қалған елдерге үлгі болып, олардың рухани байлығын, сана-сезімін көтеріп, мәдениетін артта қалған елдерге үлгі болып, олардың рухани байлығын, сана-сезімін көтеріп, мәдениетін дамытады.

Мәдениеттің мазмұны туралы ғылымда бірнеше пікірлер бар, оларды үш топқа бөлуге болады: антропологиялық, социологиялық, философиялық көзқарастар-жіктеулер.

- антропологиялық жіктеу-адамдардың іс-әрекеті мен қоғамның тарихи даму процесінде қалыптасқан материалдық және рухани жетістіктер. Бұл концепсияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын жақсы түсіндіру үшін қоғамның барлық саласының жетістіктерін біріктіріп зерттеуді жақтайды;

- социологиялық жіктеу-қоғамның даму процесінде қалыптасқан рухани жетістіктер. Бұл концепсияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын түсіну үшін қоғамның әлеуметтік және идеологиялық жетістіктерін біріктіріп зерттеуді қостайды;

- философиялық жіктеу-қоғамдағы барлық материалдық және рухани құбылыстардың жиынтығы-деп түсіндіріледі. Бұл концепсияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын түсіну үшін қоғамдағы барлық құбылыстардың объективтік және субъективтік заңдылықтарын зерттеп, ғылыми тұрғыдан қорытынды тұжырымдар жасауды дұрыс дейді.

Қоғамдағы мәдениеттің негізгі салаларының бірі құқықтық мәдениет. Бұл қоғамдағы мәдени құндылықтарды сақтау, жаңғырту, дамыту, оларға азаматтарды баурау жөніндегі қатынастарды құқықтық нормаларды реттеп, басқару. Құқықтық мәдениет қоғамдағы мәдениеттің деңгейінен жоғары бола алмайды.

Құқықтық мәдениет қоғамның құқықтық санасының айнасы деуге болады. Өйткені бұл мәдениет адам қоғамның өткен формацияларының құқықтық мәдениетінің жетістіктерін жинақтап, біріктіріп отырады. Құқықтық мәдениет екі бөлімнен тұрады: жеке тұлғалардың мәдениеті және құқықтық мәдениет. Жеке тұлғалардың мәдениеті қоғамдық мәдениетті дамытуға шешуші үлес қосады. Құқықтық мәдениет жалпы-халықтық байлық, ол адам қоғамының тарихи цивилизациялық жетістігі.

Құқықтық мәдениет жеке тұлғалардың білімінің деңгейіне қарай үшке бөлінеді: күнделікті, профессионалдык, теоретикалық. Күнделікті мәдениет жалпы қоғамдық мәдениеттің көлеміндегі дәреже. Бұл дәреже еңбектенсе өсуі мүмкін. Профессионалдык мәдениеттің бір немесе бірнеше саласын игеру.

Қоғамның мәдениет саласындағы қатынастардың басым көпшілігі заң арқылы реттеліп, басқарылып жатады. Заң мәдениеттің негізгі мүдде-мақсатын анықтап, оның орындалу бағыттарын көрсетіп, реттеп отырады. Заң мәдениеттің жаңа бағытын, жаңа мақсатын болжап, алдын-ала заңға тәуелді нормативтік актілердің қабылдануын қамтамасыз етеді. Заң құқықтық мәдениетті басқарып, дамытатын аппараттарды құрып, нығайтып отырады.

Заңның дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз ететін, заңға тәуелді нормативтік актілер. Сондықтан құқықтық мәдениетті дамыту үшін мемлекет барлық басқарушы аппараттардың (Үкімет, министрлік-ведомоствалық, жергілікті органдардың) жұмысын жақсартып, олардың нормалары мен құжаттары дұрыс, сапалы, уақытында қабылданып, қоғамдағы мәдениет процесін реттеуді, басқаруды тиісті дәрежеде ұстауды қамтамасыз етеді.

Құқықтық мәдениеттің жақсы дамуының негізгі шарттары: халықтың рухани сана-сезімін дамыту, мемлекеттік биліктің үш бағыттағы жұмысын жақсарту; заңдылықты, құқықтық тәртіпті орнату; мәдениеттің жетістіктерін қорғау; құқықтық мемлекет қалыптастыру.

Бұл шарттарды орындау үшін біріншіден-қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік даму процесін күшейту; екіншіден – мәдениеттік аппаратындағы қызметкерлердің сапасын жақсартып, білімін, тәжірибесін көтеру; үшіншіден – демократияны дамыту керек.

Құқықтық мәдениет екі деңгейден тұрады: адамдардың сана-сезімінің деңгейі және олардың мамандығының деңгейі. Құқықтық мәдениеттің сапалы немесе сапасыздығын қоғамдағы бостандықтың, әділеттіктің, демократияның, заңдылықтың, құқықтық тәртіптің деңгейімен білуге болады.

Білім, ғылымның барлық салаларында «құзыреттілік» ұғымы пайда болды. Бұл қазіргі заман талабы және даму заңдылықтарының бірі деуге болады. Осындай педагогикалық құзыреттіліктің құрамды бөлігінің аса маңызды компоненті-құқықтық мәдениет. Жастардың бойында құқықтық мәдениетті қалыптастыру мынадай іс-әрекет бағыттарын жүзеге асыруды талап етеді:

1. Заң бұзушылықтан сақтандыру жұмыстары: қылмысты істерге жетелейтін іс-әрекеттерден сақтандыру. Бұл саналы тәртіп, іс-әрекетімен ақыл-ойының сабақтастығынан туындайды. Мысалы: өз іс-әрекетін бақылап, өзіне-өзі есеп беріп тұру. Қоғамдық талаптарға қайшы мінез-құлық пен іс-әрекеттің басқара білуге дағдыландыру. Кез келген адамға қарсы істерден сақтандыру: адамның денсаулығы, рухани әлемі, психикасы, сана-сезіміне қайшы келетін әрекеттерден сақтандыру.

2. Өз іс-әрекетінің, сөйлеген сөзінің дұрыстығын бақылай білу. Тек қана іс-әрекет емес, адамның ауызынан шыққан сөздері де басқаларға рухани зиян келтіруі мүмкін. Халқымыз «сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді», «ауыздыдан шыққан сөз, атқан оқпен бірдей» деген де сөздің адамның санасына сол арқылы сезіміне одан жан дүниесі, рухани әлеміне келтірілген зиянын айтқаны белгілі. Әсіресе, педагогикалық іс-әрекеттің, қарым-қатынастың басты құралы сөз. Сондықтан іс-әрекетімен қоса сөйлеу мәдениетінің болуы да құқықтық мәдениеттілікті көрсетеді.

3. Әр түрлі құқық нормаларын дұрыс ұғынып, оны басқаларға, мысалы педагогикалық қызметте, студенттерге жеткізе білу. Біздің пікірімізше, бұл алдымен, Конституцияны меңгеру, сол негізде құрылған Азаматтық Кодекс ережелерін сақтаумен қатар білім берудегі, басқаларды оқыту және тәрбиелеу кезінде заң талаптарын орындаумен бірге адагершілік нормаларын да қаперден шығарып алмау.

**Ключевые слова:** құқықтық мәдениет, педагогикалық жүйе, студенттердің құқықтық мәдениеттілігі, құқықтық сана, дағдылану.

1. Баймаханов М.Т., Вайсберг Л.М., Бейсенова А.У. и др. *Взаимодействие правового сознания с моралью и нравственностью в обществе переходного периода* – Алматы, 1995.

2. *Студент жастардың бойында құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы тәрбиенің ролі* // Тоғайбаева А.К. // *Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.* – Уральск, 2-3 июня 2009 ж.

3. *Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы теории и практики.* – Алматы, 2002. – 345 с.

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ – САЛАУАТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

**З.С. Конофеева** – доцент, анатомия, физиология, гигиена және тіршілік қауіпсіздігі кафедрасы,  
Абай атындағы ҚазҰПУ,  
**С.Б.Омаров** – аға оқытушы, Қайнар университеті

### Резюме

Главной целью этой статьи является формирование понятия о здоровье человека и как достичь эффекта и всеобщего успеха в поднятии уровня санитарной грамотности, в сохранении и укреплении здоровья и повышении нравственности.

### Summary

The main aim of the forming of the idea of men's healthy lifestyle of human being, and about the achieving of the improving of level of sanitary education, strengthening of health and promotion of morali.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев "Қазақстан 2030" Жолдауындағы ұзақ мерзімді басымдылықтардың бірі – "Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты" тармағында "...азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін азаматтарымыздың салауатты өмір салтына әзірлеу" қажеттілігі көрсетілген. Осы ретте елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытына білім беретін жұмыс үдетіле түсуі қажет – деп көрсетілген.

Қазақстанда соңғы жылдары демографиялық көрсеткіштердің нашарлап, халықтың табиғи өсімі төмендеп, ауру-сырқау мен өлім-жітім көбеюде. Бұл, әсіресе, балалар мен жастардың денсаулығы қауіп төндіруде. Аурулар санының өсуі адамның болашағына қауіп төндіріп отырған жағдайда салауатанудың пайда болуы заңдылық.

Ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, салауатты өмір сүру деген біздің түсінігімізде адамның күнделікті тіршіліктегі қалыптасқан адами болмысын зерттейтін ғылым деуге болады.

Бұл ілімнің негізгі мақсаты адам денсаулығын сақтау және қалыптастыру болғандықтан, бүгінгі таңда бүкіл өркениетті елдерде салауатты өмір сүру қағидасын адам организмінің дұрыс қалыптасуын зерттейтін ғылым ретінде қарастыруда. Жалпы, адам баласының ең әуелі денсаулығы қоршаған орта, яғни, табиғатпен қарым қатынас жасаудың негізгі заңдылығын білуіне негізделген.

Адам баласы дүниеге келгеннен кейін содан ары даму процессінде жетілу үшін не білуі керек? Айталық, дұрыс тамақтану, тазалық сақтау, таза ауада демалу, үнемі қозғалыста болу, т.т. толып жатқан қағидаларды орындау керектігін әр бір адам ешқандай ғылымның іліміне сүйенбей ақ біледі. Әрине, адам баласының ұзақ өмір сүруі үшін қалай қалыптасуы керек, адамның адами болмысы қандай болуы керек дегенде, кімде кім болмасын кібіртіктейді. Себебі, барлығы дұрыс тамақтана білу, дене шынықтырумен шұғылдану, ішімдік, нашақорлықпен айналыспау, т.б деген жалпылама ұғымдарға ғана байланысты емес.

Егер әр адам санасына салып, табиғаттың өзіне сыйлаған мүмкіндіктерін орынды пайдаланса, денсаулығына зиян келтірмесе, ұзақ өмір сүруге болар еді. Сол себепті, болашақ мұғалімдерді дұрыс өмір сүруге баулу, сондай өмірдің қажеттілігіне санасын ояту. Әрине, жеке бастың тазалығын білмейтін жастар жоқ. Ол бағдарламаға енгізілген. Бірақ, оған көпшілігіміз күнделікті өмірде аса мән бермейміз. Оның басты себебі – өз бойымызда қалыптасып калған санасыздығымыз, жалқаулықты жеңетін күш жігердің әлсіздігі. Ауырып, ем ідегенше ауырмайтын, сау жүріп салауатты өмір сүріп, ауырмаудың жолын іздеген анағұрлым тиімдірек.

Біздің қазақ жастарының салауатты өмір сүру жөнінде сауаты жоқтың қасы десек, артық айтылған емес. Бұдан шығатын қорытынды, салауатты өмір сүру қағидасын педагогика ғылымының бір бағыты, болмаса, бұтағы ретінде қарауға болады. Демек, жеке бастың әдебі, сауықтыру жұмыстарының теориялық-практикалық жақтарын қамтып, болашақ жастарды салауатты өмір сүруге тәрбиелеу керек.

Денсаулық-әлеуметтік байлықтың негізі. Демек, әр адам өзінің де, басқалардың да денсаулығы үшін қоғам алдында моральдық жағынан аса жауапты. Моральдық жауапкершілік денсаулыққа мейлінше сақтықпен қарауды ескертеді, өйткені ол-адамның ойдағыдай тіршілік, өз қабілетін шығармашылық түрде жүзеге асырудың қажетті шарты.

Денсаулығы жоқ жастар ойлаған істерін іске асыра алмайды, күш-қайраты мен қиялына кедергі болады. Аурудың алдын алу осы заманғы педагогика ғылымының негізгі бағыты болуы керек. Бұл салада біздің республика көлемінде әлі де болса ғылыми зерттеу өз деңгейінде жетті деуге болмайды.

Педагогика ілімінің негізгі зерттеу объектісі адам болғандықтан, оның тәжірбие жүзінде қалай қалыптасу анықтамасы толық айқындалды ма деген талас пікір бар. Бірақ, адамды тек педагогика ілімі ғана

зерттеп қоймайды, тәжірбие жүзінде бізге белгілі жаңа ғылыми жетістіктердің бәрі міндетті түрде адамға арналған. Адамның адами болмысының дұрыс қалыптасуына осы ілімінің бүгінгі таңдағы зерттеушілері тиянақты мән бере бермейді. Айталық, негізгі объектісі ретінде адамды зерттейтін көптеген ғылыми бағыттар бар. Ол – медицина, биология, анатомия, физиология, педагогика, психология т.б әрбір ілімнің өзінің көңіл бөліп зерттейтін объектісі, өздеріне керекті қызықтыратын ерекшеліктерін анықтайды. Яғни, адам организмі көп функционалды объекті ретінде зерттелуі керек.

Болашақ жастарды салауатты өмір сүруге тәрбиелеп, олардың мәселелерін дұрыс шешуге тәрбие және оқыту теориясы мен практикасына баса көңіл бөлінеді. Тәрбие – адам қоғамында ғана болатын қоғамдық құбылыс, адамдардың саналы әрекеті.

Адамда денсаулықтан асқан бақыт та, байлық та жоқ. Ал адамның денінің сау болуы тек қана өзіне байланысты. “Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады” демекші, денсаулықтан айырылу оңай да, сауығу тіптен қиын.

Мысалы, көп адамдар түсінбеушілігінен ауырса, медицина бізді емдеп, жазады деп ойлайды. Дұрыс, медицина ауырып келген адамды емдейді ал, аурудың алдын алудың және алдына келтірмеудің шараларымен шұғылданбайды. Яғни, аурудың алдын алу-осы заманғы педагогика ғылымының негізгі бағыты болуы керек.

Аталған мәселені қарастыруда, халқымыздың күнделікті өмір сүру тіршілігінде қалыптасқан ұлттық дәстүрлі тәрбие жүйесі негізге алынуы керек. Халықтың дәстүрлі тәрбие жүйесінде салауатты өмір сүру әуелі жанұядан басталады.

Біздің болашақ жастарымыздың денсаулықтарын жоғалтып, майдаланып гендерін жоғалтып жібермей тұрғанда, білім беру жүйесінде балабақшадан бастап, барлық жоғарғы оқу орындарына дейінгі буындарында оқытуды толығымен қолға алатын уақыт келген сияқты.

Салауатты өмір сүру педагогикасы жеке бастың, яғни, біртұтас адамның даму процесінде өзінің денсаулығын сақтай білуге тәрбиелейді.

Қорыта келгенде, “Жұмыла көтерген жүк жеңіл”-дегендей, жанұя, балабақша, мектеп және жұртшылық бірлесе, ынтымақтаса бірыңғай талап қоя отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбие жұмысын жоспарлы, мақсатты жүргізуге, елін, халқын сыйлайтын ұлт жанды азаматтарды тәрбиелеуді іс жүзінде толық асыруға болады.

*1. Н.Ә. Назарбаевтың “Қазақстан-2030” бағдарламасы.*

## **СПОРТТЫҚ ІС-ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЖАРНАМА ҚЫЗЫМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ**

**А.Т. Кулбаев – докторант,**

**И.Ф. Андрущишин – п.ғ.д., проф., Қазақтың спорт және туризм академиясы**

### **Резюме**

В статье рассматриваются важность рекламной деятельности при проведении спортивных мероприятий, о малочисленности зрителей, присутствующих на стадионах и в спортивных комплексах при проведении масштабных мероприятий в нашей стране. Также говорится о неспособности организаторов донести до общества информацию о проведении соревнований, об их пренебрежительном отношении к рекламе.

### **Summary**

The importance of advertising service, small number of the spectators in the stadiums and sports complexes during mega-events in our country are under consideration in this article. Also the article concerns the inability of organizers to inform the society about competitions, their disregarding the advertising.

**Тақырыптың өзектілігі.** Спорттағы маркетинг (ағылшынның "маркет" – сату), яғни шығарған заттарды және көрсеткен қызметтерді сату деген мағынаны білдіреді [2].

Демек, маркетинг қажеттілікті өтеудің қоғамдағы бір құбылысы болып табылады. Сондықтан да өмірде оның араласпайтын саласы жоқ. Соның бірі – спорт. Спорттағы маркетинг, алғаш рет бұл атау 1978 жылы "Эдвертайзинг Эйдж" журналында пайда болды. Мұнда кез келген спорт түрін, өтетін жарыстарды, спорт киімдерін, құрал-жабдықтарды, спорт құрылыстарын, спорт арқылы кез келген кәсіпорынның шығарған өнімдерін насихаттау арқылы пайда табуға болады [1]. Маркетинг арқылы барлық спорт жарыстары үлкен шоуға айналды. Спорт жарыстары миллиондаған адамдарды қызықтыратын, әрі олар үшін тартымды іс-шара. Кәсіптің бұл тармағы оның ең құнды тауары болып табылады. Сондықтан соңғы 20-30 жылда спорттағы маркетинг жедел қарқынмен дамыды.

**Зерттеу мақсаты.** Спорттық жарыстар ұйымдастыруда жарнама қызыметінің маңыздылығын түсіндіру.

**Зерттеу міндеттері.** Спорттық жарыстар ұйымдастыруда жарнама қызыметінің, көрермендер мен жанкүйерлерді жинаудағы жұмыс істеу жүйесі.

**Зерттеу әдістері.**

- бейне бақылау;
- спорттық менеджменттің ұйымдастырушылық әкімшілік әдістері;
- ғылыми- зерттеу, педагогикалық әдебиеттерге шолу;
- статистикалық, математикалық сараптама жүргізу.

**Зерттеу қортындыларының нақтылығы мен негізділігі.**

Елімізде өтетін дүбірлі қай доданы қабылдасақ та, стадиондарда, спорт кешендерінде көрермен өте аз отырады. Мұның барлығы жарыс ұйымдастырушылардың сол жарыс туралы қоғамға дұрыс ақпарат жеткізе алмауынан, жарнама қызыметіне мән бермеуі.

Бірнеше миллиондаған аудиторияға ие заманауи ақпарат құралдарының жарнамалауда алатын орны ұшан теңіз. Спорттық жарыстардың жарнамасы бір уақытта бірнеше қызмет атқарады және түрлі сипаттағы міндеттерді шешеді.

Жарнаманың сендіру қызметінің қалыптасуы ақпараттықтан гөрі күрделірек, себебі әлеуетті жанкүйер мен демеушіні басқа бос уақыттық іс-шаралардың арасынан жарысты таңдау шешіміне көндіру қажет.

*Жарнаманың еске түсіру қызметі* бұрын болған, бірақ ұмытылған сұранысты қайта қалпына келтіру, жанкүйерлер мен демеушілердің оларға таныс жарыстарға қызығушылықтарын өзектендіру мақсатына ие. Жарнаманың мұндай қызметін іске асыру, ең алдымен, спорттың маусымдық түрлері үшін маңызды.

Жарысты жарнамалау үдерісінде айналадағыларға жарысты өткізуші ұйым туралы еске салу қажет. Іс-шараның ұйымдастырушыларын жарнамалағанда басты назарды олардың жетістіктеріне және олардың жалпы қызметін сипаттайтын жұмысының негізгі бағыттарына аудару қажет. Бірінші кезекке ұйымның танымалдылығы, оның сенімділігі, ерекше сипаты, басқа құрылымдық ішкі бөлімдерге қамқорлығы, басқа ұйымдардың алдындағы артықшылықтары қойылады [4]. Ел іміздегі маркетингтің элементі ретінде спорттық жарнамада әлі алғашқы қадамдар жасалуда, мұнда экономикалық дамыған елдердің жарнама қызметінің позитивті жақтарын, сонымен қатар кеңестік спорттық қозғалыстарда болған позитивті жақтар да алынды. Баспалық сипаттағы жарнама бағдарламалар және жарыстар туралы буклеттер, жалаушалар, жапсырма қағаздар, белгілер, жарыс символикасымен кәдесый өнімдері, жарыс символикасы және эмблемасымен полиэтилен қалталар, қалталық және қабырға күнтізбелер, ашық хаттар, пошта маркалары, тұрмыстық қажеттіліктер, жарыс символикасымен қаптағыш материалдар болып бөлінеді.

Біздің елде спорттық іс-шараларды жарнамалауда бұқаралық ақпарат құралдарының көмегін пайдалану төменгі деңгейде. Бұл әдіс біздің елде тек, төрт жылда бір болатын олимпияда алдында, және өткенен кейін қысқа мерзімде жүреді. Алматыда жарнама ілетін барлығы 118 арнайы орын бар екен. А2 форматтағы бір жарнаманың бір апталық құны – 250 мың теңге, А1 форматтағы бір жарнама бір апта ілініп тұруы үшін 500 мың теңге төлеуің керек. Қала көшелеріне, жолдардың жиегіне үлкен плакаттар мен баннерлерді ілу құны көшенің адамдар көп жүретіндігі мен баннердің көлеміне байланысты. Халық сол үлкен баннерлердегі жарнамаларды жандарына жақын қабылдайды (1 сурет).



1 суретте Қала көшелеріндегі үлкен баннерлер

Онда жарияланған нәрсені керемет дүние деп ойлап, оған қатты мән береді. Егер жарнама жақсы болса, билет бағасы бес жүз емес, бес мың тұрса да, жұрттың қандай спорт түрі болса да, көруге құлшыныспен келетінін әлемдік тәжірибеде дәлелденген [3]. Сондықтан жарыс ұйымдастырушыларының бұған материалдық және спорттық менеджмент, маркетинг ғылымында тәжірибиесі аздығынан көрермендерді басқалай жолдармен шақыруға мәжбүр болады. Дегенмен жарнамаларды ілу құны емес, олардың бағасы спорттық додалармен қатар, казино, ойын-сауық орталығы, концерт тағы басқа шараларға да бірдей болып тұрғандығы толғантады. Әлбетте, казино, ойын-сауық орталықтары үшін жарнаманың құны әлгіндей болғандығы бір жағынан дұрыс та. Дегенмен халқының 30 пайызын спортқа баулуды мақсат тұтып отырған ел үшін спорттық шараларға келгенде жарнамаларды тегін жарияласа да, артықтық етпес.

Шетелдерде (Үндістанда, Украинада, басқада дамушы елдерде) спорттық іс-шараларды жарнамалауда ғылыми дәлелденген бірнеше тиімді бағыттары бойынша жұмыс жасалады:

- жарыстың ақпараттық жарнамасы;
- паблицити;
- паблик рилэйшнз.

*Жарыстың ақпараттық жарнамасы* – тұрғындардың барлық топтары арасында оны кең танымал ету үшін спорттық жарыстың өткізілуі туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақылы хабарлау.

*Паблицити* – бұқаралық ақпарат құралдарымен жарысты жарнамалау мақсатында қоғаммен байланыс.

«Паблицитидің» жарнамадан айтарлықтай ерекшелігі бұқаралық ақпарат құралдарының барлығында алдағы спорттық іс-шара туралы хабарландыру жүреді: ақпараттық бағдарламаларда, радио мен телевидениеде, газеттер мен журналдарда және басқа да баспа басылымдарында.

*Паблик рилэйшнз* жарыс өтетін қалада немесе ауданда позитивтік қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатында кеңірек әрекет етіп, сол арқылы жарысты өткізуші ұйымның жағымды бейнесінің қалыптасуына әсер етеді.

Паблик рилэйшнз алдағы іс-шараға қоғамның қатынасын бағалайтын, ұйым саясатын қоғамдық қызығушылықпен теңестіретін, және аталмыш іс-шараны қоғамдық түсіну мен қабылдауды қалыптастыру үшін әрекеттер бағдарламасын жүзеге асыратын маркетинг қызметі [5].

Жарысты өткізуші ұйымның паблик рилэйшнзінің басты мақсаты – жарысты өткізу үшін тиімді сыртқы және ішкі әлеуметтік-экономикалық орта құру, спорттық іс-шараның рейтингін көтеру мақсатында қажетті қоғамдық пікірмен қамтамасыз ету.

*Сонымен қатар паблик рилэйшнздің негізгі бағыттары болып табылады:*

*бірінші* – тұрғындарды өздері өмір сүріп жатқан аумақтарында аталмыш іс-шараны өткізу қажеттілігіне көзін жеткізу.

*екінші* – алдағы бастамалар туралы қоғамдық пікір қалыптастыру.

*үшінші* – жарысты өткізуші ұйым және алдағы спорт мерекесі туралы бар позитивті қоғамдық пікірді белсендіру.

**Қорытынды.** Қорыта келгенде спорттық іс-шараны жоғары деңгейде дайындау және өткізу – бұл, үлкен кәсіпкерліктегі сияқты, тауарды жасау, ұсыну және оны нарықта сату дегенді білдіреді. Тауарды сату үшін нарықты және тұтынушыны білу керек. Тұтынушы сол спорттық жарысты тамашалайтын көрермен. Спорттық жарыстардың ұйымдастырушылары іс-шараны қатысушы спортшылар мен бапкерлер де, және осы жарыстарды тікелей тұтынушы көрермендер де ләззат алатындай өткізуі тиіс.

**Түйін сөз.** Спорт, жарнама, іс-шара, жарыс, маркетинг, телевидение.

1. *Виханский О.С., Наумов А.И. Маркетинг. Учебник. – М.: Высшая школа, 1994.*

2. *Гуськов, С.И. Спортивный маркетинг: учеб. пособие / С.И. Гуськов. – Киев, 1995.*

3. *Платонов В.Н., Гуськов С.Н. Олимпийский спорт: Учебник в 2-х книгах. – Киев: Олимпийская литература, 1994.*

4. *Превезин И.И. Искусство спортивного менеджмента. – М.: Советский спорт. 2004.*

5. *Эванс Дж., Берман Б. Маркетинг: сокр.пер.с англ. / Дж. Эванс, Б.Берман. – М., 1993.*

## **СТУДЕНТТЕРДІ СУБЪЕКТ – БАҒДАРЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ МЕН КӨРСЕТКІШТЕ**

**А.Кенжан – п.ғ.к., доцент, ҚазМемҚызПУ, Алматы**

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются профессиональный интерес направленный на профессиональную деятельность, хотя при его формировании субъект, возможно занят приобретением знаний, он выражается в направлении педагогической-психологической деятельности к овладению необходимыми знаниями, прочными навыками и гибкими умениями в этой деятельности.

### **Summary**

Professional interest is focused on professional although its formation of a subject may be busy acquiring knowledge it is expressed in the direction of the mind, feelings, will to a certain productive activities to master necessary knowledge, strong skills and flexible skills in this activity.

Қазіргі қоғам өмірінің бар саласындағы қарқынды динамика мен ғаламды бетбұрыстар сипаты жастардың іс-әрекетіне, қарым-қатынасына жаңаша талаптар қоя бастады.

Қазақстан Республикасының болашағының іргетасын қалайтын жастар болғандықтан, барлық жағдайлар, талаптар осы жастарға яғни студенттерге қойылған. Бұл талаптар студенттердің өмірге көзқарасының, материалдық, рухани құндылықтарының дүниетанымның өзгеруіне әкеліп соқтырады. Себебі студенттер тәуелсіз, өз іс-әрекетіне өзі жауап беретін дәрежеге жеткендіктен, "мен" қасиетінің жоғары дамығандығымен, қабілетін жоғары биіктіктерге шарықтата алуымен ерекшелінеді. Сол себептен қазіргі таңдағы студенттердің талаптары, қажеттіліктері қандай сатыда екендігі актуалды мәселелерге айналып отыр. Себебі біздің қоғам күннен күнге жаңа талаптарға жол бастауда. Соған байланысты біздің ел білімді маман, талантты студенттерді болашаққа дайындап жатыр. Оларға осы заман ағымына лайық тұлға және маман болу үшін бейімделу емес, алдымен өзін өзгерту және дамыту, сол арқылы жасампаздық, түрлендірушілік әрекеттерді жүзеге асыру өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан жастардың зор мүмкіндіктері мен шектерінің, тағдырын өз ыркымен билеуге және қоғамға ықпал етуге қабілеттерінің психологиялық механизмдерін, алғышарттарын анықтау, дамыту қажеттігі шығады. Бұл контексте жоғары мектепте кәсіби білім берудің маңызды бір құраушысы болып табылатын психологиялық-педагогикалық дайындаудың және адам бойындағы әлеуеттерді, қабілеттерді ықпалдастықпен танытуға, дамытуға деген белсенді әрекетті түсіндіретін субъект психологиясының маңызы мен мәнділігі артады.

Міндеттері:

1. Студенттердің жеке басының өзгеруін әлеуметтену барысы арқылы анықтау.

2. Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындауды тиімді жүзеге асырудың амалдары мен жолдарын көрсету.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстан әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі



өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан оқытушының біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Ал білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан 400 жыл бұрын пайда болған. Бұл күнде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Оқытушылар мен студенттерге әртүрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары жәрдемге келеді. Адамның іскерлігі оның арнайы іс-әрекет орындау процесіндегі мәдениет деңгейімен байланысты. Жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі әр түрлі еңбектің саласы мен нәтижелілігінің қажетті шарты және әрбір тұлғаның дамуы мен жетілуінің факторы. «Білім туралы» заңда жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіби жетілуі үшін жағдайлар жасау атап көрсетілген. Болашақ мамандардың өмірлік қызметі психикалық дамуы және тұлға ретінде қалыптасу үстінде қарым-қатынас рөлінің маңызы зор екені жөнінде көптеген еңбектерде ғылыми тұрғыда дәлелденген. Қарым-қатынас дағдысы кәсіптік қызметке, қоғамдағы белсенділік деңгейіне тікелей байланысты және ол әркімнің жеке іс-әрекеті. Бұның бәрі жеке тұлғаны қалыптастыруда қарым-қатынас мәдениетінің маңыздылығын көрсетеді. Елімізде білім беру жүйелерінің мақсат, міндеттерін айқындайтын жаңа мазмұнды заңдар мен тұжырымдамалар қабылданып, халықтың рухани дамуына, діні мен мәдениетінің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туғызылып жатқан кезде қарым-қатынас мәдениеті көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені білім беру мен тәрбие мақсатын көздеген мемлекеттік құжаттар мазмұнында мәдениеттілікке ерекше мән берілген. Біршама зерттеулер оны «адамзат іс-әрекетінің әдісі» десе, келесілері – «адамзаттың өзіндік іс-әрекеттінің көрінісі» деп, ал үшіншілері – «құндылықтар жүйесі және оны іске асыру процесі» деп қарастырады. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру төмендегі Қазақстандық ғалымдардың зерттеу жұмыстарына негізделеді: біртұтас педагогикалық процесс (Н.Д. Хмель және т.б.), болашақ мұғалімдердің дидактикалық даярлығы (А.Е. Абылқасымова, М.А. Құдайқұлов, Т.С. Сабыров) адамгершілік мәдениеті (В.В. Трифонов, Э.А. Урунбасарова), еңбек мәдениеті (А.П. Сейтешов, Г.Т. Хайруллин) дене тәрбиесі мәдениеті (Т.Ш. Қуанышова, М.Б. Сапарбаев т.б.). Студенттердің қарым-қатынас мәдениеті – болашақ маманның кәсіби қасиетіне жатады. Бұл түсінік қазірде психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде кездеспейді. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мен жетілдіру ерекше сипатта болады. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің құрылымына енетін психологиялық, педагогикалық білім мен іскерліктері туралы айтқанда оның өзінің кәсіби қызметінің психологиялық, педагогикалық ерекшеліктері туралы түсінігін есепке аламыз. Қарым-қатынастағы күрделі мәселелердің бірі кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқан түрлерін анықтау болып табылады. Демек, модельдің құрылымы мотивациялық, когнитивтік, эмоциональдық-еріктік және рефлексивтік болатын жүйелік теориясынан шығу керек. Көрсетілген компоненттердің әрқайсысына жеке және толығымен ауқымды әдебиеттер арналған, сондықтан біз олардың әрқайсысына жете тоқталмай қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқан критериялық базасы ретінде біз мотивациялық, когнитивтік, эмоциональдық-еріктік және рефлексивтік компоненттерін таңдап алдық. *Мотивациялық компонент* қарым-қатынас мәдениетінің қажеттілігі студенттердің ерекшеліктері, қарым-қатынас мәдениетінің технологиясы, оның көрінісі туралы мәселелерін қамтиды. Қарым-қатынас мәдениеті құрылымында *когнитивті компонент* тіршілік әрекеті негізі ретіндегі қарым-қатынас туралы білімдер мен түсініктер жиынтығын, адамның оны меңгеруін, қарым-қатынастың құндылығы мен нормаларын анықтайды. *Эмоциональдық-еріктік компоненті* қарым-қатынас мәдениеті құрылымында студенттерге осы бағытта іс-әрекетті жетілдіру, қарым-қатынастағы әсерлер мен эмоциональды сезімді қалыптастыру және дамытуды қамтамасыз етеді. *Рефлексивтік компоненті* қарым-қатынас мәдениеті құрылымында өзін-өзі тануды, рефлексивтік қабілеттілікті дамытуды, өзін-өзі реттеу, яғни тәсілдерін меңгеруді, қарым-қатынастағы өзін-өзі қабыптастыру мен өзін-өзі іс жүзінде көрсете білдіруді қамтамасыз етеді. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін мотивациялық, когнитивтік, эмоциональды-еріктік және рефлексивтік компоненттерімен өзара байланыстығын тұтастай ескере отырып, біз осы құрылымның

мынадай өлшемдерімен көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік алдық. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің *өлшемдеріне* мыналар жатады: қарым-қатынасқа ұмтылу, қажеттілік, талаптар, қарым-қатынас туралы түсініктер жиынтығы, қарым-қатынастағы әсерлер мен сезім, рефлексивтік қабілетті дамыту тәсілдері. Студенттердің даярлығын қалыптастыру, көбінесе, оқу процесінде қарым-қатынас мәдениеті бойынша сабақ беру барысында жүзеге асты. Бұл кезеңге тән қасиет – студент тұлғасының субъективтік көзқарасын дамыту, яки студенттерді жаңа ортаға бейімдеу, ал оның негізгі іс-әрекетінің түрі-танымдық болып саналады. Субъективтік көзқарасты көкейкестілендіру болашақ маманның тұлғалық жетістіктерін белсендендіру арқылы және оларды диагностикалық-жобалық тапсырмалардың шешіміне қатыстыру арқылы жүзеге асты. Студент тұлғасының субъективті көзқарасын көкейкестілендіру, сонымен бірге оңтайлы жағдайлар жасау арқылы студенттерді дәстүрлі кәсіби және зерттеу міндеттерін шешу барысында қарым-қатынас мәдениетін орнату бойынша технологиялық әрекеттерге алдын-ала оқыту арқылы, сондай-ақ сабақтарда проблемалық жағдайлар туындату арқылы (мәселен, студент тапсырманың шешімін білмейді, проблемалық сұраққа жауап бере алмайды, өйткені білім деңгейі және студенттерге тапсырманы шешуде жаңа шарттарды қоюлатын проблемалық жағдайлары жетіспейді) жүзеге асты.

Субъектілік пен жеке-даралық арасындағы байланысты, жеке-даралықтың көпөлшемді сипатын талдау арқылы студенттердің субъектілігі деңгейлі дамидыны негізделді. Олай болса, субъект сипаттамасын оның психологиялық негізде дамуы мен белгілі бір қасиеттердің өзара ұйысқан құрылымының болуы тұрғысынан қарастыру керек. Осыған орай арнайы субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың маңызы артады. Талдау арқылы адамның іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіруі, өзін-өзі дамытуы психологияланған болса ғана субъектілік ұстаным әлеуетті мүмкіндік болып табылатыны айқындалды. Теориядағы субъектілікке байланысты тұлғаның сатылы жетілетіні бойынша студенттердің күрделі тұлғалық құрылым ретінде психологиялық даярлықтың дамуындағы деңгейлік сипаты анықталды. Студенттердің психологиялық даярлықтарының дамуына ықпал ететін субъектіліктің құраушыларын анықтау үшін ғылыми еңбектерге талдау жасау негізінде, субъект параметрлерін нақтылау арқылы субъектіліктің проблемалық жағдаятты шешуге, құнды қатынастарды бейнелеуіне қатысты мәнін ашатын, оны жан-жақты сипаттайтын белсенділік, біртұтастық, дербестік, еріктілік, мақсаткерлік, жауапкершілік, табандылық сынды бірқатар өлшемдік қасиеттерді бөліп көрсету мүмкін болды. Субъект – бағдарлы психологиялық-педагогикалық дайындау студенттердің даму процесін өзекті етуге бағытталады. Белсенділік формаларының әртүрлі болуы студенттік кезеңдегі субъектілік дамудың басқа кезеңдеріне қарағанда сапалы өзгешелігімен сипатталуы тиіс. Алайда, субъектілік даму уақыттық, кезеңдік шекара ауқымында қала бермесе керек. Тұлғаның өз білімін, біліктілігін, құзыреттілігін және мәдениетін танытатын жағдайлар әрқашан болады. Сол жағдайлар шешуді қажет ететін мәселе ретінде болса, олар онда субъектілік қасиеттерді анықтайды. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламаларының негізгі міндеттерінің бірі ретінде мамандардың осы сала бойынша біліктілігін көтеру және қайта даярлау қарастырылған. Аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мамандардың біліктілігін көтеру және қайта даярлау бойынша курс тақырыптарының мазмұны өзгертіліп, жаңаланды. Оның негізгі мазмұны білім беру мекемелерінің қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін жаңа ақпараттық технологияны пайдалану бойынша жетілдіруге, басқаша айтқанда, білім беруді ақпараттандыруға сай мамандарды жан-жақты даярлауға бағытталған.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне пайдалану оның келесі педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- студенттің дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;

- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компьютерлік ойындар және т.б.);

- проблемалық, зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;

- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру. Субъектіліктің этнопсихологиялық негізіне тіркелу арқылы студенттерді субъект – бағдарлы педагогикалық дайындау жүйесінің құрылымы, бағыттары, ерекшеліктері, технологиялық мүмкіндіктері мен ықпал ету межелері нақтыланады. Субъект – бағдарлы дайындау психологиялық және педагогикалық ғылым жетістіктеріне, студенттердің маман және тұлға ретінде дамуына қойылатын талаптарға, арқау

ретінде алынған әдіснамалық қағидаларға, олардың жеке-дара және ұлттық психологиялық ерекшеліктерін ескеруге негізделе отырып іске асырылады. Субъект-бағдарлы психологиялық дайындау процесін жүзеге асыруда студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттің субъектілері болуына және оқу-кәсіби іс-әрекетте, қарым-қатынаста мәнді болатын психологиялық-педагогикалық білімді меңгеруге және тәжірибеде іске асыруға, өзіндік дамуға бағыт-бағдар жасалады. Субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекетінің нәтижесі – студенттердің субъектілік пен психологиялық даярлықтарының танылуы мен дамуын көрсетеді. Іс-әрекетке, қарым-қатынасқа, өзіндік дамуға дәлме-дәл психологиялық даярлық болуы үшін оның тұлға үшін мәнділігі, мақсатталғандығы және осыған сәйкес өзекті болуы ең басты шарт. Сондықтан субъектілік пен психологиялық даярлықтың мәнін түсінуде бағдар феномені маңызды орын алады. Субъектілік пен психологиялық даярлықта мағыналық, мақсаттық және операциялық бағдарлар деңгейінде қарастыру студенттерді психологиялық-педагогикалық дайындау іс-әрекетін тиімді ету шарты ретінде талданады.



Субъектілік пен психологиялық даярлық деңгейлері

Мағыналық бағдар психологиялық дайындау нәтижесін тұрақты және нақты ететіні белгілі. Талдау арқылы мақсаттық бағдар деңгейі студенттердің психологиялық дайындауға қатысты іс-әрекеттерінің бағытын анықтап, субъектілік пен психологиялық даярлықты қамтамасыз ететіні көрсетілді. Операциялық бағдар арқылы психологиялық-педагогикалық дайындау барысында студенттердің субъектілік ұстаныммен нақты педагогикалық білім меңгеру әрекеті түсініледі. Бағдар түрлерінің өзара үйлесімі студенттердің психологиялық даярлық пен субъектіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ететіні; субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекеті мен оның жеке жақтары тұлғалық мағынамен анықталады. Теориялық-әдіснамалық бағытқа сәйкес субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың студенттер үшін мағынаға ие болу процесі төмендегідей:

- 1) студенттер субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекетіне қамтылады;
- 2) субъект-бағдарлы педагогикалық дайындау іс-әрекетіне қатысты студенттердің мотиві пайда болады;
- 3) студенттер үшін субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекеті тұлғалық мағынаға ие болады;
- 4) субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекеті жетіледі;
- 5) субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекетінің сапалы және нәтижелі болуына қажеттілік артады; қажеттіліктердің қанағаттандырылуы үшін студенттер субъектілік танытады; студенттер субъектілік пен психологиялық даярлықты дамытуға мүдделі болады.

Психологиялық-педагогикалық дайындау барысында студенттердің субъектілік пен даярлық танытуы жағдаяттық болғанмен, олардың жағдаяттан тысқары да бейнеленуге, ұдайы дамуға, тұрақтануға әлеуетті болатыны бағдар тұрғысынан делелденді. Зерттеуде студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау нәтижесі қарапайым қосынды емес, бұл зерттеу мақсат-міндеттеріне, қисынына қатысты үйлесіммен ұйысқан тұтастық болатыны дәлелденген.

Субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың нәтижесі, психологиялық даярлық пен субъектіліктің тұтастық негізі, студенттердің психологиялық білім меңгеру мен оны психологиялық дайындау іс-әрекетіндегі негізгі құрал – проблемалық жағдаяттарды шешуге қолдану дәрежесі, мазмұны.

Теориялық тұрғыларға тіркелу арқылы студенттердің педагогикалық сауатты меңгеруі психология-

лық даярлықтың бастапқы деңгейі ретінде қарастырылған. Студенттердің ғылыми білімді меңгеру және оны педагогикалық дайындау іс-әрекетінде танытуы мен қолдануы бойынша психологиялық сауаттың мәні мен көрсеткіштері.

Әдебиетте педагогикалық мәдениетпен көбінесе өзара ажыратылмай, мағыналас анықталатын педагогикалық күзірет ұғымы жаңа мазмұнда қолданылуда. Студенттердің педагогикалық күзіреттілігі педагогикалық сауаттың – меңгерілген білім мен дағдының орнымен, тиімді және өздеріне мәнділік сипатпен қолданылуын білдіреді; олардың өмір жағдайындағы іс-әрекетіндегі, басқа адамдармен қарым-қатынасындағы кез-келген өзінің міндет-мәселелерін нәтижелі шешуін қамтамасыз етеді.

Педагогикалық-психологиялық даярлықтың белгілеріне, функциялары мен мазмұндық сипаттамаларына талдау жасай отырып, оның ең жоғары даму деңгейін психологиялық мәдениет ұғымымен анықтадық. Қорыта келе педагогикалық-психологиялық мәдениеттің ерекшеліктерін жоғары сатыдағы студенттердің психологиялық даярлығы адамзаттың ізгілік, рухани-адамгершілік қағидаларына тіректеледі.

Субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың жоғары деңгейдегі нәтижесі - психологиялық мәдениеттің игерілуі студенттердің жағдаяттан тыс, әлеуметке ізгі қатынаспен субъектілік танытуын мүмкін ететін әлеуетті құрылым болып табылады. Мәселеге қатысты тірек теориялар тұрғысынан рухани-адамгершілік қасиетті педагогикалық мәдениеттің жүйеуістырушы негізі деп қарасақ. Студенттерді субъект-бағдарлы педагогикалық дайындаудың психологиялық сауат меңгеру, педагогикалық күзіретті дамыту және педагогикалық мәдениетті игеру деңгейлері арасында өзара үйлесімді байланыс былай көрсетуге болады.



Студенттердің педагогикалық даярлықтарының деңгейлі дамуы

Психологиялық даярлық деңгейлері мақсат-міндеттері, мазмұны мен технологияларына ғана емес, сондай-ақ оларға жұмсалатын уақыт көлемі бойынша, ықпал ету ауқымдарына қатысты, жалпылану ерекшеліктеріне және тұрақтылық қасиеттеріне байланысты да бір-бірінен айырмашылықтары болатыны көрсетілді.

Қорыта келе, студент субъектілігі түрлі мотивациялық, қатынастық және әлеуметтік-психологиялық құраушыларды біріктіретін күрделі де біртұтас жүйе дей отырып

Өткен ғасырдың басында жаппай сауатсыздықты жою міндеті тұрса, осы ғасырдың бас кезінде әлеумет үшін жаппай психологиялық-педагогикалық мәдениетті игеру аса өзекті мәселе. Себебі қазіргі кезде кездесе беретін жастардың девиантты мінез-құлқы, енжарлығы, жауапсыздығы, ұрыншақтығы, қатыгездігі көбінесе психологиялық сауатсыздықтың салдары деуге болады.

Болашақ мамандардың психологиялық және субъектілік негіздерін танытуға, дамытуға қатысты ғылыми нәтижелер алынды. Оларды психологиялық қызмет, білім беру тәжірибесіне енгізу, психологиялық-педагогикалық зерттеу жастардың көптеген психологиялық проблемаларын шешуге, психологиялық денсаулықты сақтап, нығайтуға септігін тигізеді.

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. – Алматы: "Мектеп" 2002 ж. – 93-206 б.

2. Столяренко Л.Д. Основы психологии. – Ростов-на-Дону, 2001 г. – 354-356.

3. Рогов Е.Н. Психология. – М.-Ростов-на-Дону, 2004 г.

4. Вопросы психологии №4 (июль-август) 2004 г. – 112 стр. Саенко Ю.В. Суевория современных студентов.

5. Парменова Г. Социальная адаптация как психолого-педагогическая проблема. Поиск/изденіс/ - №1 2004 г. 164-167 стр.

## ҚАЗІРГІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРҒА ҚҰЗЫРЕТТІ ПЕДАГОГ ДАЙЫНДАУДЫҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**А.С. Амирова** – *п.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ,*  
**Ғ.З. Таубаева** – *п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ*

### Резюме

В статье рассматриваются проблемы подготовки специалистов в дошкольных организациях, содержание образовательных программ и их методики по подготовке в высших учебных заведениях, инновационные технологии обучения, а также общекультурные, профессиональные, предметные, информационные, коммуникативные компетенции у будущих педагогов-дошкольников.

### Summary

The article explains the problems of teacher training in preschool institutions, the content of study programs and its methods of training at higher education establishments, innovative technologies of study, and cultural, professional, subject, informative, communicative competencies of future preschool teachers.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу, Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында: балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы қабылданып, оның басты міндеттерінің бірі ретінде мектепке дейінгі ұйымдарды білікті кадрлармен толық қамтамасыз етуді және олардың біліктілігін тұрақты түрде арттыруды жүзеге асыру, – деп нақты көрсетілген [1]. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында және кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарында 2015 жылға дейін мектепке дейінгі білім берудің 18 мыңнан астам педагог қызметкерлері даярланады, қайта даярлау курстарынан өтеді және жұмысқа орналастырылатындығы нақтыланған. Бағдарлама қабылданған кезде елімізде мектепке дейінгі ұйымдарда маман кадрлардың жетіспейтіндігі, яғни 22000 жуық педагог-тәрбиеші қажеттігі айқындалған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі маман тапшылығының қоғамдық сұранысын қамтамасыз ету мақсатында 5B010100 – «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша талапкерлерді қабылдауға бөлінетін грантты 200-400-дің аралығына арттыруы «Балапан» бағдарламасының міндеттерінің бірін іске асырудың бірден бір көзі деп түсінуіміз керек. Осы міндетті жүзеге асыру елімізде тәрбиелеу мамандығының бүгінге дейінгі стандартын талдайтын болсақ, ондағы берілетін кәсіби білім мазмұны мектепке дейінгі білім беру сұранысына ғана сәйкестігін айта кеткеніміз жөн. Дегенмен, аталған мамандық студенттерінің жоғары оқу орнында ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруға, бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші кәсіби дайындықтың сапасын, болашақ мектепке дейінгі ұйымдарда кәсіби іс-әрекетке дайындықтарының қазіргі мектепке дейінгі ұйымдардың сұранысын қанағаттандыра алмайтынын көрсетіп отыр.

Қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарға ғылым мен мәдениеттің жаңа жетістіктерін білетін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды игерген, оқытудың инновациялық әдістерін меңгерген, ақпараттық технологиялармен қаруланған, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған бағдарламаларын және оны іске асырудың әдістемесін жетік білетін педагог қажет. Бүгінде мектепке дейінгі ұйымдар ақпараттық және коммуникациялық технологияларды балалармен, ата-аналармен және басқару жұмыстарында қолданады. Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымдардың кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мамандарға сұраныс беруі заңдылық.

**Абай атындағы Қазақтың ұлттық педагогикалық университетінің 2020-шы жылға дейінгі даму стратегиясында:** маман дайындауда білім сапасына қол жеткізу халықаралық стандарт пен оның талаптарына сәйкестендірілетіні көрсетілген. Халықаралық білім кеңістігіне кірігу үшін ұлттық білім беру бағдарламаларын әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бағдарламаларымен үйлестіру жүзеге асырылуда [2]. Оған дәлел бүгінгі қоғам сұранысына жауап беру мақсатында университетімізде 2012-2013 оқу жылының бастап, 5B010100 – «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» (бакалавриат) мамандығына университет ғалымдары, Туркия мемлекетінің Эрзинджан университетінің профессорларымен авторлық бірлестікте әлемдік стандартқа сәйкестендірілген білім беру бағдарламасын әзірлеп пилотты режимде тәжірибеде сынақтан өткізу үстінде және шетелдік тәуелсіз сараптамалық қорытындыдан кейін жетілдірілуде.

**Білім беру бағдарламасының мақсаты** – мектепке дейінгі ұйымның болашақ педагогтары кәсіби іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға қабілетті, бәсекелестікке бейімделген, халықаралық стандарт талаптарына сай болуы, *жалтымәдени, кәсіби және пәндік құзыреттіліктерді* қалыптастыру, мектепке дейінгі

ұйымдарда оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолдануды меңгерту.

*Білім беру бағдарламасы* келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді. *Жалпымәдени құзыреттілік:* адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін меңгеруге; ғылымдардың негізгі әдістері мен ережелерін, әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуге; шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсінуге және т.б.

*Кәсіби құзыреттілік:* білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін меңгерту; кәсіби қызметінде бала құқығы мен мүгедектер құқығы туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды пайдалана білу; кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне қатыса алу және т.б.

*Пәндік құзыреттілік:* мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың теориялық негіздері мен технологияларын меңгерту; білім беру сабақтастығын жүзеге асыру құралдарын меңгеру; жеке әдістемелік пәндердің теориялық негіздері мен технологияларын меңгеру және т.б.

*Сонымен қатар, ақпараттық, коммуникативтік және проблеманы шешу құзыреттіліктерін де* меңгерту көзделген.

2009 жылғы мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты бойынша әзірленген жұмыс оқу жоспарында міндетті оқу компоненті 45 пайыз, ал таңдау пәндері компонентіне 55 пайызды құраған болатын. Аталған білім беру бағдарламасында міндетті пәндер компоненті 33 пайыз, ал таңдау пәндері компоненті 67 пайызды құрайды. Бұл өз кезегінде студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға басымдық мүмкіндік туғызады, оған дәлел ретінде енгізілген пәндерді атап айтсақ: *«Зерттеу жобаларын жоспарлау және ұйымдастыру», «Мектепке дейінгі ұйымдарда ағылшын тілін оқыту әдістемесі», «Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру», «Ертегі терапиясы», «Баланың рухани дамуы», «Әлеуметтік және адамгершілік дамуы», «Балалардың арт іс-әрекеті» т.б.*

2009 жылғы мемлекеттік жалпыға білім беру стандартында *міндетті пәндер компонентіндегі тұрған пәндер білім беру бағдарламаларында «Құқық негіздері», «Экология және тұрақты даму», «Өмір қауіпсіздік негіздері», «Отантану» т.б. пәндері таңдау пәндері компонентіне ауыстырылды.* 12 жылдық білім беруге көшу жағдайында бұл пәндер мектептің бейіндік сыныптарында оқытылатын болады.

Білім беру бағдарламасын тәжірибеге енгізу барысында *педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мәселесі алға шығады*, себебі аталған бағдарлама бойынша оқытушылар академиялық ұтқырлықпен шетелден білімдерін жетілдіріп, жаңа пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеп, педагогикалық үдерісті кредиттік технологияның талаптарына сәйкес жүргізуде. Бүгінде *«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша доцент А.Т. Исакова республикалық халықаралық «Болашақ» бағдарламасының стипендиясының иегері* ретінде шетелде білімін жетілдіруде.

Университеттің материалдық базасы түрлі ақпарат көздеріне, электрондық оқулықтарды қолдануға қажетті компьютерлік техникаға қол жетерліктей етіп жабдықталып, мультимедиялық технологияларды пайдалану кеңінен қарастырылуда. Сонымен, біздің негізгі міндетіміз педагогикалық үдерісті жетілдіру болып табылады, нақтылап айтсақ университеттегі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығының студенттерінің кәсіби дайындығын күшейту үшін арнайы курсты таңдау пәндерінің оқу бағдарламасын, силлабусын, оқу-әдістемелік кешендермен, іс жүзінде электрондық реурстарды пайдаланып, оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік жасауға бағдарланып отыр.

Бұл бүгінгі күні жоғары оқу орындарында оқыту үдерісінде педагогикалық технологияларды саралап қолдануды қажет етеді. Университетте мектепке дейінгі педагогика ғылымының дамуына өзіндік үлес қосқан ғалымдар мектепке дейінгі ұйымдарға тәрбиешілер мен әдіскерлер дайындауға ат салысуда. Жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық технологияларын меңгеріп қана қоймай, оны педагогикалық үдерісте пайдалану әдістемесін үнемі жетілдіруде.

Ел президентінің *«Қазақстан-2050 стратегиясы – «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»* атты жолдауын қолдау, халықаралық және аға ұрпақ тәжірибесі негізінде мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдіс-тәсілдеріне көшу саясатын жүзеге асыру үшін университетімізде тұңғыш рет қазақ тілінде мектепке дейінгі педагогика ғылымы бойынша ғылыми диссертация қорғап, алғаш рет қазақ топтарын кейін балабақшаларын ашуға үлес қосқан әдіскер-ғалым *«Бәшен Баймұратова атындағы мектепке дейінгі білім беру»* кабинетінің ашылуы, студенттердің мамандықтарына деген сүйіспеншілігін арттырып, кәсіби тұрғыдан өсуіне ықпал ететін, ғылыми еңбектермен және жаңа технологиямен жабдықталуы да осы мамандық студенттерінің ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік туғызып отыр.

Сондай-ақ, студенттер *«Мектепке дейінгі педагогика»* ғылымы саласы бойынша ғылыми-зерттеу жобаларына оқытушы-профессорлармен бірге қатысып, мамандықтың ғылымына өзіндік үлестерін

қосуда. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда әлемдік стандартқа сәйкес білім беру үшін *студенттердің академиялық ұтқырлығын іске асыру барысында университет халықаралық ынтымақтастықты дамытуды белсенді түрде іске асырып Англия, Германия, Чехия, Польша, Қытай, Түркия, Корея, Ресей, Латвия және т.б. мемлекеттерден жалпы саны 44 жоғары оқу орындарымен серіктестікте жұмыс істейді.*

Қазіргі білім саласындағы өзгеріс педагог мамандығына жарқын болашақ ашуда. Білімнің жаңа мазмұнмен толығуы педагог кадрларды дайындауға жаңа талаптар қойып, кәсіби білімнің рөлін көтеріп, оның сапалы өзгеруіне басымдық беріліп отыр. Бұл тұрғыда *педагогикалық үдерісті ұйымдастыруды оқу-әдістемелік кешендермен, құралдармен қамтамасыз ету мәселесі басты назарда болады*, өйткені білім алушылардың оқу пәндерінің мазмұнын меңгерудің субъект мен субъектілік қатынасқа құрылуы, студенттердің білімді өздігінен меңгеруіне, ізденуіне мүмкіндік туғызуы да осыған байланысты болмақ. Міндетті және таңдау пәндері компоненттері бойынша әзірленген оқу-әдістемелік кешендермен студенттер толық қамтылып, кәсіби құзыретті маман дайындауға мүмкіндік жасалуда.

В.А. Слостенин мен И.А. Зимняяның пікірлері бойынша, жоғары оқу орнында оқыту үдерісінің кәсіби оқуға бағдарлануы білім сапасын нәтижеге бағыттап бағалауды, қажетті теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі студенттердің кәсіби құзыреттігін қамтамасыз етеді, – деген тұжырым жасаған [3, 4]. *Авторлардың пікірлерін қорытындылай отырып, құзыреттіліктер кәсіби сипатқа ие болып, олар субъектінің тұлғалық дамуын көрсететін іс-әрекеттің нәтижесі түрінде көрінеді, – деп санаймыз.*

Педагогика ғылымында «құзыреттілік» ұғымын қабілеттілік, біліктілік, икемділік ұғымдарымен үйлесімді қарастыратын ғалымдардың бірі Ә.М. Құдайқұлов «қабілеттілік – белгілі бір қарекетті нәтижелі орындайтын тұлғаның жеке дара ерекшелігі. Ол қарекетті жылдам, тұрақты, сапалы орындаудың әдіс-тәсілдерімен сипатталады. Оның жоғары деңгейі – шығармашылық, таланттық, дарындылық, данышпандықпен және бәсекелестікпен ерекшеленеді» – деп тұжырым жасаса [5], М.Ж. Жадрина «біліктілік – білім жүйесінің соңғы нәтижесі студенттің жеке пәндер бойынша алған білім, білік, дағдылары емес, оларды пайдалану арқылы қалыптасып, дамитын өмірлік дағдылар, құзыреттіліктер», – деп түйіндейді [6]. Сонымен, *құзыреттілік ұғымы білім, біліктілік, дағдының жасай жиынтығы емес, оқу нәтижелерімен қатар студенттердің шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді, – деген қорытынды жасауға болады.*

Бүгінде университетіміз мектепке дейінгі ұйымдарға оқытудың инновациялық: (ақпараттық-коммуникациялық) технологияларын меңгерту, бітіруші түлектің әлемдік стандартқа сәйкес білімді меңгеруі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, кәсіби құзыретті мамандайындауды міндет етіп қойып отыр. Осы міндеттің барлығы мектепке дейінгі ұйымдарға педагогтық құзыреттілігі қалыптасқан маман ретінде дайындаудың көзі болып отыр. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін жоғары оқу орындарында оқытудың қазіргі технологияларын, оның ішінде мультимедиа технологияларын пайдалану әдістемесі жетілдірілуде.

*Мультимедиялық технологиялар – бейнелік және аудиоэффектілік, әр түрлі мультибағдарламалық мүмкіндіктерді интерактивті бағдарламалық жабдықтың басқаруымен орындатылатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері болып табылады.*

Кәсіби құзыреттілікті меңгерту әрине оқыту үдерісінде педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы алған білімі мен өзіндік ізденуі нәтижесіндегі білімінің тереңдігін және оны тәжірибеде кез келген жағдайда қолдана білуімен сипатталады. Оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану кәсіби дайындықтың мазмұнын өзгертуге, студенттермен жұмыстың әртүрлі формасын ұйымдастыруда, яғни *оқу-тәрбие үдерісінде, ғылыми-зерттеу жұмыстарында* болашақ маманның құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болары сөзсіз.

Қазіргі компьютерлік және интербелсенді бағдарламалық әдістемелік құралдар оқытушы мен студенттердің әрекеттесу формаларын өзгертіп, субъекті мен субъектілік қатынас түрінде көрінеді. Ал мұндай өзгеріс студенттердің білімге деген ынтасын арттырып, сабақтың нәтижелік бақылаудың жаңа үлгілерін (*баяндама, есеп беру, топ алдында жобаларды біріге отырып қорғау, эссе жазу, реферат, курстық және дипломдық жұмыстар*) орындауда ізденуге итермелейді, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған түрлерін енгізуді керек етеді.

Оқыту үдерісінде студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру нәтижесі:

- *әлемдік стандартқа сәйкес әзірленген білім беру бағдарламаларын меңгеру және оны тәжірибеде кез келген жағдайда қолдануда шығармашылық ізденіске түсуі;*
- *студенттің өзіндік жұмысы бойынша портфолио дайындауда ақпараттық-коммуникациялық, мультимедиялық технологияларды, интербелсенді әдістерді пайдалануы;*

- мамандық бойынша дайындалған электрондық оқулықтарды, ақпарат көздерін өздігінен саралап, еркін қолдануы;

- мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үдерісті жаңаша ұйымдастыруға қабілеттілігі жоғары;

- мектепке дейінгі ұйымдарға арналған мультимедиялық құралдарды, компьютерлік ойын бағдарламаларын жетік меңгеруімен сипатталады.

Сонымен қорыта келе, бүгінгі қоғамның басты талабы мектепке дейінгі ұйымдарға кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан педагогтарды дайындау мәселесі бойынша университетіміз: *оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану, оқытушылар мен студенттерге арналған академиялық ұтқырлық, педагогикалық үдерісті жаңаша ұйымдастыруда «Шеберлік сыныптары», «Он-лайн» жүйесімен Алматы облысы бойынша мұғалімдердің білімін жетілдіру институтымен бірлесе отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың мамандарына семинар өткізу, арнайы кабинет жабдықтау, электрондық оқулықтар дайындау сияқты жұмыстарды атқарып, жоғары білім беруді модернизациялауды іске асыруға өзіндік үлесін қосуда.*

1. Назарбаев Н.Ә. 2010 жылғы 29 қаңтардағы «жаңа он жылдық – Жаңа экономикалық өрлеу, Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» – Астана, 2010.

2. Абай атындағы қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 2020-шы жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары – Алматы, 2012.

3. Сластенин В.А., Мищенко А.И. *Целостный педагогический процесс как объект профессиональной деятельности учителя.* – М., 1997 г. – Б. 42.

4. Зимняя И.А. *Компетентностный подход в образовании. Проблемы качества образования.* - М., 2004 - С. 34-38.

5. Құдайқұлов Ә.М. *Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік.* – Алматы: Школа XXI века, 2006. – 76 б.

6. Жадрина М.Ж. *Ориентация на результат как условие реализации компетентного подхода к образованию в школе // Казахская академия образования им. Ы.Алтынсарина.* – Алматы, 2004. – С. 8.

## **ТІЛДІК ОРТА СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ НЕГІЗІ**

**Б.Е. Букабаева – ф.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ**

### **Резюме**

В статье рассматриваются лингвистическое описание закономерностей возникновения, формирования и развития лексического значения в составе первых предложений человека в онтогенезе речи; роль языковой среды и других факторов в его становлении и первичное проявления национальных особенностей речи.

### **Resume**

The article deals with linguistic description of phenomena of occurrence, formation and development of a lexical word meaning in the staff of initial sentences, role of a language environment and national peculiarities in ontogenesis of speech are revealed in the research.

Көп ғалымдарды адам баласы қалай сөйлейді және сөйлеу әрекеті компоненттерінің қайсысы алғаш пайда болады деген мәселелер қызықтырады. Бұл мәселелер жауабын лингвистикалық зерттеулерден, ал астарларын терең құбылысқа бойлай отырып, психологиялық және психолингвистикалық зерттеулерден көруге болады.

Сөйлеу әрекеті мәселесін шешуде бала тілі сараптамасы үлкен мүмкіншіліктер береді. Өйткені тілдік даму туа біткен жүйе емес, ол әрекет ережесі мен әрекет бастауы болып табылады. Ал бала тілдік компоненттерді біртіндеп тілдік қарым-қатынас барысында меңгереді. Сондықтан, ғалымдар сөйлеу әрекеті механизмдерінің қалай және қандай жүйелікте шығуын анықтауда бала тілін зерттеуге жүгінеді.

**Сөйлеу әрекеті онтогенезінде компоненттердің дамуындағы тілдік ортаның рөлі маңызды. Тіл мен қоғам арасындағы мәселе бойынша қарастырылған зерттеу жұмыстары көп-ақ. Дегенмен, тілдің әлеуметтік аспектілерінің бір қатары толық айқындалмай отыр. Әсіресе, әлеуметтік фактордың тілдегі табиғаты. Сонымен қатар оның тілге әсерінің механизмі, тілдің құрылымы мен даму барысындағы сипаты, тілдік бірліктердің нақтырақ айтқанда сөйлеу әрекеті онтогенезі компоненттерінің дамуындағы тілдік ортаның рөлі әлі де болса толыққанды ашылмаған.**

Тіл – қоғамның өнімі. Тілдің әлеуметтік мәнінің бірі қоғам мен жеке адамның тілге әсерін тану болып табылады. Ал енді осы мәселені керісінше қарастырсақ, тілдік компоненттердің сөйлеу әрекеті онтогенезінде дамуына тілдік ортаның рөлі, әсері қалай болады. Әрине тілдің қалыптасуында әлеуметтік және “адам” факторы үлкен әсер етеді. Өйткені, тілдік құрылым сөйлеу әрекеті



үрдісінде қалыптасады. Бала тілінде тілдік компоненттердің шығып қалыптасуына қоршаған ортаның рөлі қандай?

Бала тілінің қалыптасуына тілдік ортаның, яғни ересек адамдардың сөзінің әсері күшті. Бала ересектерге үнемі еліктеп, өз бетімен сөз шығаруға талпына бастайды, басқа балалардың тіпті үлкендердің сөзіндегі қателерді байқайды. Демек, баланың тіл сезімі күшті болады.

Баланың сөйлеу әрекетінің дұрыс қалыптасуына ата-ана немесе балаға қарайтын адам жеткілікті назар аударса, баланың тілі ұстартылып отырса, кейін мектепке барғанында сабақ үлгерімі жақсы болады. Зерттеу мәліметтері бойынша мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қоры 4000-ға жетеді.

Бала тілді сөйлеу барысында меңгереді. Баланың тілі шыққан уақыттан бастап оның дұрыс, анық сөйлей алуына ерекше көңіл аударылу керек. Ал бала сөйлеу үшін онымен коммуникацияға түсу қажет. Мәселен, бала тіпті әлі сөйлей алмайтын кезінде-ақ анасы айналып, толғанып оған сөйлейді, аялайды, нәресте оны түсінгендей тыңдап қалады.

Адам баласының тілінің дамуы қоршаған ортаны тек есту арқылы вербальды қабылдауға байланысты болады. Баланың есту сезімдері екінші, үшінші жетіде біліне бастайтыны белгілі. Баланың есту сезімін тәрбиелеуде М.Жұмабаев баланың құлағын түрлі зияннан сақтаумен қатар, яғни құлағын суықтату, шомылдырғанда құлағына су жібермеу, қатты шуламау т.б., баланың сақ құлақ болуына көмек көрсету тілдік ортаның ықпалы зор екенін айтады. Солардың бірін, ғалым, баланың есту сезіміне аса көп әсер беретін бесік жырының тәрбиелік мәніне былайша назар аудартады: “Баланың есту сезіміне аса көп әсер беретін бесік жыры. Баланы қолына алған, баланың бесігі жанына келген ана аузына тас салғандай үндемей отырмасын. Жырлай берсін. Бала сөзін ұқпаса да, күйіне әсерленеді. Жас балаға қазақтың “Әлди-әлди, ақ бөпем” деп басталатын бесік жырын жырлау керек. Бұл жырдың сөзі де, күйі де тәтті” [1, 67]. Демек, бала нәресте жасында ешнәрсені ұқпаса да, оған анасы немесе қарайтын адам айналып, толғанып сөйлесе беруді керек.

Адам баласы ана тілін үйрену барысында үш кезеңнен өтеді: сөйлеуге дейінгі кезең, аралық кезең және сөйлеу кезеңі. Осы кезеңдердің ішінде сөйлеуге дейінгі кезеңнің рөлі зор, себебі адам баласының алғашқы сөйлеу әрекетінің түп тамыры семантика осы кезеңде қалыптасады. Сөйлеу әрекетінің басқа компоненттерінің (сөйлеудің дыбысталу жолы, грамматикалық мағына, лексикалық мағына) шығуы мен дамуы адам баласының, яғни баланың тілі шықпаған, сөйлеуге дейінгі кезеңде қалыптасатын семантикаға тікелей байланысты болады. Семантика, оның ішінде синтаксистік семантика – адам баласының тілінің шығу себептерін анықтауға жол сілтейтін бірден-бір сөйлеу әрекеті компоненттерінің басыңқысы екені айқындалған. Ал баланың семантикалық пайымдауының бастауын “тілдік белгіні қызметіне қарай қолдану” болып табылады. Бұл тілдік белгі – айтылым. Баланың алғаш берген айтылымы – бір сөзді бір буынды сөйлем [2, 83 б.].

Баланың диалогтік сөйлеуі, коммуникацияға түсуі айтылым темасы мен ремасын таңдауы болып табылады. Қазақ тілі энциклопедиясында тема мен ремаға берілген сипаттамаға сүйенсек: тема (грек. *thema* – негіз) – сөйлемдегі актуальді мүшелеудің компоненті. Тема сөйлемнің алдыңғы шебінде орналасады. Ол контекстен, ситуациядан да белгілі болып тұрады, алдын-ала белгілі болғандықтан оған дауыс екпіні түспейді, бұл жағынан ол ремаға қарама-қарсы келеді. Тема ретінде көбінесе сөйлемнің бастауышы (немесе бастауыштық топ) жұмсалып тұрады, бірақ сөйлемнің кез келген мүшесі тема болуы мүмкін. Рема – (грек. *rhema* – сөз, айту) сөйлемде актуальды мүшелеудің компоненті. Сөйлемде алдын-ала берілген жайт (тема) туралы хабарлауды немесе сұрауды мақсат етеді. Ол предикативтілікті жасап, ойды аяқтап тұрады. Ремаға дауыс екпіні түседі, сөйлемнің соңғы шенінде орналасады. Сондықтан ол көбінесе сөйлемнің баяндауышы немесе баяндауыштық топты құрайды. Сөйлемнің кез келген мүшесі өзіне айырықша ой екпіні түскенде рема болады [3,325 б.]. Ал осы компоненттер адам баласы тілінің шығуында прототіл деңгейінде-ақ көрініс береді. Баланың 0;9-1;0 және 1;0-1;6 жас аралығында тема физио-, кинематикалықпен беріледі. Мәселен, бала тілін бақылауға арналған еңбектердің бірінде аталмыш жас аралығындағы балаға анасы “Папаң қайсы?” бала жанында отырған әкесіне қарайды. Баланың әкесіне қарауы – рема, анасының сұрағы – тема. Бала өзі сөйлей алмаса да, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсіп отыр, ересек адамның айтқанын түсінеді. Бала «Мынау менің папам» деп бірден айтпайды. Жасының өсуіне, пайымдауының кеңеюіне қарай, баланың тілі шығады. Ол «па» кейініректе «па-па» деуі мүмкін. Бірақ олар *papa* деген сөзді білдірмейді, ол лингвистикада бір сөзді сөйлем болып табылады. Оның мағынасы «Менің папам» «Бұл менің папам» т.б. мағыналар береді. Бұл бір сөзді сөйлемдегі лексикалық мағынаны қарстырсақ, «па», «па-па» *papa* сөзінің мағынасының алғашқы көрінісі. Ал бұл кезеңнің алдыңғы кезеңіндегі баланың қимылы, яғни баланың әкесіне қарауы лексикалық мағынаның алғы шарты.

Демек, баланың тілінің шығуына қоршаған ортаның сөйлеуі әсер етеді. Бұл Ф. де Соссюрдің тіл мен сөйлеуді біріншіден, бір-бірінен ажыраған құбылыс, екіншіден бір-бірінен ажырамаған құбылыс деген екі түрлі пайымдауының бірі: «...сөйлеу тілдің шығуына қажет. Біз өзгелердің, яғни жанымызда жүрген адамдардың сөйлеуін ести жүріп ана тілімізді үйренеміз» [4, 38 б.] деп тілдің әлеуметтік маңыздылығын көрсетуі адам баласы тілінің шығуында сөйлеу әрекеті компоненттерінің қалыптасуы мен дамуын эксперименттік бақылау арқылы айқындауға мүмкіндік береді.

Баланың алғашқы сөйлеуі кешенді түрде дамиды, яғни сөйлеу компоненттерінің (сөйлеудің дыбысталу жолы, грамматикалық мағына, лексикалық мағына) барлығы дерлік қабаттаса дамиды. Баланың алғашқы сөйлеуі дене қимылы, дыбыстар арқылы беріліп, бір қажеттілігін өтейді, ол әрдайым мақсатты және белгілі бір интонация арқылы болады. Баланың алғашқы сөйлеуі грамматикалық тұрғысынан да, дыбысталу тұрғысынан да дұрыс емес, бірақ бала қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі, оны тек ата-анасы немесе оған қарайтын адам ғана түсіне алады, себебі өз ойы дұрыс болады. Бала өз ойын алғаш тілі шыққанда бір сөзді, екі, үш сөзді сөйлемдер арқылы білдіреді. Бала ойы тек ситуация арқылы түсінікті болады. Сөйлеу онтогенезі мәселесін қарастыруда эксперимент қорытындысы бойынша Т.Т. Аяпова баланың өз ойын жеткізуі, алғашқы сөйлеуі синтаксистік семантикадан басталады деп эксперимент нәтижелерін ұсынады [5, 150 б.].

**Ж.Пиаже баланың алғашқы тілі “өзіне-өзі сөйлеуі” деп атап, бала бастапқыда өзін қоршаған ортада ересек адамдармен, өз достарымен қарым-қатынасқа түсу арқылы, оның тілі (прототілі) әлеуметтік сипатқа ие бола бастайды дейді [6]. Бұл пікірге Л.С. Выготский түбегейлі қарсы шығып, бала тілі бастапқыдан-ақ әлеуметтік тіл деген пікір береді. “Не постепенная социализация, вносимая в ребенка извне, но постепенная индивидуализация, возникающая на основе внутренней социальности ребенка, является главным трактом детского развития” [2, 320 б.]. Бала ересек адамдардың тек сөйлеуін, сөздерін қайталамайды, бірақ оларды естіп жүреді, олардың сөйлеуіне жауап береді (өз деңгейінде), сойтіп оның тілі бірте-бірте әлеуметке түсіп жүйелене бастайды.**

Ересек адамдар баланың айтқандарын кейде түсінбейді немесе оның тіліне күледі, бірақ баланың тілі осы тілдік ортада дұрыс тілдік нормаға (баланың когнитивті дамуына сәйкес) түсе бастайды.

Бала тілінің дамуы бірнеше кезеңдерден тұратынын және сол жүйелі түрде бір кезеңнен екінші кезеңге табиғи түрде ұласатындығын баланың когнитивті дамуы құнды мағлұмат береді және де бала тілі дамуының аталмыш кезеңдерінде тілдік ортаның рөлі үлкен екендігі байқалады. Бір кезеңнен екінші бір кезеңге өтуде тілдің белгілі бір қызметі болуы тиіс.

Балада тілдің бірінші қызметінің қалыптасу процесі, яғни тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруі алғашқы жылдарында бірнеше кезеңдерден өтеді. Бірінші кезеңде бала қоршаған тілдік ортаны түсінбейді және өзі сөйлей алмайды, дегенмен осы жерде келесі кезеңдерде тілді меңгеру жағдайлары бірте-бірте қалыптасады. Бұл кезең – сөйлеуге дейінгі, яғни баланың тілінің шықпаған кезеңі. Екінші кезең – бала тілінің шығу кезеңі. Бала ересек адамдардың қарапайым айтылымдарын түсіне бастайды, соған лайықты жауап береді немесе іс-әрекет жасайды және бір сөзді айтылымдар бала тілінде көрініс бере бастайды. Бұл бала тілінің шығу кезеңінің басы. Үшінші кезең баланың келесі жеті жасына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде бала тілді өз жасы деңгейінде меңгереді және ересек адамдармен еркін қарым-қатынасқа түседі.

Бала өмірге келгенде екі айға дейін биологиялық, физиологиялық даму барысында болады. Сондықтан да қазақ халқы 40 күнде қырқынан шығарады. Бұл мерзімде бала күледі, жылайды, ересек адам тарпынан түскен бастамаға саналы әрекет жасайды. Балалардың жынысына қарай қырқынан шығарылуы бірдей емес. Мәселен, ұл бала 40 күннен бір, екі күн асырылып шығарылса, қыз бала бір, екі күн жетпей шығарылады. Бұл ұл бала мен қыз баланың физиологиялық және психологиялық жетілуінің айырмашылығының дәлелі. Сондай-ақ бұл сәйкессіздік тілдік дамуға да тиесілі.

Баланың тілді меңгеруіне көмектесетін нәрсе – оның қоршаған ортасы. Мәселен, балаға қарайтын адам немесе анасы күнделікті балаға сөйлейді, оның реакциясын байқайды. Сөйтіп, бала ересек адамдармен қарым-қатынасқа түсе отырып, бала алдында ерекше коммуникативті мәселе: өзіне айтылған тілді түсіну және оған вербальды түрде жауап беру тұрады. Сондықтан да ғалымдар тілдік қатынастың әр кезеңін қарастыруда бала тілінің шығуы мен дамуының негізгі мәселесі ретінде коммуникативті факторды зерттеуге баса назар аударады.

Біз зерттеу жұмысымызда адам баласының сөйлеу әрекеті компоненттерінің ішінде алғаш пайда болатын компонент – семантикалық компонентпен қабаттаса қалыптасатын компоненттердің бірі лексикалық мағынаның қалыптасу барысындағы адам баласының сөйлеуінде тілдік ортаның үлесінің зор

екендігіне мән бергіздік. Шындығында, эксперименттік тәжірибеге сүйенсек, баланың тілі әлі шықпаған кезде де бала тілдік ортамен қарым-қатынасқа прототіл арқылы түседі. Мәселен, бала өзінен қашықта жатқан немесе тұрған бір затты алғысы келгенде оған ұмтылады, қолын созып жұдырығын ашып жұмады, яғни бер, әпер, алам деген мағыналарды беретін қимыл-әрекет жасайды. Бала бастамасына ересек адам “Берейін бе?”, “Аласың ба?”, “Әперейін бе?” деп балаға сөйлеп отырып қимыл жасайды, яғни баланың ұмтылған затын алып береді. Бұндай жағдаят күнделікті қайталанып отырады. Бала сөз сөйлемдерді естіп жүріп тілінің шыққан кезеңінде бұрын қолданған қимыл әрекеттеріне тілдік белгіні қоса бастайды. Мәселен, “бер”, “әпер”, “алам” сөз-сөйлемдерінің біреуі шығады.

Баланың сөйлеу әрекетін бақылау тілдің шығуын зерттеуде маңызды үлес қосады. Бала тіліне бақылау жүргізе отырып, баланың тек когнитивті дамуын ғана қарастырып қоймай, сонымен қатар сөйлеу әрекеті механизмдерінің барысын көруге болады. Адам баласының тілі белгілі бір жүйелілікте бір-бірінің орнын алмастырып отыратын әр түрлі кезеңдер немесе фазалардан тұрады, ал сөйлеу әрекетінде белгілі бір құрылым бар. Бұл құрылым басқа, мәселен, зат, көрнекілік, тәжірибелік іс-әрекеттерге ұқсап, сәйкес келіп отырады [7, 12 б.]. Сондықтан баланың ойын барысындағы іс-әрекетін бақылау арқылы когнитивті дамуын көруге болады.

Бала қоршаған ортамен тілдік қарым-қатынасқа түсе отырып ана тілінде сөйлеуді іс жүзінде меңгеріп алады. Баланың сөйлеуінде, әрине қателер болады. Оны олар тілдік ортамен күнделікті қарым-қатынаста, өздерінің ойнау әрекетінде, ең алдымен ересек адамдардың сөйлеуіне қарап үйренеді. Сондықтан адам баласының тілінің шығуына, дамып қалыптасуына тілдік орта маңызды үлкен рөл атқарады. Баланың жанындағы адамдардың дұрыс сөйлеуінің тәрбиелік мәні зор. Өйткені бұл кезеңде баланың сөйлеуінде актив сөзден гөрі пассив сөз басым болады. Балалардың сөздік қорын байытуда, бұрынғы пассив сөз үлкен көмек береді.

1. Жұмбабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 156 бет.
2. Выготский В.С. Мышление и речь // Соч.: В 6 т. – М.: Педагогика, 1982. Т.2. – 260 с.
3. Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы: Қазақстан даму институты, 2000. – 500 бет.
4. Леонтьев А.А. Психолингвистические единицы и порождения речевого высказывания. – М.: Наука, 1969. – 108 с.
5. Аяпова Т. Т. Сөйлеу әрекеті онтогенезі: синтаксистік семантика. док. дис. – Алматы, 2003. – 305 бет.
6. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. – М., 1994. – 412 с.
7. Кубрякова Е.С. Данные о детской речи с общелингвистической точки зрения // Детская речь как предмет лингвистического изучения. – Л., 1987. – С. 6-22.

## **ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ**

### **ПӘНДЕРДІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ҮДЕРІСІНІҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ МОТИВАЦИЯЛЫҚ СИПАТЫ**

**С.Ж. Пірәлиев** – *п.ғ.д., проф.*,  
**Е.Б. Ауелбеков** – *п.ғ.к., доцент*,  
**А.А. Куралбаева** – *PhD докторант*

#### **Резюме**

Авторы статьи утверждают, что проблема интеграции актуальна и продиктована новыми социальными запросами, предъявляемыми к школе, и обусловлена изменениями в сфере науки и производства.

В статье освещаются вопросы понятие интеграции, интеграция знаний. Интеграция в настоящее время позволяет расширять и углублять содержание образования путем внедрения новых обучающих технологий. На основе анализа исторических аспектов интеграции научных знаний сделаны некоторые выводы.

#### **Summary**

Authors of article claim that the problem of integration is actual and dictated by the new social inquiries shown to school, and caused by changes in the science and production sphere.

Questions of integration, knowledge integration are represented in the article. Now integration allows expanding and deepening education content by introduction of new training technologies. Conclusions were made on the basis of the analysis of historical aspects of scientific knowledge integration.

Тәуелсіз еліміздегі болып жатқан даму тенденциялары, әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, дүниежүзілік жаһандану барысы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып, келешек ұрпақты оқытып-тәрбиелеу мәселесіне жаңа көзқарастарымен келуді межелейді. Сондықтан болашақ еліміздің өкілдерінің білім деңгейінің әлемдік дәрежеге сәйкес болуы қазіргі заман талабына айналды. Мектептегі қайта құру білім берудің мазмұнын жетілдіруді, ғылыми пәндердің өзара байланыста жүргізілуін талап етеді. Мектеп оқушылары жекеленген пәндерден алған білімдерін тұтас біріктіріп қабылдай алмайды. Оның негізгі себебі олар бір-бірімен байланысты сабақтастықта қарастырылмайды. Осының нәтижесінде оқушыларда тұтас көзқарастың туындауына қиындық туғызады. Сондықтан да оқушы санасында дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін мектептегі оқу пәндері арасындағы пәнарлық байланысты анықтап, интеграцияны тиімді пайдалана білу қажеттігі туындайды.

Пәндерді интеграциялаудың психологиялық-педагогикалық қырлары көптеген ғалымдардың монографиялары мен диссертациялық жұмыстарында қарастырылған. Мысалы, педагогиканың басқа ғылымдармен интеграциясы В.В. Краевский, А.В. Петровский, М.Н. Берулава, Н.Ф. Талызина еңбектерінде; білім беру мазмұнындағы интеграция В.С. Леднев пен Г.Д. Глейзер еңбектерінде; интеграцияның балаға тәрбиелік әсер етуі Л.Новикова мен В.Каракровский еңбектерінде; оқытуды ұйымдастырудағы интеграция туралы Г.Ф. Федорец пен С.М. Гапеенкова т.б. еңбектерінде зерттелген.

Аталмыш авторлар интеграцияға байланысты өз еңбектерінде «интеграция процесі», «интеграция ұстанымы», сияқты әр түрлі санаттық ұғымдарды қолданады.

Интеграция процесі – бұрын бір-бірінен бөлініп кеткен немесе жанадан туындаған бөліктерді бір бүтінге біріктіру процесі. Бұл процесс бұрыннан қалыптасқан жүйенің көлемінде, сондай-ақ жаңа жүйенің көлемінде өткізілуі мүмкін. Интеграция процесінің мәні – жүйеге кіретін элементтердің әрқайсысының сапалы өзгерістерге ұшырап, тұтас жүйенің жаңа сапалық қасиетке ие болуы.

Интеграция ұстанымы оқыту процесінің барлық құрама бөліктерінің өзара байланысын, жүйе элементтері арасындағы байланысын анықтауға бағытталады. Ол оқу мақсаты мен мазмұнын анықтауда, оның түрлері мен әдістерін талдауда басты рөл атқарады.

Интеграциялау – бөліктерді бүтін шығатындай біріктіру, оларды бір тұтас болатындай етіп қосу. Осы тұрғыдан қарастырғанда, кейбір пәндерге қатысы бар материалдарды белгілі бір пән ауқымында жеке өткеннен гөрі, оның мазмұнын кең қамту үшін интеграцияланып оқытылғаны тиімді. Интеграциялау – материалды жан-жақты игерту, оқушылардың сабақта алған білімдерін өмірлік практикада қолдануда тиімді әдіс. Сонымен бірге оқушының саналық, адамгершілік, эстетикалық көзқарастарын ұштауда, оқу мерзімін тиімді пайдалануда, оқу-тәрбие процесін басқаруда пайдасы зор.

Психологтар мен педагогтардың интеграция мәселесі жөніндегі пікірлері әлі де болса бір арнаға жүйелініп түскен жоқ. Мысалы, Н.И. Кондаковтың пікірінше, интеграция – қандай да бір жекелеген элементтердің біртұтас болып бірігуі, қандай да бір бірліктің қайта құрылуы [1]. М.Н. Берулова интегра-

ция ұғымын жеке және тұтас дүние арақатынасын айқындайтын үш элементтің жиынтығы тұрғысында қарастыруға дәлел келтіреді. Біріншіден, бұл тұтастықтың бөліктері арасында өзара байланыс жүйесінің пайда болуы. Екіншіден, тұтастық құрамына кіруге орай бөліктің кейбір қасиеттерінің жойылуы. Үшіншіден, пайда болған тұтастықта бөлікаралық байланыстар жүйесінің пайда болуына сәйкес жаңа қасиеттердің тууы. Сөйтіп, тұтастық жекелеген элементтер жиынтығының нәтижесі болып табылатындығын, аталған элементтер іштей біріккен интегралдық тұтастық компонентіне айналатындығын көрсетеді [2].

И.Зверев пәндер интеграциясын толықтыру көлемде жүзеге асыру тәсілдерінің сипатынсыз олардың білім беру, дамыту және тәрбиелеу функциясының өзара байланыстарын ашпайынша бұл мәселені елестету мүмкін еместігін айтады. Пәндер интеграциясының жалпы білім беретін функциялары оқушыларда материя қозғалысының әртүрлі формаларының өзара интеграциясын көрсететін әлем жөніндегі жалпы білімдер жүйесін қалыптастыруды қарастырады [3].

Пәндер интеграциясының тәрбиелеу функциясы оқушыларда диалектикалық-материалистік дүниетанымды, өнегелік-эстетикалық идеяларды, жеке тұлғаның эмоционалдық-еріктік қасиеттерін қалыптастыруды көрсетеді. Пәндер интеграциясының дамытушылық функциясы салалас пәндерді зерделеу кезінде жалпы жаратылыстану-ғылыми және политехникалық ұғымдарды дамытуда, талдап қорытындыланған іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруда жүзеге асырылады.

Қазақстан ғалымдары мен әдіскерлері де оқушыларды дамыту жолдарының бірі ретінде пәндер интеграциясына көңіл бөлді. Бұл бағыттағы зерттеулерге үлес қосқандар Н.Орасқанова, С.Мұсабеков, С.В. Илларионов, А.А. Бейсенбаева, А.Муханбетжанова т.б. болды. Олар пәндер интеграциясы кезінде педагогикалық жағдаяттар жасалып оқушыларының ой желісінің жалғасуына, ұғымды тиянақты меңгеруге, ойды сақтау мүмкіндіктерін арттыруға жағдай жасалатындығын дәлелдеп берді.

Интеграция ұғымына отандық ғалымдарымыздың пікірлеріне келетін болсақ, А.А. Бейсенбаева интеграция дегеніміз – пәндердің өзара байланысын жоғары деңгейде нақтылы түрде іске асыру деп түсіндіреді. Сондықтан да интеграция мен пәндердің өзара байланысы ұғымдарын мәндес ұғым ретінде түсінуге болмайтындығын айта келе, интеграция тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әр түрлі ғылымдарды біріктіретіндігін анықтап берді [4].

Ал, Ә.Б. Түркіменбаев интеграция бұрын дифференцияланған элементтердің жаңа сапада тұтастық белгісімен бірігуінің объективтік үрдісі деп анықтама берсе [5], А.Қ. Демеуов интеграция – бұрын бөлшектенген элементтердің біртұтастық белгілерімен жаңа сапаға біріктірілуінің объективті процесі ретіндегі жүйе дамуының бір қыры деп анықтаған [6].

Пәндер интеграциясы теориялық білімді іс жүзінде қолдануға, ғылымның түрлі салалары жөнінде кең ұғымы бар тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Орта мектептерде сабақтар жүргізуде интеграциялауға мән бермеу оқу пәндері материалдарының бірін-бірі қайталауға, оқушылардың көптеген ұғымдар мен заңдылықтарды тар шеңберде түсінулеріне әкеп соғады. Білім мазмұнын меңгеру пәндер интеграциясын ескермейінше мүмкін емес. Өйткені ол – өзара жақын пәндердің бағдарламасындағы оқу материалын үйлестірудің және іріктеудің маңызды көрсеткіштердің бірі.

Интеграция барлық ғылым саласында жататын құбылыс болғандықтан, оның педагогикада да пайда болуы заңды. Дегенмен, мұнда оның мынадай өзіндік ерекшеліктері бар:

- педагогикалық интеграция – ғылыми интеграцияның бір түрі, ол педагогикалық теория мен практиканың шеңберінде іске асырылады;
- педагогикалық интегративтік процестің негізгі белгісі – оның педагогикалық бағытталуы мен салыстырмалы дербестігі;
- педагогикадағы интегративтік процестердің мазмұндық жағын логикалық-мазмұндық негіз, әр текті элементтер, ауқымы, интеграция формалары құрайды; ал ұйымдастырушылық жағын – интеграциялау тәсілдері мен құралдары қалыптастырады [7].

Мектептегі пәндерді интеграциялау үдерісінің кейбір тарихи аспектілерін қарастырсақ, әсіресе 1980-жылдардан бастап оның өте кең көлемде және ауқымды зерттелгені анық байқалады. Мәселен, 1980-1990 жылдардан бастап педагогикалық зерттеулерде білім берудегі интеграция мәселесін мазмұндық жағынан шешуге бағытталған іргелі жұмыстар жасалып, нақты нәтижелер алынды. Мысалы, ғылыми білімдердің және практиканың интеграциясының қажеттілігі (М.В. Беркинблит, М.В. Голубева, Ю.И. Дик, Г.С. Калинова, А.Н. Мягкова, Д.В. Попов, В.В. Усанов, А.Г. Хрипкова); жалпы білім беретін пәндердің интеграциясының заңдылықтары (Е.В. Костерева, В.Н. Максимова, М.С. Пак, Ю.С. Тюникова); педагогикалық интеграцияны іске асырудың механизмдері мен құрамы, мәні (В.С. Безрукова, Н.П. Депенчук, Н.К. Чапаев); мамандандырылған мектептегі кейбір пәндерді оқытудағы интегративтік тәсілдің теориялық негіздері (В.Н. Максимова, М.С. Пак); іргелі түсініктердің, білімдердің жүйелерін қалыптастырудың

теориясы мен әдіснамасы (В.А. Извозчиков, Н.Е. Кузнецова); интеграцияланған курстарды құрудың дидактикалық негіздері жасалды (С.А. Сергеев).

Ал, 1990-жылдардан бастап республикамызда білім берудегі интеграция мәселесіне көңіл бөлініп, сан саналы жұмыстар жүргізіле бастады. Оған мысал, 1990 жылы 24-25 сәуір аралығында Алматы қаласында «Пәнаралық байланыс негізінде оқушыларға идеялық-адамгершілік тәрбие беру» тақырыбына арналған Бүкілодақтық ғылыми-әдістемелік конференция өткізілді. Конференция барысында тың ұсыныстар жасалынды. Одан кейін, 1991 жылы Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институты шығарған «Қазақ мектебіндегі білім мазмұны мен оқыту әдістерін жетілдіру мәселелері» деп аталатын жинақта негізінен қазақ мектебінің білім мазмұны мен оны оқыту әдістеріне интеграция амалдарын қолдану мәселелері көтерілді [8].

Қазақстандық педагогика да жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие үрдісіндегі интеграция мәселесінің педагогикалық негізін Б.Т. Набиева, А.А. Әбдиева қарастырса, ал, А.А. Бейсенбаева, пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру мәселелері төңірегінде, Т.К. Оспанов пен И.В. Баранованың «Интеграция ұғымына педагогикалық тұрғыдан түсінік берудің жайы», К.Жүнісованың «Мектепте білім мазмұнын интеграциялап оқыту не үшін керек?» Ж.Молдабековтің «Білім мазмұнын интеграциялау проблемасына қысқаша тарихи шолу», Н.Жапанбаеваның «Кешенді-интеграциялап оқыту – оқу процесін жандандырудың тиімді құралы», А.Б. Маженованың «Жаратылыстану буынындағы білім мазмұнын интеграциялау түрлері мен жолдары», Ә.Мұханбетжанованың «Бастауыш білімнің интеграциясы» еңбектері жарық көрді. С.К. Ерімбетова химияны оқытуда экологиялық бағыты бар кіріккен сабақтар өткізу әдістемесін, ал, Ә.Б. Түркіменбаев «Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы мектептерде жаратылыстану пәндерін интеграциялап оқыту процесінің педагогикалық шарттары» қарастырды. Бұл еңбектер республикадағы қазіргі білім беудегі және педагогика ғылымындағы интеграция құбылысын ғылыми тәжірибелік тұрғыдан айқындауға бағытталған зерттеу жұмыстары болып табылады.

Интеграция тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әр түрлі ғылымдарды біріктіреді. Осы тұрғыдан алсақ, интеграциялық оқыту мәселесінің педагогикалық рөлі, мәні мен мазмұны, әсіресе төменгі сыныптағы білім жүйесіндегі мұғалім жұмысында арта түседі. Өйткені, педагог – шын мәніндегі қоғамдық-әлеуметтік даму үдерісінің адам санасындағы күрделі жаңғыру барысына тікелей қатысы бар болашақтың жасампаз маманы.

Білімді интеграциялау арқылы ғылыми дүниетаным қалыптастыруда бастауыш сынып оқушыларының әрекеті ерекше мотивтік сипат алады, оны әртүрлі пәндер әрекеті туғызады және олардың мәні де түрліше. Бұл мотивтер оқуда, екіншілері – оқудан тыс танымдық әрекетте, үшіншілері – әлеуметтік мотивтерде, төртіншілері – оқу мен танымның субъектілік аймағында байқалады. Сонымен, оқушының дүниені зерделеуі кезінде мотивтік сипаты интегративтік мәнге ие болады және ол баланың қоршаған дүниені тануымен байланысты дамиды. Білімнің интеграциясы арқылы дүниетанымды нәтижелі қалыптастыру және бала тұлғасын дамыту үшін оқушының оқуға мотивациясын анықтап, оны тәртіпке келтіріп отыру қажет.

Ключевые слова: интеграция, процесс интеграции, принципы интеграции.

Keywords: integration, integration process, principles of integration.

1. Кондаков М.И. Совершенствование содержания среднего образования в условиях школьной реформы. // Педагогика, 1985. - №8. – с. 10-17.

2. Берулова М.Н. Интеграция содержания общего и профессионального образования в профтехучилищах (теоретико-методологический аспект) – Томск, 1988. – 228 с.

3. Зверев И.Д. МПС в современной школе / И.Д. Зверев, В.Н. Максимова. – М., 1981. – С. 57.

4. Бейсенбаева А., Сейдіғазым Н. «Интеграциялық оқытуды жүзеге асыру». – Алматы, Қазақстан мектебі журналы - №5, 2002. – 55-56 бб.

5. Түркіменбаев Ә.Б. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы мектептерде жаратылыстану пәндерін интеграциялап оқыту процесінің педагогикалық шарттары (Физика және астрономия пәндерін оқыту процесі материалдары негізінде). Пед. ғылым канд. дәрежесін алу үшін дайын. дисс. – Түркістан, 2006. – 18 б.

6. Демеев А.Қ. Педагогикалық оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерді тұлғалық-кәсіби дамыту процесінде рухани және дене тәрбиесін интеграциялау. Пед. ғылым канд. дәрежесін алу үшін дайын. дисс. авторефераты. – Шымкент, 2010. – 14 б.

7. Пәнаралық байланыс негізінде оқушыларға идеялық-адамгершілік тәрбие беру. Бүкілодақтық ғылыми-әдістемелік конференция. – Алматы, 1990.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕП БАСҚАРУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР

Қ.Бөлеев, Л.Қ. Бөлеева, П.Қ. Бөлеева – Тараз мемлекеттік педагогикалық институты

### Резюме

В статье сделан ретроспективный анализ исследований казахских ученых-педагогов К.Ж. Каракулова, А.Каржаубаева, Т.М. Баймолдаева, Ж.А. Караева, С.Т. Иманбаевой, Г.Лукпанова, Д.Н. Кулыбаевой, Г.З. Адильгазинова, З.М. Садвакасовой, Н.Әлкожаевой, Ж.Ж. Айтпаевой, К.А. Жусуповой, З.А. Исаевой по школоведению и педагогическому менеджменту, проведенных в Казахстане. В исследованиях разработаны теоретические и практические основы школоведения и педагогического менеджмента.

### Summary

In article the retrospective analysis of researches of the Kazakh scientists-teachers: K.Zh. Karakulov, A.Karzhaubayev, T.M. Baymoldayev, Zh.A. Karayev, S.T. Imanbayeva, G.Lukpanov, D.N. Kulybayeva, G.Z. Adilgazinov, Z.M. Sadvakasova, N.Alkozhaeva, Zh.Zh. Aytpayeva, K.A. Zhusupova, Z.A. Isayeva – on a shkolvedeniye and the pedagogical management, carried out in Kazakhstan is made. Theoretical and practical bases of a shkolvedeniye and pedagogical management are developed in the given researches.

Педагогика ғылымының мектептану бөлімі бүгінгі таңда педагогикалық менеджмент деп аталып, ол – оқу-тәрбие үрдісін басқарудың, оның тиімділігін арттыруға бағытталған принциптердің, әдістердің, ұйымдастыру формалары мен әдістемелік тәсілдердің кешені ретінде жаңа ұғым болып қалыптасты.

Қазақстан ғалым-педагогтары мектепті басқару және педагогикалық менеджмент салалары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде бірнеше монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын шығарды.

Солардың ең алғашқысы болып саналатын **Қ.Ж. Қарақұловтың «Педагогика управления»** атты оқулығында білім жүйесін басқарудың теориясы мен әдіснамасы, басқару принциптері, басқару формалары мен әдістері, педагогикалық кеңес – коллегиялы басқарушы орган, мектептің оқу-тәрбие жұмысын және әдістемелік жұмысын басқару, педагогикалық ұжымды басқару, тәрбие жұмысын басқару, педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру, басшының жұмыс стилі, оның кәсіптік қарым-қатынасы, еңбек ұжымының психологиялық ахуалы, ұжым өміріндегі конфликт және басшы мәселелері жан-жақты қарастырылған [1].

**А.Қаржаубаевтың «Қазақ ұлттық мектебін басқарудың кейбір мәселелері»** атты монографиясы кіріспе, екі тараудан, қорытынды мен әдебиеттер тізімінен тұратын ғылыми еңбек [2].

Бірінші тарау «Мектепті басқарудың теориялық негіздері» деп аталып, онда мектепті басқарудың дамуы туралы, мектепті басқарудың методологиялық негізі және әр түрлі сыныптардың саны мен сапасы жағынан ұйымдастырылуы қарастырылған.

Екінші «Мектеп басшыларының басқару мен бақылауды жетілдіруі» атты тарауда қазіргі нарық жағдайындағы мектеп басшыларына қойылып отырған талаптар, мектепті бақылаудың нәтижелілігін арттыру, мектептегі мұғалімдер ұжымын басқару және оқыту процесін дидактикалық тұрғыдан бақылауға қойылатын талаптар сипатталынған.

**Қ.Ж. Қарақұлов «Школоведение»** атты оқулығында мектептанудың теориялық негіздері, мектептегі педагогикалық басқару, мектепті басқарудың технологиясы, қазіргі мектепті басқару мәселелері сөз болады [3]. Сондай-ақ, оның мектеп басшылары мен студенттер үшін **«Педагогический менеджмент и управление школой»** атты оқулығы жарық көрді [4]. Онда автор өзінің көпжылдық проблеманы ғылыми зерттеу нәтижесінде алынған педагогикалық жүйелерді басқарудағы менеджменттің теориялық-әдіснамалық негіздері, мектептегі педагогикалық басқару, мектепті басқару технологиясы, қазіргі мектепті басқару мәселелері жайындағы пайымдаулары баяндалған. Аталған үш еңбекте мектепті басқару мәселелері бойынша мектептану саласындағы соңғы жаңалықтармен толықтырылып отырған.

**Т.М. Баймолдаевтың «Мектеп басқару»** атты оқу құралында мектепті басқарудың даму тарихы, ғылыми және әдіснамалық негіздері мен тәжірибесі баяндалған [5]. Құралдың «Жалпы білім беретін мектепті басқарудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауында басқарудың тарихы, басқару – адам дамуындағы біртұтас жүйе, басқарудың психологиялық-педагогикалық аспектілері, біліктілікті арттырудың басқарудағы рөлі көрсетілген. Екінші «Жалпы білім беретін мектепті басқару жүйесінің мазмұны» атты тарауда мектепті басқару жүйесінің өзіндік ерекшеліктері, формалары, әдістері, өзара қаты-

нас түрлері, командалық басқаруды ұйымдастырудың кешенді ұстанымдары, 12 жылдық эксперименттік мектептердегі білім сапасын басқару жолдары және сол мектепті басқаруды тұжырымдамасы жасалынған. Ал «Жалпы білім беретін мектепті басқаруды ұйымдастыру әдістемесі» атты үшінші тарауда мектеп директорының оқу, тәрбие және ғылыми-әдістемелік істері жөніндегі орынбасарларының жұмыс әдіс-тәсілдері мен формалары, олардың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының әдістемесі жасалынған.

**А.Қаржаубаев «Мектепті басқару»** атты оқу құралын толықтырып, **«Мектепшілік бақылау және оқу қызметі мен білім сапасын басқару»** деген атпен педагогика ғылымының соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, жаңа көзқарас тұрғысынан жазып шығарған [6]. Ол кіріспеден, төрт тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Бірінші тарау «Мектепті басқару жұмысының теориялық мәселелері» деп аталып, онда мектепті басқарудың әдіснамалық негізі, оқу қызметін ғылыми негізде басқарудың мектептердің стратегиялық даму бағыттары туралы, жаңа педагогикалық технологияны басқару жұмысына енгізу және тәрбие жұмысын ұйымдастыруға басшылық жасау мәселелері сөз болған.

«Мектепшілік бақылаудағы әдістемелік жұмыстың мазмұны» атты тарауда мектептегі әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, мониторинг мен бағалау жұмысының мазмұны, білім беретін мектептер мен мекемелердің болашағын жобалау және тәжірибе жұмысының әдістемесі, мектеп басшыларының басқару жұмысының нәтижелілігін жетілдіру туралы және оқу жұмысының құрылымын талдау баяндалған.

Үшінші «Мектепшілік бақылау жұмысының педагогикалық шарттары» атты тарауда мектепшілік бақылауды ұйымдастырудың шарттары мен факторлары және мектепшілік бақылауды тексерістен өткізу мәселелері айтылған.

Төртінші тарау «Оқу үрдісіндегі дәстүрлі емес сабақтың түрін ұйымдастыру және әдістемелік кабинеттің жұмысы» деп аталып, онда оқу үрдісінің мазмұнын ұйымдастырудағы дәстүрлі емес сабақтың түрлері, студенттерге арналған әдістемелік жұмыс туралы оқылатын арнаулы курстың мазмұны және болашақ педагог мамандарды мектепті кәсіби басқаруға даярлаудағы тәжірибелік жұмыстарының нәтижелері келтірілген.

**М.Валиеваның «Мектеп қызметін басқару, бақылау жолдары»** атты әдістемелік нұсқауында қазіргі кезеңдегі мектеп басшыларының басқару мәдениеті, мектептің оқу-тәрбие жоспарының үлгісі, мектеп басшысы қызметінің бағыттары, мектептегі әдістемелік жұмысты басқару қызметі, мектепшілік бақылауды ұйымдастыру үлгісі, білім мекемесі қызметін өзіндік аттестациялау үлгісі, мектепшілік қызметтері бақылау үлгілері, білім беру сапасын бақылау үлгілері, мектепте зерттеу әдістері және оның жүргізілу үлгілері, іс-қағаздарын жүргізу үлгілері нақты мысалдар негізінде көрсетілген [7]. Сондай-ақ **Т.Шаймерденовтың «Мектеп басқаруды жетілдіру»** атты оқу-әдістемелік құралы да жарық көрген [8].

**Ж.А. Караев, В.В. Шахгулари және С.Т. Иманбаеваның «Основы школоведения»** атты оқу құралы түсініктеме хаттан, курстың тақырыптық жоспары, лекциялық және семинарлық сабақтардың мазмұны және 18 лекцияның мазмұндарынан тұрады [9].

Кіріспеде курстың магистранттар мен аспиранттарды дайындаудағы қажеттілігі, мақсаты және міндеттері негізделген. Курстың тақырыптық жоспарында мектептану курсы төрт модульге бөлініп, лекциялық және семинарлық сабақтарға бөлінген сағаттар саны көрсетілген.

Лекциялық курстардың мазмұны бөлімінде модульдің аттары, лекциялардың тақырыптары, мазмұны, сағат саны, бақылау формасы, ал семинарлық сабақтардың мазмұнында 18 семинардың тақырыптары, сағат саны мен жоспарлары, ұсынылған негізгі, қосымша әдебиеттер тізімі және емтихан сұрақтары берілген.

«Мектептану» курсы бойынша төмендегідей 18 лекциялық сабақтардың тақырыптары, жоспарлары мен толық мазмұндары жасалған: мектептанудың пәні мен міндеттері, Қазақстандағы мектептердің типтері мен олардың дамуы, мектепшілік басқару – өзін-өзі басқарудың әртүрлілігі, жалпы білім беретін мекемелердегі тәрбиелік үрдісті ұйымдастыру, мектептің демократиялану жағдайларындағы педагогикалық ұжымның қызметі, мектептегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, мектепшілік бақылау негіздері, тұтас педагогикалық үрдісті диагностикалау мен бақылау, мұғалімнің кәсіби қызметін диагностикалау, шығармашылықтың әдіснамалық негіздері, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, жеке іс-әрекеттілік оқыту – оқыту үрдісін ұйымдастыру негізі, жеке әрекеттілік – әртүрлі позицияларда оқыту. Оқу құралының соңында мектептану курсы бойынша глоссарийлер құрастырылған. Сонымен қатар, **Ғ.Лұқпановтың «Мектепті басқаруды мәселелері»** атты оқу құралы да шыққан [10].

**Д.Н. Құлыбаеваның «Халықаралық типтегі мектептердің білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негіздері»** атты монографиясында халықаралық типтегі мектептердің білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негіздерін ғылыми түрде жасаудың қорытындылары баяндалған, атап айтқанда:



ұлттық және халықаралық білім беру жүйелерін үндестіретін халықаралық типтегі мектептің «жаңашыл – бейімді білім беру моделдерінің» құрылымы мен мазмұны анықталған; халықаралық типтегі мектептерді басқарудың стратегиялық-оперативтік моделі жасалған; аталған мектептерге арналған сапа менеджментінің моделі енгізілген; халықаралық типтегі мектеп оқушысының (ХТМ) «интеллектуалық-креативтік моделі» түрінде басты компетенциялары (конвергенттік, дедуктивті-вариативтік, конструктивтік, дивергенттік, интермәдени-коммуникативтік) мен субкомпетенциялардың құрамы мен бірге құрылған компонентті білім берудің бір тұтас үлгісі жасалған және сынақтан өткізілген; кәсіптік бағдарламалар жүйесі және төрт кәсіптік бағдарламаны модельдеу негізінде оқушылардың кәсіптік дайындығын басқару технологиясы ұсынылған; халықаралық типтегі мектептің оқушыларына арналған «кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі анықтауды» қалыптастырудың әдістемесі мен ұстанымдары ұсынылған және «кәсіби дамудың траекторияларының» моделі берілген; педагог мамандары ХТМ-ға арнай қайта дайындаудың жүйелі тармағы сипатталған; стратегиялық-оперативтік басқаруға түзетулер жасау үшін бұл жұмыста «Стратегияның контролин мен коррекциясының бағдарламалық-жүзеге асырушы тетігі» ұсынылған; компетентті білім берудің мониторингін өткізу технологиясы және де осы ұсынылған технология бойынша өткізілген ХТМ-дағы оқу нәтижелері мониторингінің деректері келтіріп, тағы басқа мәселелері кеңінен қамтылған [11].

**Ғ.З. Әділғазиннің «Педагогические основы подготовки учителя к управлению процессом обучения в малокомплектной школе»** атты монографиясы кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен әдебиеттер тізімінен тұрады [12].

Бірінші «Шағын жинақы мектепте оқыту үрдісін басқаруға мұғалімді дайындаудың теориялық негіздері» атты тарауында шағын жинақы мектепте оқыту үрдісін басқаруға мұғалімнің даярлығын қалыптастыру проблемасының әлеуметтік-педагогикалық аспектісі, пәнаралық байланысты жүзеге асыру мектепте оқыту үрдісін басқарудың тиімді жолдарының бірі екені, шағын жинақы мектепте оқыту үрдісін басқаруға мұғалімнің даярлық моделі сөз болған.

«Шағын жинақы мектепте оқыту үрдісін басқаруға мұғалімнің даярлығын қалыптастыру тәжірибесі» атты екінші тарауында шағын жинақы мектепте оқу үрдісін басқаруға мұғалімдер мен жоғары оқу орнын бітірушілердің даярлығын қалыптастырудың жайы, сол мектепте оқыту үрдісін басқаруға мұғалімнің даярлығын қалыптастыруда жоғары оқу орны педагогикалық үрдісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, мектептегі сол үрдісті басқаруға мұғалімнің даярлығын қалыптастыру бойынша жоғары оқу орнындағы жұмыс жүйесі және аталған мектептің оқыту үрдісін басқаруға мұғалімнің даярлығын қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері мен талдауы сандық және сапалық көрсеткіштер арқылы дәлелденген.

**Т.М. Баймолдаевтың «Педагогический менеджмент и современное управление школой»** монография кіріспеден, екі тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады [13].

Бірінші «Мектепті басқарудағы менеджменттің теориялық негіздері» атты тарауда менеджменттің қалыптасуы ғылыми теория екені, менеджмент негізінде мектепті басқарудың ұстанымдары және мектеп менеджментінің жүйелі-құзырлы нобайы теориялық тұрғыда негізделген. Ал екінші тарау «Мектепшілік басқару жүйесіне менеджменттің сыналуды және ендірілуі бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс» деп аталып, онда педагогикалық практика мектепшілік басқару жайының диагностикасы, мектепшілік басқарудың дәстүрлі және мектептің практикалық қызметіне менеджментті ендірудің тиімділігі анықталынған.

**З.М. Садуақасованың «Педагогический менеджмент»** атты оқу құралы педагогикалық менеджменттің тұжырымдамалық негіздері, теориясы мен практикасы ашылып көрсетілген еңбек [14].

Оқу құралының «Басқару функциясы ұғымы» тарауында мектепшілік басқарудың педагогикалық талдауы, жоспарлау, шешім қабылдау, ұйымдастыру, өзінің құқығын пайдалану, мотивтеу, педагогикалық бақылау, мониторинг және маркетинг ұғымдарына жан-жақты сипаттама берілген.

**Н.Әлқожаеваның «Педагогикалық менеджмент»** атты оқу құралы алғы сөзден, екі модульден, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұратын және Қазақстанда педагогикалық менеджменттен алғаш жарық көрген еңбек [15].

Оқу құралының бірінші модулі «Педагогикалық менеджменттің теориялық негіздері» деп аталып, онда ғылыми теория ретінде менеджменттің қалыптасуы, мектеп менеджері іс-әрекетінің теориялық негіздері, менеджменттің негізінде мектепті басқару кең тұрғыда сөз болған.

Екінші «Білім сапасын басқару» модулінде педагогикалық мектепшілік басқару сапасы және педагогикалық үрдісті диагностикалау, басқарудың тәжірибелік негіздері мен басқару философиясы, мектептегі білім бері үрдісін басқарудың технологиясын құрастырудың негіздері және мектептің тәжірибелік іс-әрекетіне менеджментті ендірудің тиімділігі қарастырылған.

**Т.В. Панышина мен Ж.Ж. Айтпаеваның «Педагогикалық менеджмент»** атты оқулығы кіріспеден, екі тараудан, әдебиеттер тізімінен тұрады [16].

Бірінші тарау «Менеджмент: теориялық негіздері және білім мекемелерінде іске асыру тәжірибесі» деп аталып, онда білім мен басқару жетілдіру факторы ретінде білім жүйесінің заманауи жағдайы мен даму келешегі, менеджмент және педагогикалық менеджмент, олардың негізгі түсініктері, менеджменттің ғылыми теория ретінде қалыптасуы мен негізгі функциялары, білім сапасы және педагогикалық менеджментте білім сапасының мониторингісі қарастырылған.

Екінші «Білім беру мекемесіндегі басқару субъектілері» атты тарауда мектеп менеджментінің қызметі және мектепті басқару, педагог оқу-тәрбие үдерісінің менеджері ретінде, білім алушылар оқу қызмет пен басқару субъектісі екендігі, шиеленістер және білім беру мекемелерін басқару, басқару еңбегінің этикасы және мекемедегі корпоративтік мәдениет, сондай-ақ білім беру мекемесіндегі менеджменттің тиімділігін диагностикалау мәселелеріне сипаттамалар берілген.

**К.А. Жүсіпованың «Менеджмент в сфере высшего образования»** атты монографиясында жоғары оқу орындарын басқару саласына байланысты мәселелер талданылған тұңғыш еңбек [17].

«Қазіргі жағдайларда жоғары оқу орындарын басқарудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда жоғары оқу орындарын басқару теориялық және педагогикалық проблема екені және оны басқарудың ғылыми негіздері теориялық тұрғыда зерттелген.

Екінші тарауда «ЖОО-дағы педагогикалық менеджмент» деп аталып, онда педагогикалық менеджменттегі білім сапасын басқару, білім берудегі менеджменттің негізгі принциптері, функциялары мен әдістері қарастырылған.

«ЖОО-да білім беру сапасын басқару жүйесін зерттеу» атты үшінші тарауда жоғары оқу орындарындағы білім беруді басқару жүйесін моделдеу мәселелері, білімділік үрдістің сапасын басқару, ЖОО-ның сапа менеджменті жүйесінің және ішкі аудиттің өзара әсерлесу үрдісі көрсетілген.

Төртінші тарауда оқытушылардың кәсіби еңбегін бағалау және олардың кәсіби рейтингісін бағалау әдістемесі жасалынып, олардың нәтижелері анықталған.

**З.А. Исаеваның «Подготовка менеджеров образования в высшей школе»** атты монографиясы жоғары мектепте білім беру менеджерлерін дайындаудың теориялық-әдіснамалық негіздері ашылған тұңғыш еңбек [18]. Ол кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

«Басқарушылық-педагогикалық қызметке білім менеджерлерін дайындаудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде білім менеджерлерін дайындау, оларды шетелдік және отандық жоғары мектептерде дайындаудың тұжырымдамалық негіздері мен тәжірибесі және білім менеджерлерін дайындау моделіне құзырлылық тұрғыда қарау мәселесі сөз болған.

Екінші «Классикалық университеттің құрылымында білім менеджерлерін дайындаудың педагогикалық технологиясы» атты бөлімде басқарушылық-педагогикалық қызметке білім менеджерлерін тұтастай дайындауды модельдеу, білім менеджерлерін университеттік көпдеңгейлі дайындау мазмұны және университет жағдайларында білім менеджерлерін дайындау тұжырымдамасын жүзеге асырудың педагогикалық шарттары жасалынған.

Сонымен, қазақ ғалым-педагогтары педагогикалық менеджмент ғылымы саласында бірқатар зерттеулер жүргізіп, оның даму барысына өз үлестерін қосуда екен. Қазіргі кезде болашақ мұғалімдерді кәсіби-педагогикалық дайындауда педагогиканың мектептану бөлімі педагогика менеджмент оқу пәні болып оқытылуда.

1. Каракулов К.Ж. Педагогика управления. Учебник. – Шымкент: Нұрлы Бейне, 2000. – 187 с.
2. Қаржаубаев А. Қазақ ұлттық мектебін басқарудың кейбір мәселелері. Монография. – Алматы: Комплекс, 2000. – 112 б.
3. Каракулов К.Ж. Школоведение. Учебник. – Алматы: Ғылым, 2005. – 195 с.
4. Каракулов К.Ж. Педагогический менеджмент и управление школой. Учебник. – Шымкент: Нұрлы Бейне, 2006. – 200 с.
5. Баймолдаев Т.М. Мектеп басқару. Оқу құралы. – Алматы, 2007. – 257 б.
6. Қаржаубаев А. Мектепшілік бақылау және оқу қызметі мен білім сапасын басқару. Оқу құралы. – Атырау: ИП «Алдоңғаров Ж.К.», 2011. – 270 б.
7. Валиева М. Мектеп қызметін басқару, бақылау жолдары. Әдістемелік нұсқау. – Алматы: ОМҚДИ, 2010. – 142 б.
8. Шаймерденов Т. Мектеп басқаруды жетілдіру. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 1991.
9. Караев Ж.А., Шахгулари В.В., Иманбаева С.Т. Основы школоведения. Учебное пособие. – Алматы: КазГосЖенПИ, 2006. – 266 с.
10. Луқпанов Ф. Мектепті басқаруды мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 1993.

11. Құлыбаева Д.Н. Халықаралық типтегі мектептердің білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негіздері. Монография. – Алматы, 2010. – 429 б.
12. Адильгазин Г.З. Педагогические основы подготовки учителя к управлению процессом обучения в малокомплектной школе. Монография. – Усть-Каменогорск: ВКТУ, 1997. – 180 с.
13. Баймолдаев Т.М. Педагогический менеджмент и современное управление школой. Монография. – Алматы: Ғылым, 2001. – 136 с.
14. Садвакасова З.М. Педагогический менеджмент. Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2011-134 с.
15. Әлқожаева Н. Педагогикалық менеджмент. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 68 б.
16. Панышина Т.В., Айтпаева Ж.Ж. Педагогикалық менеджмент. Оқулық. – Алматы, 2012. – 248 б.
17. Жусупова К.А. Менеджмент в сфере высшего образования. Монография. – Алматы, 2004. – 250 с.
18. Исаева З.А. Подготовка менеджеров образования в высшей школе. Монография – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 135 с.

## ҚАЗАҚ ТАҒЫЛЫМДАРЫ – БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ

А.Е. Манкеш – п.ғ.д. проф., Абай атындағы ҚазҰПУ,

Н.Б. Байысбаева – педагогика-психология мамандығының I курс магистранты, Абай ат. ҚазҰПУ

### Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы экологического воспитания детей. Мы считаем, что экологическое воспитание – самое важное в наше время. Формирование у детей ответственного отношения к природе – сложный и длительный процесс. Его результатом должно быть не только овладение определенными знаниями и умениями, а развитие эмоциональной отзывчивости, умение и желание активно защищать, улучшать, облагораживать природную среду. Ученики, получившие определенные экологические представления, будут бережнее относиться к природе. В будущем это может повлиять на оздоровление экологической обстановки в нашей стране. Экологическое воспитание представляет собой целенаправленное воздействие на духовное развитие детей и подростков, но формирование у них ценностных установок, особой морали взаимоотношений с окружающей средой, тем самым оно делает акцент на эмоциональной, а не на рациональной стороне взаимоотношений. В статье рассматриваются как учителя должны формировать экологическую компетентность у учеников начальных классов с помощью пословиц, крылатых выражений и поверь. Приведены примеры упражнений на уроках для развития экологического воспитания у учеников начальных классов.

### Summary

This article is about the problems of ecological education of children. Mankind history is inseparably linked with nature history. At the present stage questions of its traditional interaction with the person has grown in a global environmental problem. If people don't learn to make thrifty use of the nature in the near future, they will ruin themselves. For this purpose it is necessary to cultivate ecological culture and responsibility. And it is necessary to begin ecological education with younger school age as at this time the acquired knowledge can be transformed to strong belief further. We consider that ecological education is the most important today. Formation of the responsible relation to the nature at children is difficult and long process. Its result has to be not only mastering by certain knowledge and abilities, and also development of emotional responsiveness, ability and desire to protect actively, improve environment. The pupils, who have received certain ecological notions, will treat the nature more carefully. In the future it can effect on improvement of an ecological situation in our country. Ecological education represents purposeful impact on spiritual development of children and teenagers, but formation at them valuable installations, special morals of relationship with environment; thereby it places emphasis on emotional, instead of on the rational party of relationship. The article says how teachers have to form ecological competence of pupils at primary school by means of proverbs, popular expressions and believes. It gives some examples of exercises at lessons for development of ecological education of pupils at primary school.

Ұрпақ тәрбиесі мемлекеттің келешегін берік ететін басты фактор болғандықтан, адамзат баласы қай заманда болмасын саналы ұрпақ тәрбиелеу ісіне ерекше назар аударып келеді. Бұл әсіресе буыны қатпаған кішкентай бүлдіршіндер мен бастауыш сыныптарының оқушыларына қатысы айрықша. Себебі дәл бастауыш сынып оқушысы жұмсақ мақтадай тамшымен тамған әрбір үлгілі іс пен үлкендердің үгіт-насихаттарын тез бойына сіңіретін, көңілшілік қасиетімен ерекше адамның жас кезеңінің бірі болып табылады. Бірақ бүгінгі күні ХХІ ғасырдағы тасқындаған толассыз ақпараттар, қоғамдағы күрделі өзгерістер аясында өмір сүріп жатқан жас ұрпақты тәрбиелеудің күрмеуі қиын екені анық. Ғаламдану өріс алған қазіргі заманның тәрбие жүйесіне ұлттық тәрбиені дарыту одан да өзекті болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтап, уақыт тізгінен өткен тәрбие тәжірибесінің ауқымды бір саласын ұлттық тағылымдар жүйесі құрайды. Халық ауыз шығармашылығына мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, шешендік сөздер, ырымдар мен тыйымдар т.б. тағылымдық сөздер жанрына жатады.

Бірақ, аталған жанрлардың ішінен мақал-мәтелдердің бастауыш сынып оқушылардың ақыл-ойын дамыту мен тәрбиелеуде ролі ерекше болғандықтан оған жеке тоқталуды жөн көріп отырмыз. Мақал-мәтелдердің тағылымдық мәні зор сөздер ретінде халық ауыз әдебиетінде алатын орны ерекше. Олардың басым көпшілігі адамның қоғамдық және табиғи құбылыстарына көрсететін мінез-құлықты бақылау негізінде туылған. Ал, кейбіреулері тарихи оқиғалармен байланысты шығып, қазақ әдебиетінің классикалық шығармаларында орын алып сөздік қорға енген. Мақал-мәтелдерде халықтың тұрмыстық ақылдылығы мен даналығы бекітілген. Көптеген ғасырлардан кейін кейбір нақыл сөздер ескірді, ұмытылды, түсініксіз болып кетті. Бірақ та білікті таңдалған мақал-мәтелдер ойды орынды жеткізудің кепілі. Ал, сөйлеудің дәлелді, түсінікті тірі етудің басты құралы [1].

Мақал-мәтелдерді тиімді пайдалану көптеген кемшіліктерді түсініп, қателіктерді түзетуге жол береді. Мақалдың ойға орынды жеткізілуі қайырымдылықты жойып, қамқорлықтың жоғарылауына мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдердің мәнді болуы дәлелдеудің жақсы құралы. Мақал-мәтелдерді жаттау оқушының сөз қорының көбеюіне, мәнерлі етіп баяндауға, сөзді ұтымды әрі өткір пайдалана білуге үйретеді т.б. Ал, бұл оның ақыл-ойын дамытудың алғышарттарының бірі. Аталған жағдай поэзия даналықтың сақталуы мен таралуына, танымдық іс-әрекеттердің дамуына, мінез-құлықты түзетуге және ойды қозғаудың формасы ретінде тұр.

Я.А. Коменскийдің анықтамасында «Мақал-мәтелдер қысқа әрі оңтайлы айтылған ой. Онда басқа нәрсе айтылып, бөгде нәрсені мағыналайды. Яғни сөздер кейбір сыртқы денелер, таныс заттар жайлы айтып, басқа ішкі, рухани, таңсық дүниені тұспалдайды» деп жазылған [2, 128 б.].

Мақал – өмірдің барлық жағдайын бейнелейтін халықтың қоғамдық пікірі. Тұлғаның жағымды және жағымсыз қасиеттерін мақал-мәтел арқылы бейнеленеді де, тәрбиелеу мен қайта тәрбиелеудің құралы және ол адамның жүріс-тұрысын жақсартудың бірден бір жолы.

Мақал-мәтел ұқсағанымен оның атқаратын қызметі мен баяндалуы жағынан ерекшеленеді. Әдетте мәтел мақалдан өзінің нақты тақырыбымен және ұқсас құбылыстарды сәйкестендіру үшін қызмет етуімен ерекшеленеді [3].

Мақал-мәтелдер біздің сөйлеу мәдениетімізді жоғарылатып, оны мәнді әрі мәнерлі етеді. Сондықтан оқушыны мақал-мәтелге баулу оның сөз қорын көбейтуге, ырғағының дұрыс болуына, қиялы мен ақыл-ойының ұшқырлығын дамытуда тиімді құрал. Себебі оқушы мақал-мәтел сөйлеген сөзінде дұрыс пайдалану үшін сол оқиғаны тез әрі дұрыс бағалауға, салыстырып, талдауға оны сәйкестендіріп біткеннен соң ғана өзінің пікірін айтуға үйренеді. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларында экологиялық сананы қалыптастыруда сабақ барысында тағылымдық сөздерді пайдаланудың маңызы ерекше. Оны әдетте жаратылыстану-математикалық пәндерді жүргізу барысында пайдаланған орынды деп ойлаймыз. Мысалы, дүниетану пәнін оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларына халқымыздың табиғатты аялап, оның қыр-сыры толы қызықтарын көре білген табиғат заңдылықтары мен оның сиқырлы сырларын да жақсы білгені туралы түсіндіре отырып, «Ай қорланса, аяғыңды сайла, күн қорланса, күрегіңді сайла» деп, күн райының құбылуын ай бетіне, күн жүзіне, жұлдыздарға қарап болжағанын, ай шалқайып туса, «өзіне жайлы, шаруаға жайсыз» деп, ол айда жауын шашын мен жел-желемік, құбылмалы ауа-райы болатынын біліп, білгіштік болжамды өмірге, тұрмыс тіршілікке пайдалана білгені туралы тағылымдық сөздерді қолдану арқылы насихаттауға болады. Тіпті, «Аю оң ойланса, көктем жылы болады», «Түнде жұлдыз жиі көрінсе, күндіз ашық болады», «Жатқанға дейін үркер жамбасқа келсе, жаз шықпағанда несі қалды» деп көктемнің келуіне байланысты ауа-райының құбылыстарын айыра біліп, күн райын күні бұрын болжап, жыл мезгілдерінің кезеңдерін кемеңгерлікпен айқындап, жақсылыққа жадырап, әсем табиғатты әдеппен қорғағандығы туралы түсіндіруге де болады. Сондай-ақ, «Бұлақ көрсең көзін аш», «Жол үстінде тас жатса алып таста», «Гүлді жұлма», «Ағашты жастай қырықпа», «Судың да сұрауы бар», «Артында мал қалғанша тал қалсын», «Жеті күн жауған жаңбырдан желіп өткен су артық», «Бір тал кессең он тал ек» т.б. тыйымдар мен мәтелдер табиғатқа байланысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрдің ертеден қалыптасқандығын айтып оны өмір де де қағида ретінде ұстануларын ескерту. Сонымен бірге тек дүниетану пәнінде ғана емес, ән-күй сабағының барысында халық арасында туған жер туралы өнер адамдарының тағылымы мол әндері мен күйлерін тыңдату арқылы оқушыларды туған жерді аялай біліп, ардақтай сүйеге тәрбиелейді. Құрманғазы атамның «Сарыарқа», «Алатау», Тәттімбет атамның «Саржайлау» күйлері туған жеріміздің тамаша табиғатын көз алдымыздан өткізіп, әдемі әсерлендіріп, жанымызды жадыратады.

Мектептегі экологиялық тәрбие беруде тағылымдық тәрбиесі мол халық ырым-тиым сөздерін пайдалану ерекше маңызға ие. Халық ырым-тиымдары бұл табиғат құбылыстарын тек констациялап, белгілеп қана қоймай, олардың дамуын болжап отырған. Тәрбиеге себепші күштер: табиғат, еңбек, тұрмыс, салт-дәстүр, өнеркәсіптер, дін, ана тілі, ұлттық ойындарды жастарға кеңінен насихаттаған. Мәселен, қазақтың

қариялары ай жаңа туғанда оған қарап тағзым етеді. Содан соң қолын көтере, алақанын жайып: «Ай көрдік, аман көрдік. Бақытты байлық заман көрдік. Аmandықпен осынша жасқа келдік. Ескі айда есірке-дің! Жаңа айда – жарылқа!» – деп бетін сипап, тілек етеді. Үлкендер: «Көкте тәңір бар, жерде әулие бар» – деп балалардың аяғын аспанға көтертпейді. Жазда алғаш жаңбыр жауса: «Дерт-дербезеден басымды аман сақта», деп, жалаңбастанып, жаңбырға басын төсейді. Күн күркіресе: «Ұлудың сайтан, ұрған шыбыртқысының дауысы», – дейді. Ал, ислам дінін уағыздаушыларша: «Күркіреген дауыс – Рағат дейтін көктегі періштенің үні». «Алланың жаудыраған жаңбырын жерге түсірмеймін деп, қанатын төсеген сайтандарды ол шыбыртқымен сабайды екен. Жалт-жұлт еткен найзағайдың оты-шыбыртқының сайтандарды ұрған көрінісі», – деп түсіндіреді [4, 45 б.].

Жазғытұрым найзағай алғаш күркірегенде: «Алла ырыздығымызды молынан бер. Малымыздың желінен сау, сүтін молынан қыл» – деп шөмішпен айран алып шығып оны босағаға төгіп және үйдің жабығына жағады. Ақ сүт ең қасиетті, әрі киелі тағам саналады. Қазақ біреуді ұшықтаса да отқа ақ тамызады. Үйге кірген жыланды ақ құйып айдап шығу да киелі деген ұғымнан туған. От құдайдың адамға жіберген сыйы деп түсінген ертедегі ата-бабамыз оны да қастерлеп, киелі санаған. Жаңа түскен келін үлкен үйдің босағасын сәлем беріп аттағанда, алдымен отқа май салады. Келіннің үлкендерге әкелген сыйлығын «отқа салар» деп атайды.

«...Жазға салым бие байлап қымыз ашытқанда қазақтар киіз үйінен шығып келе жатқан күнге қарап, алғашқы қымызды соған қарай шашады. Көгеріп тұрған шөпті таптауды, жұлуды құдайға қарсылық әрекет деп білген» [4, 46 б.].

Табиғаттың қыры мен сырына ерекше назар аударған, одан тағылым алған халық емшілері жануарлардың емдік қасиеттерін де байқап тәжірибеде қолданған. Мысалы, күйкентайдың ұясын, борсықтың терісі мен майын – өкпе ауруларына, иттің жүнін құлғана ауруына, құрбақаны «ақауыз» деп аталатын жараға ем ретінде қолданған.

Бүгінде тағылымы мол дүниелерді бастауыш сынып оқушыларының бойына дарыту мақсатында сабақтардың қысқаша мазмұнына тоқталған ұрыс деп ойлаймыз. Мәселені өз дәрежесінде дұрыс шешу үшін мына әдістемелік нұсқауға назар аударуды ұсынамыз.

Қазақта «Ер туған жерінде, ит тойған жерінде» деген мақал бар. Әрбір адамның туған жері – бәрінен де қымбатты. Өйткені, ол сол жердің топырағында өсіп суын ішіп, ауасымен тыныстады, табиғатымен біте қайнасып, адам болып қалыптасты. Сондықтан да әрбір адам туған жерін қорғайды, аялайды, күтеді, қастерлейді.

Аялы туған жеріміздегі жайнаған гүлдер, жайқалған шалғындар, теңіздей телегей ормандар, сылдыраған бұлақтар, керіліп жатқан кең дала, аспанмен тірескен ақ басты таулар, жарық ай, жарқыраған жұлдыздар, көк мөлдір аспан күлімдеген Күн-ана – өміріміздің тірегі, қызығы рақаты. Туған жердің әрбір тасына дейін қасиетті, киелі, әулие. Сондықтан сол құдіретті мекенімізді сүйе білу және болашақ өскелең ұрпақты оны сүйіп, қастерлеуге үйрету бүгінгі ұстаздар қауымы мен қоғамның, барша азаматтардың міндеті.

Туған жерімізде «әулие ағаш», «әулие бұлақ», «әулие көл», «хан тәңірі» «сұлу төр», «бесік тау» деген қасиетті тағылымдық атаулар бар. Атынан көрініп тұрғандай, бұл әулие әрі киелі жаратылысқа дақ түсірмей, аялап күтіп, ардақтап сақтау – әрбір адамның перзенттік борышы. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына: «Туған елім – Қазақстан» атты тақырыпта мазмұндама жазып, аталған мәселеге қатысты өздерінің қоршаған ортаға жасаған қамқорлықтарын бірауыз мақал-мәтел арқылы немесе қанатты сөздерді пайдалану арқылы тілге тиек ету ұсынамыз. Мұндай жұмыс оқушылардың Отан, туған жерге деген сүйіспеншілігін, патриотизмдік қасиеттерінің қалыптасуына өз септігін тигізіп қана қоймай, ойлау қабілеттерінің белсенді болуына ықпал етеді.

Тағылымдық сөздермен жұмыс жасау бізге тақырыпты оқумен қатар дидактикалық тапсырмаларды шешуді де үйретіп, табиғатты аялауға баулиды. Мәселен, «Бұлбұлға алтын тордан қу бұтақ қымбат» деген мақалдың мағынасын талдау. Сонымен қатар оқушылар мынандай сұрақтарға жауап береді:

Бұл мақалды қандай өмірлік жағдайларда пайдалануға болады?

Мақал адамның қандай қасиеттерін мензеп тұр?

Тура мағынасында бұлбұлға қу бұтақтың алтыннан артықшылығы жөнінде толық айтқызу.

Бұл мақал сізді неге үйретті?

Дүниетану сабағында бастауыш сынып оқушылары «Құстар қайда қыстайды?» тақырыбын жүргізу барысында оқушыларға құстардың адамға пайдасы, қандай жыл құстарын білетіндігі жөнінде жарыс-ойын жүргізу.

Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие беру жолында мынандай жаттығулар түрін пайдалануға болады

1. «Артық мақалды тап».

Мақсаты: мақалдың мағынасын түсіну, ортақтастығын және айырмашылығын тап. Сонымен қатар табиғат құбылыстарын түсіндіруге тырыс.

*Айды етегіңмен жаба алмассың.*

*Еменді құлатқан дауылға,*

*Қамыс төтеп береді*

*Жазда жатқан,*

*Қыста аштан қатқан.*

*Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды.*

*Наурыз айы: түске дейін мүйіз,*

*Түстен кейін киіз.*

*Көкті бұлт торламаса,*

*Күнді біз сүймес едік.*

*Күн тұрғанда ай көрінбес.*

*Уақыт – ұлы емші.*

*Ықтағы от лаулай жанады.*

*От пен су тіссіз жау [5].*

Бастауыш сынып оқушыларының сыныптарында гүл өсіру, табиғат мүйісін ұйымдастыру, мал, құс өсіріп, еңбектеніп, қызығын көру әрбір жастың ықыласты іс-әрекеті болып қалыптасуға тиіс. Мектептегі бұл жұмыстарды жүзеге асыру арқылы экологиялық тәрбиеге баулуға жол ашамыз.

Қорыта келгенде, білім беруді қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымының, мәдени құндылықтарынан, ұлттық дәстүр, рухани негізден бөле-жара қарауға болмайды. Қазақы тағылымдық сөздер тәрбиенің басты құрал екенін тағы да баса айтқымыз келеді. Сонымен бірге жас ұрпақты халқымыздың рухани байлығымен және қазіргі замандық біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың бойына жаңа сапалы дағдылар мен икемділіктерді тағылымдық мәні бар халықтық мұрасыз дарыту мүмкін емес екендігін ескертіміз келеді. Сонымен бірге табиғатты қорғаушылар клубтары мен үйірмелері жер-ана жүзіндегі жеткілікті қызықтардың рақатын көруге әрбір оқушыны бейімдей білетіндей болуы қажет. Ата-бабамыздың аялап келген керметтерін жас ұрпақ санасына әдемі сөзбен әрлеп жеткізіп, бар туған жердің топырағын тынайтып, суын тұнықтап, өсімдігін өркендету – әрбір адамның қастерлі борышы деп білеміз.

1. Тайжанов А. Тағылымды танымдар. – Орал, 2007 ж.

2. Беркімбаева Ш.К., Қалиев С. «Қазақ тәлімінің тарихы» – А., 2005 ж.

3. Табылдиев Ә. Тағылым. – А.: Рауан, 1995 ж.

4. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» – А.: Рауан, 1994 ж.

5. Ақ сандық, көк сандық – А.: «Жалын», 1988.

## ТҮРКІЛІК ЭТНОМӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕР АРҚЫЛЫ ЖАСТАРҒА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**А.Қ. Дүйсенбаев** – п.ғ.к., доцент, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының филиалы, Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты

### Түйін

Аталған мақалада түркілік этномәдени дәстүрлер негізінде жастарға адамгершілік тәрбие беру туралы проблемалары қарастырылады. Түркі халықтарының тәлімдік мұралары – арнайы ғылыми зерттеуге бағытталған мазмұны кең, мағынасы зор тарихи сабақтастықтағы тәрбие құралы болып табылады. Автор байырғы түркілердің жастардың бойында адамгершілік тәрбиені қалыптастыру мәселелеріне талдау жасайды.

### Резюме

В данной статье рассматриваются проблема нравственного воспитания молодежи на основе тюркских этнокультурных традиций. Назидательные наследия тюркских народов, направленные на специальное исследование в исторической преемственности являются средством воспитания широкого содержания и глубокого смысла. Автор анализирует вопросы формирования нравственного воспитания молодежи в наследиях тюркских народов.

### Summary

This article deals with the problem of moral education of youth by Turkic ethnic and cultural traditions. Edifying heritage of Turkic peoples, aimed at a special study in the historic continuity of a means of education and broad content of deep meaning. The author analyzes the problems of forming the moral education of young people in the heritage of the Turkic peoples.

Қазіргі кезде түркі мемлекеттерінде экономикалық өрлеу мен рухани жаңару тарихилық пен логикалықтың бірлігіне негізделген дамуға алып келіп отырған тұста рухани мәдениет саласының да байыпты ілгерілеп келе жатқанын аңғарамыз. Сондықтан қоғамның рухани саласындағы онды өзгерістер өркениеттік ғылым саласы үшін маңызды және ол мәдениет дамуының жетекші буынына айналып отыр. Оны саралау әдеби, тарихи, философиялық тұрғыдан зерттелген түркі халықтарының тәлімдік мұраларын педагогикалық тұрғыдан арнайы зерттеуді қажет етеді. Түркі халықтарының тәлімдік мұраларын этнопедагогика тұрғысынан сараптай отыра жан-жақты зерделеу заман талабынан туындап отыр.

**Сонымен қатар бүгінде елімізде мәдени мұра бағдарламасына сәйкес өткенімізді байыптап, тарихымызды таразылауда түркі халықтарының тәлімдік рухани-адамгершілік мұралары туралы еңбектердің де өзіндік орны бар. Түркі халықтарының рухани-адамгершілік мұраларын ғылыми тұрғыдан зерделеу арқылы педагогика мен этнопедагогика тарихындағы орнын айқындап, рухани мұраларын бүгінгі және келер ұрпаққа насихаттап, қазіргі түркі жастарын этникалық тәлім-тәрбиеге, сенімге, адамгершілікке, нарықтық қоғамдағы өз орнын айқындауға, дәстүр мен жаңашылдық диалектикасы бойынша өмірлік позициясын айқындауына т.б. септігін тигізеді. Бұл мұралар «өткеннен үлгі – бүгінгінің тәрбиелік ережесі» болып саналатын мәңгілік канондардың биік нышаны ретінде қоғамымыздың жан-жақты дамуындағы жеке тұлғалықты дәйекті қалыптастыруда да аса құнды мәліметтер береді, тарихи сабақтастықты айқындау мен құру үшін түркілік тәрбиенің мәдени орнын айқындап, рухани-адамгершілік тәлім-тәрбиеге негізделген тұлға қалыптастыруда т.б. берер габитаты мол идеялар болғандықтан, тиімді тәрбие құралы болып табылады.**

Бүгінгі таңдағы қоғамдық үрдісте ізгілік пен руханилыққа бетбұрыс, оқу-тәрбие жұмыстарындағы жастарды адамгершілікке баулу ісі әлдебір рухани туындыдан жан-жақты, сан-салалы өнегелілікті күтеді, өткеннен, көне замандардан арнайы ата-баба жолдауын тосады, тарихилық қағидаларына сүйенеді. Осыған сәйкес рухани құндылықтар ата-бабаларымыз қалдырып кеткен тәрбиелік, адамгершілік жайлы мирастары ғылыммен, технологиямен жасандырылып, үнемі жаңарып, өмірге бейімделіп отырғанда ғана егеменді еліміздің еңсесі биік, бағыты тұрақты тұғыр болатындығын тұжырымдаған ой-пікір де осының дәлелі. Түркілер ұлағатты сөздерге ерекше мән берген. Ол туралы профессор Қ.Б. Жарықбаев: «Ұлағатты сөздер атадан балаға сонау ерте замандардан бері айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа сұрыпталып, беріліп келеді. Ұлағатты сөздер қысқа да нұсқа, бейнелі, мағынасы терең болып келеді», – деп келтіреді [1, 3].

Түркі халықтарының тәлімдік туындыларында бүгінгі заманның да перзенттері үшін алар үлгі мол – оның мұрағаттарындағы жан-жақты тәрбиелілік салаларды, көпқырлылығын ескерсек, рухани дүниеміздің байитын әрі толығатын тұстарын таба білуге болады, оның тәлімгерлік дәстүрлерінің әлемдік педагогикамен де бәсекелесе алатындығын және төлтума идеяларымен ерекшеленетінін бағалап, осындай халықтық мол мұраларды назардан тыс қалдырмаудың қажеттілігі артады. Қазақ халқының этномәдени-тарихи дамуындағы белестерде ғұндар мен сақтардың сар даласы, түркілердің киелі жайылма жұрты, Дешті-Қыпшақтың қастерлі топырағы ата-бабасының қаны тамған жерлерін сақтау мен қорғау, оны келер ұрпаққа табыстау дәстүрінің мыңдаған жылдар бойғы мұрагерлігі туған жерінің рухы үшін онымен ерекше үйлесімділікті, оған деген сүйіспеншілікті үнемі қажет етіп отырды. Дәстүрлі тәрбие құралдарындағы ерлік пен елдік, батырлық пен жаугершілік, намыс пен жігер, борыш пен ант т.б. этникалық ұғымдардың әйгіленуі мен көрнекіленуі – сол отаншылдық сезімнің шарттары болатын. Түркі халықтарының мәдени мұраларындағы жаугершілік шабуылшыл соғыстар зұлымдық емес, ел қорғау мен ұлтжандылық сезімді жігерлендіретін, ұрпаққа өткеннен елес беретін, рухтандыратын даланың мәңгілік сарыны сыңайын танытады. Мұның классикалық үлгісі ретінде – батырлық жырларын, дала эпостарын, көне ерлікке баулитын мифтерді көрсетуге болады. «Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз» деп ұлтымыздың тарихының өн бойына сіңірілген отаншылдық феноменін ерекше атауға болады [2, 52].

Түркі халықтарының мәдени-тарихи дамуы ел мен жерді қастерлеген этнос менталитетінің басты асқақ құндылығы болғаны белгілі. Бұл түркілердің де арғы ата-бабалары ғұндар дәуірінен жалғасқан мирасқорлық, табиғи талант болып табылады. Мәселен, ғұндар заманындағы Мүде хан тұсындағы Қытаймен бітімгершілікте Мүденің мініс атынан, әйелінен айрылса да, жер сұраған қытайлықтармен келісімге келе алмай жорыққа шығуы да көне замандардағы отансүйгіштіктің лебі болып табылады. Түркілік тәрбиедегі мұндай отансүйгіштік идеялар осылай тамырын тереңнен тартып, шынайы өз күшінде сақталып, кейінгі ұрпақтарына мирасқорлық жолмен жеткен. «Бағдарлай зерттеп байқасақ, эпостық шығармаларда тәрбиенің алуан түрі бар. Дене шынықтыру тәрбиесі ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, рухани адамгершілік тәрбие, еңбек тәрбиесі – батырлық жырлардың табиғатындағы мақсатты мұрат – міне осылар», ал «эпос қоғамдық күресте, тәрбие жүйесінде қазақ

қоғамының рухани тіректерінің біріне айналып, тарихи материалды сақтап, ұрпаққа жеткізудің ерекше әдісі болып табылады», – делінген [3, 21].

Рухани-адамгершілік тәрбиенің тірегі – түркілік дәстүрдегі ізгілік қағидасы – бұл көне аңыздар мен жырлар, поэтикалық туындылар, мақал-мәтелдер мен салт-дәстүр, әдет-ғұрып т.б. рухани мәдениет құрылымдары арқылы практицизмге өтіп, іс-тәжірибе мен халық рухында, ұрпақтар санасында, этностық менталитетте қолдау тапқан тәрбиелік идеологиялардың басты әсерлі факторларының бірі болған.

Демек, түркі мәдениетінің биік этикалық талаптарында рухани құндылықтардың тірегі болып есептелетін қағидалардың орнығуының этностық элементтерде орны ерекше екенін білеміз. Адамгершілік, ізгілік, әділдік, қайырымдылық, әдептілік т.б. – этикалық категорияларды біріктіретін жалпы моральдық талаптар. Көнеден сақталып келе жатқан түркілердің дүниеге көзқарасында сан-салалы рухани салалардағы этикоцентризм – осы адамгершілік нормалары мен талаптарын мүлтіксіз сақтау мен міндеттеуге насихаттайды. Бұның б.з.д. VI ғасырларда пайда болған байырғы қазақ сахарасындағы Зорастризм сеніміндегі Ізгілік рухы – Ахура Мазда мен Зұлымдық рухы – Анхра Майнью арасындағы мәңгі күрес басты принцип болып, одан кейінгі ертегі мен аңыздардың көпшілігі осы жақсылық пен жамандықтың күресіне және жақсылықтың басымдықта жеңіп шығу сюжетіне құрылып, ұрпақ тәрбиесінде маңызды буын ретінде сабақтасып, түркі дүниесіндегі тәңіршілдік сенімдегі әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер жүйесінде де жалғасын табуы адамгершілік пен руханилыққа негізделген архетиптік негіздегі қоғамдық сананы қалыптастырды. Халық тағылымын зерделеуші М.Тілеужанов та осы жақсылық пен жамандық диалектикасын тәрбиелік негізде аша біледі: «Жаман ғадеттер болмаса, жақсы қылықта мағына болмас еді. Ол – өмір заңы», – деп келтіреді [4, 231].

Яғни моральдық сана қашанда асқақ адамгершілік мұраттар мен биік этикалық өлшемдерді сақтауды үнемі назарда ұстаған. Бұған қазақ мәдениетіндегі поэтика мен аңыздардың, сенім мен мифтің, сенім мен діннің, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрдің мән-мазмұнының қосар үлесі ерекше. Сондықтан аудиокөнектіктегі ұрпақтарын осындай халықтық үрдістерге ерекше көңіл бөлуге үндеген, «тыңдай білу» өнерін әмбебап қарым-қатынастың басты шартына айналдырған. Яғни түркі халықтарының тәлімдік рухани-адамгершілік мұралары өз дәуірінен бері жалғасқан ұрпақтар үшін руханилық пен адамгершілік функцияны басты назарда ұстаған. Ғалым зерттеуші Ф.Ақпанбек айтқандай: «Түркілік салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ойындар т.б. халықтың рухани сезімін, адамгершілік қасиетін, мінез-құлқын ғана қалыптастырып қоймай, дүниетанымын кеңейтіп, түрлі білімдер негізінен мағлұмат береді» [5, 3].

Демек салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың сан ғасырлар бойғы сақталған өміршендігі арқылы ондағы жүйелер сұрыпталып, толықтырылып, жүйеленіп отырылғандығын көреміз. Мәселен, қорқыттанушы А.Айдосов айтқандай: «Ас-той үстінде мүше беру ерте сақ заманынан бастау алған салт-дәстүр. Малдың басы мен жамбасын жасы үлкен құрметті адамға, құлақты отбасындағы кенже балаға, таңдайды шешен бол деп үлкен ұлға, көзді бойжеткен қызыңа қара деген ниетпен шешесіне береді». Бұл мүше бөлудің өзіндік жүйесі – үлкен ниетпен ізгі тілекті, әр түрлі арман мен аңсауды, сақтану мен қорғануды беретін бүгінгі күнге дейін жеткен күрделі құрылым. Яғни, ас жеудің өзінде де қазақ тарихында көнеден келе жатқан ғибраттық салт, тағылымдық ереже бары сөзсіз, «тамағың тоқта да дәстүрді ұмытпа, салтты бұзба, үнемі есінде сақта» деген ниеттегі ескерту тәрізді. Малдың әрбір мүшесінің өзіндік мәні бар, оны үлестіре білудің маңызы күшті, ишаралы түрде әрекетшілдікке бағыттайтын ұлағатты мұра [6, 37].

Бүгінгі замандағы «өнегелі», «тәрбие көрген» деген ұрпақтарға баға беру өлшемі де «байырғы қасиетті қазақы әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді бойына сіңірген, оны сақтай білген» деген мағынаны білдіреді, әрі «осындай болу керек» деген үлгіні ұсынады. Міне, осы түркі халықтарының тәлімдік рухани-адамгершілік мұраларды сақтап, жанданған, жүйеленген дәстүршілдік қағида ретінде сан мыңдаған жылдарға жолданған мызғымас қасиетті өлшемдер. Қазіргі кезеңдегі батысшылдыққа бетбұрыс, постмодернистік тенденция, жастардың субмәдениеті т.б. – ғаламдандыруға қосылған үлес немесе қоғамның объективті даму тенденциясы немесе өркениет көшіне ілесу, оны игеру емес, қазақы әдет-ғұрыптың бұзылуы, салт-дәстүрдің үзілуге айналғандығы мен оны терістеу, мойындамау болып шығады, бұндай тенденцияға түркі халықтарының тәлімдік рухани-адамгершілік мұраларындағы ата салты бойынша ғибрат алу үнемі жауап болып табылады. Қазақ халқы үшін ата-баба жолынан ауытқу өзге елдің мәдениетін жағымсыз жақтарымен қоса қабылдауға, ондағы бұқаралық мәдениет элементтерін сіңіруге, бізге жат, дүниетанымызға сәйкес келмейтін құндылықтарды қабылдауға, әлдебір адасуға апарып соқтырады. Себебі осы түркі халықтарының тәлімдік рухани-адамгершілік мұралары арқылы берілген халықтық дүниетанымдағы әдет-ғұрып пен салт-дәстүр бойынша тіршілік ету қағидасын оңды-солды модификациялауға, ассимиляциялап модернизациялауға мүлдем болмайды!

Түркілердің тәрбиелік қағидаларында үнемі мифтерге жүгіне бермей, халықтың өн бойына сіңірілген,



тұтастай тегіс таралған тарихи үрдістердің бәрін де кеңінен пайдаланған. Сондай-ақ, елдің болашақ мәдени дамуында салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың басты рөл атқаратындығын, тәрбиелік принциптерде маңызды екендігін, әрі әсерлі сипат алатындығын көрегенділікпен тани біліп, ата салтын сақтау мен жүйелеуге аса мән берген. Себебі ата салты халық санасындағы сан ғасырлар бойғы қалыптасқан архетиптер, сана түкпірінен тамыр тартатын қалыптасып қалған ішкі дүниеден хабар беретін жадыдағы мәліметтер. Сондықтан, салт-дәстүрдің қалыптастырушылық, реттеушілік, тәрбиелік, өнегелілік функцияларына айрықша маңыз берген. Оларды сақтаудың және орындаудың қатаң далалық заңдылықтарын ұсынған, ұмытпау мен ескеріп отырудың біліми дағдыларын жандандырған. Үйретушілік пен берері мол сарқылмас қорларын пайдалана білген, әуел бастан бәрінің жауабы дайын мәліметтердің кеңдігі мен әмбебеп дайын күйлеріне қызыққан. Ұрпақ тәрбиелеудің негізгі, басты ықпал етуші құралы да осы деп білген, әрине қателеспеген. Осындай дәстүршілдік қағидалары бойынша өмір сүрудің заңды нәтижесі күні бүгінге дейін өзінше орнын тауып келеді. Қазіргі заманғы отбасы тәрбиесіндегі гуманистік принциптердің бірі де осы – ретроспективтік, яғни халықтық педагогика дәстүрлері негізінде жүргізілетін тәрбие екендігі сөзсіз.

Демек, түркілік тәрбие тағылымдарын бүгінгі күнгі тәрбие үрдісінде қолдану уақыт талабына сай туындаған деп айта аламыз. Содай-ақ түркі халықтарының әрбір тәрбиелік қағидалары мен тағылымдық өнегелерінде рухани-адамгершілік тәрбие идеяларында түркілік бауырмалдық принцип бар екенін түсінуге болады.

**Кілт сөздер:** рухани-адамгершілік тәрбие тірегі, түркі халықтарының тәлімдік мұралары, өнегелі, тәрбие көрген, түркілік бауырмалдық.

1. *Ақылдың кені. (Ұлағатты сөздер). Құрастырған Жарықбаев Қ.Б. – Алматы: «Ана тілі», 2008. – 216 б.*
2. *Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасындағы құқық тәрбиесі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 122 б.*
3. *Дүйсенбаев А.Қ. Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі мен педагогикалық мұраларындағы отансүйгіштік тәрбие. – Атырау, 2010. – 47 б.*
4. *Тілеужанов М. Халық тағылымы. – Алматы: Рауан, 1996. – 299 б.*
5. *Ақпанбек Ф. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1993. – 56 б.*
6. *Айдосов А. Қорқытнама. – Алматы: Бастау, 1997. – 68 б.*

## ТҮРКІНІҢ ЖАРАТЫЛЫС ДАСТАНЫ

**П.Берікболова** – *Сүлейман Демирель атындағы университетінің PhD докторанты*

### Резюме

В данной статье содержится информация о мифах о первом происхождении Тюркских народов. Их понятия о Боге, земле, небе, происхождении человека.

### Summary

In this article we can see materials about myths of first Turkish origins. There is much information about Turk's concept of God, earth, sky, human being's origins. An epos about first origin represents mythology of one culture about God, moon, sun, earth, sky, star, iron.

Түрік әдебиетінің байлығы дастандарда. Түрік халқының ерте кездердегі наным сенімдері мен өмірлерін осы дастандардан табуға болады. Дастандардағы қиял ғажайып ерекшеліктерді алып тастасақ тек қана тарих қалады.

Дастандардың эпикалық ерекшеліктері болады. Эпика сөзі гректің «eros» сөзінен келеді. Ерлік пен қаһармандық туралы жазылған ұзын өлеңдерге эпикалық өлең дейміз. Бұл өлеңдердің негізгі тақырыбы батырлық. Жасанды дастандар, табиғи дастандар, ерлік, отанға деген сүйіспеншілік, наным сенім және адамгершілік туралы өлеңдер де эпикалық өлеңдер болып келеді.

Бір халықтың тарихында ұлы соғыстар, жер ауулар, ұлы оқиғалар болса, басынан қиындық өткізген халық мұны дастанға айналдырады. Халық арасынан жинап алған дастанның бөліктерінен шабыттанып жазған иран дастаны Шаһнаманы Фирдоуси иранның көне кезінен бастап, мұсылман араптардың жаулап алған кезіне дейін жырлайды.

Дастандар қиял ғажайып батырларды өлеңмен жырлайды. Тіпті ең ескі дастандар да сол халықтың қиялын асқақтататындай әдеби күшке ие [1].

Түрік халқының әлемнің жаратылуы туралы ой-пікірі, түсінігі, жаңалығы, наным-сенімдері туралы орта азиядағы түріктер арасында кең тараған жаратылыс туралы ертегілер түрік дастандары арасында

маңызды бастау болып табылады [2]. Радлов тарапынан алтай түріктері арасынан жиналып алынған бұл дастандар әлемнің жаратылуы туралы түріктердің наным сенімін білдіреді [3]. Алғашқы кезде адамдар әр түрлі табиғи құбылыстардан я қорқатын, я қайран қалатын. Ешбір табиғи құбылыстың себебі білінбеген осы кезеңдерде әрбір құбылыс маңызды еді және міндетті түрде жаратушыны еске түсіретіндей сырлы мағнасы бар еді [2].

Түріктер алғашқы кезден бастап ұлы және абстрактілі тәңір пікіріне барған болатын. Бастапқы кезде оны көкте деп ойлайтын. Мәңгілік қасиеті бар Түрік тәңірі ұлттық ерекшеліктермен бірге ғаламдық ерекшеліктерімен де дараланады [4].

Жаратылыс дастанында да түркі мифологиясы, түркілердің ой-санасы, наным сенімі туралы маңызды мағлұматтар бар.

Жаратылыс туралы аңызда тек тәңірге деген нанымды да көруге болады. Сонымен бірге шаман дінінің наным сенімдерінің іздері де сезіледі [2, 10-11].

«Орхун жазба ескерткіштерінде Білге Қағанның «Үстімізде көк аспан, астымызда қара жер жаратылғанда ортасында адам баласы жаратылған.» деген сөзі мен Жаратылыс дастанынан көп кейін пайда болған Ер Манас дастанындағы «Жер жер болғанда, су су болғанда» деген жыр жолдары жаратылыс дастанының әсерін ашық көрсетеді».

19 ғасырдың ортасына қарай Орта Азияға саяхат жасаған Радлов пен Вербитский Жаратылыс дастанының екі түрлі вариантын хатқа түсіріп алған [5].

***Радлов жазып алған нұсқаның қысқаша мағынасы:***

Әлі еш нәрсе жоқ кезде Қайра ханмен ұшаң теңіз су ғана болатын. Ең ұлы тәңір, адамзаттың алғашқы атасы Тәңір Қайра хан көңілсіз отыр еді. Осы кезде суда бір толқан пайда болды да Ақ ана деген әйел бейнесі «жарат» дейді де жоқ болып кетеді [6].

Осыдан кейін Қайра хан адамды жаратады. Өзінің жаратушысымен бірге ұшып жүрген адам өзгешелік іздейді де алғаш рет Қайра ханнан биігірек ұшуға талпынады. Мұны сезіп қойған жаратушы оның ұшу қабілетін алып қояды. Осылайша суға гүмп еге түскен адам тәңірден көмек сұрайды. Адамды құтқарған тәңір дүнианы жаратуды ойлайды. Адамды топырақ алып келу үшін теңіздің түбіне жұмсайды. Адам теңіз түбінен топырақ алып жатып тағы да тәңірдің сөзінен шығып, бір уыс топырақты аузына тығып қояды. Тәңір топыраққа «үлкей» деп әмір бергенде адамның аузындағы топырақ та үлкейе бастайды. Тәңір түкір деп әмір бермегенде адам топыраққа тұншығып қалған болар еді [2, 12].

Тәңір бастапқыда әлемді түзу қылып жаратуды ойласа да адам аузындағы дымқыл топырақты түкіріп жібергенде төмпешіктер мен батпақ жерлер пайда болады.

Қатты ашуланған Қайра хан оны өзінің сәулелі әлемінен қуып жібереді. Шайтан оған Ерліг деп ат қояды. Кейін жерден тоғыз бұтағы бар ағаш шығарады да әр бұтақтың астынан бөлек бөлек адамдарды жаратып әлемдегі тоғыз түрлі нәсілдің аталарын жаратқан болады. Бұл адамдар жақсы адамдар еді. Ерліг оларды қызғанады да тәңірден оларды маған бер деп сұрайды. Оның бұл өгінішіне Қайра хан разы келмейді де Ерліг адамдарды жамандыққа арбай бастайды. Кейбіреулері Ерлігтің арбауына көнеді, тәңір болса оларға қатты арды өз беттерімен тастайды, ал Ерлігі болса жер астында қараңғы бір жерде өмір сүруге мәжбүрлейді. Ал өзі болса көктің 17 қабатына шығып, сол жерден өзіне әдемі мекен жаратады да адамдарды басқару ісін бір періштеге міндеттейді. Ерліг тәңірдің мекенін көргеннен кейін өзіне де осындай мекен жаратып беруі үшін тәңірге жалбарынады. Тәңір де оған адамдардікінен әдемірек көкте мекен жаратып береді. Ерліг пен оның арбауындағылардың бұл жерде жасаған жамандықтары Қайра ханды қатты ашуландырады да ол Ерлігтің мекенін жермен бір қылады. Осы жерден қирап шашылғандардан биік биік таулар мен балта шаппас ормандар пайда болады [2, 10-11].

Көріп отырғандай мұнда тек тәңірге деген сенім, тәңірге табынушылар мен шайтанға табынушылар бар. Осылайша түріктер ескі заманда-ақ жақсылық пен жамандықтың қайнар көзін тапқандай. Ұшаң теңіз судың бар болуы, жер бетінің жаратылуы, таулар мен ормандардың жаратылуына да өздерінше түсінік берген. Сонымен бірге осы дастанда да біз түркілердің әуел бастан әйел затына деген құрметін Ақ ананың тәңірге шабыт беруінен байқай аламыз. Басқа халықтардың дастандарында екінші қатарға да ілінбей қалған әйелдердің тіпті еркектің ермегі немесе тәңірдің ойыншығы сияқты бейнеленгенін көруге болады. Ал түркі дастандарында болса Ақ ана, Үлген, Ұмай, Күн сияқты тәңірге шабыт беруші, еркекке серік, халыққа ана болу құрметіне бөленіп отырады.

Әлемдегі жаратылыс дастандары бір біріне ұқсас келеді. Түгел дерлік жаратылыс дастандарына тән кейбір ерекшеліктер бар:

- 1) Ешнәрсе жаратылмаған кезең негізге алынады;
- 2) Бос кеңістік бар;

- 3) Бос кеңістікте тек қана су бар;
- 4) Кейін қара жер көріне бастайды;
- 5) Кейін адам және оның маңайындағылар пайда бола бастайды;
- 6) Міндетті түрде жамандық пен жақсылық туралы мәселе болады [6].

Нәтижеде осы дастан арқылы түріктердің маңайындағы барлық нәрсеге көңіл бөлгендіктерін, әлем қалай және неге пайда болды деген сұрақты өздеріне сұрағандықтарын және осы сұрақтарға қиялға симайтындай емес жауаптар тапқандарын көреміз. Түріктердің сенімдерінің утопиялық емес әуел бастан нық жерде тұрғандығын да осыдан аңғарамыз.

Сонымен бірге Вербитскийдің вариантын да бере кетуді жөн көрдік:

Аспан да жер де жоқ еді. Тек қана ұшы қиыры жоқ теңіз бар болатын. Құдай Үлген осы теңіздің үстінде ұшып жүр еді. Қонуға қатты жер іздеп еді таппады. Осылай ұшып жүргенде бір дауыс естіді: «Алдыңдағы затты ұстап ал» деді дауыс. Үлген осы дауысты қайталады. Қолын алдына созды. Сол кезде судың үстіне тас шықты. Үлген тасты ұстап алды да үстіне қонды. Тастың үстірде отырып не істейтінін ойлады. Ол осылай ойланып отырғандық судың ішінен Ақ Ана сүзіліп шығып, оған: «Жарат» деп үш рет қайталады. Үлген «Қалай?» деп сұрады. Ақ Ана болса: «Істедім болды де, істедім болмады деме» деп ақыл берді.

Ақ Ана осыны айтты да жоқ болып кетті. Екінші рет оны ешкім көрмеді. Ақ ананың осы бұйрығынан кейін Үлген адамдарға былай деп әмір берді: «Бар нәрсеге жоқ демендер, бар нәрсеге жоқ деген өзі жоқ болады...» Осыдан кейін Үлген «Жер жаратылсын» дейді, жер жаратылады, «Аспан жаратылсын» дейді, аспан жаратылады. Осылайша дүния жаратылады.

Осыдан кейін үлкен үш балық жаратып, олардың үстіне жерді орналастырады. Екі балықты жердің шетіне біреуін дәл ортасына орналастырады. Ортадағы балықтың басы дәл солтүстікке қарап тұрады. Бұл балық басын төмен салса сел болады, ал басын одан да төмен исе жер бетін топан су басады, бір уыс қара жер қалмайды. Сол үшін осы балықтың басы шынжырмен бір тірекке байланған. Оны Ұлы кісі басқарады.

Біздің ай мен күніміздің әлемінен басқа тоқсан тоғыз әлем тағы жаратылған. Бұлардың бәрінде бір Ұшмақ, бір Таму бар. Әр бірінде адамдар да бар. Ең үлкен әлем Хан Курбустан Теңгере. Бұл әлемнің билігін Үлген өз көмекшілірінен Буркан атты рухқа тапсырады. Бұл әлемде жаратылған дүнианың аты Алтын Телегей. Тоzaғы Точири Таму. Бұл тамуды Қара деген зебани басқарады.

Тоқсан тоғыз әлемнің ортаншысы болса Езре Теңгере. Езре теңгерені Белгін Кератлу Түгүн деген періште басқарады. Тұрған жерінің аты Алтын Шарка. Тоzaғының аты Қара Таму. Қара тамуды басқаратын зебинидың аты болса Қаракшы.

Адам баласы өмір сүріп жатқан біздің әлеміміз ең кішкентай әлем, аты да Қара Теңгере әлемі. Бұл дүнианы Ұлы кісі басқарады. Тоzaғының аты Қара Теш, ал тоzaғын басқарушы зебани болса Керей хан атты рух. Біздің дүниямыздың үстінде отыз үш қабат көк бар.

Бір күні үлген теңізге қарап отырғанда судың бетінде бір топырақ көреді. Топырақтың үсті адамның денесіне ұқсас сазбен қапталған екен. Үлген «Бұл жансыз топырақ кісі болсын» деп әмір береді. Топырақ адам болады. Үлген бұл кісіге Ерліг деп ат береді де сол жерде қалдырады. Бірақ Ерліг Үлгенді тауып алады. Үлген де оны жанына шақырады. Біраз уақыт өткен соң Ерліг Үлгенді қызғана бастайды. Одан мықтырақ болғысы келеді. Оған қарап: «Мен де ол сияқты болуым керек» деп ойлайды. Ойлай ойлай Үлгенге дұшпан бола бастайды. Мұны сезіп қойған Үлген Көк Ұлды жаратады. Содан кейін біздің дүниямызда өмір сүріп жатқан адамдарға пішін береді. Бұлардың сүйектері қамыстан еттері топрақтан болады.

Соңында Ұлы кісіні жаратты да «Адамдарды сен басқар» деді [5, 115-117].

Бұл екі нұсқа бір біріне ұқсас және бірбірін тәмамдап тұрғандай. Бұл екі нұсқа да Алтай түріктері арасынан жиналып хатқа түсірілгені үшін, жалпы түркі халықтарының жаратылыс туралы дастаны болып есептеледі.

20 ғасырдан кейін Алтай тауы етектерінде ұлы түркі мемлекеттері құрылған жоқ. Бірақ осы өлкедегі халық мыңдаған жыл осы жерді мекендеп, текті түріктер батысқа қарай ауып кеткенде олар тау тастың арасында қалып қойған еді. Сондықтан да ескі түрік мифологиясының іздерін осы Алтай жерінен іздеген жөн. Бірақ уақыт өте келе оларда сыртқы күштердің әсерінде қалып, жаңа аңыздар да пайда болған. Алтай тауы етегіндегі ескі түріктерден қалған мотивтермен кейін кірген тысқы әсерлерді ажырата білу керек.

Алтай таулары етегінде айтылған адамның жаратылысы туралы дастандар тек қана түріктер емес, Орта Азия мен Сибирияның да ең дамыған және маңызды мифологиялық деректері болып есептеледі. Ескі түріктер қалай ойлаған білмейміз. Бірақ Ортаазиядан жиналып алынған барлық жаратылыс дастандары жер бетінің әу баста су болғандығын айтады [7, 76].

Алтай түріктерінің осы аңызда айтылған жаратушы тәңірінің аты Бай-Үлген және адам бұл аңызда судан жаратылмайды, балшықтан жаратылады. Яғни адам баласының негізі су емес топырақ болады.

Алтай және Сибирия дастандарында да адам баласы мен шайтан күрес үстінде.

Тағы бір Алтай дастанында шайтан мен адамбаласының алғашқы танысуы былай суреттеледі:

*Бір адам жаратыпты тәңір бір күн балшықтан.*

*Депті: «Адам баласы осы қамырдан тарасын!»*

*Бұл балшық естімейді, сезінбейді екен,*

*Адамды тек қамырдан жасаған жетпейді*

*Депті: Көкке ұшып барып бір рух табайын,*

*Балшыққа рух берейін, нағыз тәңір болайын.*

*Тәңірдің жаратқандарын шайтан қызғанады екен,*

*Сәтін тапса, қорқу, ұялуды да білмейді екен.*

*Тәңірдің жүнсіз жалаңаш иті бар екен,*

*Бөтендер келсе қатты үреді екен.*

*Тәңір итке айтты: «Егер шайтан келсе,*

*Саған бірдеңе берсе оған алданып қалма.»*

*Бір рух табу үшін шайтан зарышқа шығыпты,*

*Тәңір не істепті деп шайтан да қарауға шығыпты.*

*Ит шайтанды көргенде арсылдай жөнеліпті,*

*Итті көрген шайтан әдемі сөзбен арбапты.*

*«Әй ит сен неге жүнсіз жаратылдың,*

*Суықтан ішің дірілдеп барады*

*Жол бер тәңірдің адамын көрейін,*

*Сенің арқаңа да алтыннан жүн тағайын.»*

*Ит бұл сөзге алданып, үргенін қойыпты,*

*Шайтан балшықты алып түкіріпті адамға.*

*Шайтанның түкірігіне ит те бояныпты,*

*Алтын жүнім болды деп лас жүнмен жүріпті,*

*Тәңір келгенде қараса адамның үсті түкірік,*

*Иті де лас жүндерімен мақтанады.*

*Итке айтты: «Тойма, адамнан рахат таппа*

*Сені бәрі жек көріп, таяқ жей бер.»*

*Алғашқы адам Тәңірден жүнді болып жаратылыпты,*

*Шайтанның түкірігін Тәңір ишке айналдырыпты.*

*Тәңір адамның ішін сыртына айналдырыпты.*

*Адам содан бері іші ауруға толы, өлімшіл болыпты.*

*Жүрегі қарайып көктен қуылыпты.*

*Адамның сырты әдемі екен деп көргеніңе алданба,*

*Шайтан иштен азғырады, алданып қалма [7, 82].*

Шайтанның түкірікі жұққан адам, өтірікші жаман болған. Адамның сырты таза болып көрінсе де шайтанның түкірігіне толып кеткен іші жамандыққа толы екен.

Тәңір адамды әу баста көкте өмір сүрсін деп жаратса да шайтанның осы ісінен кейін оны жер жүзіне жіберіп былай депті: «Жер бетіне кет, сені көзім көрмесін. Керек кезде өл, керек кезде ту. Сен көкте мәңгілік өмір сүруге лайық емессің.» Адамның ішінде қалып қойған түкіріктерден әр түрлі аурулар пайда болыпты. Сондықтан адам баласы ауырады, жазылады, өледі екен [7, 83].

Түрік халықтары арасында: «Адамның аласы ішінде, аттың аласы сыртында» деген мақал бар, ал Алтай түріктері болса «Иттің ластығы жүнінде, адамның ластығы ішінде» дейді.

Түрік әдебиет тарихын М.Ф. Көпрілі үш кезеңге бөледі, ол:

- 1- Ислам діні келгенге дейінгі түрік әдебиеті
- 2- Ислам діні келгеннен кейінгі түрік әдебиеті
- 3- Батыстың әсерімен дамыған түрік әдебиеті.

Бірінші Ислам діні келгенге дейінгі дәуір түгел дерлік түрік әдебиеті тарихтарында осы адамның жаратылысы туралы дастанмен басталады. Қай халықтың болмасын адамның жаратылысы туралы аңыз мифологиялары болады. Қазақ әдебиеті тарихы да осы Жаратылыс дастанымен басталуы керек деп ойлаймыз. Егер барлық түркі халықтарының ең алғашқы дастаны осы Жаратылыс дастаны болса, бұл дастан қазақ халқына да ортақ қазына.

1. Karaalioglu Seyit Kemal, Resimli Motifli Türk Edebiyatı Tarihi, 1. cilt – Başlangıçtan Tanzimata, İnkılap ve Aka Kitabevleri Koll.Şti, İstanbul 1980, 436 Nihat Sami Banarlı, Resimli Türk Edebiyatı Tarihi, C. I, ist. , 1971, s. 1-49

2. Kazım Yetis, "Destan" İslam Ansiklopedisi, C. 9, s. 202-205
3. Harun Güngör, "Eski Türklerde Din ve Düşünce", Genel Türk Tarihi, C.II. Yeni Türkiye Yayını, st. 1995, 387-422
4. Mustafa Necati Sepetçioğlu "Karşılaştırmalı Türk Destanları" İrfan yayıncılık, ISBN 975-371-0042-96 İstanbul, 2004, s114-115
5. Günay, Umay, "Türk Destanları", www.turan.tc ,23.02.2006, s. 2
6. M. Necati Sepetçioğlu, Karşılaştırmalı Türk Destanları :İst. 1990, s. 31
7. Bahaeddin Ögel, Türk Mitolojisi 1, Milli Eğitim Basımevi: İstanbul 1997, 87s

## ПОЭЗИЯДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ӨРНЕКТЕР ТАБИҒАТЫ (Ұ.ЕСДӘУЛЕТОВ ЖӘНЕ Е.РАУШАНОВ ӨЛЕНДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

**Жанайхан Болат** – Сүлейман Демирель атындағы университетінің PhD докторанты

### Резюме

В статье рассматриваются тематика национального своеобразия в контексте отечественного литературоведения. На конкретном материале всесторонне рассматриваются способы выражения национального колорита в поэзии акынов Улугбека Есдаулетова и Есенгали Раушанова. В частности автор анализирует точку прикосновения современной и традиционной литературы на материалах Абая и современных поэтов.

### Resume

This article deals with the critical analysis of the national colour in poetry of Ulygбек Yesdauletov and Yessengali Raushanov. The importance of the article is connected not only with analysis of national pattern and peculiar national behavior, but also distinguishes that Kazakh poets are continuers of Abay's tradition of using national pattern.

Поэзияның қазақ әдебиетінің даму үрдісінде көрнекті роль атқарып келе жатқаны белгілі. Шынайы поэзияның дәуірі – мәңгілік. Өлең өнерін мұрат тұтқан сан ғасырдың алған асуы мен шыққан биігі тарихи дамудың санамен үндестігінің әділ айғағы болса керек. Қазақ әдебиетінің жүріп өткен жолы ұлт өмірінің қат-қабат белестерімен ажырағысыз байланыс бірлікте болып, ел тағдыры мен тіршілігінің айырықша белесіне айналуымен қатар, соған сәйкес өзінің де толысу, тұлғалану немесе тоқырау кезеңдерінен бастан өткергені белгілі. Сөз жоқ, әдебиеттің ұлттық сипаты оның көзге бірден көрінетін айдар-айшықтарымен ғана емес, керуен-керуен дәуірлер көшінде желісі үзілмей жалғасып келе жатқан ішкі болмыс-бітімі мен тылсым табиғатынан да танылуы тиіс.

Ал болмыс, Шәкәрімше, рухтың көрінісі. Қазақтың бас ақыны Абайдың ақындық мектебінен тәлім алған Шәкәрім болмысты шартты түрде үшке бөледі: «бірінші – материалды болмыс немесе табиғи болмыс, екінші – әлеуметтік болмыс, үшінші – рухани болмыс». Дәл осы рухани болмысты Шәкәрім дүние бірлігінің негізі деп біледі. Сондықтан да 60-80 жылдардағы қазақ поэзиясында осы рухани болмысты ұлттық идея негізінде лирикалық кейіпкер болмысы арқылы ашуға деген ұмтылыстар кеңінен өріс алды. Осы бір кезеңнің таңдаулы өкілдері өнерге даралық қандай қажет болса, ұлттық идея одан да керек екенін дәлелдеді. Қазақ поэзиясында тайға таңба басқандай стиль қалыптастырған М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Т.Айбергенов, Қ.Мырзалиев, М.Шаханов, С.Жиенбаевтар болса, кейін бұл дәстүрлі қасиеті қазақ қара өлеңінің қаймағын қалқып жүрген Т.Медетбеков, И.Оразбаев, Т.Әбдікәкімов, Ұ.Есдәулетов, Е.Раушанов, С.Ақсұңқарұлы, Г.Салықбаева, Ж.Әскербекқызы сынды отты сөзді ақындар легі жалғастырды.

Қазақ поэзиясындағы ұлттық идея мәселесі әдебиетті тану ғылымы тұрғысынан алғанда көптеген соны іздіністерге негіз болатын тақырып екенін айтқымыз келеді. Ал, тарих төрінен кім түбегейлі орын алады - болашақ айтар. Біз тәуелсіз елдің бүгінгі ұрпақтары бұл қасиетті ұғымға келегенде бақытсыздау болсақ та, көркем өнер аманаты үшін бұларға ризалық ілтипатын білдіруге тиіспіз. Ұзақ уақыт қасиетті музаны бұлар арқылы түсініп-түйсіндік. Қашанда әдебиеттің бетін айқындап, дәуір талабына үн қатып, оның қоғамдық қажетін өтейтін де жеке озған дарын, өнер саңлақтары екені мәлім. Олай болса, біздің де поэзиядағы ұлттық идея, ұлттық болмыс, ұлттық дүниетаным, ұлттық мінез сипаты мен ерекшеліктерін ғылыми екшелегенде солардың жеке шығармашылығына сүйенуіміз заңды.

Жоғарыда келтірілген тізімдегі әр есімге бір мақала көлемінде жеке-жеке тоқталу, әрине, мүмкін емес. Солардың арасында творчествалық бет бағдары айқын, өзіндік эстетикалық бағыты бар екенін айта отырып, Ұ.Есдәулетов, Е.Раушанов сынды дарынды ақындарымыздың шығармаларына арнайы ғылыми зерттеу жүргізгенді жөн көрдік. Сөзіміз дәлелді болу үшін аталмыш ақындарымыз өлеңдерінен алынған нақтылы мысалға жүгінейік.

Ақын Ұлықбек Есдәулетов өзінің туған елі жайлы сыр қозғай отырып, былай деп толғанады:

*Қазақиям – азат ұям,  
қоңыр жұртым ұлы елім,*

*қаңқылдаған қаз атынан  
сөз саптаған сүйелім;*

*-қанға-қан!-деп,  
-жанға-жан!-деп,  
атам қазақ үйреткен,  
өтті ғасыр сандаған көп,  
ақ сойылын сүйреткен [1; 116].*

Осынау түсінікті де жатық жазылған жолдардан ақын жүрегінің дүрсілін сезінеміз, айтып отырған сөзінің шындығына шындығына тәнті боламыз. Бір қарағанда қарапайым көрінетін қазақтың сары даласынан ақын көзінің көрмейтін тылсымы, ақын табанының баспайтын бұдыры жоқ сияқты сезіледі. Ұлы ақын жүрегінің өз ұлтына, халқына деген қалтқысыз махаббатына, шексіз сүйіспеншілігіне “азат ұям, қоңыр жұртым ұлы елім, сөз саптаған сүйелім” жолдары қалай куә болса, өлеңнің қалған жолдарында да сол халқына, өз ұлтына деген сезімі асқақтай түседі. Туған жерінің, елінің не түрлі көріністерін жырға қоса отырып, әр өлеңін белгілі бір түйінмен тамамдау Ұлықбек Есдәулетов шығармашылығының көркемдік кредосы болып табылады.

*...аялаған азаттығым  
бұлбұл ұһса басымнан,  
кімге керек қазақтығым  
мақтан еткен жасымнан? [1; 116].*

Жазушы Ә.Кекілбайұлы Ұ.Есдәулеттің «Қазақия» өлеңі туралы мынадай алыстан қозғайтын ойын талқыға салады: "Дәл бүгін ешқайсымыздың кешегінің тұтқынында қалуға қақымыз жоқ. Еліміз үшін, жеріміз үшін шындап күйзелетініміз рас болса, алдымен өзімізді-өзіміз қолға алып, ақыл мен сезімді өкпе мен бопсаға қор қылмай, үміт пен тәуекелге билетпегеніміз абзал" [2; 13].

Тәуелсіздік қазақ халқы үшін сын мен сынаққа толы дәуірге аяқ басқанымызға айғақ. Осы шығармасында шайыр туған ұлтының бар байлығын, жарқын болашағын ең бастысы азаттықпен байланыстырады. Ұлықбек өлеңіне бойласақ, ақынмен бірге қазақ деген халықтың болмыс бітіміне терең бойлайсың, кейде тарихқа саяхат жасап, қандай халық болғанбыз деп марқая түсесің.

Ақын шығармасы жайлы белгілі ғалым Тұрсынжан Шапай былай бағалайды: «Ұлықбек творчествосы бір ғана бағытта, белгілі бір стильдік-тақырыптық ыңғайда ғана қарастыруға келе бермейді. Өйтіп қажеті де жоқ. Әңгіме ақынның творчествалық диапазонының кеңдігінде, театр тілімен айтқанда, ақындық амплуасының көп қырлылығында. Лирика мен эпикалық бастау – оның қалыптасқан қолтаңбасындағы табиғи өрім» [3; 138].

Ақынның «Біз – түркілерміз» атты өлеңін оқығанда ұлттық рухың бір көтеріліп қалады.

*Кеудемізді билеген асқақ арман,  
Тарихымыз дастан боп таста қалған,  
Тірсегіміз тілінген кездерде де  
Жан жүректі жерім жоқ жасқа малған.*

*Жұтып қойған ғасырлар өктем үнін,  
Айға қарап ұлыған көк бөрімін.  
Атқа мінсем, кетемін аруақтанып,  
Арасында желік бар ет-терінің [4; 27].*

Өлеңнің өн бойында керемет сыр түйіні тұр. Өлеңді қарапайым түсінікпен де, ойнақы жеңіл тыныспен де, терең ойланып, мұңға батып отырып та оқуға болады. Ақын рухы биік, қайсар халқымыздың ұлттық болмысын, мінезін осылай жырлайды.

*Атқа мінсем, кетемін айбаттанып,  
Қылыш көрсем, кетемін қайраттанып.  
Ғасырлардың бетіне қалқып шыққан  
Біздің халық – бұ да бір қаймақ халық [4; 27].*

Өлеңдегі ұлттық рухтың асқақтап тұруы ақын өзегін қақ жарған лирикалық толғанысы. Бұл бағалау, қасиеттеу. Адам үшін ең қасиеттісін қасиеттей білуге үн қату. Ұлықбек қазақтың ұлы ақыны Мағжан салған сара жолымен келер ұрпаққа тарихы мен ата-бабаларының кім екенін, халқымыздың қандай халық болғандығын жырына арқау етіп таныта білген.

Ал ақынның "БІнтық зар" кітабындағы "Бостандық" жырында ол:

*Азаттықты ар-намысқа сыңар қып,  
Сұлап едік самырсындай құлап тік.  
Қаншама ақын атыңды атап көз жұмған,  
Жүректер мен жүйкелерге жүк артып.*

*Сыңғырлаған бұлақтарды суалтып,  
Сыбдырлаған құрақтарды қуартып,  
Үміт нұры үзілерде үздігіп,  
Келген едің жыл құсындай қуантып.  
Енді бүгін қадіріңді қашырдың,  
"Сенген қойым, сен болсаң..." деп кінә артып...  
О, бостандық! – дейді [5; 31].*

Осындай атпен Мағжаннан бастап талай сүлей жыр пернесін күйлеген. М.Жұмабаевтың "Бостандықты" ұшып кетуі мүмкін құсқа теңеуі сол заманда қате болмағаны аян. Шын азаттықты аңсаушылар ХХІ ғасырға да жетті. Ақынға межелеп айтылатын толғам жалпы халықтың саны жоқ шексіз ғасырларға созылған еңсегей мұраты мен мұңы екені түсінікті. Метафора, теңеу, метонимияға құрылған алғашқы шумақта осы қастерлі жолда құрбан болған арыстар мен боздақтар бейнесі айшықталған.

«Жүректер мен жүйкелер» концептісі тақ сандық ұғымдармен шектелмейді. Олар тұтас ұлттың саналы бөлігіне тән асқақ әрекеттерді символикалық аяда тұспалдамақ. Нәтижесі белгісіз ұзақ күрестің ауыр салмақ-салдары таңбалаңады.

Өлеңнің екінші шумағында метафора, теңеуге қосымша эпитет пен кері үдету амалдарының үлесі артады. Аллитерация, арнау үлгісі фразеологизм, пармеологиялық тәсілдер атқаратын логикалық, стилистискалық қызмет негізінен бұрынғы мәтіндерді қайталамау ниетінен ерекшеленді.

Осы орайда қазіргі қазақ әдебиетін зерттеген ғалым Б.Майтанов Ұлықбектің «Бостандық» өлеңі жайлы тың пікір айтады: «Ұ.Есдәулетов тәуелсіздікті ес-түссіз лепіріп дәріптеуден ауылақ. Оның бір шеті жасандылыққа соғар еді. Сыншыл көзқарас үстемдік алады. Елдің азаттығын жалпылама даңғазға ұранға айналдырудың зардабы жоқ емес. Әдеттегі қарапайым мәтел ирониялықтәсер тудырады әрі юмордан да алыс қонбаған. Уақыттың бір жақты жақсылығы қана емес, қарама-қарсылыққа толы заңдылықтары топшыланады. Постмодерннің төте мысқылын қолтығына қыстырған мейілінше реалистік мақамның тұғыры биік. Өлең «Бостандыққа» әр түрлі биіктен қараумен ойлау демократизмге жол ашады. Азаттықты сүймеу мүмкін емес. Ал халықтың көпшілігі одан тек қана игілік, молшылық, шексіз еркіндікті күтері хақ. Қоғам тынысы мұндай жұмбақты ұнатқанымен, шындық әлде қайда күрделі. Бостандықты қолға алу аз, оны қорғау, жетілдіру, тұақтандыру не құрлым қиын. Ақын өткен, бүгінгі мен болашақ уақыт пен кеңістік аяларын табыстыру арқылы мәселенің шешемімін ұстата салуға ұмтылмайды, тәуелсіздікке қатысты мейілінше терең, диалектикалық көзқарастың қажеттігіне меңзейді [6; 359].

Әр ақын шығармасы өзінше бір әлем. Дара бір жаратылыс, тылсым бір сыр. Оны ұғып білу үшін ақынның ақындық әлеміне саяхат жасау керек. "Жолаушылап емес, жоқ қарап жүрмін" дейтін Есенғали Раушановтың лирикалық кейіпкерінің сыры – бір есептен, ұдайы ізденіс үстіндегі, құнарлы поэтикалық өрістерді тынымсыз барлау қарекетіндегі ақынның шығармашылық кредосы іспетті. Оның іздеген жоғы – шын ақынды қай заманда да толғандырған өмір бедері, болмыс тұңғығында жатқан сырлар, адамгершілік, махаббат, ел сүю, жыр сүю сияқты адам баласына тән қадір-қасиет, ізгі сезімдердің бастау-кезеңдері, әсемдік әлемі. Іздеген жоғын барлап лирикалық кейіпкер туған жер, туған ауыл келбетіне, тарих қойнауына үңіледі. Есенғали образдарының терең тамыры ұлттық құнарда жататыны да содан.

Кезі келгенде жырауларша кесек толғайтын, сөйте тұрып қат-қабат жан әлеміндегі қалтарыс-бұлтартыстарды сезімталдықпен нәзік тұспалдай жырлайтын Есенғали бүгінгі қазақ поэзиясының дамуына өзіндік үлкен үлесін қосқан дара стильді, ерекше болмысты ақын.

Есенғали Раушановтың "Еркек" деген өлеңі өлең сүйер қауымға, оқырманға кеңінен таныс. Бұл өлең ақынның адамдық жолда ұстанған өмірлік қағидасындай.

*Батырша күліп түрегеп,  
Отырдым жылап ақыниша.  
Жонымды тостым "міне"деп,  
Жолбарыс-тағдыр атылса.*

*...Қасқайып өстім шыңымда  
Қара да беріш қайың боп.  
Ендігі қалған ғұмырда  
Езілетұғын жайым жоқ [7; 4].*

Еркекке әуелі керегі – мінез және ол жай ғана мінез емес қайсарлық пен батырлық, өрлік пен тәкапарлықты бойына сіңірген ұлттық мінез. Дәл осы қазақы мінез ақынның өлеңінде тегеуірінді де салмақты сөздермен жыр болып өрледі.

Ақын поэзиясынан халық басынан кешірген тарих мол орын алған. Алмағайып заман суретін өлеңіне өзек ете отырып, адам тағдырына, оның жан дүниесіндегі қасіретке үңілу – ақынның негізгі ұстанымы. Мысал келтірер болсақ, не бары екі шумақтан тұратын «1932 жыл. Қазақстан» өлеңіне қасіреті мен зары төгілген кезең шындығы тұтасымен сыйып, бейне бір шежірге айналған:

*"Ел қырылған деседі мына дөңде,  
Не деймін мен осынау түл әлемге?  
Кәрі аспан...  
Кәдімгі дөң...  
Қараша айы...  
Түк те жоқ көз тоқтайтын бұдан өзге.*

*Өлең шөп барқын қара мақпал сынды,  
Мақпалды сусыма құм жапқан сынды,-  
Құм басып өлген қыздың қолаң шашы  
Бұрқырап сыртқа шығып жатқан сынды,  
Өлең шөп, өлең шөп – Қазақстан... [7; 32].*

XX ғасыр басындағы қазақ халқының басынан кешкен ауыр қайғы, сұмдық зобалаңды бұдан артық қалай бейнелеуге болады. Ақын өлеңмен өрнектелген тарихи роман жазғандай. Екі шумақты өлеңге бір халықтың басынан кешкен тарихи оқиғаны көз алдына пейзаждап, тарих әлеміне саяхат жасап шығасың. Бұл ақынның ертеңгі күнге, келешек ұрпаққа деген жадынамасы. Тарихқа назар сала отырып, оны қуатты, терең мағыналы өлеңге айналдыру, көркемдік сапасы биік поэтикалық туындыны дүниеге әкелу ақыннан аз нәрсені талап етпесе керек. Шынайы шеберлік, сезімталдық пен аңғарымпаздық, сыршыл суреткерлік, биік талғам мен бай тілдік қор тұтасып, үйлесім тапқанда ғана танылады. Осы талап тұрғысынан келгенде Есенғали Раушановтың әрбір өлеңін шеберліктің хас үлгісі деуге болады.

Е.Раушановтың еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрген "Ғайша Бибі" атты кітабы поэзия әлемінде өзінің ұлт ақыны екенін танытатын, көркемдік-бейнелік, құрылымдық-пішінді, ұлттық дүниетанымдық құндылықтарға толы жыр жинағы болды. Осы жинақ ішіндегі «Біздің ауыл» өлеңдер топтамасында өзі тіршілік етіп жүрген бүгінгі ауылдың тыныс-тіршілігі суретін әр қырынан бейнелейді. Бұйығы ауылда тіршілік етіп жатқан қарапайым адамдардың ой-арманы, мақсат-мүддесі, іс-әрекеті назарға алына отырып, кішкентай оқиғамен үлкен адамзаттық мәселені тілге тиек етеді. Бір кезеңде заман зауалы қыспаққа алып, ат ауыздықпен су ішкен, ер басын күн туған, ел тозып. жер тарылғанда қазақ атамекенінен амалсыз ажырап, зар шекті. Жан-жаққа тоз-тоз болып, басы ауған жаққа босып кеткен жұрт еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін атамекенге оралды.

*Ой, босқан, босқан,  
босқан құсалы елім,  
Тақырға тары шаптым – мысалы оның.  
Тар заман,  
тақыс заман,  
тарғыл заман,  
Табылмас перғауыны Мұса ма едің?!*

*Жеке боп,  
ауыл болып,  
халық болып,  
Хат болып,  
хабар болып,  
табыт болып,  
Босқан ел әлі күнге оралуда,  
Ата жұрт таңын ерек жарық көріп [7; 81].*

Қазақтың "Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол" деген өсиетті сөзін ақын жырмен кестелейді. Туған жерге деген ерекше сезімді асқан шеберлікпен жырлайды. Өйткені атамекен – ештеңеге айырбасталмас киелі мекен.

*Менің ата мекенім – менің жаным,  
Жаныма жара түссе, көңіл жарым.  
Жеткізіп бір кісіге айта алмадым,  
Білсем де мың кісідей оның зарын [7; 27].*

Ақын туған жерге деген махаббатын кестелі, тіл, шешен сөз, шебер өрнегімен келістіре жырлайды.

*Көшудің қайғы ма,  
әлде бақ па түбі,  
Аңсатып алғау суы,  
тақта қыры,  
Қара қыз, қара кемпір болған шақта,  
Бейітін атасының тапты ақыры.*



*Біреулер "мықтымын" дер,  
"тектімен" дер,  
Білмеймін бізде қандай өтті дүрлер.  
Санасаң жеті атамды алда-жалда,  
Сағыныш бір атасы деп біліңдер [8; 112].*

Ақын туған жерден жырақтап кеткен елдің сағынышын, жан жүйедегі тебіреністердің, толғаныстардың жинақталған күрделі психологиялық сипатын көрсетеді. Қара қыздың қара кемпір болғанда ата-бабаның бейітін іздеп табуы лирикалық кейіпкердің тектіліктілігін білдіреді. Өлеңдегі Есенғалидың ақындық шеберлігін танытатын өзіндік қолтаңбасы ол адам баласының қымбат та қасиетті сезімдерінің бірі сағынышты ұлттық болмысқа айналдырып, тектілікке, жеті атаға балап жырлауы. Ақын дерексіз ұғымды деректендіріп, оны ұлттық сезімдердің ішіндегі әсерлісі, әдемісі етіп сипаттайды. Сағыныштың жеті атамен байланысты бейнеленуі, сағыныш сынды ұлттық сезімге өлшем де. Өйткені сағыныш сезім – биік сезім, ұлттық сезім. Есенғали ақынның лирикалық кейіпкерінің «Санасаң жеті атамды алда-жалда, сағыныш бір атасы деп біліңдер» деуі тегін емес. Тектілікті білу, тегін тектеу де – адамгершілік, ұлттық тағылым.

Ұлттық таным бастаулары, салт-сана, дәстүр іздерінің сорабы, қалайда ауылға бастайды. Халықтың о бастағы адамгершілік, ізгілік тұрғысындағы түсінік-пайымдардың нақты көрінісі, сыртқы ықпалдарға алдырмаған, маңызын, мәйегін сақтаған қордалы ұясы да ауыл.

*Жетеді хаттар жұртымнан  
Қайғысын алып әлемнің,  
"Түгеніше науқас былтырдан",  
"Халі тым нашар пәленнің".  
  
"Жер қуаң, шөп жоқ қыр-дөңде",  
"Қажыды әбден ел шаршап".  
Жаңбырлы жерде жүргенге,  
Жазықтыдаймын мен сол сәт [9; 112].*

Ауыл өмірі бүгінгі кезеңде, ХХІ ғасырда ғұмыр кешіп жатқан біздердің қоғамдық-рухани болмысымызды сипаттайтын кіндігі берік негіздерінің бірі. Ақын қазақы болмыстың қайнар көзі ауылды, ауылдың қарапайым тіршілігін жырлау арқылы қоғамдағы үлкен әлеуметтік мәселені өлеңге арқау етеді.

*Кеш қалып жеткен көшпеймін,  
Қарт емен,  
кешір, жас шыбық.  
"Директор – топас".  
Не істеймін?  
Мен емес қойған басшы ғып.  
  
Бейнеті батпан осы елге  
Келсе екен дегем кең ұлдар...  
Кінә жоқ менің десем де,  
Кірбіңі кетпес көңіл бар [9; 49].*

Ақынның ауылы, туған жері, оның адамдары өз өмірі – поэзиясы. Ол әр уақытта өз халқымен бірге қуанып, халқымен бірге күйініп отырады. Сондықтан өлеңдеріндегі ақын жасаған образдар, сол бір кезеңнің тарихының, өмірінің шынайы бейнесі. Осы орайда белгілі ғалым Т.Шапайдың құнды пікірі бар. Онда: "Ұлттық болмыстың негізі ауылмен тығыз байланысты, Ауыл өмірі – бүгінгі кезеңде ХХ ғасырдың соңғы ширегінде ғұмыр кешіп жатқан біздердің қоғамдық рухани болмысымызды сипаттайтын кіндігі берік негіздердің бірі", – дейді ғалым.

Егер ауылды қазақ халқының ұлттық қадір-қасиетінің баға жетпес қоймасы десек, күннен-күнге, жылдан-жылға қатарлары сиреп бара жатқан қазақ қарттарының алдыңғы қатар өкілдері сол қадір-қасиеттердің мәйегі, ұлттық философия мен психологияның алтын діңгектері.

Ақынның "Бұрыңғының шалдары" өлеңіне тоқталсақ,

*Сабыры қара тауға пара-пар-ды,  
Ағыны Қараертис деп бағаланды.  
Тәлімі – Төле, Қазыбек, би Әйтеке,  
Тамыры – тектіліктен тараған-ды [9; 16].*

Ақын іздеген қарт, данағөй қария – оның шығармаларындағы тұрақты, түйінді, желілі образдардың бірі. Ақынның қариясы, шалдары – халықтың табиғатында, болмысында бар ізгі қасиеттерді, халықтың шежіресін бойға сіңірген, туған топырақ дәстүрінің тірі бейнесі.

*Белдеуде арғымақ ат таң асыпты,  
Айтысса арғымақтай дара шықты,  
Алты алаш алтыс даумен келсе алдына,  
"Түбі бір қазақпыз" деп тарасыпты.*

*Сол шалдар алдырыпты досты алыстан,  
Дос келіп, туыс бопты кеш табысқан.  
Түбі бір алты арыспыз, қандаспыз деп,  
Алты алаш сырт халықпен төс қағысқан [9; 16].*

Лирикалық тұлға бұрынғының шалдарын, қарияларын аңсайды. Аумалы-төкпелі күндерден қажығанда, үлкендерден жұбаныш табады. Қарттарын сағынады.

*Көрмеген қиын кезде, тегі, тайқып,  
Әйтпесе әділдіктен кері қайтып,  
Ұрысқан екі руды бітістірген,  
Бір шалдың өніп-өскен тегін айтып.*

*Шалдары бұрынғының алды құтты  
Көп ойлап келешекті мәңгілікті,  
"Түбі бір Адамзатпыз, туыспыз", – деп,  
Айтуды бізге сеніп қалдырыпты [9; 16].*

Есенғали өлеңіндегі бұрынғының шалдарын аңсаудағы олардың сабырын қара тауға, ағынын Қараертіске, тәлімін – Төле, Қазыбек, би Әйтекелерге, тамырын – тектілікке, әділдігін даналыққа балауы эмоциялық-экспрессивтік энергиясы бай сөздерді сәнге, жылтырақ эффектiге бола емес, ерекше оң бере, өзінің шынайы халықтық, ұлттық реңін құлпырта қолданғаны еске түседі. Лирикалық тұлға мінезіндегі ұлттық нақыштарды тереңдете түсуде мұның да өзіндік ролі болғаны айқын.

Демек, ұлттық нақышты жалаң мазмұнды құбылыс деп қарастыруға болмайды. Ол ақындар шығармашылығында образдылықтың астарынан да аңғарылды. Ұлттық образдың ақындық тұлғаның ерекшелігімен, оның дүниетанымымен, сол арқылы халықтың танымы мен байланыстығы айқындалып отырады.

Бір ауылдың ғана емес, бір елдің панасы болған, дауласқан екі рулы елді бітістіріп, әділ қазылық жасаған, елдің мүддесі үшін ханның қаһарынан қаймықпай оған ақыл-кеңес берген, бұрынғының аузы дуалы шалдарының бойындағы ізгі қасиетті ақын лирикалық тұлғасының бойынан іздейді.

*Мақалы – майда жаңбыр сіркіреген,  
Қаһары – қара бура күркіреген.  
(Жөнелген соларды да артқа тастап,  
Мен саған не айтайын, шіркін өлең?)*

Ақын өлеңін оқи отырып, қазақ халқының көсеміне айналған айтары көп қарттыққа, ақсақалдылыққа ұмтылатын адамдардың бүгінгі қоғамда азайып кеткеніне налысың. Ақынның шеберлігі – сол өткенді аңсай отырып, бүгінгі қоғамның бет келбетін суреттеуі. Қазіргі таңда ақсақалдылықтан, қариялығымыздан айырылғанымыз – ұлттық болмысымыздан, қазақилығымыздан айырылғандығымыздың белгісі. Өлеңді оқыған жанның ұлттық намысының оянуына түрткі болатын бұл риторикалық сауал саналы әрбір қазақ жүрегіне ой салады. Ақын жүрегін жарып шыққан бұл өлең жолдары – жасы егделесе де, кейбіреуінің көрген білгені баланикіндей болған қазіргі қилы кезеңде өткенге өткел салып, ғасыр жүгін арқалаған қазақ ақсақалдарын алға тартып, өркештетіп жыр жазып, көңіл жұбатқаны.

Сөзімізді қорыта келе, қазақтың ағиық ақыны Мұқағалидың "Мен жырлаймын, сырласамын" деп толғағаны бар-ды. Сол секілді Есенғали Раушанов пен Ұлықбек Есдәулетов уақытпен, заманмен сырласа отырып, елдің мұңын, ердің намысын, ұлттың рухын жырлады. Олар мейілі өткенге есесі кеткен қазақтың тарихын жырласың, ол мейілі қылышынан қан тамған кеңес дәуірін бейнелесін, ол мейілі «Тәңірден келген тәтті сый» Тәуелсіздікті толғасын... соның бәрінен де оның ақындық азаматтық үндері айқын естіліп тұрады Есенғали Раушанов пен Ұлықбек Есдәулетов қазақ поэзиясының көгінде жарқырап көрінген жұлдызды шоғырдың кесекті өкілі бола білген дарынды ақындар.

Өлеңдері ұлттық идея мен ұлттық өрнектермен кестеленіп, өз ұлтының зарын да, қайғы-қасіретін де сонымен бірге биік рухын да бүкіл жан-жүрек, қарым-қайтарымен жырлап келе жатқан Есенғали мен Ұлықбек шығармаларының алар асуы алда.

1. Есдәулетов Ұ. *Киіз кітап*. – Астана: Елорда, 2000.

2. Кекілбайұлы Ә. *Өркені өсер өнер, өрісі шалқар өлең*. // Есдәулет Ұ. *Екі томдық шығармалар жинағы*. 2-том. – Алматы: Жазушы, 2006.

3. Шапаев Т. *Қазақ поэзиясындағы лирикалық тұлға проблемасы (қалыптасу, даму сипаты және 80-ші жылдар лирикасындағы лирикалық тұлғаның рухани келбеті)*. Канд. дисс. – Алматы, 1994.

4. Есдәулетов Ұ. *Екі томдық таңдамалы шығармалар, 1 том Алтын тамыр. Ел мен жер жырлары*. – Алматы: Жазушы, 2006.

5. Есдәулетов Ұ. *Ынтық зар*. – Алматы: Атамұра, 2009.

6. Майтанов Б. *Тәуелсіздік – күрес мұраты*. – Алматы: Құс жолы, 2012.

7. Раушанов Е. *Бозанға біткен боз жусан*. – Алматы: Атамұра, 2008.

8. Раушанов Е. *Қара бауыр қасқалдақ*. – Алматы: Жалын, 1995.

9. Раушанов Е. *Шолпан жұлдыз туғанша*. – Алматы: Жалын, 1988.

## ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТТЕГІ БИЛЕРДІҢ КИКІЛЖІНДІ ШЕШУ ТӘСІЛДЕРІН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

М.Ә. Қуаналиева – аға оқытушы, «Жалпы педагогика және психология» кафедрасы, Абай ат. ҚазҰПУ

### Резюме

Статья об особенностях одной из актуальных проблем человеческой жизни – проблеме конфликтных ситуаций. Сама постановка проблематики отличается выявлением особенностей способов разрешения конфликтных ситуаций в традиционной культуре казахов.

### Summary

The article about peculiarity of the present pays attention of interest problems of human life – is problem of conflict situations. This is the problem of conflict situations, examine different types of conflicts and methods of their solving in traditional culture of the kazakh.

Қазіргі әлемдегі жаһандану үрдістерінің тегеурінді белең алған жағдайында қаймағы бұзылмаған Қазақстан мәдениетін сақтап қалу үшін ұлттық мәдениеттің дәстүрлі құндылықтарына назар аудару қажет. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір – салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды.

Дәстүрлі мәдениеттегі билердің кикілжің жағдайларды шешілу тәсілдерін оқу үдерісінде қолданылуының психологиялық мәніне көңіл бөлу мақсатымыз-әрбір жана ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді.

Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Ұлттық тәлім-тәрбиенің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан қазақтың көптеген зиялы оқымыстылары жеке басқа табынудың құрбаны болды, қудалауға түсті. Мұның өзі ұлт мәдениетінің өсуін үлкен тежелуге әкеліп соқтырды. Халық педагогикасы мен этнопсихологиясы жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізуге шек қойылды. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, өмірге енгізу санадағы ескінің сарқыншағы деп бағаланды. Халықтық дәстүрлер өзінің қоғамдық мәнін жойып, отбасылық мәнге ғана ие болды. Оның өзі бергін келе, мектеп, жоғары оқу орындарының тәрбие жұмыстарының негіздеріне кірді. Тәрбиелік жұмыстар коммунистік идеологияға негізделіп, оқу-тәрбие жұмыстары негізінен орыс тілінде жүргізілуіне байланысты қазақ тілі біртіндеп өмірден шеттеле бастады.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар орыс тілінің аудармасы негізінде пайдаланылып, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері ескерілмеді. Студенттерге жан-жақты тәрбие беруде үлкен жауапкершілікті мойындарына алған студент жастар ұйымдары негізінен коммунистік тәрбие принциптеріне сүйенеді. Жоғары оқу орындары оқу-тәрбие жұмысының бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар ұлттық тәлім-тәрбиенің ерекшеліктерімен санаспады. Ұлттық тәрбиедегі ұрпақ сабақтастығы сақталмады.

Тіл қарым-қатынас құралы десек, би-шешендердің кикілжіңді жағдайларды шешу тәсілдерін оқу үдерісінде қолданудың психологиялық мәніне оқу-тәрбие үдерісі негізінде студент жастарға қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі би-шешендердің кемел ойын, асыл мұратын, терең сезімін дәріптеу болып табылады. Сонымен қатар, ана-тіліміз бен дәстүрлі мәдениетімізді аман алып қалу, болашақ ұрпақтың ұлт болып сақталуына ықпал етеді. Сондықтан да, өмірдің әр түрлі жағдайларынан, адамдардың әртүрлі көзқарастарынан, әр түрлі мүдделерінен қарам-қайшылықтардан студент-студент, ересек-студент, студент-ата-ана тағы басқа да пайда болған кикілжің жағдайларда билер сөзін, ұлағатты қағидалар, мақал-мәтелдерді оқу-тәрбие үдерісінде билер сөздерін орынды қолдана білудің маңызы зор. Би-шешендердің нақыл сөздерін, мақал-мәтелдерді қазіргі жастардың кикілжіңдерді шешу тәсілдерінде орынды қолдана алуы ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісін береді.

С.Ж. Пірәлиевтің «Ұлттық тәрбие және жаһандану» атты мақаласында, «...кез-келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шындыққа айналады. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күрес болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы деген де ұлтымызға ұстын, болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз...», – деп ұлттық тәрбие, ұлттық сана мәселесіне айрықша мән беріп, айтар ойымызды сабақтастыра түседі [1].

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде би-шешендер «ат сүрінгенше» ақыл тапқан, ұшқыр, тапқыр ойды кастерлеген, халық ауыз әдебиетінде тәлім-тәрбиелік мәні зор өшпес мұралар қалдырғанын білеміз.

Ф.Тәшімованың еңбектерінде қазақ мәдениетінің субъекті түсінігі былай сипатталады: «субъектілердің шығармашылық тарихи тәжірибелері ұрпақтан-ұрпаққа тікелей және жанама жолдармен жалғасқан», – деп қарастырып, автор өзінің еңбектерінде қазақ мәдениетіне тән субъекті түсінігіне көңіл бөлген. Онда автор «қазақтарда ата-бабаларының рухы немесе жеті атасын білуі, өзінің ұлттық болмысын саналы түрде түсінуіне, ата-бабалары арқылы жинақтаған рухани байлықтарын ой елегінен өткізіп, жеткізе білуіне іс-әрекеттері мен таптаурындарынан айқын көрінеді – деп тұжырымдайды [2].

Ұ.Ауталипова, С.Қоңырбаева еңбектерінде «...қазақ халқында дау-дамай мәселесін шешуге әр ауылда аузы дуалы ақсақалдар, елге танымал би-шешендер атсалысты. Билер институты мен қазылар алқасы халық арасында жер дауы, егес, керіс, талас-тартыс, дау-шар, қақтығыстарды шешуде ұлттық психологияға тән әдіс-тәсілдерді қолдана отырып шешкендігін ауыз әдебиеті мен тұлғалар өміріне қатысты тарихи еңбектерден білеміз. Алайда, бұл халықтық психологияның мұндай әдіс-тәсілдері әлі де ғылыми түрде зерттелуді күтіп жатыр», – деп қарастырған [3].

Олай болса, ғылыми зерттеу жұмыстарымызда кикілжіндерді шешуде ұлттық психологияға тән әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, халықтық психологияның мұндай әдіс-тәсілдерін ғылыми түрде зерттелді көздедік. Осы орайда, ғылыми зерттеу жұмысымыздың эмперикалық-эксперименттік бөлімінде қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі билердің кикілжін жағдайларды астарлы шешу тәсілдерін контент-анализдік зертеулерде бірнеше категорияларға бөліп, мәтіндерден анықтап талдау жасадық. Контент-анализді стандартты бірлік ретінде: а) шешендік сөздерді, даулар атауларын, билердің кикілжін жағдайларды шешу тәсілдерін, пікірлерімен ұшқырлы ой қорындыларын; б) халық ауыз әдебиетінен аңыз-әңгімелерін тағы да басқалары зерттеуге алынды.

Контент-анализді категориясы дегеніміз алынатын зертеулердің, яғни дәстүрлі мәдениеттегі кикілжін жағдайларды астарлы шешу тәсілдерінің кілттік концептуальды ұғымдарын қалыптастыру болып табылады. Бұл зерттеу жұмысы негізінде талданатын құжаттардың жеке элементтеріне осы категориялардың кездесу жиілігін сенімді және жүйелі түрде тіркеп отыру керек. Бұл зерттеу жұмысы бойынша категориялар кикілжін жағдайларды астарлы шешу тәсілдерінің кездесу жиілігі болып саналады.

І-ші кестеде көрсетілгендей, дау-дамай мен билердің кикілжін жағдайларды шешу тәсілдерінің кездесу жиілігі контент-талдау әдісі арқылы алынып, статистикалық мәліметтердің сандық және сапалық пайыздық көрсеткіштері өңделіп талданған болатын.

**Кесте 1. Дау-дамай мен билердің кикілжін жағдайларды шешу тәсілдерін контент-талдау әдістері бойынша алынған % көрсеткіштерінің мәліметтері**

<i>Билердің кикілжін жағдайларды шешу тәсілдері</i>	<i>Тұспалдап айту, астарлы ойлау тәсілі Б<sub>1</sub></i>	<i>Мысқылдап астарлы айту тәсілі Б<sub>2</sub></i>	<i>Жұмбақтап айту тәсілі Б<sub>3</sub></i>	<i>Мақал-мәтел мен қарсыласын бастырмалатын топты өзіне иландыру тәсілі. Б<sub>4</sub></i>	<i>Нақыл сөздермен билік айту “астарлап” жеткізу тәсілі. Б<sub>5</sub></i>	<i>Билік сөзбен мәніне келтіру Б<sub>6</sub></i>	<i>Өткірлеп бейнелеу тәсілі Б<sub>7</sub></i>	<i>Тереңнен болжап, айқын бағыт-бағдар ұстау тәсілі Б<sub>8</sub></i>	<i>Тәуекелге келу тәсілі Б<sub>9</sub></i>	<i>Компромисс (ынтымаққа келу тәсілі) Б<sub>10</sub></i>	<i>Б<sub>11</sub> сынау тәсілі</i>
<i>А<sub>1</sub>- жер дауы</i>	0,43	0,30	0,25	0,44	0,42	0,3	0,38	0,38	-	0,33	*
<i>А<sub>2</sub>- жесір дауы</i>	0,43	0,37	0,37	0,37	0,42	0,37	0,42	0,42	0,42	0,37	0,42
<i>А<sub>3</sub>- мал дауы</i>	0,40	0,30	0,43	0,42	0,42	1,6	0,35	0,33	0,33	0,33	0,40
<i>А<sub>4</sub>- бала дауы</i>	0,4	-	0,5	-	0,4	0,4	-	0,5	0,5	0,5	0,5
<i>А<sub>5</sub>- құң дауы</i>	0,5	0,30	0,44	0,40	0,5	0,40	0,40	0,38	0,40	0,33	0,33
<i>А<sub>6</sub>- би мен би</i>	0,38	0,5	0,33	0,35	0,5	0,35	0,42	0,37	0,30	0,35	0,43
<i>А<sub>7</sub>- Төле би</i>	0,44	1,6	1,6	0,40	0,43	1,6	0,43	0,44	0,42	0,30	0,30
<i>А<sub>8</sub>-Қазыбек би</i>	0,43	0,40	0,40	1,6	0,42	0,40	0,44	0,43	0,43	0,38	0,43
<i>А<sub>9</sub>- Әйтеке би.</i>	0,43	0,37	0,37	0,37	0,42	0,37	0,42	0,42	0,42	0,37	0,42
<i>А<sub>10</sub>- (бай мен кедей)</i>	1,6	0,4	0,33	0,30	0,37	0,35	0,37	0,30	0,30	0,5	1,6
<i>А<sub>11</sub>- ру мен ру</i>	0,43	0,30	0,30	0,33	0,37	0,33	0,33	0,30	0,33	0,5	0,42
<i>В<sub>1</sub>- ақпарат толықтығы</i>	10,2	3,9	6,4	6,9	7,9	6,0	8,0	8	6,2	4,2	7,7

Категориялар көлемі немесе тәсілдер	Б <sub>1</sub>	Б <sub>2</sub>	Б <sub>3</sub>	Б <sub>4</sub>	Б <sub>5</sub>	Б <sub>6</sub>	Б <sub>7</sub>	Б <sub>8</sub>	Б <sub>9</sub>	Б <sub>10</sub>	Б <sub>11</sub>
Кездесу жиілігінің $\delta$ %орташа арифметикалық қатары	0,54	0,3	0,3	0,37	0,4	0,4	0,4	0,3	0,3	0,39	0,45

Контент-анализдің бірліктерін сапалық және сандық екі топқа бөлеміз. Контент-анализдегі сапалық бірліктер мәтіннен нені санау керек дегенді білдіресе, ал сандық бірліктер қалай санау керек деген сұраққа жауап береді. Сапалық бірліктерге категорияларын жатқызуға болады. Контент-анализдің категориялары ретінде зерттеулердің концептуальды схемасын құрайтын кілтті ұғымдарды қарастырамыз. Категориялар неғұрлым ұсақ, сапалық бірліктерге, кішкене категорияларға бөлінуі керек. Бұл зерттеулер төңірегінде мәтіннен, шешендік сөздерден кикілжің жағдайлардың астарлы тағы басқа да шешу тәсілдерінің кездесу жиілігін санадық. Концептуальды схемасын құрайтын кілтті ұғымдар ретінде даулар мен билерді қарастырдық. А1 – жер дауы, А2 – жесір дауы, А3 – мал дауы, А4 – бала дауы, А5 – құң дауы, А6 – би мен би дауы А7 – Төле би, А8 – Қазыбек би, А9 – Әйтеке би, А10 – даугерлер (бай мен кедей), А11 – ру мен ру дауы, В1 – ақпараттың толықтығында бірнеше тәсілдердің кездесу жиілігі анықталды. Кикілжің жағдайларды шешу тәсілдерінен тұспалдап айту, астарлы ойлау тәсілі мысалы, Төле бидің дауларды шешу кезінде, оның кездесу жиілігінің орташа арифметикалық мәні – 0,44 пайыздық көрсеткішін көрсетті. Төле бидің дау-дамай жағдайларды шешу кезінде бұл тәсілдерді қолдануы адам психикасына, ой-санасына түрткі салатындай елеулі әсер ете алған, көпшілікті өз сөзіне иландыра білген дара дала тұлғасы екендігін танытады.

Кикілжің жағдайларды шешу тәсілдеріне орай, (1-кесте) бойынша төмендегідей: мысықылдап, астарлап айту тәсілі Б<sub>2</sub>; жұмбақтап айту тәсілі Б<sub>3</sub>; мақал-мәтелдермен қарсыласын бастырмалатып, топты өзіне сендіру тәсілі Б<sub>4</sub>; нақыл сөздермен билік айту, "астарлап" жеткізу тәсілі Б<sub>5</sub>; билік сөзбен мәмілеге келтіру Б<sub>6</sub>; Өткірлеп бейнелеу тәсілі Б<sub>7</sub>; тереңнен болжау, айқын бағыт-бағдар ұстау тәсілі Б<sub>8</sub>; тәуекелге келу тәсілі Б<sub>9</sub>; ынтымаққа келу тәсілі Б<sub>10</sub>; ымдау тәсілі Б<sub>11</sub>. қарастыруға болады.

Мәселен, мақал-мәтелдермен қарсыласын бастырмалату, топты өзіне иландыру тәсілі, әсіресе Төле би мен Қазыбек бидің дауларды шешу жағдайларында кеңінен қолданылған. Төле бидің кикілжіңді жағдайларды шешу кезінде Б<sub>3</sub>, Б<sub>4</sub>, Б<sub>5</sub>, Б<sub>6</sub>, Б<sub>7</sub>, Б<sub>8</sub> осы тәсілдерінде ерекше қолданғаны байқалады.

Орта жүзден шыққан Қазыбек бидің бітім-болмысындағы өзіндік ерекшелігі тән таптаурыны мен психологиясы мінез-құлқы жүріс-тұрысына сәйкес келетін даралық келбетін аңғартады. Қазыбек бидің өткірлігі, батылдығы әсіресе, билік пен мәмілеге келтіру тәсілінде тәуекелге келу, өткірлі бейнелеу, жұмбақтап айту, сынау тәсілдерінен айқын көруге болады.

Ал, Кіші жүзде Әйтеке бидің батырлығы да, сөзге шешендігі, тапқырлығы да айтылады. Ауыз әдебиетінен қалған рухани мұралардан Әйтеке би туралы мәліметтер аз болғанымен, оның сөз саптауында шешендік өнерінде қолданған тәсілі, мақал мәтелдермен бастырмалатып топты өзіне иландыру, басымырақ кездеседі және тұспалдап айту, астарлап айту тағы басқа тәсілдерінен ұлтқа тән қайталанбас тұлғалық келбеті айқын көрінеді.

Төле биде тәсілдерді қолданудың жалпы саны – 127, Қазыбек бидің мәтнінде жалпы саны – 117, Әйтеке биде – 101-ін қамтиды. Осы дауларды шешу тәсілінде ең көп ақпарат толықтығын көрсететін орташа арифметикалық мәні – 0,54. Бұл тұспалдап айту, астарлап ойлау тәсілі статистикалық сандық көрсеткіштен байқағанымыздай жоғары көрсеткішті көрсетеді. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі кикілжің жағдайларды шешу тәсілдері "тұспалдап" айту, "астарлап" ойлау арқылы қарым-қатынасты орнықтыра білгендігін аңғаруға болады. Бұл әлеммен өзара әрекетінің айрықша ерекшелігін көрсетеді.

"Ат сүрінгенше" сөз табуға тырысқан халықтың философиялық өресіне адам психикасына әсер ете білген топты, өзіне иландыра білген билердің тапқырлығы, ойлау ұшқырлығы, тереңнен болжау қасиеттері – сол халыққа тән қайталанбас өзіндік ерекшелігін аңғартады. Шешендік өнер – тек қазақ халқына тән құбылыс. Олай болса, әрімен қарай да дәстүрлі мәдениеттегі би-шешендердің тұрлаулы сөздерін, ұлағатты қағидаларын кикілжіңді жағдайларды шешу тәсілдерін оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерінің психологиялық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда негіздеп зерттеудің әдіснамалық аспектілерін әлі де жан-жақты зерттеуді керек етеді.

1. Пірәлиев С.Ж. «Ұлттық тәрбие және жаһандану» // Егеменді Қазақстан 27 қараша 2009 ж.

2. Ташимова Ф.С. Детерминанты формирования субъективности в культуре Востока. Суверенный Казахстан: проблемы и поиски. – Екатеринбург, 1995. – с. 32-46.

3. Ауталипова Ұ., Қоңырбаева С. Дау-дамайлар психологиясы. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2006. – 208 бет.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ ТІЛДІК ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ЗЕРДЕЛЕНУІ

**К.Қ. Қанафиева** – *п.ғ.к., доцент, жалпы тіл білімі және аударма ісі кафедрасы,  
Қазақ гуманитарлық заң университеті, Астана қ.*

### Резюме

Статья посвящена актуальным вопросам формирования языковой личности казахского народа, важность воспитания молодого поколения как «языковую личность», общепедагогическим аспектам ее формирования, факторам, влияющим формированию языковой личности. Также проведен анализ роли и значения языка для казахского народа, отраженный в трудах казахских просветителей, таких как А.Кунанбаев, Ж.Аймауытов, Т.Шонанов, М.Жумабаев, Г.Бегалиев, Н.Сауранбаев, С.Жиенбаев и т.д.

### Summary

The article is devoted to the current issues of the Kazakh nation linguistic identity formation, the importance of cultivating linguistic identity among the younger, general pedagogical aspects of its formation and the factors influencing its formation. The article also analyzes the role and importance of the language for the Kazakh people, as reflected in the works of Kazakh educators, such as A.Kunanbaev, Zh.Aymauytov, T.Shonanov, M.Zhumabaev, G.Begaliev, N.Sauranbaev, S.Zhienbaev etc.

Қазақ халқының тілдік тұлғалық түпқазығы ертеректе жатыр. Кең далада емін-еркін өмір сүрген көшпелі халықтың ұрпақ тәрбиелеу мен оқытуда өзінің дәстүрі, тәжірибесі, қағидалары, талаптары болды. Мәселен, тұлғаның қалыптасқан моральдік-психологиялық эталоны болатын: жігіт “сегіз қырлы бір сырлы” болуға тиіс еді. Оның бір қыры нағыз жігіттің ақындық дарыны, сөз шеберлігі, ойлау ұшқырлығы, тапқырлығы болып саналды.

IX-X ғасырларда құнды психологиялық-педагогикалық ойлар жазып қалдырған Әбу Насыр әл-Фараби болды. Оның педагогикалық ойлары жан-жақты аспектілі еді. Өзінің “Риторика”, “Поэзия өнері жөнінде”, “Мемлекет қызметкерінің афоризмдері” секілді еңбектерінде дидактика, тәрбие, үйренушінің талабы мен белсенділігі мәселелеріне де көңіл бөлінді. Ол “логиканың мықты болуы көп адамның ойынша, тек ой өнері, бұл дұрыс емес, ойды дұрыс құрау, дұрыс жеткізу грамматиканың арқасында, яғни грамматика өнері” деп, тілді сауатты үйренудің орнын айқындап берді [1]. Сол кездің өзінде жан-жақты білімді болудың бір белгісі риторика, сөйлеу мәнері, сөз оралымдары, өлең жырлары ерекшеліктерін түсіну болған. Әл-Фараби өзі бірнеше тілді білуінің арқасында ғылымның, мәдениеттің шыңдарына жеткен.

Қазақтардың педагогикалық идеалы ақын-жыраулардың жырларында, ойшылдар, би-шешендердің сөздерінде айқын көрінеді. XV-XVII ғасырларды өзінің педагогикалық бағытымен ерекше көзге түскен Асан Қайғы, Шалкиіз, Жиенбет болды. Бұл жыраулар адам өзінің ой-өрісін өзі көтеріп, жетістіктерге жету үшін ұмтылуы керек деп есептеді. Сөздің құдіретті күшін аса жоғары бағалады. Ойын, сөзін жеткізе алмайтын адамды бейшара адам деп санады.

XVIII ғасырдағы Қазақстанның педагогикалық ойлары Ақтамберді, Бұқар, Шал есімдерімен тығыз байланысты. Атақты Бұқар жырау өз шығармаларында Ұлы Даланың жаңа адамын қалыптастыру идеясын көтерді. Ол адамның болашақтағы бейнесін көре білді [2, 6 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысында Абай өмір сүрген кезеңнен бастап Дала адамының жаңа моделі, жаңа педагогикалық идеал қалыптаса бастады. Еуропаша оқыған Абай тілдік тұлғаның нағыз бейнесі, үлгісі бола отырып, “Басқа елдің мәдениетін, тілін үйренген адам сол халықпен терезесі тең болады” деген болатын. Абайдың бұл сөздерін тілдік тұлға қалыптастырудың методологиялық алғышарты ретінде түсінуге болады деп ойлаймыз.

Абай көркем сөзді ұтымды қолдана отырып, өзінің шығармалары арқылы адамның жанару жолдарын, оның рухын көтеру, адамгершілік қасиеттерін жетілдіру, өзінің талпынысы арқылы шынайы болмысты тануына жетеледі. Ол адамның қай ұлтқа жатпасын бірдей биологиялық-әлеуметтік мәні болатынын, қажеттіліктері мен мүдделерінің ұқсас екендігін анықтады. Қазіргі уақытта біз Абайдың әлеуметтік-педагогикалық көзқарастарының О.Конттың, К.Д. Ушинскийдің, Л.С. Выготскийдің және басқа да әлемге әйгілі социологтар, психологтар, педагогтардың пікірлерімен ұштасып жатқанын аңғарамыз. Ұлы Абай тіл арқылы сол халықтың өмір салтын, тұмыс-тіршілігін, хикаяларын, сана-деңгейін көруге болатынын айта отырып, қазақтарды орыс тілін үйренуге шақырды, сол арқылы орыс мәдениетін үйрен деді. Басқа халықтардың тілін үйрену жас адамның ой-өрісін кеңейтіп, мәдениетін байытатынын үнемі дәлелдеп келді. Абайдың педагогикалық көзқарастары философиялық, әлеуметтік-психологиялық ойлары, дүниетанымы оларды практика жүзінде іске асырумен ұштасып жатты [3].

Ж.Аймауытов болса, “адамдардың тәрбиесінде тілдердің пайдасы көп: тілді берік, ұғымды үйрету

ақылды жетілтуге себеп, әр халықтың дүние тануытілінен көрінеді. Жат жұрттың тілін үйренумен бірге адам сол жұрттың жан-дүниесімен таныс болады. Бөтен жұрттардың дүниеге көзқарасын, өзге сыр-сипаттарын білу ақылды байытады. Жат пікірді білу – жат пікір, жат сезім, жат наным дариясына жүзумен тең” деп жазды. Бұл жерде “жат” деп отырғаны өзге, басқа деген мағынада беріледі [4, 73 б.].

Мұстафа Шоқай білім алу мәселесін ұлттық рухани мәдениетпен байланыстыра қарастырады, қазақтар “өз мәдениетін күллі әлемге, соның ішінде Еуропаға да таныту керек екенін білуге тиіс” деп жазады. М.Шоқай “Түркістан” журналына шыққан мақалаларында білімді меңгеруде ұлттық ерекшелікке мән беру керек екенін айта келіп, патша үкіметі кезінде “бұратана” халықтардың тілінің дамуына кісен салынғанын, ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына зиян келтіретінін көрсетеді [5]. Оның пікірі бойынша, білімділікке жетудің басты шарты – ұлттық рухтың күшті болуы. Ал ұлттық рухтың көтерілуі, әрине, ұлттық тілге тікелей қатысты.

Ең алғаш рет жеке тұлғаның жан-жақты даму мәселесін көтермесе де, тілдің тұлға тәрбиесіне ықпалына ғылыми-педагогикалық ой айтқан ғалым Т.Шононов болды. Оның шығармашылығы үш бағытта тарады: дидактика, әдістеме және тәрбие. Ол тұлғаның жан-жақты дамуы жөнінде мәселе қоймаса да, теорияны өмірмен ұштастыру, оқушыларды еркін білім алуға ұмтылдыру қажет екендігі туралы жазды.

М.Жұмабаев Қазақстанның әлемде басқа елдермен терезесі тең ел болғанын қаласақ, онда ең алдымен ұлттық тұлғаларды қалыптастыру міндетін қоюымыз қажет деген. Ұлттың тілінде сол ұлттың жыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақтың сары сайран даласы кең, тілі де бай. Ендігі жерде ұлттық қағидаларды оқу-тәрбие ісіне терең кіргізе отырып, оны әлемдік алдыңғы қатарлы, өркениетті идеялармен қабыстыру қажет. Тәрбиенің басты ұстанымдары жалпыадамзаттық құндылықтарды және ұлттық тұлғаны қалыптастыру, өз халқының тілін, тарихын, дінін, мәдениетін, әдебиетін, салт-дәстүрін сүю арқылы басқа халықтардың мәдениетіне құрметпен қарайтын адам қалыптастыру болуы қажет. Мағжанның бұл ойлары біздің өз тілін, мәдениетін сіңіру арқылы басқа халықтардың да құндылықтарын құрметтеуді үйрету секілді қағидаларымызбен үндесіп жатыр [6].


Тілші-ғалым С.Жиенбаевтың “жай сөздердің құр өзін жаздырғаннан гөрі балаларға тұтас мәтін беріп, оны мәтін құрауға үйрету пайдалы” деп тілдік сезімді көркем де мазмұнды материалдар арқылы ойлау қабілетін шыңдау қажеттігін білдіреді. “Біздің кеңес мектебі саналы азамат даярлап шығарады, белсенділерді, екпінділерді даярлайды. Сондықтан оқушы бала болсын, үлкен болсын бәрі бір: әрі сұлу жазсын, әрі емле дұрыс болсын, әрі ішкі сөзінің мазмұны, мағынасын толық, бағалы етіп жазсын...” деп тілдік білімнің жан-жақты болуымен қатар белсенді адамдардың жан-жақты болуын, эстетикаға көңіл бөлуін, оның тіл арқылы көрінісін меңзейді [7, 198 б.].

Ғ.Бегалиев пен Н.Сауранбаевтың пікірі С.Жиенбаевтың тілді оқытудағы талаптарымен үндес, сонымен қатар Н.Сауранбаев “оқыту жоспары бойынша тілге арналған оқу сабағының 60% тілдің тәрбиелік жағына аударылуы керек” деп тілдің тәрбиелік мазмұнын нақтылайды. Сондай-ақ, Ғ.Бегалиев логикалық ойлауға, сөйлеп машықтануға үйретумен тәрбиелік жұмыс қатар жүру қажеттігіне тоқталған. Балаларды Отанын сүюге, еңбекқорлыққа, достыққа тәрбиелеу керек дейді. Көркем шығарма ойлауға, сезінуге үйретеді, егер оны педагогикалық мақсатпен ұштастырса, баланы біліммен де қаруландыруға болады, тәрбиені де дұрыс бағытқа бұруға болады деп есептеді [7, 268 б.].

Бүгінгі күні рухани жұтандығымыздың бір себебі осы тілдің өз деңгейінде қызмет ете алмай отырғандығына келіп тіреледі. Бұл мәселені шешу білім беретін ошақтардан бастау алуы керек. Қоғамның даму деңгейі мен әлеуметтік сұраным талаптарына үндес жүйеленген білім көлемі оқыту мен тәрбиелеудің басты ұстанымдарына сәйкес іріктеліп, оны меңгерту үдерісі педагогикалық психологияның жаңа бағыттарын басшылыққа ала отырып ұйымдастырылған жағдайда көздеген мақсатқа қол жететіні аян.

Тілдік тұлға әлеуметтік құбылыс болғанымен, онда индивидуалдық аспекті басымдық танытады. Индивидуалдық аспект тілге деген ішкі жан дүниенің қарым-қатынасы арқылы тілдік дәстүрге әсер ететінін ұмытпаған жөн. Тілдік тұлғаны қалыптастыру ұлттық тілдік ортадан басталады.

Тілдік тұлғаның дамуына сыртқы және ішкі фактор әсер етеді (1-суретте көрсетілген). Әлеуметтік фактор сыртқы факторға, ал психология, биология ішкі факторларға жатады. Әлеуметтік фактор ретінде отбасы, алған тәрбиесі, қарым-қатынас жасайтын ортасы, жоғары оқу орны, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет орындарын айтуға болады. Ішкі факторлар ретінде темперамент басымдылығы, икемділік, экстриверттік немесе интроверттік, жыныстық және жас ерекшелігінің көрсеткіші алынады. Сондай-ақ ішкі факторларға, олардың өз ортасында маңызды адам болуға, басқалардан ерекшеленуге тырысуы, ол үшін тілді білудің қажеттілігі, қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығы, сол арқылы білімін тереңдетуге құштарлығы, сол тілде еркін сөйлеу дәрежесіне жетуге ұмтылысы т.б жатады



Сурет 1 – Тілдік тұлға қалыптастыруға ықпал ететін факторлар

Жалпыпедагогикалық аспектіде алатын болсақ, тіл арқылы тәрбиелеуге байланысты қоғамның педагогикалық парадигмаға қатынасының динамикасын байқауға болады. Қоғамдағы әлеуметтік-саяси және экономикалық қарым-қатынастың өзгеруіне қарай жас ұрпақты тәрбиелеудегі педагогикалық бағыттың да өзгеретінін көреміз. Әлеуметтік-саяси бағыт, идеал, стереотиптің өзгеруіне байланысты жеке тұлғаның және бүкіл қоғамның уәждемелік мақсаты да өзгереді.

Өркениетті нарықтық қоғамға көшкенде жаңа білім беру, тәрбиелеу технологиясын талап етеді. Осыған байланысты тілдік тұлға аспектісіндегі педагогикалық идея жаңа мағына алып, педагогикалық зерттеулер стратегиясы өзінің бағытын басқаша өзгертеді.

Тілдік тұлға қалыптастырудың тәрбие үшін маңыздылығын жоққа шығару салдарын тәжірибе көрсетіп отыр. Өскелең ұрпақтың ана тілінен алшақтауы тұлғалық құрылымының бұзылуына, мәңгүрттікке әкеліп соқтырды. Тілдік тұлғаны қалыптастырудың мәні мен әлеуметтік қызметі – тілдің тек жеке адам өмірінде ғана емес, ұлттық, жалпыадамзаттық құбылыс екендігін тануына жол ашу.

Кейбір еңбектерде адамдардың қазір тәрбиеге, білім беруге көбірек көңіл бөлетіні, жекелік, тұлғалық құны артқаны, олардың ұлттық ерекшеліктерге ұмтылатыны сөз болады. Белгілі философ А.Нысанбаев “Қазір адам тәрбиелеудің жаңа философиясы керек. Өз мәнін жоғалтқан, ескірген көзқарасты өзгерту керек. Адаммен қарым-қатынаста педагогикалық ойдың жаңа бейнесі қажет” [8] дейді.

Бақытымызға қарай, адамдардың мінез құлқы көп жағдайда модельдеу арқылы үйренуге жатады. Адамның айналасындағыларды бақылау негізінде жаңа мінез құлықтың қалай жүзеге асуы тиіс екені жайлы ұғымы қалыптасады, кейінірек осындай кодталған ақпарат оған әрекетке басшылық ретінде қызмет етеді. Адамдар қайсыбір әрекетті тәжірибеде қолданбас бұрын ұқсас тәжірибелер арқылы үйрене алады және соның арқасында олар көптеген қателіктердің алдын алады.

Тілдік білімнің жаңа мазмұны: а) адамзат тарихын, оның ішінде өз халқының, Отанының, өзі тұратын елдің тарихын, дамуын жанына жақын тартатын, сезінетін, адамзат өркениеті, елі, халқы, ақырында өзінің істері үшін жауапкершілікті сезінетін; б) бүкіл әлемнің, дүниенің өзара байланысын, тұтастығын, өркениеттің басты проблемаларын шешудегі халықтар ынтымақтастығының қажеттілігін қолдайтын; в) адамның азаматтық, сонымен қоса мәдени және тілдік құқығын мойындайтын, саяси бостандығы үшін күресетін, мәдениеттер араластығы, мәдениеттер диалогы субъектісі рөлін атқаруға қабілетті тұлғаны қалыптастыру көзделеді; г) тілді меңгеру арқылы тұлғаны жан-жақты білімділігін, сауаттылығын арттыру, жетілдіру бағытына бет бұрды.

1. Аль-Фараби. Избранные трактаты. Пер. с арабского; отв. ред. М.С. Бурабаев. - Алматы: Ғылым, 1994. - 448 с.

2. Антология педагогической мысли Казахстана. Сост. К.Б.Жарықбаев, С.К.Қалиев. - Алматы: Рауан, 1995. - 512 с.

3. Құнанбаев А.И. Аудармалар мен қара сөздер. Екі томдық шығармалар жинағы. Т. 2. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.

4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.4. Психология. Тәрбиеге жетекші. – Алматы: Ғылым, 1998. – 248 б.

5. Шоқай М. Таңдамалы. Т. 1. – Алматы: Қайнар, 1998. – 512 б.

6. Жұмабаев М. Педагогика (баланы тәрбия қылу жолдары) / Араб жазуынан көшірген Ұ.Әбілдаұлы. – Алматы: Рауан, 1992. – 112 б.

7. Қазақтың тәлімдік ой-пікірлері антологиясы (XX ғасырдың 20-жылдары – 1995 жылға дейінгі кезең) Т.2./ Құрастырғандар: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1998. – 416 б.

8. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т. 8.: Жеке тұлғаның қазіргі теориялары / жетекшісі Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2005. – 480 б.



## **ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА**

### **ЖАПОН ЕЛІНДЕГІ БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**А.Қ. Құсайынов** – п.ғ.д., проф., академик,  
**М.С. Ергебекова** – магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ

#### **Резюме**

В статье рассматриваются педагогическая работа по формированию этнокультурной традиции в воспитание детей. А также рассматривается духовно-нравственное воспитание школьников в Японии. В статье посвящена изучению творчества великих мыслителей которые формируют у молодого поколения духовно-нравственных качеств.

#### **Resume**

The article discusses pedagogical work on the formation of ethnic and cultural traditions in education detey. Atakzhe considered the spiritual and moral education of students in Yaponii. V article is devoted to the study of wok of the great thinkers that shape the younger generation spiritually npravstvnyh quality.

Тәрбие – жалпыадамзат қоғамындағы мәңгі қарастырылатын тақырыптардың бірі. Қазақ халқы отбасы тәрбиесінде балаларына «жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деп әрқашан көрегендінің көрікті мінез-құлқын үйренуге, одан үлгі алуға шақырған. Сонымен қатар біздің қазақ халқының тәрбиесі құнды тағылымдарымен ерекше. Бірақ, соңғы жылдары дамыған елдің қатарынан қосылуға талпынып жатқан шағымызда кейбір жастарымыздың арасында тәрбие ісі ақсандап, қазақи мінез-құлықтың орнын батыстық тәрбие басып бара жатқанына куә боп жүрміз. Осы тұрғыда біздің өркениеті дамыған, бірақ халқы өз дәстүрі мен әдет-ғұрпын берік сақтаған Жапон елінен алар үлгі бар сияқты. Бүкіл әлем жұртшылығы ұлтарактай ғана жері бар, өте тығыз орналасқан, табиғи байлығы жұтаң жапон елі аз ғана жылдар ішінде капиталистік елдердің көбін артқа тастап, өркениет шыңына ту тіккеніне қайран қалады. Ғылымы мен техникасы қарыштап дамып, кез келгеннің миы жетпес ғажайып технологияарды өндіріске енгізіп, соның арқасында экономикасы өзге мемлекеттерден озық тұрған Жапонияның адам ресурстарына деген қатынасы таңқаларлық. Баланың ер жетіп өскенге дейінгі рухани толысуы үшін жасалатын әдет-ғұрыптар Күншығыс храмдарында күні бүгінге дейін орындалады деуге болады. Ер бала беске, қыз бала жетіге толғанда ата-анасы оған арнайы кимоно кигізіп, храмға апарып, баланың амандық-саулығы үшін рәсімдер жасайды. Осы шараға арнайы ұлттық тағамдар пәсәріледі. Бала ержетіп, жиырма бірге келгенде арнайы кимоно киіп, храмға барады. Үлкен өмірге қадам басу кезеңі осы уақытта басталады. Бұл ең алдымен ата-баба дінін бала жүрегіне ұялатып, бойына сіңіру үшін жасалатын қаиғамен байланысты.

Ер баланың да қыз баланың да ойнайтын ойыншықтарына дейін ұлттық нақышта жасалған. Ойын арқылы жапон баласы ер бабасының ерлігін түйсініп, дана әжесінің шеберлігін ұғынады. Мысалы, «Карута тори» деген ойынды кішкене баладан бастап, ересек адамдар да ойнайды. Әр ойын жай ғана уақыт өткізу үшін емес, елінің кешегісін санасына сіңіруге арналған. «Карута ториді» ойнау үшін байырғы әдебиеттен жүз жыр білу керек. Бұл жүз ақынның өлеңін жатқа айту деген сөз [1, 10 б.]. Феноменді ми қабілеті осылай дамиды. Жапондар бала тәрбиелеуде «құл», «қыз» деп бөлмейді. Екеуін де қазақ халқы тәрізді еркелетіп өсіреді. Күншығыс елі мен қазақ халқының тәрбиесі арасындағы ұқсастық ол – ер баланы отаны мен елінің қорғаушысы, ал, қыз баланы отбасының ұйытқысы болуға баулу.

Ұлттық тәрбиенің негізгі рухани дүниеде десек, жапон отбасында бала жастайынан шямисэн, бива, кото сияқты ұлттық аспаптарда ойнауды үйренеді. Ежелгі жапонның ұлттық тәрбиесі рухани құндылықтарды бала жүрегіне құйып, бабалар жолымен жүруге бейімдеп, даналықтың бастауынан нәр беруге негізделген. Жапон ұлтының ер бала тәрбиесіндегі басты арқауы көне заманда ата бабалар қалдырған философиялық еңбектерде жатыр. «Шицзи», «Ханьшу», «Хоуханьшу», «Ицзин», «Шуцзин», «Идзин», «Шюньцю», «Лицзи» секілді байырғы әдебиеттерді оқыту арқылы ер баланы жоғары саналы парасат иесі болуына ықпал еткен. Ал, қазіргі жапон баласы мұндай еңбектерді фольклорлық өлең-жырларды жаттап өседі. Ер балаларды самурайлық ерлік жолымен тәрбиелеуге арналған мектептер ХХ ғасырға дейін Жапонияда көп болған. Ол мектептерде ер баланы батырлықтың қыр-сырына үйретіп, ел қорғайтын батыр болуға тәрбиелеп қана қоймай, жаратылыстану ғылымдарымен қатар әдебиет, музыка, риторика тәрізді пәндер оқытылған [1].

Жапон тілінде «жаман» сөзі біздегіге қарағанда өте күшті теріс мәндегі реңкке ие, есіміне ондай эпитет жалғанған адам олардың ұғымында «мүлдем құрыған адам». Сол себепті олар балаларына «жаман» сөзін

ешқашан қолданбайды. «Жапондық балалардың 80%-ы келешекте өздерінің ата-анасы қартайға кезде оларға қамқоршы болуды алдарына өмірінің басты мақсаты етіп қойса, студенттер өз аналарын ең құрметті де құдіретті тұлға санайды екен».

Жапондықтар балаларының бойында әртүрлі дағдыларды кішкентай кезінен бастап-ақ табиғи жолмен қалыптастыруға тәрбиелейді. Жапон мәдениеті – көңіштікті тәртіппен және жетістікке жетуге ұмтылуды байланыстыру арқылы тәрбиелеу. Мәселен, Жапониядағы мектепке дейінгі тәрбиелеу мекемелеріндегі жүйе үшін «аналар мектебі». Бұл сатыдағы педагогтың міндеті – баланың бойында құндылықтар мен қалыптасқан нормалардың, саналы қарым-қатынастың эмоционалдық бастамаларын ояту. Бала бұл құндылықтарды өз өмірінде сезіп, оны бастан кешіруі керек [2, 219 б.]. Сонымен қатар жапондықтардың ойынша, балаға берілетін тәрбие олардың бүкіл өмір сүру қалпы, әсіресе, жас кезінде, табиғатқа етене жақын жағдайда өтуі тиіс. Мысалы, олар сәбилерді үйде де, далада да жалаңаяқ түрде жүруге дағдыландырады. Осы мақсатта еденнен тайғанақтамау үшін өкшесінде бедерлі пластмасса бекітілген шұлықтар шығарады. Сәбилер құйтақандай кездерінен бастап ақ тұмауратқан кездерінде аузы-мұрындарын ақ дәкелі таңғышпен тұмшалап жүруге дағдыланған. Бұл бір жағынан, тұмауды басқаларды жұқтырмауға ықпал етсе, екінші жағынан, бала үшін белгілі бір тәрбиелік мәнге де ие. Осындай шаралар бүгінгі күні бұлжымас дәстүрге айналып кеткен. Сондай-ақ жапондардың бала тәрбиесінде көзқарастарын білмек болған шетелдіктер көп жағдайда олардың кейбір іс-әрекеттерін түсіне бермейді. Қыстың аязды күндерінде көшелерде мынандай көріністі кездестіруге болады. Көше бойына ауқатты бір отбасы серуендеп жүр: әкесі – ағылшын пальтосын, анасы – қымбат тон киген, жандарындағы екі-үш баласы қысқа шалбар мен қаудырлақ куртқамен. Олардың аяқтары мен мұрындары суықтан көгеріп кеткен. Бұған таңданыс білдірген шетелдіктер: – Балалар үсіп кетеді ғой, мынадай суық күнде жеңіл-желпі киіндіруге бола ма екен? – деп, бастарын шайқасады. Жапон әйелі болса байсалды дауыспен: – біздің балалар ешқашан ауырмайды, – дейді мақтаныш сезімге бөлінген [3].

Балалар медицинасының өзі баланы өзіне таныс спартадық өмір қалпына тезірек қайтару идеясын қолдайды. Мәселен, жалпы наркоз астында жарықты (науқас түрі) алып тастауға байланысты жасалған операцияның өткеніне 2-3 сағат болысымен, балаларға орнынан тұрып, палата ішіндегі еденде ойнауға рұқсат беріледі. Келесі күні оларды ауруханадан шығарады. Ауруханаға тіккен жіпті алып тастауға келудің керегі де жоқ: ол өзінен-өзі жоғалып, бітіп кететін материалдан жасалады [3, 2 б.].

Дәстүрлі жапон үйіне келгендер алғашында адам тұрмайтын, қаңырап бос тұрған, азынаған саяжайға келгенде әсерде болары сөзсіз. Мұндай көрініс әсіресе, Жапонияның солтүстік аудандарына тән. Бөлмелерде соққан жел сай сүйегінді сырқыратады, арса-арсасы шыққан үй қанаттары жылу ұстмайды. Күндіз мұндай саяжай тұрғындары жылы кофта мен свитер киіп жүреді. Кішкі ас ішу не теледидар көру кезінде олар аяқтарын үстел астында мақталы одеялмен жабылулы тұрған электр жылытқышпен жылытады. Тіпті көп қабатты фешенебельді ғимараттардың өзінде көбіне жылу жүйесі жоқ. Сөйте тұра жапондықтар өз өмірлерінің мезі етегіндей қарабайырлығы мен жылудың азыдығына кейістік білдірмейді... Мұның бәрі тарихи аз мерзім ішінде ғылыми-техникалық дамудың алғашқы шебіне шыққан Жапония елі туралы шетелдіктер санасында қалыптасқан өмір шынайылығымен жанаспайтындай әсер қалдыратыны да рас [3].

Жапония жан-жағынан мұхиттармен қоршалып жатса да теңізші елі бола алмады. Жүздеген жылдар бойы оларға өліммен қорқыту арқылы кемемен көкжиектен асып жүзуге тыйым салынып келді. Орта ғасырларда дүниеге келген спорт түрлерінің ішінде жүзуге қатысты бірде-бір спорт түрлері жоқ. Соған қарамастан, қазіргі жапондықтар осы кемшіліктің орнын толтыруға құлшына кірісіп кетті. Жүзуге үйрететін мектептер шәкірт табалдырықты аттаған сәттен бастап жерді үнемді пайдалануға үйретеді. Жер тарлығын бесіктен белі шықпай жатып көріп өскен сәби үшін бұл да өнеге. Мұндай мектептерді кіреберісте қаз-қатар тізілген балалар велосипеді арқылы бірден білуге болады. Велосипедтер қоятын аялдамаларда екі тақтайша ілініп қойылған: оның бірінде – «жақсы балалар велосипедін осылай қояды» делінсе, екіншісінде – «жақсы балалар велосипедін бұлай қоймайды» деп жазылған. Жер көлемі мұнда гектармен емес, аумағы кілем көлеміндей ғана, бір-ақ адам сиятын алаң учаскесімен (татами) өлшенеді. Ойын кезінде ешбір бала басқа алаңға бір сантиметр де енбейді, құлды бір сиқырланған патшалық тәрізді.

Ескере кететін бір жәйт – Жапонияда коммерциялық негізде құрылған жүзу мектептерінде тілек білдірушілердің бәрі қабылданады. Оған жапондықтар ұлт денсаулығы ат төбеліндей ғана чемпиондармен айқындалмайды деп аса мұқият мән берген. Сонымен бірге жапондарда басқаларда жиі кездесе бермейтін (әсіресе, біздің отандастарымызда) бір қасиет бар: ол – сәбиді азамат ретінде құрметтеп, сыйлау, сол арқылы балалық қысқа ғұмырды расында да алаңсыз өткізіп, ішкі жан-дүниесін тыныштыққа бөлуге жағдай жасау. Мәселен, жапон дәрігерлерінің айтуынша, отбасында жаңа туған нәрестеден басқа тағы бір кішкентай сәби болса, ол сәбиге ауыр күндер туатын секілді: бұрындары анасының бар мейірімі соның

еншісінде болса, енді оны жаңа туған нәрестемен бөлісуге тура келеді. Сол себепті дәрігерлер аналарға сәбиден өзінің онымен қай күндері ойнауын қалайтынын сұрау керек деген ақыл-кеңес береді. Анасы қанша шаршап-шалдықса да, келісім бойынша онымен ойнауы, далаға серуендеуге шығуы керек. Егер сәби аулаға жүгіре шығып, лай суға құлап қалса, жапондарда жас ана қолын сермеп, балаға ұрсып жекімейді, бірақ, құрақ ұшып көмекке де ұмтылмайды: жайбарақат бақылап қана тұрады. Сәби ақырында орнынан бәрібір өзі тұрады. Жапонияда ата-аналар ешқашан өз балаларының ар-намысына тимейді (әсіресе, ұл балалардың ар-намысына).

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру – тікелей ата-ананың мойнына жүктелген міндет.

Жапон балаларына түстен кейін ұйықтауға қойылған қатаң бір сағат мөлшері жоқ: олар қашан ұйқысы келсе сонда ұйықтайды. Көбінде олар күндіз сәбилер аналарының арқасында таңылған жерінде-ақ ұйықтай береді, есесіне үнемі таза ауада болады.

Жапон отбасындағы жағдай негізінен орнықты. Мұнда ажырасу мүлде болмайды деуге болады. Әлеуметтік зерттеушілердің пікірінше, балалардың 10%-ы ғана отбасындағы тағдырына қатысты налыстық білдірсе, қалғандары өз өміріне дән риза. Жапон отбасында жетекші рөлге ана ие. Балалардың 77,2%-ы өздерін әкелерінен гөрі аналары жақсы түсінетінін, олармен ортақ тіл табысу жеңіл екендігін мойындайды. Бұлай пайымдайтын тек балалар ғана емес. Токио университетінде «Асахи» газеті жүргізген сауалнамалардың нәтижесі көрсеткендей, студенттердің басым көпшілігі ең құрметті адамдар тізімі ішінде аналарын ең жоғары орынға қоятындықтарын білдірген [4, 29 б.].

Бұл елде ата-анаға қол көтеру деген атымен жоқ. Әрине, біздің тәрбиеде де ата-анасына қол көтермек түгiлi дауыс көтерген әдепсiздiк саналатын сол көрегенсiз қылық бүгiнде сирек болса да кейбiр отбасында көрiнiс беретiнi ақпарат құралдарында айтылып жүр. Бұл қазақтың ұлттық болмысына жетпiс жылдан аса отарлықтың зардабының қалай әсер еткенiнiң белгiсi. Мұның сыры неде? Осындайда жапондармен сұқбат құрып бұл феноменнiң түп тамыры, арқа сүйеген тiрегi не деген сауалға жауап алуға ниетiн ауа бередi екен.

Жапонияда көпшiлiк қауымның ықыласына ие болған «Отбасылық ән салу» атты телехабар бар. Онда қатысушылар жеке дауыста да, балалар мен ата-аналары бiрге қосылып та ән салады. Хабардың айтайын деген ойы – отбасының рөлiн көрсету, қандай қиындықта да бiрлiк, ынтымақ алып шығатынына көз жеткiзу. Осындай бiр телехабарларда төрт ұрпақ өкiлi түгел қатысқан отбасын көрсеткенi бар. Шөбереден бастап 100 жастағы әжеге дейiн дауыс қосып, хормен өлең айтудан, сол арқылы кiшiлердiң үлкендерге iзет, құрмет көрсетуiнен артық қандай бiрлiк, бақыт, туысқандық байланыс бар десеңiзшi? Жапониядағы тәрiздi отбасы мүшелерiмен қол ұстасып дөңгелене би билеп жүрiп ән салу т.б. отбасының татулығын насихаттайтын телебағдарламалар бiздiң де ақпарат құралдарымызға жаңа идея салады деген ойдамыз.

Қорыта келгенде, құмнан тау құрайтын еңбекқор жапон халқының ұрпақ тәрбиесiнде де басқаларға ұқсамайтын өзiндiк жолды таңдап алуы, оны жетiлдiруi барысында болашақ ұлт денсаулығын нығайту, сауықтандыруды мемлекет алдында жоғары деңгейге көтеру, сөзсiз басқа елдердiң алдында үлгi болардай тағылым екенiн мойындауымыз керек. Ұрпақ тәрбиесiне қатысты осындай ұстанымдар мен қағидаларды басшылыққа алу оны мемлекет тәрпынан қатаң бақылауға алу, ұлттық сана-сезiм тұрғысынан көңiл бөлгенде ғана сол ел қуатты, халқы мұратты болмақ. Жапондардың тәрбиесiнiң бай мұрасының әлемдiк руханиятта өзiндiк орны бер екендiгi ақиқат.

**Тiрек сөздер:** *тәлiм-тәрбие рух, руханилық, рухани-даму, рухани-адамгершiлiк, салауаттылық тәрбие.*

1. *Жапондар баланы қалай тәрбиелейдi? Педагогика және оқушы психологиясы. – А., - №5, 2012 ж.*
2. *Под. ред. Л.Д. Столяренко. Антропология уч. курс. – М.-Ростов-на-Дону, 2008.*
3. *Жапондардың бала тәрбиесi. – Түркiстан - №49(232) 9-15 желтоқсан, 1998 ж.*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**А.Е. Манкеш – п.ғ.д., проф.,**

**А.Т. Хаджимова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1 курс магистранты**

### **Резюме**

В своей статье автор подчеркивает, что в духовно-нравственном воспитании школьников первостепенное значение имеет духовная атмосфера школы, и учитель, владеющий самыми современными методиками, который может раскрыть духовно-нравственные начала у своих воспитанников. Следует не только передавать ученикам знания, но и формировать высокую внутреннюю культуру, светлые, добрые, нравственные человеческие качества.

### **Resume**

In his article the author emphasizes that in the spiritual and moral education of the primary school children is the paramount spiritual atmosphere of the school and the teacher, who owns the most modern methods, which can reveal the spiritual and moral principles in his pupils. It should not only pass on knowledge, but also formation of high internal culture, bright, kind, moral, human qualities to pupils.

Бүгінгі таңда білім беру мәселелерінде адамның дамуындағы тұлғалық қасиеттерге, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға аса мән берілуде. Ұлттық деңгейде жалпы орта білім беруде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріне белсене атсалысатын жеке тұлғаны тәрбиелеу міндеті қойылуда. Әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруі мектептен жаңа заманға сай бейімделген тұлға тәрбиелеуді талап етеді [1]. Әсіресе бастауыш мектеп буынынан бастап рухани-адамгершілік құндылықтарына баулу аса маңызды. Бастауыш мектеп мұғалімінің қызметінің де басты мақсаты оқушылардың бойындағы адамгершілік қабілеттерін жетілдіру мақсатында білім берудің белсенді әдістерін тиімді пайдаланып, оқушылардың танымдық белсенділіктері мен бастапқы адамгершілік қасиеттер туралы ұғымдары мен көзқарастарының қалыптасуына ықпал ету.

Бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру тез арада жедел бола салмайтын, біртіндеп және жоспармен, мақсатты түрде жүзеге асырылатын өнегелі тәлім мектебі. Бұл орайда оқу мазмұны, оқулықтағы деректер мазмұны, оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері, жаңа оқыту технологиялары, оқыту үрдісінің материалдық-техникалық базасы ғана емес, үлкен әріппен жазылатын Ұстаз есіміне лайықты мұғалімнің жеке өнегесі, әдебі, тәлімі, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы да үлгі бола алады [2]. Бастауыш сынып оқушыларының бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ету үшін мұғалімнің бойында қандай тұлғалық және кәсіби қасиеттер болуы керек деген сауалға келсек, Г.И. Щукина осы мәселелерді зерттей отырып, басты қасиеттер қатарында: мұғалімнің білімінің, кәсіби шеберлігінің жан-жақты болуын атап көрсетеді, тек осы жағдайда мұғалім дидактика талаптарына сай адамгершілік-рухани мазмұндағы талаптар мен тапсырмаларды лайықты ұсынып, оны біртіндеп жүйелі түрде күрделендіріп отырады; мұғалімнің өз кәсібіне деген құрметі мен адалдығы, бұл өз кезегінде оқушыларды таза адами ізгі қасиеттерге баулуда маңызды; оқушылармен қарым-қатынаста өзара толық сенім мен жауапкершілік. Бұл сыныпта ұнасымды ахуал, тату ұжым қалыптастыруға негіз болады; өзіне, өзінің кәсіби әрекетіне деген сенім мен жауапкершілік, бұл оқушылардың бойында өздеріне деген сенімдерін қалыптастырады [3]. Бастауыш сынып оқушылары үшін мұғалімнің беделі мен тұлғасының маңызы зор. Бала мұғалімнің айтқан сөзінен бастап, оның жүріс-тұрысына дейін еліктейді, оған барлық жағдайда ұқсағысы келеді, осы баладағы қызығушылық пен еліктеуге құмарлық қасиеттерін ұтымды пайдаланып, бала бойында жауапкершілік, ұқыптылық, еңбексүйгіштік, жинақылық, тәртіптілік сияқты сапаларды тәрбиелеуге мүмкіндіктер мол. Бастауыш сынып оқушылары үшін мұғалім мен ата-аналар тарапынан болатын мадақтау мен бағалау сөздері аса қажет. Бала әрекеттері мен тапсырманы орындау нәтижелерін көтермелеп, бағалап отырса, баланың өз ісіне деген мақтаныш сезімі, өздік көзқарастары қалыптаса бастайды. Бастауыш сынып оқушыларына берілетін тапсырмалар мен шаралар қатал түрде емес, көп жағдайда өтініш пен тілек түрінде болуы керек, ал бірсарынды және қатал талап болған жағдайда балада ересек адамның тапсырмасын орындай аламын ба деген қорқыныш пен үрей сезімі болуы мүмкін. Сондықтан бала жаны нәзік болғандықтан, олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тәрбие тұжырымдамасында: «Бастауыш мектептің өзінде баланың танымдық және психологиялық мүмкіндіктерін жетілдіріп, адамның күнделікті өмірінде білім алудың қаншалықты маңызды екеніне көзін жеткізу қажет. Бала бастауыш мектепті бітірген кезде төңірегіндегі оқиғалар жайындағы әсерін қисынды да жүйелі баяндап, жанындағы адамдармен

ешбір қиындықсыз белсене қарым-қатынас жасауды үйренуге, алған білімін түсініп, өмірде қолдана білуді талап ететін дағдыларды толық игеруге тиіс» – деп жазылған. Бастауыш мектеп кезеңінен бастап рухани-адамгершілік құндылықтардың маңызын ұғындырып, оған баулу қазіргі заман талабы және адамгершілік тәрбиесінің міндеттері қатарынан саналады. Бастауыш сыныптарда баланың негізгі іс-әрекеті сабақ барысында орындалғандықтан, оқу іс-әрекетінде оқушылар адамдар мен олардың еңбегі, қоршаған орта мен табиғат, жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы ұғымдары қалыптаса бастайды, олар туралы мәліметтермен танысады.

Рухани-адамгершілік құндылықтар туралы мәселеде, алдымен осы құндылықтардың мәні, мазмұны туралы талдауларды қарастыратын болсақ, адамгершілік ұғымы-бұл қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін моральдық ұғым ретінде қолданылады. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтары ретінде оның адамгершілік келбеті мен сезімі, адамгершілік түсініктері мен мінез-құлқы қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік қасиеттері мұғалім мен ата-аналарына еліктеуі барысында, ересектердің тапсырмаларын орындауы барысында қалыптаса бастайды. Ал, руханилық ұғымының мәні адамгершілік ұғымымен аралас қолданылады, философиялық сөздіктерде руханилық ұғымы адам болмысының ерекше белгісі, адами іс-әрекеттердің қалыпты үлгісі деңгейлерінен биіктеу тұратын адамның ой-санасы менішкі дүниесіне тікелей ықпалы бар қасиеттер ретінде түсіндіріледі.

Рухани-адамгершілік құндылықтар жалпы адамзаттық құндылықтар өлшемі болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту үрдісінде олардың жақсы мен жаман туралы ойларын, пікірін біліп, жақсы әдеттерін қолдаудың өзі балаларды жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу әліппесі болса керек. Бастауыш сынып оқулықтарындағы мәтіндер мазмұны бойынша оқушылардың рухани ішкі жан дүниесін байытып, адамгершілік сезімдеріне қозғау салып, оларды қайырымдылық, ізеттілік, сыпайылық, үлкенге құрмет, кішіге бауырмалдық, достық, адалдық т.б. адамгершілік қасиеттерге баулуға болады [4]. Бастауыш сыныптардағы ана тілі, қазақ тілі, дүние тану, бейнелеу өнері т.б. сабақтардағы оқу материалдары оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын танып білуге бағытталады. Оқулық мазмұны бойынша елге еңбегі сіңген, өнегелі өмір сүрген айтулы тұлғалардың, ғалымдар мен майталман өнер иелерінің ғибратты өмір жолдары мен қайраткерлік шығармашылық ғұмырларын талдау, олардың адамгершілік қырларын талдап, үлгі ету арқылы оқушылардың тұлғасының рухани-адамгершілігін дамытуға болады. Осы биік тұлғалардың адами болмыстарын үлгі ете отырып, балғындарды өзіне, ата-анасына, бауырларына, туыстары мен достарына, оның көмегіне мұқтаж бейтаныс жандарға да қол ұшын беріп, жақсылық жасауға баулу олардың рухани дамуларына ықпал етеді.

Оқыту мен тәрбиелеу өзара тығыз байланыстағы үрдіс болғандықтан, оқушы оқыту үрдісінің мақсаты мен талаптарына орай өзінің іс-әрекеттерін бақылап, ойланып, ұнамсыз әдеттер мен дағдылардан біртіндеп арыла бастайды. Баланың оқулықтардан алған мәліметтерді талдауы, түсінуі және қабылдауы нәтижесінде адамгершілік тәжірибелері жинақталып, олар өз ойлары мен сөздерін саналы түрде бағалап, батыл қадамдарға барады. Балалар алғыр, батыл, тілалғыш болғылары келіп, соған тырысады. Бұл орайда, әсіресе ана тілі сабағындағы мәтіндер, өлеңдер, ертегілер мен жырлар, жұмбақтар мен жаңылтпаштардың әсері зор. Ы.Алтынсариннің әңгімелері, мысалдары мен аудармалары, Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінің, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ш.Жәрім қажы, М.Дулатовтың ағартушылық ой-пікірлері мен рухани мұраларының тәлімдік маңызы бар. Сондықтан ана тілі пәнінің бастауыш сынып оқушыларын рухани-адамгершілік құндылықтарға баулудағы мүмкіндіктерін атап айтуға болады. Ана тілі сабағындағы бағдарламалық мәтіндер дүниедегі жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен ізгілік, өмірдің негізгі адамгершілік қағидалары туралы білім береді, осы арқылы бастауыш сынып оқушыларының рухани дүниесі байып, олардың тұлғасының адамгершілікке толы ниеті мен пейілі қалыптасады. Ана тілі пәні балғындарды ақ сүтін беріп өмірге әкелген туған анасын сүюден бастап, туған елі мен жерін, қасиетті ордасы Отанын сүйіп, ардақтап, оны қорғауға дейінгі қастерлі сезімдерге жетелейді. Ана тілі пәнін адамның адами болмысын, ұлттық ойданы мен адамгершілігін тәрбиелейтін пән деп айтуға болады. Әсіресе, ұлттың өткені мен замана шежіресі, еліміздің тарихы туралы мәтіндерде халқымыздың тарихында есімі ел жадында жаңғырып қалған ұлы тұлғалардың болғаны (Абылайхан, Райымбек батыр, Наурызбай, Бөгенбай, Қабанбай батырлар, Исатай мен Махамбеттей ерлер, Бұқар жырау, Құрманғазы мен Динадай дәулескер күйшілер т.б.) Олардың қазақ халқы мен қазақ жері үшін жан аямай өткен күреске толы ғұмырлары, бір сүйем жер үшін төккен қаны, ұлтымыздың мәдениеті мен өнеріндегі іздері, халқымыздың салт пен дәстүрі туралы мәтіндер оқушылардың санасына орнығып, жүректерінде бекіп олардың рухтарын оятады. Туған әдебиет пен өнердің танып, олардан сусындап өскен жас ұрпақтың туған елін жанымен сүйетін елжанды, айбынды ұрпақ болып қалыптасары сөзсіз. Сондықтан бастауыш сыныптардағы оқыту үрдісінде оқушы тұлғасының рухани-адамгершілік қырларына мән беріп, олардың әдебін, танымын,

шығармашылық қабілеттерін де шыңдап отыру маңызды. Оқушыларды оқыған шығармаларын, ондағы басты кейіпкерлердің іс-әрекетінің жағымды жақтарына көңілдерін аударып, жақсы мінездерін талдауға үйретсе баланың өзіндік пікірлерін айта білуі дамиды. Оқулықтағы дайын мәтіндермен қоса қосымша дидактикалық материалдарды қолдану, дидактикалық тапсырмалар мен ойындарды қолдану, лингвистикалық жаттығулар бала қиялын самғатып, жақсыны білмекке дегенталабын ұшқырлап, жан сезімін байытары даусыз. Бастауыш сынып мұғалімі оқыту үрдісінде оқушының ойы мен сезіміне әсер ету жолдарын іздестіріп, әдістер мен тәсілдерді тиімді қолданса, оқушылардың оқуға ынталары артып, өз кезегінде ұстаздың да кәсіби шеберлігі шыңдала түсері анық [5].

Бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың маңыздылығы айқындала түсуде, өйткені баланың бойындағы адамгершілік қасиеттер мен рухани жан дүниесі оның жеке тұлға ретіндегі жан-жақты қалыптасып, жетілуінің алғы шарттары қатарынан саналады.

1. ҚР жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. – Алматы, 2002.

2. Мажаренко О.С. Профессиональная подготовка будущего учителя начальных классов к решению дидактических и методических задач. Автореферат к.п.н. – Луганск, 2010.

3. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М.: Просвещение, 1987. – с. 93-96.

4. Харчев А.Г. Формирование ценностных ориентации школьников. – М., 1992 – 192 с.

5. Крымский С.Б. Контуры духовности. Новые контексты индивидуальности // Вопросы философии. 1992 г. - №12 – 213 с.

## **МУЗЫКАНЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ**

**Р.Қ. Қарсыбаева – п.ғ.к., аға оқытушы, ҚазМемҚызПУ**

### **Түйін**

Бүгінгі мектеп өміріндегі басты мақсат әр оқушының танымдық қабілетін дамыту болса, шығармашылық қабілетті дамытуда музыка мен өлеңнің орны ерекше. Жағымды әуен тыңдағанда кез-келген кеудесінде сәулесі бар адам тыныштыққа бой алдырып, бейбітшілікке, сүйіспеншілікке берілетіні белгілі. Шығармашылық қабілет ой мен қиялдың еркіндігінде, ізгілікті ортада дамиды. Ғалымдар музыканың шығармашылыққа дем беретінін, сондықтан балалар сурет салумен, жабыстырумен, әдеби шығарма жазумен шұғылданғанда музыка қосып қоюдың пайдалылығын айтады.

Оқушы шығармашылығы дегеніміз – ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда ойлау үрдісін біріз-ділікпен шығарып, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп, өзін-өзі дамытатын белсенді ой еңбегі.

### **Резюме**

В этой статье рассматриваются философская сущность и психологические особенности творческой деятельности. Автор в данной статье описывает пути формирования творческой деятельности у детей начального класса в учебно-воспитательном процессе. Автор указывает важность музыки в жизни человека, а также необходимости в духовном развитии личности. А также рекомендует музыкальные методы для формирования творческой деятельности у детей начальных классов. В эксперименте показывает пути использования этих методов, в учебно-воспитательном процессе.

### **Summary**

In this article the philosophical essence and psychological peculiarities of creative activity is considered. The author in this article describes ways of formation of creative activity of children at nursery school in teaching and educational process. The author specifies importance of music in human lives, and also need for spiritual development of the personality. And also recommends musical methods for formation of creative activity of children at nursery school. The experiment shows ways of use of these methods, in teaching and educational process.

Шығармашылық оқытудағы тұлғаның бағдарлық қарым-қатынасы оқушылардың қоршаған ортаға эмоционалды-құндылық қарым-қатынастарын қалыптастыруға бағытталған іс-әрекетінен аңғарылады. Шығармашылық іс-әрекетке бағытталған сабақтар қолданыстағы сабақтардың жаңа сапалық деңгейдегі түрі болып табылады. Мұнда мұғалім оқу материалын түсіндіру әдістемесін шығармашылық іс-әрекетті қолдану әдістемесімен ұштастырады және оқу үдерісін жоспарлағанда шығармашылық әрекетті қажет ететін тұстарын анықтап алуы қажет.

Оқыту үдерісінде мұғалімнің шығармашылық мазмұндағы іс-әрекет туралы терең жан-жақты білімі, кәсіби шеберлігі мен жаңашылдығы барынша үйлесімділікпен шоғысып, жымдасып жатса, оң нәтижелер беретіні даусыз.

Шығармашылық іс-әрекет нәтижесінде оқушылардың танымдық қызығушылығы қалыптасады және танымдық қызығушылықтың дамуы, оқушыларды өз кезегінде шығармашылық әрекетке ұмтылдырады. Шығармашылық іс-әрекетке деген оқушылардың ынтасы белгілі бір дағдылар мен қабілеттіліктерді қажет етеді. Сондықтан, үйрену барысында белгілі бір дағды мен қабілет қалыптасуы арқылы танымдық қызығушылық пайда болады.

Шығармашылық әрекет барысында оқушылардың өз алдына мақсат қойып, соған ұмтылуы, тырысу, көп білуге құштарлық сияқты т.б. жеке бас қасиеттерінің қалыптасуына оң ықпал етеді, шығармашылық қабілеттерін көрсете алуына мүмкіндік береді. Шығармашылық бағытындағы оқу шаралары тұлғаның жеке бас мүмкіндігі мен қабілетіне қарай үйренуге тиесілі білім ауқымын кеңейтеді, танымдық қабілеттерін нығайтады. Оқушының жеке психологиялық ерекшелігі ретінде қабілеттілікті дамытудың маңызы зор, өйткені қабілеттілік жалаң білім мен дағды емес, сонымен қатар оқушының соны тез игеру жолындағы ептілігі мен табандылығы.

Қабілеттің дамуы үшін, ең алдымен оқушының алдында талап болуы керек. Талап, құлшыныс болмаған жерде қабілет те дами алмайды. Қабілет әр оқушыда түрліше болып келеді. Кейбір оқушының ойлау жүйесі мен зерделеу деңгейінің өзге тұрғыластарынан жоғарырақ тұратыны шындық.

Оқушылардың оқуға деген бейімділігі мен икемділігі бала күнінен қалыптаса бастайды. Оқу және еңбек үстінде ол әрі қарай нығаяды. Дарындылық «оқу» (репродуктивті) және «шығармашылық» болып екіге бөлінеді. Бұл екеуі егіз ұғым секілді. Өмірді танып білу әдетте, оқып үйренуден басталады. Сонан соң адам сол алған білімін шығармашылықпен пайдалануға қоғамға пайда келтіруге ұмтылады. Яғни, оқушы бір деңгейден екінші деңгейге көтеріліп, әрі қарай толыса, кемелдене түседі. Баланың айнала қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі көбінесе өзі үлгі тұтатын мұғалімдер мен ата-аналары болғандықтан, ересектердің бала қабілетінің дамуындағы ықпалы зор.

Дамудың жас кезеңдері барысында әсіресе балалық шақтағы ерекшеліктері мол Қ.Жарықбаев «Оқу-тәрбие үдерісінде қабілет, білім, дағды, ептілік сияқты психологиялық ұғымдарды өз мәнінде түсіне алмау – мұғалімдерді педагогикалық қателерге ұшыратуы мүмкін» – деп көрсетті [1, 325 б.].

Шығармашылық іс-әрекет – үнемі білімдер мен ептіліктерді жаңа жағдайға өткізу болып табылады, білім неғұрлым өз бетінше жүзеге асса соғұрлым бұл ілімді қолдану шығармашылық сипатта болады.

Шығармашылық іс-әрекетке тән басты белгілерге тоқталсақ: таныс объектіден жаңа функция көре білу, зерттеуге жататын объектінің құрылымын көре білу, альтернативті шешімді көре білу, және оны іздестіру, мәселені шешудің бұрынғы танымал тәсілдерін жаңа тәсілге қиыстыру, басқа танымал шешімнің айрықша тәсілін білу болып табылады.

Балалардың шығармашылық іс-әрекетінің белгілері барлық балаларға тән ақыл-ой ерекшелігі ретінде ерте жастан-ақ байқалып, ақыл-ой жоғарылығымен айқындалады. Бастауыш мектепте оқушылар мұғалімнің талабын тиянақты орындауға құлшынып, ниеттенеді. Бұл сенімді орындаушылық көп жағдайда меңгерушілікті жүзеге асырады. Осыған орай бастапқы үйренудегі еліктеушілік баланың интуициясына, оның өзіндік инициативасына сүйенеді.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың қабылдау мүмкіндіктерінің мол болуы, сөздік ойлауға қажетті алғы шарттың болуы, ақыл-ой белсенділігінің бағыттылығы – психиканың дамуы мен баюы үшін қайталау, іштей шешім қабылдау, жағымды жағдай құрудан тұрады.

Шығармашылық белсенділіктің даму барысы балалардың жас ерекшелік мүмкіншіліктеріне және іс-әрекет сипатына байланысты Л.С. Выготский өз зерттеулерінде оқу мен тәрбие дамуды өзімен бірге сүйреп жүретін және дамудың алдында ілгері жүру деп оқу мен тәрбиенің негізгі ролін көрсетті [2, 37 б.].

Білімдерді меңгерудің екі жолы бар, олардың әрқайсысынан таным процестерінің сипаты анықталады. Бірінші жағдайда жаңа білімді өз бетінше алуға әкеп соғатын іс-әрекеттің белсенді қалыптасуына бағытталған: баланың заттар арасындағы байланысты байқауынан бастап бұрын ешкімге танымал болмаған заңдылықтарды көрсету және алдыңғы өнер табыстарына дейінгі жаңа білім. Екінші жағдай – дайын бейнелер мен этолондарды меңгеруге құралатын қайта жаңғырту іс-әрекетіне бағытталған. Шығармашылық іс-әрекет өлшемі жағдаяттың жаңалығына, жаңадан қайта жасап шығару құралдары мен тәсілдеріне, алынған нәтиженің айрықшылығына байланысты болады.

Таным процесінің творчестволық бағыты – жеке адам өзінің шығармашылық мүмкіншіліктерін көрсетуге қажетті негізгі жағдай ішкі танымдық түрткі болып табылады. Жеке адамның шығармашылық мүмкіншіліктеріне: шығармашылық процестің ізденіс механизмі, мәселені айқындау мүмкіншіліктері, айрықша шешім іздестіру, образды ойлау, өзіндік реттеу жатады. Мұның бәрі қиял бейнелерінен туындайтыны белгілі. Олай болса, шығармашылық қабілеттің дамуы – шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды жүзеге асыру қиялдың негізінде жасалады.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық бағыттағы ойлауы мен іс-әрекетінің шығармашылық жоспарлау ойын, шығармашылық сананың қалыптасуы деп те түсінуге болады. Оқушыларды шығармашылыққа баулу олардың жеке қасиеттеріне сүйене отырып басқару, олардың бағдары мен қажеттігіне ықпал ету қажет. Жалпы даму бағыттары қатарында интеллектуалды, логикалық және шығармашылық дамуда шығармашылықтың алатын орны ерекше.

Оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру қажеттігі, ең алдымен, қоғам талабынан туындайды.

Шығармашылық іс-әрекеттің бірінші сатысында шығармашылық көңіл-күйдің туындауы, екінші сатысында оқиға образ жасаудың стратегиясы пайда болатын кезеңде шығармашылық қиял, шабыт, үшінші сатысында – сын, дәлелдеме сатысы.

Бұл бағытта оқытудың мазмұны мен мақсатын оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, яғни креативтік бағытты дамыту зор мәнге ие.). Бұл орайда, оқушылардың шығармашылығын дамытудың мазмұн, формасы, әдістемесі қандай? «Сен ертегі жаз!», «Мына бала өлең шығарсын» деген жалаң нұсқаумен барлық оқушыны шығармашылыққа жұмылдыруға бола ма?

Психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жаста шығармашылық іс-әрекетке баулуға өзек болатын өзіндік ерекше қабілет, бейімділік тән, бұл орайда жас кезеңінде жан-жақты түрде балаларды шығармашылыққа баулу аса маңызды.

Оқушы шығармашылығы дегеніміз – ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда ойлау үрдісін бірізділікпен шығарып, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп, өзін-өзі дамытатын белсенді ой еңбегі. Осындай еңбектің негізінде білім игеруге, оқуға, оқи білуге, тәрбиелеу білім беру үдерісінің негізіне айналса, баланың жан-жақты дамып, шығармашыл тұлға болып жетілуінің негізі болады.

Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты ізгілікті тұрғыда орнатып, бала жанымен үндестікке қол жеткізуде Ш.Амонашвилидің кеңесін басшылыққа алуға болады. Ол: «педагогикалық үдерісте баламен тіл таба білу, балаға өз ойын, өз пікірін айтуға, оқушының да өзіндік талғамына құрметпен қарау, көңілдегісін айтуға мұрсат беру тәрбиешіден педгогтық жоғары мәдениетті, шеберлікті талап етеді. Баламен қарым-қатынаста бала жанының қозғалысы, нәзік иірімдері ұстаз жанының қозғалысымен үйлесім тапқан кезде ғана бала өз бойындағы шығармашылық дарынын ашады, ал мұғалім өзінің шығармашылық іс-әрекетінің жемісін көруге мүмкіндік алады. Яғни оқушы шығармашылығы мен мұғалім шығармашылығы ұласып кетеді. Бұл рухани тұтастыққа қол жеткізу болып табылады», – дейді [3,18-21 б.].

Бүгінгі мектеп өміріндегі басты мақсат әр оқушының танымдық қабілетін дамыту болса, шығармашылық қабілетті дамытуда музыка мен өлеңнің орны ерекше. Жағымды әуен тыңдағанда кез-келген кеудесінде сәулесі бар адам тыныштыққа бой алдырып, бейбітшілікке, сүйіспеншілікке берілетіні белгілі. Шығармашылық қабілет ой мен қиялдың еркіндігінде, ізгілікті ортада дамиды. Ғалымдар музыканың шығармашылыққа дем беретінін, сондықтан балалар сурет салумен, жабыстырумен, әдеби шығарма жазумен шұғылданғанда музыка қосып қоюдың пайдалылығын айтады.

Қазақ даласы сан ғасырлар бойы, ән мен жыр тербеген дала. Біздің халықтың ерекшелігінің бірі, рухани жан азығын бала санасына сәби кезінен-ақ бесік жыры арқылы береді. Ұлы Абай атамыз, «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денен» – деген. Адамзат баласы оның ішінде қазақ баласы жанына түскен қайғыны да, қуанышты да ән арқылы жеткізіп отырған. Оған біздің баға жетпес фольклорлық салт-дәстүр жырларымыз куә. Яғни дауыс адамның ішкі жан-дүниесінің сыртқа шыққан жанғырығы сияқты. Қазақтың фольклорын зерттеген ориенталист ғалым

Г.Н. Потанин: «Қазақты Автономия қылсақ, ұлын қызын оқытсақ Қозы Көрпеш – Баянды шығарған Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Европа сонда білер еді» – деп армандаған екен.

Кешегі қазақ даласын асыл сөз, әуелі әнімен әлдилеген ауыл-ауылды аралап ән салып, күй шерткен сал-серілер ақын-жыршылар сол заманның музыка мәдениетін ауыздан-ауызға таратушылар болғаны белгілі.

Қазақ даласы ән салып тұр, қазақтың алты жасар баласынан бастап, алпыс жасар қартына дейін жанынан өлең шығарады – деп баға берген де Шоқанның досы Г.Н. Потанин еді. В.В. Радлов «Қазақтардың ауызекі сөйлесіп отырғанының өзінде сөйлеген сөздері ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таңғаласын деді [4, 81-83 б.].

Дарынды балаларға арналған музыка мектебінде бастауыш сынып оқушыларының сапалы ерекшеліктерін жай мектеп оқушыларымен салыстырғанда байқағаным, олардың сабақты тез қабылдаулары, тез байқағыштық, ойларын жинақтай қоюы сияқты қасиеттерімен ерекшеленіп тұратынына көз жеткіздім.



Олардың тыныштықты, ерекше мейірімділікті сүйетіндері көрініп тұратын. Дарындылықтың белгісі де осылай көрінеді ма деймін. Сабақта қырсыз, тақтаға шығуға ұялатын балалардың өз аспаптарында еркін беріле ойнап тұрғанын көргенде, еріксіз іштей бағалап, сол оқушы туралы пікірін өзгеріп шыға келетіні де сөзсіз.

Бұл жөнінде жан-жақты кемел оқымысты әл-Фараби: «Музыкалық әуендер жақсы мінез-құлық машықтарын, адамның қоғамдық мұраттарын қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Музыка мен ән адамдарда эстетикалық сезімдерді туғызу арқылы кісінің өзін-өзі тәрбиелеуіне, бойдағы нашар қасиеттерден арылуына ықпал етеді» – деп тамаша атап көрсеткен [5, 37-39 б.].

Ұлтымыздың перзенті Ж.Аймауытов «Өмірге адамның ешнәрсеге қабілетсіз болып келуі болмайтын құбылыс. Тек сол бар қабілетті жақсы, пайдалы жаққа тәрбиелей білу керек», – деген. Бірақ қанша қабілетті, дарынды болып туса да, оның айналысқан ісін қадғалап, жетілдіріп отырмаса, ол сөнбек, өлмек [6, 17-19 б.].

Шығармашылық қабілетті дамытудың сабақ беру әдістемесімен бірге пайдаланатын бірнеше түрі бар:

**1.** Жай ғана тыңдау (бұл әдіске классикалық музыкаларды пайдалану тиімді).

Бұл әдіс баланы қақитып отырғызып қоюдың тәсілі емес, бір мезет баланың жан-дүниесі музыкамен астарласып, демалуы. Көздерін ақырын жұмып отырып бақытты балалық шақтарының бір бейнесін естеріне түсіру, елестету, соны айта білу.

**1.2.** Жағымды ойлар тізбегін құрау. Бұл әдіс оқушыларды жалпы адамзатқа деген ізгілік тілеуші ретінде қалыптастырады. Мұғалім қасында отырған көршінің немесе досының тек жақсы қасиеттерін атауын сұрайды. Әншейінде төбелесетін бала енді осы өзі айтып отырған жақсы қасиеттері үшін оған басқаша, бауырмал көзбен қарайды.

**1.3.** (Топтық жұмыс) Сахнада ойнау. Сахнада ойнау жалпы балалар үшін өте ерекше әсер береді. Олар образға қызығушылықпен кіргендіктен әңгіме желісі шынайы шығатын. Ол үшін оқушылар бірнеше топқа бөлінеді. Әр топқа әңгіме желісі бойынша тапсырмалар беріледі. Мысалы: 2 сынып. Ана тіліндегі «Бала Тұрар» әңгімесі.

1-топқа: Әңгіменің мазмұнын айту;

2-топқа: Сахналық көрініс;

3-топқа: Суретін салу; Атамырза мен Тұрарға мінездеме беру;

Осы сабақты өткізу барысында Екінші топтың әңгіме желісіндегі Тұрардың көйлегінің жеңіндегі жамауды аяқ астынан дәптердің парағынан келтіріп жасауы сахналық көріністі дәл, анық шынайы образға кіре отырып көрсетулері, мені қайран қалдырғаны есімде.

Шығармашылықтың түрткісі шабыт болса, шығармашылық кезінде сол туындаған іс-әрекетті шешу үшін алдымен зейіннің тұрақталуы қажет болмақ. Соның нәтижесінде жаңа нәрсені табу, жасау жолында адам бойында әртүрлі процестер оянады. Олар: ой, қиял, ес, елес, ойлау, сөйлеу. Демек, зейіннің алдына қойған іске тұрақталуы, ойдың да белсенді қызметі болмақ.

Қазақтың тұңғыш психологы, ғалым, академик Т.Тәжібаев «Егер зейін болмаса, заттарды, құбылыстарды жақсылай, толығырақ, ашығырақ қабылдауға, оларды санамызда сәулелендіруге болмас еді» – дейді [7, 235 б.].

Оқушы қабілеттері екі түрлі жолмен дамиды, бірінші, оқу әрекетінде, екінші, шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінде бала (оқулық) нұсқаған затты шешеді, ал шығармашылықта кездескен проблеманы шешуге өзінше талпыныс жасайды. Мысалы: Оқушыларға берілетін шығармашылық тапсырмалардың бір-екеуіне тоқталсақ:

**1.1.** Әңгіме бойынша сурет салу.

*Желсіз түнде жарық ай,*

*Сәулесі суда дірілдеп.*

*Ауылдың жаны терең сай,*

*Тасынған өзен гүрілдеп. – (Абай)*

Осы өлеңді хормен жайлап айтып болған соң, енді осы мезгілдің суретін салуды сұраңыз... Сондағы олардың ішіндегі сөз бен істің үйлесімділігін көрсеніз. Елестерінің қиялының байлығын көріңіз. Бұл көріністе қай мезгіл көрсетілген? Ойыңызға не түседі? – деген сұрақпен жандандырыңыз.

**1.2.** Табиғаттың сұлулығы бейнеленген суретті көрсетіп іліп қойыңыз.

1. Суретті мұхият қарасын (зейін тұрақталу керек).

2. Оқушыларға берілетін сұрақтар, дәл, нақ, жүйелі болсын.

Егер, оларда аздаған болса да жинақталған тәжірибе болса, бұл суретке қарай отырып, оқушы өз ойын толықтыру мақсатында ақындардың өлеңін қолдануы мүмкін. А.Құнанбаевтың төрт мезгілге жазған өлеңдерін не, І.Жансүгіровтың «Жаз» өлеңін оқитыны сөзсіз.

**3.1.** Проза және өлең шығару. Бұл әдіс музыка немесе ән тындау кезінде баланың әсіреленуінен туатын құбылыс. Кейбір оқушыларға осы әсерлерін суретпен емес, сөзбен жеткізу оңай болғандықтан, өлең жазуға талаптанулары байқалады. Мүмкін ол сіз ойлағандай тамаша өлең болып шықпауы да мүмкін, дегенмен ол оқушының жүрегінен туғандықтан бағалы болмақ.

Осы айтылған музыкалық тәрбиенің қай әдістерін алсаңыз да, мақсаты: баланың танымдық, шығармашылық ерекшеліктерін жетілдіру.

1. *Жарықбаев Қ. Жантануға кіріспе. – А.: Дарын, 2005.*
2. *Выготский Л.С. Собрание сочинений. – М., 1984.*
3. *Амонашвили Ш.А. Мектепке алты жасстан. Педагогикалық ізденіс. – А.: Рауан, 1990.*
4. *Сейдімбек А. Қазақ әлемі – А.: Санат, 1997.*
5. *Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар. – А., 1975.*
6. *Жарықбаев Қ. Ж.Аймауытовтың психологиялық көзқарасы. – А.: Білім, 2000 ж.*
7. *Тәжібаев Т. Жалпы психология. – А., 1993.*

## **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ РӨЛІ**

**Б.З. Абусейтов** – п.ғ.к., доцент, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются роль национальных игр в формировании личности подростков. Национальные игры являются основой физических упражнений и подготовки подростков как личности.

### **Summary**

The article deals with the role of the national games in formation of the personalities of the teenagers. The national games are base of the physical exercises and preparation of the teenagers as personalities.

Бүгінгі таңда өсіп келе жатқан жас ұрпақтарымыздың жан-жақты қалыптасып өсіп-өнуіне жағымды әсер етуші факторлардың бірі – ол ұлттық ойындар болып табылады.

Көне заманнан бері жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, бізге мирас болып жеткен және біз қарастырып отырған ұлттық ойындарды қазіргі таңда біздің жас ұрпақтарымыздың өмір жолына енгізу және де бұл мәселені білім беру аясында баланың жан-жақты болып өсуіне жақсы әсер ететінін көрсете отырып оны жүзеге асыру көп зерттеулерді талап ететін өзекті тақырыптардың бірі болып саналады.

Еліміз тәуелсіздік аясында қалыптасып бүкіл дүниежүзілік саяси аренадағы орны жоғары дәрежеге көтерілу сәтінде, жасөспірімдердің жан-жақты дамуы, оның ішінде қимыл-қозғалыс дағдылары, шапшаңдық, төзімділік қасиеттері мен ұлттық санасының өсуіне көп міндеттер жүктелуде. Соның үшін бүгінде жасөспірімдердің денсаулығына байланысты жасалып жатқан жұмыстарға бағыт бағдар беруші құжаттарға Қазақстан Республикасының Конституциясы, Білім беру туралы Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы болып табылады [1].

Дене шынықтыру қозғалысы, дене тәрбиесінің қазіргі заманға сай жүйесі салауатты өмір салтын жүргізуге, жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуға, олардың жұмыс қабілеттілігін, Отанды қорғауға дайындығын күшейтуге, жоғары өнегелі қасиеттерді, ұлттық рух сергектігін, күш-жігер мен төзімділікті қалыптастыруға, дені сау және жарқын жас ұрпақты тәрбиелеуге мүмкіндігінше жағдай жасауға үнделген. Бүгінгі жастар жан-жақты білімді ғана емес, сондай-ақ рухани сұлу, денсаулығы мықты, шыныққан болуы керек. Себебі, жеке тұлғаның жан-жақты дамып жетілуі, қоғамда тіршілік етуі қимыл іс-әрекеттер барысында жүзеге асады. Бұл іс-әрекеттерді жүзеге асыруда дене тәрбиесіндегі ойындардың орны ерекше. Жасөспірімдердің психикалық даму барысында ойын әрекетінің тәрбиелік маңызы бүгінгі таңдағы тәлім-тәрбие психологиясының көкейкесті мәселелерінің бірі. Ойын жаттығулары барысында жасөспірімдердің жеке тұлғасымен ой-өрісі дамиды және айналасын қоршаған табиғат құбылыстарымен таныс болады.

Жасөспірімдерге ұлттық ойындарды үйрету арқылы денесін шынықтыру, ұлттық ойындардағы қимыл-қозғалыс әрекеттерінің бала өсуіндегі ролін ғылыми-әдістемелік тұрғысынан зерттеу болып табылады. Ұлттық ойындардың дене тәрбиесіне тигізетін әсерін дұрыс түсініп, оны ғылыми тұрғыдан зерттеу 1830 жылдары қолға алынды. Ғалым психологтарымыз жасөспірімдердің өміріндегі ұлттық ойындардың алатын орнын анықтап, олардың жан-жақты қалыптасу шеңберінде ұлттық ойынның маңызын ашты. Олар ұлттық ойын – жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс әрекетінің бірі екендігі және өсіп келе жатқан баланың ой-өрісін бақылау сияқты ғылыми дәлелдеулер мен анықтаған.

Белгілі ғалымдарымыз ойынды бала – өмірінде тұқым қуалаушылықтың негізінде пайда болатын, жас төл секілді, өздерінің денесі арқылы берілетін инстинкті жаттығу арқылы өз бойына орнықтыра отырып, өмір сүруге әзірлену деп түсіндіреді [2].

Қазіргі қоғамда балалардың дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды пайдалану үлкен әлеуметтік мәнге ие. Дене тәрбиесі мен ұлттық ойын түрлерін үйлесімді ұштастыру баланың денесін шынықтыру жұмыстарында қажетті құрал болып табылады. Ғылыми зерттеулердің негізгі тұжырымдамаларын қарастыратын болсақ жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуда ұлттық спорт ойындарын белгілі бір бағытпен дамытқанда ғана пайдалы құрал ретінде дәлелденіп қарастырылады.

Жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларын ұлттық ойындар арқылы дамыту әдістерін, оның типтік түрлерін бірнеше топқа бөліп жіктеген Отандық ғалымдарымыз: М.Тәнекеев М.Төтенаев, Е.Сағындықов, Т.Ш. Қуанышевтар болатын [3, 4, 5, 6]. Мектеп қабырғасындағы жасөспірімдерге ұлттық ойындарды ойнату арқылы олардың қимыл-қозғалыс дағдыларын жан-жақты дамытуға болады. Сонымен қатар ұлттық ойындарды балаға ерте жастан ойнату баланың ұлттық дәстүрді бағалап өсуіне, табиғи органы, жан-жануарларды тануына көмектеседі. Отандық ғалымдарымыз білім беру орындарында бала тәрбиесіндегі дене тәрбиесіне баса мән беру керек екендігін айта келіп, балаларды жас кезінен бастап ұлттық ойындарға үйрету қажет екендігін түсіндіреді.

Жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту мақсатында ұлттық ойындарды дене тәрбиесі сабағында қолданып, балаға қажетті негізгі қимыл жаттығуларын беруге болады және де жүйелі түрде топтастырып алу қажет. Жас балаларға ұлттық ойындарды үйрету, олардың ерте бастан ұлттық салт дәстүрлерді білуіне, қоршаған ортаны табиғатты таныуына, тілді дамытуына әсері болатындығын ескере отыруымыз қажет. Дене тәрбиесі сабағында қимыл-қозғалыстарды дамыту жаттығуларын жүйелеу, топтау, барлық ойындар туралы алынған ақпаратты бір жерге жинақтауға және осы ақпаратты ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан пайдалануға мүмкіндік береді.

Қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту үшін берілетін ұлттық ойын жаттығулары оқушылардың жасына қарай бөлуді талап етеді, себебі балалардың жас мөлшерлерін ескеру арқылы біз жыныстарына да қарап бөлеміз және де балалардың денсаулықтарының ерекшеліктеріне де мән беруіміз керек. Бөлінген топтар арасындағы ұқсастық бір-біріне жақын болуымен ерекшеленеді.

Бүгінгі таңда дене тәрбиесінде ойналатын ұлттық ойындардың елімізде кеңінен тарауына байланысты олардың әртүрлі болып ойналуы, ойын әдісіне қарап әртүрлі атпен шығуы жиі кездеседі. Осындай жәйттерді ескерсек ойын түрлерін жүйелеу және оларға атау беру мәселесі шығады, сондықтан ұлттық ойындарды өзіміздің тәжірибемізден қолдану, олардың ойнау ережелерін анықтау мүмкін болмайды. Ұлттық ойындарды осындай жүйеге келтіру арқылы олардың даму ерекшеліктерін анықтау жағдайларын, жаттығу ұзақтығын белгілеуге мүмкіндік туады және жаттығу әдістерін жетілдіруге көмектеседі.

Қазақ ғалымдарының алдында тұрған маңызды іс – бұл өсіп келе жатқан жас ұрпақтарымыздың дене тәрбиесі, оның сапасымен тиімділігін іс жүзінде көрсете білу. Дене жаттығулары арқылы жасөспірімдердің дене бітімін, денсаулығын, қимыл-қозғалысын дамыту бұл жалпы қоғамдық іс. Бұл ата-бабамыздан келе жатқан бірден-бір жол. Өткен ғасырларда ата-бабаларымыз жасөспірімдердің іс-әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы байланыстырған. Біздің заманымызға келе мұндай ұлттық ойындар бала бақшаларда, орта білім беру орындарында жалғасын табуда.

Дене тәрбиесінің әрбір сабағы ойын әдісінде өтсе, ол баланың сабаққа деген қызығушылығын, көңіл-күйлерін көтереді. Олардың мінез-құлықтары өзгермелі болады, ойын барысында бір-біріне тез ренжиді, тез қуанады. Жасөспірімдер қимыл-қозғалыс дағдыларының дамуында ой-өрісінің сезімталдығы, интеллекттік дамуынан жоғары тұратындығын көруге болады. Бұл ерекшеліктерді ескере отырып ұлттық ойындардың әрбір түрін балалардың жасына, жынысына, және де қызығушылықтарына да қарап таңдап үйретуіміз керек.

Ұлттық ойындармен жасөспірімдерді жаттықтыру дене тәрбиесіндегі жаттығулардың негізі болып табылады. Ұлттық ойын жаттығулар жасөспірімдердің жас, жыныс ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырады және жасы жоғарылаған сайын оны күрделендіріп бару қажет. Қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытушы жаттығуларды орындаған кезінде баланың барлық мүшелері қимылдап, олардың барлық жүйелерінің қызметі артады.

Жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларының дамуы тірек-қимыл және жүйке жүйесінің дамып жетілуіне байланысты. Жеңіл атлетикалық жаттығулар жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру жаттығулардың дұрыс бағытталуы 4-6 жасында қалыптасып бастайды. Дене жаттығуларының күнделікті берілген жаттығулары арқылы оларда қимыл-қозғалыс дағдылары дамиды, қозғалыс дағдыларды дамытатын жаттығу түрлерінің барлығы ұлттық ойындарда кездеседі және ондай жаттығулар өзінің қарапайымдылығымен әр жастағы балалардың орындауына негізделгендігімен ерекшеленеді.

Орта білім беру орындарында және отбасында тәрбиеленген жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға арнайы жағдай жасау, арнайы дене жаттығуларын күнделікті сабақтарда өткізу олардың жан-жақты қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Мұндай қимыл-қозғалыс жасөспірімнің өзіндік қимылдары, қозғалыс жаттығуларын жасауы болып табылады.

Ойын – жасөспірімдердің дамуына өз әсерін тигізіп қана қоймай ол қоршаған ортамен өз-өзін тану түсінігін толықтырады, олардың ішкі жан-дүниесін дамытады. Олар ойнаған әрбір ойынын қимыл-қозғалыс арқылы дамытып, ойын арқылы өзіне мақсат қойып, жақсы нәтижеге жету үшін тыртысады. Сондықтан жасөспірімдердің денесін дене жаттығулары арқылы дамытып, оларды еңбекке баулимыз. Жасөспірімдердің сана сезімін дамыту үшін балаларға көбінесе еңбекпен ойын әрекетін ұсынамыз. Себебі, дене жаттығулары мен қимыл-қозғалыс ойындар – денсаулықтың кепілі. Бұл тек біздің заманымызда ғана пайда болған жоқ, ұлт ойындары және оларды қолдану әдіс-тәсілдері біздің алғашқы дәуірімізде-ақ пайда болған.

Жасөспірімдердің жеке тұлғасын қалыптастыруда оларға ең бірінші өмір сүру шарттарын, еңбекті өмірмен байланыстыра түсіндіріп, дене шынықтыруды еңбек тәрбиесімен ұштастыру қажет. Бүгінгі таңдағы ғалымдарымыздың дене тәрбиесі жүйесіне жасалған талдауында ұлттық ойындар жасөспірімдерді дене жаттығулары жүйесінде тәрбиелеудің негізі болады деп көрсеткен. Дене жаттығу әдістерін ұлттық ойындардағы мықтылық, ширақтық, ептілік әрекеттерімен байланыстыру болып табылады. Ойынның тәрбиелік мәні тек қимыл-қозғалыс әрекеттерін арттыру емес, ол жас өспірімдерде еңбек тәрбиесі мен психикалық сана сезімін дамытуда. Бұл туралы Е.И. Тихеева ойын мен тәрбие бір екендігі және бір-бірімен байланыстылығын қолдайды [7].

Жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайтудың бірден-бір жолы дене шынықтыру, ұлттық ойындар және қозғалыс белсенділігі. Елімізде жас ұрпақтың дене тәрбиесіне өте үлкен көңіл бөлініп, мектептерде дене шынықтыру сабақтарымен ғана шектеліп қоймай, спорттық үйірмелер көптеп қолға алынуда. Сондай-ақ мектеп оқушыларының жан-жақты дамуына, сондай-ақ дене шынықтыру мен спортпен айналысуына мүмкіндік жасалуда. Қазіргі кезеңдегі мектептердегі дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы ұлттық тәрбиенің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды негіздейді. Жасөспірімдерге дене тәрбиесінің теориялық, практикалық бағыттарын қарастырумен бірге оларға ұлттық тәрбие беріп, ұлттық ойындар арқылы олардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту үшін ұлттық ойын жаттығуларын кеңінен пайдалану қажет. Себебі өсіп келе жатқан жасөспірімдердің денесі ұлттық ойын жаттығуларымен шынықса, екінші жағынан ұлттық, патриоттық, Отандық сезімдерге бөленеді. Дене тәрбиесі үдерісінде сабақ жасөспірімнің рухани санасы мен дене мәдениеті жоғары талапқа сай болуы тиіс. Сондықтан, орта мектептерде дене тәрбиесі мұғалімдері жасөспірімдерге дене тәрбиесі жаттығуларын үйретумен бірге оларды ұлттық рухани жақтан тәрбиелеу қажет деп ойлаймыз. Сонда ғана жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту үшін әртүрлі ұлттық ойын жаттығу әдістері қолдана отырып, оларға ұлттық рухани күш бере аламыз. Мұғалімдер әр оқушының дамуының ерекшеліктерін, ерік сапасын, ақылдылық ерекшеліктерін есепке алып, сабақ кезінде оқушылардың іскерлігін дұрыс ұйымдастырып отырады. Осындай көз қарастарға сүйене отырып, білім беру үдерісіндегі дене шынықтыру сабағы және дене тәрбиесі жүйесіндегі жаттығуларды қызықты өткізу мақсатында ұлттық ойындарды кеңінен пайдаланып, жасөспірімдердің ұлттық сана сезімін жан-жақты дамыту қажет.

1. *Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2007. – 70 б.*

2. *Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық түрлері және оның тәрбиелік мәні. – Алматы, 1985.*

3. *Таникеев М. Теория и практика взаимовлияния национальных и интернациональных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане. Дисс...д.п.н. – Алматы, 1998. – 254 с.*

4. *Төтенаев Н.В. Физическое воспитание студентов в высших учебных заведениях Казахстана. – Алматы, 1975.*

5. *Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 1991 ж.*

6. *Қуанышев Т.Ш. Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін ұлттық ойын құралдары арқылы даярлау. Автореф. дисс. пед. ғыл. канд. 13.00.01. – Алматы, 1992.*

7. *Тихеева Е.И. «Развитие речи детей (раннего и дошкольного возраста)» Пособие для воспитателей детских садов. Издание 4-е. – М.: Издательство «Просвещение», 1972.*

## 12-ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ МЕН ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Қ.Е. Ағыбай – Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

### Резюме

В данной статье рассматриваются 12 летняя система образования, ее научные основы и важные стороны для современного общества, а также ее взаимосвязь между высшим учебным заведением.

### Summary

In given article 12 flight education system, its scientific bases and the important parties for a modern society, and also its interrelation between a higher educational institution is considered.

Ғаламдық жаһандану жағдайындағы жаңа қоғамда орын алған ірі экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер – қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне орасан ықпалын тигізіп отыр. Әлемдік қауымдастықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге барынша әрекеттенуі – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу қажеттігін де алға тартып отырғаны шындық.

Егеменді елімізде соңғы жылдар тізбегінде жүргізіліп келе жатқан білім реформаларына қатысты түбегейлі бетбұрыстар, атап айтқанда әлемде дамыған мемлекеттердігі білім саясатының негізгі көрсеткіші болып саналатын 12 жылдық білім беру жүйесіне ену қарқыны – қоғамдық ортадағы адамдардың ерекше пікірлері мен көзқарастарын қалыптастыруға негіз болғаны рас. Көптеген өнеркәсіп орындарының жаңа технологиялық қондырғылармен қайта жабдықталуы - білім сапасының жаңа деңгейге көтерілуіне өзгеше талап қойды. Бұл құбылыс – білім параметрлерінің заман талабына сай неопедагогикалық-неопсихологиялық сипат алуына мүмкіндік туғызуда. Аса қарқынды белең ала бастаған аталмыш құбылыстарға мемлекет тарапынан да терең талдаунамалар жасалып, ортақ проблеманы бұқара халықпен бірлесе отырып атқару мәселелері жолға қойылуда.

Әлемдік стандартқа бет бұрған кезеңдегі өскелең ұрпақтың жан-жақты білім алуын қамтамасыз етуде жасалған нақты қадамдардың бірі – 12 жылдық білім беруге көшу болып табылады. Бұл жөнінде Қазақстан республикасының білім саласындағы стратегиялық саясатын айқындайтын ресми құжаттарда, нақтылап айтқанда, Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдар аралығында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесін реформалаудың басым бағыттары айқын көрсетілген [1]. 12 жылдық мектеп дегеніміз оқушының психологиялық жан-жақты дамуын анықтайтын институттардың қалыптасуы, яғни оқушы жан-жақты дамуына, өзінің шығармашылық қабілетін ашық көрсетуге сондай-ақ болашақ кәсіби жолын таңдауға негіз болатын орталық болуы қажет. Себебі 12 жылдық мектеп дегеніміз тек механикалық тұрғыдан оқу үрдісін бір жылға ұзарту емес оның өзіндік жүйесі және қалыптасқан мазмұны бар. 12 жылдық білім беру төмендегідей кезеңдерден тұрады: 5+5+2.

Бірінші кезең: (1-4 –сыныптар) мектепке оқушы 6 жастан бастап қабылданады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін негізге ала отырып оқуға деген қызығушылықтары мен қабілеттерін ойын технологияларын пайдалана отырып қалыптастырады. Бірақ бастауыш білім беру стандарттарының мазмұны негізінде.

Екінші негізгі кезең: (5-10 сыныптар) бұл кезеңде оқушылардың жалпы білім дайындығы ғылыми көзқарастары мен жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасады. Сондай-ақ оқушы әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қоғамға бейімделуі қажет, ең негізгісі 10 сыныпта оқушы нақты алдағы оқу мазмұны мен бағытын анықтау мүмкіндігіне ие болады. Әрине оқытушылардың көмегімен.

Үшінші кезең: (11-12 сыныптар) бұл кезеңде оқу үрдісі кәсіби мазмұнда жүзеге асады. Бұл кезеңнің ерекшелігі оқушылардың таңдауы негізінде кәсіби тұрғыдан білім алуға жағдай жасау, оқушының өмірінде әлеуметтену үрдісі жүзеге асады, соның негізінде жеке және дифференциалды мазмұндағы кәсіби білім алуын қамтамасыз ету. Яғни алдағы атқаратын жұмысы мен таңдайтын мамандықтарының негізінде жүзеге асады.

Қазіргі кездегі 12 жылдық білім берудің басты мақсаты: өзінің және қоғамның мүдесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі орта өмір сүруге бейім, бәскеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру, болашақ мамандарды даярлау.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін еліміздің 12 жылдыққа білімге көшу даярлық барысында отандық және шетелдік оқыту теориясындағы, педагогикамен психологиядағы ізгілікті дәстүрлер мен ой-пікірлерді зерделеп, адамға бағытталған әлеуметтік-психологиялық танымдық дамудың маңызы зор.

Отандық педагогикада адамзат жинақтаған тәжірибені келесі ұрпаққа беру мақсаттарын сақтай отырып, негізгі бағдардың жеке тұлғаның адамзаттық белсендігін арыттыруға рухани-адамгершіліктердің қуатын қалыптастыруға бағытталғаны аса қажет. Сондықтан білім берудің жаңа ізгілік бағыттары, мазмұ-

ны мен міндеттері, әдіс-тәсілдері іздестіріліп оқушыны дүниені тұтас қабылдау арқылы өзіндік дамуын зерделеу – басты өлшемдердің бірі болып табылады. Кейінгі зерттеулерге сүйенсек республикамыздың 12 жылдыққа көшуінің басты себептері мынада:

1. Әлемдегі біртұтастықтың экономикалық кеңістіктің жойылуына байланысты, білім беру парадигмасының өзгеруі;

2. Білім берудің тұлғалық-бағдарланған стратегияның іске асыруға бағытталуы;

3. Білім алушыларды әлеуметтендіру, әлеуметтік шиеленістерді шешу;

4. Оқу сапасын арттыру;

5. Оқу құжаттарын (аттестация, диплом) шетелдерде танылуы.

Осы аталған көрсеткіштер еліміздегі жоғары және бастауыш білім беру жүйесін жаңаша құруға негіз болды. Осы негізде құрылған бастауыш білім беру жүйесінің артықшылықтарын белгілі ғалым Б.А. Әлмұханбетов былай атап көрсетеді:

1. Білім мазмұнының тұлғаға бағытталуы;

2. Білімді ізгілендіру;

3. Әдіснамалық құрамның іргелілігін қамтамасыз ету;

4. Оқу жүктемесінің көлемін оңтайландыру;

5. Оқушылардың денсаулығын сақтауға басымдықтар [2].

Еуропа кеңесі декларациясына (1992 ж.) сәйкес 12 жылдық оқу мерзімінде білім беру халықаралық іс-тәжірибе ретінде әлемнің 216 мемлекетінде жүргізілуде. 12 жылдық оқу мерзіміне көшу дағдайында белгілінген күнделікті оқу жүктемелерінің нормаларын қатаң сақтап және оқу жоспары жүктемесін азайту, оқушылардың түрлі үйірмелерге қатысуына, бос уақыттарын өз мүделеріне сай өткізулеріне мүмкіндік жасалады. 12 жылдық мектепке көшуге байланысты объективті қажеттіліктердің негізгісі нәтижелі білім берудің әдіснамасын дайындау болып табылады.

Осы орайда 12 жылдық білім берудің әдіснамалық негіздеріне сай, білім берудің мазмұндық жағын жаңартудың бағыттары мыналар болып табылады: мектепте білім берудің мазмұнын қоғам қызметінің құрлымына сәйкестендіру, оқушыларды өз бетінше білім алуға және оны практикада қолдануға, оқудың әртүрлі саласында өз мүмкіндіктерін тануға және құнды қасиеттерін ашуға тәрбиелеу; оқушылардың танымның ғылыми тәсілдеріне мақсатты, жүйелі түрде тарту; білім мазмұнын барынша ізгілендіру; психологиялық білім берудің бастапқы негіздерін қалыптастыру; білім мазмұнының инварианттық және вариативтік компоненттері арасындағы гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімдердің диалектикалық бірлігін қамтамасыз ету; оқушылардың оқу жүктемесін тұрақтандыру.

Қазақстан республикасының білім және ғылым министрлігінің ресми құжаттарына сүйенетін болсақ қазір елімізде 2002 жылдан бастап 104 мектеп 12 жылдық білімге байланысты тәжірибеден өттіп жатыр, енді 2015 жылға дейін Қазақстандағы барлық мектептер 12 жылдық білім беруге көшуі тиіс. Ол үшін қазірден бастап жаңадан білім мазмұнын өткен тәжірибеге негіздей отырып жаңа оқу бағдарламаларын дайындау басты мәселеге айналып отыр. Ал екіншіден 12 жылдыққа көшу тұсында білім беру саясатының ең негізгі мақсаттарының бірі педагог маман даярлайтын оқу орындарында студенттерді қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай мұғалімдікке дайындау және дайындық үрдісін ұйымдастыру, қалыптастыру олардың кез-келген проблеманың теориялық негізін анықтап, мәселелердің тәжірибелік шешу тәсілдерін қамтамасыз ету мүмкіндіктерін ұйымдастыру болып табылады. Еліміз дербес мемлекет ретінде тәуелсіздігін алғаннан бері қоғам дамуының қазіргі талаптарынан туындап отырған міндет пен мақсаттарға орай өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселелін жан-жақты жетілдіру, білім беру жүйесінің барлық буындарына соның ішінде бастауыш буынға зор жауапкершілік жүктейді. Өйткені – білім мен тәрбиенің ірге тасы осы мектепте қаланатыны белгілі. Осындай күрделі мәселені дұрыс жүзеге асуы мектеп мұғалімдерінің теориялық білімнің және кәсіби маманның деңгейіне тәуелді.

Қазіргі таңда педагогикалық жоғарғы оқу орындарының жаңа формациядағы педагог мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері қоғам талабынан туындап отыр. Педагогикалық білім алған жас маман елдің ертеңіне үлес қосып, ұлтымыздың ұрпағына білім мен тәрбие беруде өз үлестерін қосатын жандар. 1999 жылы 7 маусымда қабылданған Қазақстан Республикасының білім заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, жетілдіруге және кәсіби шыңдауға бағытталған ролі аталып көрсетілген.

В.А. Саластенин, И.Ф. Исаев және т.б. ғалымдар жоғарғы мектеп мұғалімінің кәсіби біліктілігінің бағыттарын ұсынады:

1. Тұлғаның кәсіби еркін дамуы мен өзін-өзі шығармашылықпен жетілдіру бағыты.

2. Тұлғаның жоғарғы мектептің отандық және шетелдік ғылыми-практикалық мұраларына белсенділік көзқарасын дамыту бағыты.

3. Жоғарғы мектеп оқушыларының кәсіби педагогикалық іс-әрекетінің ізгілік бағыттылық негізі.

Осы аталған ғылыми педагогикалық бағыттылықтан келіп мектептегі мұғалімдердің кәсіби бағыттылықтарына талдау жасаймыз.

Қазақстан Республикасы 12 жылдық білім берудің тұжырамдамасында педагог мамандардың кәсіби-тұлғалық құзіреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атап айтады, 12 жылдық білім беруде педагогтың төмендегідей құзіреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетеді:

**Арнайы құзіреттілік** – өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілет. Педагогикалық және психологиялық білімін жетілдіре отырып әдістемелік шеберлігін арттыра білетін және сабақты өткізудің жаңа педагогикалық технологиялық әдістерін меңгеруі қажет.

**Әлеуметтік құзіреттілік** – кәсіптік қызметтімен айналысу қабілеті. Терең білімді, өзінің теориялық білім деңгейі жоғары, үздіксіз жетілдіріп отыратын, шәкіртті терең ойлылыққа жетелейтін адам болуы тиіс.

**Білім беру құзіреттілігі** – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеттері. Педагогикалық үрдісті ұйымдастыру барысында қажетті нормативтік заңнамалық актілерді білуі және теориялық білімнің тәжірибелік мүмкіндіктерін игеру сапасы [3].

Аталған құзіреттіліктерді болашақ мамандардың бойына дарыту бүгінгі күннің маңызды мәселесі болып отыр. Өйткені жеке тұлға тәрбиелеуде болашақ маманның алған білімдерін өмірде қолдана алуы ғана нәтиже берері анық.

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстандағы білім. 2004 - №5(8).

2. Альмуханбетов Б.А. Модернизация деятельности методических служб на этапе перехода 12-летнему образованию // Білімдегі жаңалықтар. 2005. - №3 – с. 25-30.

3. Қазақстан Республикасы 12 орта жалпы білім берудің жалпыға міндетті стандарты. – Алматы, 2006.

## ӨЗГЕРМЕЛІ СОЦИУМДАҒЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Ф.Б. Асилбаева** – п.ғ.к., аға оқытушы, ҚазМемҚызПУ

### Резюме

В статье рассматриваются особенности семейного воспитания в изменяющемся социуме. По мнению автора огромную роль в семейном воспитании играет эмоциональный фон в семье, отношения между родителями, их умение поддерживать любовь и теплоту к друг другу и детям. Только в здоровой семье где царит любовь и взаимопонимание могут вырасти полноценно развитые дети, со здоровой психикой и позитивным отношением к жизни. Семья является первичной и наиболее чувствительной к общественным изменениям социальной структурой.

### Summary

In article it is considered features of family education in changing society. According to the author a huge role in family education the emotional background in a family plays, the relations between parents, their ability to support love and warmth to each other and to children. Only the love and mutual understanding reigns in a healthy family where fully developed children, with healthy mentality and the positive relation to life can grow. The family is social structure primary and most sensitive to public changes.

Адам отбасының әсерін туылған күннен бастап өмірінің соңына дейін сезеді. Демек, отбасы тәрбиесі – үздіксіз және ұзақ үрдіс. Бұл жерде отбасымен басқа бірде бір тәрбиелік қоғамдық институт теңесе алмайды. Әлбетте, отбасының балаларға және олардың өмірінің әр түрлі кезеңдеріндегі әсері бір қалыпты болмайды. Жалпы отбасының табиғи функциясы баланы балабақшаға беру, содан кейін мектепке оқыту. Отбасылық тәрбиені балаға деген ата-ананың махабатынсыз және керісінше баланың ата-анаға деген махабатынсыз елестету мүмкін емес, сондықтан ол басқа тәрбиеге қарағанда өзінің сипаты бойынша неғұрлым эмоционалды болып келеді. Отбасы әр түрлі жастағы, жыныстағы және әр түрлі кәсіби қызығушылықтағы адамдарды біріктіреді. Бұл балаға өзінің эмоционалды және интелектуалдық мүмкіндіктерін толығымен көрсетуге мүмкіндік береді.

Отбасының тәрбиелік ықпалына тән ерекшелік бар, ол – тұрақтылық. Әдетте ата-аналардың ерте жастан бала тәрбиесіне дұрыс қарым-қатынас жасауы кейін олардың оқу, еңбек және қоғамдық белсенділігіне әсер етеді, және керісінше, ата-аналар бала тәрбиесіне жеткіліксіз көңіл бөліп, дұрыс мән бермеуінен баланың қоғамдағы өміріне кері әсерін тигізеді.

Отбасы баланың діни мәдениетіне, тұлғаның әлеуметтік бағытталуына, мінез-құлқына белсенді түрде ықпал етеді. Отбасы бала үшін қоғамның кіші үлгісі бола отырып, әлеуметтік қондырғы жүйесінің және өмірлік жоспарларының қалыптасуында маңызды фактор болып табылады. Қоғамдық ережелер алғаш рет отбасында ұғынылады, қоғамның мәдени құндылықтарын және өзге адамдарды тани білу отбасынан

басталады. Бала тәрбиесіне отбасының әсер ету ауқымы қоғамның әсер ету ауқымы сияқты кең. Егер де отбасында бірнеше бала болса, онда толыққанды отбасылық ұжымның қалыптасуы үшін табиғи жағдайлар пайда болады, және бұл өз кезегінде отбасының әрбір мүшесінің өмірін жақсартып, отбасының тәрбиелік қызметін атқару үшін жағымды жағдай жасайды. Бір баласы ғана бар отбасында бұл жағдайдың барлығы да қиынырақ болады. А.С. Макаренко: «Мысалы, бірнеше бала тәрбиелегеннен гөрі бір баланы тәрбиелеген қиынға соғады деп батыл айтуға болады. Тіпті егер отбасының материалдық жағдайы дұрыс болмаған күннің өзінде де бір баламен ғана шектеліп қалуға болмайды», – деп жазған [4, 60 б.].

Бұдан, отбасының тәрбиелік қызметінің репродуктивтік қызметпен қосарлана жүретіні белгілі болады. Осы уақытқа дейін әлеуметтанушылар отбасының коммуникативтік қызметіне мән беріп келуде. Аталмыш қызметтің төмендегідей компоненттері болады: отбасының өзінің мүшелерінің бұқаралық ақпарат құралдарымен (теледидар, радио, мерзімдік басылымдар), әдебиет және өнермен байланысқа түсуде араласуы, отбасының өзінің мүшелерінің қоршаған табиғи ортамен жан-жақты қарым-қатынасқа түсуіне және оны қабылдауға әсер етуі, отбасы ішіндегі қарым-қатынасты ұйымдастыру.

Егерде отбасы осы қызметтің дұрыс орындалуына ерекше көңіл бөлетін болса, онда ол оның тәрбиелік әлеуеті де күшейе түседі. Көп жағдайда коммуникативтік қызметпен (кейде тіпті дербес қызмет ретінде есептейді) отбасындағы психологиялық ахуалды жасау қызметін байланыстырады. Шындығында, мұнымен келіспеуге болмайды: себебі, біздің өзгермелі социумда отбасының психологиялық ұяшық ретіндегі мәні артуда.

Қазіргі кезде отбасының бос уақытты тиімді ұйымдастырудағы қызметі артуда. Біз бос уақыт дегенде адамның өз таңдауы мен қалауы бойынша жұмыстан тыс (бос) уақыт дегенді айтамыз. Бос уақыт – маңызды әлеуметтік құндылықтардың бірі, адамның күш жігері мен рухани және жан-жақты жетілуінде таптырмайтын құрал. Бос уақытты тиімді ұйымдастыруға отбасының дұрыс өмір сүруінің ырғағы мен тәртібі, мүшелер арасындағы міндеттерді дұрыс үлестіру, демалыс пен еңбекті жоспарлау мүмкіндік береді. Негізінен бос уақыт адамның тұлға ретінде есейгендігінің айнасы болып табылады: адамның бос уақытын сипаттау арқылы сол адам туралы көп нәрсе айтуға болады.

Отбасылық бос уақытқа оқу, радио тыңдау, бағдарламалар көру, туған-туыстары, достары және таныстарымен кездесу, кинотеатрларға, театрға, концерттерге, кітапханаларға бару, жыл сайынғы демалысты өткізу, саябақтарға, туристік жорықтарға, экскурсияларға бару, табиғатқа шығу, спортпен шұғылдану, жарыстарға қатысу, мерекелерді өткізу жатады. Отбасылық бос уақытты ұйымдастыруда бір қатар қателіктер кездесіп жатады: балалар көп уақыттарын теледидардың алдында өткізеді, таза ауада аз болады, көбінесе ата-аналар шаршағандарын, уақыттары жоқтығын сылтауратып балаларына уақыттарын тым аз бөледі және т.б. аталған қателіктерді жою – қазіргі отбасының міндеті.

Отбасының белгілі бір түрін жасай отырып, қоғам отбасына қалай ықпал етсе, сол сияқты отбасы да қоғамның дамуы мен өмір сүруіне ықпал етеді. Отбасына қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуын тездетуде, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде, әр адамның бақытқа жетуінде маңызды рөл атқарады.

ұрпақтар кикілжіңі — отбасы тәрбиесіндегі бұрыннан келе жатқан мәселе.

ата-аналар қолданатын тәрбиелеу құралдары әр кезде дұрыс бола бермейді.

ата-аналар өздерінің барлық өмірлерін бала тәрбиесіне арнаулары тиіс.

балаларды жазалау керек, бірақ шектен шықпау қажет.

Кейбір тайпалар ішінде ересектер мен жеткіншектердің арасында ешқандай кикілжің болмайтын туралы мәліметтер болып тұрады. Көне дәстүрлер қатаң сақталатын тоқырауға ұшыраған қоғамдарда адамдар арасында болатын қақтығысуларға орын жоқ. Ондай жағдайлар көбінесе Оңтүстік Американың, Африканың, Австралияның өркениеті жоқ шалғай аудандарында кездеседі. Барлық дамушы қоғамда ұрпақтардың табиғи түрде ауысуы мұрагерлікпен ғана емес, жаңаның ескімен, белден асқанның жаңа туылғанмен күресуімен көрінеді.

Адамзат бір қалыпты дамымайды. Тыныштық кездерінде тұрақты қоғамдық өмірмен салыстырғанда жеткіншектер сол арнаға бірден бейімделген жоқ және оған қиындықсыз кіре алмады. Ал қоғамның қарқынды дамуы кезіндегі жастар мүлдем өзгеше болды.

Өмірдің өзгеруі жедедетілді. Аңшылық және мал бағу дәуірінен егіншілікке өту мыңдаған жылдарды, ал аграрлық қоғамнан индустриалды қоғамға өту жүздеген жылдарды қамтыды. Ал қазір ғылыми-техникалық революция қарқынды түрде дамуда. Ол өз нәтижесі бойынша өнеркәсіптік қоғамнан асып түседі. Алдағы он жылдықта әлеуметтік мәселелерге әсерін тигізетіндей өндіріс күштерінде де батыл өзгерістер болады. Өндірісті ақпараттандырумен қатар тұрмыста өмір сүруді, салтты өзгертіп, мәдениетке әсер етеді.

Өндіріс технологиясындағы түбегейлі өзгерістер жылдам жүреді. Қоғам неғұрлым шапшаң дамыған сайын, соғұрлым ұрпақтар арасындағы айырмашылық көрініп, мұрагерлік формалары қиындайды. Жаңа



ұрпақ ата-аналарына қарағанда өмірдің басқа ағымына тап болады. Жастар көп жағдайда қайта құру үрдісіне тартылатындығы ақиқат. Бірақ бұл жастардың жеңіл өмір сүретіндігін білдірмейді. Жастар, мысалы мамандық, өмірлік серігін өздері еркін түрде тандай алатындарын жете түсінеді, бірақ бұл олардан үлкен жауапкершілікті, дербестікті талап етеді. Әрине, дұрыс таңдау үшін бір ғана еркіндік жеткіліксіз, ол үшін өмірлік тәжірибе қажет. Әкелердің тәжірибесі басқа жағдайларда пайда болған және оны қазір пайдалана алмаймыз.

Үлкендердің балаға қысым көрсетуінен наразылық туындайды. Қысым қаттырақ болған сайын, кикіл-жің де күшейе түседі. Қазіргі кезде әкелер мен балалар арасындағы қандай жағдайлар мәселені қиындатады екен? Күтпеген жерден келген еркіндік адамды шатастырады. Бұрын жасауға болмайды десе, қазір болады. Әлеуметтік тұрғыдан жетілмеген жеткіншектер ескі ережелердің жарамсыз болып қалып жатқандығының куәсі. Өзіндік дүниетанымы қалыптасып қалған егде адам үшін бұған бейімделу өте қиын [3, 14-21 бб.].

Отбасы бастапқы және қоғамдық өзгерістерді анағұрлым сезетін әлеуметтік құрылым болып табылады. Бала тек отбасында ғана емес, сонымен қатар балабақшаларда, мектептерде де тәрбиеленеді. Балаларды оқытумен білім беру ұйымдары айналысады. Бос уақыт пен демалыс үйден тыс өткізіледі. Отбасы ұрпақтарының тарқауы адамгершілік құндылықтарының ұрпақтан ұрпаққа жетуін қиындатады, ересектердің кішкентайларды қадағалауын төмендетеді. Бұған қоғамдық көліктің дамуы да ықпал етеді. Балалардың алыс жерден отбасына жетуін жеңілдетеді. Бала бақшадағы тәрбие баланы күтім және тамақтанумен қамтамасыз етсе де, ата-ананың махаббаты мен ықыласының орнын алмастыра алмайды. Бұл балалардың сезімталсыз болуының тағы бір себебі [2, 202 б.].

Бұрынғы кездерде отбасы бір ұяшық ретінде еңбектенетін болған. Ата-аналар мен балалардың бірлескен еңбегі еңбек тәрбиесінің кейбір мәселелерін шешуге септігін тигізген. Енді негізгі жұмыс үйден тыс өткізіледі. Баллар ата-ананың еңбегін көрмейді және ол туралы аз естиді. Кейбір кездері олар тіпті ата-ананың немен айналысып жүргенін де білмейді. Тұрмыстық жағдайдың жасалғандығы балалардың отбасындағы еңбектенуін төмендетті. Әдетті, үйде тұтынушылық, демалыс және көңіл көтеру мәселелері шешіледі.

Отбасының тұрақсыздығы жұбайлардың экономикалық тәуелсіздігі мен бір-біріне деген талаптардың қиындауымен сипатталады. Бірінші кезекте экономикалық емес эмоциялық алғышарттар табылады. Адам неғұрлым білімді болған сайын соғұрлым оның талаптарының деңгейі жоғары және күрделірек болады. Эмоционалдық жайсыздық ересектерге ғана қатысты емес. Балаларда ерте жастан ақ бәсеке байқалады: деңгейі жоғары сыныптарға түсу байқаулары, арнайы мамандандырылған мектептер, спорттық секциялар. Тіпті қазір спортта өзінің ойындық және сауықтыру сипатын жоғалтқан.

Ата-ананың біреуінің жоқ болуы бала тәрбиесін қиындатады, бірақ толық отбасында да балалар көп жағдайда ата-ананың көңіл бөлуінсіз қалып жатады. Ата-аналар кәсіби қызығушылығынан бас тарпаған, жұмысбасты болған, үй шаруасына көп көңіл бөлген жағдайда балаларға көңіл аз бөлінеді. Ал қалған бос уақыттарын теледидардың алдында өткізеді. Телебағдарламаларды бірге көрудің өзі – қарым-қатынастың толық болмауына әсер етеді және ол отбасымен бірге киноға немесе театрға барғандай болады. Бірақ мұндай қарым-қатынас отбаыларында сирек кездеседі.

Әлеуметтік ортаның ауысуы тәрбиенің дәстүрлі жүйесінің жеткіліксіздігімен сипатталады, және бұл тәрбиедегі қиындықтар туралы айтуға түрткі болады. Тәрбие формалары әлеуметтік шарттарға сәйкес дамып отырған жерде ғана қиындықтар кездеспейді немес тым аз кездеседі [1, 134 б.].

Ұрпақтар тәжірибесінің сабақтастығындағы қиындықтардың бірі – балалардың ата-ананың қолы жетпейтін білімдер мен мамандықтарды меңгеруден тұрады. Сондықтан бұл жерде тәжірибенің тікелей берілуі туралы сөз болуы мүмкін емес.

Жастар бір қиындыққа ұшыраса ескі тәжірибелер көмектеспейтінін түсініп, тіпті олардың кедергі келтіретін тұстарымен ерекше жұмыс жасауларына тура келеді. Ол үшін шешімдерді өз бетінше қабылдау керек. Бұл аса икемділікті, ырғақтықты, ептілікті қажет етеді. Бірінші орында бағынбау емес, өз бетінше жұмыс істеу мен бастамашылдықты тәрбиелеу болады. Мектептік және студенттік өзін-өзі басқару мәселесі тұрғандық кездейсоқтық емес. Тұлғалылықтың маңызды сапалары адамгершілік пен әлеуметтік жауапкершіліктерін қалыптастыру болып табылады.

Отбасылық дәстүрлер бұл – тәрбиелеудің ең негізгі әдісі, мектепке (бала бақшаға, басқа ұжымға) бармастан бұрын бала алғаш рет өзін отбасында таниды. Бірнеше ұрпақтың дәстүрлері балаға ата-әжесімен, жалпы арғы ата-бабаларымен байланысын сезінуге, өзінің отбасын мақтан тұтуға мүмкіндік береді. Өкінішке орай, қазіргі қиын қыстау кезде, көптеген отбасылардың бұзылған кезінде, көптеген туған-туыстарымен байланыстарын жоғалтқан жағдайда, отбасылық дәстүрлерге құрмет көрсету қиындап кетті.

Отбасының жиі кездесуіне мүмкіндік жасайтын өзіндік дәстүрлерді қалыптастыру керек. Бұл жерде отбасында қалыптасатын қандай дәстүрлер маңыздырақ деген сұрақ туады. Егер де отбасында жаз сайын саяхатқа шығу дәстүрі қалыптасса ол жақсы, өйткені ол таныстық аясын кеңейтеді, балаға әлемді тануды, қарым-қатынас жасауды үйретеді. Өкінішке орай, мұндай мүмкіндік екінің біріне туа бермейді. Бірақ, әрине бұл қалыптасқан ұстанымдардағы ортақ ережелерден бас тартуды білдірмейді. Жаңа жыл, туған күн, демалыс күндердегі түскі ас, қалаға бірге саяхат жасауды ерекше жағдайда атап өтудің өзі дәстүр бола алады.

Мұндай дәстүрлер өзін-өзі тануға, отбасының бір мүшесі ретінде орнығуға мүмкіндік тудырады және баланың отбасы тек тамақтанатын ғана орын емес, күйзелістермен бөлісетін, пікір алмасуға болатын, жаңа әсерлермен бөлісетін орта екенін түсінуде өзін-өзі бағалауын көтеруге септігін тигізеді. Мұның барлығы баланың тұлғасын қалыптастыруда және оның үйлесімді дамуында көрініс табады. Елімізде ұзақ жылдар бойы отбасылық құндылықтардың ешкім көрмеген, дерексіз коммунистік идеалдардың құндылықтарына ауысуы жүргізілді. Соның нәтижесінде бүгін бізде: балалардың өз ата-аналарын ұмытуы, өсе келе олар өз балаларының дүниеге келуін бақыт ретінде сезінбеулері және оларды балалар үйлерінде тастап кетуі, әдетті бұл балалардың қайтадан толыққанды отбасында өмір сүруге мүмкіндігі жоқ, «отбасылық құндылықтың» не екенін білмей өседі. Соңғы жылдары бұл жиі кездесетін проблемалардың біріне айналды, жақсы өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуінен тастанды балалардың саны өсіп, толыққанды отбасыларында бір-екі баланың ғана болуы.

Қорыта келе, жоғалған отбасылық құндылықтарды қайта жаңғырту қоғамның қайта жаңғыруына әкеледі, адамның отбасы болса оның сенімді тылы болады, оның бойында отбасына, балаларына қамқорлық көрсету үшін жұмыс істеу қажеттілігі пайда болады. Бірақ, адам өзін тек отбасына ғана қажет деп санамай, сонымен қатар қоғамға да қажет екенін сезінуі тиіс, мемлекетке бұған жету үшін өз азаматтарына қамқорлық көрсету керек және бұған салғырт қарамау керек. Бұл өте күрделі мәселе және мұны отбасылық құндылықтарды қайта жаңғыртуға шақыру арқылы ғана емес бірқатар әдістер кешені арқылы шешу қажет деп есептейміз.

1. Антонов А.И., Медков В.М. *Социология семьи*. – М., 1996, – 134 с.
2. Адлер А. *Воспитание детей. Взаимодействие полов*. – Ростов-на-Дону, 1998, – 202 с.
3. Каган Тотаитарное сознание и ребенок: семейное воспитание. *Вопросы психологии*. 1992. - №1-2. – С. 14-21.
4. Макаренко А.С. *Из лекции «Общие условия семейного воспитания»*. *Пед.соч.*: В 8 т. – М., 1984. Т.4. – С. 60-62.

## ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА УЧАЩИХСЯ СТАРШИХ КЛАССОВ

Г.Д. Ашикбаева – *Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Яссави*

### Түйін

Бұл мақалада «Технология» пәнін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының технологиялық дайындығын арттыру қарастырылады. Сонымен бірге технологиялық білімінді арттыруға бағытталған түсініктемелер берілген.

### Резюме

Рассматриваются понимание в современном образовании процесса формирования и совершенствования технологической подготовки старшеклассников в рамках предметного обучения «Технология». Раскрывается основной смысл педагогической поддержки процесса формирования технологических знаний и даются их характеристики.

### Summary

Formation and perfection of technological training of senior pupils in teaching subject «Technology» is analysed in educational process. The importance of pedagogical support of the process of formation of technological knowledge is pointed out in this research work.

Учет их ожиданий от технологической подготовки в профессиональном самоопределении и знания психофизиологических особенностей старшеклассников, позволяет учителю технологии адекватно осуществлять педагогическую поддержку в процессе предметного обучения, создавать ситуации по осмыслению собственного жизненного и нравственного опыта.

Говоря о педагогической поддержке, отметим, что *педагогическая поддержка* в педагогике характеризуется как метод и форма воспитания, технология образования, позиция педагога как «свободное общение», «товарищеские отношения взрослого и ребёнка», их внутренний настрой. Основной смысл педагогической поддержки более адекватно отражается в двух подходах к её определению – широком и узком. Широкая интерпретация связывается с созданием благоприятных условий безопасной среды,

необходимых для развития и саморазвития детей, раскрытия и самореализации их внутренних сил, формирования способности к самостоятельным действиям и свободному выбору. Узкий смысл ассоциируется с помощью педагога, его содействием в разрешении проблем, связанных с учением, общением, здоровьем, самоопределением [1].

Предметом педагогической поддержки технологической подготовки старшекласников является культивирование их самооценности, интересов, собственных целей, осознание личного достоинства, препятствий на пути к целям, поиск путей их преодоления. На уроках технологии учитель помогает учащимся становлению опыта освоения способов деятельности, изучения и преобразования предметов и процессов, характерных для той или иной сферы человеческой деятельности.

Оказывая педагогическую помощь, учитель как бы «подстраховывает» ученика, предупреждает неверные шаги, помогая выбрать адекватные решения для разрешения той или иной ситуации. Помощь может оказываться в самых различных формах: прямая, непосредственная или опосредованная, психологическая, моральная, социальная и т.д.

Методика обучения предмету «Технология» имеет свой специфический объект исследования – это совокупность технологических знаний и всех педагогических явлений, связанных с обучением и воспитанием учащихся средствами данного предмета, обладающими своими присущими ему особенностями. В решении проблемы совершенствования технологической подготовки старшекласников, в числе приоритетных задач мы считаем формирование у них комплекса технологических знаний с помощью различных методов, накопленных педагогикой профессионального обучения (Карачов А.А., Кругликов Г.И., Симоненко В.Д., Муравьев Е.М.

Тхоржевский Д.А. и др.). Приоритетным методом в обучении технологии является метод проектов – педагогическая технология, ориентированная на интеграцию фактических знаний, полученных школьников при изучении смежных дисциплин, их применение и приобретение новых знаний и умений путем самообразования. При использовании метода проектов осуществляется весь цикл действий от общей формулировки проблемы до получения конечного результата и фиксирования его в виде готовой продукции или документа. Однако данный метод не исключает применения других методов. Право их выбора всегда остаётся за учителем.

В исследовании Н.Н. Шумилкина о методологии и специфике технологического знания под *технологическим знанием* (от греч. *praxis*) понимается сочетание мышления и действия, направленное на решение творческой технической задачи [2].

Исследователь Джеймс Питт, ссылаясь на Лейтона, считает, что основной смысл технологического знания – это уникальный и не поддающийся упрощению вид познавательной деятельности» [3].

Таким образом, в своей совокупности технологические знания, наряду с научными законами и методами включают также и знания практического характера, вырабатываемые человеком в процессе создания конкретных технологий.

Формирование и совершенствование технологических знаний школьников – процесс очень сложный, который требует взаимной работы учителя и учеников. Он требует большого профессионализма от учителя и интереса к знаниям ученика. Чем лучше преподаватель знает свой предмет, эффективно использует методы и формы сообщения новых знаний, изучает и анализирует новые технологии формирования технологических знаний, тем больший интерес будут проявлять ученики к данному предмету.

В процессе формирования и совершенствования технологических знаний средствами своего предмета, педагогу нужно учитывать то обстоятельство, что школьники приходят в класс не только для того, чтобы изучать различные разделы предмета «Технология», но и для того, чтобы *научиться учиться*. Самое ценное, что *может и должен* извлечь школьник из любого урока технологии – это *научиться* изучать его содержание. Хороший и даже чрезмерно активный учитель может, конечно, дать своим ученикам солидные технологические знания, но он не выполнит своего профессионального долга, если не сможет научить своих учеников *учиться постоянно*.

Согласно известной американской теории конструктивизма, знания не могут быть *переданы* обучаемому, знание – это нечто, что может быть сконструировано обучаемым для самого себя [4].

В данном случае задача учителя технологии нам видится в создании условий для процесса самоконструирования технологического знания. Эти условия определяются следующими факторами:

успешность обучения зависит от того, сколько времени необходимо и достаточно каждому обучаемому для усвоения содержания предмета «Технология», минимального объёма содержания образования и набора технологических приёмов, применяемых учителями в зависимости от возникающих ситуаций; обучение предмету «Технология» будет более эффективным, если созданы оптимальные условия для

конструирования нового технологического знания на основе ранее усвоенных знаний и сформированных умений и навыков их переноса в практическую деятельность. Полученный учеником продукт его технологической деятельности (гипотеза, образ, поделка и др.) сопоставляется затем с имеющимися конкретными аналогами, в результате чего этот продукт переосмысливается, достраивается или включается в предмет новой преобразовательной деятельности ученика. При этом неизбежно «личное образовательное приращение ученика (его знаний, опыта, способностей)» (А.В. Хуторской).

Безусловно, от деятельности и профессионализма учителя технологии во многом зависит, насколько наш выпускник будет образован, подготовлен к жизни и труду, сведущ в технологических знаниях. Всё зависит от того, как учитель будет его учить, формировать предметные знания, умения и навыки, какие методики и технологии будет использовать с учётом того уровня *технологической культуры*, который предъявляет сегодня новое технологическое общество («общество знаний») в конкретной стране и развитых странах мира.

Из огромного числа трактовок понятия «технологическая культура» нам импонируют определения, данные В.Д. Симоненко и Ю.Л. Хотунцевым, где технологическая культура выступает как: 1) уровень овладения человеком современными способами познания и преобразования себя и окружающего мира [5]; 2) преобразующая творческая природосообразная деятельность, включающая знания, умения и навыки, эмоционально-нравственное отношение к данному виду деятельности и готовность действовать с учетом ответственности за свои действия [6];

3) культура преобразующей деятельности, необходимая любому специалисту [7].

Таким образом, исходя из реалий современной жизни, выпускник школы перед началом трудовой деятельности должен овладеть элементами технологической культуры, являющейся важнейшей частью общей культуры человечества и отражающей характер и уровень преобразующей природосообразной творческой деятельности (П.Р. Атутов, В.А. Поляков, В.Д. Симоненко, В.П. Овечкин., Ю.Л. Хотунцев и др.).

Подчеркнём более конкретно, необходимость формирования технологической культуры старшеклассников в рамках предмета «Технология», обусловлена современными требованиями к технологическим знаниям и умениям как показателям технологической грамотности человека, выступающей на современном этапе *основным ресурсам отдельной личности*.

Согласно теоретической модели выпускника школы, предложенной В.П. Овечкиным [8], и вслед за названным автором мы считаем обязательным и необходимым в реализации технологической подготовки старшеклассников наряду с формированием технологических знаний воспитание таких групп качеств, как:

- *мировоззрение* (представление о техногенной среде современного постиндустриального общества, условиях, закономерностях, тенденциях и понимании неизбежности ее устойчивого развития);
- *позитивное отношение* к преобразовательной деятельности человека и общества, ее результатам и последствиям; усвоение системы ценностей, принципов, нормативно-нравственных отношений (технологическая культура); *понимание, знание и обладание* способами и средствами преобразования сырья и материалов (технологическая грамотность);
- *способность* к выявлению проблем, поиску и выбору решений (*творчество и проектирование*);
- *осознанное понимание* и постановка целей собственной преобразовательной деятельности (*целеполагание*).

1. Строчкова Т.А. Педагогическая поддержка и помощь в современной образовательной практике. // педагогика. - №4. – с. 24.

2. Шумилкин Н.Н. Методология технологического знания. Р. – Беларусь, г. Новополоцк. [uerta@tut.by](mailto:uerta@tut.by).

3. Питт Джеймс. Научные и технологические знания: что между ними общего и в чем различия // Школа и производство. 2002. - №3.

4. Цит. из С.М. Бондаренко Урок – творчество учителя – М.: Знание. - №3, 1974. – с. 45.

5. Симоненко В.Д. Основы технологической культуры: Учебник для учащихся 10-11 классов гуманитарного профиля / Под редакцией В.Д. Симоненко. – М.: Вентана Граф, 2000. – 268 с.

6. Симоненко В.Д. Технологическая культура и образование (культурно-технологическая концепция развития общества и образования). – Брянск: Изд. БГПУ, 2001. – 214 с.

7. Хотунцев Ю.Л. Программа «Основы технологической культуры» // Школа и производство. - №7, 2002. – С. 10-17.

8. Овечкин В.П. Теоретико-методологические основы проектирования содержания технологического образования учащихся. Автореф. дисс. д.п.н. 13.00.01. – Ижевск, 2006, – 40 с.

## К ПРОБЛЕМЕ ОТБОРА ПРЕДМЕТНО-СОДЕРЖАТЕЛЬНОГО АСПЕКТА ПРОФИЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ НА СТАРШЕЙ СТУПЕНИ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Д.Б. Шаяхметова – к.п.н., доцент, кафедра западных языков УИЯиДК

### Түйін

Профилді мектептерде шет тілдерінде үйретудің мәселесі осы мақалда көтеріледі. Пәнді үйретудің мазмұны келесі негізгі құрамдас бөліктерге негізделінеді: байланыстың саласы, тақырыптар, коммуникативтік кәсібі жағдайлары, дәлме-дәл мәтіндер, В1 деңгейлі арнаулы аралық мәдениетті-коммуникативтік білу кешені.

### Summary

This article is devoted to very actual problem of teaching English for specific purposes at profile-oriented schools. The content of teaching includes such components as: spheres of communication, themes, communicative-professional situations, authentic material and specific list of professional intercultural-communicative skills.

Необходимость перехода старшей степени школы на профильное обучение определена Концепцией развития образования РК.

*Профильное обучение* – это средство дифференциации и индивидуализации обучения, позволяющее за счет изменений в структуре, содержании и организации образовательного процесса более полно учитывать интересы, склонности и способности учащихся, создавать условия для обучения старшеклассников в соответствии с их профессиональными интересами и намерениями в отношении продолжения образования [1].

Цель внедрения профильного обучения – это создание системы специализированной подготовки в старших классах (10-11 классы) общеобразовательной школы, ориентированной на социализацию личности, в том числе с учетом реальных потребностей рынка труда.

В отличие от традиционного обучения профильное позволяет ученикам выбрать конкретную приоритетную область для более глубокого изучения. Переход к профильности – это расширение свободы, вариативности школьного образования. В отличие от углубленного изучения отдельных предметов профильное обучение позволяет школьникам изучать не один, а группу предметов друг-друга поддерживающих, взаимодополняющих.

Организация профильного обучения предусматривает наличие двух составляющих процесса профилизации: *профильное направление и собственно профиль*.

В общеобразовательной школе Республики Казахстан выделяются социально-гуманитарное, естественно-математическое направления. Выбор одного или обоих направлений осуществляется школой с учетом потребностей учащихся и запросов родителей. Внутри направления формируются профили (к примеру, физико-технический, экономико-математический, химико-биологический, географо-экологический, художественный, лингвистический, историко-правоведческий и т.д.).

Изучение ИЯ на профильном этапе общего образования направлено на достижение следующих *целей*:

- дальнейшее развитие *межкультурно-коммуникативной компетенции* (речевой, языковой, социокультурной, компенсаторной, учебно-познавательной);

- *речевая компетенция* – функциональное использование изучаемого языка как средства общения и познавательной деятельности: умение понимать аутентичные иноязычные тексты (аудирование, чтение), в том числе ориентированный на выбранный профиль, передавать информацию в связанных аргументированных высказываниях (говорение, письмо); планировать свое речевое и неречевое поведение с учетом статуса партнера по общению;

- *языковая/лингвистическая компетенция* – овладение новыми языковыми средствами в соответствии с темами и сферами общения, отобранными для выбранного профиля, навыками оперирования этими средствами в коммуникативных целях; систематизация языковых знаний, полученный в основной школе, увеличение их объема за счет информации профильно-ориентированного характера;

- *социокультурная компетенция* (включающая социолингвистическую) – расширение объема знаний о социокультурной специфике страны изучаемого языка, совершенствование умений строить свое речевое и неречевое поведение адекватно этой специфике с учетом профильно-ориентированных ситуаций общения, умений адекватно понимать и интерпретировать лингвокультурные факты, основываясь на сформированных ценностных ориентациях;

- *учебно-познавательная компетенция* – дальнейшее развитие социальных учебных умений, позволяющих совершенствовать учебную деятельность по овладению иностранным языком, повышать ее

продуктивность; использовать ИЯ в целях продолжения образования и самообразования, прежде всего, в рамках выбранного профиля.

Таким образом есть основание полагать, что на профильном уровне иноязычная подготовка учащихся будет приближаться к достижению порогового продвинутого уровня (B1 – для естественно-математического профиля + LSP (язык для специальных целей) и B2 – для социально-гуманитарного профиля + LSP), приобретая определенную специализацию, то есть профильную направленность.

*Предметное содержание* обучения определяется, как известно, действующим в тот или иной период Государственным образовательным стандартом и Типовыми программами, составленными на его основе. Предметное содержание обучения ИЯ в профильных школах включает в себя следующие основные компоненты:

Сферы коммуникативной деятельности, темы;

Коммуникативные прагма-профессиональные ситуации и программы их развертывания, коммуникативные и социальные роли, речевые действия и речевой материал (тексты, речевые образцы).

Комплекс специальных межкультурно-коммуникативно-профессиональных умений, характеризующий уровень практического профессионального владения ИЯ.

Остановимся на краткой характеристике основных компонентов содержания профессионально-ориентированного обучения иноязычному общению в профильной школе.

Предметное содержание иноязычного общения включает:

*Социально-бытовую сферу*: Повседневная жизнь, быт, семейные традиции и межличностные отношения в разных культурах. Проблемы экологии и здоровья.

*Социально-культурную сферу*: Проблемы города и села. Научно-технический прогресс, его перспективы и последствия. Роль молодежи в современном обществе, ее интересы и увлечения. Культурно-исторические особенности своей страны и страны изучаемого языка. Вклад Казахстана и стран изучаемого языка в развитие науки и мировой культуры. Великие исторические события прошлого и современности. Проблемы современного общества.

*Учебно-трудовая сфера*: Современный мир профессий. Рынок труда и выбор будущей профессии. Роль владения ИЯ в современном мире. Возможности и перспективы самообразования. Новые инновационные технологии.

В рамках тем общения могут быть выделены *ситуации общения*, которые по определению Е.И. Пассова могут быть определены как «системы взаимоотношений субъектов, отраженных в их сознании и порождающих потребность к целенаправленной деятельности в решении речемыслительных задач» [2]. Основными компонентами ситуации общения являются: социальные роли коммуникантов, межличностные отношения партнеров по общению, мотивы и коммуникативные намерения, коммуникативные потребности, цели, предмет общения, среда и условия, в которых осуществляется общение, место общения. Предметное содержание обучения на занятиях по языку также реализуется в виде *текстов*, являющихся продуктом речевой деятельности. Поскольку ИЯ является средством обмена информацией при устном и письменном общении, то тематические тексты должны содержать ту профессионально-ориентированную информацию, с помощью которой реализуются комплексная цель обучения ИЯ в профильно-ориентированных классах. Особую познавательность представляют аутентичные тексты, с помощью которых учащиеся знакомятся с политической, культурной, научной жизнью других стран. Информация, содержащаяся в этих учебных материалах, расширяет кругозор старшеклассников, дополняет и углубляет ту информацию, которую учащиеся получили на занятиях по истории, литературе, географии, основам экономики и др.

Однако следует отметить, что эффективность обучения ИЯ на основе аутентичных текстов во многом зависит от правильного отбора и организации материала. Для решения этой задачи следует принимать во внимание целый ряд факторов, а именно:

*Познавательная ценность текста* – текст должен способствовать пополнению фактических знаний учащегося и формирование у него ценностных ориентаций;

*Соответствие текста интересам учащихся*. Успешность обучения напрямую связана с тем, насколько значимы в глазах учащихся предлагаемые им тексты. Только в этом случае возможно возникновение интереса, а затем и мотива к деятельности. Интерес к содержанию текста обусловлен познавательными и эмоциональными потребностями личности, которые определяются, в частности, возрастом ученика и зависят от его интеллектуального и духовного развития.

Важным требованием к содержанию текста следует считать их *культуроведческую ценность*. Социокультурный компонент выступает как обязательный в содержании обучения ИЯ. Текст, а именно аутен-

тичный текст является одним из основных средств ознакомления учащихся с культурой другого народа, позволяет эмоционально вовлечь учащихся в процесс интеркультурного сравнения, познания культурного наследия страны изучаемого языка.

Следующим компонентом содержания профильно-ориентированного обучения ИЯ в рамках профильного обучения ИЯ является комплекс специальных межкультурно-коммуникативных профессиональных умений, характеризующий уровень практического профессионального владения ИЯ. К таким умениям можно отнести:

- *в области говорения*: участвовать в беседе/дискуссии на знакомую тему, осуществлять запрос информации, обращаться за разъяснениями, выражать свое отношение к высказыванию партнера, свое мнение по обсуждаемой проблеме, рассуждать о фактах/событиях, приводя примеры, аргументы, делать выводы; описывать особенности жизни и культуры своей страны/страны изучаемого языка.

- *в области аудирования*: понимать на слух (с различной степенью полноты и точности) высказывания собеседников в процессе общения, а также содержания аутентичных аудио- и видеотекстов различных жанров и длительности звучания; понимания основного содержания несложных звучащих текстов монологического и диалогического характера, теле- и радиопередач в рамках изучаемых тем; выборочно-понимания необходимой информации в объявлениях и информационной рекламе.

- *в области чтения*: выделять основные факты; отделять главную информацию от второстепенной; предвосхищать возможные события/факты; раскрывать причинно-следственные связи между фактами; понимать аргументацию; извлекать требующуюся информацию; определять свое отношение к прочитанному.

- *в области письменной речи*: писать личное и деловое письмо, заполнять анкеты, бланки; излагать сведения о себе в форме, принятой в стране изучаемого языка (автобиография/резюме); составлять план, тезисы устного/письменного сообщения; рассказывать об отдельных фактах/событиях, выражая свои суждения и чувства, описывать планы на будущее.

- *социокультурные умения*: использовать в речи основные нормы речевого этикета (реплики, клише, оценочная лексика), принятые в стране изучаемого языка, сравнивать факты родной культуры и культуры страны изучаемого языка.

- *компенсаторные умения*: пользоваться языковой и контекстуальной догадкой при чтении, аудировании; прогнозировать содержание текста по заголовку, началу текста; использовать текстовые опоры различного рода (таблицы, графики, рисунки, комментарии, сноски); игнорировать трудности, не влияющие на понимание основного содержания текста; использовать переспрос и словарные замены в процессе общения.

- *учебно-познавательные умения*: использовать двуязычные толковые словари, справочную литературу, обобщать информацию, фиксировать содержание сообщений, выделять нужную/основную информацию из различных источников [1].

Говоря о технологиях обучения, наиболее адекватным для старшей ступени является метод проектов ((1) постановка проблемы, 2) определение путей ее решения и характера личного участия в этом, 3) поиск нужной информации, 4) ее организация/оформление в целях предъявления другим участникам проекта, 5) ее коллективное обсуждение, 6) коррекция, поиск дополнительной информации, 7) оформление конечного продукта (реферат, доклад, презентация) [5].

Именно эта технология в наибольшей степени нацелена на развитие личности учащихся, их самостоятельности и творчества. Она позволяет сочетать все режимы работы: индивидуальный, парный, групповой, коллективный, а так называемое «обучение в сотрудничестве» может входить в нее в качестве составляющей.

Завершая рассмотрение вопроса об обучении ИЯ на старшей, ступени полной средней школы, следует признать, что внедрение профильного обучения ИЯ осуществляется крайне медленно, так как требует серьезной перестройки всего образовательного процесса (новые ГОСО, типовые программы, современные УМК для профильных школ, а главное – специализированной подготовки и переподготовки педагогических кадров для профильных школ).

1. *Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. КАЗУМОиМЯ им.Абылай хана, – Алматы, 2010.*

2. *Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. – М.: Русский язык, 1989.*

3. *Щукин А.Н. Обучение иностранным языкам теория и практика. – М.: Филоматис, – С. 147.*

4. *Биболетова М.З. Методика обучения иностранным языкам: традиции и современность. Обнинск, Титул, – С. 319.*

5. *Полат Е.С. Метод проектов на уроках ИЯ//ИЯШ, 2001, - №1.*

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

А.А. Бейсенбаева – *п.ғ.д., проф.*,  
Ж.Б. Калыкбаева – *Абай ат. ҚазҰПУ-нің магистранты*

### Резюме

В статье раскрываются педагогические условия использования национальных игр в работе с детьми дошкольного возраста. Казахские народные игры как одно из средств воспитания в педагогической науке. Использование национальных игр в учебном-воспитательном процессе в целях нравственного, эстетического и физического развития детей.

### Summary

In the article the pedagogical terms of the use of the national playing open up work with the children of preschool age. Kazakh folk games as a means of education in teaching science. Use of the national games in the educational process in order to moral, aesthetic and physical development of children.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керектігін атап өтті» [1]. Президенттің тапсырмасын жүзеге асыруда еліміздің көкжиегін кеңейтіп, алыс болашаққа көз тастайтын жас ұрпақтардан үміт артатына сенімі мол. Ол міндетті жүзеге асыруда ең алдымен білімді, бәсекеге қабілеті бар, дербес, шығармашыл, ұлттық сана сезімі қалыптасқан, өзін-өзі жүзеге асыра алатын жеке тұлға етіп тәрбиелеу мектеп жасына дейінгі балалардан бастау қажет.

Алға қойған бұл міндеттерді өз мәнінде шешу де Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыруын Елбасымыз айқындаған. Онда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуге баса назар аударған. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған «Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген. [2] Сондықтан тәлім-тәрбиенің бастауы – мектепке дейінгі кезең. Мектепке дейінгі шақ – бала бойына рухани-адамгершіліктің негізін қалайтын кез. Мектепке дейінгі жаста баланың жаңа ішкі, психикалық іс-әрекеттерді игеретінін, ол әрекеттердің балаларға неғұрлым күрделі әрі алуан түрлі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретінін көреміз. Мұндай іс-әрекеттердің қайнар көзі сыртқы бағыттаушы іс-әрекеттер болып табылады. Әр түрлі іс-әрекеттерді игеруді үйрету мен тәрбиенің әсері арқылы өте тұрса да, ол тек ересектердің қалауына ғана байланысты емес: бала кез-келген күйінде игере бермейді. Бұл екі себеппен анықталады. Біріншіден, әуелі неғұрлым қарапайым, содан соң мейлінше күрделі кимылдар үйретіледі және баланың қабылдауына мүмкіндігі бар күрделілік дәрежесі әрқашан бұрынғы қол жеткен дәрежемен шектеледі. Екіншіден, бала жаңа іс-әрекетке үйренуі үшін, ол баланың қажетіне және мүддесіне сай келуі, оны қызықтыратын болуы керек. Мектепке дейінгі жаста балаларға жаңа іс-әрекет ойын түрінде көрсетілсе және ойын түрінде пайдаланылса, басқа жағдайлардан гөрі едәуір жақсы және жеңіл игеріледі. Осы жаста балалар іс-әрекеттің үш негізгі жетекші түрін: қарым-қатынас, заттық іс-әрекет және ойын әрекетін ғалымдар бөліп көрсетеді. Бала ойында дербестік көрсете бастайды, ол өзінше үлкен болуға, оның рөлін орындауға, заттар мен уақиғалар ересектерше билік жүргізуге тырысады. Мектепке дейінгі жаста оқу және еңбек іс-әрекеттері біртіндеп қалыптаса бастайды. Ойын іс-әрекеті мектеп жасындағы балаларда жетекші орын алады [2]. Сондықтан да бала бойына жас кезінен бастап жоғары руханилық құндылықтарды: мейірімділік, инабаттылық, сұлулық, жақсылық, еркіндік, өмір мәні т.б. қалыптастыру педагогтардың және ата-аналардың міндеті. Өз міндеттерін шешуде педагогтар мен ата-аналар мектепке дейінгі балаларды жан-жақты дамуы үшін ұлттық ойындарды қолдану қажет. Бала дамуында ойынның маңызы зор екенін туралы ХХ ғасырдың басында ең алғашқы мектепке дейінгі тәрбиенің негізін қалаған ағартушы, ұстаз, қазақ ғалымы Нәзипа Құлжанова [3]. Ол ойында бала көрген – білгенін екшейді, үйренгенін нығайтып бекітеді» – деп өз еңбегінде атап өткен. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекеті – ойын. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе сияқты. Сондықтан ойын баланың алдынан өмірінің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады.

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесіне байланысты идеялар мен тұжырымдар ежелгі аса көрнекті философтар Платон, Аристотель өз еңбектерінде жарияланған.

Платон — тәрбие мен оқыту мәні, қоғамдық құрылымы мен тәрбиенің қатынасы сияқты аса маңызды



педагогикалық ұғымдардың анықтамасын берген. «Мемлекет» атты еңбегінде кішкентай шағынан бастап балаларға қоғамдық тәрбие беру идеясын ұсынып, оны ұйымдастырудың жүйесін жасаған. Платон 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуде ойынды тәрбиенің негізгі құралы деп қарап, тәрбиешілерге қойылатын басты талаптарды айқындап берді.

Ал Аристотель жеке адамның дене, ақыл-ой және адамгершілік тәрбиесін қамтитын үйлесімді даму идеясын тұжырымдады. Тәрбиенің табиғи дарындылығына үлкен мән беріп, мектепке дейінгі кезеңде жеке адамның қалыптасуындағы ерекше және маңызды шақ деп қарады. Аристотель баланы тәрбиелеуде 5 жасқа дейін түрлі ойындар, ақыл-ойын дамытатын әңгімелер пайдаланып, 5 жастан бастап мақсатты түрде мектепте оқу ісіне дайындау керек деп атап көрсетті [5].

Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқын-дайды, белсенділігі артады, ерлік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Философтар мен қатар педагогтар да ойынға аса назар аударған. Соның бірі Ушинский өзінің еңбегінде «баланың өзін қоршаған үлкендер әлеміне кірудің басты жолы ойындар. Олар ойында үлкендердің қызметіне еліктеп, өзінің шамасы келетіндей дәрежеде олардың қуанышы мен ренішін түйсіне отырып, ол осындай өзіндік жолмен қоршаған өмірге етене араласады [6].

Бүгінгі таңда ғалымдарымыз М.Тәнекеев [7], Е.Сағындықов [8], Б.Төтенаев [9], А.С. Мұрғабаетова ғылыми еңбектерінде қазақтың халық ойындары туралы жазып, жалпы сипаттамалар, топтастырулар берген.

Оқу үрдісінде ұлттық ойындарды қолдану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынса, онда оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Ғалым Е.Сағындықовтың қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасаған. Ол өзінің ғылыми еңбегінде қазақ мектептерінде I-VI сыныптарда қазақ халық ойындарын жекелеген классификацияларға топтап, оны сабақта және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолдану әдістері анықталып, қазақ халық ойындарына педагогикалық талдау жасалып, оқу үрдісінде пайдалану қажеттілігі негізделеді [8].

Ал Мұрғабаетова А.С «Қазақ мәдениетіндегі ұлттық ойындардың ерекшелігі мен рәсімдік негіздері» атты еңбегінде ойынға төмендегідей сипаттама берген.

1. Ойын – әмбебап құбылыс және ол адам болмысы стратегиясының біріне жатады.
2. Ойын – табиғи қажеттілік пен мәжбүр студент гөрі бірінші кезекте адамның еркін әрекетімен байланысты, ол – адам азаттығы.
3. Ойын күнделікті күйбең тіршіліктің аумағынан шығуға ұмтылады, ол оны қасиеттендіреді және салтанатты етеді.
4. Ойынның өзіндік шектелген кеңістігі мен уақыт жүйесі бар.
5. Ойын жетілген ереже бойынша жүзеге асырылады және ол эстетикалық мағынаға ие болуы қажет.
6. Ойын белгілі бір қызығушылықты, адамның рухани және тәндік күштерінің жұмылдыруын, табандылықты, дәйектілікті, бәсекелестікті, үміт пен қуанышты қажет етеді.
7. Ойында бейресми мақсаттық топтар құрастырылады, оларға өзіндік салт-дәстүрлер мен рәсімдер тән [10].

Осыдан ойын мен ойын әрекеті мазмұнының әлеуметтік сипаты баланың қоғамда өмір сүретіндігімен байланысты екендігі туралы айтуға болады. Ол алғашқы айлардан бастап-ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмтылады, қарым-қатынас жасау мен қоғамдық тәжірибені игерудің қуатты құралы – тілді бірте-бірте меңгереді. Бала ересектер өміріне белсенді қатысқысы келеді, бірақ бұл ықылас әлі оның мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтіндігін атап өтуге болады.

Қазіргі кездегі педагогикалық теорияда ойын мектеп жасына дейінгі баланың негізгі қызмет түрі ретінде қарастырылады. Ойынның негізгі дәрежесі оған баланың арнаған немесе кеткен уақыт мөлшерімен емес, баланың негізгі қажеттілік құндылығын қанағаттандыратын, яғни ойын барысында басқа іс-әрекеттер туындап, ойын көп жағдайда бала психикасының дамуына себепші болатын жағдайлары басты болып саналады – деп өз еңбегінде анықтама берген Алимханов Елемес [11].

Жоғарыдағы тұжырымдарға тоқтала кетіп біз ойынға мынандай анықтама береміз. Ойын баланы өжеттікке, батылдыққа, шапшаңдыққа, ептілікке, тапқырлыққа үйретеді. Осы ойындардың ішінде аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар. Ұлттық ойындар баланың дене күшін қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке т.б қасиеттерге тәрбиелеп сонымен қоса оның ақыл-ойының толысуына, жан дүниесінің қалыптасуына, есейуіне де пайдасын тигізеді.

Балаға адамгершілік, имандылық, инабаттылық ізеттілік, атадан-балаға мирас етіп қалдырған салт-дәстүрімізді қадірлеп, сүюге үйрету – ұлттық тәрбиеден басталады. Тәрбиелік тәлімді бала бойына сіңіру-

дің дер кезі, нақты мезгілі өткізіп алынса, одан кейінгі берілетін өнегенің санаға қонуы қиын да күрделі. Балаларға өнегелі әдеп, үлгілі боларлық машықтық дағды сіңірудің тиімді құралы – халқымыздың ұлттық ойындары екенін қалтықсыз мойындап, оны күнделікті тәлім-тәрбие ісінде ретті пайдалану әрбір ұстаздардың парызы деп ұғыну қажет.

Халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдеп дағдыларын жас ұрпақтың бойына ойын арқылы дарытып, көңіліне қондыра білу өмір қажетінен туып отыр. Өйткені баланы нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, елін, жерін, тілін сүйетін отаншылдыққа, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеудің құралы – ұлттық ойын. Оның тәрбие, тәлім берудегі сикырлы сырын терең меңгеру үшін ежелден бері өркен жайып, үздіксіз дамып келе жатқан ұлттық ойынды тәрбие мақсатына пайдаланудың тиімді жолдарын қарастыра түсу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін міндетіне айналғандығын мойындауға тиістіміз [12].

Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрі, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық рухын қайраттауға мән берілуі, халықтың данышпандығының дәлелі [13]. Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланса, онда балалардың бойына ұлттық сана сезім қалыптасып, ұлттық салт-дәстүрден хабардар болар еді.

Біздің тақырыбымызға қарай ғылыми еңбектерді талдай отырып төмендегідей мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық ойындарды тиімді қолдану үшін педагогикалық шарттарды тәрбиешілер ең қолайлыларын пайдалану қажет екенін көзіміз жетті. Соған орай, біздің ойымызша зерттеу мақсатымызға қарай педагогикалық шарттарды төмендегідей ұсынамыз:

- Мектепке дейінгі балаларға ұлттық ойындарды қолдану үшін өткізетін орын соған сай болу керек және оларды жүйелеу қажет;

- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып байланысты ұлттық ойындарды жинақтап және толықтыру керек;

- балабақшада ұлттық ойындарды қолдануда әдіс-тәсілдері нақтылау.

- ұлттық ойындар балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде қарастырып жүйелеу қажет. Оларды қолдану кезінде ойнаушыларды жынысына, жасына қарай бөліп, олардың дене-күш даму ерекшелігін мінез-құлқын ескеру арқылы ойнаушыларды топқа бөлу, оқу-жаттығу кезінде берілетін жүктемелер мен демалу ұзақтығын анықтау

Сонымен біздің ойымызша педагогикалық шарттарды кешенді түрде қолданса және мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеуді жаңаша тұрғыда қарастырса педагогикалық нәтижесі арта түседі. Өзіміздің тәжірибеімізде мектепке дейінгі кезеңнің оқу іс-әрекеттерінде және тәрбиеде ұлттық ойындарды ұтымды пайдаланса, онда балалардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болатынын байқадық.


Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық ойындар әрекетінде психологиялық-педагогикалық тұрғыдан талдау нәтижесінде төмендегідей қортынды жасадық:

- ұлттық ойын көп қырлы күрделі процесс;

- балалар ұлттық ойынды басқа әрекеттерден өзінің ерекшелігімен ажыратылады;

- ұлттық ойын дамитын сипатқа ие

Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ұлттық ойынды басшылыққа алудың маңызы зор екенін 1-суретте көрсетіледі.



1 сурет «Ұлттық ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дамытудың негіздері»

Сонымен қортындылай келе ұлттық ойында балалардың жан-жақты жетілуіне, қабілеттерінің ашылуына, мәдениетінің қалыптасуына, ұлттық дәстүрлерді меңгеруіне ықпал жасауына психологиялық-педагогикалық маңызы зор. Соған орай қазіргі қоғамның өркениетке ұмтылуы жағдайында қоршаған ортаны сақтап қалу, елдің экономикалық деңгейін, индустрия мен техниканы дамыту, халықтар ынтымағын күшейту, ұлттық мәдениетті өркендету басты мәселе болған кезде. Осы көтерген мәселеміз нәтижелі болу үшін балалардың рухани-адамгершілік, эстетикалық тұрғыдан жеткілікті деңгейде дамуынан, олардың еңбекке, ұлттық мұра мен құндылықтарды, халық дәстүрлерін дамытуға жағымды қарым-қатынастарының қалыптасуына септігін тигізетін осы мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық ойындарды қолданудың педагогикалық шарттары тәрбиешілердің табысқа жетудің көзі екеніне сенеміз.

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің саяси бағыты» ҚР Президенті Қазақстан халқына жолдауы 14 желтоқсан, 2012.

2. Абежанова А. Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындарды қолдану тиімділігі. Отбасы және балабақша. 2009.-№4

3. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудың педагогикалық-әдіснамалық негіздері. – Астана, 2010.

4. Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие. – Орынбор, 1923.

5. Аристотель. Никомох этикасы // Собр. Соч.: В 4-х т. – М.: Мысль, 1976.

6. Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения. – М.: Педагогика, 1964.

7. Танекеев М. «Казахские национальные виды спорта и игры». – Алма-Ата, 1957.

8. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану. дис...пед.канд. – Алматы, 1993.

9. Төтенаев Б.Ә. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 1978.

10. Мұрзабаева А.С. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық ойындардың ерекшелігі мен рәсімдік негіздері: дис. ... фил. канд. – Алматы, 2006.

11. Алимханов Е. Ұлттық спорт пен ойындардың теориялық және педагогикалық негіздері: дис...пед.док. – Алматы, 2010.

12. Төлєнова Ұ.Т. Балабақшадағы аралас топ балаларына ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: дис. ... пед.док. – Атырау, 2002.

13. Меңдалиев Б.М. Ұлттық халық ойындарын мектеп жасына дейінгі балалардың дене шынықтыру сабағында қолдану. дис. ...пед.канд. – Алматы, 2004.

## ТӘРБИЕ КЕҢІСТІГІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН ДАМУЫ МАЗМҰНЫ

**А.С. Шилібекова** – п.ғ.к., доцент м.а., Тараз мемлекеттік педагогикалық институты

**Ж.С. Асабаева** – Тараз қаласы № 47 орта мектеп директоры

### Резюме

В статье рассмотрены ведущие виды воспитания и построена содержательная система их реализации в воспитательном пространстве общеобразовательной школы.

### Summary

In this article the major types of education were described and a substantial system of their implementation in the education space of a comprehensive school was constructed.

Қазіргі мектептерде білім беру үдерісінде шығармашылық ізденіспен жұмыс жасау жеткілікті жолға қойылғанымен, тәрбие үдерісінде қандай әдіснамалық және идеялық ұстанымдарға сүйену қажеттігін анықтау мәселесі әлі өз шешімін таба алмай келеді. Сондықтан түрлі тәрбие ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктерде тәрбие кеңістігін құрудың ғылыми негізделген әдіснамалық бағыт-бағдарлары айқындалмай отыр. Өйткені жаңа ғасыр оқушылары жаңа қоғамдық формация өнімдері ретінде тәрбиенің дәстүрлі өлшемдеріне қанағаттана алмайды, оларда өзін-өзі дамыту, өзін-өзі актуальдандыру және өзіндік әлеуметтену үдерістері қарқынды жүруде. Тәрбие түсінігі мағыналық жағынан кең ауқымды категория. Сондықтан да тәрбиеге бір жақты қарамай, оны мүмкіндігінше баладан бұрын өзіміз жан-жақты талдап, саралап ұғынуымыз керек. Тәрбиенің негізгі мақсаты жеке адамды қалыптастыру және оның жан-жақты толыққанды дамуын қамтамасыз ету. Ал бұл міндеттердің табысты шешімін беру жеке адамның дамуы қалай өтетінін және қалыптасуына қандай жағдайлар ықпал ететінін білумен байланысты. Тәрбиенің астарлы терең заңдылықтарын білместен, оны жетілдіруге ұмтылудың өзі бос әрекет. Сонда тәрбиенің заңдылықтары дегеніміз не? Бұл түсініктің мәні: орындалуы жеке адам дамуы мен қалыптасуында тиімді нәтижеге жеткізетін тәрбиелік үдерістегі орнықты, қайталап отыратын қажетті байланыстар. Мысалы:

- тәрбие барысында оқушыға алдағы жетістіктерін көрсете отырып, табыс-қуанышына ере білуге көмектесу;

- тәрбиелеуде оқушылардың жастық және даралық ерекшеліктерін ескеру;
- тәрбие барысында оқушылардың ұнамды сапаларын тану мен оларды орынды пайдалану;
- тәрбие барысында мұғалімнің, мектептің, отбасының және қоғамдық мекемелердің педагогикалық ұмтылыстарының бірлігі мен келісімі қажет.

Мұндай заңдылықтарды біле отырып, тәрбие жұмыстарын алдын-ала болжауға және ол іске терең мазмұндық, әрі әдістемелік мән-бағдар беруге болады. Мектептегі оқу жұмысы да, оқушылардағы жеке адамдық сапаларды тәрбиелеу де осы заңдылықтарды ескеру негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Ал қалай оқыту керек, қалай тәрбиелеу керек деген сауалға жауапты тек мұғалімнің кәсіби білім дәрежесі мен жанашылдығы, мақсатты қоя білуі, алдындағы шәкіртін жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, іскер, өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптастыра білу шеберлігінен іздеу керек.

Бүгінгі тәрбие жүйесінде ғасырлар бойы өз құндылықтарын жоймайтын жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйену, яғни табиғатпен үйлесімділік және ұлттық рухани құндылықтармен үйлесімділік принциптерін қолдау әдіснамалық бағдар болуы жөн деп саналуда. Осы тұрғыдан Қазақстанда ұлттық мектептің тәрбие кеңістігін қалыптастыру жеке адамды қалыптастыру мен дамытудың гуманистік нобайын негізге алған дұрыс деп табылуда. Сол себепті Тараз қаласының №47 орта мектебінде арнайы ұйымдастырылған тәрбие кеңістігін қалыптастыру арқылы «тәрбиелеу – білім беру – дамыту» жұмыс бағдарын негізге алатын педагогикалық эксперимент жұмыстары ұйымдастырылды. Мектеп ұжымы дамудың жаңа жолына түсіп, қоғамдағы саяси өзгерістерге өзіндік көзқарасы қалыптасқан, бәсекелестікке дайын, өмірге жан-жақты даярлығы бар, ғылыми негіздерін терең меңгерген тұлғаны қалыптастыруды мақсат ете отырып, жаңа білім беру мазмұнын жүзеге асыруда оқушының білім сапасын дамытудың мақсаты мен міндетін айқындаудың және тәрбие кеңістігінің тірек-талдау үдерісін қарастырды.

Зерттеу үдерісін құрудың әдіснамалық тәсілі ретінде тұлғалық-іс-әрекеттік тәсіл қарастырылады (оның тұлғалық (тұлғалық-бағытталған) және іс-әрекеттік компоненттері).

Э.Н. Гусинскийдің және Ю.И. Турчанинованың пікірлері бойынша, қазіргі педагогикалық ғылымда тұлғалық тәсілдің пайда болуы (Е.В. Бондаревская, С.В. Кульневич, В.В. Сериков, А.С. Шаров, И.С. Якиманская және т.б.) идеологиялық (мемлекеттік саясат деңгейінде), теориялық (психология және педагогика саласында білім беру модельдерінің құрылу деңгейінде) және практикалық (жеке педагогтар мен оқу орындарының іс-әрекеті деңгейінде) жасалған оқушы тұлғасының және мұғалімнің дәстүрлі білім беру жүйесінде шеттелуін жеңе білуге, ұмтылысқа байланысты [1].


И.С. Якиманскаяның пікірі бойынша, тұлғалық бағытталған тәсіл оқу үдерісінің әлеуметке ортақталған бағыттылықты жіктеуге және жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Автордың пікірінше, педагогикалық үдерістің тұтастығын түсіну бірінші бағытта тұруы қажет, бірақ логика-танымдық элементтер жиынтығымен емес (оқу пәндері, тақырыптар, ұғымдар, операциялар), оқу үрдісі субъектілерінің тұтастығы мен тұлғалық көрінулер деңгейімен – таңдамалық, рефлексивтілік, ішкі еркіндік және жауапкершілік, мәнділікті ізденуге қажеттілік, тұлғалық маңызды әрекет шығармашылығы [2]. Сонда тұлғалық тәсіл тұлғаны ішкі шарттар жиынтығы ретінде түсінуді болжайды, олардың бірі ретінде тұлға құрылымы орын алады. Осыған сәйкес ұйымдастырылатын оқу әрекеті тұлғаның білімдер мен іскерліктер деңгейін, шығармашылық қабілеттерін, мотивациялық-қажеттілік және эмоциялық-еріктік сферасының даму ерекшеліктерін ескеру барысында оның дамуына ықпал етеді.

Өз кезегінде, іс-әрекеттік тәсіл (А.Н. Леонтьев, А.В. Петровский, С.Л. Рубинштейн және т.б.) педагогикалық үдерістегі оқу әрекетін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен қатар пәндік әрекеттің іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Аталған екі тәсілдің сапалық біріккен үлгісі ретінде қазіргі педагогикада тұлғалық-іс-әрекеттік тәсіл қолданылады. Тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілді қолдану ізделетін тәрбиелеу кеңістігін оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру және басқару құралы ретінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осы үдерістің салдары ретінде оқушылардың өз бетінше нақты танымдық, зерттеуші, құрушы, жобалық және басқа да міндеттерді қою және шешуге қайта бағдарлау. Осындай бағыт оның ішінде негізгі сызба-нұсқа мен әрекеттер ерекшеліктерінің өзгерістерін болжайды. Бұл жағдайда тәрбиелеу кеңістігін жүзеге асыру сызба-нұсқасы ретінде субъект-субъектілік қатынастар алынады, олар оқушыларға тәрбиелік және білім алу бағдарламаларын, оқу құралдарын, әдістерін, нәтиже алу жолдары мен тәсілдерін таңдау еркіндігін ұсынады (оқушының дербес тәрбие траекториясы, өзін-өзі айқындауды, жүзеге асыруды, өз бетінше әрекет етуді, әртүрлі оқу-тәрбиелеу әрекеттерінде өзін-өзі құру).

И.А. Зимняяның көзқарасы бойынша, тұлғалық-әрекеттік тәсіл жалпы оқу үрдісінде «білім берудің негізгі міндеті қойылады және шешіледі – үйлесімді, адамгершілікті қалыптасқан, ішкі резервтерді

белсендіру арқылы әлеуметтік белсенді, кәсіби хабардар және өзін-өзі дамытушы тұлғаның дамуына жағдай жасау» дегенді білдіреді [3]. «Тәрбие кеңістігі – оқушының білім сапасын дамытудың шарты» эксперимент жұмысының жетекші тәрбие түрлері және оның мазмұндық жүйесі тұлғалық-әрекеттік тәсіл негізінде сипатталады (сурет 1).



Сурет 1 – Жетекші тәрбие түрлері және оның мазмұндық жүйесі

Жеке тұлғаның тәрбие жүйесі – тәрбие түрлерінің келесі мазмұнында айқындалады [4]:

1. Адамгершілік тәрбиесі – оқушының адамгершілік сана-сезімін, іс-әрекетін қалыптастырып, құндылық бағытын айқындайтын тәрбие.
2. Дене тәрбиесі – оқушының денсаулығын нығайтып, оңтайлы қимыл-әрекеттерін қалыптастыратын адамгершілік қасиеттері мен ерік-жігерін жетілдіретін тәрбие.
3. Құқықтық тәрбие – оқушыларға еңбек әрекеті саласында заңдар мен заңның күші бар нормалар туралы мәліметтер беру үшін тәрбиелеу.
4. Кәсіби тәрбие – оқушыларға кәсіптік әрекетті жүзеге асыру тәжірибесін беру тәрбиесі.
5. Экономикалық тәрбие – оқушының еңбекті қажетсінуін, еңбексүйгіштігін, қоғамдық еңбекке белсенділігін, саналы еңбек тәртібін қалыптастыру мақсатында берілетін тәрбие.
6. Эстетикалық тәрбие – оқушыларға болмыстағы, өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдау үшін, оның эстетикалық түсінігін, сезімін, талғамын қалыптастыру үшін берілетін тәрбие.
7. Отбасы тәрбиесі – баланы нақты бір отбасы жағдайында ата-ана және әке-шеше, туыстардың тәрбиелеу жүйесі, ол-ұлттық тәрбиенің негізі.
8. Экологиялық тәрбие – оқушыларға қоршаған табиғи орта мен адам арасындағы қарым-қатынасты адамгершілік тұрғыда қалыптастыру үшін беріледі.
9. Салауаттылық тәрбиесі – оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
10. Еңбек тәрбиесі – оқушыларға жалпы еңбектік дағдылар мен қабылеттердің, еңбекке психологиялық әзірліктің, еңбекке және оның өнімдеріне жауапкершілікті қалыптастыру үшін берілетін тәрбие.

11. Патриоттық тәрбие – оқушыларға туған жерін, отбасын, ұлтын, халқын және Отанын сүю сезімдері мен сенімдерін қалыптастыру үшін берілетін тәрбие.

12. Ұлтжандылық тәрбиесі – оқушыларды ұлттық патриотизмге тәрбиелеу үшін берілетін тәрбие.

Қолданылған тәрбие түрлерінің негізінде тұлға бойында білім, білік, дағды, қарым-қатынас, шығармашылық-іскерлік қасиеттері дамып, нәтижесінде оқушы бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасады. Осыған орай “Тәрбие кеңістігі – оқушының білім сапасын дамытудың шарты” бағытындағы экспериментке қамтылған оқушылармен жұмыстар төрт бағытта жүргізілді:

**Бірінші:** оқыту арқылы тәрбиелеу, яғни пәндер мазмұны арқылы. Бұл жерде бірлестіктер (қазақ тілі мен әдебиет, математика, физика, бастауыш сыныптар, химия, орыс тілі мен әдебиет, тарих т.б.) және басқа да бірлестіктердің тарапынан әртүрлі жұмыстар жүргізілуде.

**Екіншіден:** арнайы тәрбие беру арқылы. Арнайы тәрбие үш бөлімнен құралған: ұжымды ұйымдастыру, тәрбиелік іс-әрекеттерді ұйымдастыру, оқушылардың өзіндік қасиеттерін қалыптастыру. Оның жоспар үлгісі 4 тәрбиелік іс-әрекетте жүзеге асырылады:

1. Танымдық әрекет – Кіші академия.
2. Еңбек әрекеті – «Зерде», «Шежіре» қолөнер үйірмелері, «Бояулар сыры» сурет үйірмесі;
3. Спорт әрекеті – Каратэ, «әскери дайындық», «бокс» үйірмесі.
4. Көркемдік-музыкалық әрекет – вокал үйірмесі, ұлдар хоры үйірмесі.

**Үшіншіден:** қосымша білім беру үйірмелер арқылы. Олар:

1. «Жас математик» үйірмесі.
2. «Жас физик» үйірмесі.
3. «Өзінді өзің тани біл» тарих үйірмесі.
4. «Жас әдебиетші» үйірмесі.
5. «Жас биолог» үйірмесі.
6. «Ойла да ойна» ағылшын тілі үйірмесі.
7. «Зарубежная литература» орыс әдебиеті үйірмесі.

**Төртіншіден:** сыныптан тыс жұмыстар арқылы тәрбиелеу. Сынып сағаттары, кеш, диспут, конференция, кездесу, саяхат, конкурс, саяси хабарлар, олимпиада т.б. формалары мен түрлері арқылы. Осылардың негізінде тұлға бойында білім, білік, дағды, қарым-қатынас, шығармашылық-іскерлік қасиеттері қалыптасады. Мұның өзі баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру, дарынды балаларды таңдай білу, оларды ерекше жетілдіруді талап етеді. Тәрбие кеңістігін құру арқылы мектептегі білім беру сапасын арттыру – ел экономикасын, саясатын әлем алдында бәсекеге қабілетті болуға апаратын бірден-бір жол. Қазіргі уақыттағы тәрбие жүйесінің басты міндеті әрбір оқушының тәрбиелілік құзырлығын қалыптастыру арқылы оның білім сапасын арттыру, яғни оқушының бүкіл өмірін мағыналы ететін тұлғалық бағыт-бағдарлармен қамтамасыз етуге жағдай жасау.

Қорыте келе, қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістерге сәйкес жетекші тәрбие түрлері және оның мазмұндық жүйесіне қойылатын маңызды талаптар ретінде төмендегілер қарастырылады:

- фундаменталдық – ұзақ мерзімді әдіснамалық білімдер мен іскерліктер арқылы сапалы білім беруді қамтамасыз ету, олар бүкіл өмір бойы қажет және маңызды болады;

- тәжірибеге бағыттылық – мазмұнның болашақ кәсіби іс-әрекетке бағыт алуы.

Білім мазмұны мен тәрбие мазмұнын бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын біртұтас үдеріс деп түсініп, білім сапасы туралы теориялық ұстанымдар мен тәрбие кеңістігінің әдіснамалық мазмұнының тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру көзделді.

Педагогикалық үдерістің әдіснамалық негіздерін қарастыра отырып, ғалым С.И.Архангельский онда бір уақытта бірлік пен қарама-қайшылықты бейнелейтін, объективті мен субъективтіні жіктейді. Сонымен, бір жағынан, мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекеті объективті үдерісті береді. Екінші жағынан бұл іс-әрекет жеке мақсаттармен, міндеттермен және субъектілердің жеке мүдделерімен анықталатын субъективті сипат алады. Педагогикалық үдерісте анықталған мен анықталмағанның арасындағы өзара байланыс пен қарама-қайшылықтар «оқу үдерісінің құрылымының өзгерісі барысында, көлемнің шегі мен меңгерілетін пәндер мазмұнының тереңдігі қалыптастыруда, білімдер жүйесін логикалық түрде реттеуде, оқыту құралдарын, әдістерін және формаларын негіздеуде, оқушылардың оқу әрекеті мен өзіндік жұмысына қойылатын міндеттер шегін анықтауда көрінеді» [5]. Осыдан шығатын қорытынды, жасалған тәрбие кеңістігінде көрсетілетін тәрбие ықпалы мен оқушылардың оқудағы жетістіктері арасындағы өзара байланыстар мен қарама-қайшылықтар әсерінің деңгейін зерттеу қажет болатын. Бүгінгі күнде білім сапасы тек білім категориясы ғана емес, тұлғалық та болып табылады. Сапаны анықтау білім беру мәселесінің табиғатын жаңаша түсіну, өзгермелі жағдайлар мен ақпарат негізінде қалыптасатын өзгеріс-

тер мен эволюцияға ашық деңгейде асырылуы қажет. Соның ішінде, жаңа зерттеулер – көп ұлтты зерттеулерден бастап сынып деңгейіндегі зерттеулерге дейін, сапаны қайта анықтау әрекетіне өз үлесін қосады деп санаймыз.

1. Гусинский Э.Н., Турчанинова Ю.И. Введение в философию образования. – М.: Логос, 2000. – 224 с.
2. Якиманская И.С. Личностно ориентированное обучение в современной школе. – М., 1995. – 198 с.
3. Зимняя И.А. Педагогическая психология. - Изд. второе, доп., испр. и перераб. – М.: Логос, 2001. – 384 с.
4. Педагогика. Қазақша және орысша сөздік. Ред. басқ. Ш.Беркімбаева, А.Құсайынов. – Алматы: Рауан, 2007.
5. Архангельский С.И. Лекции по научной организации учебного процесса в высшей школе. – М.: Высшая школа, 1976. – 200 с.

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУ БАРЫСЫНДЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

**Г.И. Салғараева** – Педагогика және психология магистрі, ҚазМемҚызПУ, Алматы

### **Резюме**

В статье рассматриваются способы и приемы обучения детей начальных классов посредством нововведений в образовательной системе, а также информационно-компьютерной технологии и техники научения навыкам усвоения учебного материала. На базе подготовки детей начальных классов, обеспечивается развитие умственных способностей, что дает результаты в быстром и качественном овладении школьных учебных предметов. Также отмечается индивидуальный подход к каждому ученику учитывая личностные особенности усвоения учебного материала.

### **Summary**

The article deals with the ways and techniques of teaching children of primary school by innovations in the educational system, as well as information and computer technology and techniques of learning materials. On the basis of preparation of children of primary school, provided the development of mental abilities, which gives results in quick and quality mastering school subjects. Also noted an individual approach to each student considering their personal characteristics.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңында “Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі: жеке адамның шығармашылық, рухани және күш қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту”, – деп атап көрсетілген [1]. Осы міндетке сәйкес оқушының ақыл-ойын, ізденімпаздығын дамытып, алған білімдерін өз тәжірибесінде ақпараттық технологиялар арқылы жаңа жағдайларда қолдану біліктілігі мен нәтижелі іс-әрекетке түсе алатын тұлғаны қалыптастыру қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының нәтижелі іс-әрекетін қалыптастыру үшін мұғалімнің белсенділігі, шығармашылық ізденісі, шәкірттерінің жас және дербес ерекшелігімен қатар оның неге қызығатынын жете білуі маңызды болмақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында бастауыш мектептің негізгі міндеті: “Баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту”, – делінген [1]. Осы міндетті шешудің бірден бір жолы оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының нәтижелі іс-әрекетін дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандартында оқушының жеке тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін оқу әрекетін ұйымдастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа үйрету керектігі айтылған [2]. Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында: бастауыш мектепті бітірген баланың адамдармен қарым-қатынас жасауды, алған білімін өмірде қолдана білуі талап етіледі, сондықтан да бастауыш сыныпта гуманитарлық-эстетикалық бағыттағы пәндерді кеңінен енгізу керектігі баса айтылады [3]. Жоғарыда келтірілген деректерге назар аударсақ, үкімет тарапынан жарық көрген құжаттарда ұлттық және әлемдік өнерге, халықтың рухани байлығы мен қоршаған ортаны қабылдауға бағытталған бастауыш мектепте нәтижелі іс-әрекетке көп көңіл бөлініп отырғандығын көруге болады.

Бастауыш мектепте ақпараттық технологияны нәтижеге жету бағытында пайдаланудың басты мақсаты – әрбір оқушыға ақпараттану негіздерінен алғашқы түпкілікті білім бере отырып, дамыту және олардың осы алған білімдерін мектепте оқытылатын кез келген пәндерді меңгеруге пайдалана білуге үйрету болып табылады. Алдарына өресі мол мақсаттар қойып, соған жетуде ғылым мен техниканың қазіргі замандағы озық үлгілерін пайдаланып, әлемдік ақпараттық кеңістікте әр түрлі деңгейдегі ақпараттарды қажетіне жарата білуі керек. Бұл тұрғыда мектепте компьютерлік технологияны кеңінен пайдаланудың маңызы ерекше.

Жаңа мыңжылдыққа, ақпараттандыру ғасырына аяқ басып отырған кезеңде алдыңғы қатарлы елдер қатарында табиғи байлығы мен шығарған өнімі мол елдер емес, ғылымға негізделген техникасы дамыған, жастары білімді елдер тұратынын білу. Қазіргі кезде ең бағалы тауар – ақпарат болып саналады. Сондықтан қай елдің тұрғындары ақпарат алуға кең мүмкіндік алса, алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияны пайдаланып терең білім алса, сол ел алдыңғы қатарлы болып саналмақ. Елдің болашағы осы мүмкіндікті қалай пайдаланып, қоғамды ақпараттандыруды қалай жүзеге асыруда болмақ. Оның жолдарының бірі білім алуды ақпараттандыру болып табылады.

Ақпарат алудың қазіргі кезде көптеген көздері мен құралдары бар. Бұл ақпараттарды білімге айналдырудың көптеген педагогикалық технологиялары да жетерлік. Соның ішінде компьютерлік технологияны қолданудың жеке тұлғаны қалыптастырудағы, оның шығармашылық мүмкіндіктерін арттырудағы атқарар ролін қазіргі заман талаптары өзі анықтап отыр.

Компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналды. Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті негіздерін қалыптастыру оқушылардың компьютерде жұмыс істеуді игеруімен тығыз байланысты.

Оқытудың ақпараттық технологиясы шеңберінде компьютерлер негізгі үш бағытта пайдаланылады:

- адамды қызықтыратын есептеу жұмыстарын орындауға мүмкіндік беретін дербес құрал ретінде;
- проблемалы салаларда зерттеулер мен жобалауға арналған құралдармен толықтырылған, автоматтандырылған жұмыс орны ретінде;
- білімділігін, біліктілігін жетілдіруге арналған автоматтандырылған оқыту кешені немесе жаттықтырушы ретінде.



Егер оқыту процесінде компьютер қолданылса, ол өзінің диалогты жұмыс істеуімен оқушыны белсенді жұмыс істеуге итермелейді және жұмыс нәтижесін бақылай алады.

Компьютерлік оқыту бағдарламалары жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаларда оқушы деңгейіне байланысты теориялық материалдар, сұрақтар мен есептер, бағыт беруші мағлұматтар мен анықтамалар беріліп, оқушының толыққанды білім алуы мен білім мен біліктілік деңгейін көтеруді жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушының ой-өрісін дамыту мақсатында деңгейі күрделенген материалдар мен логикалық есептер, оқушының шығармашылығы мен интуициясын есепке алатын шығармашылық тапсырмалар оқытуды одан әрі қызықты да мазмұнды ете түседі. Компьютердің осы мүмкіндіктерін оқыту процесінде пайдалану дара тұлғаны қалыптастыруда үлкен роль атқарады.

Ақпараттық технологияның ерекшеліктерін атай келе, осы технологияны меңгерудегі мұғалімнің кәсіби шеберлігі, ақпараттық технологияны дұрыс және ұтымды пайдалана білуі басты мәселе болып саналады. Ақпараттық технология ғана білім мен тәрбие беру процесіндегі мұғалімнің қосымша құралы ретінде ғана қолданылады.

Дұрыс және тиімді пайдаланылмаған ақпараттық технология оқушының білімі мен білік, дағдыларының дамуына, денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан, ең алдымен ақпараттық технологияны пайдаланып сабақ беруші мұғалімнің ақпараттық технологияны меңгеру деңгейі жоғары, оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес санитарлық-гигиеналық нормаларды білуі тиіс. Ешбір ақпараттық технология, компьютер және т.б. құралдар мұғалімнің ролін атқара алмайды.

Оқушылардың ой-өрісі мен дүние танымын кеңейтіп, білім сапасының мейлінше өсуіне оқушылардың қаблетіне қарай саралап, оқытудың ықпалы зор. Сынып оқушыларының білім дәрежесіне қарай оқытудың нәтижелі болатындығына, балалардың сабаққа деген ынтасы, белсенділігі арта түседі. Саралап оқытуда әр бала қысқа да нұсқа сөйлеуге үйренеді. Әрбір деңгейдегі бала білуге құмарта түседі, 1-деңгейдегі 2-деңгейге, 2-деңгейден 3-деңгейге өтуге талпыныс жасайды. Әсіресе, Ж.А. Қараевтың «Үш өлшемді жүйелі оқыту» технологиясы өз бетімен дами алатын, өмірдің әр түрлі қиындықтарына төзе білетін, белсенді, білімді оқушыны тәрбиелеуге ықпал болады. Бұл технология біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын, ынтасын,



белсенділігін, білім сапасының дамуына көмектеседі. Әр оқушының кемінде мемлекеттік деңгейге жетуіне кепілдік береді [4].

Оқушының ақпараттың көзін іздеуі, оны алуы, меңгеруі және жүзеге асыруы нәтижелі іс-әрекет арқылы іске асады. Мұндай іс-әрекетті туғызатын күш – танымдық қызығушылық болып табылады. Қазіргі балаларда ақпараттық қажеттілік және қызығушылық деңгейі өте жоғары. Өйткені, тұлғаны қалыптастыруда ақпараттық ағым неғұрлым көп болса, тұлғаның жаңа көзқарастарға, ақпаратқа қажеттілігі соғұрлым қарқынды, күшті көрінеді. Тұлғаның күнделікті өмірге қажетті нысан мен үдерістер туралы толық және анық ақпарат алуға ұмтылуы танымдық қажеттілігі немесе ақпараттық қажеттілігімен айқындалады.

Білімнің әлеуметтік және өмірлік рөлінің, адамның танымдық шығармашылық мүмкіндігінің өзгеруі оқытудың ақпараттық құзыреттілігін дамыту деңгейіндегі, үздіксіз білім жүйесіндегі білім беру ісін жаңаша ұйымдастыруды талап етуде. Басты мәселе білім алушыны айналыны танып білу, одан өзіне қажеттісін таңдай алу, өздігінен ізденіп білімін, тәжірибиесін молайту жағдайына қоя білу болып отыр. Тек осылайша ұйымдастырылған оқу ғана тұлғаның жекелік, ақпараттық, нәтижелік деңгейін арттырып, дамуына жол ашады.

Ең алдымен біз оқушылардың психологиялық ұстанымдарын ескере келе, нәтижелі іс-әрекетін дамыта отырып ақпараттық құзыреттілігін дамытуға бағытталған, білімнің мазмұндық функцияларын, ақырғы нәтижеге бағыттай оқыту сапасын арттыруға жетелейміз.

Жаңа мақсатқа сай түзілген оқу құрлымы мен мазмұнында логикалық жүйелілік сақталады. Іс-әрекетті жаңа ақпараттар жайлы идеялар жинақтаудан басталып, шешім қабылдаумен аяқталатындай етіп жоспарланады. Мақсаткерлік ақпараттық құзыреттілікті дамыту, мәселенің идеясын ашу, оны шешудің жолдарын, құралдарын белгілеу, жаңалықты жан-жақты талдап, практикада қолдана алу сияқты әрекеттерді қамтиды. Ашық қойылған мақсат нақты нәтижеге әкелетін алғашқы қадам.

Іс-әрекетті нәтижеге жеткізу технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Жеке, топтық жұмыстар әзірлеу, эссе, бақылау жұмыстары, әртүрлі кесте, модельдер жасап қорғау, дискуссия, пікір алмасулар сияқты танымдық-рефлексиялық әрекеттер арқылы оқушылар өздері үшін маңызды болған мәселелерді шешеді. Нәтижелі іс-әрекет жасау – бұл біздің ғасырда дамуымызға мүмкіндік беретін ерекше қабілет.

Ақпарат нәтижелі іс-әрекеттің соңғы емес, жіберілетін ақпарат болып табылады. Білім адамның нәтижелі іс-әрекетінсіз мүмкін болмайтын дәлелдемелерді туғызады. Нәтижелі іс-әрекетке жету үшін фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен тұжырымдамалар секілді көптеген «шикізатты» ақпараттарды өңдеу керек болады.

Нәтижелі іс-әрекет сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады.

Нәтижелі іс-әрекет көңілге қонымды дәлелге ұмтылады. Нәтижелі іс-әрекет тұрғысынан ойлайтын оқушы мәселені шешудің жолын өзі іздеп табады да, сол шешімдерді негізі бар, саналы дәлелдермен нақтылай түседі. Сонымен қатар ол сол мәселені шешудің басқа да жолдарының бар екендігін мойындайды да, өзі таңдап алған жолдың басқаларға қарағанда ақылға қонымды екендігін дәлелдеуге тырысады.

Нәтижелі іс-әрекет әлеуметтік іс-әрекет болып табылады. Барлық іс-әрекет ортаға салынғанда талқыланып, өткірлене түседі. Басқалармен таласып оқығанда, талқылап, қарсы пікір айтқанда немесе ой бөлісіп, әрекеттескенде біз өз көзқарасымызды дәлелдеп, оған терең бойлай түсеміз. Сонда ғана алған ақпаратымыз іс-әрекетімізді нәтижеге жеткізу тұрғысынан ой елегінен өткен дәлелді, ойға қонымды болып табылады. Нәтижелі іс-әрекет технологиясын қолдану оқушылардың ақпараттылық құзыреттілігін дамытуда басты құрал болып табылады.

1. *Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім берудің дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2004.*

2. *Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім – Алматы: РОНД.*

3. *Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 1994.*

4. *Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. – Алматы: Жазушы, 2005.*

## ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНДЕГІ АТА-АНАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

А.А. Капенова, С.Құмарбаева – *І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы*

### Резюме

В статье рассматриваются виды-среда становления личности: после рождения ребенка его личностный характер развивается в семейном кругу, в среде близких. Основное содержание статьи направлена на то, чтобы раскрыть мастерство родителей в воспитании ребенка в семье. Так же в статье говорится о методах становления личности в кругу семьи и о дополнительных возможностях родителей в этой деятельности – о мастерстве родителей в воспитании в семье ребенка.

### Summary

In article types of formation of the personality are considered: after the birth of the child his personal character develops in the family circle, among relatives. The main contents of article направлена on opening skill of parents in education of the child in a family. As in article it is spoken about methods of formation of the personality in the bosom of the family and about additional opportunities of parents in this activity – about skill of parents in education in a family of the child.

Педагогика және психология «Қазақ тілі терминдерінің салалық түсіндірме сөздігінде»: «педагогикалық шеберлік – оқу және тәрбие қызметінің жоғары деңгейде меңгерілуі, балалардың оқу-танымдық іс-әрекетін пәрменді басқарып, мақсаткерлік педагогикалық әсер мен өзара әрекеттестікті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін біліктері мен машықтарының, тұлғалық кәсіптік маңызды қасиеттерінің кешені» – деген анықтама беріледі [1].

Отбасындағы ата-ана әрекеті педагогикалық іс-әрекет сияқты: білім беру, тәрбиелеу және дамытушылық қызметтерімен сипатталады. Ата-ананың педагогикалық шеберлігі – бұл олардың кез-келген жағдайда пайда болған қарама-қайшылықтарға тиісті шешім қабылдай білуге деген даярлығы.

Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-аналар өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, олар тәрбиеші бола бастайды. Ата-ана бұл болашақ кішкене адамды дене күші мол және рухани күшті етіп тәрбиелеу жолында алуан түрлі қуаныш пен қиыншылықтарды бастарынан өткізе отырып, оны рухани және ақыл-ойы, дене құрылысы, тән жүйесі жағынан да жан-жақты даму дәрежесіне жеткізу тиіс. Дұрыс тәрбиенің кілті – бүкіл отбасы өмірі құрылысында. Баланың дене мен рухани, тұлғалық сапаларының қалыптасуының негізгі – отбасы.

Адамзат ұрпағына отбасының әсері әруақытта да құнды. Отбасы мүшелерінің бір-біріне деген адами қарым-қатынасы, эмоционалды көңіл-күйлері, ілтипат, ықыластары олардың жаны мен қанының табиғи бірлігіне, тұтастығына негізделген жақындық. Отбасы тәрбиесінің күші де осында. Өмірге келген нәресте өзін қоршаған әлеммен отбасында танысады. Перзент үшін дүниеде ең жетілген, білімді де мәртебелі адам ата-анасы. Отбасы тәрбиесінің маңыздылығын отандық ғалымдар Х.Арғынбаев, С.Ғаббасов, С.Қалиев, К.Оразбекова, Д.Муталиева, М.Садырова, З.Жаназарова және басқалар өз зерттеулерінде зерделеген.

Баланың отбасынан қашықтап, оның ықпалынан сырт қалуының психикасына әсерін Т.В. Лодкина, А.И. Захаров, В.С. Мухиналар атап көрсеткен. А.Н. Леонтьев, С.А. Козлова балаға отбасы жылудың әсерін қарастырса, жақын адамдардың әсерін баланың алдымен сезініп, түйсінуі және сөз түрінде бейнелеуінің маңызын А.В. Запорожец, А.Д. Кошелева және т.б. белгіленген. Отбасы тәрбиесінің терең эмоциялы сипатын, қаны бір адамдар арасындағы сүйіспеншілік қарым-қатынасын ата-ана мен баланы жақындатуының маңызын И.В. Гребенников, Т.А. Маркова т.б. белгіленген [4].

Бүгінгі отбасы өзімен-өзі қайнап жатқан бір әлем. Отбасындағы баланың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, отбасының басқа да мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат аса қажет. Осы махаббаттың туындауынан – отбасы құралады.

Адамдар арасындағы, соның ішінде ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың бірнеше тәсілдері белгіленді:

- а) отбасы тәрбиесіндегі авторитарлы тәсіл;
- б) отбасы тәрбиесіндегі демократиялы тәсіл;
- в) отбасы тәрбиесіндегі немқұрайлы-ымырашыл тәсіл.

Отбасы тәрбиесіндегі авторитарлы тәсіл – баланың отбасында үлкендер талабына шартсыз түрде бағынуы. Бұл жағдайда бала енжар күйде болады. Қарым-қатынаста ата-ана баланы манипуляциялау барысында, отбасында балаға психологиялық қысым көрсете отырып, бір тәртіпке бағындырады. Бұл жағдайда бала ата-анасынан сескеніп, қорқа бастайды. Нәтижеде, бала өз тәртібін реттеп, меңгеруде қиналады, жаңа ортада тәртіп бұзуға икем келеді [2].

Отбасы тәрбиесіндегі демократиялы тәсіл – өзара достық сипаттағы қарым-қатынас. Бұл тәсіл ата-ана мен баланы бір жағдайға қойып, ортақ әрекетке жұмылдырады. Оларда «біз» деген сезім пайда болады. Демократиялы тәсіл балада өзіне деген сенім, жағымды көңіл-күй тудырады. Ондай бала түрлі жағдайда өз тәртібіне дұрыс жауап беріп, кез-келген ортаға бейімделгіш келеді.

Отбасы тәрбиесіндегі немқұрайлы-ымырашыл тәсіл – отбасындағы ата-ананың балаға деген немқұрайлы, шала қатынасы. Бұл жағдайда әр бала өзінше, бей-берекетсіз әрекет жасайды, бала өзінің міндеттерін толық түсінбейді. Отбасында осы қатынас барысында тәрбие алған балада ұйымдастырушылық, жауапкершілік сияқты мінез-құлық сапалары өте төмен болады.

Отбасында түрлі қарым-қатынас қалыптары көрініс береді. Кейбір отбасында отбасы мүшелерін бетімен жібереді, мұндай жағдайда ешқандай қарым-қатынас болмайды. Ал кейбір отбасында бедел орын алған қарым-қатынас орнайды. Оның да өзіндік ерекшеліктері бар. Онда біреудің басқаларға басымдылық танытуы, бұйыруы баланың тұлғалық қасиетінің дамуына жағымсыз ықпал етеді. Қазіргі кезде заман ағымына қарай, отбасында демократиялық қарым – қатынасқа ұмытушылық бар, яғни әр отбасы мүшесі тең құқықты қарым-қатынасты орнатуды көздейді.

Отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашан да ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады.

Бала психикасы көптеген факторлардың әсерінен дамып, қалыптасады. Бала туғаннан бастап отбасындағы жақын адамдармен, ата-анасы, туысқандары, таныстарымен қарым-қатынасқа түседі. А.Фромм: «отбасындағы баланың психологиялық тепе-теңдігі оның ата-анасымен болған жақын да эмоционалды қатынасына байланысты» – деп көрсетсе, бала бойындағы невроздың болу себептерін зерттеген ресейлік ғалым А.И. Захаров соңғы жылдары экономикалық өзгерістер барысында тірлік етіп жүрген іскер, шешімге келгіш ата-аналар балаға деген эмоционалды, жағымды қатынасқа немқұрайлы қарайтындарын айтады.

Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәселесін ресейлік психологтар В.С. Мухина, Л.А. Венгер де ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеді. Олар отбасында отбасында дұрыс ұйымдастырылған қарым-қатынас пен тәрбие үрдісі нәтижесінде мектеп жасына дейінгі бала өздігінен дербес түрлі әрекеттер (киім кию, жуыну, тамақтану т.б.) орындағандарымен, ата-ана тарапынан көрсетілген эмоционалды қарым-қатынасты әлі де болса аса қажет етеді деп тұжырымдайды [3].

В.С. Мухина, адамдар арасындағы қарым-қатынастар барысында балада әр түрлі тәртіп формалары қалыптасады. Бұл жерде бала үшін ең бастысы – ата-ана тарапынан ұйымдастырылған жағымды қатынас. Ата-ана сенімі мен махаббаты балада оптимизм, жақсы, үлгілі болуға деген тілекті қалыптастырады. Бала әр уақытта өзіне жасалған эмоционалды қолдауды қажет етеді деген [4].

Л.А. Венгер өз пайымдауын айтады. Баланың жан-жақты дамуына отбасының әсерін көрсете келіп, ол жердегі тәрбиелік ықпалдардың дұрыс ұйымдастырылмауы, қарым-қатынасқа қанағаттанбау, ұжымда өз орнын дұрыс сезінбеу, отбасындағы кикілжің жағдайлар, осылардың бәрі бала тәртібінде біраз қиындықтар тудырады деп қорытындыласа, ресейлік ғалым Б.Лихачев отбасы баланың жеке басына екі жақты: біріншіден, отбасының материалды жағдайын сипаттайтын өзіндік өмір сүру дәстүрі арқылы, отбасы мүшелерінің материалдық және рухани қажеттіліктері мен әлеуметтік құндылықтары арқылы; екіншіден, әлеуметтік және белгілі бір мақсатқа бағытталған әрекет арқылы әсер етеді. Бұл көбінесе отбасындағы негізгі көзқараспен тәрбие үрдісі қоғамның тәрбиелік мақсатына, идеологиялық, адамгершілік және эстетикалық талаптарына қаншалықты сәйкес болуына байланысты жүзеге асырылады деп көрсетеді.

А.Г. Харчевтің отбасының әлеуметтік табиғаты қарастырылған зерттеулерінде, отбасы бала үшін қоғамдық сана мен қоғамдық болмыс болып деп түсіндіріледі. Автордың айтуы бойынша, баланың әлеуметтік дамуы ең алдымен қоршаған ортаның факторлары ретіндегі – отбасының белгілі ықпалы арқылы қалыптасып, дамиды. Бұл жердегі отбасының тәрбиелік күші – бала мен ата-ана арасындағы өзара қарым-қатынасымен анықталады [3].

Отбасы бала тәрбиесі, оның тұлға ретінде қалыптасуының негізгі факторы болып табылады. Өмірге келген нәрестенің тұлға болып қалыптасу үрдісінде әлеуметтік ортаның маңызы ерекше. Себебі, бала-әлеуметтік ортаның жемісі. Нәрестенің алғашқы әлеуметтік ортасына-оның отбасы жатады. Ол отбасында ата-ананың қасында ғана бақытты болып, жан-жақты дами алады. Адамның жеке басының қалыптасуы, оның рухани оянуы да бала кезінен отбасында басталады. Баланың алғашқы психикалық даму кезеңдері отбасылық микроорта жағдайында өтеді. Баланың бұл кездегі ең жақын адамы ол оның анасы. Осы ретте, бала тәрбиесіндегі аналар тәртібін психолог А. Я. Варга төрт түрге бөліп қарастырады [4]:

№1 кесте. Бала тәрбиесіндегі ана тәртібінің түрлері (А.Я. Варга бойыншы)

№	Ана тәртібінің түрлері	Мазмұны
1.	Қобалжығыш ана	Ол баласы үшін үнемі күйзеліс үстінде жүреді. Оның тілігі мен талаптары арасында қарама-қайшылықтар байқалады. Ондай ана бір жағынан қолдан келгенше баласының жағдайын ойластырып, сол үшін тіршілік етсе, екінші жағынан бұл әрекеті арқылы баласын ерекелетіп алудан да қауіптенеді.
2.	Мұнайғыш ана	Баламен қолдан келгенше аз мөлшерде қарым-қатынас жасауға тырысып, арақашықтық сақтайды, баланың белсенділігі, тәртібі ондай ананы жалықтырып, шаршатады.
3.	Сенімді ана	Қайткенде де ол баласын қайта тәрбиелеп, жаңа кейіпке келтіруге тырысады. Кей жағдайда баласын қатал жазалап та алады. Ол үшін көптеген арнайы әдістемелерге сүйенуге тырысқанмен, баланың жекелей-психологиялық ерекшеліктерін ескеруді назардан тыс қалдырып жатады [35].
4.	Салмақты ана	Ол баласын сол қалпында қабылдайды, қандай жағдайда да балаға деген қарым-қатынасы ұстамды, бірінғай, қарым-қатынаста тәртібі мен сөйлеген сөзі жүйелі. Әр түрлі жағдайларға жылдам әрі дұрыс әрекет жасай алатын, үнемі ана болуға тырысып, дайындалатын ана.

Қазақ халқы өз ұрпағын жақсылыққа, инабаттылыққа, адалдыққа, қайырымдылыққа, еңбексүйгіштікке, мейірімділікке тәрбиелеген. Қазақ отбасы, атап айтсақ, әке мен ана өз балаларын, керек десе немерелерін тәрбиелеуде бар күш-қуатын, бүкіл өмірін сарып еткен адамдар «баламды жанымдай көремін, баламның баласын балымдай көремін» деген нақыл сөздер босқа айтылмаған.

Бала көпшілік уақытын отбасында өтеді. Оның өмірін, іс-әрекетін демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Бала отбасы мүшесі, ол өз міндетін орындауға тырысады. Отбасында тәрбие жұмысының барысында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін-өзі қалай ұстау білу керек, жағымды, жағымсыз мінез-құлықтарды байқайды, отбасы мүшелерінің өмірге, еңбекке көзқарастарын, өзара қарым-қатынастарын, еліміздің ішкі және халықаралық жағдайларын білуге тырысады. Сондықтан, ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылау мен зерттеу жағдайында еске алып отырады. Алайда, кейбір отбасы өмірінде үстемдік, қақтығысулық т.б. Түрлі теріс әрекеттер кездеседі. Бұлар отбасындағы бірқалыпты өмірдің бұзылуына себепші болады. Басты себепші ата-аналар. Олар отбасын біріктіру, ұйымдастыру, балаларды тәрбиелеу және оқыту жөнінде өз міндеттерін дұрыс орындамайды. Осының нәтижесінде өрескел әрекеттер де туады. Теріс қылықтарды, әрекеттерді болдырмаудың қандай жолдарына келсек, отбасында ата-аналар тарапынан үстемдік жағдайында балалардың өз бетімен іс-әрекетін жасауға жол берілмейді, өз өміріне немесе отбасына байланысты бірде-бір мәселені шешуге үй-іші кеңесіне қатыспайды. Осының нәтижесінде бала отбасында болып жатқан әлеуметтік өмірге, еңбекке, білімге, мәдениетке байланысты мәселелерге қатысты сыртта қалады. Бұл жағдай баланың танымдық қабілетінің дамуына, рухани және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына бөгет болады. Отбасында оның барлық мүшелерінің құқы бірдей. Сондықтан әкенің немесе ананың өктемдік, қожалық жасауы – бұл өнегесіздік, мәдениетсіздік, баланың өміріне келшегіне зиян келтірушілік.

Отбасындағы ағайындардың бір-біріне деген қарым-қатынасы, бауырмалдылығы, аяушылық, қамқорлығы, өзара көмегі, ақыл-кеңес бере білуі, болашаққа бірге бағдар жасауы олардың тәрбиесіне байланысты екені даусыз.

Әр отбасы өзінше бір мелекет. Отбасының әр мүшесінің атқаратын өз қызметі бар. Бала тұлғасының дамуы нақты отбасындағы жеке адам аралық қатынастарға тікелей тәуелді екенін байқауға болады. Үйдің үлкені кішілерге үлгі көрсетіп, қамқоршы болады, ал кішілері үлкендерге еліктей отырып, оның мінез-құлық үлгісіне (моделіне) ұқсауға тырысады.

Ғасырлар бойы қазақ отбасында сақталған тәлімдік дәстүрлер мол. Сол дәстүрлер сабақтастығы бүгінгі бала тәрбиесінде жалғасын табуда. Отбасында халықтық рухани-интеллектуалды мұраларын, мәдени құндылықтарын жандандырып, рухани ұлттық сипаттағы мінезді қалыптастыруды көздеу өмірдің талабынан туындап отыр.

Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі – отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек.

Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінетін болады. Отбасы тәрбиесі кешенді педагогикалық мақсаттылық арқылы іске асады.

Қазіргі отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-

баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Отбасында еңбексүйгіштікке, баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық – пайдасы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Ата-ана және әлеуметтік орта болашақ азаматтық денсаулығын жастайынан сақтау үшін, оның тәнінің дұрыс түзіліп қалыптасуына, салауатты өмір салтын нығайтуға ерекше мән бергені бүгінгі күннің өзекті мәселенің бірі болып саналады.

Әр отбасы ата тегінен келе жатқан кәсібін, өнерін, атқарған еңбегін құрметтеп, оны кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге еткен, бірлесіп атқарған пайдалы – қоғамдық еңбек барысында адамгершілік қағидаларды қатаң сақтап, дамытып отырған, ұрпағына ақыл-кеңес беріп, ата кәсібін құрметтеп, қалыптасқан дәстүрді жетілдірген. Туыстық, отбасылық (әлеуметтік) қатынасты бала кезінен қалыптастырған. Ойын ойнау, көркемөнермен шұғылдану, еңбекке баланы қатыстыру арқылы ересек адам мен баланың қарым-қатынасын нығайтуды көздеген.

Үлкенді құрметтеп өнеге тұту, одан үлгі алу, біріккен шығармашылық еңбек етуді, белсенді іс-әрекетке баулуды дәстүрлі мерекелер, фольклорлық кештер, ұлттық өнер, ойын сайыстары арқылы іске асырған.

Туыстарға, айналадағыларға қамқор бола білу, қиын жағдайда оларға қол ұшын беру, туған жерді, ондағы табиғатты сүю, оны қорғау күнделікті өмір салтына айналған. Ересек бала өзінен кішіге қарым-қатынас құрып, әлеуметтік мәдени қалыптарды үйретіп, қамқорлық көрсетіп өз ісіне жауапкершілікпен қараған. Отбасында қалыптасқан дәстүрлі мерекелерді өткізу арқыла баланың тұлғалық қасиетін жетілдіру іске асырылған. Отбасылық қарым-қатынасының негізінде үнемі балаға қамқорлық көрсетіп, ол отбасы мүшесі, оның пікірі мен көмегі үлкендерге қажет деген сенімін қалыптастыру керек.

Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да, халық «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар», «Босағасын алтыннан соқсаң да, перзент сүймей, адамның мейірі қанбас», «Ақыл – тойға келген қыз емес пе» деп барлық асыл сөздерін арнаған [6].

Отбасындағы тәрбиеде үлкендердің басқа отбасы мүшелерімен дұрыс қарым-қатынас құруы – жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелейді деген сенімін нығайту керек. Сонымен үш құрамды ұрпақты отбасының тәрбиелік мүмкіндігі толық мәнінде пайдаланылмайды. Бұл мәселе өте аз зерттелген.

Муталиева Д.Р. мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу үлкендердің тәрбиеге қатысуына байланысты екені дәлелденді (1999). Отбасы ішілік дұрыс қарым-қатынас, үлкендер мен кішілердің үздіксіз қарым-қатынасы, халықтық педагогиканы қолдану, баланың тұлғалық қасиетін, адамгершілігін дамытады [6]. Рухани-адамгершілік сезімді қалыптастыратын педагогикалық факторлар отбасы мүшелерінің дұрыс қарым-қатынасы, баланы адамгершілікке тәрбиелейді.

Отбасы некеге қарағанда күрделі жүйе, себебі ол жұбайларды ғана емес, олардың балаларын, басқа туыстарын да біріктіреді.

**Отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады.**

Бүгінгі нарық жағдайында ата-аналардың көпшілігінің жұмыс бастылығы бала уақытының көбін енжар тәрбиешілермен өткізуге алып келіп отыр. Қалалық отбасына тән бала тәрбиесі келесі ерекшеліктермен шартталып отыр: отбасында балалардың көбісі күннен санап көбейіп отырған ажырасулардың нәтижесінде әкесіз немесе анасыз өсуде; теледидар, жеке бөлме, компьютер, ғаламтор сияқты өркениеттің жетістіктері, әсіресе талаптардың материалдық құндылықтармен өлшемденуі балалар мен олардың ата-аналарының арасындағы қарым-қатынас үрдісін күрделендіре, кей жағдайда шиеленістіріп те отыр.

Бүгінгі күні отбасы жайлы мәселелер көптеген ғылым салаларының зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Отбасы әлеуметтік институттардың бірі ретінде тұлғаны ең басты әлеуметтендіру ортасы болып табылады. Баланың осы әлеуметтік ортада психикасы, тұлғалық сапалары қалыптасып, құндылықтарды игере отырып, нені білу қажет, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мағлұматтар алады. Бала отбасында әртүрлі сипаттағы өмірлік төтенше жағдайлар мен ахуалдарда өзін-өзі ұстаудың ережелері мен мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді.

Қазіргі кезде жаһандану мен нарық жағдайында отбасы мәселелерінің арасында ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста түсінбеушілік пен келіспеушілік жиі орын алып отырғаны жоғарыда айтылды. Осының салдарынан біріне-бірі түсіністікпен және кешіріммен қарау үрдісі кешеуілдеп, оларға психологиялық қызмет көрсету жағынан мәселе туындап отырғаны анық.

Қазіргі таңда отбасында орын алған қиындықтарды шешуге көмек көрсету жолдарын жан-жақты зерттеу қажеттігі туындап отыр.

Ата-ана сүйіспеншілігіне сенімділікті ерекшелеу бала тұлғасында кейбір жағдайларға байланысты

қажеттілік тудыратындығы белгілі. Қазіргі таңда өсе келе бала ата-анасынан бөлек кететін жағдайлар да сирек кездесіп жүр. Бұл жағдайда баланың ең жақын адамдарымен эмоциялық байланыстары үзіліп, психологиялық, ішкі жан дүниелік жағынан алшақтайды.

Нарық жағдайында, материалды құндылықтар басым болып тұрған уақытта отбасылық тәрбиеге негізгі психологиялық талап – махаббат болып табылады. Баланы шынайы жақсы көріп және күнделікті соны жетекшілікке алып қоймай, сонымен бірге баланың өзі қандай қиындықтар мен қақтығыстар, келіспеушіліктер туындатып отырса да, тіпті ол өзара қарым-қатынаста болмасын, мейірімін, олардың оған деген кіршіксіз махаббатын, жылуын үнемі сезінуі керек. Осы жағдайда ғана баланың ішкі әлемі дұрыс қалыптасып, сүйіспеншілік негізінде ғана адамгершілік құлықтық іс-әрекет жасалады.

Қоғамдағы түбегейлі бетбұрыстарға орай, отбасылық қарым-қатынас сипатында, оған деген көзқарас жаңа сипатта көрініс беріп жүр. Ғылыми-экономикалық даму жағдайында ата-ана өз сезімдеріне, жүрегінің үніне, өз баласының қабілеттеріне сенімділікпен арқа сүйеуі керек. Ата-ана тәрбиенің қандай жүйесін ұстануына тек өзі ғана шешім жасауы тиіс. Бұл жағдайда баланың жараланғыш нәзік жүрегі үшін оның отбасында сүйікті екенін сезіну, ата-анасы үшін қымбат екенін ұғыну болып табылады.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, өскелең ұрпақтың қалыптасуындағы отбасының маңызды рөлі оның бала дамуындағы әсерін және қайталанбастығымен, даралығымен және жақындығымен анықталады [1, 2]. Шын мәнісінде ата-анадан жақсы баланы ешкім біле алмайды. Ата-ана тәрбиесі негізінде отбасында тұлғаның адами сапалары қалыптасады. Бұл адами сапаларға адамгершілік, қайғыра білу, сөйлеу мәдениеті, зейінділік, мақсаттылық, инабаттылық, ізгілік және т.б. қасиеттер кіреді. Керісінше, ата-ананың отбасындағы тәрбие тәсіліне қарай, отбасышылық қарым-қатынасқа байланысты өзіншілдік, каталдық, үлкенге деген дөрекілік, қоршаған ортаға салғырттық, жауапсыздық және аяусыздық сияқты жаман қылықтар да дамиды сөзсіз. Ұрпақтың тұлғалық сапаларын қалыптастыру мақсатында ата-аналар әр жағдайда отбасылық салт-дәстүрді ұстанып, өз ата-анасына құрметпен қарап, баласына боларлық тәрбиеші болып, шыншылдық, адалдығын көрсетіп, оны жетілдіруі керек.

Отбасылық қарым-қатынаста оның әрбір мүшесінің рөлі ерекше болып табылады. Отбасында ана баланы өмірге әкеледі, мәпелеп өсіреді. Анадан бала эмоциялық жылық пен махаббат сезімін сезінсе, ал, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасқа әртүрлі көзқарастар мен тұжырымдар бар. Бір көзқарастарда балаға әкесі әйелі арқылы байланысады десе, екіншілері әке мен баланың байланысы тек экономикалық және эмоциялық қолдау деп есептесе, үшіншілері әкенің баласына деген ниеті, жасаған жақсылығы – олардың анасын сүйуі деген тұжырымдарды ұсынады [4].

Көптеген педагогтар мен психологтар балаға әке-шешесінің қарым-қатынасы мен олардың берген тәрбиесіне жететін дүние жоқ деп есептейді. Осы орайда, балалардың рухани үйлесімді тұлға ретінде қалыптасуы олардың отбасындағы сүйіспеншілік, кішіпейілділік, сыйластық, жауапкершілік, қайырымдылық, сезімталдық т.б. адамгершілік қасиеттерінің даму негізіне байланысты болып табылады. Гуманистік психологияның негізін салушы А. Маслоу тұлғаның сәтті дамуы үшін оның қажеттіліктері өтелуі тиіс деген тұжырым жасайды [3]. Бұл қажеттіліктердің қанағаттандырылу деңгейі оның қалыпты дамуына, құрдастарынан қалмай жетілуіне немесе оның қате жолға түсуіне әсер етіп, баланың жеке тұлға ретінде қалыптасып, қоғамда өз орнын табуына мүмкіндік береді. Айтылып отырған мәселе тікелей оның ата-анасының қатынасына тәуелді болып келеді.

Бүгінгі күні отбасылық өмір сүру жағдайлары түрлі сипатта көрініс беріп отырған жайы бар. Өз балаларының жан дүниесін ата-аналардың жақсы түсінуі, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта туындату үшін, бала тәрбиесіне қатысты білімі және біліктерін ұдайы көтеріп отыру қажеттілігін өздері түсінуі тиіс.

Көпті көрген әжелер «Ер бала дүниеге келгенде кіндігі кесіліп, шаңырақтың күлдіреуішінен сыртқа лақтырады, демек ер бала түздің адамы, отбасының асыраушысы; ал қыз бала туылғанда оның да кіндігі кесіліп, үйдің табалдырығының астына немесе ошақтың айналасына көміледі. Бұл әйел адам үйдің адамы, бала тәрбиешісі дегенді білдіреді» деген еді.

Қазақ отбасы көбінесе көп балалы болып келген. Қазақ отбасы ата-ана, әке-шеше, балалар үш ұрпақты құрамнан тұрған. Отбасы экономикалық жағынан толысып жетілуіне үлкен үлес қосады және ізгілікті іске баулиды.

Кейіннен экономикалық-әлеуметтік жағдайға қарай отбасы мүшелері шағындалып, жастардың отбасы үлкендерден бөлек тұратын болды. Осыған орай, ұрпақ тәрбиесіндегі атадан балаға беріліп келе жатқан тәрбиелік сабақтастық үзілді. Дегенмен де жас отаулар бөлектенгенмен ата мен әженің немере тәрбиесіне ықпалы зор. Үлкендер немесе тәрбиесінен қол үзгілері келмейді. Үш ұрпақты құрамындағы қазақ отбасы өзінің құрылымын әлеуметтік жағдайлардың себебінен сақтай алмады. Солай болса да, жас отбасылар үл-

кендердің бала тәрбиесіндегі ықпалын сақтауға тырысады. Үш ұрпақты құрамындағы отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастың тәрбиелік мәні ерекше, бірақ та, оны іске асыруда екі түрлі мәселе туындайды. Біріншіден, үш ұрпақты құрамдағы отбасының мүмкіндігі толық қолданылмайды. Оның бірнеше себептері бар: отбасындағы үлкендер мен немерелер арасындағы қарым-қатынас өз мәнінде емес [2].

Үлкендер бала тәрбиесіне «қатыспау», бақылау жағын ұстанады, отбасы мүшелерінің көзқарасында қайшылықтар бар. Екіншіден, қала мен ауылдың алшақтығынан, ата-әжелер алыстағы немерелерімен тығыз қарым-қатынас ұстай алмайды. Жас отбасылар бөлек тұратындықтан үлкендерге көмек көрсете алмайды, сол сияқты үлкендер де бала тәрбиесінен аулақ болады. Ұрпақтар сабақтастығы үзілгендіктен, жас ұрпа бойында қара басының қамын ойлау, тәкәппарлық, шарасыздық белең алса, ал үлкендерге оқшаулық, балаларына қажетсіздік сияқты сезім орнығады.

Адамның өмірдегі басты қуанышы – бала сүю. Ол өз ұрпағының жалғасқанын аңсайды. Адамның осы арманы орындалып, әке немесе ана атанған кезде өміріндегі аса бақытты кездерін басынан өткереді. Психолог Э.Фромм тұжырымдамасында көрсеткендей, ананың және әкенің махаббаты табиғаты, генезисі және көріну формасы бойынша бір-бірінен ерекшеленеді және баланың тұлғалық дамуында әртүрлі әсер етеді [4]. Ананың махаббаты-шексіз, нәзік және шарттанбайды. Әкенің махаббаты – баладан көп нәрсені талап етеді және ол шарттанған болып келеді. Ол махаббатқа бала лайықты болуы тиіс. Әке махаббатының туа берілетін алғышарты болмайды, ол бала өмірінің алғашқы жылдарында қалыптасады деп тұжырымдайды кейбір зерттеулер бар [5]. Бала әкенің махаббатына лайық болуы үшін белгілі бір әлеуметтік жүйенің талаптарына сәйкес болуы тиіс. Егер бала анадан эмоциялық қолдауды және жақындықты сезінуді қалайтын болса, әкеден бірлескен іс-әрекетте серіктесті және беделді болудың қайнар көзін табады. Қазіргі таңда әкенің рөлі қалай болса да ананың рөлінен кем болмауы керек. Бұл жағдай тек әр адамның жауапкершілік сезіміне тәуелді болып келеді. Бүгінгі жаһандану жағдайында, әсіресе еуропалану уақытында ұлттық құндылықтарымыз арқылы баланы тәрбиелеу басты мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі.

Баланың ата-анаға деген қатынасы ерлі-зайыптылардың бірі-бірімен қарым-қатынасынан туындайды. Әке мен ана отбасында баланың бойында белгілі бір қасиеттердің дамуына негіз болады. Бала өзін әкесі сияқты көріп, өзін сол сияқты сезінеді, өзінше оның күшін, сенімділігін, ересектігін алғандай болады. Ол балаға жанына рухани тепе-теңдік пен сабырлық қалыптастыруға көмектеседі.

Отбасы нақты қоғамда өмір сүретін болғандықтан оның жалпы сипатымен қатар, өзі өмір сүретін әлеуметтік қатынастардың мазмұнына сәйкес ерекше белгілері де болатыны анық.

Отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адам. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі.

Бала қоршаған орта мен айналасындағы адамдардың ықпалы, тәрбиесі арқылы жеке тұлға болып қалыптасады. Егер бала тыныш, салмақты, байсалды, көңілді, ұйымшыл, жақсылыққа жаны құштар отбасында өссе, мінез-құлқы да байсалды, жайдары болып дамиды, егер тұйық, ашуланшақ, тынымсыз адамдардың арасында өссе, баланың мінезі де сондай болып қалыптасады.

*1. Педагогика және психология. Қазақ тілі терминдерінің салалық түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2002.*

*2. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы, 1999.*

*3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – А., 1995.*

*4. Исаева Г. Шаңырақ шаттығы. – А., 1997.*

*5. Стиваковская А.С. Популярная книга для родителей. – СПб., 1998.*

*6. Капенова А.А. Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі баланың отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті., Педагогика ғылымдырының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған кандидаттық дисс. Авторефераты. – Алматы, 2004. – 30 б.*

## ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

С.Құмарбаева – І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы

### Резюме

В статье рассматриваются проблемы воспитания в семье и семейных отношениях. Так же говорится о том, что процессе развития личности мировоззрение в соответствии с культурной средой начинается в утробе матери и для того чтобы личность формировалась разумной.

### Summary

In article education problems in a family and family the relation are considered. As it is said that development of the personality the outlook according to the cultural environment begins in a womb of mother and in order that the personality was formed by the reasonable.

Қазақ халқы – өте балажан халық. Артымда ұрпақ қалсын деп ұрпақ жалғастығына зор мән беріп, баланың ат жалын тартып мінер азамат болуы жолында күш-қайратын аямаған.

Халық сан ғасырдан бергі даналығына құлақ асса, «Адамның бақыты – балада» деген. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек.

Отбасы дегеніміз – туысқандық байланыста болатын (атасы, әжесі, күйеуі, әйелі, балалары, ата-анасы т.б.) бірлесіп, әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүретін адамдар. Олар отбасында мемлекеттік заңдар мен ережелерді сақтайды. Отбасы – адам баласының өсіп-өну, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Отбасында қалыптасқан барлық жақсы қасиеттер өмір бойына серік болады. Оны ешкім түзете алмайды. Отбасы, жанұя, үйелмен деген атаулар бір мағынаны береді. «Отбасы – семья, үй деген сөздің синонимі» бір оттың (ошақтың) басында өмір сүріп жатқан қандастар, «жанұя – өмірдегі туысқандық қарым-қатынастық ортақ белгісі» ал «үйелмен – ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан адам баласының әлеуметтік ортасы». Отбасы – қоғамдық қатынастар мен үрдістердің алуан түрлі формалары біртұтас болып ұштасатын үйелі (комплектті) әлеуметтік құбылыс.

Адамзат ұрпағына отбасының әсері әр уақытта да құнды. Отбасы мүшелерінің бір-біріне деген адами қарым-қатынасы, эмоционалды көңіл-күй, ықылас, ниеттері олардың жанының табиғи бірлігіне, тұтастығына негізделген жақындық.

Отбасының мықты, тұрақты, салауатты болуы, тек материалдық тұрмысқа байланысты емес. Отбасының күшті, тұрақты, жалпы табиғатына әсер ететін факторларға рухани, моральдық сезімдер жатады. Елде қалыптасып келе жатқан жаңа отбасылар дәстүрлі отбасылық қызметтерді атқарудың араласқан көрнісі болып табылады [2].

Көптеген отбасылар, соның ішінде жас отбасылар бала тәрбиесін бастапқы циклден бастайтыны белгілі. Оның үстіне балаға назар аударып, көңіл бөлу уақыты да шамалы, шектеулі. Сыртқы ортаның психологиялық, әлеуметтік сипаттағы қолайсыз әсерлері нәтижесінде қалыптасқан психикалық күйлер: депривация, шаршау, қалғып, енжар күйде жүру, үнемі қауіптену, тарығу, жан күйзелісі, көңілдің бұзылуы, айналадағы адамдарға деген жеккөрушілік және фрустрация түрінде болады. Бұл жердегі шаршау сияқты жан күйзелісі – қажу жағдайының дамуымен астасатын сезіну кешені болса, енжарлық – адамның белсенділікке қарама-қарсы қасиеті. Ол адамда әрекетсіздік, ынтасыздық, еріксіздік сияқты белгілер көрінеді.

Қазақ отбасылары өмірінің тарихына көз жіберсек, көп балалы отбасыларының көптеп саналғанын белгілі. Соңғы жылдары олар біртіндеп азайып барады. Мұның себебін демографтар қала өмірінің бейнесінің кең таралуы деп түсіндіреді. Әйелдердің еңбекке араласуы, мәдениеттің, қажеттіліктердің өсуі де жоғарыдағы жағдайдың себебі болып табылады. Халықтың сұранысы артып, бір-біріне талаптары күшейді. Бала туғаннан бастап отбасындағы жақын адамдармен, ата-анасы, туысқандары, таныстарымен қарым-қатынасқа түседі.

Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-аналар өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, олар тәрбиеші бола бастайды. Ата-ана бұл болашақ кішкене адамды дене күші мол және рухани күшті етіп тәрбиелеу жолында алуан түрлі қуаныш пен қиыншылықтарды бастарынан өткізе отырып, оны рухани және ақыл-ойы, дене құрылысы, тән жүйесі жағынан да жан-жақты даму дәрежесіне жеткізу тиіс. Дұрыс тәрбиенің кілті- бүкіл отбасы өмірі құрылысында. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы мен туыстық қатынастар жүйесі.



№ 1 сызба. Бала өміріндегі туыстық қатынастар

Әже- отбасының  
үйтқысы, алтын  
қазығы және  
тәрбие  
мәселесіндегі  
басты тұлға



Ата бауырында өскен  
бала тиянақты,  
салмақты болады. Ол  
бауырмал, сезімтал  
болып өседі



Ата-ана баланы үй болуға,  
тағулық, береке, бірлік  
ұялатуға тәрбиелейтін басты  
тұлғалар.



Өскелең ұрпақ арасында бүгінгі заман талаптарына ілесе алмайтын, оның құндылықтарын қадірлеп, оған бейімделуге ұмтыла бермейтін, өзінің келешегін ойлау мәдениеті төмен, керісінше күштеу мен қатыгездікке, бос жүріс пен жеңіл жолмен табыс табуға, дүниеқұмарлық пен өткінші әсер және арзан қолды жылтыраққа қызығатындар да аз кездеспейді.

Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – адам жанында көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді.

Отбасы өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге (ауыстыруға) болмайтын баспалдақ. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Адамдар арасындағы, соның ішінде ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас орнатудың: авторитарлы (әміршіл) демократиялы және немқұрайлы-ымырашыл тәсілдері бар.

Авторитарлы тәсіл – баланың отбасында үлкендер талабына шартсыз түрде бағынуы. Бұл жағдайда бала енжар күйде болады. Қарым-қатынаста ата-ана баланы манипуляциялау барысында, отбасында балаға психологиялық қысым көрсете отырып, бір тәртіпке бағындырады. Бұл жағдайда бала ата-анасынан сескеніп, қорқа бастайды. Нәтижеде, бала өз тәртібін реттеп, меңгеруде қиналады, жаңа ортада тәртіп бұзуға икем келеді [1].

Демократиялы тәсіл – өзара достық сипаттағы қарым-қатынас. Бұл тәсіл ата-ана мен баланы бір жағдайға қойып, ортақ әрекетке жұмылдырады. Оларда «біз» деген сезім пайда болады. Демократиялы тәсіл балада өзіне деген сенім, жағымды көңіл-күй тудырады. Ондай бала түрлі жағдайда өз тәртібіне дұрыс жауап беріп, кез-келген ортаға бейімделгіш келеді.

Либеральды немқұрайлы тәсіл – отбасындағы ата-ананың балаға деген немқұрайлы, шала қатынасы. Бұл жағдайда әр бала өзінше, бей-берекетсіз әрекет жасайды, бала өзінің міндеттерін толық түсінбейді. Отбасында осы қатынас барысында тәрбие алған балада ұйымдастырушылық, жауапкершілік сияқты мінез-құлық сапалары өте төмен болады.

Отбасы үлкен отбасыларымен салыстырғанда қайшылықтарды көп жанжалдардан құтылуға болады. Қазіргі экономикалық өмірдің талаптарына икемделгіш болып алады.

Отбасы баланың жеке басының қалыптасуына екі жақты әсер етеді: біріншіден, отбасының материалдық жағдайын сипаттайтын өзіндік өмір сүру дәстүрі арқылы, отбасы мүшелерінің материалдық және рухани қажетсінуі мен әлеуметтік құндылықтары арқылы әсер етеді. Екіншіден, әлеуметтік және белгілі

бір мақсатқа бағытталған әсер арқылы. Бұл көбінесе отбасындағы негізгі көзқарас пен тәрбие үрдісінің қоғамның тәрбиелік мақсатына қаншалықты сәйкес келуіне байланысты жүзеге асырылады. Көп жағдайда, отбасында ата-аналар тарапынан үстемдік жағдайында балалардың өз бетімен іс-әрекет жасауға жол берілмейді, өз өміріне немесе отбасына байланысты бірде-бір мәселені шешуге, үй-іші кеңесіне қатыспайды. Осының нәтижесінде бала отбасында болып жатқан әлеуметтік өмірге, еңбекке, білімге, мәдениетке байланысты мәселелерге қатысты сыртта қалады. Бұл жағдай баланың танымдық қабілетінің дамуына, рухани және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына бөгет жасайды.

Отбасында барлық мүшелерінің құқы бірдей. Әкесінің немесе ананың өктемдік, қожалық жасауы – бұл өнегесіздік, мәдениетсіздік, баланың өміріне, келешегіне зиян келтірушілік. Өз баласын сүйетін, сыйлайтын, жанындай жақсы көретін ата-ана отбасында кездесетін келіспеушілік жағдайларға жол бермеуі керек. Отбасылық өмір мәнері жеке адамның қалыптасуына үлкен із қалдырады. Теріс қылықтардың бірі – келіспеушілік. Бұл отбасы мүшелерінің арасындағы қайшылықтан туады. Олар бір – біріне наразылық білдіреді. Кейде сол нәрседен ашуланып, орынсыз сөгудің нәтижесінде бірінің беделіне нұқсан келтіреді. Осындай шиеленісуден қақтығысулық пайда болады, олардың бірлігі бұзыла бастайды. Бұлардың бәрі бала тәрбиесіне әсер етеді. Ересек отбасы мүшелері ұстаздық міндетті ұмытпай, бала алдындағы өзінің жауапкершілігін толық сезіп, егісуді болдырмаудың мүмкіншілігін жасайды.

Отбасы өзара туысқандық қатынасы бар, әр түрлі жастағы және әр түрлі құқылы адамдардан біріккен ұжым. Отбасын ерлі-зайыптылық, ата-аналық, балалардың ата-аналарына, ересектердің кішілерге және бір-біріне деген қарым-қатынас жасау міндеттері байланыстырып тұруы тиіс.

Ата-аналар мен балалар бір-бірінен бірі отбасын басқарумен, екіншілері сол отбасында тәрбиеленумен ерекшеленеді. Отбасы өмірі әр түрлі материалдық және рухани үрдістермен сипатталады. «Отбасы тәрбиесі» ұғымның өзі «отбасы» және «тәрбие» категорияларының жиынтығынан тұрып, оның қызметі мен ролі, отбасындағы тәрбие толығымен қоғамдық өмір заңдылықтарына байланысты дамиды. Отбасындағы тәрбиеде үлкендердің басқа отбасы мүшелерімен дұрыс қарым-қатынас құруы-жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелейді деген сенімін нығайту керек.

Бала қоршаған орта мен айналасындағы адамдардың ықпалы, тәрбиесі арқылы жеке тұлға болып қалыптасады. Егер бала тыныш, салмақты, байсалды, көңілді, ұйымшыл, жақсылыққа жаны құштар отбасында өссе, мінез-құлқы да байсалды, жайдары болып дамиды, егер тұйық, ашуланшақ, тынымсыз адамдардың арасында өссе, баланың мінезі де сондай болып қалыптасады.

Кей жағдайдағы балаға биологиялық жолмен берілген ашуланшақ мінезді отбасында дұрыс педагогикалық ықпал жасау арқылы ыңғайлы жағдай тудыру мен тәрбие арқылы түзетуге болады. Көп жағдайда бала болашағы, оның дүниетанымы отбасындағы ата-ананың шынайы махаббат сезімі мен тәрбиелік ықпалына байланысты жүзеге асады. Балаға деген ата-ана сүйіспеншілігі қаншалықты шын ниетті болса, олардың өзара түсіністігі де соншалықты берік болады. Адам өзгелермен қарым-қатынаста оған ықпалын білдіріп, жылы шырай көрсетуі қажет. Ондай жағдай кез келген адамның көңіл-күйін сергітіп, жан дүниесін шаттандырады. Балаға айнала қоршаған әлемді тек көзбен көріп емес, жанымен сезе отырып қатынас жасауды үйретуі керек.

Отбасы мүшелері үйдегі жұмыстарға ортақ араласса, бала өзіндік міндетінің барын, сол міндетті орындау қажеттігін түсінеді. Балаға өз тәртібін талдауды үйрету. Бала өзге адамдармен, құрыбыларымен бәсеке негізінде емес, дос, жолдастық сипатта қарым-қатынас жасай білуі тиіс. Бәсеке – ашу араздықа апарып, бала мінезінде өркөкіректік сияқты жаман мінезді қалыптастырады. Отбасындағы жағдайлар баланың психикасына әсерін тигізеді. Отбасында ата-аналарының, балаларының қарым-қатынасы дұрыс болса, жанұяда киімге, тамаққа және басқа да өмірге қажетті заттарға мұқтаждық көрмесе, үлкендер жағынан қамқорлық, дұрыс тәрбие, сүйіспеншілік мол болса, балаларда невроз және басқа да психикалық өзгерістер болмайды [3]. Егер отбасын жиі-жиі жанжал болса, немесе ата-аналары айырлысқан болса, балаларда дұрыс тәрбие ала алмайды, осының кесірінен бала психикалық ауруларға душар болады, мінез-құлқы өзгереді, көптеген бұзақылық қылықтар жасайды. Отбасындағы жағымсыз көріністің ықпалы кезде тамырын жайып өсіп келе жатқан баланың мінезі болып қалыптасады.

Отбасындағы тәрбиенің төменгі деңгейде ұйымдастырылуы ата-аналардың отбасылық өмірге дұрыс дайындалмауы әсіресе, ананың бала тәрбиесіне дұрыс қарамауынан деп көрсетеді.

Қазіргі таңдағы ажырасулардың көлемі үлкейіп келеді. Олардың себебі сан алуан: екі жақты ерлі зайыптардың бір-біріне сенбеушілік, отбасын материалдық жағдаймен қамтамасыз ете алмауы, тұрмыс үйінің жоқтығы т.б. Л.Б. Шнейдердің айтуынша «Баланың психикалық дамуы оның дене күйінің психикалық және әлеуметтік жағдайын анықтау мен сақтауында ғана мүмкін. Психикалық денсаулық баланың эмоционалды және танымдық сферасы, мінез бітістері мен тұлғалық қалыптасуы, жүйке жүйесінің

психологиялық күйінің аман-есендігін өзіне біріктіреді». Бұл тек қана отбасында ғана мүмкін, өйткені бала отбасының бір мүшесі болып табылады. «Бала отбасынан өзінің дамуы мен болашағы үшін қажетті нәрселерін алады, отбасыда керісінше баладан өзіне қажетін алып отырады». Ата-анасы мен баласының арасындағы байланыстары адами қатынастарының ең күшті сезімдерінің бірі жатқызылады. «Отбасылық бірліктің құлдырауы балалық шақтағы тұлағалық сезім мен қоршаған ортада дамуының бұзылуына әкеліп соғады». Ата-ана болып туылмайды. Ата-ана болып қалыптасады. Бұл қалып жағдайдағы өмір талабы. Әкесі мен анасы баланы есейгендердің өміріне дайындайды. Бала өз отбасынан қандай тәрбие алса, келешекте де өзіне үлгі етіп отбасында қалыптастырады [4].

Отбасы өмір сүріп, дамуының ерекше жағдайлары да бар. Олар: әлеуметтік таптық, ұлттық сипаты, өмір сүру ортасы, материалдық жағдайы, отбасы мүшелерінің білім және мәдени дәрежесі, әрбір отбасының адамдық, экономикалық негізі. Бұлар отбасы мүшелерінің қабілетіне, адамгершілігіне, жауапкершілігін сезінуіне байланысты.

Әрбір отбасының рухани потенциялының өсуіне қарамастан, оның тәрбиелік мақсатының жетістігі мен мемлекеттік ынтаның үйлесімді табыс деу өте ерте. Баланың психикасы көптеген әлеуметтік факторлардың әсер етуінен тәуелді келеді. Сондықтан да эмоционалды және әлеуметтік қарым-қатынас дамудың бастапқы аспектісі болып табылады. Әлеуметтік қарым-қатынас адамның өмір сүру міндеттерінің қажеттілігін сипаттайды. Тұлғаның қалыптасу процесіндегі әлеуметтік қарым-қатынастың рөлін С.Л. Рубинштейн: «Қоршаған ортаға деген қарым-қатынас тұлғаның өмірдегі көзқарасымен сипатталады. Адамның ең бастапқы өмірлік міндеттемесі – ол бөтен адам. Бөтен адамға деген қатынас адам өмірінің негізгі ұлпасы бөлігін қалыптастырады» – деген [3]. Баланың отбасында тәрбиеленуі бұл, жеке тұлға қалыптастыру деген сөз.

Отбасындағы өзара қарым-қатынас дұрыс болуы қажет. Бала тәрбиесінде әке мен шешенің ролі өте маңызды. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістерімен тығыз байланысты. Ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы – ең алғаш тұлғаны дамытатын орын. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Бала барлық жақсы және жаман әдеттерді өзі өскен шанырақтан үйренеді. Бала ең алдымен өз ошақ басына қарап өседі. Отбасы мүшелерінің барлық қылықтары, іс-әрекеттері балаға алғашқы кезде бұлжымас заң тәрізді көрінеді. Адамның өміріндегі парызы – артында ұрпақ қалдыру десек, сол ұрпақты ойдағыдай азамат етіп өсіру зор жауапкершілікті талап етеді.

Отбасындағы жалпы қарым-қатынас, үйдегі ата-аналардың өзін-өзі қалай ұстауға сол үйдегі балаларға да әсерін қалдырмай қоймайды. Ата-ананың жылы жүрегі, мейірімді жүзі, аялы алақанның ыстық құшағымен балаға дүние есігі ашылады, оның дүние танымы, өмірді білу басталады. Ата-ана өзінің тәрбиелігімен, азаматтың арлығымен ғана балаларына бедел бола алады. Ата-ана беделі болу үшін өте әділ, шыншыл, адал болуы керек. Екі жүзділік, көз бояушылық, мінез-құлықпен іс-әрекетің бір жерден шықпауы, балаларды орынсыз мақтауда, жазалауда, өр көкіректігін, өзімшіл т.б. жағымсыз жайлар ата-ананың беделін төмендетеді. Отбасындағы келеңсіздіктер баланың анрессиясының жоғарлауына алып келеді.

Ерте жастағы баланың анаға, ананың баласына деген сүйіспеншілігі отбасылық қарым-қатынастан басталады. Баланың әлеуметтенуі дүниеге келген сәттен аңғарылады, бірақ екінші жылынада яғни қимыл-қозғалыстар арқылы баланың сөйлеу қабілеті дамуында қарқынды түрде жүреді.

Ата-аналар балаларын қоғамда болып жатқан түрлі ережелерді оқытады, себебі дұрыс өмір сүріп, баланың мінез-құлқы, тәртібінің дұрыс болуы үшін. Осы сапаларды тұлға бойына сіңуі баланың өзін-өзі сыйлау, өзін бағдарлап-бақылай алу сезімі көңіл бөлуді қажет етеді. Егер ата-аналар оқулықтағы әдістерді ғана қолданса, баласын күнделікті өмірде кемсітіп отырса, онда балада өзінің ешкімге керексіз және ешкімге ештеңе білдірмейді екен деген сезімі дамиды. Баланы жазалауда оның жасы негізгі рөлге ие. Кішкентай балалар көбінесе ересектердің іс-қимылын бақылаумен жүреді, сондықтан да қоғамдағы тәртіп мәселесі ерекше мәнге ие болып табылады. Әр жас кезінде ата-ананың нәтижелілігі әлеуметтік фактор ретінде баламен эмоционалды қарым-қатынасқа түсуіне байланысты; бақылау түрлері, қалай оны қабылдайды, қажеттілігі мен бақылауы жас ерекшелігіне сәйкес келуіне қатысты. Әлеуметтенуде ата-ананың ролі ерекше, мысалы баланы мадақтау және жазалау кезінде сөздерін мәдени-ғылыми түрде жеткізсе, онда ол баланың еліктеушілігінің негізгі моделінің қызметін атқарады. Ата-аналар балаларының шығарған дыбыстарына еліктейді және бала сөздерді қайталауға тырысқан жағдайда мадақтайды. Анасы барлық заттарды көрсетіп, атымен атайды себебі баласы анасының артынан қайталау үшін. Бала ата-анасының махаббатын қолдай отырып жазалаудан қашқақтайды. Әлеуметтік-психологиялық зерттеулерді қарастыра келе яғни баланың қалыпты дамуы оның отбасындағы қарым-қатынастарына қатысты делінген. Егер отбасы баласына мейірімділікпен қараса, онда бала әрқашан қиын, қуанышты кездерін бірге өткізіп түсінісіп жүреді.

Ата-аналар мен балалардың арасындағы қарым-қатынасты балалардың қазіргі орындай алатын қызметті шиеленістіріп жібереді. Ата-ананың өзара теріс қарым-қатынасы, арзан сезім қуалап, неке бұзу сияқты неше түрлі жат қылықтар баланың тәрбиесіне кері әсер етеді. Мұндай ортада өскен сәби кейіннен дөрекі, қатыгез, еңбекке қырсыз болып, жолдастарының еңбегімен жасалған дүниені оңай жолмен иемденгісі де келеді. Одан қоғамға, айналасына зияннан басқа пайда жоқ. Кезінде ескермей, баланы дұрыс тәрбиелеу жауапкершілігін жете сезінбеу орны толмас қайғы, өкінішке душар етеді. Бала жаман болсын дейтін ата-ана жоқ, бірақ кейбіреулердің өз іс-әрекетіне есеп, мән бере қарамайтыны, мінез-құлық нормаларының шегінен шығып кетуі өзіне байқалмағанымен, сәбидің сезімтал жүрегі әлдеқайда бұрын қабылдайды.

Ұрпақ алдындағы осы жауапкершілікті дұрыс атқару үшін ерлі-зайыптылар отбасылық қарым-қатынасқа зор парасаттылықпен қарағаны абзал. Баланың қылығы көбінесе ата-ананың тәрбиесінен өзіне үлгі етеді.

Ата-аналары жағынан жағымды немесе жағымсыз қатынасы балада өзін-өзі бағалауын қалыптастырады. Ата-анасы баласына күнделікті ұрсумен, салыстырмалы түрінде болса (сен сондайсын, ал оның баласы жақсы, сабағын жақсы оқиды) онда оның өзін-өзі бағалауы төмен және наразылық сезімі пайда болады. Бала өте сезімтал екенің ұмытпауымыз керек егер ата-анасы арасында жанжал, ұрыс-керіс болып жатса өзін кінәлаумен күні өтеді. Кейбір отбасыларында балада өзін-өзі бағалауы жоғары кездеседі, мұның себебі ата-аналар кінәлі олар баласы қандай болсада жағымсыз қылықтар танытатын жағдайда жеңіл түріндегі жазалу әдісі қолданылады.

Тұлғаның дамуы барысында отбасы мен мәдени ортаға лайықты оның дүниетанымы жетіледі. Адамның сан қырлы әлемін танып-білуді, ұрпақ өмірге келмей тұрып, ана құрсағында бастау алатынын, яғни, болмысы қалыптасу үшін қам-қарекет жасау керектігін әрбір ата-ана жете ұғынуы қажет. Тұлғаның рухани жетілуі үшін, ең алдымен, рухани саналылықты меңгереді. Тұлғаның рухани санасы өмірдің мәнін өзінің өмірдегі орнын, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсіну қабілетін дамыту, отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық, ұғынысуды сезінуі абзал. Жазушы-педагог Ж.Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек», – деп көрсеткен. Осы ой астарында отбасында – ата-анасына мектепте – ұстаздан талап етілетін тағылым жүгі жатыр. Жер бетінде мекен еткен адамзаттың бір бұтағы – бір халықтың қандай да дара қасиетке ие болып, қандай бет-бейнесімен көрінуі-сол халықтың мектебінің бет-бейнесіне, өзіндік ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол – бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз – ата-ана. Бала үшін үй-ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер – жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Бала кішкентайынан әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектесіп, қол ұшын бергісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін.

Ата-ана жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырманың аяғына дейін орындауына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт беру керек. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді [4, 5].

Қай кезде де отбасы тәрбиесі-туысқандық қатынастар мен тұрмыс жайттары – балаға үздіксіз ықпал етуші тәрбиелік күш. Ата-аналардың жақсы үлгісі баланың сана-сезіміне, ой дүниесінің өсуіне, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Баланы оқу материалдарымен өз бетінше жұмыс істеуге, білімді меңгеруде табандылыққа, жігерлілікке үйрету, мамандыққа баулу үй-ішінің басты міндеті. Отбасы тәрбиесі ата-аналардың оқытушы, жұртшылықпен бірлескен тәрбие жұмысының нәтижесінде жүзеге асады.

Бала ата-ана әрекетін сынға салып, салыстыра алмайды. Олар үшін әке мен шеше ең жақын, ең қымбат жандар. Ал олардан таралған кез-келген құбылыс бала үшін дұрыс, бала үшін жақсы. Ізгі-ниет пен жылы қатынастың куәгері болып өскен бала есейгенде өз бойындағы барлық жақсы қасиеттерді еркін сыртқа шығара алады. Ал керісінше, ата-ана махаббаты мен назарынан айырылған немесе жеткілікті алмаған бала өте тұйық, ызалы болып өсетіні жоғарыда айтылып өтті. Бала өмірінің алғашқы сәттерінен бастап

жақсы көретін, уайымдап қамын ойлайтын болмағы ешкімге белгісіз. Сондықтан, жақысы ата-ана баласын өмірде кездесетін түрлі қиыншылықтарға даяр болуға үйретеді. Қарапайым да саналы әрекеттер мен дұрыс қарым-қатынас барысында олар баласын түрлі бетбұрыстарды еш қорқынышсыз қабылдап, және білуге дағыландырады.

Соңғы жылдары бала тәртібі, мінез-құлқының дамуына отбасындағы бөлме саны, бөлмедегі балаға арналған аймақтың болу, болмауы да әсер ететіндігі көрсетіліп жүр. Дәлірек айтсақ, бала ұзақ уақыт бойы өзіндік аймақсыз жағдайда, яғни аймақтық оқшаулануда болмаса, ол әлсіз, дәрменсіз күйде болғанға үйренеді, бұл құбылыс «үйретілген дәрменсіздік» нәтижесі деп аталады.


Нәресте туған сәтте, жаңа әлеуметтік, психикалық өлшемдерге тап болғанымен де, ол әлі де болса көпке дейін ментальды симбиозды күйде болады. Бұл туралы Ж.Пиаже өзінің психика дамуының кезеңдік тұжырымдамасында, алғашында нәресте өзін ортамен біртұтас күйде сезінеді, бала өзінің дара, дербес тұлға екенін тек 2-3 жасқа толғанда түрлі әрекеттер орындап, өзіндік «Мен» бейнесін түсіне бастағанда ғана сезінеді деп көрсетеді. Ол «үлкен болуды» армандайды, арманын тез іске асырғысы келеді. Бірақ, баланың «үлкен болу» тілегі мен мүмкіндігі сай келмейді. Сондықтан, бала өзінің талап-тілегін үлкендерге қарсы қояды. Үлкендер рұқсат етпеген нәрсені әдейі жасап, өзінің үлкендігін, тәуелсіз екенін, күштілігін көрсеткісі келеді.

Бала тәртібіндегі бұл өзгерістер үлкендер тарапынан ұйымдастырылған эмоционалды қарым-қатынастар нәтижесінде орындалады. А.Г. Рузскаяның айтуынша: эмоционалды терең байланыс сәби мен ата-ана арасында сөздің пайда болып, дамуының ең маңызды шарты болып табылады. Себебі, эмоционалды қарым-қатынас өздігінен сөзді қажет етпесе де, сөздің дамуының екі жолын қалыптастырады: біріншіден, сәби үшін үлкендермен қарым-қатынаста бостандық, теңдік, еркіндік жағдайы баланың белсенділігін арттырады, екіншіден, үлкендермен қарым-қатынас жасауға қызығушылық сәбиді сөзге дегенде ыждағатты болуға итермелейді. Алғашында, үлкендермен вербальды емес коммуникация – түрлі қимыл-қозғалыстар, ым-ишарат арқылы қарым-қатынасқа түскен баланың сөйлеу тілі үш жастан бастап қалыптасады. Бала тілі дамуының сензитивті кезеңі 1-3 жас аралығы екенін ескерсек, сөздік қарым-қатынастың тапшылығы бала психикасының дамуына тежеу болатыны көрінеді. Осы кезде нәресте үлкендермен ұзақ уақыт бойы қарым-қатынаста болмаса, ол деградацияға ұшырап, соңында жалпы дамуы тоқтауы мүмкін. Эмоционалды қатынастың тапшылығы қайтпас нәтижелер береді. Керісінше, эмоционалды қарым-қатынастың дер кезінде, қажет мөлшерде жүргізілуі – балада үлкендер әрекетіне еліктеу қабілетін тудырып, сөйлеуге деген ынтасын қалыптастырады.

Отбасылық қарым-қатынастың негізінде ата-ана үнемі балаға қамқорлық пен мейірім көрсетіп, бала бойында сенім қалыптастыруы керек. Отбасы бала тәрбиесі, оның тұлға ретінде қалыптасуының негізгі факторы болып табылады.

Қоғамның даму кезеңдеріне сәйкес отбасының атқаратын қызметі де өзгеріске ұшырап отырды. Мамандардың, ғалымдардың зерттеу жұмыстарын негіз ретінде алып, біз отбасында баламен ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстарын көрсетуге тырыстық (1 сызба).

№1 сызба. Отбасында баламен ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстары



1. Оразбекова К. Иман және инабат. – Алматы, 2005. – 150 б.
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – А., 1998.
3. Сизанов А.Н. Здоровье и семья: психологический аспект. – М., 2008.
4. Фромм Э. Душа человека. – М.: Республика, 1998.
5. Стиваковская А.С. Популярная книга для родителей. – СПб., 1998.
6. Ковинько Л.В. Семейное воспитание. Словарь. – М., 1991.

## МУЗЫКА ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

А.Б. Ботамқұлова – Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қаласы

### Резюме

В данной статье рассматриваются учебно-воспитательная проблема развития экологического воспитания в процессе обучения музыки. Также определяются пути и цели экологического воспитания в обучении казахской национальной музыки.

### Summary

The following article considers the problem of teaching an ecological education in the process of studying music. Also it is asked another ways and aims of ecological education in studying national kazakh music.

Музыка пәні өзінің терең тамырлы тарихымен де, философиялық синтезге толы мазмұнымен де, эстетикалық-эмоциялық рухының асқақтығымен де, өмір-тіршілікті бейнелеуден де жоғары көтеріліп кететін мәңгілік (тәңірлік) идеясымен және әралуан жанрлығымен де, ең соңында өмірдің сан саласын реттеп отыруға айырықша ықпал еткіш қолданбалы-кәделік қызметімен де мектеп оқушыларының рухани болмысында айрықша орын алады.

Бұл ретте, біздің диссертациялық зерттеуімізде қойылып отырған проблеманың шешімі музыка пәні мұғалімдерінің оқытудағы тұлғаға бағдарланған оқу және оқудан тыс іс-әрекетті ұйымдастырудың бүгінгі таңдағы тәжірибесімен жан-жақты танысуды талап етеді, өйткені онсыз яғни оқушылардың жеке білім траекторияларын құру процесінде музыка пәні арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың оқу-тәрбиелік іс-әрекеттерін әрі қарай дамытудың негізгі бағыттарын анықтау мүмкін емес. Оқу және оқудан тыс іс-әрекетті ұйымдастырудағы практикалық іс-әрекеттерді зерттеу процесінде (сауалнама жүргізу, жекелей әңгімелесу, жекелей және топтық бақылау, эксперттік бағалау) біз оқу және оқудан тыс тәрбиелік іс-әрекеттердің тәжірибесі көрініс алған ғылыми әдебиеттермен, бағдарламалармен танысуды жалғастырдық.

Бізді мектеп оқушыларының бағдарланған оқу және оқудан тыс іс-әрекет уақытындағы экологиялық тәрбиесінің әртүрлі бағыттары қызықтырды: оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда музыка пәнінің бағдарланған оқу және оқудан тыс іс-әрекеттері қай жерде, қандай жағдайда пайдаланылды. Сондықтан біз осы зерттеудің басында бір топ маңызды мәселелерді анықтап алдық.

1. Бағдарланған оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында музыка пәніндегі қазақ халық музыкасын пайдалануды ұйымдастырудың формалары қандай?

- а) сабақ және қосымша сабақтар;
- ә) клубтық сабақтар;
- б) үйірме сабақтары;
- в) ішінара өткізілетін іс-шаралар;
- г) сынып сағаттары.

2. Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында пайдаланылатын музыка пәніндегі қазақ халық музыкасы құралдарының мазмұны мен жүйелілігі қандай?

- а) музыка пәніндегі қазақ халық музыкасының оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндіктері арнайы бағытталған жоспар бойынша жүйелі түрде пайдаланылады;
- ә) жүйелі түрде пайдаланылмайды, ішінара;
- б) пайдаланылмайды.

3. Мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде музыка пәніндегі қазақ халық музыкасын нақтылы пайдалану қалай көрсетіледі, оның міндеттері қандай?

- а) музыка пәнінде қазақ халық музыкасымен мектеп оқушыларын таныстыруда оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы арнайы бағдарланған міндетінің басым болуы;
- ә) мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы арнайы бағдарланған міндеттері басқа да міндеттердің қатарында тұрады;
- б) мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы арнайы бағдарланған міндеттер тек жобаланады.

Осы мәселелерді ғылыми тұрғыда шешу үшін мынадай педагогикалық, әдістемелік мәселелерді анықтап алу қажет: музыка пәнінде қазақ халық музыкасы арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру тәжірибесінен талдау үшін қандай мәліметтерді таңдаған жөн, осы мәліметтерге жіктеме жүргізу қажет.

Музыка пәнінде қазақ халық музыкасын оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында пайдалануды ұйымдастыру формаларын қарастыра отырып, біз бүгінгі күнде мектепте оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерде аталған проблемада айтарлықтай ғылыми деңгейдегі нақты біркелкілік, бірізділік жоқ деген тұжырымға келдік. Бұл туралы мектептегі оқу және оқудан тыс іс-әрекеттер тәжірибелері қорытындыланған жинақтарда, мақалаларда көрсетіледі. В.И. Кочуровский мен В.П. Огородниковалардың жіктелмесін негізге ала отырып, біз бірінші сұрақ бойынша таратылған сауалнамаға талдау жасадық.

Мектеп оқушыларының музыка пәні бойынша оқу және оқудан тыс іс-әрекеттердегі экологиялық мәдениетін қалыптастыру тәжірибесіне толығырақ тоқталу үшін, сауалнама мен барлығы 30 мұғалімді қамтыдық. Сауалнаманың нәтижесі мынаны көрсетті: сұралған мұғалімдердің жалпы педагогикалық стажы әртүрлі, 1 жылдан 30-ға дейінгі мектептегі жұмыс аралығын қамтиды. Мектеп мұғалімдерінің еңбек стажы анағұрлым төмен: 1 ж-дан 10 ж-ға дейін, және де 1 ж-дан 5 ж-ға дейінгі аралықты құрайды. Көптеген мұғалімдер оқушыларды музыка пәнінде қазақ халық музыкасымен таныстыруда (біз оны төменде қарастырамыз) белгілі бір бағдарланған тәрбиелік мақсаттарды көздемеуі де жалпы тәжірибесінің аздығынан және педагогикалық шеберлігінің шектеулілігінен болуы мүмкін.

*Енді жоғарыда атап өткен жұмыс формаларына тоқталайық. Сабақ және қосымша сабақ топтағы музыка пәні бойынша жұмыстарды ұйымдастырудың оқыту формасы. Сауалнамалардың шамалы санында, кейбір мектептерде музыка пәні бойынша музыка сабағынан қосымша сабақтан тыс уақытта қосымша сабақтар өткізілетіні жайлы айтылады. Олар тәрбие жұмыстарының бір бөлігі ретінде саналады. Мұндай қосымша сабақтар көбінесе үлгерімі төмен оқушылармен жүргізіледі.*

Бұл жұмыс формасының жағымды жағы сол, оқу сағаттары мұғалімнің жетекшілігімен жүргізілетіндігі. Дегенмен күннің 2-ші жартысына музыкадан қосымша сабақ беру қолайсыз деп есептеуге болады. Өйткені, *біріншіден*, оқушылардың күн тәртібі, еңбек гигиенасы және демалысы бұзылады, балалар организмнің (ағзасы) жұмысқа қабілеті таңертеңгілік уақыттарда аса жоғары болатынын физиологтар дәлелдеген [2, 17 б.]. Демек, тура осы уақытта оқу әрекеттерінің барлық түрін топтастыра өткізген ұтымды болады.

*Екіншіден*, сабақтан тыс уақытта өткізілетін қосымша сабақтар оқушылардың шамаларына лайықталып берілуі керек және оны меңгертуде оқушыларға ыңғайлы педагогикалық әдістемелік жағдайлар жасалуы қажет.

*Үшіншіден*, оқушылар күннің екінші жартысында өздерін бос сезінеді, сондықтан осы уақытта оқу формасын ұйымдастыруды пайдалану тәртіпке қойылатын талаптардың дұрыс орындалмауына алып келуі мүмкін. *Төртіншіден*, сабақтан тыс уақытта қосымша сабақ арқылы өткізу мұғалім тарапынан оқушыларға педагогикалық әсер етудің бірлігін қамтамасыз етпейді, олардың жеке-дара қабілеттерін, терең зерттеуге мүмкіндік бермейді. Тәрбие процесіне сабақты енгізу; оқушыларға тәрбиелік ықпал етуде кедергісін келтіреді, олардың бағдарланған музыкалық әрекеттерін тиімді жүргізуде қиындықтар туғызады.

**Клубтық сабақтар** – мектеп оқушыларының сабақтан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастырудың бірден-бір кең тараған түрі. Сауалнамалардағы деректер, тәрбиешілермен жүргізілген әңгімелер, жұмыс тәжірибесі бойынша жариялым көрген мақалалар, жұмыстың бұл формасы қалалық мектептерде (тікелей жақын орналасқан әртүрлі мектептен тыс балалар мекемелері: музыка мектебі, бейнелеу студиясы, мәдениет үйі, мұражайлар (музейлер), спорт мектебі (клубы), стадиондар және т.б.) жиі пайдаланылатынын көрсетеді. Осы мекемелердің негізінде әртүрлі тәрбиелік іс-шаралар өткізіледі. Клубтық сабақтар кішігірім шағын мектептерде, тікелей мектептің ішінде ұйымдастырылады (музыка пәні бойынша үйірме жұмыстары, кинофильмдер көрсету, әңгімелер, лекторийлер, балалар филармониясы және т.с.с.).

Бұл форманың тиімді жағы тәрбие жұмысын жоспарлау мүмкіндігі болып табылады. Алайда, мектептен тыс балалар мекемелерінің ерекшеліктеріне қарай, ұзақ уақытқа жоспарлау мүмкін емес, бұл клубтық сабақтарды үзіліссіз жүргізуде кедергісін келтіреді. Мысалы: балалар музыка мектебінде әр жарты жылдың аяғында, академиялық концерттер мен бақылау іс-шараларын өткізуге байланысты лекторийлерге бару мүмкін емес. Мәдениет үйлерінде көркемөнерпаздар концерттері кезінде оқушылармен әңгіме, лекция өткізуге рұқсат берілмейді.

Осы ұйымдастыру формасының тағы бір жағымды жағын айта кеткен жөн: клубтық сабақтарды арнайы білімді мамандар жүргізеді. Алайда, осыған байланысты сынып жетекшілері сабақта танымдық материалдың көп пайдаланылатыны, шамадан тыс сағат саны (1-1,5 сағ.), бөлінетіні туралы, ал бұл болса басқа сабақтарды уақытылы өткізуде кедергісін келтіретіні туралы жиі айтады. Сабақтар айына 1-2 рет жүйелі түрде өткізіледі деп те айтуға болады.

Клубтық сабақтардың бірден-бір ерекшеліктері мектеп оқушыларының қандай сабақтарға баратындығын өздері таңдап алатындығында. Мұндай жағдайларда оқушылар өздерінің қызығушылықтарына қарай бөлініп, сынып жетекшілерінің назарынан тыс қалады.

Жоғарыда айтылғандарды тірек ете отырып, музыка пәні бойынша клубтық сағаттардың мүмкіндігінше жүйелі өткізілетіндігін, олардың нақты уақыт мөлшерін ұстанбайтындығын, сынып жетекшісі басшылығының шамалы екендігін айта кету керек.

Мектеп оқушыларының бос уақытын ұйымдастыратын бұл формада оқу-тәрбие процесінің тұтастығы бұзылады. Өйткені сабақтар өзінің мазмұны жағынан тек оның жеке бөлімдерін қамтиды. Сонымен бірге мектеп оқушылары сабақтарды қызығушылықтары бойынша жиі ауыстырғандықтан, сынып жетекшілеріне оқушылардың нені меңгергенін бақылап отыру қиындық тудырады.

Клубтық сабақтар біржақты сипат алғанымен тәрбиенің белгілі бір жүйесін түсіндіреді, себебі бұл сабақтарда оқушылардың белгілі бір іс-әрекеттеріне ғана ерекше көңіл аударылады.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың осы формасы көрсетілген кемшілік жақтарына қарамастан, көптеген мұғалімдер мен үйірме жетекшілері оны қолайлы деп санайды. Өйткені сынып жетекшінің тарапынан аса көп күш жұмсалмайды, оқушылар пайдалы іспен қамтамасыздандырылады.

Мектеп оқушыларының музыка пәні бойынша сабақтан тыс әрекеттерін ұйымдастыру тәжірибесі соңғы уақытта ұйымдастырудың *үйірме жұмысы формаларының* кең өріс алғанын көрсетеді. Ал бұл болса оқушылардың қызығушылығын қанағаттандырып, әр алуан қабілеттерін дамытуда септігін тигізеді.

Үйірмелерді ұйымдастыруда негізінен мектеп мұғалімдері мен шақырылған мамандар қатыстырылады. Үйірме жұмыстары көбінесе әртүрлі пәндер және музыка пәні бойынша ұйымдастырылады. Музыка пәні бойынша үйірменің негізгі міндеті – мектеп оқушыларының белгілі музыка саласынан ой-өрісін кеңейту. Оқушылар үйірмелерге қызығушылықтарына қарай бөлінеді (домбыра, қобыз, сырнай, би т.б.).

Бұл ұйымдастыру формасының жетістіктеріне мыналарды жатқызуға болады: музыка пәні бойынша үйірмелерге баруға балалардың үлкен қызығушылық танытуы, сабақ жоспарының болуы, сабақтың жүйелі түрде өткізілуі. Дегенмен, кемшілік жақтарын да атап өтпеуге болмайды. Оқушы белгілі бір үйірмеге барып, біржақты дамитын болады. Үйірмелердің жетекшілері, кейде тәрбие беру жағын ұмытып, мектеп оқушыларының арнайы музыкалық танымдық қызығушылығын дамытуға баса назар аударады. Оқушылар үйірмелік сабақтарға бөлініп, сынып жетекшілерінің бақылауынан тыс қалады. Осыған қарай, сыныптан тыс уақытта жоспарлы және жүйелі түрдегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы ретінде сынып жетекшісінің басшылық және бағыттаушылық рөлі бұзылады, ал бұл болса сынып жетекшісіне тәрбие жұмысын жоспарлауда қиыншылық туындатады.

Сонымен, музыка пәні бойынша оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастырудың үйірмелік формалары, оқушыларға кейбірде біржақтылықты әсер етеді, тек кейбір тұлғалық қасиеттерін дамытуға ғана ықпал етеді, мектеп оқушыларының жан-жақты дамуының тұтас жүйесін құруға мүмкіндік туғызбайды.

Музыка пәніндегі қазақ халық музыкасын ұлттық тәрбие құралы ретінде пайдаланылатын тағы бір ұйымдастырудың формасына яғни – тәрбиелік іс-шараларға тоқталуға болады. Біздің еліміздің өміріндегі атаулы күндер оқиғаларына арналған іс-шаралардың тәрбиелік мәні орасан зор. Олар мектеп оқушылары тұлғасының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда, балалардың жан-жақты музыкалық қабілетін дамытуда, оқушылардың ұлттық музыкалық ой-өрісін кеңейтуде мүмкіндік туғызады. Бірақ, осындай іс-шараларды дайындауда тек жекелеген оқушылар белсенді түрде араласады, қалған оқушылар енжарлық танытып, тек бақылаушы болып қала береді. Іс-шаралар оқушылар қабілеттерінің біржақты дамуына әсер етеді (тек белгілі бір музыкалық аспапта ойнауға, мәнерлі оқуға, тек ән айтуға, тек сахналық көрністерге қатысуға және т.с.с.). Оқушылардың мүмкіндіктерін осылай біржақты пайдалану өз кезегінде белсенді болған оқушылар белсенділігінің төмендеуіне әкеледі, олардың іс-шараларға қатысуға деген қызығушылықтары төмендейді. Кезекті іс-шаралардың дайындығына қатыспайтын оқушылар, кейбір кезде ұзақ уақыт бойына сынып жетекшісінің тарапынан бақылаудан тысқары қалады.

Музыка пәні бойынша топтық сабақтарға келетін болсақ, бұл педагогикалық тәжірибеде оқушылардың демалысын ұйымдастырудың аса бір танымал болған формасы екендігін зерттеу нәтижелері көрсетеді. Дәл осы жағдайларда, көптеген оқу-тәрбие міндеттерін тиімді шешу мүмкіндіктері пайда болады.

Оқушылардың арнайы бағдарланып ұйымдастырылған іс-әрекеттері түрлері мен формаларын қарастыра отырып, А.А. Огородников: «қосымша сабақтар – бір жағынан сабақ, үйірме сабағы, екінші жағынан – іс-шаралар арасындағы ортаңғы байланыс деуге болады. Балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастырудың бұл формасында сабаққа қойылатын қатал да міндетті талаптар болмайды; үйірмеге қатысушылардың таңдауымен жеке-дара қызығушылығын қанағаттандыру көзделген, үйірме сабақтарының біржақты бағыттылығы; іс-шаралардың тартақырыптың шектеулігі. Сонымен қатар, жалпы дамытатын сабақтар өзінің жиынтығы жағынан, өзінің бірізділігі және жүйелілігі жағынан сабақтар мен үйірме сабақтарына өте жақын, ал ұжымдық қызығушылықты қанағаттандыруда шараларға жақын» – дейді [6, 31 б.].



Бұл арада ұйымдастыру жағынан кездесетін қиындықтарды да атап өткен жөн, өйткені бүгінгі күнде бір жастағы топтан басқа, әр жастағы топтар да кездеседі. Әртүрлі жастағы топтар музыка пәні бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастыруды қиындатады және сынып жетекшілеріне іс-әрекет барысында бір-екі мәселені ғана шешуге мүмкіндік береді: оқушыны тәрбие объектісінен тыс қалдырмау, бір сыныпта екі жыл отырғызбау. Егер топ бір жастағы оқушылардан құралса, әрине, оқушылар ұжымын құру үшін сынып жетекшісінің мектеп оқушыларына тәрбиелік ықпал ету әдістері мен формаларын таңдау анағұрлым жеңілдетіледі.

Музыка пәні бойынша топтық сабақтардың ерекше белгісі болып, олардың дұрыс өткізілуін қадағалап отыру, оқушыларға жоспарлы, жүйелі ұлттық мақсаттылықпен тәрбиелік әсер етуді жоспарлау және ұйымдастыру мүмкіндігі болып табылады. Ұйымдастырудың бұл формасы сынып жетекшісінің сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы ретінде ролін көтереді, себебі, топтағы оқушылардың бәрі оның үздіксіз бақылауында болады. Сынып жетекшісі мектеп оқушыларына өзінің педагогикалық әсер ету дәрежесін реттеуге мүмкіндік алады. Ол топта жетекші адамның бірі болып саналады және оны маман-мұғалімдердің ауыстыруы өте сирек кездеседі. Сынып жетекшілерінің атқаратын міндеттерінің көлемі осындай ұйымдастыру формасында анағұрлым кеңейеді.

Музыка пәні бойынша оқудан тыс уақыттардағы тәрбие жұмыстарының жоспарын зерттеу аптаның бір күні топтық сабақтың, немесе тәрбиелік іс-шаралардың белгілі бір түріне арналатындығы көрсетіледі. Мысалы, сынып сағаты, серуенге шығу және саяси хабар күні; өнермен (бейнелеу және музыка) кездесу; ұжымдық ұйымдар күні, кездесулер өткізу және т.б. Сөйтіп топтағы оқушылармен оқудан тыс уақытта өткізілетін жұмыс түрлері әр алуан болады, ал оқушыларға сынып жетекшілерінің педагогикалық ықпалы мақсатты да мазмұнды бола түседі. Әрине, оқудан тыс уақыттағы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың осындай формасы сынып жетекшісінен үлкен білімдарлықты талап етеді, яғни әрбір сабаққа ұқыпты, тиянақты даярлықты, тәрбие жұмысын жүйемен жоспарлауды, өзінің іс-әрекеттерінің педагогикалық нәтижесіне жауапкершілікпен қарауды талап етеді.

Кесте-4. Музыканы оқыту ісін ұйымдастыру формалары мен олардың өзіне тән ерекшеліктері.

Формалары	Оқыту ісін ұйымдастырудың негізгі формалары		
	Оқушылар қызметін басқарудың негізгі әдістері	Оқушылар қызметінің түрлері	Бақылау мен тексеру әдістері
Сабақ	1. Әңгіме 2. Ой қозғау 3. Түсіндіру 4. Лекция 5. Кітаппен жұмыс	1. Мұғалімді және жолдастарының жауабын тыңдау. 2. Түсіндіру 3. Орындау. 4. Оқулықтармен жұмыс. 5. Таратпа материалдармен жұмыс	1. Жаппай сұрау. 2. Жекелеп сұрау. 3. Жазбаша бақылау жұмысы. 4. Музыкалық диктант. 5. Бағдарланған бақылау
Қосымша сабақтар	1. Әңгімелеу 2. Әңгіме – дискуссия 3. Түсіндірме 4. Лекция 5. Кітаппен және ақпараттық оқу құралдарымен жұмыс	Оқушылардың жоғарыда аталған қызметтерінің барлық түрлері.	Бақылау мен есепке алудың барлық түрлері
Клубтық сабақтар	1. Консультациялар 2. Материалды жинақтау 3. Материал мазмұнын оқушылардың жазып алуына басшылық	1. Музыкалық шығарма мәтінін жазу Баяндап айту 3. Негізгі ойды жазбаша беру. Музыкалық шығарманы талқылауға қатысу	1. Музыкалық шығармаларды талдау және бағалау 2. Музыкалық шығарманы талқылауға қатысқаны үшін баға қою.
Үйірме сабақтар	1. Консультациялар: а) Қосымша материалдармен жұмыс істеу әдісі бойынша: ә) Музыкалық шығармалардың құрылымына байланысты сұрақтар бойынша концерттер ұйымдастыру, реферат жазу, шығып сөйлеу, сөз алу. 2. Үйірме нәтижесін жалпылау	1. Оқулықтармен, қосымша әдебиеттермен жұмыс 2. Түрлі шығармаларға концерттер, байқаулар ұйымдастыру. 3. Жеке орындау жоспарын құру. 4. Өздігінен талқылау, сын тұрғысында талдау, қорытынды жасау. 5. Үйірме жұмысы бойынша талас пікірлер айту	1. Шығып сөйлеуді, өз ойын жеткізе алуды бағалау 2. Жеке орындауды бағалау 3. Пікір таласқа қатысқаны үшін баға қою.
Ішін ара іс шара	1. Нұсқау а) Музыкалық шығармалардың	1. Әуен 2. Нәтижелерді өңдеу	1. Тыңдаған шығарма жөнінде жауаптарын тексеру.

	мазмұнын түсіндіру ә) Шығарманы орындау ретін түсіндіру б) Орындалатын шығармаға қойылатын талаптарды айту 2. Оқушылар жұмысын бақылау	3. Жазбаша есеп беру.	2. Келесі сабақта жүзеге асыратын жұмыстарды баяндау.
Сынып сағаттары	1. Өтілетін тақырып жөнінде нұсқау 2. Өтілетін шығармаға түсінік беру.	1. Тыңдаған шығармалар жөнінде мәліметтерді қағазға түсіру. 2. Жазбаша есеп беру.	1. Оқушының сынып сағатынан ойын тыңдау. 2. Қойылған сұрақ бойынша әңгімелесу.

1. Кунантаева К.К. Развитие образования в Казахстане 1917-2000 годы. – Алматы: 2000 – 207 б.

2. Кенжебаева Р.Н. Оқыту үрдісінде халық педагогикасы арқылы оқушылардың атамекенге сүйіспеншілігін қалыптастыру. пед.ғыл.канд.дисс. Автореф. – Шымкент, 2005, – 26 б.

3. Құлманова Ш.Б. Научно-педагогические основы воспитания младших школьников средствами казахской народной музыки: Дисс.д.п.н. (Инст-т повыш.квалиф. и переподгот. кадров системы образ (ИПКСО), – Алматы, 2000. – 415 б.

4. Қозыбаев Е. Формирование эстетической культуры старшеклассников средствами казахского музыкального фольклора: Автореф.дисс. канд.пед.наук. – Алматы, 1998. – 25 б.

5. Оразалиева М.А. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық аспаптық музыкасына қызығушылығын қалыптастыру. Пед.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1998. – 122 б.

6. Өтемұратова Б.С. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде қазақтың дәстүрлі көркем мәдениетін пайдалануға музыка мұғалімдерін даярлау: Пед.ғыл.канд. дисс. 13.00.01. – Алматы, 2000. – 25 б.

7. Гизатов Б. Музыкальное образование в Казахстане. – Алма-Ата: Мектеп, 1975, – 80 б.

8. Жұбанов А.Қ. Музыка әліппесі. – Қызылорда: Қазақстан, 1933. – 59 б.

9. Ветлугина Н.А. Возраст и музыкальная восприимчивость // В кн.: Восприятие музыки / Ред сост. В.Н.Максимов. – М., 1980. – 229-243бб.

10. Апраксина О.А. Задачи музыкального воспитания в свете реформы школы //Музыкальное воспитание в школе / Сост. О.А.Апраксина. – М., 1986. – вып. 17. – 5-15 бб.

11. Найзинский В. О психологии музыкального восприятия. – М.: Музыка, 1972. – 383 б.

УДК 37.013.46 (574)

## БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНДА БІЛІМНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДҮНИЕНІҢ ҒЫЛЫМИ БЕЙНЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**А.А. Жүсіпова** – аға оқытушы, педагогика магистры, Инновациялық Еуразия университеті

### Резюме

Данная статья раскрывает теоретико-методологические особенности формирования интегрированных знаний научной картины мира учащихся начальной школы. В начальной школе необходимо использовать новые технологии и методы обучения для оптимизации процесса обучения.

### Summary

This article is devoted to the questions of teoretiko-methodological features of formation of the integrated knowledge of a scientific picture of the world of pupils of an elementary school. In an elementary school it is necessary to use new technologies and methods of training for optimisation of process of training.

Адамзаттың қазіргі даму кезеңі адам» мен табиғаттың үйлесімді қатынасын, өскелең ұрпаққа қоршаған дүниені және оны зерделеуді тұтастықта қалыптастыруды қажет етуде. Өйткені дүниені тану процесінде кішкене кезден бастап баланың тұлғасы дамиды және адамның барлық негізгі қасиеттері қалыптасады.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш білімнің стандартының» талаптары білім мазмұнын жеке пәндер бойынша емес, білімдік аймақ (табиғи тіл, жасандытіл, табиғат, қоғам, адам т.б.) бойынша интеграциялауға, оқу әрекеті процесінде баланың жеке тұлғасын дамытуға, оқушыда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыруға бағытталған. Осымен байланысты зерттеу жұмысы бастауыш білім беру жүйесіндегі көкейкесті мәселелерге айналып отыр.

Бастауыш білім беру мәселесімен Ы.Алтынсарин, Дж. Дьюи, Я.А. Коменский, Ж.Руссо, К.Д. Ушинский т.б. айналысты. Бұл бағытта Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, А.Н. Леонтьев, А.В. Люблинскаялардың т.б. теориялық еңбектері бар.

Ғылымаралық интеграцияның философиялық негіздері: Б.М. Кедров, А.Нысанбаев, А.Д. Урсул, М.Г. Чепиков т.б. еңбектерінде, жалпы теориялық бағытта философиялық-әдіснамалық мәселелер: Ж.Әбділдин, П.В. Конин, И.В. Кузнецов, В.С. Степин және т.б. педагогиканың әдіснамасы: М.А. Данилов, Ф.Ф. Королев, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин, Н.Д. Хмель және т.б. қоршаған дүниені интеграциялау негізін психологиялық тұрғыдан: П.К. Анохин, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев т.б. пәнаралық байланыс: А.А. Бейсенбаева, И.Д. Зверев, В.Н. Максимова т.б. бастауыш білім берудегі интеграция мәселесі: Л.И. Бутова, Л.К. Виноградова, Н.Н. Светловская т.б. еңбектерінде көрініс тапты.

Оқушылардың дүниетанымдық идеяларын, танымдық және шығармашылық белсенділігін дамытуда дүниенің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастырудың алатын орны ерекше. Педагогика ғылымында бұл мәселені шешу үшін тұлғаны табиғи үйлесімділікке дамыту және оның өздігінен тұтастыққа дамуының тиімді әдістемелік жолдарын іздестіру қажет.

Адам мен қоршаған дүниенің өзара әсерінің жаңа дәуірі (В.И. Вернадский) табиғатты қоршаған дүниені жаңаша құндылықта қабылдаудың тұлғалық тәсілін талап етеді. Қазіргі кезеңде бұл мәселені жүзеге асыру білімнің интеграциясы, оқытуды ізгілендіру, балаларда адам тұлғасына деген қатынасты дүниедегі ең жоғары құндылық ретінде дамыту арқылы ғана мүмкін болады.

Мектеп практикасында бастауыш сынып оқушыларының бойында дүниенің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастыру, ондағы өз орнын, ролін сезінуге, табиғатты сақтау мақсатында тануға деген қызығушылығын дамыту талапқа сай келе бермейді.

Оқытудың бастапқы кезінен-ақ дүниетанымды дамыту, ақиқатты пайымдау, адам өмірінің табиғи негізін сақтау қажеттілігін сезінуін дамыту қажет. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларында дүниенің ғылыми бейнесін құндылық бағдар негізінде қалыптастыру көзделеді. Бастауыш сынып оқушыларында дүниенің ғылыми бейнесі тұжырымдамасын олардың тұлғалық, дүниетанымдық көзқарастырын, табиғатты сақтаудағы ролін белсенді дамытудың факторы ретінде қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Педагогика ғылымында дүниенің ғылыми бейнесін жоғары және орта сынып оқушыларында ғылыми таным нәтежиесі ретінде қалыптастыру қарастырылған. Ал, бастауыш сынып оқушыларында дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың өзіндік ерекшелігі бар. Қоршаған дүниені оқыту процесінде тануды психология-педагогикалық ғылымда бірнеше бағытта қарастырады: индивидтің тарихи қалыптасқан қатілеттері мен әрекеттері ретінде (А.Н. Леонтьев), психикалық дамытуды жеделдету мақсатымен жасанды ұйымдастырылған танымдық әрекет, қоршаған дүниені меңгеру (А.Е. Әбдіқалықова, Ж.А. Қараев, Т.С. Сабыров, М.Н. Скаткин, Г.И. Шукина, А.В. Усова т.б.), ғылымның зерттеу әрекетімен ұқсастығы бар ақиқат дүниені танудың арнайы тәсіл ретінде (М.М. Левина, В.А. Слостенин, Н.Д. Хмель), экологиялық мәдениетті қалыптастыру (Ә.С. Бейсенова, М.Н. Сарыбеков) т.б.

Қазіргі бастауыш мектепте табиғатты оқып-үйренудің әртүрлі тұжырымдамалары жүзеге асырылуда: (Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин, Қ.Аймағамбетова, К.Жүнісова т.б.). Бұл тұжырымдамалар мен жаңа бағдарламалар дамыта оқытуды, оқушыларда біртұтас дүние бейнесін барлық пәндер бойынша берілетін табиғат жөніндегі білімдерін интеграциялау арқылы қалыптастыру ерекше көкейкесті болып отыр.

Бастауыш сынып оқушысының қоршаған дүниені дербес тану мақсаты мен бастауыш мектептің білімдік жүйесінің ара қатынасы, оқулықтар бойынша берілетін бағдарламалық білім, іскерліктер мазмұны мен оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыратын білім және іскерліктер жүйесі арасындағы қатынас анықталмаған.

Сонымен, бастауыш буынның бала тұлғасын дамытудағы потенциалдық мүмкіндіктері мен оның оқу тәрбие процесінде жүзеге асырылмау арасында, табиғат туралы оқу материалдары бастауыш сыныптың барлық пәндері мазмұнының негізіне алынуы мен оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыра алмауы арасында; қоршаған дүниенің тұтастығы, өзара байланыстылығы мен білім беру процесінде оның есепке алынбауы арасындағы қайшылықтар анық байқалады.

Елімізде тәуелсіз мемлекеттің негізі қаланып, қуат-күші нығайтылып жатқан тұста өмірдің өзі дамудың жаңа бағдарын нығайтуды талап етуде. Осы орайда осыған дейінгі білім жөніндегі заң уақыт талаптарына сай келмегендіктен және ұлттық білім жүйесінің ең басты мақсаттарын жүзеге асыруға дәрменсіз болғандықтан жаңа білім туралы заң қабылданды.

Бұл заңда ұлттық білім жүйесінің бүгінгі күн талаптарына жауап бере алатын және нарықтық экономика қажеттіліктерін қамтамасыз ете аларлық жаңа үлгісін құру мәселесі өз шешімін тауып, республикалық білім жүйесіндегі әлемдік үрдістерге сәйкес жүзеге асырылған түбегейлі өзгерістер заңдық тұрғыдан бекітілген.

Оның ішінде мынадай жаңалықты айтуға болады:

- балалардың мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиелеу құқығын қамтамасыз ету мақсатында 5-6 жасар бүлдіргендердің екі жылдық міндетті әрі тегін мектеп алды даярлығы енгізілді.

Бұл даярлық «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңға сәкес мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылуы тиіс деп көрсетілді.

Сонымен республикадағы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, білім беру мәселесіндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты, Қазақстан республикасы этномәдениеттік білім беру тұжырымдамасы, сол сияқты қазақстан республикасының жалпы білім беру тұжырымдамалары (жобалар: 1990, 1994) екі жоба да уақытша ғылыми зерттеу ұжымдарының даярланған жобалары балама ретінде қызмет жасауда. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу тұжырымдамасы (1996), Жалпы орта білімінің тұжырымдамасы (1996), Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептің негізгі оқу жоспары. Қазіргі кезге дейін жұмыс істеуде [4].

1997 жылы Қазақстан Республикасында орта білімді дамыту тұжырымдамасының жобасы жарық көрді. 1996 жылы «Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұнының тұжырымдамасы» қабылданып, соған сәйкес Республика мектептері қызмет жасауда.

«Қазақ орта мектебіндегі білім беру» тұжырымдамасында: (1991) ж. жалпы білім мазмұнын анықтауда интеграциялауды жүзеге асыру. Интеграция – әртүрлі пәндердегі негізгі принциптер мен заңдылықтарды өзара тығыз диялектикалық бірлікте қарастыруды көздейді...» «Оқушылардың қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып, білім мазмұнын пәнаралық және пәнішілік саралау. Бұл оқушының бір сапалық белестен екінші сапалық белеске көтерілуіне, ой - өрісін кеңейтіп, дамуына жағдай жасайды» делінген.

Уақытша ғылыми-зерттеу ұжымы даярланған Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру тұжырымдамасында (1994) жылы бастауыш мектептің басты ерекшелігі балаларда ұлттың ана тілі арқылы бастауыш мектепте оқыту мерзімін 5 жылға дейін ұзарту, негізгі мектепті 4 жылға, кәсіптік орта мектепті 2 жыл деп көрсетеді. Авторлар білім мазмұнының ерекшелігі оқу жоспарында оқу пәндерінің жиынтығы бойынша берілуі керек деп есептейді, яғни оқу-тәрбие процесінің субъектілер өздерінде бір жағынан жаратылыс ғылыми мәдениетті гуманитарлық мәдениет, екінші жағынан жалпы адамзаттық мәдениетті ұлттық мәдениетке үйлесімді сабақтастыра білуін қамтамасыз ету оқытудың бірінші басқышында негізінен мәдениеттің негізгі қырларын қалыптастыруға көңіл бөлінеді. (ана тілі, қазақ тілі, орыс тілі) ақыл-ой мәдениеті (математика, жаратылыстану, қоғамтану) немесе қоғамтану мен жаратылыстану негізінде бірінғай «Қоршаған әлем» курсы жасау; эстетикалық және адамгершілік мәдениет, еңбек және дене мәдениеті. Екінші басқыштың негізгі қырларын сақтай отырып, пәндік бағыт күшейеді. Үшінші басқышта (кәсіптік мектеп) пәндердің бір бөлігі комплекстік курстар, қалауы бойынша пәндер өтеді.

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысында білім мазмұны

Тұжырымдамасын қабылдауды және оның негізінде жаңа буын оқулықтардың дүниеге келуі бастауыш білім мазмұнын жаңартуға бағыттырған үлкен бетбұрыс болып табылды.

Қарастырылып отырған «Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұнының тұжырымдамасын» үздіксіз білім беру жүйесіндегі бастауыш буында осы стратегияны нақтылы жүзеге асырудың тактикалық шешімдерінің бірі деп түсінуге болады.

Одан әрі бастауыш сатыда оқушының жалпы және психикалық дамуының бұл сияқты жеткілікті деңгейіне қол жеткізу үшін, ең алдымен, білім берудің басым мақсаты түбегейлі өзгеру керек: бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жеке тұлғаны тәрбиелеу мақсаты қойылған.

Оқудың басты мақсатының өзгеруі білім мен тәрбие мазмұнына елеулі түрде ықпал етіп, оны жаңартудың ең басты деген бағыттарын айқындауға және осымен бір мезгілде нақтылы міндеттерін белгілеуге мүкіндік беретіндігі айқын көрсетілген.

1. Степин В.С. К проблеместруктуры и генезиса научной теории. В кн: *Философия, методология, наука*, 1972.

2. Ставская Н.Р. *Философские вопросы современной науки. Социологические и методологические проблемы интеграции науки.* – М.: Высшая школа, 1974 – 92 с.

3. *Ы.Алтынсарин таңдамалы педагогикалық мұралары // Педагогика ғылымдарының Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институты (құрастырған С.Қалиев).* – Алматы: Рауан, 1991. – 200 б.

4. Колягин Ю.М., Алексеев О.А. *Интеграция школьного обучения// Начальная школа. 1990. - №9. – с. 28-31.*

5. Мухаметжанова Ә. *Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық -әдіснамалық негіздері. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.* –Алматы, 2000. – 298 б.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС АРҚЫЛЫ ТАНЫМДЫҚ ӨРЕКЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ұ.Б. Ағыбаева – п.ғ.к., доцент, психология кафедрасы,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Г.Нұрланқызы – 2-ші курс магистранты

### Резюме

В статье рассматриваются некоторые психологические особенности развития познавательной деятельности учащихся младших классов путем организованного совместного общения.

### Summary

The article discusses some of the psychological characteristics of the development of cognitive activity in junior classes organized by a joint communication.

Тәрбиенің сан салалы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы – **бастауыш мектеп**. Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Келешекте жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта қаланбақ. Сондықтан, оның сипаты мен мазмұны, оқытудың әдістері мен формалары қазіргі жағдайда жан-жақты талданып отыр.

Қоғамдағы білім беру жүйесін реформалау-зерттеу объектісінің негізгі өзекті айқын айғағы. Балаларды оқыту, тәрбиелеу, өсіру үрдісінің бұрыннан белгілі заңдылықтарының арқасында балалардың білімді меңгеру процесінде, олардың қажетті мінез-құлық ерекшеліктерін дамытуда жиі кездесетін күтпеген қиындықтарды болдырмауға және жеңуге болады.

Танымдық әрекеттерді ұжымдағы қарым-қатынас арқылы дамыту нәтижесінде бастауыш сыныпта оқыту барысында белгілі-логикалық жүйелер жайы ғана есте қалады.

Қарым-қатынас психологиясы мынандай құбылыстарды зерттейді: адамдардың бір-бірін қабылдауы және түсінуі, еліктеу, сендіру және нандыру, ұйымшылдық немесе жанжалдық, біріккен іс-әрекет және тұлғааралық қатынастар. Осы психологиялық құбылыстың әр түрлілігінде, олардың пайда болуының негізгі қайнар көзі болып адамдар арасындағы қарым-қатынасын айтамыз. Сондықтан, қарым-қатынас болмаса рухани, материалды даму деңгейіміздің қандай дәрежеге көтерілгенін білмес едік. Біздің әрқайсымыз өзіміздің негізгі қырларымызды жеке қарым-қатынас тәжірбиелеріміз арқылы жанұядағы, мектептегі, жұмыстағы, көшедегі тікелей қатынастар арқылы игереміз. Бұл (шағын) микроорта. Микроортадағы қарым-қатынас арқылы әрқайсымыз әлеуметтік әлемді кеңінен танимыз және қарым-қатынасқа түсеміз, яғни (үлкен) макроорта әсерін сезінеміз.

Макроорта – бұл өз ғылымы, мәдениеті, идеологиясы, заңы, қоғамдық өлшемдері бар қоғам. Микро және макроортаның кездесетін жері, олардың өзара әрекеттесетін шек – бұл кіші топ, онда біздің әрқайсымыздың өміріміз өтеді.

Қарым-қатынас тарихи алғашқы форма болып табылады оның негізінде өркениет дамуының кейінгі кезеңдерінде қарым-қатынастың басқа түрлері пайда болды. Біздің әрқайсымыз адамдар арасында өмір сүріп және жұмыс істегендіктен кез-келген жағдайда өз тілектерімізге тәуелсіз түрде адамдармен қарым-қатынасқа түсеміз. Егер біз өз өмірімізді бақыласақ онда мынаны байқаймыз:

- басқа адамдармен өзара әрекеттесіп оларды қабылдаймыз және бағалаймыз;
- жиі түрлі естігендерімізді қызығушылықпен қабылдаймыз;
- таныстарымызбен немесе кездейсоқ адамдармен өмірлік тәжірбиелерімізбен алмасамыз;
- басқа адамдардың әсерін сезініп оларға еліктеп өз мінез-құлқымызды өзгертеміз;
- шешім қабылдағанда көп жағдайда қасындағы адамдардың пікірін есепке аламыз.

Қарым-қатынас стратегиясы үшке бөлінеді: біріншісі, ашық-жабық қарым-қатынас. Ашық қарым-қатынаста әр адам өзінің көзқарасын жеткізе білуі және басқалардың позициясын тыңдауға әрдайым дайындық. Ал жабық қарым-қатынас ақпаратқа деген өзінің көзқарасын қатынасын жеткізе алмауы, қарым-қатынасқа түсуге талпынбауы; екіншісі, монологты стратегия; үшіншісі, рөлдік тұлғааралық стратегия. Қарым-қатынас – қоғам дамуының құралы және терең негізі және мәдениет деңгейін бейнелейтін қоғамдық тарихи дамуының нәтижесі.

Қарым-қатынас процесінде адамның ұжымдағы әрекет бірлігі қамтамасыз етіледі, танымдық әрекет негізінде адамның қасиеттері мен мінез-құлқы қалыптасады.

Міне, қоғамдық әлеуметтік өмір тіршілігінде осындай қарым-қатынастардағы әр-бір адамның өзіндік

даралық және мінез-құлық қасиеттері, сапалары және ерекшеліктері дамып, «Мен» бейнесі қалыптасады. Атақты ғалым Л.С. Выготскийдің пікірінше, әлеуметтік әлем мен қоршаған үлкендер адамның дамуына қажетті органикалық жағдай. Балаларда психикалық процестердің дамуы үлкендермен қарым-қатынастың рөлі алғашқы сатыда тұр. Оның ойынша үлкендер бала мен мәдениет арасындағы дәнекер, әрекет нормалары, белгілері мен тәсілдерін абстрактылы тасушы, бірақ жанды нақты адам емес [1].

М.И. Лисина өзінің қарым-қатынас пен әрекет туралы зерттеуінде қарым-қатынас әрекеттің ерекше түрі екенін көрсеткен. Ал, Л.С. Выготский: «Адам басқа адамдармен айырылыста толыққанды дами алмайды және жағымды немесе жағымсыз ынталануы орталыққа әсер етіп, оны толықтырып отырады» – деп тұжырымдаған. Сондықтан, адам өмірінде ерекше орынға жанұя, білім беру ұйымдары және т.б. институттар кіреді. Тәрбиелік кешеннің бір бағыты (жанұя, балабақша, мектеп) қызықты қатынасы балаға әсер етеді де, практикалық, педагогикалық, тәрбиелік әрекетте қарым-қатынас мәдениетінің жалпы сұрақтарын коюды және шешуді талап етеді. Қарым-қатынастың өзіндік ерекшелігі: басқа адамның индивидуалдылығына үнемі субъект, тұлға ретінде бағытталуы. Ол өзара белсенділікті болжайды және бір біріне қатысушылардың әрекеттесуі. Сондықтан қарым-қатынас үнемі екі жақты [2].

Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор С.М. Жақыпов адамның психикалық дамуы оқыту процесі әсерінен тыс болмайды, ол үшін оқытушы мен оқушы арасында нақты байланыс, оқытудың формасы мен мазмұны екі жақты біріккен әрекетте орындалады деген [3]. Педагогикалық әрекеттегі тәуелділік және оның орындау процесі кезіндегі қарым-қатынастың туу себептері, сонымен қатар қоғамдық ортадағы өмірдің тәуелділігі, пікірлесішілердің арасындағы ара-қатынастың барлығы қарым-қатынастың түрлері. Қарым-қатынастың түрлері адамның дүниеге келген күнінен бастап жас ерекшелікке қоршаған ортаның ықпалына байланысты дамиды.

М.И. Лисина қарым-қатынасты адамдардың бірі-біріне қатынасын реттеу мақсатындағы түрлі ақпараттар ауысу және біріккен нәтижеге жетудегі күш деп анықтады, осының негізінде балалардың үлкендермен қарым-қатынасының төмендегі белгілерін ашып берді:

- үлкендерге зейін аудару және қызығушылық;
- үлкендердің әсерін қабылдаудағы эмоционалды рең;
- үлкенге бағытталған баланың ынталы нақты;
- олардың қимыл-қозғалысында үлкендердің көрінуінде балалардың қатынасының сезімталдығы.

Бұл көрсеткіштердің бір тұтастығы баланың әрекетінде, өзінің бейнесін құруға және басқа адаммен қарым-қатынаста қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен әрекеттің жалпы құрылымдық компоненттері (зат, қажеттілік, мотив, ...) қарым-қатынастың анайылығы және нақты коммуникативті мазмұнымен толтырылған. Тек қана басқалармен қарым-қатынас арқылы адам «басқа көзбен» өзін өзі таниды және бағалайды. Қарым-қатынас мотивы адамның өзінің және басқа адамдардың сапаларымен толықтырылады, қоршаған адамдардың әсері арқылы индивид өзін тануға және бағалауға кіріседі. Осы сапалардың арасынан баланың үлкендерге еліктеуі арқылы қарым-қатынасының қалыптасуын топтастыруға болады:

1) танымдық, мұнда үлкендер баланың жаңа әсер қалдырушы ұйымдастырушысы және мәліметтер жинақтаушысы;

2) іскерлік, мұнда үлкендер біріккен практикалық әрекеттің серігі, қозғалыстың көмекшісі және үлгісі;

3) жеке тұлғалық, мұнда үлкендер ерекше тұлға, қоғам мүшесі, оның тобының ерекше өкілі.

Д.Б. Эльконин баланың психикалық дамуына байланысты сұрақтарды өзінің ғылыми өмірі барысында зерттеді және оны шешуге өзінің бар ынтасын жұмсады. Ол психикалық дамуды баланың қоғамдық заттар мен ішкі байланысы және үлкендермен қоғам мүшесі ретінде, яғни “бала-қоғам” жүйесінде қарастырды. Психикалық даму қатынастың екі типтік жүйесінде жүзеге асады:

бала – зат – үлкендер;

бала – үлкендер – зат.

Д.Б. Элькониннің баланы психикалық дамуы туралы көзқарастарының жалпы теориялық қарастырылуы даму кезеңдерін ашып көрсетуге негіз болды. Балалардың дамуында жетекші әрекеттердің арнайы типтері мен және соған сәйкес жаңа құрылуларға байланысты бірнеше жас кезеңдерін ажыратты [4].

Д.Б. Элькониннің айтуынша, балалық жас екі түрге бөлінеді: біріншісі, балада әрекеттің қоғамдық-мотивациялық жағы; екіншісі: әрекеттің операциялық жағы қалыптасады. Оқыту арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасын, дағды тәжірбиесін береді. Сонымен бірге оқу арқылы өзінен бұрынғылардың практикалық әрекетін, ғылым-білім жүйелерін меңгереді, сөйтіп, өзін практикалық әрекетке даярлайды. Білім жүйесін меңгеру арқылы ғана адам ой мен дене еңбегінің тегіктерін жақсы түсінеді. Оларды жан-жақты білуге мүмкіндік алады. Білім меңгеру – ұзақ уақытты керек ететін күрделі

процесс. Оқыту процесінің жүйелі, түсінікті, нақты қалыптасуы танымдық іс-әрекетті маңыздылығын арттырады.

Егер оқушылар өздерінің оқыту процесіндегі бағдарының мәнін, маңыздылығын ұғынып, оның ерекшеліктерімен заңдылықтарын, компоненттерін меңгеруге қажетті білім негіздерін игерсе, онда танымдық іс-әрекеттің тиімділігінің артқаны. Бұл оқушылардың өз мүмкіндіктерін пайдалана білуі, білімнің пайдасы мен маңызын саналы түрде ұғынып, түсінуге көмектеседі. Оқушы білімді жай уақытша қажеттілік деп санаса, онда білімнің маңыздылығы төмендейді. Ал егер оқу әрекетін басқа әрекеттермен (шығармашылық, танымдық, қарым-қатынас, бағалау) байланыстырса, онда “білсем”, “маған керек”, “маған қажет”, деген сияқты мотивтерге “білгім келеді”, “үйренгім келеді” деген мотивтер ұласады.

Барлық жағдайларда адамдар анықталынған қызметтерді орындайды және нақты коммуникативті қажеттілікті қанағаттандырады. Қарым-қатынасқа қатысты коммуникативті әрекетті жетілдіруші мүмкіндік жасайтын операциялар – экспрессивті, локомоторлы, табиғи сөздік. Осыдан балалардың үлкендермен кез-келген әрекеттерде бірлесуі, тілдесіп сөйлесуі қарым-қатынас жасаудың шешуші маңызы бар екенін ұғынамыз. Егер балаларын үлкендер күнделікті өмірде өзара сөйлесіп, қарым-қатынасқа тартпаса, онда тұлғаның дамуы, өмірінің мән-мазмұны да болмас еді. Ғалым Н.Қ. Тоқсанбаева өзінің еңбектерінде қарым-қатынастың бәрі сөз арқылы біріккен екі жақты әрекетте орындалатындығын көрсетті [5].

Балалардың күнделікті дамуы мен қоршаған ортаны тануында өзара тілдесіп қарым-қатынас жасаудың қаншалықты әсер ететіндігін жете түсінуге болады. Ата-аналар балаларымен тілдесіп, оларға жеткізетін мағлұматтарды доғаратын болса балалардың өсіп жетілуіне, рухани жағынан толыққанды дамуына өз мұқтажықтарын қанағаттандыра алмай, әр қилы өзгеріске ұшырар еді. Қарым-қатынас адамзат үшін әр түрлі деңгейде, әр түрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс. Жеке адам қарым-қатынас процесінде ұқсау, мысал, өнеге алу, үйрену, еліктеу арқылы қоғамдық және жеке сананы, эмоцияны, сезімді, мінез құлық нормаларын көрсетудің формаларын меңгереді.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан жақты маман болу мүмкін емес. Оқыту технологиясы оқу процесіне қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Сонымен қарым-қатынас оқу-тәрбие әрекетінің нәтижесінен анықталатыны байқалды. Оқыту мен тәрбие процесінде өзара қарым-қатынас жүйесін бір ізді ұйымдастыруға арналған бірнеше кеңестерді ұсынамыз:

- оқушылардың мұғаліммен өзара психологиялық түсінушілігін ұйымдастыру;
- үлкен адамдарға жоғары өзіндік сана мен өзіндік бағамен бағдарлауға машықтандыру;
- тәрбиеде авторитарлық форманың жоқтығының әсерін есепке алу;
- тәрбие мен оқытуды басқаруда оқушылардың қызығушылық факторы ретінде пайдалану;
- іскерлік пен жеке тұлғалық қарым-қатынастың бірлігі;
- педагогикалық қарым-қатынасты түрлі жүйеде, әрекеттерде ұйымдастыру: кружок, конференция, іскерлік ойындар және т.б.

Сонымен, қорыта келе, біріккен қарым-қатынас арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекеттерін дамыту жолдары жүйелі ұйымдастырылса, онда жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі педагогикалық-психологиялық тұрғыда өз шешімін табады деген ойымызды білдіреміз.

1. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии – СПб.: Союз, 1997. –С. 215-216.

2. Лисина М.И. Общение ребенка со взрослыми как деятельность // общение и его влияние на развитие психики дошкольника. 1974. – С. 3-23.

3. Джасупов С.М., Кулжабаева Л.С. К проблеме психологических основ продуктивного обучения. // Психологические проблемы социализации личности. – Алматы: 1999. – С. 29-31.

4. Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. – М.: “Педагогика”, 1989. – С. 125.

5. Тоқсанбаева Н.К. Оқытудағы қарым-қатынасты ұйымдастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізгі факторы ретінде. Әл-Фараби ат. Қаз. ҰУ-нің Хабаршы – Алматы, 2006, - №3/4.8 – 13 бет.

## БАЛА МІНЕЗІН ТӘРБИЕЛЕУДЕ АТА-АНА АБЫРОЙЫНЫҢ АТҚАРАТЫН ОРНЫ

А.Буканова – оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

### Резюме

В статье рассматриваются роль авторитета родителей в воспитании детей. А так же проблема отношение детей и родителей.

"Қазақстан-2030" бағдарламасында "Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз. Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді..." делініп [1], ұрпақ тәрбиесінің тағдыры туралы айтылады. Демек, бұл мәселе күн тәртібіндегі шешімі кезек күттірмейтін проблемалардың бірі.

Бүгінгі күндегі отбасы бұрынғы уақыттағы отбасынан мүлдем өзгеше. Ол тек экономикалық тұрғыдағы өзгеріс емес, отбасындағы эмоционалды-психологиялық қызметтің түбегейлі өзгерістерімен ерекше. Отбасындағы ата-аналар мен балалардың бір-біріне деген қарым-қатынасы мен көзқарасы соңғы он жылдың ішінде үлкен өзгеріске ұшырауда. Олар бір-біріне деген сүйіспеншіліктің тереңділігімен анықталып, эмоционалды-психологиялық күйі одан әрі күшейе түсуде яғни балалар ата-аналарының өмірінің негізгі құндылығына айналған. Бірақ, бұл тосын пікір болғанымен, отбасылық өмірді құнттамайды, тек күрделендіре түседі. Оған оның өз себептері бар. Олардың бірнешеуін ғалым-педагог А.В. Мудрик өзінің еңбектерінде арнайы зерттеу жасап, жазған [2,50 б.]. Солардың бірнешеуін атап өтсек:

Біріншіден, көптеген отбасылар бір балалы (әсіресе, қала тұрғындары) және екі буыннан құрылған: ата-аналар және балалар; әже-ата және т.б. туыстар. Әрине барлығы жеке, бөлек-бөлек тұрады. Осының әсерінен ата-аналар балаларына үлкен буынның көрген тәлім-тәрбиесін күнделікті өмірде қолданып, жас өркенге жеткізе алмайды. Жеткізген күнде де, оны баланың бойына сіңіру өте күрделі мәселе. Осылайша, қарттар мен жастардың (ағалары мен әпкелері) тәрбиелік әсерінің тиімділігі азайды. Тұлғааралық қарым-қатынас мәнділігі жойылуда.

Екіншіден, дәстүрлі түрде «ер адам» және «әйел» деп бөлінетін еңбек түрі бүгінде мүлдем басқаша. Мәселен, әйелдің рөлі отбасында үй шаруасының иесі ғана емес, қоғамда қызметкер ретінде жоғарылай түсті.

Үшіншіден, бүгінгі жұбайлардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен сенімі артқан сайын, бір-бірінен күтетін үміттері де үлкен. Ал, ол арманды кейде өздерінің жеке ерекшелігі мен қабілетіне қарай немесе дәстүрлі мәдениетіне сәйкес іске асыра алмай жатады.

Төртіншіден, ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы күннен-күнге күрделі әрі өзекті мәселеге айналды. Балалар отбасында ерте жоғары дәрежелі беделге иемденді. Сонымен бірге олардың білім деңгейлері де жоғары. Себебі, олар қазіргі ақпарат технологияларын жақсы меңгерген. Сондықтан да олар өздерінің көп уақыттарын отбасынан бөлек жерде өткізе алады. Бұл уақытты олар құрдастарының арасында өткізілетін шараларға қатысып, оның ата-анасының құптайтыны жөнінде пікірін сұрауы да екіталай. Бүгінде балаларға «ата-ана» деген билік жүрмейді оның орнына керісінше, ата-ананың жеке тұлғасының беделі балаға үлгі болуы шарт.

Біздер ата-аналар, өзімізді өзіміз сыйлауға, күтуге, құрметтеуге қанша күш жұмсасақ, балаларымызды сыйлауға, күтуге, құрметтеуге екі есе артық күш жұмсауымыз керек. Өйткені біздер ата-аналар болғандықтан өз дәуіріміз үшін де балаларымыздың заманы үшін де жауап береміз. Бұны әсіресе қазіргі жағдайымыз талап етіп отырған тілек.

Егер бала әкесінің не анасының ең сұлу, ең әділеті, ең ұқыпты ең көңілді аса байымды өзін шын мәнінде сыйлайтын, күтетін, құрметтейтініне сенетін болса, сіз оның қадірлі адамысыз, сондықтан сіздің беделіңіз ең басты мәселе болып саналады. Балаңыз сізге ұқсауға тырысады. Демек, балалар алдында беделді ата-ана өз борышын, азаматтық міндетін орындадым деп есептей алар еді. Бала өзінің ата-анасын қандай сыйласа, қадірлесе, жақсы көрсе, жалпы үлкендер алдында өзін қалай ұстауды, үлкен кісілерді құрметтеуді білетін, қарттарға көмекке келуге әрқашан дайын тұратын, кішкентай бөбектерге қамқорлық көрсете алатын мәдениетті адам болып өседі. Мұндай балалар тәрбиелі, көргенді бала екен деген сенімге ие болады.

Жұртшылық сеніміне бөленуден артық қуаныш бар ма? Бұл ата-ана үшін үлкен қуаныш, баянды бақыт. Бұл – жақсы тәрбиенің нәтижесі.

Кеңес дәуірінің ұлы педагогы А.С. Макаренко: «Балаңыздың тәрбиесі жөнінде біреуден ақыл сұрауыңыз, өз балаңызды өзіңіз жақсы танымағаныңыз. Алдымен жақсы танысыңыз, содан кейін кеңес алы-



ңыз» – деп жазған [3, 68 б.]. Бұл ұлы педагогтың өмір оқулығынан алған тәжірибесі – әрбір ата-ананың тәрбие жұмысындағы кемшіліктері туралы кемеңгерлікпен айтылған құнды пікір. Заманның ағымымен бүгінде ата-аналардың арасында «Баламыз кейінгі кезде айтқанымызды тыңдамайды. Өз бетімен жүреді. Ерте кетіп кеш келеді. Мұның не десек, сендердің жұмыстарың емес, өзім білемін, қалай жүргім келсе, солай жүремін деп, тыңдамай кететін болып жүр не істесем екен, кімге барып ақыл сұрасам» деп, баласының тағдырына, жүріс-тұрысына алаңдап, мазасы қашқан ата-аналар жиі кездеседі.

Ендеше, мұндай ата-аналар отбасындағы ұл мен қыздың тәрбиесінде ағаттық жіберген. Бала тәрбиесіне ол кішкентай кезінде көңіл аз бөлінген немесе өскен соң түзелер, әзірге кішкентай, тәрбие мәселесімен оның басын қатыруға болмайды деп түсінеді де баласы өскен соң кімді тәрбиелегенін, қалай тәрбиелегенін өзі де түсінбей қалады. Себебі оның алдында өзі танымайтын, танысқысы келмейтін бөтен адам тұр. Бұларды басқа біреулер таныстыру немесе табыстыру керек сияқты. Ата-анасын сыйламаған, құрметтемеген балаға біреудің ақылымен сыйлатуға болады деу бос сөз. Ал, өзінің ата-анасын түсінбеген, тыңдамаған бала басқаны да тыңдап жарытпайтыны баршамамызға түсінікті болу керек.

Сондықтан балаларымызды ешкімнің ақылынсыз-ақ өзімізді сылайтын дәрежеде тәрбиелегеніміз жөн. Ол үшін бала тәрбиесін бала шыр етіп дүниеге келген күннен бастағанымыз жөн. Алғашқы күндерінен бастап, уақытылы тамақтандыруға, ұйықтатуға үйрету керек. Бұл дағдыға айналғаннан кейін, бала мезгілсіз жылап анасын мазаламайтын болады. Мезгілінде ойнап, ойыншығымен дұрыс қарым-қатынас жасау төсек орнын жинау, тамақ ішкен ыдыстарын жуып-жинау, төсек орнын жинау жұмыстарының бірқалыпты дағдыға айналуынан бастап, бала тәрбиесінің негізі қаланады. Ата-ана баласымен осы кездегі қарым-қатынасынан бастап жақсы қызмет атқарса, бала тәрбиесінде әрбір басқан қадамы дұрыс, дәл орнын тапса, баласы өскенде біреуден ақыл сұрамайтын болады, яғни ата-анасы өзінен үлгі аларлықтай еңбек етсе, еңбек далаға зая кетпейді.

Қазақ халық даналығы «не ексең соны орасың» деген мақалы өмір тәжірибесінің негізінен абынған ғой. Ұлы қазақ ақыны, ағартушы Абай ағамыз өз қара сөздерінің бірінде: «Балаға көбінесе үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі – ата-ана, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Солардың ішінде қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады. Қорықпақ пен сүймек – от пен су сияқты. Ол екі зат әсте бір жерге жуымайды. Адам сүйген адамының ғана ақылын ұғынады, содан тағылым алады. Қорқытып, ұрсып айтқан ақыл адамға дарымайды» – деп жазған.

Ұлы ақынның бұл пікірі осы күнге дейін айтылған көптеген ағарту педагогтардың пікірімен тұспа-тұс келіп жатыр. Бала жаман немесе жақсы болып туылмайды. Оны жақсы ететін де жаман ететін де тәрбиесі мен тәрбиелейтін ортасы. Олай болса балаларды тәрбиелеу ісінде ата-ананың атқаратын рөлін ешқандай құралмен алмастыруға болмайды. Бала ең алдымен ата-анасын көріп, сезіп өседі.

Егер бала мектепке барған соң тәрбиеленеді не құрбы-құрдастарымен ойнағаннан кейін үйренеді десе кеш қалатынын күні бұрын ескерткен жөн. Құрбы-құрдастары мен мектеп тәрбиесі алғашқы жақсы тәрбиеге ұштасса, нағыз адам өсетіні сөзсіз. Бірінсіз-бірі өрістемек емес. Осы тұрғыда Ә.Дүйсенованың «Жақсы адам тәрбиелегіңіз келсе...» атты еңбегіндегі бірқатар бала санасына егілетін жақсы қасиеттердің бірнешеуіне тоқтала кетейік. Ол: «Біріншіден, бала, өзін-өзі тотатуға, кідіртуге, тежеуге шамасы келетіндей, қабілеті жететіндей болып дағдыланғаны дұрыс. Егер өзін-өзі тежеуге шамасы келмесе, ондай балада намыс пен жігердің болуы мүмкін емес. Намыссыз, жігерсіз бала – «құр қуыс кеуде». Ондай бала берген уәдесіне орындай алмайды.

Екінші, балаңыз неғұрлым батыл болса, соғұрлым шыншыл болады. Яғни баланың өзі жасаған қатесін өзі мойындауына да батылдық керек. Батылдығы жеткілікті бала шыншыл болады. Мұндай жерде өтірікке орын қалмайды. Ендеше, балаңыз өзі жасаған қателігі үшін сізге түсінік берсін, сіз түсінік бере көрмеңіз.

Үшіншісі, баланы жасынан шынайы сезімге дағдыландыру қажет. Жалған сезім абырой әкелмейді. Адам өміріндегі сезімнің алатын орны да күшті болғандықтан сезіммен ойнауға болмайды. Кейде бірін-бірі бір-екі-ақ рет көрген кісілер бірін-бірі құшақтап, тіпті сүйісіп жатады, болмаса қызметі жоғарылау кісінің алдында орынсыз жағымпаздық жасау, ретсіз күлу, оны асыра мадақтау; ол кісі кетісімен өзгере қалып, басқаша сөйлеп екіжүзділік таныту. Бұл жай үлкендерден балаларға мақтаға сіңген су тәрізді тез жұғады.

Данышан Абай ағамыз:

*Сүйсе екен шын көңілмен кімді сүйсе,*

*Тұрса екен бір мінезбен жанса-күйсе.*

*Қырмызы қызыл жібек кейбір жандар,*

*Былғайды оңақ бұлдай бір дым тисе,* – деп, жырлағандай балалардың құбылмалы екі мінезді, көрсе қызар болуы осындайдан шығады.

Төртінші, балаларымыз өзіміз болмай, көпшіл қоғамшыл болса дейміз. Мұның да алғашқы қадамы отбасынан басталса, ары қарай өрістеуі қиынға түспес еді, яғни ең жақсы киім, тамақ, орын, дем алу отбасында кімге тиісті болуы сөз болғанда, баласы өзіне тартпай: «Сендер қартайдыңдар, сендерге жақсы киім не керек, мен жаспын, менің жақсы киінуім, ішинуім, дем алуым керек, – демей ата-анасына, – сендер киініңдер дем алыңдар, біздің өміріміз алда, біз сіздерге қызыға қарайтын болайық», – десе, міне, сіздің еңбегіңіздің жанғаны. Көпшіл, қоғамшыл бала тәрбиелегеніңіз. Бұл үшін сіздерге басқалар рақмет айтатын болады.

Бесінші, балаңыздың бойында өз ісіне жауапкершілік, ұқыптылық, күтімділік сияқты қасиеттерді де титтейінен егіп қалыптастыру қажет. Мұнымен қатар баларыңызға ретті жерінде көмек көрсетудің де жөнін білгеніңіз әбден дұрыс болар еді. Ешбір институт инженер дайындап шығармайды, тек инженер атағын береді ғой. Сол сияқты балаларымыздың бойына жоғарыдағыдай қасиеттердің ұрығын ексек, бақытты болуды үйретпегенмен, бақытты болатындай етіп тәрбиелер едік. Бұл арқылы біз өз абыройымызды қорғаған болар едік – деп жазған [4, 18 б.].

Абырой мәселесі өзіңіздің азаматтық қайраткерлігіңізге, азаматтық сезіміңізге, балалар өмірін білетіндігіңізге, оған көрсетіп отырған көмегіңізге және тәрбие жұмысына қаншалықты жауапкершілікпен қарайтындығыңызға байланысты.

«Абырой дегеніміз: балалар көзімен көріп тұрған, жасы үлкен кісінің күдіксіз қасиетті күші және құндылығы», – дейді А.С. Макаренко [3,70 б.]. Бұл балаңыз сіздің өз сөзіңізге берік, бір қалыпты оңай еліктеп, тез берілмейтін күшіңізді, адамгершілік, сыпайыгершілік, мәдениеттілік, кішіпейілділікке бейім жаралған қасиетіңізді адамдар арасындағы беделіңіз бен бір жұмысқа керектігіңізді байқаса абыройлы болғаныңыз деген сөз. Бұдан ата-анасын бала ғана бақыласын, үйрену мәселесі осымен ғана шектелсін деген ой тумаса керек, өйткені бірінші бақылаушы әрқашан да ата-ана ғой. Балаңыздың бойындағы қасиетін бақылаудан бақытқа кенеліп, көңіліңіз жай табатын жайлар да жиі кездеседі, бұл да сіздің әсеріңіз, яғни сізді бақылау, байқаудан түйгендері.

Ата-аналардан басқа тәрбие мәселесіне бірінші жауап беретін кісі болмауы тиіс. Себебі баланың алғашқы көргені – сіз, алғашқы естігені – сіздің сөзіңіз. Алғашқы сезгені – сіздің бойыңыздағы қасиет. Міне, бұлар қандай дәрежеде болса, бала да сол дәрежеде қабылдай бермек, бұл қасиеттер, әдеттер кейінгілеріне берік негіз болады. Осы кезде қалыптасқан әдетті зордың күшімен ғана бұзуға болады. Халықтың «Аурудан әдет жаман» дейтіні – осы.

Әрине, түзеуге болмайды, енді бітті деп күдер үзуге болмайды, қайта тәрбиелеудің де үлкен мәні бар. Бірақ бұл тәрбие ата-ананы әбден шаршатын барып жемісін беруі мүмкін. Сондықтан тәрбиені басынан баланың жасынан бастап қолға алуымыз керек. Қолға алу ғана емес, абыройға ие болуымыз қажет. Сіздің балаңызды сізді ата-ана болғандықтан, асырап баққаныңыз үшін емес, сіздің азаматтығыңызды, еңбегіңізді, ұжым алдындағы беделіңізді бағалап, сондай болуға ұмтылып, ата-ананың өмірінің жалғасы болуды сезінсе, сізді шынымен қадірлеп жақсы көрсе, айтқаныңызды шын пейілмен қабылдаса, міне, сіздің зор абыройға ие болып, өзіңіздің тәрбие мәселесі жөніндегі Отан алдындағы борышыңызды орындағаныңыз. Ата-аналар абыройы балаға берген тәрбиесімен өлшенеді. Балаңыз Отанының шын мағынасындағы азаматы болса, сіз абырой жөнінде үлгі болғаныңыз. Балаңыз да сыйлайды, басқалар да сыйлайды. Шын мәніндегі абырой дегеніміз – осы.

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. – Алматы: Білім, 1998 ж – 90 б.

2. Мудрик А.В. Социальная педагогика: учеб. для студ. пед. ВУЗов. «Академия», 2000 – 200 с.

3. Макаренко А.С. Человек должен быть счастливым. – М.: «Карпуз», 2009.

4. Дүйсенова Ә. Жақсы адам тәрбиелегіңіз келсе. – Алматы: «Мектеп», 1988.

## **БАЛАНЫҢ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК РӨЛЬДЕРГЕ БЕЙІМДЕЛУІ**

**Г.А. Қошжанова – магистр, ҚазМемҚызПУ**

### **Резюме**

В статье рассматриваются роль ребенка. Национальная воспитание казахского народ соединяет единый непрерывную тенденцию, этносоциальный роль нации, знание родного языка, историю, культуру народа, обычаи и уважение представителям других нации. Ребенок должен адаптироваться к окружающей среде, осознавать этносоциальный роль кем он является сегодня и кем он будет в будущем. Знать родственную связь своих родных, родственную связь со-стороны матери и родственную связь со-стороны будущей жены.

### Summary

The article considers the role of the child. National education of the Kazakh people connects a single continuous trend, ethnosocial the role of the nation, knowledge of the native language, history, culture of a people, tradition and respect for representatives of other Nations. The child must adapt to the environment, aware of the ethnosocial the role of what he is today and what he will be in the future. Know the family connection of its family, kinship relation with the mother and the family connection with the future wife

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – өмір бойы жалғасатын біртұтас үздіксіз үрдіс, оның даму барысында адамның этнос субъектісі ретінде этностық құндылықтарды, этноәлеуметтік рөлдерді және өз халқының салт-дәстүрлерінде шоғырланған этностық нормаларды меңгеруі, этностық өзіндік санасын оятып, өз ұлтына, тіліне, тарихына, мәдениетіне деген мақтанш сезімін және басқа ұлт өкілдеріне сыйластық, түсіністік сезімін қалыптастыру болып табылады.

Қазақ халқындағы «Тегін білмеген тексіз», «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген зерделі сөздердің байыбына үңілсек, ұрпақты шыққан тегі мен туған атасын білуге бағыттау сияқты тарихи білімдік өнегені көреміз. *Бұл-бір жағынан. Екінші жағынан*, сол зерделі сөз жолдары елдің бірлігін, оның ұлттық белгісін сақтауды білдіреді. *Үшіншіден*, қазақта ұран сияқты орны бар осы киелі сөздер әрбір қазақтың зердесінде сақталып, күні бүгінге дейін ділдік ерекшелігіміздегі өзіндік үлесін жоғалтпай келеді.

Жеті атадан тарайтын үрдіс туыстық аралық қатынасқа (жігіттің үш жұрты) жеткізіп, біртіндеп бүтіндей бір ұлттың (қазақтың) тұрмыс-салт нормаларына ұласты. Демек, туыстық қарым-қатынастар сияқты табиғи тарихи білім нәтижелерінен қорытынды шығару үшін жеті атанды біліп, шежіре тарата білу қазақ дәстүрінде өмірлік қажетке айналып келген. Біздің өзіндік ділі бар ел болуымыздың да түп қазығы осында.

Қазақ отбасының ерекшеліктері: 3-4 ұрпақпен бірге. Басшысы – әке, ол бір-біріне сүйіспеншілік, қайырымды қатынасты тәрбиелейді, міндеттерді бөліп береді. Бірлік пен достық. Әкенің қызметтік міндеттері: ешкім де әкенің тәрбиесін алмастыра алмайды; әке – бұл үлгі, бедел, ол мейірімді және жауапты, оның парызы – баласында осы қасиеттерді тәрбиелеу.

Жігіт – бұл тыңдау; ананы құрметтеу; кішіге сүйіспеншілік.

Қыз – бұл сypайылық, сұлулық, ұяттылық, шаруашылықты жүргізе білу; тілектестік, ар-намыс.

Ана – бұл махаббат, нәзіктік, мейірімділік, ұстамдылық, төзімділік.

Апа, әже – бұл ақыл-кеңес, тәжірибе, жан дүниесінің кеңділігі мен тыныштық беру біліктілігі.

Ақсақалдар – бұл ақыл-ойдың тереңдігі, даналық, тәрбиелілік, болжай алушылық, сөзді меңгеру, намысты қорғау, жағымсыз құбылыстарға қарсы тұру. Қазақтың тұрмыстық өміріндегі әлеуметтік рөлдер осылайша ерекшелене түседі. Туыстық қарым-қатынастар мен әлеуметтік рөлдердің сипаттылығы мұнымен шектеліп қалмайды, этноәлеуметтік рөлдер арқылы да жан-жақты қырлары ашыла түсері сөзсіз. Туыстық жақындықтарға байланысты қазақы этноәлеуметтік рөлдер өз сипаттарын заманға сай жақсарта отырып, ұлттық ерекшеліктерді де жоғалтпауға, құндылықтарын бағалауға, оның тәрбиелік маңызын арттыруға үлес қосады. Қазақ отбасындағы туыстық қарым-қатынастардың сақталуы һәм сыйластық ұлттық этникалық, рухани тұтастықты сақтаудың негізі болмақ.

Этноәлеуметтік қарым-қатынастарды реттейтін, іске қосып, жүзеге асыратын – этноәлеуметтік және әлеуметтік рөлдер. Этноәлеуметтік рөлдерді меңгертуге тәрбиелеу мен әлеуметтендіру отбасы, әулет, аталас, ру, жүз, ел бірлігін, ұлт тұтастығын сақтау, бауырмалдықты күшейту, сыйластықты арттыру, салт-дәстүр мен төл мәдениетімізді дәріптеуге қол жеткізеді.

Бала басқа адам алдындағы өз міндетін, жауапкершілігін бірте-бірте игере отырып, өзінің этноәлеуметтік рөлінің мәнін түсіне бастайды. Этноәлеуметтік рөлді тани отырып, бала бір жас кезеңнен екінші жас кезеңге өту барысында әр түрлі этноәлеуметтік рөлдерді игереді. Бұл рөлдердің этникалық тәрбие берудегі маңызы өте зор. Оларды әлеуметтену үдерісімен бірлікте жүзеге асыру керек. Адам әлеуметтену барысында белгілі рөлдер атқарып, сол рөлдер арқылы әлеуметтік ортада белгілі орын алады.

Бала – отбасының жеміс берер гүлі, алтын тіреу дінгегі болғандықтан да, тәрбиенің негізі осы кішкентай нәресте кезден басталуы керек. Ұлттық тәрбие – бесіктен басталады. Отбасындағы ата мен әженің, әке мен шешенің, апа-қарындас, аға-інінің бір-бірімен күнделікті өмірдегі қарым-қатынасы, мінез-құлқы – ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы.

Бала өз міндетін, жауапкершілігін бірте-бірте игере отырып, өзінің этноәлеуметтік рөлінің мәнін түсіне бастайды. Этноәлеуметтік рөлді тани отырып, бала бір жас кезеңнен екінші жас кезеңге өту барысында бір этноәлеуметтік рөлден екіншісіне өтеді. Баланың ана тілі, ата тегі, төл мәденеті мен тарихы, туған жері, салт-дәстүрлері, ұлттық рәміздер туралы, сонымен қатар жеті атасы, өз жұрты мен нағашылары, туыс атаулары және өзінің этноәлеуметтік рөлдері туралы білімдерін арттыру барысында ұлттық тұлға қалыптасады.

1. Волков Г.Н. *Этнопедагогика*. – М., 2000 г.
2. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. *Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясы. 1-2 том*. – Алматы, 1994 ж.
3. Әбілова З.Ә. *Этнопедагогика*. – Алматы, 1997 ж.
4. Қожақметова К.Ж. *Халықтың педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері*. – Алматы, 1993 ж.
5. Әл-Фараби. *Тарихи-философиялық трактат*. – Алматы, 1985 ж.
6. Баласағұн Ж. *Құдатғу біліг*. – Алматы, 1983 ж.
7. Қашқари М. *Диуани лұғат ат-түрік*. – Алматы, 1971 ж.

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**З.Б. Рамазанова** – *Орталық-Азия Университетінің халықаралық қатынастар және шет тілдер факультетінің 2-курс магистранты*

### Резюме

В этой статье рассмотрены пути как развивать самостоятельной работы учеников, расширить кругозор, воспитание интереса к предмету с помощью применением игр на уроках английского языка. Так как игра способствует оживить урок, облегчить процесс усвоения языкового материала, сделать учебный труд интересным, закреплению языковых явлений в памяти, поддержанию интереса и активности учащихся, возникновению желания у учащихся общаться на иностранном языке.

### Summary

In this article are considered ways how to develop independent work of pupils, to broaden horizons, education of interest to a subject with the help of application of games at English lessons. As game promotes to recover a lesson, to facilitate process of assimilation of a language material, to make educational work interesting, to fixing of the language phenomena in memory, to maintenance of interest and activity of pupils, desire emergence at pupils to communicate in a foreign language.

Қазіргі заманда оқушыларды оқу құралдармен, басқа құрал-жабдықтармен, техникамен қызықтыра алмайсың. Бірақ, балаларды ойын әдісі әрқашан қызықтырады. Ағылшын тілі сабақтарында ойын түрлерін пайдалану, әсіресе, төменгі сыныптар үшін тиімді. Сабақтағы ойынның орны, оған бөлінетін уақыт мөлшері оқушының білімінің деңгейімен, оқу материалының жеңіл не қиындығымен, сабақтың мақсаты мен мүмкіндіктеріне байланысты оқушының белсенділігі ойын арқылы артады. Мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының арасындағы психикалық кедергілер жойылады. Яғни, ойында бәрі тең, нәтижесінде ұялшақ, жасқаншақ оқушылар ойынның барысында белсенді болуға мүмкіндік алады. Ойын барысында шешім қабылдау, қалай істеу, қалай айту, қалай жеңу деген секілді қысымдар пайда болады. Осы сұрақтарды шешу қалауымен, оқушының ойлау қабілеті дами бастайды. Ойынның жақсы жақтары – ол тынығу сәтінде, сабақты бекіткенде, тілдік материалды қайталағанда қолдану өте тиімді. Ойын әдісінің ең бастысы – оқушылар бәрі тең болады, ойынға әр оқушы қатыса алады, білімі нашар болса да, ол оқушы өзінің озғырлығымен, іздемаздығымен ойында бірінші болуы мүмкін. Ойын барысында тілдік материалды игере отырып, соған қоса өзінің қанағаттану сезімі, оқушылар арасында өзін-өзі тең дәрежеде ұстау сезімдері пайда болады. Ойындарды арнайы мақсатты түрде қолдану керек. Ойын – ағылшын тілін оқыту процесінде ең мықты мотивациялық факторлардың бірі болып табылады. Ал оқытушы үшін ойын әдісі сабақты жандандыруына, тілдік материалды қабылдау процесін жеңілдетуде және сабақты қызықты өткізуіне көп көмегін тигізеді.

Оқушылардың бұл кездегі белсенділігі көбінесе жарыс нәтижесін есепке алуға байланысты. Оны қай кезде қолданамыз? Көбіне ойын элементтерін сергіту сәті, қайталау кезінде қолданған тиімді. Ойын сабақтың басында – өткенді еске түсіреді, ортасында – көңіл күйін сергітеді, оқушының ынтасын арттырады, соңында – тақырыпты бекіту, білімді жинақтау мақсатын көздейді. Қорыта айтқанда, ағылшын тілі сабағында әртүрлі ойын элементтерін қолдану жақсы нәтижелер береді.

Оқу процесін жеделдетумен байланысты шетел тілін оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі туып отыр. Атап айтқанда, әр түрлі сөйлемдерді меңгерту, қайталату, тексттерді жаттату, бірнеше рет естеріне түсірту, тағы басқа жұмыс түрлері оқушыны жалықтырып, шаршататыны мәлім.

Сондықтан да шетел тілін оқытуда ойын түрлерін пайдалану, оқушының басқа тілді үйрене алмаймын деген сенімсіздігін сейілтп, тілді үйренуге ынтасын арттырады. Мысалы, оқушының алғаш кезінде тілдік материалды жеңіл меңгеріп кетуі мүмкін. Ал, бара-бара материалдың күрделенуіне байланысты, оқушылар әр түрлі қиындықтарға кездеседі. Ал бұған мұғалімдер кезінде көмек жасай алмайды. Демек, оқушы тілдің түрлі құбылыстарын меңгеру өте қиын қиын деген ойға келеді. Мұндай қиыншылықтарды тек

сабақта ойын түрлерін пайдалану арқылы оқушының көзін жеткізуге болады. Ол үшін мұғаліммен бірге оқушыда ойынның шартын жақсы меңгеруге тиіс. Ойын түрлерін мақсатсыз қолдануға болмайды. Ойын түрлерін дұрыс қолданып өткізілген сабақта, оқушылардың шетел тілін үйренуге деген ықыласы артып, сол тілде сөйлеп үйренуге, тілін білуге қызығады. Сабақ процесінде белгілі дағдымен қабілет қалыптасу арқылы танымдық қызығушылық пайда болады. Танымдық қызығушылық психологиялық жағынан алғанда, активтік процесстен құрылады. Сондықтан да оқушының танымдық қызығушылығы екі түрлі жолмен: дамыта оқыту және тәрбиелік қызмет арқылы қалыптасады. Дамыта оқыту – белгілі затты танып білу, ал тәрбиелік қызметі – оқыту процесі арқылы затты танудағы өзгерістік қатынастар.

Көрнекті педагог Ш.Амонашвилидің пікірінше, бастауыш сыныптарда оқушылардың қатесін үнемі көрсете бермей, қайта оның өзіндік дара қабілетін дамыту керек. Демек, ол кісі бастауыш сынып оқушыларын қызықтыру үшін, әр түрлі әдіс-тәсілдерді ұсынады. Сабақ үстінде түрлі ойын түрлері арқылы осы әдіс-тәсілді іске асуын қажет деп санайды. Мысалы, мұғалім тақтада бір сөзді әдейі қате жазады: pear, ал оны оқушылар түзейді, яғни сөзді дұрыс жазып көмектеседі. Мысалы: apple.

### **"Chainword"**

Мұғалім тақтаға кез келген сөзді жазады, содан кейін ойынға қатысушылар кезек бойынша сөздерді жаза бастайды, бірінші әріпі алдыңғы сөздің соңғы әріпі болады. Әрбір сөзді оқушылар тақтаға жазғаннан кейін оны ауызша аударады, сөздер қайталанбауы керек.

Ex. boy – yard – door – red – desk – know – white... ойыннан (5-10 сек) берілген уақытта керек сөзді есіне түсіре алмаса, сол ойыннан шығады.

### **"Remember, repeat, and add the word"**

Ex, a pen – a pen and a book – a pen, a book and a pencil...

### **"The Chain of words"**

Мұғалім допты оқушыға лақтырып, "One" деп айтады, оқушы допты ұстап, келесі оқушыға лақтырар алдында "Two" деп айтады. Оқушылар білетін санының соңына жеткенде, санақ жаңадан басталады. Қателескен оқушы ойыннан шығады. Сандардың орнына мезгіл атауларын, жыл, ай, апта, күн аттарын қолдануға болады.

Ойынға қойылатын негізгі талаптар:

1. Ойын-оқушылардың қызығушылығын арттыру керек, тапсырманы жақсы орындау қалауларын қалыптастыру керек.
2. Ойындардың мазмұны жақсы ұйымдастырылуы керек.
3. Ойын барлық топпен қабылдану керек.
4. Ойын өту барысында жақсы атмосфера қалыптастырылып, оқушы ойында өзін еркін сезіне білу керек.
5. Ойын тілдік материалды қолдану үшін ұйымдастырылуы керек.

Тәжірибелі мұғалімдердің айтуынша 13-14 жастағы оқушылардың өзі оқып отырған пәніне қызығушылығы барған сайын төмендейді. Ал психологтар бұл жағдайды үдемелі берілген ақпараттың әсерінен деп қарап, оқушыларға әр уақытта жаңадан білім алуға ынтасын арттыру керектігін еш уақытта да білімді даяр күйінде қабылдаудан сақтандырады. Ал оқу процесінде ойын түрлері бұл жағдайды болдырмайды.

**Негізгі ұғымдар:** шығармашылық, тіл дамыту, тәжірибе жинақтау, ойлау қабілеті

1. Шамшырақова Г. «Ағылшын тілін оқытудың құрылымы», 12-бет, Кәсіптік мектеп, - №3, 2007 ж.
2. Құлжанова Н. ойын мақсатын талдау және ойын мәні // Қазақстан мектебі. 2001. - №1. – б. 74.
3. Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка. // Вопросы психологии. 1966. Т.6. – 340 с.
4. Ахметов Н.К., Хайдаров Н.Ж Игра как процесс обучения.-Алматы. Знание 1985.48с

## **ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ПИСЬМЕННО-РЕЧЕВОЙ КОММУНИКАЦИИ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С НЕДОСТАТКАМИ ПСИХО-РЕЧЕВОГО РАЗВИТИЯ**

**Н.М. Голуб** – к.п.н., доцент, *Национальный педагогический университет имени М.П. Драгоманова, г. Киев, Украина*

### **Summary**

The article carries out comparative analysis of the particularities of written verbal communication development in primary school children studying at comprehensive secondary school and in pupils with psychoverbal development limitations (severe speech disorders, cerebral palsy, mental retardation).

Трудности овладения программным материалом учащимися специальных школ (для детей с тяжелыми нарушениями речи, ДЦП, ЗПР) во многих случаях связаны с нарушениями формирования у них письменной речи. Нарушения чтения, письма ограничивают возможности развития у детей коммуникативной функции письменно-речевой деятельности, что приводит к снижению коммуникативных потребностей и коммуникативно-речевой мотивации, а соответственно, негативно отражается на познавательной и речевой активности учащихся в процессе обучения (Е.Л. Гончарова, О.Е. Грибова, Р.И. Лалаева, И.В. Мартыненко, Л.Г. Соловьёва, В.В. Тарасун, Е.Л. Черкасова, М.К. Шеремет, А.В. Ястребова и др.).

В проведенном нами исследовании изучались особенности и трудности учащихся в осуществлении письменно-речевой коммуникации при моделировании ситуации поздравления выбранного ребёнком адресата с праздником (в данной статье рассматриваются особенности текстов поздравлений, связанных с новогодним праздником).

Учащимся 4-х классов было предложено написать текст поздравительной открытки. Задание предлагалось в преддверии новогодних праздников, что позволило обеспечить необходимую для проведения работы мотивацию письменно-речевой деятельности детей. Выступая адресантом, каждый из учеников самостоятельно определял, кому именно будет адресована его поздравительная открытка.

В экспериментальной работе приняли участие учащиеся специальных школ-интернатов для детей с тяжёлыми нарушениями речи (ТНР) г. Киева и г. Харькова (34 ученика), учащиеся с ДЦП (17 учеников специальных школ-интернатов для детей с последствиями полиомиелита и ДЦП г. Киева и г. Харькова), учащиеся с ЗПР (12 учеников санаторной школы-интерната для детей с психоневрологическими заболеваниями г. Харькова) а также учащиеся двух 4-х классов массовых общеобразовательных школ №117, №129 г. Харькова (56 детей). Все дети специальных школ имеют нарушения письменной речи, они составили экспериментальную группу; ученики массовой школы вошли в контрольную группу.

Общеизвестно, что коммуникативную модель можно представить лишь в том случае, когда определена цель коммуникативных действий и соответствие ее функционально-операционного блока ожидаемым результатам коммуникации. Изучаемая нами коммуникативная модель была упрощена и имела односторонний характер: поздравление, составленное учеником, не предполагало ответного сообщения со стороны адресата, что не мешало реализации задачи эксперимента, но ограничивало возможности коммуникативного подхода в данной дидактической ситуации из-за отсутствия контроля эффективности письменного сообщения на основе установления обратной связи. Успешность выполнения задания рассматривалась с точки зрения результата осуществлённой детьми текстовой деятельности. Фиксировалась способность учащегося осмыслить суть предстоящей работы, выбрать адресата и реализовать цель письменного сообщения: поздравить с праздником, высказать свои пожелания адресату с использованием не обходящих для этого языковых средств. Основными критериями выполнения задания служили такие показатели: 1) соответствие работы по своему содержанию обозначенной теме и поставленной цели; 2) качество оформления высказывания (определялось уровнем владения языковыми средствами), которое позволяет реализовать замысел при создании текста. Таким образом, задание считалось выполненным, если соответствовало теме и цели коммуникации, а также было понятным при его прочтении экспертом (педагогом). Не засчитывались как выполненные те работы, содержание которых не соответствовало теме или цели задания, а также те созданные учащимися тексты, которые вследствие большого количества допущенных детьми грубых ошибок выступали малопонятным объектом для восприятия и понимания другим лицом.

Дополнительно анализировалось соответствие структуры письменного сообщения общепринятой модели поздравительной открытки, а именно наличие в созданном учениками тексте таких структурных частей: а) обращения к адресату; б) указания на то, с каким праздником адресант поздравляет адресата; в) пожеланий, исходящих от адресанта; г) указание на принадлежность поздравительного текста лицу, его написавшему. Перед выполнением задания детям напоминалось о том, какие части должен содержать

текст поздравления. При анализе работ нарушение структуры текста учитывалось, но на итоговое оценивание (выполнена или не выполнена работа) не влияло.

Среди учащихся массовых классов с заданием справились практически все дети (98%), одна работа была не засчитана, так как не соответствовала по своему содержанию цели сообщения. Среди учащихся школ-интернатов для детей с ТНР выполнили задание 62% учеников, среди учащихся с ДЦП – 53% детей, среди учащихся с ЗПР – 67% детей. Анализируя работы, которые не были засчитаны как выполненные, следует отметить, что среди учащихся с ТНР у 6% учеников поздравительные тексты не соответствовали теме или цели работы, хотя по своему оформлению были понятны при прочтении; у 20% детей тексты были малопонятными из-за выраженных трудностей в использовании языковых средств, хотя по отдельным узнаваемым словам можно сделать вывод, что они соответствуют теме; у 12% детей задания не соответствовали как по содержанию, так и по оформлению. Среди учащихся с ДЦП с заданием не справились 47% детей: из них у 12% детей работы не соответствовали ни по своему содержанию, ни по оформлению; у 35% учеников имели место выраженные трудности в использовании языковых средств, из-за чего работы были малопонятными при прочтении. Среди учащихся с ЗПР 33% детей с заданием не справились: у 8% детей работы не засчитаны из-за их несоответствия по содержанию и у 25% – из-за выраженных недостатков в использовании языковых средств.

При сравнении поздравительных текстов учащихся контрольной и экспериментальной групп (в экспериментальную группу вошли все дети с недостатками психо-речевого развития) следует отметить следующее:

У учащихся контрольной группы в среднем в тексте используется 33 слова, а у учащихся экспериментальной группы – 21 слово. Но наиболее значительные отличия, на наш взгляд, имеет содержательная сторона текстов: у учащихся экспериментальной группы тексты и пожелания достаточно стереотипны, пожелания, как правило, носят «стандартный» характер (дети желают здоровья, счастья или успехов, хороших оценок, иногда подарков или денег). Поздравительные тексты учащихся массовых школ намного разнообразнее и в большинстве своём отражают эмоционально-личностное отношение ребёнка к тому или тем, кого он поздравляет (так, например, поздравляя свою младшую сестру, ученица пишет: «Желаю тебе много сладких призов и хочу чтобы у тебя было много любимых дел. Чтобы ты хорошо училась. И получала 12. Хочу чтобы у тебя было очень много пряток»); поздравляя маму, ученик пишет: «Желаю тебе счастья, здоровья и долголетия ну а самава главного терпения»).

Наиболее существенным недостатком, который имеет место и в работах учащихся контрольной группы, но наиболее выражен в работах учащихся экспериментальной группы, является неумение представить свой текст в виде последовательности отдельных смысловых отрезков. Трудности выделения в тексте отдельных предложений и обозначения границ предложений с помощью знаков препинания отмечены у 27% учащихся контрольной группы. Среди учащихся экспериментальной группы такие трудности имеют место у 65% детей (при более выраженной простоте оформления ими текстов!).

Следует обратить внимание на структурные части поздравительных текстов и особенности выполнения задания учащимися экспериментальной и контрольной групп. У большинства учащихся и контрольной, и экспериментальной групп поздравительный текст в целом соответствовал принятой в социуме модели поздравительной открытки, однако заметным недостатком оказалось отсутствие заключительной части поздравительного текста – указания на адресанта (среди учащихся контрольной группы такой недочёт зафиксирован в 16% работ, среди учащихся экспериментальной группы – в 44% работ). Соблюдение условия правильного структурирования текста, с одной стороны, помогало учащимся экспериментальной группы написать поздравительный текст, потому что выступало опорой для программирования и развёртывания во внешнем плане письменного высказывания, с другой стороны, заданная структура шаблонизировала создание текста, упростив его содержательную сторону. Нужно отметить, что большинство учащихся контрольной группы выполняли задание иначе: к заданной структуре работы они отнеслись как к формальному условию, поэтому меняли местами части текста, для усиления экспрессии использовали повторы отдельных фраз, включали в текст некоторые отступления (писали о своём отношении, чувствах, иногда обращались к адресату с поучениями, например, «слушайся родителей», «уважай старых людей» и т.д.). Таким образом, большинство учащихся контрольной группы в отличие от детей экспериментальной группы всё внимание сосредоточили на передаче содержания своих мыслей, чувств и поиске подходящих для оформления текста языковых средств.

Для иллюстрации изложенного в качестве примера приведём несколько работ учащихся: Павел М. (школа для детей с ТНР, г. Харьков):

*«С Новым Годом мама*

*Жилаю тебе щастя здаровья успехов чтоб ты жила хорошо»*

Максим Х. (общеобразовательная школа № 117, г. Харьков):

*«Этот день не обычный! Это день новогодний! Дед Мороз всем подарки Принесёт! Каждый радый будет! 2013 пришёл год! Год змеи! Ты мой лучший друг! Макс! Мне хочется чтоб ты был счастливый на этот новый год. От Максима к Максусу».*

При выполнении задания дети могли написать свои поздравления и пожелания любому адресату, в том числе и сказочному герою. Выбрав героя, учащиеся по-разному выстраивали свой поздравительный текст. Наибольшие трудности, конечно же, наблюдались у детей с недостатками психо-речевого развития. Так, Вероника П. (школа для детей с ТНР, г. Харьков), выбрав в качестве адресата героя фильма и с интересом приступив к работе, так и не смогла реализовать свой замысел:

*«Блум*

*Поздравляю тебе с Новым годом*

*желаю лучших успехов всегохорошего.*

*В яркой жизни*

*Твоя лучшая П подруга Вероника 2012 года»*

Екатерина Л. (общеобразовательная школа №117, г. Харьков), обращаясь к сказочному персонажу, в полной мере реализовала творческий подход к созданию текста поздравительной открытки:

*«Дорогая зубная фея. Поздравляю тебя с Новым Годом! Желаю тебе побольше зубов собирать. Чтобы ты была счастлива, А главное чтобы у тебя и у твоих зубных друзей не болели и не выпадали зубы.*

*Будь счастлива. От Екатерины Л. 4-А класса».*

Таким образом, проведенное нами исследование показало, что у учащихся экспериментальной группы, куда вошли дети с ТНР, ДЦП, ЗПР, имеют место разнообразные трудности формирования коммуникативной функции письменной формы речи, что требует более широкого использования в работе с таким контингентом детей коммуникативного подхода и усиления внимания к содержательной стороне их письменной-речевой продукции.

## **ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНЕ БАУЛУҒА ДЕГЕН ӘДІСТЕМЕЛЕРДІ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ОРНЫ**

**Ж.Н. Шайгозова** – Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Этнокөркем мәдениет орталығының директоры, п.ғ.к.,  
**Л.А. Мауленова** – Боралдай кенті, №39 гимназияның технология пән мұғалімі

### **Резюме**

Посредством современных образовательных технологий и методов, дать ученикам школы культурное образование. Дидактическая методика будущих учителей изобразительного искусство.

### **Summary**

Give cultural education to students of secondary school by means of modern educational technologies and methods. Didactical methodology of future visual arts subject teachers.

Қазіргі заманғы технологиялық құралдарды пайдалана отырып келешек бейнелеу өнері мұғалімдерін әзірлеу осы тақырыпта қаралады. Ол үшін қазіргі педагогикалық технологиялардың ортақ концепциялды негіздерін жарыққа шығару керек (Н.Д. Хмель, М.М. Поташкин, Г.К. Селевко және тағы басқалары). Ғылыми педагогикалық еңбектердің талдауы кез-келген технологияның нақтылы әдістемелік, философиялық түрінде тұрақтанатыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді [1, 2, 4]. Педагогикалық технологиялардың (жеке тұлғалық көзқарастар жүйесі ретінде танылатын құндылық гуманизмнің идеяларының философияның негізі болып табылады; адам өзін қалай көрсетсе солай); экзистенциализмдық тұжырымдаманың басты ережесі; прагматизм тұжырымдамалары (адамның жеке қасиеттері және жеке ойлары оның табынатындары бар) және басқалары.

Қазіргі кезде педагогикалық әдебиетте оқытудың әдістемелері жинақталған. Бұл кең көлемді мәліметтердің жинақталуы ғалымдардың жүйелендіруі мен классификациялық зерттеуін қызығушылық тудырады. Ол бірнеше бөлім беретін технологиялық топтармен ерекшеленеді. Бұл жеке адамның қалыптасуына ықпал ететін технологиялар (жүйе істестік педагогикасы, адамгершілікпен жеке жол, Ш.А. Аманаливтің жеке тұлғалық технологиясы, Е.Н. Ильиннің жүйесі); табиғи қабілеттер мен сәйкес жеке тұлғаны дамытуға бағытталған технологиялар (ойын технологиялары, күрделі білім беру, белгілер мен схемалар арқылы білім беру технологиялары, коммуникативті өзге тілдер оқыту технологиялары); оқушылардың қызметтік интенсификациясының негізінде құралған технологиялар (оқытудың бағдарламасы, түрлері мен оқыту технологиясы, жекелендірілген оқыту технологиясы, схемаларды пайдалану арқылы білім жетілдіру, топтақ және ұжымдық оқыту, компьютерлік технологиялар); дидактикалық жетілдіру және қайта жасақ-



тау технологиясы: дидактикалық бірліктердің күшейтілу, “мәдениет диалогы” технологиясы, зерделі әсерлерді күшейту технологиясы: табиғи дамыту технологиялары, бұл технология халықтың оқыту әдістерін пайдаланады және баланың дамуына ықпал етеді; Р.Штейнердің вальдорфтық педагогикасы, С.Френениң еркін еңбектену технологиясы, және басқа да білім берудің альтернативті технологиялары; дамытпалы оқыту технологиялары (Л.В. Занковтың дамыта оқыту жүйесі, Д.Б. Элькониннің дамыта оқыту технологиясы) және басқалары. Осылайша қазіргі заманға сай білім беру технологиялары ортақ мақсатына қарай, оқушы мен оқушының қарым-қатынасына қарай, оқытудың ұйымдастырылуына қарай және басқа да көптеген себептерге байланысты топтасады. Бейнелеу өнері сабағында, оқушыны жеке тұлға ретінде қарай отырып, қазіргі заманға сай технологиялармен білім беру Ю.К. Бабанскийдің оқу-тәрбие жөніндегі жүйесіне сүйене отырып өтілуі керек. Бұл жүйе мынадай оқу әдістерін таңдауға мүмкіншілік береді.

- Белгілі тараудағы оқыту әдістерінің сабақ мақсатына сәйкес келуі;
- Әдістердің мазмұндық ерекшеліктеріне сәйкес келді;
- Балалардың психологиялық қабілеттерін ескеру;
- Балалардың білімі және тәрбиесі жағынан сәйкес келеді
- Мұғалімдер мен балалардың және топтардың ерекшеліктерін ескеру [5].

Ғылымда педагогикалық технологияларға қатысты арнайы жолдар бар. Олар бейнелеу өнері сабағында қолдануға болатын этно және мәдени білім беру жолдары шындықты негіздей отырып және мәдениетті дамыту педагогикалық формаларды пайданала отырып жүзеге асыру керек екенін атап өткен: Оқытудың белсенді әдістері, өзінің сенімін ақтаған және маңыздылығын дәлелдеген диалог, дискуссия, сәндеу, ролдік ойындар сияқты әдістер. Сонымен, тұлғаның қоғамдық мәдени ерекшеліктерін анықтау үшін, ұлттық тарихы әңгімелерді білу керек, сол жердің жергілікті салтын мәдениетін білу қажет; Эврикалық әңгімелесу, соның түп негізін анықтау үшін – өзара сөйлеу мәдениетін дамыту қажет [6, с. 7]. Осыған сүйене отырып мәдени білім беруде білім беру технологиясын маңызының өте зор екенін есте ұстаған жоқ, тек мәдени білім беру емес сонымен қатар бейнелеу өнері саласында білім беру барысында қолдану қажет. Бұл білім беру әдістерінің технологиялардың дәстүрлі білім беру жүйесін жоққа шығармайды. Мұндай мақсатқа жетудің басқа амалдарын жүзеге асыру қажет. Ең танымал дамыған педагогикалық технологиялар қатарына, бейнелеу өнері сабағында мәдени тұлғаны қалыптастыру үшін мыналарды орындау қажет: күрделі оқу жүйесінің технологиясы, ойнау түріндегі технологиялар, дидактикалық бірліктерді ұлғайту технологиясы, «мәдениет диалогы» технологиясы.

Ғалымдардың пайымдауынша (К.К. Сатыбалдиннің, Р.Т. Тарасенконың) күрделі оқыту жүйесі мынадай элементтерден тұрады: қиындықты қарастыру, оны растауы нақты қарастырылып отырған мәселені табу; шарттардың шешімі, оны бағалау, белгілі және белгісізді ажырата алу қажет; шешім табудың жоспарын құру; жауапты тексеру қажет [8]. Ұлттық көркем әдібиетімен ұштастырып бейнелеу өнері сабағын жаңа әдістерді пайдалана отырып оқыту, сол элементтерге сәйкес келуі тиіс. Мысалы, ою-өрнектерді үйретіп, графикалық жаттығуларды орындап қиындық туғызатын сабақтарға қоланылатын әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып оқыту мынадай этаптардан тұрады:

А) сол элементтерді жүзеге асыру және келешек сән үлгісі композитсиясын талдау – композицияны оқытудың басты элементі; 1-ші» суретке тәжірбие жасау тобының студенттері жасаған текстильді сурет композициясы үлгі ретінде берілген.

Б) симметрия заңына сай келетін ою-өрнектің құрылуы (симметрия түріндегі ою-өрнектің түрлі формалары: параллелді жалғаулар, сырғанақ сәуленің жазықтығы т.б.).

Ең алғаш бейнелеу өнерінің проблемалық оқытулары В.С. Кузиннің ғылыми жобаларында берілген, онда проблемалық тақырыптардың тапсырмалары, шарттары және оны болдыру ежелері көрсетілген ғалымның айтуынша проблемалық тақырып тудыру [10]. Оның шарттарын орындау және сұрақтарына жауап табу маңызды. 1-сурет – Текстильді суреттердің үлгілері 2-ші сурет – Бұл түрдегі ою-өрнектің түрлері әрдайым қайталанатын ою-өрнек шарттарында дербестік, жылдамдық, мақсаттық, кез-келген сұраққа алғыр жауап табу болып табылады [10, с. 11]. Мысалы: маңызды проблемалардың бірі болып «өз бетімен жасалған жұмыс, оның түрі, түсі және басқасы, оның келешектегі суреттерде қолдану, қолданылмауына қарамастан қолданылады. Мұндай проблемалық тақырыпты шешу әдіс-тәсілін біз “Біздің заманымызға дейінгі және қазіргі заманға интерьер мен экстерьер көркем стилінде” қолданғанбыз, мұнда оқушылар ежелгі роман стилін, құрылыс стилін алған [10, с. 12]. Мұндайлардың қатарына: оң бетін – қоңыр, қызыл, жасыл, ақ, түстер; суретті жандандыратын – жартылай циркульді фриз, қайталанатын геометриялық немесе өспелі сурет, төбесі ашық залдар, ортасында бекітпесі бар, конструкциялар тастан жасалған, массивті, қалыңқабырғалар және т.б тұрады. Ал тағы бір амалда, адам қолымен жасала-

тын еңбектер жатады, мысалы белгілі бір натюрморттың (немесе интерьердің) бейнесі әртүрлі графикалық техникаларда. Мысалы, штрихтау және туштардың көмегімен суретші бір беткей ету, немесе жұмысты акварельді бояумен салу. 3-суретте оқушылардың оқу-тәжірибе алмасу жұмысында салған натюрморттың төрт түрі берілген.

Осындай жолмен, болашақ мұғалімге оқу әдістемесін білген қажет, сонымен қатар болашақ бейнелеу өнерінің мұғаліміне мыналарды білген жөн.

Бейнелеу өнері мұғаліміне әдістемеге дайындаудағы бастысы ойын ойнату технологиясы болды, бойынша айтқанда іскерлік ойын. Іскерлік ойын өткен тақырыпша қайталау мен жаңа тақырыпты оқуда көмектеседі. Іскерлік ойынның түрлі модификациялары бар: амитациялық, оперпциялық, рольдік ойын және іскерлік театр. Оқушыларды мәдени ортада тәрбиелеп оқыта үйретуде, бейнелеу өнері сабағында “іскерлік театр ойыны оңтайшы “Іскерлік театр” ойынын ойнауда оқушы кез-келген сәтті, сол сәтте адамның өзін-өзі ұстауын бейнесін көрсетеді. Мұндай сәттер ретінде бейнелеу өнері сабағында түрлі бейнелер қолданылады. Мұнда оқушы образға кіріп кетеді,” образдағы сол ұлттың (этносты), оның әрекеттерін біліп, жағдайда бағалап, өзін дұрыс көрсетуі керек. Көрініс көрсетудегі басты мақсат – оқушыны әртүрлі жағдайда өзін бейімдеуді, өзіне дұрыс баға беруді, біреудің жағдайын түсінуді үйрету. Бұл әдісті қолдану үшін сценарий құрылады, сценариде сол көрініс нақты баяндалады, қатысатын ойыншылардың айтатын сөздері, істейтін іс-әрекеттері нақты баяндалады. Бейнелеу өнері сабағында осындай көрініс көрсету кезінде қонақ күту және келін түсіру көріністері көрсетіледі.

Дидактикалық бірліктерді ұлғайту және студенттерді дәстүрлі мәдениетке үйрету сабағында қолданылатын технологиялар, бойында көптеген мағлұматтары болумен және білімді белгілі бір схемада көрсетумен ерекшеленеді. Бұл әдіс күрделі тақырыптарға көшуді, бір ойды білдіретін тақырыптарға көшуді бейнелейді. Білім берудің әсері оқушыға тақырыпты ашып беріп, кейін мазмұнына сай бүкіл материалды беру барысында өседі [13]. Мысалы, интерьер және экстерьер әр түрлі ұлттарды тақырыбын оқытуда мұғалім схемалармен конспектті ұсынды: “әр түрлі ұлттардағы тұрғын үйинтерьері және оның ерекшеліктері”, “бөлменің интерьердегі және құрылыстағы мінездік ерекшеліктері” және “ою-өрнектің құрылымын жасау жүйесі”. Мұғалім схеманы мәтінді, диаграммаларды жасай білуі керек.

Мәтін жасау әдісі, дидактикалық бірлікті ұлғайту әдісі – әртүрлі белгілер арқылы оқытып, барлық заттарды тез еске сақтауға көмектеседі.

Оны қолдануда оқушылардың аналитика-синтездеуі байқалады.

Бейнелеу өнері мұғалімін дайындау барысында “диалогті мәдениет” технологиясын өту мүмкін емес. “Диалогты мәдениет” технологиясын қолдану мақсатында оқушылардың өзара сөйлесу және ойын айту әдісі қолданылады. Диалогты мәдениет технологиясын пайдаланудың негізі болып, оқушының бір суретті салып, сол туралы өз ойын еркін айтуы болып табылады. Диалог сабағын өткізу әдістемесіне ғалымда: ортақ оқудағы проблеманы оқушының айтуымен олардың өз сұрақтарын қоюмен бейнелейді.

Бұл әдіс оқушыларға сұраққа жауапты тауып қана емес, сонымен қатар оларға әрі қарай терең ойлануға мүмкіндік береді.

“Диалогты мәдениет” әдісін қолдану Уық ерекшелігі диалогты ситуация құруда мұндай ситуация құруда В.В.Сериков мынадай элементтерді білу қажет екендігін айтқан, олар: оқушының диалогты оқуға дайын болуының нәтежесі (негізгі бөлімдері, байланысты коммуникативті) тәжірибе, басқа ойларды қабылдау); мотивті іздеу; оқу құралдарын сұрақ және тапсырма беруге бейімдеу, диалогты дамытуда түрлі варианттарды ойластыру [14, с. 15].

Қытай және Германия бейнелеу өнері жайлы пікірталаста келесі талаптар қарастырылды: екі ұлттың мәдениетінің түр нұсқалық айырмашылығы; екі аумақтаң идеялық әлемдік айырмашылық жүйесін, батыс пен шығыс елдері мәдениетінің түсініктері мен бірлестіктерін, ұқсастықтарын қарау. Батыс пен Шығыс мәдениетін салыстыруды, бейнелеу өнерін баяндауда салыстырмалы қорытынды жасалған [16].

Бейнелеу өнері мұғалімін дайындауда қолжанған біздің келесі әдісіміз – білім алу әрекеттерін кезең бойынша құрылымдау. Бөлімге бөлу арқылы оқытудағы Г.К. Селевконның пайымдауынша, бұл технологияда төрт сабаққа бөліп оқыту керек. Түсіндіру сабағы жаңа материалмен танысуда жоспар құрумен түсіндіріледі. Ол үшін түрлі тапсырмалар қолданылады: білімді тексеру пікірі, білімге беретін карточкалар әрекеттің орындау дайын түрде беріледі. Тапсырмаларды орындау сабағы түрлендірілген және жеке-лендірілген нұсқалармен беріледі. Мысалы; берілген көрнекілік арқылы шешу досыңмен бірге орында және тағы басқалары. Пікір таласу сабағы бір-бірінің білімін тексеру түрінде өтіледі. Қатысушы өз ойын дәлелдейді, әрекеттің түрлі әдістерін қолданады. Өз бетінше жұмысқа дидактикалық материалдар қажет мұнда тексеру және өзін-өзі тексеру әдісі қолданылады. Берілген технология мектептерде және жоғары оқу орындарында қолдануға келетін дәлелденген және бұл теория П.Я. Талькериннің, Н.Ф. Тальзин-

нің технологияларына жүгініп берілген. Олардың пайымдауынша бірінші этапта мұғалім сабақтың қалай өтілуін, қандай түрде өтілетінін көрсетуі тиіс. Екінші этапта жаттығуларды орындау сырттан бақылауға алынады, ал сыртқа пайымдау этабында оқушы баяндауында, тәжірибе барысында істегенін айтады, көрсетеді. Соңғы этап істелетін әрекеттің ойлауға негізделетінін көрсетеді. Оқушы әрекетін өзі бақылайды, сонымен қатар, әрекет қысқарады және жылдамдайды [17]. Осы айтылғандарды бәрі мынаны дәлелдейді: мұғалім ғылыми-технологияның әр түрін жетік біліп шығады; әр түрлі педагогикалық технологиялардың мазмұнын орындау әдісін жетік біледі, “диалогты мәдениет” технологиясының мазмұнын біледі, бөлім бойынша тоқыту технологиясын және басқаларын да біліп шығады.

Бірінші элемент технологиялық-педагогикалық оқыту барысында құрылады. Болашақ мұғалімді дайындау технологиясындағы екінші элемент “Қазіргі заманға сай білім беру технологияларын бейнелеу өнері сабағында оқушылардың қолдану әдістері”, бұл әдістер арқылы курстарда қарастырылған.

Қорыта айтқанда жаңа заман технологиялық құралдарды пайдаланып, келешек бейнелеу өнері пән мұғалімдерін даярлау мақсатында қарастырылады. Мұғалім ғылыми-технологияның әр түрін, әр түрлі педагогикалық технологиялардың мазмұнын, “диалогты мәдениет” технологиясының мазмұнын білу керек. Осы бойынша бейнелеу өнері мұғалімі оқыту технологиясын және басқаларын да біліп шығады.

1. Хмель Н.Д. *Теоретические основы профессиональной подготовки учителя*. – Алматы: Ғылым, 1998. – 320 с.
2. Потошник М.М. *Школа разноуровневого и разнонаправленного обучения // Педагогика*. – 1995 - №6. – С. 3-11.
3. Ростовцев Н.Н. *Методика преподавания изобразительного искусства в школе: Учебник для студентов худож.-граф. фак. пед. институтов. – 2-е изд., доп. и переработанное* – М.: Просвещение, 1980. – 239 с.
4. Селовко Г.К. *Современные образовательные технологии Учебное пособие*. – М.: Народное образование – 1998. – 256 с.
5. Бабанский Ю.К. *Оптимизация педагогического процесса. 2-е изд., перераб. и доп.* - Киев: Рад.шк. 1984. – 287 с.
6. Джуринский А.Н. *Поликультурное воспитание: сущность и перспективы развития // Педагогика*. – 2002. - №12. – С. 93-96.
7. Нурманбетова Д.Н. *Человеческая индивидуальность*. – Алматы: «Ақыл кітабы», 1998. – 171 с.
8. *Проблемы народного творчества на современном этапе: Сборник научных статей*. – Алматы. Издательство КазНИИКИ, 2005. – 76 с.
9. Ахметов Л.Г. *Подготовка учителя труда к обучению и воспитанию сельских школьников средствами традиционных ремесел татарского народа: Автореф...к.п.н., Казань, 1996. – 16 с.*
10. Кузин В.С. *Основы обучения изобразительному искусству в школе: Пособие для учителей*. – 2-е изд., доп. и переработанное – М.: Просвещение, 1977. – С. 205.
11. Василенко В.М. *Народное искусство. Избранные труды о народном творчестве X-XX веков*. – М.: Советский художник, 1974. – 293 с.
12. Воронов В.С. *О крестьянском искусстве: Избранные труды*. – М.: Советский художник, 1972. – 350 с.
13. Эрдниева П.М. *Укрепление дидактических единиц как технология обучения*. – М.: Просвещение, 1992. – Ч.2. – 145 с.
14. Сериков В.В. *Личностный подход в образовании: концепция и технологии. Монография*. – Волгоград: Перемена. 1994. – С. 112-114.
15. Сарыбеков М.Н. *Теория и практика экологической подготовки будущего учителя начальных классов*. – Алматы: Ғылым, 1997. – 152 с.
16. *Программы общеобразовательных учреждений: Изобразительное искусство и художественный труд: 1-9 кл. С краткими методическими рекомендациями / Под ред. Б.М. Неменского*. – М.: Просвещение, 2005. – 144 с.
17. Ивахнова Л.А. *Научные основы подготовки учителя к конструированию содержания учебных предметов: Монография* – Алматы: Ғылым, 1995. – 192 с.

## ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ

**А.Қ. Рысбекова** – п.ғ.к., Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
**А.А. Танкибаева** – магистрант, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

### Резюме

В данной статье проведен теоретический анализ как и когда развивать познавательной активности учащихся. А также рассмотрены пути улучшения познавательной активности детей подготовительных групп.

### Summary

The article considers theoretical analyses of how and when to develop cognitive activities of school children. Also regards ways of improving cognitive activities of pre-school children.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының талаптарына сай, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беретін, үлгісі жасалып жатқан ұлттық мектептерімізде – жаңашыл, шығармашылық ізденістермен еңбек ететін болашақ еліміздің тізгінін ұстайтын жастарды тәрбиелеу, білім нәрімен сусындандыру және өркендеген ХХІ ғасыр деңгейінде жеке тұлға қалыптастыру біздің міндетіміз [1].

“Әрбір елдің келешегі – мектебіне байланысты”, «Қазақтың тағдыры-келешекте ел болуы мектебінің қандай негізде құрылуына барып тірелді. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» – деп, Мағжан Жұмабаев [2] айтып кеткендей, тәуелсіз Қазақстан республикасының тарихи-әлеуметтік, мәдени-рухани болмысын дамытуға, қоғамдық өмір мен ұлттық мектепті қалыптастыруда әліде болса қолға алынар істер көп.

Қоғам сұранысынан туындап отырған талапқа сәйкес баланың ой-өрісін дамытып, танымдық іс-әрекетін қалыптастырып, алған білімдерін өз тәжірибиесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктілігі жетілдірілген, ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы сапалы білім, саналы тәрбие.

Қазіргі кезеңдегі білім тұрғысындағы демократиялық өзгерістер – жеңіл үдеріс емес, нақты ойланып қарауды талап етеді. Соңғы он жылдықта білім беру саласындағы қол жеткізілген барлық жетістіктерді міндетті түрде сақтау, ал екіншіден – білім беру өрісіне жаңа тәсілдерді енгізу міндеті тұр.

Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне шығу көрсеткіштерінің бір адымы білім берудің бірінші баспалдағы, мектеп алды даярлық топтарыдағы енді жетіліп келе жатқан жас өрендерді білім алуға дайындау, яғни қазіргі қоғам талабына сай мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білімді ұштастырып талапқа сай жетілдіру, оған дәлел Елбасы қабылдаған «Балапан» бағдарламасы.

Мектепалды даярлық топтарындағы балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда оқу үдерісін тиімді етудің жолын қарастыру, балалардың оқу-білімге көз қарасын, қоршаған орта, дүниетанымының қажеттілігіне біртіндеп айналдыра отырып балалардың тұлғасының негіздегі ерекшелігін қалыптастыру, келешек ұрпаққа қажетті білім мен тәрбие берудің бір жолы.

Әр ғалымдардың зерттеулерінде танымдық белсенділік туралы әр түрлі пікірлер бар. Біреулері танымдық белсенділікті іс-әрекетінде қарастырса, екіншілері жеке тұлғаның ерекше қасиеті ретінде түсіндіреді.

Л.Аристов [3] танымдық белсенділікті қоршаған орта құбылыстары мен заттарына сәйкес субъектіде жаңару, өзгеру әрекетінің пайда болуы ретінде қарастырса, Т.Сабыров: “оқушылардың оқудағы белсенділігі дегеніміз – оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеру және оларды өмірлік тәжірибеде пайдалана білуге үйренуге оқушының істейтін сапалы әрекеті” – деп, атап көрсетеді [4].

Жоғарыда айтылғандарды талдасақ, белсенділік баланың өз бетінше әрекет етуге дайын болуға ұмтылысына, алға қойған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдай білуден көрініс табатын жеке тұлғаның сипаты ретінде анықталады. Танымдық белсенділіктің тәсілі мен әдістерін пайдалануда оқушының қабілет дәрежесін ескеру қажеттігі туындайды. Құрделі танымдық міндеттерді танымдық қабілет дәрежесі жоғары балалар ғана тапсыра алады. Барлық балалардың мүмкіндігінен жоғары, білім деңгейінен анағұрлым асып түсетін міндеттер білім беруде оңды нәтиже бермейді. Баланың танымдық іс-әрекеті оқыту үрдісінде жүзеге асады. Осы жаста қарым-қатынас шеңберінің кеңеюінің маңызы артады. Баладағы өтіп жатқан осы өзгерістер педагогтерден бүкіл оқыту-тәрбиелеу жұмысын нақты мақсатқа бағыттауды талап етеді. Негізгі іс-әрекет түрі оқу. Осы оқу арқылы олардың таным үрдісі (қабылдау, ес, зейін, қиял, ойлау) дамиды.

Баланы жеке тұлға ретінде танып оның өмірге белсенді ұстанымын, ізгіліктік мініз-құлқының қажетті жағдайына айналатындай етіп қалай қалыптастыру керек? Тұлғаның өзіндік белсенділігінің қандай қырларын осы үдеріспен байланыстыруға болады? Бұл сұраққа баланың танымдық белсенділігін алдымен ойлау белсенділігіне, сыртқы әсер ішкі белсенділіктің нығайуына себепші, оның өтуіне бақылау жасаушы орта болып саналатындығына байланысты деуге болады. Көрсетілген іс-әрекеттің табысты болуы ықпал ететін фактор бұл бір ғана емес, өз бетінше ойлауда ерекше орын алады. Яғни, мектеп алды даярлық топтарында балаларға білімнің алғашқы бастауы мен бірге оларда өз кезеңінде қоғамдық санат қалыптастыру, келешекте толыққанды белсенді азамат болуға баулу керек.

Осы тұрғыдан келе отырып балалардың танымдық белсенділігінің деңгейлік көрсеткіші жас ерекшеліктеріне үйлесімді болып артуы мен жетілуіне себепші, түрткі боларлық жағдайларды тудыра отырып ойлау белсенділігінің ерекшелігін ескеріп, содан кейін ғана өз бетінше іс-әрекет етуін арттыру қажет. Бұл балалардың танымдық белсенділігіндегі шығармашылық ойлау дәрежесіне алып келмек. «Ойлау» көпшілік психологтардың пайымдауынша концентрілік шеңбер кейіпінде болмақ деп түсіндіріледі сондай-ақ бұл бастапқы деңгей болып табылмақ. Ал әрі қарай ойлаудың дамуы басқа деңгейге көтерілмек.

Мектепалды даярлық топтарындағы балалардың танымдық белсенділігін қарқынды ету барысында қатысты кешенді тәсілдердің бірі ретінде жаңа білімді белсенді қабылдауға даярлығын алуға болады. Бұл балалардың танымдық іс-әрекетіндегі белсенді ойлаудың бейнесін көрсетеді. Шешімі табылуға тиісті

келелі мәселелерді туғыза отырып өз бетінше ойлауды туғызу, үйрету. Яғни, шығармашылық ойлау-балалардың түрлі танымдық белсенділігіндегі мәселесін шешуде түрлі әдіс-тәсілдерді іздестіру барысында жүзеге асырылып, себеп-түрткінің шығу тегі мен бағыттылығына негізделеді.

Мектепалды даярлық топтарындағы балалардың танымдық іс-әрекетін белсенді етудің психологиялық моделінен үдерісті жүзеге асырудың педагогикалық қырын берілген жағдай үшін концентрілік шеңбер деп түсінбеу керек. Бұндағы ойлауды белсенді етудегі басты нәрсе – көрнекілік. Бұл оқушылардың жаңа білімді қабылдауға іс-әрекетімен оған әзірлігін, өз бетінше ойлауды қалыптастыру үшін қолдануға болады. Сондай-ақ оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда себеп-түрткісінің бейнелік қырын материалдарының мазмұны мен ерекшелігіне, жеке сабақтарды оқыту әдістемесінің ғылыми негізіне және тағы басқа түрлі ықпал ететін жағдайлар мен себептерге де байланысты екені анық. Баланың танымдық белсенділігі, дербестігінің жалпы мәселесінің жеке аспектілері, оқытудағы баланың мүдделері мен қажеттіліктерін ескеру барлық дәуірдегі педагогтардың қызығушылығын тудырған.

В.С. Мухина [5] мектепке дейінгі шақты есте сақтау мен еске түсіру қабілеттілігінің пәрменді дамуымен сипаттайды. Шындығында, бізге сәбилік шақтағы оқиғалардан бірдеңені еске түсіру қиын немесе мүлде дерлік мүмкін болмаса, мектепке дейінгі балалық шақ көптеген әсерлі сәттерді есте қалдырады. Бұл әсіресе мектепке дейінгі ересек балаларға тән. Мектеп жасына дейінгі баланың есі негізінен ықтиярсыз сипатта болады. Бұл бала көбіне өзінің алдына бір нәрсені есінде қалдыру үшін саналы мақсаттарды қоймайтындығын көрсетеді. Есте сақтау мен еске түсіру баланың еркі мен санасына байланысты өтеді. Бұл екеуі де іс-әрекет арқылы жүзеге асады әрі іс-әрекеттің сипатына байланысты болады. Бала іс-әрекетте неге зейін қойса, оған не әсер етсе, не қызық болса, соны ғана есінде сақтайды міне сондықтан баланың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып түрлі әдіс-тәсілдер және көрнекіліктер арқылы баланың танымдық қызығушылығын, белсенділігін арттыру қажет. Тіл дамыту үшін заттарды, картиналарды, сөздерді ықтиярсыз есте сақтаудың сапасы, баланы қаншалықты қызықтыру арқылы әсерлі іс-әрекет істеуіне, танымдық қызығушылық арқылы оларды қабылдау, ойластыру, топтастыру қандай дәрежеде өтетіндігіне байланысты. Мысалы, көрнекілікті жай ғана қарап шыққанда оларды баланың есінде сақтау анағұрлым нашар балады, ал осы көрнекілікті әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың танымдық қызығушылығын, белсенділігін арттыру негізінде талдап отырса бала оларды есінде жақсы сақтайды және сол суреттерді күнделікті өмірдегі нәрселермен ұштастырып айтып бере алады (Доп. Бұл үлкен доп. Менің де үйде добым бар. Біз мамам екеуміз осы допка ұқсайтын қарбыз сатып алдық т.б.).

Таным әрекетінің бірі – қабылдау. Д.Б. Эльконин [6] балалардың танымдық үрдістердің дамуын, олардың іс-әрекетіндегі қабылдауына, яғни –түстерді тану және атауға келіп тіреледі деп, атап көрсетеді. Сонымен бірге тілдік мәліметтерді қабылдау, меңгеруді есту, көру, сезу арқылы дыбыстарды, сөздерді, сөйлемді қабылдауға үйренеді. Қабылдау арқылы бала тілді меңгереді, сол арқылы қоршаған ортаны меңгереді, яғни баланың логикалық ойының, сөздік қорының, санасының жетілуіне әсері мол. Қабылдау үдерісі баланың жас ерекшелігіне байланысты күрделене түседі, оны біз баланың байқағыштық қабілетінің көрінуімен бірлесіп жататынын білеміз. Байқау – белсенді ой-әрекетінің балада дамып келе жатқандығының көрінісі және танымдық белсенділіктің, қызығушылықтың, қабылдаудағы анализ бен синтез қатар жүретіндігі болып табылады.

Баланы өмірге дайындау үшін танымдық үдерісті дамытудың маңызы ерекше. Даму үдерісінде баланың таным белсенділігі арта түседі. Мектепке дейінгі даярлық топтарындағы балалар заттарды бояуына яғни түсіне, үлкен-кішілігіне, олардың жалпы іс-әрекетте қолдану қажеттілігін білгісі келеді. Ересек адамдардың істеген жұмыстарын үйренуге талпынады. Балалардың бір нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, еліктегіш, көп нәрселер оларды ойландырып, шын мәнінде оларды қолданып көргісі келеді. Балалар әдетте әр нәрсенің сырын білуге тырысады және үлкендерден көмек күтеді.

Қорыта келгенде танымдық белсенділікті қалыптастыру ол ұзақ үдеріс, күнделікті ізденісті талап етеді. Ал іздену әр бір оқытушының міндеті, іздену арқылы біз алға қойған мақсатқа жетіп білімді де, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелейтініміз анық.

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барыниа қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Егемен Қазақстан. 2006. – 2 б.

2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

3. Аристова Л.И. Активность учения школьников. – М.: Просвещение, 1968. – 140 с.

4. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы: Мектеп. 1978.

5. Мухина В.С. Шестилетний ребенок в школе. - 2-е изд. – М., 1990.

6. Эльконин Д.Б. Психологические условия развивающего обучения / В кн.: Обучение и развитие младших школьников. – Киев, 1970. – С. 31-36.